

Нұрсұлтан Назарбаев



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІН
БЕС ЖЫЛЫ

Нұрсұлтан Назарбаев

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕС ЖЫЛЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің
баяндамаларынан, сөйлеген сөздері мен
мақалаларынан

АЛМАТЫ
"ҚАЗАҚСТАН"
1996

АЛҒЫСӨЗ

Бір кезде уыстан шығып кеткен мемлекеттікті тарихтың ондаған-жүздеген жылдарынан кейін қалпына келтіру — парасаттың, ұйымдастырудың, адамгершіліктің орасан зор қажыр-қайратын қабағат талап ететін міндет. Оның үстіне бұл жұмыс экономикалық қатынастардың мүлдем өзге жүйесіне көшу ісімен қат-қабат келсе, тоталитарлық тәртіп құрсауында ұзақ жылдар болғаннан кейін азаматтық демократиялық қоғам қалыптастыру, бұқараның бастамашылық қасиетінің бітеліп қалған көзін ашу ісімен қатар жүрсе тіпті қиын.

Бес жыл бұрын, 1991 жылы желтоқсанда, біз Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігін салтанатпен жарияладық. Уақыт жаңадан санала бастады. Қазақстан қоғамының алдында шұғыл шешу қажет күрделі міндеттер тұрды. Саяси және экономикалық реформалардың қазақстандық үлгісін күндіз күлкі, түнде ұйқы көрмей іздестіру ісі басталды, сыртқы саяси сахнада өз орнымызға ие болу шаруасы жүзеге асырыла бастады, қоғамды топтастыра алатын идеялар толғақты туды, республика халықтарының тарихи зердесін ояту жұмысы жүргізілді. Осынау кітапта бас қосқан материалдар оқырманның бес жыл ішінде шешіліп келген

мәселелердің күрделілігі мен ауқымдылығы жөнінде, мемлекетіміздің болашақ өркендеуі хақында әжептәуір мағлұмат алуына мүмкіндік береді.

Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін.

НҮРСҰЛТАН НАЗАРБАЕВ

1991

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КЕСІМДІ СӨЗІН БҮКЛІ ДҮНИЕ ЕСТІДІ

ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ СЕССИЯСЫНДА
26 ТАМЫЗДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАДАН

Мен Москвадан жаңа ғана оралдым, онда КСРО Президенті М. С. Горбачевтің төрағалық етуімен Федерация кеңесінің мәжілісі болды. Әңгіменің негізгі тақырыбы — ағымдағы кезеңге баға беру, әдеттен тыс ауыр, тіпті мен айтар едім, қайғылы дағдарысты бастан кешірген елдегі істің жай-күйіне саяси және экономикалық талдау жасау әрекеті, сондай-ақ өздеріңіз білетін кейбір кадр мәселелері.

Мемлекеттегі бірнеше ай бойына ушыға түскен тұрақсыз жағдайға байланысты біздің барлық хауіміз кенет ақиқатқа айналған сол бір шымшытырық күндер мен түндердің аласапыран жағдайында философиялық пайымдаулар жайына қалды. Мен сіздерге оқиғалардың қалай өрбігенін, менің жеке өзім және республика басшылығы жағдайды анықтау және бүлікшілерге белсенді түрде қарсы іс-әрекет жасау үшін қандай шаралар қолданғанын дәл сағаттар мен минуттар бойынша баяндай аламын.

Төңкеріс туралы хабардың төбеден жай түскендей болғанын жасырмаймын. Өйткені сіздер сияқты мен де болған жағдайды тек тамыздың 19-ы күні таңертең ғана білдім. Шындығында, Янаев тобы нақ тұтқиылдық факторына баса үміт

артты, армия, Мемлекет қауіпсіздігі комитеті және Ішкі істер министрлігі қолдаған күш көрсету қысымы бүлікшілер өктемдігіне кез-келген қарсылықты дәрменсіз етеді деп негізді түрде ойлады. Москвадан менің кабинетіме алғашқы телефон қоңырауын Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы Крючковтың соққаны кездейсоқ емес. Ол тәкаппарлана, менменси сөйлеп, орталық өкімет билігінің Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің қолына көшкенін хабарлады, бұл комитет қылмыс пен мафияны жояды деді. Оның үстіне комитеттің іс-әрекеттерінің заңдылығын қандай да болсын талқылау мүлде орынсыз дегенді сездірді. Менің М. С. Горбачев қайда, оның оқиғалардың бұлай өзгеруіне пікірі қандай деген сұрағыма Крючков КСРО Президенті Қырымда әл үстінде жатыр, мемлекетті мүлде басқара алмайды және қабылданған шешімдермен келіседі деп жауап қайтарды. Бұл акті құжат жүзінде, барлық заңды рәсімдерді сақтай отырып таяудағы сағаттарда қуатталады-мыс деді.

Мен дереу КСРО Жоғарғы Советінің Төрағасы Лукьяновпен байланыс жасадым. Алайда ол демалыстан жана ғана оралғанын, жағдайдың тізгіні қолында емес екенін тілге тиек етіп, жөнді ештеңе түсіндіре алмады.

Келесі әңгіме — Премьер Павловпен болды. Крючковтан өзгеше түрде ол әңгімені сенім арнасына көшіруге, былайша айтқанда, жауырды жаба тоқуға тырысты. Еліміздің экономикасы құрдымға қарай сырғығанын, дағдарыстан шығу үшін төтенше соны шаралар қажет екенін, ал бұл үшін барлық құралдардың жақсы екенін айта бастады.

Мұнда конституциялық іс-қимылдар жайына қалады деді. Төтенше жағдай тек белгілі бір жерлерде қысқа мерзімге енгізіледі, үкімет түбегейлі экономикалық реформаларды бұрынғысынша жүргізеді деп сендірді.

Бұл әңгімелермен жарты күн өтті. Сағат 14-те мен Жоғарғы Кеңес Төралқасы мен Министрлер кабинетінің, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Саяси Бюросы мүшелерінің, Алматы облысы мен қаласы басшыларының төтенше мәжілісін шақырдым, алынған хабарламаны ортаға салдым, Қазақстан халқына үндеудің тексін дереу жариялауды ұсындым, оны сол жерде оқып бердім. Бұл текст сіздерге мәлім. Егеменді республиканың Президенті ретінде мен ең алдымен нақ біздің территориядағы тұрақтылықтың сақталуы жөнінде қам-қарекет жасадым, өзімнің ең басты міндетім әскерлерді енгізу үшін сылтау беретін қандай да болсын жанжалдардың тууына жол бермеуде деп білдім. Ал мұндай қауіптің, өздерініз де түсініп отырсыздар, болуы мүмкін еді. Төтенше жағдай республикада енгізілмейтінін және Қазақ КСР Конституциясына сәйкес бүкіл өкімет билігі түгелімен жергілікті жерлердегі Кеңес органдарына тиесілі екенін жарияладым. Мен демократия принциптеріне өзімнің адалдығымды және басталған реформаны жүргізуге бекемдігімді қуаттадым.

Оқиғалардың бұдан былайғы өрбуі біздің іс-қимылдарымыздың дұрыстығын, біз таңдаған, барлық ықтимал мән-жайлар ескерілген сарабдал айқындаманың өте-мөте дұрыстығын дәлелдеді.

Сол күні, яғни тамыздың 19-ында Янаев телефон соқты. Тегінде, РСФСР басшылығының бел-

сенді қарсылығына, Москвадағы шиеленістің күшейе түсуіне байланысты аландаған ол біздің қолдауымызға үміт артуға тырысқан болса керек. Тіпті мені басқа республикаларда өзі басқаратын комитетке адал қарайды дегенге сендіріп, тура теріс хабарлама беруге барды (айтпақшы, ол белгілі баспасөз конференциясында да осындай теріс хабарлама жасады). Мен Янаевқа ол құрған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет және КСРО Президенті міндетін атқарушы міндетін өз мойнына алуы заңсыз екенін тура айттым, КСРО Конституциясын тікелей бұзып отырғаныңызды түсінесіз бе деп сұрадым? Жалған атақты малданған “Отанды құтқарушы” жағдай конституциялық нормаларға толық сай келетін іс-қимыл жасауға мүмкіндік бермейді, кейін, былайша айтқанда, біраз күн өткен соң КСРО Жоғарғы Советі мұның бәрін заңдастырады деген мағынада пікірін арсыздықпен ашық айтты. Мұндай жауаптан кейін бүлікшілердің шын ниеті жөнінде менің жеке басымда ешқандай күдік қалған жоқ. Біз оқиғаларға өзіміздің принципті бағамызды бейнелейтін Мәлімдеме әзірлеуге шұғыл кірістік. Өздеріңіз білесіздер, ол тамыздың 20-сында жарияланды.

Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет мүшелері дереу іс-қимылға басты. Республикаға телефон соғу тоқтатылды. Орталық телевизия мен газеттерге менің Мәлімдемемді ешбір жағдайда жарияламау жөнінде әмір түсті. Алайда біздің аузымызға қақпақ қоюдың сәті түспеді. Біздің баспасөз қызметіміз әртүрлі бұқаралық хабарлама құралдарына, оның ішінде шетелдік хабарлама құралдарына тексті жедел түрде бере білді.

Қазақстанның кесімді сөзін бүкіл дүние жүзі естіді.

Бірақ қауіп-қатер үдей берді. Тамыздың 20-сында кешке маған РСФСР Жоғарғы Советінің ғимаратына әзірленіп жатқан шабуыл туралы дерек келіп түсті. Мен бірден Крючковпен байланыстым. Мемлекет қауіпсіздігі комитетінің бұрынғы төрағасы ешқандай шабуыл болмайды деп ант берді. Оған сенуге болмайтынын түсініп мен РСФСР Жоғарғы Советінің ғимаратында жұмыс істеп тұрған жалғыз аппарат арқылы бірнеше рет Б. Н. Ельцинмен байланыстым. Ол үрейлі хабарды растады. Борис Николаевичке өзімнің қолдау көрсететіндігімді айтып, бірден Янаевтың нөмірін тердім де, оған үзілді-кесілді наразылық білдіріп, РСФСР Жоғарғы Советіне қарсы кез-келген күш қолдану әрекетінің ең ауыр зардабы болатындығын қатаң түрде ескерттім. Содан кейін Язовқа телефон соғыш, өз Президентін қорғаушы жас адамдардың қанымен қолын былғау қылмыс екенін мәлімдедім. Сірә, осылар әсер еткен болу керек, өйткені бірнеше минуттан кейін Б. Н. Ельциннің көмекшісі маған танкілердің үйге қарсы қозғалуы тоқтағанын хабарлады.

Басқа республикалардың басшыларымен де тұрақты байланысып отырдым, Ақаевты, Кравчукты тауып алып, олардан “комитет” деп аталатынмен байланысып, олардың іс-қимылына қарсы наразылық білдіруді өтіндім.

Басқа да жайсыз минуттар болды, төтенше жағдай жөніндегі комитет деп аталатынның жанталас іс-қимылының алдын алу, немесе, ең болмаса бірдеңе жасап амалын табу үшін өзімнің барлық беделімді, және тек оны ғана емес, барымды салу-

ыма тура келді. Жоғарыда айтқандай комитеттің жанталасты іс-қимылына біздің жақын көршіміз — Қырғызстан Республикасына қысым көрсету әрекетін жатқызамын. Тамыздың 21-інде түнгі 1 сағат 30 минутта Президент Ақаев маған оның деректері бойынша Бішкекке әскер кіргізуге әзірленіп жатқанын хабарлады. Осындай жазалау акциясының ықтималдығы туралы ойдың өзін жоюға әрекет жасау үшін шұғыл араласуға тура келді.

Сол күндері Президенттің жанынан оқиғаға талдау жасайтын және ұсыныстар әзірлейтін жедел топ құрылды. Қысқасы, бүлікшілер жасаған авантюраның лағнетті ақырына дейін, Қырымнан М. С. Горбачев телефон соққанға дейін жұмыс қауырт, тәулік бойы жүріп жатты. Еліміз бен республиканың тағдыры үшін қауіпті осынау сағаттарда мен Президент ретінде өзімді жалғыз сезінбегенімді терең қанағатпен атап өтемін. Достар мен серіктер басына күн туғанда белгілі болады деп дұрыс айтылған. Мен біздің демократиялық жеңістерімізге қол сұққандарға, біздің қоғамның қиыншылықтарын пайдаланып, халыққа қамқорлық дегенді бүркеніп, елімізді тоталитарлық режимнің шырмауына қайтып оралтуға әрекет жасағандар жөнінде ымырасыз бір жақты айқындама ұстаған Қазақстанның депутаттық корпусына терең ризашылығымды білдіремін. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының табанды және мәмілеге келмейтін Мәлімдемесі — оның бұлтартпас айғағы.

Жалпы алғанда республикада қол жеткізілген саяси тұрақтылық, ұлтаралық келісім осы қиын күндері өзін толығымен көрсеткенін айта кету ке-

рек. Қазақстанның халқы да, басшылығы да, әртүрлі қоғамдық қозғалыстары да, көптеген қатардағы коммунистері де өздерінің ұмтылыс-талабымен баға беруде бірауызды болды. Адамдар маған келіп, ізгілікті қолдау сөздерін айтып, маған өзімнің табандылығымда бекем болуыма қол ұшын беруге тырысты. Бұл бізге, былайша айтқанда, өзіміздің тылымызға алаңдап қарамай, демократияны қорғауға, жүгенсіз кеткен саяси авантюристерге “жоқ” деп табанды түрде айтуға мүмкіндік берді.

Бүгінде тағы да бір қауіп нақты байқалуда. Демократиялық өрлеу толқынында шовинизм мен ұлтшылдықтың лайсан көбіршігі пайда болуы мүмкін екендігі туралы айтып тұрмын, ал ол ұлт республикаларында сөзсіз қарсы әрекет туғызып, ұлтаралық жанжалды жаңадан ушықтырады. Бұған ешбір жағдайда жол беруге болмайды.

Біз оңшыл террордың солшыл террормен ауысуына жол бере алмаймыз. Біздің еліміздің тарихы мұндай оқиғаларды қазірдің өзінде біледі. Бұл қайғы мен азаптан, миллиондаған құрбандықтардан басқа ештеңе де әкелген жоқ. Біз Қазақстанда мұндай жолсыздыққа жол бермейтінімізді бекем түрде айта аламын. Біздің өзіміздің егеменді республикамыз, өзіміздің айқын саясатымыз бар.

Бұл — біздің көп ұлтты Қазақстанның барлық халықтарының мүдделеріне сай болу. Және де біз оны берік ұстанатын боламыз.

Өткен жылдың өзінде де, республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдаудың алдында, мен Декларацияның — оның тек ниет болып табылатынын талай рет

айтқан болатынмын. Біздің дербестігіміз нақты мазмұнмен толығыуы үшін нақты нәтижелер қажет. Ал олар қазір әзірше өте аз. Мүмкін біз экономикалық жобаларды талдап жасау саласында ілгерілеп кеткен шығармыз, алайда оларды жүзеге асыру үшін ештеңе де істелген жоқ. Оған объективті себептердің болғаны да сөзсіз. Ең бастысы — бұл Одақтық шарттың, жергілікті жерлерде толық экономикалық дербестіктің, сондай-ақ республикалар мен орталықтың арасындағы функциялар мен меншіктің ара-жігін ажырату мәселесінде айқындықтың болмауы.

“Қазақ КСР Конституциясына (Негізгі Заңына) өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы” Заң осы сессияның негізгі қорытындысы болуға тиіс деп ойлаймын. Бұл құжаттың жобасы сіздердің қолдарыңызда. Оның практикалық және саяси мәні даусыз. Заң республиканың егемендігі мен қауіпсіздігін нығайтуға, өкімет пен басқару органдарының қалыпты қызметіне кепілдік беруге тиіс.

Осы құжаттың кейбір принципті ережелеріне тоқталамын. Заңда право қорғау органдарындағы саяси партиялардың, басқа да қоғамдық бірлестіктердің ұйымдық құрылымдарының қызметіне жол берілмейді деп танылған. Осы заңдық норма тамыздың 22-сінде шығарылған Жарлығымда баянды етілген ережелерді конституциялық жолмен реттеу деңгейіне шығарады. Бұл қоғамдық-саяси қозғалыстардың идеялық тұғырнамасына байланысты болуы мүмкін емес заңдылық пен әділ сотты қамтамасыз ету мемлекеттің аса маңызды функцияларының бірі болып табылатынына байланысты туды.

Ұзақ жылдар бойы біз қымбат металдар мен

асыл тастар өндіру жөніндегі негізгі де ең қиын жұмысты атқарып келдік, содан кейін шала өнімді басқа республикаларға жөнелтіп отырдық, ал оларда мардымсыз ғана шығын жұмсалып, бүкіл экономикалық тиімділік соларда қалып қоятын. Сондықтан Қазақстан жері қойнауының қайтарымын арттыру үшін асыл металдарды өзімізде ұқсататын, аффинаж өндірісінің қуаттарын енгізіп, ұлттық байлықтың шын иесіне айналатын уақыт жетті. Мысал үшін айта кетейін, өйткені жұрттың бәрі біле бермес, Қазақстан одақ күмісінің 65 процентін және алтынның едәуір бөлігін беріп келді.

Ұлттық мемлекеттік банк құрамында арнаулы бөлімше — Қазақ КСР-інің мемлекеттік қоймасын құру және Мемлекеттік банкке алтын, басқа да қымбат металдар мен асыл тастар қабылдау, сатып алу және сақтау міндетін жүктеу қажет. Қымбат металдар өткізу, соның ішінде зергерлік бұйымдар жасау үшін өткізу жұмысын республика Президентінің әмірімен Қазақ КСР-інің Ұлттық мемлекеттік банкі жүргізуге тиіс.

Алтын қорын құру біздің шетелдік инвесторлар кредитіне кепілдік жасауымызға мүмкіндік береді.

Айта кеткім келетін соңғы сөз мынау. Республика егемендігінің бірде-бір, тіпті ең ересен ережесі де өздігінен оң нәтиже бере қоймайды. Бұл орайда атқарушы өкімет органдарының әзірленген экономикалық саясатты нақты іске асыру жөніндегі күн сайынғы қауырт жұмысы қажет.

ӘМІРШІЛДІК ЖҮЙЕДЕН АТ ҚҰЙРЫҒЫН ҮЗДІК

АЛМАТЫ ЖҰРТШЫЛЫҒЫНЫҢ РЕСПУБЛИКА
КҮНІНЕ АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСЫНДА
10 ҚАЗАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Біз бүгін елеулі де ерекше мерекенің бір жылдығын атап өтуге жиналып отырмыз. Халықтың еркі бойынша Қазақстанның тарихында жаңа бетті ашқан аса маңызды құжаттың қабылданғанына бір жыл толды. Республиканың Мемлекеттік егемендігі туралы Декларация Қазақ КСР-інің нақты тәуелсіздігі мен дербестігін орнықтыру процесін бастап берді.

“Нақты” деп атап айтып отырған себебім қазір қолданылып жүрген КСРО Конституциясына сәйкес біздің республикамыз, одақтық басқа да республикалар сияқты ондаған жылдар бойы егеменді мемлекет мәртебесін жәй сөз жүзінде ғана алып келген еді. Конституцияның жылтырақ сөз саптауының арғы жағында унитарлық мемлекеттік жүйенің жашпай орталықтандыруға сүйеніп, қоғамның барлық салаларына бақылау жасап отыратын шын кейпі жасырынып жататын. Егер орталықтың тұтастай билеп-төстеуі экономиканың негізгі мәселелерін, сыртқы саясат пен қаржы бөлудің өзекті жайларын ғана емес, ұлттық табиғи ресурстардың пайдаланылуын да, тіпті жергілікті өкімет орындарының істі ұйымдастыру мен жұмыс жүргізуінің бастапқы арналарын белгілеуге де әсер етіп жатқан болса, республикалардың егемендігі туралы сөз болуы мүмкін бе?

Демократиялық процестердің қарқынды дамуы-

на, ұлттық сана-сезімнің өсуіне негізделген қайта құрудың ой-қисынының өзі бізге егемендік жолындағы күрестің стратегиясы мен тактикасын айқын көрсетіп берді. Мұның бастау көзінде жергілікті көкірек керушілік те, орталықтың әмірін өзіміздің әмірімізбен алмастыру ниеті де жатқан жоқ еді, әміршіл-әкімшіл жүйенің сойылын соғушылар бізге осылай деп талай рет айып таққан болатын. Егемендік жолындағы күрестің жалғыз ғана мақсаты Қазақстан халқының саяси, әлеуметтік және рухани тұрғыдан толыққанды дамуын қамтамасыз ету, республиканың азаматтарына лайықты өмір сүретіндей жағдай жасау еді, қазір де онан басқа мақсатымыз жоқ.

Бұл мақсат еңбекшілердің қалың тобының тарапынан қолдау таппай қоймайтын еді. Жасы әртүрлі, ұлты әрқилы, мамандықтары мен әлеуметтік тегі өзгеше адамдардың Декларацияның жобасын қандайлық құштарлықпен, мүдделілікпен талқылағаны сіздердің естеріңізде болар. Республика егемендігі идеясын бүкіл халықтың қолдауы, тарихи актінің нақты тексін даярлауға бүкіл халықтың атсалысуы арқасында сол құжатты қабылдауға мүмкіндік ашылды. Демек, Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияның жариялануы өзінің туып-өскен жеріне, ана тіліне, мәдениеті мен дәстүрлеріне, өз тағдырын өзі шешуіне толық құқы бар екенін айқын сезінген халықтың ерік-жігерінің жарқын көрінісі болды деп айтуға толық негіз бар. Қысқартып түйер болсақ, бұл дербес мемлекет құру құқы деуге болады.

Республикадағы демократиялық, праволық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгеріс-

тердің біртұтас тұжырымдамасы болып табылатын Мемлекеттік егемендік туралы Декларацияның маңызы өте зор. Ал, біздің Декларация жобасының, сондай-ақ Тіл туралы заңның да орталық тарапынан қандай қарсылық туғызғаны есімізде. Сол кезде біздің атымызға небір айыптаулар, жазғырулар және ең қаратүнек болжамдар айтылды ғой! Бұрынғы КСРО Жоғарғы Кенесінің басшылығы осы құжаттарды қабылдауды барынша тежеп, республикаға қысым көрсету, ұлтаралық қатынастарды тұрақсыздандыру әрекетімен жағдайды әдейі ушықтырды да. Бірақ уақыт және өмірдің өзі біздің ісіміздің дұрыстығын дәлелдеді. Халықтың күнделікті қажеттері туралы емес, қайта өзінің тоталитарлық билігін сақтап қалу жайын күйттеген жаңа сәуегейлерден Қазақстанның көпұлтты халқы дана болып шықты. Адамдар Тіл туралы заң да, Мемлекеттік егемендік туралы Декларация да барлық қазақстандықтардың мүддесін қорғайтынын, шынайы тең праволылыққа, бостандыққа және дербестікке жол ашатынын түсінді.

Сонымен бірге, ал мұның өзі әуел бастан-ақ атап көрсетілуде, Декларация жариялаған принциптерді жүзеге асыру ұзақ жылдарға созылатын табанды жұмысты талап етеді. Бүгін, біздер Республика күнінің бір жылдығын — біздің егемендігіміздің күнін атап отырғанда: оны нақты мазмұнмен толықтыру үшін не істелді?— деген сұрақ қоюға хақылымыз.

Егер басты нәрсе туралы айтатын болсақ, республика әкімшіл-әміршіл жүйеден түпкілікті қол үзіп, тіпті еліміздің әлеуметтік-экономикалық та, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірінің де болжап болмайтын стихиялық даму процестерінің қысымында

бола отырып, орталықтың еркіне сөзсіз бағынудан бас тартты. Саясатшылардың дұрдараздықтарына, реформаларды жүргізудегі дәйексіздікке қарамас-тан, Қазақстан өз халқының мүдделеріне сай келетін дербес бағытын табандылықпен жүргізді. Оның басты қырларының бірі — нарық экономикасына бастайтын батыл бағыты.

Рас, бұл бағытпен жүру кейде тым баяу әрі бойкүйездік сипатта болды. Біз ұзақ уақыт бойы өзіміздің миымызға сіңіп қалған идеологиялық қасаң қағидалар мен “адам келбетіндегі социализм” іспетті мәнсіз сөздердің шырмауына оратылумен келдік. Небір түбегейлі заңдар қабылданғанымен, нарыққа көшудің қандай да бір перспективалық бағдарламалары жасалғанымен, өзінің басты міндетін “идеялық тазалық” дейтінді сақтау деп білген партиялық құрылымдар үнсіз қарсылық көрсетіп, оң өзгерістердің тежегіші болып келді.

Мұның шексіз жалғаса беруі мүмкін бе еді? Әрине жоқ. Қатып-семген қағидаларға құрылған коммунистік идеология өзінің өміршеңдігін айқын дәлелдеген қоғамдық дамудың басқа жүйесімен тарихи дауда объективті тұрғыдан жеңіп шыға алмады.

Біз бүкіл өркениетті дүние жүріп келе жатқан жолмен жүру үшін, көнеріп кеткен партиялық құрылымдарды жеңіл-желпі жөндеуден бас тартуға, идеологиялық қысымнан босанып шығуға өзіміздің бойымыздан күш таптық. Біздің алдымызда ашық экономиканы құру, республика байлығын халықтың қызметіне қою міндеті тұр. Мұны істеу оңай емес. Және біз, нарыққа көшу жолы-

ның қиын боларын жасырмаймыз. Бастапқы өтпелі кезеңде біздің, сірә, жұмыссыздықтың белгілі бір үлесімен, инфляцияның өсуімен, табыстың тең бөлінбеуімен бетпе-бет кездесуге тура келетінімізді адамдардың білуі тиіс. Халықты нарық механизмдерінің әлеуметтік мәселелерді шешудегі мүмкіндіктері туралы тым артық оптимистік ойлармен жаңылыстыруға біздің хақымыз жоқ. Өйткені біз күрделі экономикалық бетбұрыс жасап отырған жағдай онша қолайлы емес. Бізде нарық экономикасын ұйымдастыру үшін білгір кадрлар жетіспейді. Өтімді валюта қажетті мөлшерде жоқ. Бізде дүниежүзілік рынокқа шығу үшін бәсекеге түсе алатын тауарлар жоқ. Осының барлығын іс жүзінде тақыр жерде құрып, сонымен бірге әбден тоз-тозы шыққан, дәстүрлі байланыстардың үзілуінен бүлінген халық шаруашылығын ми батпақтан сүйреп шығару керек.

Қысқасы, бізді қиын уақыт күтіп тұрғаны сөзсіз. Қиыншылықтар көпшіліктің басына түседі. Алайда, дағдарыстан шығу қарқынды, тиімді, жоғары өнімді еңбексіз, белгілі бір құрбандықсыз мүмкін емес. Ал оған саналы түрде барып, сонымен бірге, әркімнің игілігі өз қолында екенін жақсы түсіну керек. Осы кезеңде ұлттық келісімді сақтап, топтасу өте маңызды — бұл тұрмысты жақсартудың сөзсіз шарты. Ұсақ-түйек саяси әбігерлікке алаңдамай, іске кірісу керек. Бізде қысқа мерзім ішінде алға, республиканың гүлденуіне қарай қадам басу үшін барлық мүмкіндіктер, зор өндірістік және ғылыми-техникалық потенциал, тамаша еңбек дәстүрлері бар. Біз аярлықтан және жәдігөйліктен арылған, бостандық ахуалына

бөленген, адамның асқақ мақсатын жоғары қоятын қоғамдық қатынастардың өмірге келуіне серпін беруге міндеттіміз.

ТАҢДАУЫМЫЗ – ӨРКЕНИЕТТІ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ

**ҚАЗАҚ КСР ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІНІҢ
10 ЖЕЛТОҚСАНДА БОЛҒАН САЛТАНАТТЫ
МӘЖІЛІСІНДЕ ҚАЗАҚ КСР ПРЕЗИДЕНТІ
ҚЫЗМЕТІНЕ КІРІСУГЕ
БАЙЛАНЫСТЫ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Қадірлі халайық!

Құрметті халық депутаттары!

Қадірлі меймандар!

Біз бастан өткеріп отырған осындай ғаламат тарихи өзгерістердің куәлары және қатысушылары болу кез-келген ұрпақтың үлесіне тие бермейді. Қазір біздің көз алдымызда әлемнің картасында жаңа мемлекеттер пайда болып, қоғамдық-саяси және экономикалық формациялар, мемлекеттік басқарудың формалары ауысуда десек, асырып айтпаған болар едік.

Тарихтың даңғыл жолынан Қазақстан да шет қалған жоқ. Оның ежелгі жерінде көптеген мемлекеттік құрылымдар өмір сүріп, олар да адамдар сияқты басынан балалық, жастық, кәмелеттік дәуірлерді өткізіп, құлдырау және күлден қайта бой көтеру дәуірлерін бастан кешірді. Тарихтың жаңа оралымы сәтінде Қазақстан халықтары

өздерінің батыл тандауын — өркениетті демократиялық қоғамды тандап алды.

Бізге шын мәнінде өмірдің бүкіл әлеуметтік-экономикалық укладын түбегейлі түрде ауыстыру міндеті тұр. Ал ол, тарих айқын танытқанындай, тек бірыңғай идеямен ғана, сол үшін адамдар уақытша қиындықтарға, тіпті жекелеген сәтсіздіктерге дайын болу ниеті итермелеген қоғамда ғана ойдағыдай өтеді.

Біз үшін бұл идея — еркін егеменді демократиялық Қазақстан мемлекеті. Республика азаматтары қазақтың мың жылдық тарихында тұңғыш рет өз Президентін бүкіл халық болып сайлай отырып, сол үшін желтоқсанның 1-інде дауыс берген болатын. Егемендік туралы айтқанда мен Қазақстан тұйықталған система болуға дайындалып жатыр дегенді айтып тұрғаным жоқ. Мұның өзі саяси және экономикалық дербестікті жүзеге асыру мүмкіндіктеріне зиянды әсер ететіні айқын болар еді.

Қазақстанның мұндай жағдайының бірегейлігі мен қайталанбастығын XVIII ғасырдың ортасында бөлшектелген Қазақ мемлекеттігін қалпына келтіріп, іргелес жатқан мемлекеттермен тату көршілік қатынастарды жолға қоя білген кемеңгер Абылай түсінген болатын. Мұны оның ісін жалғастырған кейінгі ұрпақтар да түсінді.

Бізге бірінші кезекте қандай шаралар қолдану қажет?

Саясатта — билікті айқын бөлумен байланысты қадамдар, көлбеу президенттік құрылымдар құру, ал ол атқару органдарын басқарудың үйлесімді жүйесін жасауға мүмкіндік береді. Бұл — депутаттық корпус пен жергілікті кеңестердің далиып кет-

кен аппаратын біршама қысқарту қажеттігіне байланысты республика Жоғарғы Кеңесін кәсіптік парламентар етіп объективті түрде қалыптастыру.

Бұл — саяси пікір алуандығына қолдау көрсете отырып, республиканың территориялық тұтастығына қарсы бағытталған экстремизм мен ұлттық дүрдараздықты, жікшілдікті уағыздаушы партиялар мен қозғалыстардың қызметіне сөзсіз тыйым салу.

Бұл — право тәртібін нығайту мен заңдылықты сақтау жөніндегі батыл іс-әрекеттер.

Бұл — барлық қазақстандықтар құқығының теңдігі негізінде ұлтаралық келісімді сақтау, мемлекеттік саясаттың іргелі принципі ретінде саяси тұрақтылықтың басымдығы.

Осындай саяси іргетассыз Қазақстанды қазіргі заманғы өркениеттің арнасына қосу, бағаны бейтараптандыруды, қаржы жағынан сауықтыруды, жекешелендіруді, нарықтық инфрақұрылым құруды, меншіктің барлық түрлерінің тең құқықтығын көздейтін терең экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру мүмкін емес. Ұжымдық және жеке кәсіпкерлік жолындағы кез-келген бюрократтық бөгетті жою маңызды, ал олар экономикалық гүлденудің басты қозғаушыларының бірі болуы керек.

Егеменді Қазақстанды іс жүзінде халықаралық қатынастардың дербес субъектісіне, дүниежүзілік экономикалық кеңістіктің белсенді әрекет етуші ұйымына айналдыру керек. Республиканың географиялық жағдайы және әлеуметтік потенциалы Қазақстанның Азия — Тынық мұхит және сондай-ақ Еуроатлантикалық аймаққа қарай бағдар ұстауына ықпал жасайды. Бізге ашық тұрпаттағы

нарықты қалыптастыру қажет, шетелдік инвестицияларды халық шаруашылығындағы түбегейлі құрылымдық өзгерістердің маңызды факторына айналдыру, алтын запасын және валюта қорын ба-рынша ұлғайту қажет.

Осыған байланысты мемлекет меншігінен алу және мемлекеттік меншікті жекешелендіру, концессияларды құру процестеріне шетелдік капиталды қатыстыруға жіберу ниетіміз бар екенін де айтқым келеді.

Қаржы және материалдық мүмкіндіктердің шектеулі екеніне қарамастан, біз әлеуметтік жағынан қорғалмаған және халықтың өте шетін бөлігі: зейнеткерлерге, мүгедектерге, жетімдерге, көп балалы отбасыларға, оқушыларға қолдау көрсетудің айқын бағытын жүргізетін боламыз.

Мен экономиканы дамыта отырып, Қазақстанның табиғи байлықтарына ықтиятты қарау, қазіргі және болашақ ұрпақтардың мүддесі үшін экологиялық бағдарламаларды жүзеге асыру принципті маңызды деп санаймын.

Біздің әрқайсымыз өтпелі кезеңнің қиындықтары — бағаның өсуі, ақшаның құнсыздануы, тапшылық, тұрмыс деңгейінің төмендеуі сияқты қиындықтарды өз басымыздан өткеріп отырмыз. Біздің төңірегіміздегі өмірдің өзі онша жайлы емес. Сайлау қарсаңындағы кездесулерде айтқанымдай, бұл жағдайдың өзі шапшаң түзеліп кетеді дей алмаймын уәде де бере алмаймын. Егер мен осыны айтпасам, онда сіздердің алдарыңызда ағынан жарылмаған болар едім. Біз тістеніп алып ертеңгі күнге деген сеніммен осының бәрінен де өтуіміз керек. Түркияда да, Оңтүстік Кореяда да осылай болды, Сингапурда да осылай болған.

Мақсатты білу, мүдделердің ортақтығы және іс-қимылдың бірлігі осы елдердің халықтарына қазіргі кезде экономикалық ғажайыпты жүзеге асыруға көмектесті. Қазір осыны Шығыс Еуропа елдері бастан кешіруде.

Біздің үлесімізге тарихи мүмкіндіктің тиіп отырғанын түйсіну қажет, оны біз қолдан шығарып алмауға тиіспіз.

ӘРҚАШАН ПАРАСАТҚА СЕНЕМІН

**ОҢ БІР ЕГЕМЕН МЕМЛЕКЕТ БАСШЫЛАРЫНЫҢ
24 ЖЕЛТОҚСАНДА АЛМАТЫДА
БОЛҒАН КЕЗДЕСУІНДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ**

Қымбатты достар! Осы сөздерді сіздерге арнауға маған біздің халықтар арасында қалыптасқан дәстүрлі достық байланыстар тарихы ғана құқық беріп отырған жоқ. Бүгін сіздерді Қазақстан жерінде құттықтай отырып, ең алдымен біздің болашақ қарым-қатынастарымыздың негізіне, тәуелсіз егеменді мемлекеттердің арасындағы қарым-қатынастардың негізіне біздің аталарымыздың бірнеше ұрпағы қалыптастырып, нығайтқан ұлттардың рухани бірлігі алынатындығына сенім білдіргім келеді. Міне, өздерін бір үлкен Отанның ұлдары мен қыздары деп сезінуге үйренген адамдар үшін аса қымбат осы бірлік бұдан былай қарай да біздің жаңа ынтымақтастығымыздың негізгі біріктіруші буыны болып табылады ғой деп ойлаймын.

Сөз жоқ, бұрынғы тоталитарлық мемлекеттік жүйені қирату бізге оңайға түскен жоқ. Экономиканың дағдарысы және орталық басшылықтың тұтас бір өрескел саяси ағаттықтары асқындырып жіберген осынау өте шетін процесс ортадан тепкіш күштердің тегершігін айналдырып жіберіп, бұрынғы Одақтың кейбір аймақтарындағы ұлтаралық араздықты күшейтіп, оны қатерлі шегіне жеткізді. Бірақ мен әрқашан да ақыл-ойдың парасаттылығына сендім, ерте ме, кеш пе қазіргі өркениетті негізгі арнаға міндетті түрде қайтып оралатынымызға сендім. Бүкіл әлемдік дамудың басты бағыты бөліну мен оқшаулау арқылы емес, интеграциялану, бірлесу процесі арқылы жүзеге асады. Біздің бүгінгі кездесуіміз — осы аса маңызды ақиқатты ортақ түсінуіміздің сенімді куәсі.

Алайда, қаншалықты айқын болғанымен идеядан оның жүзеге асуына дейінгі жолдың өзі ұзақ әрі тайғақ болып келеді. Біз бірлесіп өмір сүрудің әртүрлі жобаларын талқылау үшін талай рет бірге жиналдық. Жасырмаймын, кейде маған қажетті тұжырымдама табылғандай болып көрінетін, тең құқықтық және өзара тиімді негізде бірлесуге қол созымдай жер қалғандай болатын. Бірақ өмір өзінің өзгерістерін енгізе отырып, біздің бәрімізді де өмірдің объективті шындықтарына жауап беретін, бір ғана айқын және жалғыз ғана мүмкін нұсқаны бұдан да негіздірек және тереңірек іздеуге мәжбүр етті. Бүгін артымызға бұрылып қарап, өткен жолымызды бағалай келіп және оның басты белгілері Одақтық Шарттың көптеген жобаларын, Новоогареводағы келісімді, Алматыдағы бірінші кездесуді және басқаларын еске ала келіп, солар-

дың бәрі де босқа жасалған іс болды деп айта алмаймын. Керісінше біздің әрқайсымыз жеке-жеке және бәріміз бірлесіп, бізге өзінің болашағын сеніп тапсырған халықтардың тағдыры үшін біз зор саяси, демократиялық және адамгершілік жетілу мектебінен, аса жоғары жауапкершілік мектебінен өттік.

Жинақталған тәжірибенің арқасында мемлекеттік құрылыстың және мемлекетаралық қарым-қатынастың қазіргі міндеттерін түсінуде аса маңызды, мүлдем жаңа деңгейге шықтық деп айта аламыз. Ең бастысы, менің көзқарасымша, бізде бір-біріне әуелден-ақ тайталастық және сенімсіздік идеяларын әкелетін этностық, діни және басқа да белгілер бойынша зиянды бөлінушілікті болдырмауға мүмкіндік туды. Шығыс пен Батыстың шынайы достық қарым-қатынасы үшін бір-біріне қол алыстыра отырып, біз оқиғалардың барысына алаңдай қадағалап отырған әртүрлі ұлттардың миллиондаған адамдарының өте қажетті сұрағына жауап бере алдық деп есептеймін. Олардың көпшілігі бүгін бойы сергіп және сеніммен кеудесін кере дем алды ғой деп ойлаймын.

Біз бір-бірімізге қарай жасалған қадамды “жоғарыдан” ешкім айтпай-ақ, орталықтағы “беделді ағаның” жол нұсқаған саусағын көтертпей-ақ жасағанымызды ерекше қанағаттанғандықпен атап өткім келеді. Болашақ ынтымақтастықтың субъектілері ғана осы кездесудің шынайы инициаторлары болды. Мұның өзі осы дөңгелек үстел басында отырғандардың бәрінің де еркімен болғанының, біздің татулықта және тату көршілікте өмір сүруге шынайы ұмтылысымыздың, біздің халықтарымыздың тату-тәтті өмір сүруі

үшін ынтымақтастыққа шынайы ұмтылуымыздың тағы бір айқын көрінісі болып табылады.

Соңғы уақытта қабылданған құжаттарға және егеменді республикалар басшыларының мәлімдемелеріне қарағанда, біздің ядролық қаруға бірыңғай бақылау орнату және стратегиялық тежеу әскерлеріне бірлескен командование құру жөнінде ортақ көзқарас ұстанып отырғанмыз қуанышты. Ядролық қаруды бірыңғай басқару және оны таратудан бас тарту, МАГАТЭ-нің нормаларын сақтау және жаңа тәуелсіз мемлекеттердің Батыс елдерімен жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау жөніндегі ынтымақтастығы бізді дүниежүзілік қоғамдастықтың тануы үшін қажетті шарт болып табылады.

Қазақстан үшін, жалғыз ол үшін ғана емес, тәуелсіз мемлекеттің мәртебесіне ие болу басым екенін, ядролық держава ретінде халықаралық танытуға қол жеткізуден гөрі келешекте өз территориясын ядролық қарусыз аймақ деп жариялап, БҰҰ-ға мүше болудың анағұрлым басым екенін ерекше атап көрсеткім келеді.

Келесі маңызды мәселе ынтымақтастықтың құқықтық негіздеріне қатысты. Ыдыраған КСРО-ның бұдан былайғы тағдырының көмескілігіне енді төзуге болмайды. Түбегейлі экономикалық реформалар, республикалардың дүниежүзілік қоғамдастыққа бірігуі тежелуде. Бірақ бірігу процесі берік құқықтық іргетасқа негізделіп өтуі қажет екеніне бәріңіз де келісетін боларсыздар.

Біз осы келісімге қатысушылардың саяси тәжірибесі мен парасаттылығына, барлық объективті және субъективті қиындықтарға қарамастан

оң нәтижеге жетуімізге сенетін миллиондаған адамдардың үмітін ақтай аламыз ғой деп ойлаймын. Ешқандай әсірелемей-ақ, Жер шарының алтыдан бір бөлігінде қалыптасқан жағдайға алаңдаған бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық та Алматыға назар аударып отыр десем асыра айтқандық болмас. Біздің достастығымыздың тағдырын шеше отырып, көп жағдайда планетаның саяси, экономикалық және имандылық ахуалын анықтаймыз, ал ол бізден аса күрделі, бірақ меніңше, онша үмітсіз емес проблемаларды шешу жөнінде жауапты, шынайы демократиялық және өркениетті әдістерді табуымызды күтеді. Сіздерді, қымбатты достар, бүгін таңда бізге соншама қажетті мәмілеге қол жеткізуге барынша мол шыдамдылық пен өзара түсіністік, саяси икемділік танытуға шақырамын.

1992

ИМПЕРИЯЛЫҚ ОДАҚТАН – ТӘУЕЛСІЗ МЕМЛЕКЕТТЕР ДОСТАСТЫҒЫНА*

“ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН”, 10 НАУРЫЗ

“Бетбұрыс кезеңі” деген анықтама бұрынғы кеңестік федерацияның тәуелсіз мемлекеттерінің қазіргі жағдайын әрі дәл, әрі толық бейнелейді. “Беті бері қарау” деген ұғымды медицинадан алған саясаткерлер оған адамдардың өмірлік қарекетінің барлық салаларында, олардың көзқарастары мен тағдырларында ескіден жанаға көшудің аса қиын өтпелі жағдайының мәнін берген болатын.

Шынында да, Еуропада 1989—1990 жылдары орын алған опырыла күйреуден кейінгі жағдай әлі де тұрақтандырылмай тұрып, дүниеде саяси сілкіністің және бір сынағы басталды. Оның үстіне, бұл жолы әңгіме саяси тәртіптердің ауысуы, кейбір қоғамдық институттардың жойылуы туралы емес, қайта орасан зор көлемдегі халықаралық жағдайдың дамуына елеулі салдарларын тигізе алатын геосаясат саласындағы өзгерістер туралы болып отыр.

Егер эпицентрі еуразиялық аймақта болған сілкініс бірден аса маңызды екі халықаралық саяси жүйені — еуроатлантикалық және азиялық-тынық мұхит жүйелерін қамтитынын ескеретін болсақ,

* Қысқартылып жарияланды.

мұндай саяси сілкіністің салдарлары қаншалықты зор болатыны айқындала түседі.

Кенес Одағының ыдырауына байланысты дүние-жүзілік саяси картада жаңа тәуелсіз республикалар пайда болды. Олардың он бірін біріктіретін достастық мемлекет те емес, мемлекеттердің үстінен қарайтын құрылым да болып табылмайды.

Біржола іріп-шіріген империялық альянстың орнына жаңа саяси одақтық формасын іздестіру қиын болып қана қойған жоқ, сонымен қатар шын мәнінде айтыс-тартысқа толы болды. Кейде қажетті формула табылып, жаңа Одақтық шартқа қол қоюға аз-ақ қалған сияқты болып көрінді. Бірақ мұның өзі шөл далада сусап келе жатқан жолаушыны ынтықтыратын алдамшы сағым сияқты нәрсе болып қала берді.

Қазір миллиондаған адамдар көптеген сұрақтарға жауап іздейді. Бұл дүние не боп кетті? Күні кеше дүние жүзіндегі ең күшті екі ұлы мемлекеттің бірі деп барлық жерде танылып келген мемлекеттің ыдырауына кім кінәлі? Оқиғаның даму барысына неғұрлым күшті әсер еткен не нәрсе — тарихтың объективтік даму жолы ма, әлде саясаткерлердің субъективтік ықпалы ма? Мұның соңғысы жоспарлы түрде және мақсаткерлікпен жүргізілді ме, әлде “дүниенің тұтқасын ұстаған күштілер” өздері бастаған өзгерістердің қайда алып барып соғатынын білмей, түртінектей жүріп, тәуекелшіл әрекет етті ме?

Менің ойымша, қазіргі қоғамдық саяси жағдай объективті факторлардың да (көп ұлтты империялардың ыдырауы), субъективті факторлардың да бірдей ықпал етуінің нәтижесі болып табылады. Біз душар болып отырған шиеленісті жағдайлар

мен қиындықтардың себебі көп ретте елімізде түбегейлі өзгерістер жасауды қолға алған, бірақ оның тұлғалы тұжырымдамасын жасап алмаған, әлеуметтік талдаулар мен болжамдардың нақты деректеріне сүйенуді атымен білмеген мемлекеттік басшылық әрекетінің салдары болып табылады. Сексенінші жылдардың екінші жартысындағы реформаторлар қызметінің негізгі ойы “бұлай өмір сүруге болмайды” деген тезис еді. Мұны түсініп қана қою — қиындықтан алып шығатын сүрлеуге ешкімді бағыттай да алмайтын, жаңылысулар мен қателіктерден құтқара да алмайтын нәрсе.

Қоғамды демократияландырудың табиғи нәтижесі экономикалық күйзеліс кезінде орталықтан безу үрдісін күрт шиеленістіріп жіберген ұлттық қайта өрлеу процесі болды. Кенес Одағының республикалары бұрын қолданылып келген Конституцияға сәйкес ондаған жылдар бойы сөз жүзінде егеменді мемлекет мәртебесіне ие болып келгенін атап өту қажет. Алайда мұның өзі бір орталыққа бағынған мемлекеттік жүйенің пын мәнін бүркемелеп келген қызыл сөзге толы конституциялық формула ғана еді. Ол жүйе жаппай орталықтандырылуға арқа сүйеу арқылы, қоғам өмірінің қандай саласын болса да түгел бақылауға алып отырды. Республикалардың нақты егемендігі туралы сөз етуге де болмайтын еді. Өйткені орталық экономиканың, сыртқы саясаттың және қаржының негізгі мәселелерін ғана емес, сонымен қатар ұлттық табиғи ресурстарды пайдалану, тіпті жергілікті өкімет органдарының ұйымдық және қызмет жағдайларына дейін белгілеп отырды өз уысынан шашау шығармай ұстап келген.

Бір орталыққа бағынған мемлекеттік құрылым-

нан неғұрлым тез бас тарту қажеттігі ақыл-ойы дұрыс әрбір адамға түсінікті болатын. Алайда біржола сіресіп қатып қалған орталық қалыптасқан жағдайда объективті түрде бағалай білмеген және дер кезінде бәріне бірдей ортақ шешім қабылдай алмаған кездер аз болған жоқ. Мысалы, 1988 жылы Балтық жағалауындағы үш мемлекет одақтас республикалардың дербестігін арттыруға бағытталған жаңа Одақтық шартқа қол қоюға шақырған болатын. Сондағы кешіруге болмайтын саяси соқырлықтың салдарынан тоталитарлық альянсты, бұрынғы федерацияның барлық субъектілерін сақтай отырып, түбегейлі жаңарту мүмкіндігі біржола қолдан шығып кетті. Салқын түсініспеушілікпен өткен үш жылдан кейін Литва, Латвия және Эстония әуелі “де факто”, одан соң “де юре” шет мемлекеттерге айналды.

Бір орталыққа бағынған Одақты қайта құрудың кезек күттірмейтін шараларын жүзеге асыруда орталықтың кертартпалығы мен батылсыздығы орталықтан безу үрдістерін шапшаңдата түсудің елеулі, бірақ бірден-бір ғана емес себебі болды. Ондай үрдістердің нәр алатын ең басты орталығы ұлттаралық қайшылықтар аясы еді. Бұл саланы “ұлттардың бір-бірімен қосылуы” (іс жүзінде жаппай орыстандыру және ұлттық сана-сезімді тұншықтыру) жөніндегі сталиндік саясат кез-келген минөтте мейлінше апатты салдарларға душар ететін әлеуметтік жанартаудың қайнап тұрған кратеріне айналдырған болатын.

Көптеген саясаткерлердің “фикс идеясына” айналған сепаратизм сонымен қатар республиканың Одақ құрамынан жалма-жан кетуін жүзеге асыру арқылы экономикалық дағдарыстан жеке-

жеке шығуға болады деген жалған сенімге ұласты. Бұл жерде Батыс елдерінің қолма-қол жәрдем бере қоюына үміт артылғаны белгілі. Бұл үміт Батыс елдері Кеңес Одағының ыдырауын қуана қарсы алады, одан бөлініп шыққан мемлекеттерге қаржы және технология жағынан риясыз көмек көрсетеді деген кісі таңқаларлық сенімге негізделген болатын.

Кеңес Одағы республикаларының мемлекеттік тәуелсіздік алуға ұмтылуы жөнінде ой толғағанда соңғы жылдары халықаралық жағдайдың әлдеқайда өзгергенін де ескеру керек қой деймін. Шынында да, қарулы күштермен баса-көктеп кіріп келу қатері елеулі түрде азайды. Мұның өзі шағын мемлекеттердің, ешқандай тәуекелге бел бумай-ақ, өздерінің құдіретті қамқоршыларының қызметінен бас тартуына және дербес сыртқы саясат жүргізуге берік бағыт ұстауына мүмкіндік берді.

Шамасы, біз 80-інші және 90-ыншы жылдар аралығында КСРО-ның саяси сахнасында болған оқиғалардың қаншалықты шапшаңдықпен құбылатынын алдын ала болжап білу тым қиынға соққанын ашықтан-ашық мойындауға тиіспіз. Онда әрекет еткен басты кейіпкерлердің барлығы да дерлік өзгеріп отырды. Саяси өмірдің орталығы республикаларға қарай ойысты. Мұның өзі қаншалықты күтпеген жағдай болғанымен де тіпті де кездейсоқ емес еді. Мемлекеттік егемендікті нақты орнықтыру негізінде ұлттық қайта өрлеу идеясы таптық және партиялық мүдделерді екінші кезекке кейін ысырып тастады.

КСРО мен СОКП басшылығының жаңа Одақтық шартқа қол қоюға бұрмаланған зиянды тәсіл тұрғысынан келуі және соған байланысты ха-

лық шаруашылығындағы байланыстардың біржола күйреп үзілуі республикаларды инициативаны өз қолдарына алуға мәжбүр етті. Мұның табиғи жалғасы көлбеу шарттарға қол қою болды. 1989 жылы Алматыда Қазақстанның және Орта Азия республикаларының арасында бірлескен келісімге қол жетті. Мұның өзі бұдан кейін Белоруссиямен, Украинамен, Ресеймен шарттық негізде екі жақты экономикалық байланыстар орнатуға түрткі болды. Алғашқыда мұндай саясатты орталық мейлінше тыжырына қарсы алды. Ал РСФСР Компартиясының Саяси бюросы мұны “бұзық ойлы протоколдар” деп атауға дейін барды. Алайда жаңа түрпатты ынтымақтастық, “көрегендердің” жасаған болжамдарына қарамай, экономикалық бейберекеттіктен сақтандыратын өзіндік тетік бола білді және жаңа Одақтық қалыптасуына негіз қалады.

Бұрынғы Одақ республикалары халықтарының өміріндегі тарихи кезең олардың егемендік туралы декларациялар қабылдауы болды. Ол декларациялар республикалардың нақты дербестігі мен тәуелсіздігін орнықтыру процесін бастап берді. Алғашқы кезде әміршіл-әкімшіл жүйенің сойылын соғушылар мұның өзін көп жағдайда жергілікті шамшылдықтың бой көрсетуі, орталықтың үстемдігін өздерінің үстемдігімен алмастыруға ұмтылу деп түсіндірумен болды. Бұл жерде, ескертусіз ереже де болмайтынын еске ала отырып, шектен тыс артық қорытындылар жасағым келмейді. Алайда Қазақстан басшылығының егемендік жолындағы күрестегі алға қойған бірден-бір мақсаты республикадағы барлық халықтардың мейлінше толық саяси, әлеуметтік және рухани

дамуын қамтамасыз ету, азаматтардың өмір сүруіне лайықты жағдайлар жасау болғанын және солай болып қалып отырғанын толық негізбен айта аламын.

Бұл мақсат еңбекшілердің барынша қалың топтары арасында қолдау таппай қала алмады: Декларацияның жобасын барлық жастағы адамдар, барлық ұлт өкілдері, мамандықтар мен әлеуметтік мәртебе иелері зор ынта-ықыласпен және мүдделі талқылады. Республиканың егемендігі идеясын бүкіл халық қолдады және оның қабылдануына алдын ала негіз қалады. Бұл құжаттың маңызын асыра бағалау қиын. Ол Қазақстандағы демократиялық, құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және мәдени өзгерістердің тұтас бір тұжырымдамасы болып табылады. Алайда сонымен қатар мынаны да ескеру керек. Декларация дегеніміз бар болғаны бағдарлама ғана. Оны жүзеге асыру көптеген жылдар бойы қажырлы жұмыс істеуді талап етеді.

Бүгінгі таңда бұрынғы кеңестік федерацияның субъектілері әлеуметтік-экономикалық, сондай-ақ қоғамдық-саяси өмірдегі процестердің тіпті алдын ала болжап білуге болмайтын стихиялық дамуының қыспағында қалып отырғанның өзінде де, саясаткерлердің шиеленіскен айтыс-тартыстарына және реформаны жүргізудегі жүйесіздікке қарамай, республикалардағы халықтардың мүдделеріне сай келетін өз бағыттарын табандылықпен жүзеге асырды.

Егемендік жөніндегі Декларацияға сәйкес олар дербес сыртқы саясат жүргізе бастады, шет мемлекеттермен тікелей саяси және іскерлік ынтымақтастық орнатуға кірісті. Мысалы, Қазақстан Америка Құрама Штаттарымен, Франциямен, Гер-

маниямен, Ұлыбританиямен, Австриямен, Жапониямен, Сингапурмен, Италиямен үкіметаралық және іскерлік байланыстарды елеулі түрде кеңейте түсті. Бізде Түрік Республикасымен, Корея Республикасымен, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялы районымен мейлінше тығыз қарым-қатынастар орнатылып келеді.

1990 жылғы желтоқсанда, жана Одақтық шартты әзірлеу жөніндегі жұмыс шын мәнінде тығырыққа тірелген кезде, төрт республика — Ресей, Украина, Беларусь және Қазақстан Тәуелсіз Мемлекеттер Одағын құру жөнінде тұңғыш рет инициатива көтерді. Орталықтың сындарлы жүйесі жоқ саясаты бізді М. С. Горбачевтің тікелей өзіне мәлімдеме жасауға мәжбүр етті. Біз құжатқа қол қою одан әрі созыла беретін болса, Шартты орталықтың қатысуынсыз-ақ бекітетін боламыз деп мәлімдедік.

Мұның өзі елдің Президентін интеграциялық процестің мазмұны мен қарқынына байланысты өз айқындамасын көп ретте қайта қарауға мәжбүр етті. М. С. Горбачевтің Лондонға сапары, оның үлкен “жетіліктің” басшыларымен жүргізген келіссөздерінің нәтижелері біздің экономикалық қайта өрлеуіміздің перспективаларын оптимистік тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік берді, ал Новоогарево келісімі тексті іс жүзінде қол қоюға әзір тұрған жана Одақтық шартты тез бекітуге деген үміт отын қайта жандырды. Алайда тамыздағы төңкерістің әрекеттері біздің сол бір құнды бағдарларымызды елеулі түрде өзгертті.

Тамыз оқиғалары реакциялық күштердің қайткен күнде де тарихтың объективтік даму ба-

рысына кедергі жасауға, бұрын қолдарынан шығып кеткен нәрселерді қайтарып алуға, барынша іріп-шіріген империялық, тоталитарлық тәртіпті қайта орнатуға жанталаса жасалған әрекет болды. Алайда олай ету бүлікшілердің қолынан келмеді. Ал орталықтан безу бағытындағылар объективті түрде бел алып, күшейе түсті. Республикалардың толық мемлекеттік тәуелсіздікке ұмтылуы ендігі жерде ұлттық сана-сезімнің дүркірей өсуін ғана емес, сонымен қатар тоталитарлық орталыққа қайтадан жан бітіру әрекетінен өздерін-өздері сақтандыра тосқауыл қоюға деген берік шешімін бейнеледі.

Новоогарево процесінің қорытындылары қабырғасы қаланған үй сияқты болып көрінгенімен бас-аяғы бірнеше күннің ішінде сапалық жағынан тіпті басқаша құрылыс жүргізуге қажетті іргетасқа айналып шыға келді.

Бұрынғы КСРО-ның дамуының айқындаушы бағыты республикалардың неғұрлым толық мемлекеттік егемендікке ұмтылуы, соған қоса өздерінің қарулы күштерін құруы, халықаралық құқық субъектілері ретінде тәуелсіз сыртқы саясат жүргізуі болды.

Орталықтан безу процесі мейлінше жаңа сипат алды. Прагматиктер конфедерациялық принциптерге негізделген Одақ формуласын қызғыштай қорғады, ал радикалдар, ұлттық қауіпсіздік идеясын бетке ұстай отырып, ешқандай ымыраға келмейтін сепаратизмнің туын желбірете жоғары көтерді. Міне, сондай жағдайда, республикалардың егемендігін мойындауды ескере отырып, өтпелі, дағдарысты кезеңде біртұтас экономикалық кеңістікті сақтау идеясын табандылықпен және жүйелі түрде қорғауды одан әрі жалғастырған

Қазақстанның тап өзі болды. КСРО халық депутаттарының төтенше съезінде мен Новоогарево процесіне қатысушылардың тапсыруы бойынша Мәлімдеме жасадым, онда мемлекеттік басқару жүйесіне түбегейлі реформа жасау, конфедерация негізінде жаңа одақ құру ұсынылды.

Алайда орталықтан безу үрдістері ол ұсыныстың жүзеге асырылуына мұрша бермеді. Демократияның тербетілген маятнігі бірден оңға қарай ойысты. Реакциялық күштерді жеңіп шыққанына масаттанған кейбір Ресей басшылары мессияшылдықтың зиянды идеясына қайтадан бой алдыруға дейін барды, демократияның туын бүркеніп, бұрынғы империялық, ұлы державалық ойлау жүйесіне қайта оралуды қалады. Мұның өзі, атап айтқанда, РСФСР-дің атышулы территориялық талаптарынан да айқын көрінді. Тап осы жағдайдың өзі кейбір республикаларды — ең алдымен Украинаны — өздерінің мемлекеттік тәуелсіздігін жариялауға жанталаса асықтырды.

Мейлінше жаңа жағдай қалыптасып, онда біздің республикамыз өзіне тағы да мәмілегердің рөлін алды. 1991 жылдың қазанында алғашқы Алматы кездесуін ұйымдастыру және ойдағыдай өткізу үшін қыруар күш-жігер жұмсауға тура келді. Соның нәтижесінде Экономикалық қоғамдастық туралы шартқа қол қоюдың сәті түсті. Тап сол кезеңде мұның өзі біртұтас экономикалық кеңістікті сақтап қалу мақсатында қабылдануы мүмкін мейлінше, тиімді шешім болғанын тағы да атап көрсеткім келеді.

Әттең, орталық сондай жағдайда да оқиғалардың барысына ілесіп үлгере алмады. 14 қарашада М. С. Горбачев мемлекеттік кеңестің

мәжілісінде республика басшыларының бірауызды пікіріне құлақ асудан тағы да жалтарды. Ол саяси бірлік болмайынша, экономикалық бірліктің қандай болатынын ойша елестете алмайтынын мәлімдеді. Тап сондықтан да орталықтандырылған мемлекет құру қажет деп отырып алды. Егер өзінің бұл ұсынысы өтпейтін болса, президент отставкаға кететінін айтып қорқытты. Соның салдарынан да Мемлекеттік кеңестің 30 қарашадағы келесі мәжілісі тұйыққа тірелді. Оның жарқын мысалы, Украинадағы желтоқсан референдумының салдарлары болып табылды. Мемлекеттік тәуелсіздік алуға деген бағытын берік ұстанған және орталықтың оған тепе-тең реакциясын кездестіре алмаған республика іс жүзінде жалпы интеграциялық процестен шығып қалды.

Бәлкім, мұның не нәрсе екенін жұрттың бәрі бірдей біле де бермес. Кеңінен түсіндіріп жатпай-ақ, мынаны айтқым келеді. Украинаның бөлініп кетуі ол кезеңде бұрынғы кеңестік федерациядағы республикалардың экономикалық байланыстарының берекесін біржола дерлік кетіру болып табылатын еді. Ал бұған жол беруге тіпті де болмайтын. Минскідегі шешімдердің соншалықты асығыс түрде қабылдануын мен тап осындай жағдайға байланыстырып қана түсіндіре аламын. Мен үшін және Орта Азия республикаларының басшылары үшін Брестегі құжаттарға қол қойылуы көп ретте күтпеген жағдай болғанын бұрын да атап көрсеткенмін.

Құжатпен танысқаннан кейін, Келісімнің тұтас алғанда, сөзсіз оң сипатта екені мен үшін айқын болды. Онда республикаларда тұратын халықтар мен этностық азшылық топтардың барлығының да

құқықтары сақталатынына кепілдік берілетінін, кең көлемдегі ынтымақтастық ниетінің мәлімделетінін айтсақ та жеткілікті. Бұл идеялардың барлығы да бұрынғы федерацияға кірген өзге мемлекеттердің өкілдері тарапынан мақұлданып, қолдау тапты. Менің ойымша, егер өзге республикалардың басшылары Минскіге шақырылғанда алматылық нұсқадағы Достастық одан әлдеқайда ерте туындаған болар еді.

Бұл екі арада Беловежье кездесуі алуан түрлі реакция тудырды. Кейбіреулер славян мемлекеті құрылымының “даурықпа” идеясын пайдаланып қалуға тырысты және оған қарама-қарсы шара ретінде тездетіп “Түркістан конфедерациясын” құруға кірісуді ұсынды. Егер біз халықтарымызды этностық және конфессиялық белгілеріне қарай бөлуге тырысқан ондай арандатушылардың жетегінде кеткенде, не болатынын ойлаудың өзі қорқынышты. Тәуелсіз бес мемлекеттің Ашхабадта бас қосқан басшылары қазіргі қалыптасқан нақты жағдайларды ақыл-парасатпен өлшеп-пішу нәтижесінде балама блок құру жөніндегі пікірді үзілді-кесілді ысырып тастады. Тиісті Мәлімдеме қабылданды. Тәуелсіз Мемлекеттердің Достастығы жөнінде Минскіде қол қойылған Келісімге алдынала түзетулер мен ұсыныстар жасалды. Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерінің басшылары Ресей, Украина және Беларусь басшыларының бұрынғы құқықтан жұрдай республикалар орнына тәуелсіз құқықтық мемлекеттер құруға ұмтылған әрекеттеріне түсіністікпен қарайтынын, Украинаның интеграциялық процесс арнасына қайта оралуын қанағатпен қарсы алғанын атап көрсетті.

Бес республиканың басшылары жаңа Доста-

стықты қалыптастырудың құқықтық жағына ерекше назар аударды. Өйткені, үш мемлекет басшыларының атынан жасалған КСР Одағының халықаралық қатынастар субъектісі ретінде өмір сүруін тоқтатуы жөніндегі хабарды көпшілік заңға қайшы әрекет ретінде бағалаған еді. Бұл жөніндегі айтыс-тартысқа құмарлық Ресей, Украина және Беларусь басшыларының шешімі сол республикалардың парламенттерінде бекітілгеннен кейін ғана басылғаны белгілі.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылтайшыларының Келісім тексін жаңа саяси одақтың инициативалық нұсқасы ретінде қарастыру жөніндегі ұсынысын ескере отырып, бес республиканың Президенттері өздерінің әріптестеріне консенсус іздестіруге, Жоғары мәртебелі Келісуші Жақтар ретінде тең құқықты жағдайда құжатқа қол қоюға әзір екендіктерін аңғартты.

Интеграциялық процестің құқықтық жағын мейлінше толық сақтауға ұмтыла отырып, біз Алматыға келген ресми делегациялар мүшелерінің қарауына ұсыныс енгіздік — КСР Одағының және оның институттарының өмір сүруін тоқтату жөніндегі актіні КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясында немесе Республикалар Кеңесінің мәжілісінде қабылдауды ұсындық. Өкінішке қарай, бұл ұсыныс Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының инициаторлары тарапынан қолдау таппады. Бұрын КСРОның құрамына енген республикалардың ерікті таңдауы негізінде жаңа Достастықтың құрылуы қалыптасқан жағдайда жалпы болашағымыз үшін қажетті келісімге неғұрлым тезірек жету мақсатын көздейтін бірден-бір парасатты шешім болды деп батыл түрде тұжырым жасай аламын. Қазақстан

қашан болса да, мүмкіндікті мейлінше пайдалануды басшылыққа алды, елдің бей-берекет ыдырап кетуіне жол бермеуге әрқашан тырысып келді.

Алматыдағы кездесудің қорытындылары бойынша тіпті күткендегіден әлдеқайда көп нәрсеге қол жеткізудің сәті түсті. Он бір мемлекет сапалық жағынан жаңа құрамға бірігу жөнінде шешім қабылдады. Бұл мемлекет те, мемлекеттердің үстінен қарайтын құрылым да болып табылмайды. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының құрылуына байланысты Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы өмір сүруін тоқтатты, оның 69 жылдық тарихы бұдан былай зым-зия доғарылды. Алматыдағы кездесудің табысты болатыны жас, тәуелсіз мемлекеттердің бірлесуі олардың өз инициативалары бойынша іске асқандығынан, “жоғарыдан” сұқ саусақпен көрсетіп, міндеттейтін қысымның болмағандығынан көп жағдайда алдын-ала айқындалған еді. Қазақстандағы жасалған келісімдердің аса маңызды нәтижесі ядролық потенциалы бар төрт республиканың “Ядролық қаруға байланысты бірлескен шаралар туралы” Келісімі болды. Ол ядролық қаруды таратуға жол бермеуге, оны бірінші болып қолданбауға, ядролық қару атаулының барлығын да жоюға деген жалпы ұмтылысты, сондай-ақ халықаралық тұрақтылықты нығайта түсуге барынша ықпал етуді танытатын ынта-ықыласты дәлелдейді.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылды. Бірақ мен оның болашағын тек қана қуанышқа толы жарқын етіп бейнелеуден тіптен аулақпын. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының алғашқы қадамдарының өзі-ақ оның мүшелерінің тіпті опонай шешілетін елеусіз мәселелер, мысалы,

тұрақты жұмыс істейтін үйлестіру қызметін құру, оған негізінен техникалық қызметкерлер мен сарапшыларды тепе-теңдік негізде қамтып отыру сияқты ұсақ-түйек қажетті мәселелер бойынша келісудің өзі де оңай емес екендігін көрсетті.

Достастықтың бет-бейнесі күрделі де шешуі ұзаққа созылатын проблемалар қойыртпағының шешімін табу жағдайларында өмір сүруге бейімділік танытатын елеулі емтиханнан өткеннен кейін ғана айқындалмақ. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы мемлекет басшыларының Москвадағы қаңтар кездесуінде ондай проблемалардың неғұрлым маңыздылары талқыланды және мұның өзі шартқа қол қою әлі де жеткіліксіз екенін, қол жеткен келісімді қатаң сақтау қажеттігін, онсыз ол келісім көп ұзамай бәтуасыз бос сөз күйінде қалатынын айқын көрсетті. Ал әзірше кейбір тәуелсіз мемлекеттер, өкінішке қарай, өздерін тіпті таяуда ғана ұжымдасып қабылдаған міндеттемелерді орындаудан да тәуелсізбіз деп сезінеді. Тап осы жағдай бізді үстіміздегі жылдың ақпан айында Минскіде “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберіндегі ынтымақтастық принциптерін сақтау туралы” Декларацияға қол қоюға мәжбүр етті. Ал мұның өзі дүниежүзілік практика тұрғысынан алып қарағанда әлдебір “келісім соқыршегі”, тіпті қажетсіз нәрсе болып табылады.

Ресейдің, Украинаның, Беларусьтың еуропоцентризмі барлық уақытта да күшейе береді деп шамалауға болады. Менің көзқарасым бойынша, бұл идея ол республикалардың басшыларын баурап алғаны сонша, тіпті басқа нәрселердің бәрін де елеусіз қалдыруға қабілетті. Сөйтіп, ол Еуразия

алқабындағы өзара байланысты проблемалардың жалпы шеңберінен өзін алшақтата түсті.

Бүгінгі таңда Достастықта қазіргі статус-квоны сақтап қалу айқындамасы басым түсіп отыр. Мұны жақтаушылар Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын “таза дербестікке” көшудің неғұрлым тиімді әрі жайлы нұсқасы деп біледі. Әрине, мұндай қағиданың белгілі бір объективті негізі бар. Ол бір орталыққа бағынған альянстың шырмауынан енді ғана құтылған мемлекеттердегі орталықтан безу бағытының заңды түрде күшейе түсуінен байқалады. Өйткені ол мемлекеттер өздері тағы да бағынышты жағдайға душар болып қаламыз ба деп қорқады. Қазір “одақ” деген сөздің өзі бірігу процесіне қатысушылардың басым көпшілігін күшті аллергиялық реакция ретінде шопытуы тіпті де кездейсоқ нәрсе емес.

Өкінішке қарай, тарих алға қарай барлық уақытта бірдей ақыл-парасат арнасымен дамымайды. Алайда мен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы мемлекеттердің күштерін біріктіруінен, Достастық шеңберінде Еуропа бірлестігінің тиісті құрылымына сәйкес келетін ұлттық көлемнен тыс үйлестіру құрылымын құрудан үмітімді әлі де үзбеймін. Өйткені оларсыз Достастық дегеніміз бос сөз, нақты мазмұны жоқ әдемі әшекей күйінде ғана қалмақ.

Тарих көрсеткеніндей, империялардың ыдырауында объективтік сипат бар. Алайда, дүниежүзілік бірлестіктің интеграциясын тереңдете түсуге кедергі жасауға тырысу тарихтың дөңгелегін кері айналдыруға әрекет жасаумен пара-пар.

Достастық үшін экономикалық үйлестіру шаралары бұрынғысынша бірінші кезектегі міндет болып қала береді. Өйткені жаңа тұрпатты ортақ рынокты қалыптастырмайынша, артта қалған мешеулікті жою және осы заманғы өркениет арнасына бірте-бірте түсу мейлінше қиын болмақ. Біздегі халық шаруашылығының артта қалған және дағдарысты жағдайы, айдай айқын экономикалық тиімділік және бұрынғы қай кездегіден болса да орасан зор уақыт факторының рөлі күн тәртібіне ашық тұрпатты рынок құруды және оның Батыстағы кәсіпкер топтарды кеңінен және сан алуан жолдармен өзіне тарта түсуін ойластыруды қажет етеді.

Мұндай міндетті нақты іске асыру қоғамдағы саяси тұрақтылықты, шетелдік бизнестің жұмыс істеуі үшін құқықты кепілдіктер берудің тиісті жүйесін жасауды талап етеді. Батыстың іскер топтары Жер шарындағы құрылықтың 300 миллион халқы бар алтыдан бір бөлігі өздерінің капиталын жұмсайтын аймаққа айналуына әбден мүдделі. Бірақ олардың ойланып-толғанбай, қалай болса солай бізге қарай тұра ұмтылығысы келмейді, бар байлығынан із-түзсіз айырылып қалуды қаламайды. Олардың біздегі екіжақты және көпжақты қарым-қатынастарымыз жасалатын іргетастың қаншалықты мықты екендігіне күні бұрын көз жеткізе кәміл сенгісі келеді.

Адам өлшемі жөніндегі Москва конференциясының көрсеткеніндей, бұрынғы КСРО-дағы адам құқықтарын қорғау жүйесінің сенімділігін арттыра түсу Достастық елдері мен экономикалық ынтымақтастықты өрістетуге кедергі жасайтын оншыл кертартпа күштердің белсенділігін тежейді. Алайда

саясаткерлер мен бизнесмендерді біздегі республикааралық қарама-қайшылықтар, ұлтаралық негіздегі ушыққан шиеленістер елеулі түрде әлі де мазасыздандырып келеді. Ал мұндай мазасыздандуды тіпті де шектен шыққан сақтық деп атауға болмайтынымен келіспеуге лаж жоқ.

Осы жағдайды басшылыққа ала отырып, мен СБСЕ-нің адам өлшемі жөніндегі конференциясының Төралқасына жеделхат жолдадым. Онда Қазақстан өзін егеменді мемлекет ретінде кезінде КСРО-ның дүниежүзілік қоғамдастық алдында осы проблема бойынша қабылдаған міндеттемелерін орындайтын мұрагер деп санайтындығы айтылған. Тексте біздің республикамыз кез-келген ұлттың, діни нанымның және партияның өкілі болып табылатын адамдардың құқықтарына кепілдік беретіні, адам құқықтарын сақтауға бақылау орнату жөніндегі халықаралық комиссияны Қазақстанда қабылдауға әрқашан әзір екендігі айтылған.

Менің көзқарасым бойынша, Жер шарындағы құрылықтың алтыдан бір бөлігінде қоғамдық-саяси тұрақтылықты сақтау үшін қазір бұрынғы қай кездегіден болса да Батыстың сансалалы көмегі қажет. Жағдайдың қазіргі өрбуіне қарағанда, мұндай көмек ол құнарлы топыраққа мақсаткерлікпен себілген жағдайда ғана неғұрлым тиімді бола алады. Басқаша айтқанда, әлеуметтік алыпты тұтасынан реформалау аңғалдық болар еді. Мұны экономика мен демократияның дамыған берік аралдарын жасай отырып, жеке бөлшектер бойынша жүзеге асырған жақсы. Дамыған экономика мен демократия, өзіндік берік қамалдар бола отырып, одан әрі кеңейе түсу бағытына ие болады.

Қазақстанның табиғи байлығын және реформа жасауға деген бұлжымас бағытымызды ескере отырып, республикамыз алдыңғы қатарлы елдердің белсенді көмегі арқасында демократия мен нарықтық экономиканың Еуразия құрылығының қақ ортасындағы маңызды тірегіне айнала алар еді деп болжам жасауға болады.

Қазір Одақтың көптеген басқа да жас ұлттары сияқты қазақ ұлтында да тарихи мүмкіндік пайда болды: осы заманғы өркениеттің жетістіктерін пайдалана отырып, экономикалық тиімді мақсаткерлікті және ақыл-парасатқа толы әрекетті басшылыққа ала отырып, мейлінше қысқа мерзім ішінде тоталитаризмнен және дағдарысты шаруашылық күйзелісінен демократия мен халықтың әлауқатын жақсартуға көшуге болады.

Алайда, осыларды айта келіп, мынаны ерекше атап көрсеткім келеді: мен түбегейлі экономикалық және демократиялық өзгерістерді жүзеге асыруға бірұлттық мемлекет неғұрлым ыңғайлы болады деген соңғы кезде жұрт әуестеніп алған пайымдаулардың жақтаушысы емеспін. Менің көзқарасым бойынша, көп ұлтты Қазақстанның өзіндік ерекшелігі, артықшылықтары бар және оны басшылыққа алу керек. Халықтар достығы біздің ең басты бірегей байлығымыз ғана емес, сонымен қатар сеніміміз де, үмітіміз де.

Біз алғашқы қадамдарды ғана жасап үлгердік. Бірақ қазірдің өзінде көптеген қателіктерге жол бердік. Өткен күндерге тарихи тұрғыдан көз жіберетін болсақ, басымдықты саяси өзгерістерге

емес, қайта экономикалық өзгерістерге беруіміз керек еді. Кейбір саясаткерлердің тоталитаризмнен демократияға алып өтетін жол сауаты күшті авторитаризм беделі арқылы өтеді деген пайымдаулары мейлінше иланымды көрінеді. Алайда жетпіс бес жыл бойы дерлік бостандыққа ие бола алмай келген адамдарға енді оны өлшеулі түрде “беру” үшін, шамасы, адамның жүрегі мұз болып қатып қалған және ақыл-ойы темір-бетон сияқты сірескен болуы керек шығар.

Демократия дегеніміз тоталитаризмнен емдейтін медициналық егу де емес, бала кезден ауру адамды бірден жазып жібере алатын дәрі де емес. Демократиялық қоғамды және нарық экономикасын жұрттың бәрі саналы түрде сағынып отырды деп ойлау аңғалдық болар еді. Жұрт тамағы тоқ тұрақтылықты қалайды. Алайда Батыста мұның өзі демократия мен нарықтан келіп туындайды, ал бізге дүниежүзілік өркениеттің мұндай берік ұстындары экономикалық дағдарыспен және әлеуметтік бей-берекет жағдаймен ұштасуда.

Табыстар мен жетістіктер ешқашан өзінен-өзі келмейді. Әлеуметтік енжарлықты жоя отырып, адамдарды алдағы бірқатар жылдар бойы қиыншылық болмай қоймайтынына, бірақ саяси тұрақтылық сақталған жағдайда оларды саналы түрде жеңіп шығуға болатынына және оның міндетті түрде өз жемісін беретініне сенімді болатындай етіп әзірлеу керек.

БАУЫРЛАРЫМЫЗҒА ҚҰШАҒЫМЫЗ АШЫҚ

**ДҮНИЕ ЖҮЗІ ҚАЗАҚТАРЫ ҚҰРЫЛТАЙЫНЫҢ
І ҚАЗАНДАҒЫ
САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕГІ СӨЗ**

Қадірменді қауым!
Алыстан келген ағайын!
Ардақты отандастар!

Бүгінгі күн — ерекше күн. Орта толды деген осы. Дәл осынау сәтте өзін қазақпын деп сезінетін әрбір адам жүрегі лүпілдеп, атамекеніне, тәуелсіз Қазақстанның астанасы Алматыға көз тігуде. Өйткені мұнда дүние жүзінің түкпір-түкпіріндегі исі қазақ атаулының өкілдері тұңғыш рет бастарын қосып, алқалы жиын, салтанатты мәжіліс — Құрылтайға жиналып отыр. Күні кеше ғана мұндай болады деген ой көбіміздің қиялымызға да кірмеген шығар. Енді, міне, аңсаған арманның тағы біріне қол жеткіздік. Сан ғасырға созылған отаршылдықтың бұғауынан босанып, таяуда ғана тәуелсіздік алса да, қысқа мерзім ішінде бүкіл айдай әлем түгел мойындап, абыройы асып үлгірген Қазақстан жұртшылығы сіздерді, ардақты ағайын, туған жерде құшақ жая қарсы алып жатқанын өздеріңіз көріп отырсыздар.

Мен республика Президенті ретінде бәріңізді Дүние жүзі қазақтары Құрылтайының салтанатты ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Баршаңызға: “Туған жерге қош келдіңіздер!” — деймін.

Төрткүл дүниенің түкпір-түкпірінен қарлығаштай ұшып келген көңілдеріңіз үшін, қайда

жүрсеніздер де атамекен мен атажұртқа деген сағынып пен сүйіспеншілікке толы перзенттік пейілдеріңізді сақтағандарыңыз үшін ризашылық білдіреміз. Сіздер арқылы бүкіл әлемдегі қазақ бауырларымызға ыстық сәлемімізді жолдаймыз! Жер бетіндегі бар шаңырағымыздың бәрінің де бақыты асып, ырыздығы тасысын дейміз.

Ардақты ағайын! Осындай жүрек толқытар салтанатты сәтте, тарих шежіресіне енетін ерекше күнде біз өткеніміз бен бүгінімізге, ертенгі болашағымызға ойша көз жіберіп, барымыз бен жоғымызды, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды көңіл таразысына салғанымыз орынды болатын сияқты.

Қазақ халқы — тамырын жеті қабат жер астына жіберген алып бәйтеректей, өзегін ғасырлар тереңіне тартып, осынау қасиетті ұлы даласынан табан аудармай, дауылдармен алысып, тағдырымен қарысып, өсіп-өркендеп келе жатқан байырғы халық. Оның тарихы, кейбіреулер айтып жүргендей, кешегі Қазақ хандығы шаңырақ көтерген XV ғасырдан басталмайды. Хандықтың құрылуы бір басқа, халықтың қалыптасуы бір басқа. Бүгінгі қазақ халқы сонау есте жоқ ескі замандарда-ақ тұлпарларының тұяғымен дүниені дүр сілкіндірген көне сақтардың, ежелгі ғұндардың, байырғы түріктердің ұрпағы, үлкен үйдің қара шаңырағын атажұртта сақтап қалған халық. Бұл — ескіден қалған көне жәдігерлер, сақ заманының куәгері “Алтын киімді адамның” алтын тостағанындағы және Түрік қағанатының тарихын танытқан Орхон-Енисей мен Талас жазбалары дәлелдеген шындық.

Өздеріңіз білесіздер, кейіннен біздің халқы-

мыздың құрамына кірген тайпалық одақтар Ұлы Түрік қағанаты, Түргеш, Қарлұқ, Қимақ, Қарахандықтар мемлекеттерінің негізін қалаушылар қатарында болған, Азияның алып даласындағы небір жойқын оқиғалардың, қанқасап күрестің ортасында жүрген, қай дәуірде де азатшыл рухымен, туған жерді алабөтен қадірлейтін отаншылдығымен ерекшеленген. Біз өз халқымыздың әлемдік өркеніетке хал-қадерінше үлес қосқанын орынды мақтан етуге құқылымыз. Әл-Фараби, Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Иассауи, Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр секілді Шығыстың даналары осы даланың перзенттері. Кейінгі бірер ғасырдың өзінде халқымыздан Шоқан Уәлиханов, Абай, Мұхтар Әуезов сынды әлемдік ауқымдағы кемеңгер ойшылдар, ұлы суреткерлер шықты.

Біздер талай-талай оқиғалардың куәсі болған асқар таулар мен ұланғайыр даланың түлегіміз. Бұл — біздің сан буын бабаларымыздың кір жуып, кіндік кескен жері, көлжазира өңіріміз, атадан қалған байтақ мұрамыз, баға жетпес байлығымыз, алтын босағамыз. Бұл өлкенің айдарынан жел есіп, байрағы талай желбіреп, азат мемлекет болғаны да белгілі. Бүгінгі бостандықтың, бүгінгі тәуелсіздіктің өзінен-өзі келіп, басымызға қона қалмағанының, азаттық үшін миллиондаған адамдардың қаны төгіліп, жаны қиылғанын, жазықсыз зардап шеккенін де сіздер жақсы білесіздер.

Бүгінгі күн ата-бабаларымыздың талай ғасырлар бойғы арманы еді, отаршылдықтың темір құрсауының, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен сталиндік жаппай жазалау құрбандарының, Ұлы Отан соғысында от ортасынан оралмаған боз-

дақтардың, кешегі Желтоқсанда ұлттың намысын қолдан бермеу үшін, халықтың сағын сындырмау үшін бел буып шыққан жастарымыздың арманы еді.

Ардақты ағайын! Еліміздің тәуелсіздігі жолында шейіт болып, осы күнді көре алмай кеткен азаматтарымызды орнымыздан тұрып еске алайық, аруақтарына тағзым етейік. (Мәжіліске қатысушылар орындарынан көтеріліп, бір минут үнсіз тұрды).

Қазақ ұлтының бүгінге дейінгі қат-қабат тарихының басты мазмұны — азаттық үшін күреске сайып келеді. Елдік пен бостандық жолындағы күресіміздің байырғы скиф, ғун, оғыз, сак, үйсін, қанды, қыпшақ замандарынан кешегі шерлі Желтоқсанға дейінгі сан ғасырлық шежіресі бар.

Жанқиярлық, табанды күресінің арқасында ата-бабаларымыз өзінің бірлік-берекесін сақтап қана қоймай, XV ғасырда қуатты Қазақ хандығын құрды. Алайда тәуелсіз Қазақ мемлекеті бейбіт, тыныш өмір сүре алмады, ұлан-байтақ өлкемізге жан-жақтан көз тігіп, ойран салушылар көбейді. Ақырында Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, ұйтқы болған, Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Есет, Қарасай, Жәнібек, Олжабай, Райымбектер қорған болған есіл өлке бәрібір отаршылдықтың табанына түсті. Сөйтіп XVIII—XIX ғасырларда халқымыз еркіндігі мен тәуелсіздігінен айырылды.

Қазақстанның Ресейге қосылуының жай-жапсарын бірер ауыз сөзбен айта салу мүмкін емес. Бұл оқиғаның мән-маңызына сол дәуірдегі тарихи жағдайды, екі оттың ортасында қалған елдің қиын халін, ұлт ретінде жойылып кету қаупі анық төніп тұрған тұста жасалған амалсыз шара екенін ес-

керіп барып баға беру әділ болмақ. Сондай сын сағатта саяси шешімді дәл таба алмаған көптеген ұлттардың, мысалы, Жоңғар хандығының тағдыры қалай аяқталғанын сіздер жақсы білесіздер.

Әрине, бодандықтың аты — бодандық. Патшалық Ресейдің отаршылдығы басқа елдердің отаршылдығынан асып түспесе, кем түскен жоқ. Ұланғайыр даламыз империя меншігіне айналды. Дініміз тәрік, тіліміз ғаріп, мәдениетіміз мүшкіл, өзіміз мүскін халге ұшырадық. Мұндай жағдайда ел намысының қозбауы, ер ашуына мінбеуі мүмкін емес еді. Ең ірі халық көтерілістерін Сырым Датұлы, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы, Кенесары Қасымұлы, Амангелді мен Бекболат, Ақкөз сияқты батырлар бастады. Зеңбіректі әскерге найзамен қарсы шапқан көзсіз ерлерді халық әлі күнге ән-жырға қосып, аяулы аттарын ардақ тұтып келеді. Ардақ тұта береді.

Біз 1917 жылы да аңсаған азаттықты ала алмадық. Большевиктік саясат уәдесінде толық тұрмады. Отаршыл Ресейдің кесір саясатын мирас етті. Бұрын Ресей болса, енді Қазақстан “халықтар түрмесі” атанды, тоталитарлық жүйенің тұтас халықтарды жер аударатын аймағына айналды. Сөйтіп өзге халықтар біздің өлкемізге өзге аймақтардан көшіп келіп, өгейлік көрсе, біз өз жерімізде отырып-ақ өзгелерден кем өгейлік, өзгелерден кем озбырлық көрмедік. Өз жерімізде өзіміз қырғынға ұшырап, өз жерімізде өзіміз қуғынға түстік. Мыңдаған жандар қырылып, мыңдаған жандар атажұртын тастап көшуге мәжбүр болды. 1932-33 жылдарда қазақ даласындағы болған адам айтса нанғысыз ашаршылық, 6 миллиондай халықтың 2,2 миллионы айдың-күннің

аманында опат болғаны, сталиндік репрессия жылдарында аяулы да абзал азаматтарымыздың жойылғаны — большевизмнің бетіне басылар қара таңба, біздің ғасырлар бойы ұмытпайтын қасіретіміз. Мұндай қысымшылық пен әділетсіздік дәл соңғы кездерге дейін жалғасып келді. Ұлт мүддесін қорғаған азаматтарға “ұлтшыл” деген айып тағылып, қудалауға түсті, талайы атылып та кетті. Республиканың ұлттық құрамына таяу арада түзеп болмастай орасан нұқсан келтірілді, жер құнары азып, атамекен тозып кетті. Кербез сұлу Көкшетаудағы сексен көлдің сәні азайып, айдынды Аралымыз тартылды, Абай туған Шыңғыстауды қырық жыл бойы Семей атом полигонындағы сынақтар сілкініп тұрды, Сарыарқаның шалғыны азып, жер жаннаты Жетісудың жайлауы жүдеді. Тарихымыз аяусыз бұрмаланды. Рухани мәдениетіміз де небір зобаланды басынан кешірді. Сөйтіп кейінгі ұрпаққа бабаларынан қалған байтақ мұра жат болды. Ең қиыны — бұл жылдарда тұтас бір ұлттың еңсесін түсіретін, намысын аяққа таптайтын талай қадам жасалды. Шын мәнінде Қазақстан басшылары тек Мәскеудегі орталықтың тағайындағандары және солардың бұйрығын бұлжытпай орындайтындар болып келді. Халық өз басшысын өз еркімен сайлай алмады.

Жиырманшы ғасыр қазақ халқына не берді деген мәселе төңірегінде қым-қиғаш пікір бар. Иә, кешегі насихат жетпіс жыл бойы Кеңес өкіметі қазаққа ұдайы тек бақыт нұрын себелеп келді деп үйретті. Оның қаншалықты растығын тарихтың өзі дәлелдеп беріп отыр. Бірақ солай дей тұра, қазақ халқының 1917 жылдан бергі тарихын жоққа шығаруға да болмайды. Басқасын айтпағанның

өзінде, өткен ғасырда қайтадан үш тарапқа күштеп бөлініп, ұлттық, территориялық тұтастықтан айырылып қалған еліміз бен жеріміздің республика болып құрылуы, аумағы қалпына келтіріліп, шекарасының ресми түрде бекітілуі Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жүзеге асқанын, мұның өзі қазіргі тәуелсіз мемлекетімізді заңдастыруда бірден-бір негіз болып отырғанын қалай ескермей кете аламыз?! Мен өткеннің бәрін қаралап, ата-бабаларымыздың жасап кеткен еңбегін түгел жоққа шығарудан аулақ болғым келеді. Қалай болғанда да бұл тарих — өз тарихымыз.

Бүгінгі деңгей-дәрежеміздің өзі соншалықты төмен дей алмаймыз. Егеменді ел болып халқымыз өз еркімен демократиялық тұрғыда тұңғыш Президентін сайлады. Мемлекеттік тәуелсіздігіміз жарияланғалы бері жылға да толмайтын уақыт ішінде Қазақстанды әлемнің жүзден астам елі таныды, еліміз бірқатар аса беделді халықаралық ұйымдарға, оның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымына, Халықаралық валюта қорына мүше болып қабылданды. Таяуда біздің республикамыздың делегациясы осы лауазымды халықаралық қауымдастық — БҰҰ Бас Ассамблеясына тұңғыш рет қатысады. Ғарышқа қазақ жігіті ұшып, ұлттың мерейін бір көтеріп тастады. Жаңадан Елтаңбамызды, Туымызды белгіледік. Аяулы ана тілімізге — бай әрі құнарлы қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Елді мекендердің тарихи атаулары қайтарылуда, халықтың біртуар ұлдарының аты ардақталып, мерейтойлары өткізілуде.

Қысқасы, туған жерімізде талай-талай өркенді өзгерістер, жан жадыратар жақсы жаңалықтар бар.

Ең бастысы — тату-тәтті ынтымағы жарасқан көп ұлтты халқымыз бар. Ел дегенде, жер дегенде білегін сыбанып іске дайын тұрған азаматтарымыз бар. Сан ғасырлар бойы талай теперішті көрсе де жайсаң жанын, әсем әнін, күмбір күйін, әдемі әдет-ғұрпын, таза тілін сақтаған ұлтымыз бар. Қандас, жандас бауырларымыздың қазаққа ежелден тән қонақжайлылықты, сүйегімізге, санамызға сіңген мейірімділікті аман алып қалғанына осы Құрылтай күндері әбден көздеріңіз жетеді деп ойлаймын. Бұл бағытта, әсіресе соңғы жылдарда, қыруар іс тындырылды. Қазақы қалпымызға қайта келіп, тарихымызды таразылап, жоғалтқанымызды түгендеп, тілімізді, дінімізді жаңғыртып жатқанымыздың куәсі боласыздар. Қазақтың өзіндік ұлттық қасиеттерінің қайта қалыптасуына қамқорлық жасау — менің Президенттік те, перзенттік те парызым.

Осы тұста басын ашып айтатын бір жай бар. Әр азаматтың өз ұлтының көркеюін, нығаюын армандауы заңды. Бірақ оған республикадағы өзге ұлт өкілдерін, әсіресе орыс ұлты өкілдерін кемсіту, шеттету, мұқату арқылы жетемін демеу керек. Халқымыздың басынан өткен азап пен мұқатқа республикада өмір сүріп жатқан өзге ұлттардың өкілдері кінәлі емес. Оған сол кездегі саясат кінәлі, сондай саясат ұстанған қоғам кінәлі. Республикадағы қазіргі ұлтаралық жарасым ахуалын көздің қарашығындай сақтай білу — барлық ұлттың, әрбір азаматтың ең жауапты міндеті. Қазақстандағы ұлтаралық жарастықтың негізгі ұйтқысы болу міндетін алдымен осы атамекеннің иесі — қазақ халқы өз мойнына алуы керек. Өйткені халқымыз ұлтаралық жарастықты, сыртқы

дүниемен өзара тиімді ынтымақтастықты жүзеге асыра алса ғана өзінің өркениетті мемлекетіне ие бола алады. Басқадай бағыт ұстанар болсақ, онда біз тұйыққа тірелеміз, талай тағдырдың обалына қаламыз, қазіргі абыройлы атымыздан айырыламыз, исі қазақтың дархан көңіліне көленке түсіреміз. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы ұлт пен ұлт жаға жыртысқан республикаларда қандай қанқасап қырғын болып жатқанын өздеріңіз де естіп-біліп жүрген шығарсыздар. Үлайым, сондай кесапаттың бетін аулақ қылсын!

Біздің туымыз — тәуелсіздік, тілегіміз — бейбітшілік, тыныштық. Күш қолдану мен жанжал атаулыны болдырмауға бар ерік-жігерімізді аямаймыз. Осы мақсат жолында Қазақстандағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіруіне мүдделіміз.

Қазір бой жарыстыратын заман емес, ой жарыстыратын заман. Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады. Ашу — дұшпан, ақыл — дос. Ашу емес, бәрін ақыл шешуі керек. Елдің тыныштығын бұзу ұлтымыздың болашағына балта шапқанмен бірдей. Өз халқын сүйетін адам, өз жұртына жақсылық тілеген кісі өзге халықтарды ашындырмайды, өз ұлтын ешкімге қарсы қоймайды.

Тарихи болашағымыз үшін осынау жауапты сәтте баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық сақтауға борыштымыз. Қазіргідей алмағайып кезеңде бұл ерекше қажет. Сондықтан, ардақты ағайындар, сіздердің де біздің республикамыздың өзіндік ерекшелігін, ұлтаралық қатынастың өте нәзік мәселе екенін ұдайы ескерулеріңізді қалаймыз.

Республикадағы ұлтаралық жарасым ахуалын

орнықтыра түсу мақсатымен мен жақында халықтарды жақындастыруға аянбай үлес қосқан азаматтарға арналған Президенттің жыл сайын берілетін Бейбітшілік пен рухани татулық сыйлығын белгілеу жөнінде Жарлық шығардым. Оны қазақстандықтарға ғана емес, шетелдіктерге де, оның ішінде, әрине, отандастарымызға да беруіміз мүмкін. Бұл іске сіздердің әрқайсыңыз өз үлестеріңізді қоса аласыздар.

Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол — тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан-тәнімен сезінуі керек. Бұл жауапкершілікті мен республика Президенті ретінде де, қазақ халқының бір перзенті ретінде де толық сезінемін деп сіздерді сендіремін!

Халқымызда “Бөлінгенді бөрі жейді” деген мақал бар. Осы уақытқа дейін бөлінгеннен, жіктеліп, жіліктенгеннен көрген зияннан басқа тапқан пайдамыз жоқ. Біз дүние жүзі қазағын Алматыға әділетсіздікті де, қасіретті де, қуғын-сүргінді де көп көрген халықтың енді басы қосылса екен деп жинап отырмыз.

Бірінді, казак, бірін дос.

Көрмесен істің бәрі бос,—

деп Абай айтқандай, басымыздың қосылатын, ұлттық ой-сананың биіктеп, тұтасатын мезгілі әбден жетті.

Ұлы Абай айтқан өзге міндерімізден де арыла-

тын, әсіресе ежелден қалмай, жанымызды жеп келе жатқан күншілдікті, бақастықты, жел сөзге ерушілікті, енжарлықты қоятын кезіміз жетті. Өзіне өзі сын көзімен қарамайтын халық болашағына көп үміт арта алмайды. Біз бойымыздағы озығымыздан үйреніп, тозығымыздан жирене білсек қана өркениетті мемлекет, еңселі ел боламыз.

Қадірменді туыстар!

Бүгінгі Құрылтайдың басты мақсаты — бүкіл әлемдегі қазақ қауымының болашағы жөнінде ойласу, ұлтымыздың тарихындағы осынау ерекше белестің тұсында ендігі тағдыр-талайымыздың қалай өрілетінін талқылау. Қазақ диаспорасының қалыптасуы — зерделі жанды таң қалдыратын құбылыс. Әрбір үш адамның біреуі атамекенінен жырақта жүрген қазақтан басқа халықты атау қиын шығар. Қазір әлемнің 40-тан астам елінде үш жарым миллиондай қазақ өмір сүріп жатыр. Қытайда, Моңғолияда қазақ ұйысып отыр, ағайындарымыз Түркияда, Иранда, Ауғанстанда көп, Еуропада да аз емес, Америкада, Канадада, тіпті алыстағы Австралияда да бар. Әрқайсысының тағдыры, тұрмыс халі әртүрлі. Құбатөбел күн кешіп жүргендері де баршылық, дәулеті тасып, айбыны асып тұрғандары да табылады. Бірақ бәріне тән, бәріне ортақ нәрсе — сағыныш, атамекенді аңсау. Шетелдік сапарларға шыққанда отандастарымыз іздеп келіп, ой-арманын, мұң-мұқтажын айтып жатады. Сырласа қалсаң сай-сүйегің сырқырайды, арман-тілектерін тындасаң жан-жүрегің елжірейді.

Шеттегі қазақтардың халықтық дәстүрлерді

сақтауы сүйсінтеді, тәнті етеді. Өткен жылы Түркияға сапар кезінде Ыстамбул әуежайында жиналған ағайындардың — “Ақсарбас!”, “Ақсарбас!” — деп қол жайып, бірден үш ақсарбас шалғаны бізді қатты тебіrentті. Мұндай ықылас-пейілді мен күні кеше Германия мен Францияға барған сапарым кезінде де көрдім.

Атамекеннен алыстағы бауырларымыздың ана тілін қадірлеуі, қандай жағдайда да ұмытпағаны — біздің ұлт болып мақтан тұтар нәрсеміз. Не мектебі, не кітабы, не теледидары, не радиосы, тіпті кейде қазақ көршілері де жоқ жердің өзінде ұлқызымен қазақша сөйлесетіні қуантады. Соны көргенде баласының тіл білмейтінін кезінде қазақша мектептің үйден алыстау болғанымен түсіндіруге тырысатын осындағы кейбір ағайынымызды ойлап қайран қаламыз.

Әрине, басқа елдердегі бауырларымызды қинайтын мәселе аз емес. Талай жыл бойы сіздерді, сіздердің ата-аналарыңызды кеңес өкіметі нақақ айыптап келді. Осында қалған туысқандарыңыз сіздермен хат-хабар алысу тұрмақ, барып келу, өлігіне иман айтып, топырақ салу тұрмақ, шетелде ағайынымыз бар деуге де қорықты, бұл ауыр айып, қылмыстай саналды. Ауқаттының бәрін арсыздай, кедейдің бәрін кереметтей көрген кешегі дәуірде туған жерінен қозғалмайтын қазақ жан сауғалап үдере көшуге мәжбүр болды. Ал бізде олар тек малы үшін туған жерін тастап кеткен адамдардай айыпталды. Қайта оралуға осында өзін күтіп тұрған жазадан қорқып, мындаған адам туған жерді бір көруге зар болған күйінде өмірден өксіп өтті.

Біз демократиялық мемлекет, адам хұқығын

қорғайтын қоғам құру жолына түскен ел ретінде тоталитарлық жүйе санамызға сіңіrmек болған мұндай тарихи әділетсіздікті, мұндай қатігез идеологияны түп-тамырымен айыптаймыз. Мұнан былай Қазақстан Республикасы адамды, оның өмірін, бостандығы мен ажырағысыз құқықтарын ең қымбат құндылық деп танитын және өз қызметін азамат пен қоғам мүдделері үшін жүзеге асыратын болады.

Кенес Одағының ыдырауына байланысты біз қазір Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығындағы республикаларда тұратын бауырларымызды да отандастар деп санаймыз. Қазір “таяу шетелдер” деп аталып жүрген бұрынғы Кенес Одағы республикаларында 1989 жылғы санақ бойынша 1 миллион 600 мыңнан астам қазақ тұрады. Өзбекстандағы, Түрікменстандағы, Қырғызстандағы қазақтар ана тілін, ұлттық мәдениетін, әдет-ғұрпын жақсы сақтаған. Мысалы, бір ғана Өзбекстанның өзінде 543 қазақ мектебі бар, оларда 138 мың бала оқиды. Қазақ мектептері кейінгі кезде өзге республикаларда да көбейе бастағаны қуантады. Соңғы жылдарда Өзбекстанда, Астраханьда, Орынборда қазақ газеттері жарық көрді. Көптеген қалаларда қазақ мәдени орталықтары құрылып, талай-талай игілікті шаруа атқаруда. Атамекеннен алыста, туған жерден жырақта ұлтының болашағын ойлап, қазақ мәдени орталықтарын ұйымдастырып, бауырларымызға қанатымен су сепкен қарлығаштай рухани қазына жеткізіп жүрген абзал азаматтардың талайы, олардың ізгілікті ісіне түсіністікпен қарап, қазіргідей қиын кезде тиісінше қолдау көрсетіп отырған туыстас елдер үкіметтерінің, жергілікті әкімшіліктердің басшыла-

рының біразы осы Құрылтайдың қадірменді қонақтары болып отыр. Орайлы сәтті пайдаланып, біз сіздерге шынайы ризалығымызды білдіреміз, ақ алғысымызды айтамыз.

Қадірлі отандастарымызға басын ашып айтар тілектің бірі — халқымыздың “Кісідегінің кілті аспанда” деген даналық сөзін ұмытпау. Бұл сөз Қазақстан мен қазақ диаспорасы арасындағы қарым-қатынасқа тікелей қатысты. Халықаралық уағдаластықтарды мойындап, мемлекеттердің бір-бірінің ішкі ісіне араласпау саясатын қолдайтын өркениетті ел ретінде Қазақстан да отандастарының мұң-мұқтажын олар тұрып жатқан елдердің басшылығымен екі жақты келісім арқылы ғана қанағаттандыра алатынын түсінуге тиіссіздер. Мысалы, жақында Германиямен қол қойылған келісімде осында тұратын неміс азаматтарының мүдделерімен қатар сондағы қазақ азаматтарының мүдделеріне де қамқорлық жасау көзделген. Біздің Түркиямен де осындай келісіміміз бар.

Кезінде Қазақстанға караған кейбір аудандарды республикаға қайтару жөніндегі талаптарға қатысты мынаны айтуға болады. Мұндай ойланбай айтылған сөздер, жауапсыз жазылған газет материалдары бауырлас халықтардың арасына жік салып, онсыз да ушығып тұрған ұлтаралық қатынастарды шиеленістіргеннен басқа ештеңе де бермейді. Біз тәуелсіз мемлекеттердің территориялық тұтастығын жақтаймыз, бүгінгі қалыптасқан шекаралардың мызғымауға тиіс екенін қуаттаймыз, арандатушылыққа ермейміз.

Қазір біздің ұлтымыздың алдында тұрған ең басты міндет, ең қиын міндет — Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының

негізгі бағыт-бағдарын дәл айқындап, сол мақсатқа неғұрлым тезірек жетудің жолында аянбай еңбек ету. Экономикалық дәулетіміз артпайынша, рухани сәулетіміз де артпайтынын анық ұғынуымыз қажет.

Қазақстанның дамуының стратегиялық мақсаттарына жету үшін біз саясат саласында ең алдымен жас егеменді мемлекеттің президенттік республика ретінде қалыптасуын көздеп отырмыз. Бұл орайда мемлекеттік құрылымның ұлттық белгілерін қорғап, оның шайылып кетуіне жол бермеуге көп көңіл бөлеміз. Сондықтан біз тұрғылықты жұртымыздың мүддесі жекелеген жағдайда ерекше ескерілуі керек екенін айтпай тұра алмаймыз. Бұл әңгіме ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына жағдай жасауға алдымен қатысты. Сондай-ақ, көп партиялы жүйе құру, қоғамда тұрақтылықты қамтамасыз ету, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қорғау үшін әскери-саяси және экономикалық одақтар жасау, республиканың дүниежүзілік қоғамдастықтағы саяси салмағын арттыру сияқты міндеттер алда тұр. Экономика саласындағы қазіргі басты шаруа — нарықтық қатынас-тарды қалыптастыру. Сіздердің көпшілігіңіз осы нарық әлдеқашан орныққан елдерден келіп отырсыздар, адамша, лайықты өмір сүрудің неғұрлым тиімді жолы нарықты экономика екенін жақсы білесіздер. Өркениетті, дәулетті елдердің бәрі де осы жолдан өткен. Егер шындап аяғымыздан тік тұрып, өзгелер сияқты жөндеп өмір сүргіміз келсе, бұл жолға біз де түсуге

тиіспіз. Жүз жылдық тоталитаризмнен тез арада демократиялық қоғамға көшіп, аз жылдар ішінде нарық экономикасын орната салу оңай болмайтынына көзіміз жетті. Табандылық пен шыдамдылық керек. Бүкіл дүние жүрген жолмен біз де жүре алатынымызға күмән жоқ.

Біз үшін материалдық өндіріс саласындағы басты бағыттарды санамалап өтер болсақ, алдымен азық-түлік және халық тұтынатын тауарлар зәрулігін жоюды, құрылыс және құрылыс индустриясы базаларын дамытуды, өнеркәсіптің шикізат өндіру салаларын өркендетумен шектелмей, түсті және қара металлургияны, ғылымды көп қажет ететін өндірістер мен мәшине жасауды дамытуды, экологиялық таза технологияларды енгізуді, осы заманғы инфрақұрылымдарды (көлік, байланыс, энергетика, туризм, қонақүй жүйесін) ұлғайтуды бөле айтар едім. Бұл сияқты шешімін күтіп тұрған мәселелер көп-ақ.

Бүгінгі қиыншылығы мол заманда көңілімізге медеу болар бір жай — қазақтардың өз атамекенінде бас тоғыстыруы, әртүрлі себептерге байланысты туған жерден үдере көшіп кеткен туысқандарымыздың өз еліне қайта орала бастауы. Біздің бәріміз сарыла күткен ұлы көштің алды атамекенге жетті. Мен бұл арада алдымен көршілес елдерден соңғы жылдарда көшіп келіп жатқан туыстарымызды айтып тұрмын.

Баспасөз бетінде республиканың Министрлер кабинетінің шетелдердегі отандастарымызға қосымша жеңілдіктер жасау жөнінде қабылдаған қаулысы жарияланды. Оның бұлжытпай орындалуын назарда ұстайтын боламыз.

Республикамыздың парламенті “Көшіп келу ту-

ралы” Заң қабылдады. Мемлекетіміздің егемендігі мен өзіндік сипатына нұқсан келтірмеу мақсатымен жаңа Заңда сырттан көшіп келу тәртібі бұрынғыдан әлдеқайда қатайтыла түсті. Сонымен қатар ол Заңда сыртта жүрген отандастарымыздың елге оралуына байланысты көптеген жеңілдіктер жасау көзделген. Мұндай артықшылық “Азаматтық туралы” Заңда да айрықша ескерілген. Егер өздеріңіз тұратын елдің заңы бойынша қос азаматтыққа рұқсат етілген болса, ендігі жерде сіздер республикаға көшіп келмей-ақ Қазақстанның азаматтығын ала аласыздар.

Алдағы қабылданатын бірқатар заңдарда да шетелдік отандастарымыздың мүдделері жан-жақты ескерілетін болады. Қысқасы, тәуелсіз Қазақстанның кең құшағы сіздерге әрқашан ашық, бауырлар!

Әрине, қай жерде өмір сүру — әр адамның жеке өзі шешетін мәселе. Оның үстіне өзі тұратын елдің заңына сәйкес шешілетін мәселе. Қазақ үшін басқа елге көшу тұрмақ, басқа ауылға көшудің өзі қиын. Оның үстіне шетелдегі ағайындардың басым көпшілігі Қазақстанда тумаған, өскен ортасы, алған тәрбиесі басқаша. Оның бәрін жақсы түсінеміз. Сондықтан да дүние жүзіндегі қазақтар қай елде жүрсе де өзін Қазақстанның өкілі сезінетіндей, қазақ азаматы сезінетіндей жағдай жасау біздің болашақтағы мәртебелі міндетіміздің бірі. Қазақ азаматы қай жерде де өз ұлтының озық дәстүрлерін, тілін сақтаса, асыл қасиеттерін ардақ тұтса, атамекенге деген сезімін әлпештей білсе, туған халқы алдындағы перзенттік парызын өтеп жүр деп білеміз. Сіздердің рухани талап-тілектеріңізді қанағаттандыруға, қазақ мәдениетінің

хал-ахуалынан хабардар болуларыңызға, ұл-қыздарыңыздың ана тілін үйренуіне қолдан келгенше қамқорлық жасауды республика үкіметі алдағы кезде назарда ұстамақ. Мұның бәрінің ойдағыдай жүзеге асуы Қазақстанның қазіргі экономикалық дағдарыс қыспағынан қалай, қашан шығатынына байланысты. Әзірше қысқа жіп күрмеуге келмей тұрған жайы бар.

Осы Құрылтайдың барысында құрылған Әлем қазақтарының орталығына бұл орайда көп міндет жүктелмекші. Ол ұлт өмірін жан-жақты зерттеп, қазақтардың әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани тыныс-тіршілігіндегі ең өзекті деген мәселелерді терең талқылай отырып, тиісті орындарға нақты ұсыныстар жасауы керек. Ұлт бірлігін нығайтудың ұйтқысы болуы керек. Шетелдердегі қазақтардың өзіндік ерекшеліктері, талайлы тарихы арнайы зерттеуді қажет етеді. Бізде жер бетіндегі қазақ ұлтының тарихы кешенді түрде зерттеу арқауы болып көрген емес. Жалпы, бізде қоғамды дамытудағы тап күресінің орны тым асыра бағаланатын да, ұлт идеясының мән-маңызы кемітіліп көрсетілетін.

Күні кешеге дейін Қазақстаннан тысқары тұратындардың бәрін шет жерде жүргендей көру, үркіншілік жылдары көшіп кеткендердің бәрін отанын тастап қашқан опасыздар деп санау әдетінен арыла алмадық. Бірақ шындық басқаша еді. Кешегі “ақ қашып, қызыл қуған” төңкеріс тұсындағы қырғынға шыдамай, жалпай коллективтендіру кезінде албарда аша тұяқ қалдырмаған со-рақылдыққа төзбегендер шетелдерде өзінше тіршілік кешіп жатқан өз бауырларына барып па-

налады, сондағы қаймағы бұзылмаған қалың қазақты көңіліне медеу етіп, пана тұтты. Қазіргі Қазақстанның жан-жағында ежелден қазақтар мекендеген өңірлер көп екені бәрімізге белгілі. Қазақ диаспорасы тек эмиграция негізінде жасалған емес, оның өзгелерден түбірлі айырмашылығы да осында. Бүгінгі орайлы сәтті пайдаланып, мен біздің халқымыздың атынан шетелдердегі отандастарымызды қиын кезде бауырына тартқан, қамқорлық көрсеткен барша елдердің басшыларына шын жүректен шыққан алғысымызды айтқым келеді.

Қадірменді бауырлар!

Қазақ халқы тағы да тарих талқысына түсіп тұр. Біз тәуелсіздік туын тіккен кезең дүниенің дидары өзгеріп, экономикалық дағдарыс күшейіп, ұлт пен ұлттың арасын қосу қиынға түскен тұсқа тап келді. Әлем мұхитына өз бетімізбен жана ғана жүзіп пығып жатырмыз. Қазақстан Республикасы — буыны жаңа беки бастаған жас мемлекет. Осы бір жылдың ішінде-ақ мемлекет құрудың қандай қиын, қандай күрделі іс екеніне көзіміз анық жетті. Шүкіршілік етейік. Бүгінде Қазақстан әлемдік аяда экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, болашағы сенімді мемлекет ретінде сый-құрметке бөленіп отыр. Біз бұл құрметтің қадір-қасиетін бағалай білуіміз, ішкі-сыртқы саясаттағы әр қадамымызға ерекше жауапкершілікпен қарауымыз керек. Халықаралық қарым-қатынастарымызда біз дүниедегі барлық елдермен, әсіресе көршілес Ресеймен, Қытаймен, түбі бірге туыстарымыз — Түркиямен, Орта Азия республикаларымен, бүкіл мұсылман әлеміндегі

мемлекеттермен жан-жақты ынтымақтастық, тиімді өзара көмек саясатын ұстанамыз. Тіл-көзден сақтасын, қазір бағытымыз дұрыс, қарқынымыз жақсы.

Қазақстандағы тыныш ахуалды бүлдіруге ықпал жасауы ықтимал күштерді біз көріп те отырмыз. Астам пиғылдағы саяси содырлардың жекелеген арандату әрекеттеріне де, тұрғылықты ұлттың мүддесін көздейміз деп жүріп асыра сілтеуге, қызбалыққа бой алдыратын түрліше топтардың іс-қимылына да біз әрқашан тиісінше бағасын беріп отыратын боламыз.

Ардақты ағайын! “Орнында бар оңалар”— дейтін еді халқымыз. Шүкір, ел орнында, жер орнында. Жерге жетер ештеңе жоқ, жерден өтер байлық жоқ. Жер болса, ел болады, ел болса, ер болады. Осындай жеріміз барда, еліміз барда, өздеріңіздей еріміз барда біз ешкімнен кем болмаймыз!

Заман тыныштығын берсе бүгінгі дағдарыстан да шығармыз. Тәуелсіз Қазақстан дәулетіне сәулеті сай қуатты мемлекетке айналар. Қазақ халқы әлемдік өркениетке қазіргіден гөрі қомақты үлес қосар. Даламызда да, қаламызда да шадыман тұрмыс, шат тірлік орнар. Бұйыртса, бүгінгі Құрылтайға қатысқан қадірменді қонақтарымыздың өзі туған Қазақстанымыздың гүлдеп-көркейгеніне таяу жылдарда-ақ куә болады деп кәміл сенеміз.

Қымбатты туыстар!

Біз ұлы жолға шықтық, арманды сапарға аттандық. Қолымызда — тәуелсіздіктің көк Туы, Елтаңбамызда — бар халықтың басын біріктіретін

киелі шаңырағымыз, арманымызды алға апарар қанатты пырақтарымыз бар.

Блайым, бетімізден жарылқасын!

Үлкен жолдың үстінде бізді ата-бабаларымыздың аруағы желеп-жебеп жүре берсін!

ӘРБІР ЕЛДІҢ КЕҢПЕЙІЛДІЛІГІ – ПЛАНЕТА ЕСЕНДІГІНІҢ КЕПІЛІ

**БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 47 СЕССИЯСЫНДА
5 ҚАЗАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Осының алдындағы сессияда Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының мүшелігіне бірауыздан қабылданды. Мен республика халқының атынан осы қадам үшін терең алғыс сезімін білдіремін және Қазақстан Республикасы бейбітшіл мемлекет ретінде БҰҰ-ның Жарғысында көрсетілген міндеттемелерді толығымен орындауға қабілетті екенін, осы беделді халықаралық ұйым қызметінің барлық саласына сындарлы үлес қосатындығын мәлімдеймін.

Біз үшін бұл сессияның да маңызы аса жоғары, өйткені оның мінбері алғаш рет Қазақстан Республикасының Президентіне беріліп отыр. Осыған байланысты мен Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттердің өкілдерін қызу құттықтаймын.

Осы заманғы дүниежүзілік тәртіпті қазірдің өзінде БҰҰ-ның көмегінсіз қарастыру қиын. Бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық сипаты ерекше осы ха-

лықаралық институтқа зор үміт артып отыр, ал олардың ең бастысы — сенімді тұрақтылық пен хауіпсіздіктің сенімді механизмдерін құру.

Бүкіл дүние жүзі болашақтың бүгінгі айқын және алдағы қарбалас кезеңдері өзіміздің бірлескен күш-жігерімізді ұйымдастырудың жаңа сапасына көшуді талап ететін осы бір шекке жетіп отыр. Біз өзімізге әлі белгісіз осы жаңа кезеңнің мәні неде екенін ұғынуға тиістіміз және оны бүкіл қоғамдастық шеңберінде, өз құрлығымызда, өз аймағымызда және елімізде іс жүзінде игере бастауымыз керек. Міне, осы мәселелерге мен сіздердің назарларыңызды да аударсам деймін.

Бірінші мәселе — бұл бүкіл дүниежүзілік қоғамдастық және БҰҰ-ның әлемдегі жаңа рөлі туралы болып отыр. Бас Ассамблеяның осы өтіп отырған сессиясында, қазірдің өзінде біртұтас дүние үшін жаңа күн тәртібін айқындауды талап етіп отырған жаңа шындықты түсіну байқалып отыр. БҰҰ-ның Бас хатшысы Бутрос Бутрос Ғалидың белгілі баяндамасының да нақ осылайша аталуы кездейсоқ емес.

Бутрос Ғалидың алдын алу дипломатиясы жөніндегі тұжырымдамасын біз дер кезіндегі, саяси ұтымды инициатива деп есептейміз. Ал оны бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың барлық мүшелері бірдей жүзеге асыруға кірісуі керек.

Бұл орайда мен алдын алу дипломатиясын ықтимал шиеленістердің пайда болу ошақтарын жоюға бағытталған саяси және әлеуметтік-экономикалық шаралардың жүйесі деп білемін. Мұнда көзге көрінін тұрған қоғамдық-саяси тұрақтылықты ұстап тұрудың шарттарымен бірге, сондай-

ақ терең болжамдық талдауды талап ететін қазіргі проблемалар да маңызды орын алады.

Осылайша шекаралар жөніндегі мәселе — бұл кез-келген сәтте жарылуы мүмкін оқ-дәрі қоймасы сияқты екенін түсіну қиын емес. Оның үстіне бұл жарылатын болса, ол тек отпен ойнаушыны ғана емес, осы отты тұтатушыдан аулақ тұрғандарды да қоса алып кететіні белгілі.

Менің ойымша, қазіргі қалыптасқан шекараларды қайта қарау жөніндегі жасалған бір қадамның өзі салдарын болжап білуге болмайтын геосаяси тізбекті реакция тудыратыны айқын. Мемлекет территорияларының мызғымастық принципін маңызы туралы айта келіп, сондай-ақ, бүгін аз ұлттардың құқығы көбіне ұлттардың өзін-өзі билеу құқығымен, тіпті, өз алдына дербес мемлекеттер құру құқығымен бірдей қарастырылып жүргенін атап көрсеткім келеді. Егер мұндай көзқарасты ұстанатын болсақ, онда болжаммен алғанда бүкіл дүниежүзінде бірнеше мыңдаған экономикалық әлсіз егемен мемлекеттер пайда болуы мүмкін. Мұндай жағдай принципті әбден шегіне жеткізе дәріптеудің айқын көрінісі болып табылады. Бүгін таңда аз ұлттардың құқықтарына әділ назар аударып отырған дүниежүзілік қоғамдастық демократия мен бейбітшіліктің салтанаты негізінде адам құқығының және ұлттар құқығының салтанат құруы үшін олардың өлшемдерін айқын белгілеуі тиіс екендігіне кәміл сенімдімін. Әйтпесе, ұлттардың өзін-өзі билеу құқығын желеу етіп, кез-келген көп ұлтты мемлекеттің тұтастығына күмән келтіріледі және жегідей жейтін сепаратизмнің ұшы-қиыры болмайды.

Сонымен бір мезгілде ХХІ ғасырдың алыс

көкжиегіне көз тастай отырып және ықтимал шиеленістің ошақтарын болжай отырып, елеулі аландату туғызып отырған бірқатар мәселелердің арасынан бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың алдына Орталық Азия аймағындағы су проблемасын қойғым келеді. Уақыт өте келе ол ежелгі құрлықтың қақ жүрегінде қауіпті алауыздықтардың көзіне айналуы мүмкін. Қазірдің өзінде Орталық Азияны су ресурстарымен қамтамасыз ету проблемасын кезең-кезеңімен тиімді шешуді көздейтін БҰҰ-ның арнаулы жобаларын жедел жасау қажет деп ойлаймын.

Батыс-Шығыс белдеуі бойынша геосаяси шиеленістің бәсеңдеуі және Солтүстік-Оңтүстік белдеуінде қауіпті егесудің өрістеуі жалпыға бірдей танылған факті екенін айтуға тиіспін. Алайда екінші қайшылықтың пайда болуы мен шиеленісуі бірінші мәселенің көкейкесті маңызын төмендете алмақ емес. Шығыс пен Батыс арасындағы қарым-қатынастардың көп жылдар бойғы күрделілігі бұрынғы Кеңес Одағының ыдырауымен бірге жойыла алмайды.

Осыған байланысты ескерту дипломатиясы, бейбітшілікті орнату, қолдау және нығайту жөніндегі ұсынылып отырған күш-жігерлерді әлемдік өзара іс-әрекеттердің бір бағыттары бойынша тең жағдайда бөлу қажет деп ойлаймын.

Бұл мәселені атап көрсетіп отырған себебім, мұнда қазірдің өзінде кейбір қиғаштықтар байқалуда.

Соңғы айлардағы фактілерге сүйенсек, БҰҰ-ның күш-жігері саяси және әскери-саяси сипатта басым көрініп отыр. Бұл ретте көтермелеу мен

ынталандырудан гөрі тыйым салу әдістерін қолдану көбірек байқалады. Бұл шаралар жеңіл-желпі шиеленістерді бәсеңдетуге бағытталса да, бірақ әзірше пайда болып, етек жайып бара жатқан жанжалдың терең мәнді негізіне ешбір ықпал ете алмай отыр.

Жақында осы мінберден аталған жанжалдардың шынайы себептері көрсетілген болатын: әлемдегі ең бай адамдардың 20 проценті (Солтүстік және Батыс елдерінде), дүние жүзілік жалпы табыстың 83 процентін, ең кедей адамдардың 20 проценті (Оңтүстік және Шығыс елдерінде) — тек оның 1,4 процентін тұтынады екен.

Көрініп отырғанындай, аса бай “жиырмалық” табысы мен ең кедей “жиырмалық” табысының ара қатынасы 60:1 болып отыр.

Осы “60:1” арақатынасын мен “әлемдік теңсіздік формуласы” деп атар едім. Міне осы айырмашылық азаймайынша, біз жанжалдарды барынша болдырмау үшін нақты негіз жасай алмаймыз. Әңгіме түптеп келгенде аса дәулетті “жиырмалықтың” табыстарын кедей елдердің пайдасына қарай қайта бөлу туралы болып отырмағанын атап көрсетейін. “60:1” “әлемдік теңсіздік формуласын” аса дәулетті “жиырмалықтың” табыстарын азайту жолымен емес, қайта аса кедейлердің табыстарын осы елдердің өзін-өзі дамытуы бойынша ғылыми түрде ұйымдасқан көмектің есебінен өсіру арқылы өзгерту керек.

Бәлкім, БҰҰ күш-жігерінің бағытын жанжалдарды шынайы болдырмауға, олардың тереңде жатқан қайнар көзіне қарай қайта бағдарлау туралы ойлануға тура келер.

Мұнда іс жүзінде қандай қадамдар жасауға болар еді? БҰҰ Бас хатшысының қаржы қаражатының аздығына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік күш-жігерін өрістетуге кедергі келтіріп отырған басты проблемаға байланысты мазасыздану сезімі маған түсінікті. Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік орнатып, оны сақтау және нығайту жөніндегі шығындарын жыл сайын өсе түсіру қажеттігі айқын болып отыр. Бірақ мұны қалай істеу керек?

1992 жылға дейін БҰҰ бейбітшілікті сақтауға шамамен 8,8 миллиард АҚШ долларын жұмсап келгені, ал оның барлық елдердегі қорғанысқа бөлінетін жалпы жылдық шығынның тіпті бір проценті болмағаны мәлім. Өткен онжылдықтың соңында бұл шамамен 1 триллион долларға жетті.

Мен барлық үкіметтерге өздерінің ізгі ниеттерін көрсету ретінде "1 қосу 1" формуласы бойынша БҰҰ-ның бейбітшілік күш-жігері қорын құра бастауды ұсынамын.

Бұл формула, әр мемлекет оған өзінің қорғаныс бюджетінің 1 процентін бере отырып, жыл сайын өзінің қаржы аударуын сол бір процентке өсіріп отырады деген сөз. Сөйтіп он жылдан кейін осы бейбітшілік сома он есе өседі. Бұл акция дүние жүзі қоғамдастығының әрбір мүшесінің ұлттық қауіпсіздігіне ешқандай нұқсан келтірмей, қайта нақты нығайтады деп ойлаймын.

Осы жерде Шығыстың көне әфсанасын еске ала кеткен орынды болар. Ол адамдардың қалай күш сынасқаны туралы. Біреуі білегі мен жұдырығына сүйенсе, екіншісі бас сүйегінің мықтылығына, үшіншісі желаяқтығына, төртіншісі тілінің өткірлігіне сенеді. Бірақ бір дана адам күш атасы

жүрек екенін еске салып, оларды кең пейілділік танытуға шақырады. Менің ұсынысымды жүзеге асырудың деңгейі де әрбір елдің кең пейілділігімен айқындалып, жалпыға бірдей бейбітшілік игілігі жолындағы өзіндік бір жарыс болмақ. Қазақстан Республикасы оны кідіртпей бастауға әзір.

Бұл ретте, әлбетте, мемлекеттердің БҰҰ-ның бейбітшіл күш-жігері қорына қатысуының басқа да формаларын көздеуге болады.

Тоқталып өтпек болған екінші мәселем, біздің континенттегі — Азия немесе кең мағынасында алғанда — Еуразиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздік проблемалары. Әңгіме Қазақстан Республикасының Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары бойынша кеңес өткізу жөніндегі инициативасы туралы болып отыр.

Біздің континентте Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңес сияқты Азиядағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымдарын құру идеясы көптен бері айтылуда, бірақ әзірге кең қолдауға ие болмай келеді.

Америкадағы, Африкадағы, Еуропадағы континенттік ұйымдар қызметінің пайдалы тәжірибесі Азияны өзара іс-қимыл мен ынтымақтастықтың біртұтас органдарын құруға итермелеуі керек сияқты еді. Алайда бұлай болмай отыр және оның біршама нақты негіздері де бар.

Саясатшылар мен талдау жасаушылар тобындағы Азияда қауіпсіздік пен ынтымақтастық құрылымын құру идеясын сынаушылар мынадай басты дәлелді алға тартады. Азия елдерінің географиялық, тарихи, экономикалық, саяси, әлеуметтік және мәдени әркелкілік деңгейі Еуропа, Америка және Африка елдерімен салыстырғанда анағұрлым

жоғары. Экономикалық және саяси негіздің осындай әркелкілігі, әлбетте, ұжымдық қауіпсіздіктің континенттік құрылымдарын құруға кедергі келтіріп отыр.

Бұған Шығыстың “Алыс жолдың өзі де алғашқы қадамнан басталады” — деген мақалымен толық жауап беруге болады. Ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымына осы аталған барлық іс-әрекеттер түрлері бойынша бірден бағыт алу міндетті емес. Бастапқыда, әлде біреуінен — айталық, әскери-саяси немесе экономикалық саладағы әркелкілікті теңестіруден бастап, содан кейін ынтымақтастықтың басқа салалары бойынша да ортақ көзқарастарды іздестіру жеткілікті болар еді.

Мұндай континенттік құрылымға қарай қозғалыс ұзақ та кезең-кезеңді болуы мүмкін.

Мұндай қозғалыс мынадай схема бойынша өте алар еді: ынтымақтастықтың жекелеген түрлері бойынша аймақтық және континенттік құрылымдар мен коалициялар арқылы “екі жақты қатынастардан” бастап (сенім шаралары мен ұжымдық қауіпсіздік, ізгілік, экономикалық, мәдени өзара іс-қимыл шараларын әзірлеу) ынтымақтастықтың кең көлемді проблемалары бойынша ортақ құрылымдық органдарын құруға дейін.

Біз Азияда, ғажайып жерде тұрамыз. Әлемнің барлық ірі діндері — иудаизм, буддизм, христиан, ислам діндері біздің континенттің қасиетті топырағында пайда болған. Адамзаттың бүкіл рухани ұстаздары — Лао Цзы мен Гуатама Буддадан, Иисус Христ пен Мұхаммедтен бастап, осы заманның Махатма Гандидің дәрежесіне дейінгі асқар ойлы данышпандары — біздің топырағымыздан шыққан. Сондықтан Азия ғасырлар бойына жи-

нақталған рухани байлықтарын неліктен ой елегінен өткізіп, континент көлеміндегі ынтымақтастық пен ұжымдық қауіпсіздіктің жаңа тұжырымдамасын жинақтай алмайды?

Мұндай айқындама ешбір жағдайда қандай да бір аймақтық автаркияны көздемейді. Біз континент шекараларымен шектеліп қалмаймыз. Керісінше, Азия елдері мен халықтарының мүдделері үшін басқа континенттерде туған бар жақсылық атаулыны жинайтын боламыз.

Бізге келешектің алға көлденең тартар жәйттеріне бейімделудің, адамзаттың біртұтас дүние жағдайында өмір сүруінің негіздерін қалыптастырудың ең жақсы жолдарын ұжым болып іздестіру қажеттігіне кәміл сенімдімін. Осыған байланысты мен егес дәуірінен кейінгі проблемаларды талқылау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының арнаулы сессиясын немесе конференциясын шақыруды ұсынамын, өйткені, нақ Біріккен Ұлттар Ұйымының өзі халықаралық қоғамдастық ұйымшылдығының жаңа деңгейін баянды етуде шешуші рөл атқаруға тиіс. Сірә, Біріккен Ұлттар Ұйымының өзі де, Қауіпсіздік Кеңесінің құрамын қоса алғанда, белгілі бір қайта құрылуы тиіс сияқты.

Айтпай қоюға болмайтын үшінші жағдай ТМД-да болып жатқан процестерге қатысты.

Өткен жылдың соңында құрылған Достастықтың нәзік құрылымы әзірге Еуроазияның осы бөлігінің елдері мен халықтарының ғасырлар бойғы өзара іс-қимылының дәстүрлерін толық көлемде ескере алмай отыр. Нәтижесінде ТМД-дағы еркін нарық экономикасы мен демократияға

көшу процестері әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрақсыздықтың өршуімен, қалыптасқан қақтығыстардың шиеленісуімен және жаңаларының тууымен қосарланып келеді.

Қазақстан біртұтас еркін сауда аймағы шеңберінде жаңа сападағы ортақ кеден-экономикалық кеңістігін қалпына келтіру үшін барлық ықтимал күш-жігерді қолдануда.

Және, ақыр соңында, экология мен айналадағы ортаны қорғаудың өмірлік маңызды мәселелеріне тоқталғым келеді. Қазақстан үшін бұл проблемалар кем дегенде екі сөзге — Арал және Семей проблемасына келіп саяды.

Тартылып бара жатқан Арал теңізі — бұл шұғыл әрі көлемді халықаралық көмекті қажет ететін экологиялық апат аймағы. 150 миллион тонна тұзды шаң-тозанның ұшуымен қосарланып отырған оның бассейнінің шөлге айналуы экологияның күрт нашарлауына, 30 миллионнан астам халық тұратын ұланғайыр аймақтың экономикасы мен адам денсаулығына тигізетін теріс зардаптардың күшеюіне әкеліп соғады. Егер бүгінде бұл тек сол адамдар үшін қырсыққа айналып отырса, ертең, Біріккен Ұлттар Ұйымы шұғыл араласпаса, бұл талай-талай миллиондаған адамдардың қасіретіне айналуы мүмкін. Қазақстанда ЮНЕП басшылығының “Арал теңізін сақтау жөніндегі іс-қимылдар жоспарын жасауға жәрдемдесу” жобасын құру туралы шешімін, сондай-ақ Арал өңірін дүниежүзілік көлемдегі экологиялық апат аймағы деп жариялауды ұсынған халықаралық ұйым са-

рапшылары тобының қызметін ризашылық сезіммен қабылдады.

Біздің тағы бір экологиялық жарамыз — бұл Қазақстан жерінде біздің халықтың еркіне қарамастан салынған Семей ядролық полигоны. Осында әуеде, жерде және жер астында жарылған ядролық зарядтардың бүтіндей қуаты (ал олардан жарты миллионнан астам адам жапа шекті) Хиросима мен Нагасакидегі қасіреттің көзі болған қондырғылардың қуатынан жүздеген есе асып түседі.

Біздің үкіметтің шешімімен біз осы ажал көзін жаптық, бірақ осы аймақты сауықтыру, жапа шеккендерді емдеу, дүниеге келген сәбилерді қауіпсіздендіру үшін орасан зор қаржы керек. Осыларды негізге ала отырып, қазақстандықтар белсенді халықаралық жәрдемді қажет етеді.

Қазақ халқының. “Елу жылда — ел жана” деген мақалы бар, бұл дүние елу жылда жаңарып отырады дегенді білдіреді. Біріккен Ұлттар Ұйымы қызмет еткен алғашқы жарты ғасыр әскери блоктардың қарама-қарсы тұруымен шиеленісе түскен ұлы державалар егесінің көрінісіне толы болды. Қазір енді дүние жүзі қоғамдастығында тарихи мүмкіндік — Біріккен Ұлттар Ұйымы бар. Ол бейбітшілік пен прогресс жолында тиімді ынтымақтастық жасау органы.

Оны барынша толық пайдалану үшін біз қолдан келген барлық мүмкіндікті жасауымыз керек.

БАСТЫ БАЙЛЫҒЫМЫЗ – ХАЛЫҚТАР ДОСТЫҒЫ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ФОРУМЫНДА
13 ЖЕЛТОҚСАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Қазақстанда жүргізіліп жатқан өзгерістердің қажеттілігі мен тұрлаулылығын толық көлемінде сезінетін пікірлестердің осы залда жиналғанына сенімдімін. Мен үшін, республика Президенті үшін бұл өте маңызды. Өйткені біздің баршамыз, қай ұлттың өкілі болмайық, ортақ идеямен біріккенбіз, өзіміздің алдымызға шынында да орасан зор мақсаттар — дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқылы мүшесі болып табылатын жоғары халықаралық өлшемдерге сай тәуелсіз демократиялық мемлекет құру мақсаттарын қойып отырмыз. Жеке меншікті антогонистік тұрғыдан қабыл алмаудан қазір біз көп укладты шаруашылыққа көшіп жатырмыз. Өктемдік мемлекеттен — жеке адамның бостандығына көшудеміз. Бір партияның үстемдігінен саяси плюрализм мен ашық қоғамға өтудеміз. Тарихи дамуда шұғыл бетбұрыс жасаудың ауыр салмағы біздің үлесімізге тиіп отыр. Мұны көптеген халықтар мен мемлекеттер басынан өткізе қойған жоқ. Бұл үшін азаматтық ерлік пен ерік-жігер, біріккен әрі ұйымдасқан іс-қимыл, саяси тұрақтылық, жалпы ұлттық келісім қажет.

Егемендік туралы жариялаған кезімізден бері екі жылдан астам уақыт өтті. Міне, біз бір жыл бойы тәуелсіз мемлекет жағдайында өмір сүріп келеміз. Бұл ақиқат шындық және де өмір ағысын кері бұра алмайсың. Бірақ біз белгілеген нәрсенің

бәріне қол жеткізе алдық деп айта алмаймыз әрине.

Біздің басты игілігімізді — халықтар достығын қазақстандықтардың бірнеше ұрпақтары құрды. Сондықтан бүгін біздің тарихымыздағы көп нәрсені ой елегінен қайтадан өткізе отырып, біздің осы байлықты талан-таражға салуға, интернационализмнің ізгі дәстүрлерін ұмытуға құқымыз жоқ. Олар соңғы он жылдықтарда ғана емес және партияның нұсқауымен құрылған жоқ.

Тарихтың жазуымен, қазақтардың ежелгі жері әр түрлі себептермен — тарихи, саяси, әлеуметтік себептермен осында келген көптеген халықтардың өкілдерін ерте кезден қабылдай бастаған болатын.

Сонау Иван Грозный мен Бірінші Петр заманынан-ақ біздің өлкемізде қашқын адамдар пайда бола бастады. Кейіннен мұнда Ресейдің барлық түкпір-түкпірінен жер бөлісудің құрбандарына айналған шаруалар, империя шекараларын қорғауға шақырылған казактар қоныстана бастады. Өткен ғасырда ұйғырлар мен дүңгендер осында көптеп қоныс аударды. Столыпин реформалары орыс, украин, беларус, поляк қоныс аударушыларының едәуір толқынын туғызды. Дала әрқашанда саяси жер аударудың мекеніне айналды, ол халықтарды жаппай күштеп көшірудің сталиндік заманында бұрын-соңды болмаған қасіретті шегіне жетті. Өз еріктерінен тыс және оның үстіне қазақ халқының пікірін ескерместен, республикаға корейлер, Поволжье немістері, чешендер, ингуштер, месхеттік түріктер, өзге де ұлт өкілдері қоныс аударды. Және, ақыр соңында, “ұлы екпінді құрылыстар” мен тың жерлерді игеру кезеңінде Қазақстан орасан зор көші-қон тасқынының ас-

тында қалды. Халықтың табиғи көші-қоны қазірде де болып жатыр.

Бұрынғы Кеңес республикаларының ешқайсысы да осындай жойқын қоныс аудару процесін бастан өткермеген болар. Бұл әрине, тарихи оқиғалармен де, Қазақстанның геосаясаттық жағдайымен де байланысты болды. Қазақ ұлты, оның ақжарқындығы, қонақжайлылық пен тату көршіліктің сан ғасырлық дәстүрлері біздің жеріміздің оларды жатсынбай, қайта сан мыңдаған адамдар үшін туған үйіне айналуында тіпті басты рөл атқарған да болар. Бірлескен еңбекте, аға ұрпақтар өкілдерінің үлесіне тиген ауыртпалық пен жоқшылықты жеңу жолында, күнделікті тыныс-тіршілік пен мерекелерде республика халықтарының бірегей көп ұлтты қауымдастығы қалыптасып, оның қазіргі бейнесі жасалды.

Мен біздің ұлтаралық қатынастарымыздың өткені мен бүгінгісін тіпті де дәріптеп көрсету ниетінде емеспін.

Олардың дамуында өзінің ішкі психологиялық қиыншылықтары да, ұлт саясатының бұрмалануы да болды. Мұның бәрі із-түзсіз өтіп кете қойған жоқ. Сондықтан республикаға келіп жатқандардың жергілікті әдет-ғұрыптармен, дәстүрлермен, рухани өмірмен санаспаған тоталитарлық жүйенің “тетіктеріне” айналуы олардың кінәсі емес, қайта қасіреті еді.

Бұл қазақ халқы, оның мәдениеті мен тілі үшін нағыз қасірет болып шықты. Айтқандайын, мұндай құбылыстар басқа республикаларда да болып жатты және Кеңес Одағының ыдырауының бір себебі, сірә, осында жатқан болуы керек. Жүйенің шаңырағы тек оның саяси және экономикалық

дәрменсіздігінен емес, сонымен бірге халықтардың өздерінің күш-жігеріне сеніп, ұлттық мәдени және рухани игіліктерін, өздерінің ана тілін қайта түлету қажеттілігін сезіне білуінен де ортасына түссе керек.

Мұндай ұмтылыстан басқалардың құқына ұлттық нұқсан келтіруді ғана көру зор қателік болар еді. Бұл қалыпты кісілік жағдайға қайтып оралу. Сондықтан да мен республика халықтарының қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және интеллектілік тұрғыдан қолдау көрсететіндеріне шын көңілмен сенемін. Екінші жағынан, жаңа жағдайларда республиканың өзге халықтары да қалыптасудың күрделі процестерін басынан өткеріп отырғанын ескеру қажет. Мұның өзі қазақ ұлты тарапынан да дәл осындай түсіністікті талап етеді. Өзгелердің ұлттық қадір-қасиетін құрметтемей тұрып, өзінді құрметтеуге басқаны мәжбүр ете алмайсың.

Біз барлығымыз қарапайым тұрғындар ғана емес, Қазақстан Республикасының азаматтарымыз! Сондықтан адамға лайық өмір жолын таңдаған ұрпақтар алдында жауапкершілікті мойнына алған өз мемлекетіміз үшін мақтаныш сезіміне бөленіп, біртұтас отбасы сезімін сезінуге, қазір бүкіл дүние жүзі білетін республика Туын, Елтаңбасын, Гимнін ардақтап, құрметтеуге тиіспіз. Нақ қазақстандық мемлекеттік патриотизм республиканың, оны мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстардың қайта түлеуінің басты тірегіне айналуы мүмкін.

Қазақстан халқы республика басшылығының ұлттық келісім саясатын бекем және ақырына дейін жүргізетініне, заң негізінде берік тұрып,

қандай да болсын себептермен пайда болатын дұшпандық өртін тұтандыруға мүмкіндік бермейтініне сенімді бола алады.

Сіздерден, форумға қатысушылардан, мен осындай ынтызар адамдарды көріп отырмын. Бұл шараны өткізу идеясының өзі өте жемісті әрі көп үміт күттірерлік. Гәп мынада, Қазақстан бүгінде ТМД елдері үшін айтарлықтай сирек кездесетін артықшылыққа — саяси тұрақтылықтың біршама жоғары деңгейіне ие болып отыр. Дегенмен, біздің тоқмейілсуге хақымыз жоқ: егер қол қусырып қарап отырсақ, онда осы артықшылықтан айырылып қалуымыз да мүмкін. Сіздер көптеген облыстарда болдыңыздар, делегациялармен алмастыңыздар, адамдардың қалай тұрып жатқанын, не туралы ойлайтындарын, неге аландайтынын және неге сенетінін көріп, білдініздер. Ал оның бүкіл қоғамға үлкен пайда әкелетініне сенемін. Дегенмен, біз күн сайын адамның үнін, әрбір халықтың және әрбір ұлттың үнін ести аламыз ба? Өкінішке қарай, әрқашан бұлай емес. Сондықтан да мұндай форум тұрақты негізде жұмыс істей алатын сияқты. Оның Отанымыздың ұлттары мен ұлыстары арасындағы татулық пен келісімді сақтау және нығайту үшін көп іс тындыруға мүмкіндігі бар.

Меніңше, біздің форумның жұмысын жалғастырсақ қалай болар еді? Бүгінгі талқылаудың нәтижесінде біз жаңа қоғамдық институт — Қазақстан халықтарының келісім және бірігу ассамблеясын құра алар едік деп ойлаймын. Бұл Қазақстандағы ұлтаралық келісімді бүкілхалықтық нығайту міндетін шешетін саяси емес, үкіметтік емес ұйым болар еді.

Бүгінде адамдар бастан кешіріп отырған сезімдерді толығымен түсінемін және оған ортақтаспын. Мәселе мынада, халық саяси сөзуарлық пен мылжындықтан, саясаткерлер арасындағы қатынастарды анықтаудан, “отбасы”, “ата-ана”, “нан”, “жер” деп аталатын қарапайым да түсінікті шындықтарға біздің назар аудармауымыздан әлдеқашан мезі болды. Қазір әркім өзінің көп ұлттық мемлекеттегі жаңа жағдайына, өзінің орнына үйрену және ой елегінен өткізу процесін бастан өткізуде. Әркім өзінің, өз балаларының болашағы туралы ойланады, оқиғаның дамуына деген өз көзқарасы бар. Сондықтан да ұсынылып отырған ассамблея Қазақстанның барлық халықтарының мұраттары мен мүдделерін, мұң-мұқтаждары ауқымын көрсететін саясаттан тыс орган болар еді.

Мен осы ұсынысты енгізе отырып, оның түсіністік пен қолдау табатынына және ұзақ сонарға салынбай нақты жүзеге асатынына сенемін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЗ ЖОЛЫ, ӨЗ БОЛАШАҒЫ БАР

**РЕСПУБЛИКАНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА
15 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАДАН**

Қымбатты отандастар!

Бүгін біз екі жылдан астам уақыт бұрын өзінің егемендігі туралы мәлімдеген біздің мемлекетіміз — Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің жылдығын атап өтеміз. Артқа көз тастап, өткен уақытты ойша жаңғыртқанымда мен күрделі сезім

құшағында қаламын. Ол көптеген оқиғаларға толы болды. Ол өзіміздің есімізде, балаларымыз бен немерелеріміздің жадында сақталып қалары сөзсіз. Бұл біздің мемлекеттігіміздің негізі, ең маңызды іргетасы қаланған, жаңарған Қазақстанның Елтаңбасы, Туы мен Гимні дүниеге келген, планетамыздың көптеген елдері біздің тәуелсіздігімізді танып, бізді өзінің дүниежүзілік отбасына қабылдаған күндер болатын. Бұл кез-келген халық үшін бақытты, бұрын-соңды болмаған қуанышты оқиға.

Біз өз тарихымызды, мәдениетімізді шынайы қайта түлетуге кірістік. Өзіміздің ішкі және сыртқы саясатымызды дербес жүргізе бастап, өзіміз бұрын өмір сүріп келгендегіден мүлдем жаңа, біз үшін ашық қоғамның тұңғыш заңды негіздерін құрдық.

Осындай қуатты әлеуметтік, саяси, экономикалық жаңғыру бір мезгілде қандай тарихи кезеңде болып көрген! Халықтың ғасырлар бойғы жадында мұндай ештеңе болған жоқ қой деп ойлаймын. Осы қысқа уақыт аралығында біздің үлесімізге тиген шұғыл бетбұрыспен байланысты маңызды оқиғалар тығыз араласып кетті. Бірақ мен, барлық қиыншылықтарды жеңе отырып, біз беймәлім, күрделі жолдардың алғашқы ізашарлары болғанымыз үшін де тағдырға ризалығымызды білдіретінімізге сенемін.

Осы уақыт ішінде біз дүниежүзілік экономикалық жүйеге интеграциялану процесі қаншалықты қиын екенін ұғындық. Онда Қазақстан өзіне лайықты, тең құқықты және құрметті орын алғысы келеді. Біз өзімізге ерікті түрде жүктеген жауапкершілік жүгінің қаншалықты зор екенін сезіне

алдық. Қоғам бұрынғысынша әлеуметтік-экономикалық процестердің стихиялы дамуының қыспағында қалып отыр. Оны нарықтық экономиканы қалыптастырудың қазіргі кезеңінде ауыздықтау да қиын. Қанат жайған инфляция және онымен байланысты бағаның шарықтауы, табысты бірқалыпты бөлмеу және қылмыстың өсуі, ақыр соңында, ірі көлемді реформалар жүргізудегі көңіл құлазытатын, бірақ өкінішке қарай, сөзсіз болмай қоймайтын қателіктер — осының барлығы қоғамның көңіл-күйіне мүлдем теріс әсер етіп, бүкіл-қазақстандықтарға, жұмысшы немесе село еңбеккері, интеллигенция өкілі, зейнеткер, тіпті бала болсын, барлығына ауыртпалығын түсіріп отыр.

Біз өзімізден қайта жаңғыру жолына түсуге күш-жігер таба білгендіктен де бір орынды шиырлай бермей, қайта таңдап алған бағытта дәйекті түрде батыл қадамдар жасауымыз керек. Мен қанша күш-жігер жұмсасақ та әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы құру қажеттілігі туралы айтып тұрмын.

Өзінің әлеуметтік-саяси, ұлттық, экономикалық және басқа ерекшеліктерінен тұратын Қазақстанның өзгешелігі нарықтық қатынастар құруға деген өз тәсілін іздеуді талап ететіні сөзсіз. Алайда кезкелген ұлттық ерекшелік нарықтың басты, түпкілікті мәнін құрайтын оның негізгі принциптерін қалауынша өзгертуге мүлдем жол бермейді.

Әрине, ескі құрылымдар қиратылып жатқан кезде өтпелі кезеңнің шығындары болмай қоймайды.

Бірақ жағдайдан шығу халық шаруашылығын басқарудың келмеске кеткен әміршіл тәсілін жан-

дандырып, кейін шегінуде емес, қайта дәйекті әрі бұлжымас реформаторлық іс-қимылда жатыр.

Бүгінде түбегейлі экономикалық реформаның басты мақсаты — мемлекеттік меншікті жекешелендіру. Және де оны біз ешқандай тежеуге жол бермейміз. Біз өте маңызды іске — нарықтық экономиканың пайдасына халықты психологиялық жағынан икемдеуге қол жеткіздік. Сондықтан да жекешелендіру мәселесі саяси сипат алып, біздің қызметіміздегі маңызды бағытқа айналып келеді.

Үкімет таяудағы үш жылға жекешелендірудің талданған бағдарламасын жасады. Бұл жұмысқа Бүкіл дүниежүзілік банк, Еуропалық қайта құру және даму банкісі мен Халықаралық даму жөніндегі агенттік қатысты.

Өтіп бара жатқан жылдың есебіне жекешелендірудегі айқын ілгерілеу мен оның тұжырымдамасының дәлденуімен қатар, меншіктің жеке, акционерлік және басқа формаларына рұқсат ету, кәсіпкерлікті қорғауға бағытталған заң актілері, мақсаты кәсіпкерлікке қолдау көрсету болып табылатын құрылымдар құру, ақыр соңында, салық, қаржы-несие және банк жүйелерін реформалау сияқты нарықтық қатынастарды нығайту жөніндегі қадамдарды жатқызуға болады. Осы іс-әрекеттердің бәрі ниет білдірген әрбір адамның қажетті кәсіпкерлік бостандығын қамтамасыз етуге, қабілеті мол, еңбексүйгіш, тапқыр адам өзінін бар мүмкіншілігін толығымен көрсете білуіне бағытталған.

Биылғы ауылшаруашылық жылының қорытындылары бізге мемлекеттік экономикалық құрылыстың сан-салалы міндеттерін шешуде орасан зор демеу болды. Біздің диқандарымыздың дәнді

дақылдардан рекордты өнімге қол жеткізгені мәлім. Халықтың картопқа, көкөніске, жеміске деген қажеті қамтамасыз етілді. Жемшөптің жеткілікті қоры дайындалды. Майлы және техникалық дақылдар өндірісі екі есе дерлік өсті.

Егер егін орағына өткен жылдармен салыстырғанда механизаторлардың аз қатысқанын, комбайндар мен автокөлік құралдары санының едәуір қысқарғанын ескерсек, оның үстіне бұған отынмен және басқа да материалдық-техникалық ресурстармен қамтамасыз етудегі бұрын-соңды кездеспеген қиыншылықтарды қосатын болсақ, біздің село еңбеккерлеріміз іс жүзінде мүмкін емес нәрселерді жасады деп айтуға толық хақымыз бар. Бүгінде еңбектегі ерлік пен қаһармандық туралы марапат сөздер айту қалған тәрізді, бірақ мен республикамыздың егінжайында атқарылған жұмысты нақ осы сөздермен сипаттаған болар едім. Осынау салтанатты күні Қазақстан диқандарына мың да бір рахмет айтуға рұқсат етіңіздер.

Егер біз өзіміздің агроөнеркәсіптік кешеннің көптеген мұқтаждарын қаржыландырсақ, өте дұрыс істеген болар едік деп ойлаймын. Өткен кезеңдерде Қазақстанның әрбір миллиард пұт астығына байланысты “бүкілхалықтық сән-салтанат” дейтіннің қандай марапатталып келгені естеріңізде болар. Диқандардың құрметіне сылдыр мадақтау сөздер айтылып, наградалар жаңбырдай жауатын. Бірақ осы насихаттық дабыраның бәрі село еңбеккерлерін аярлықпен тонаудың бүркемесі ғана болатын. Өйткені Қазақстанның совхоздары мен колхоздарынан тіпті тұқымдық қор да бір түйіріне дейін сыпырып әкетілетін.

Бүгін таңда біз түскен валютаның және шетелдік несиелердің барынша көп мөлшерін нысаналы түрде ауылшаруашылық өндірісін жана технологиялармен жарақтандыруға жұмсау қамында жүрміз.

Қазір бірлескен кәсіпорындар негізінде жоғары технологиялы мәшинелер шығаруды ұйымдастыру үшін ірі шетел инвестицияларын тарту жұмысы жүргізілуде.

Егер біз, тапқан қаржыны республикалық немесе жергілікті деңгейдегі шенеуніктер емес, бұлар өздерінің пайдасына қандай дәлелдер келтірсе де, қайта тек өнімді шығарушының өзі иелік ететіндей істемесек, бізді ешқандай күрделі қаржы құтқара алмайтынына сенімдімін.

Осыған байланысты біз селода меншік формаларын сан алуан етуді, жан-тәнімен еркіндікке деген құлшынысын сақтаған, шаруа еңбегінің де, шаруаның төгілген терінің де шынайы бағасын білетін еңбеккерді еркін етуге ұмтылып отырмыз. Парламент пен үкімет қабылдаған жер реформасы, жекешелендіру, меншік, шаруа (фермер) қожалықтары, еркін бағалар, мемлекеттік тапсырыс туралы және т. б. заң актілерінің пакеті нақ осы мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған.

Селодағы жаңа тауар өндірушілер мен ұқсатушы, тамақ өнеркәсібі кәсіпорындары арасындағы байланыстарды нығайтудың арқасында тапшы азық-түлік тағамдарын, мысалы, қант, өсімдік майын, кондитер, спирт-арақ, сыра-алкогольсіз ішімдік және темекі бұйымдарын өндірудің құлдырауының алдын алып қоймай, сондай-ақ бірқатар жағдайда үдете де алдық.

Біздің экономиканы реформалаудағы кейбір өзгерістер мен қазіргі проблемалар туралы айта отырып, тауар өндіру потенциалын өсіру қажеттігі туралы да айту керек. Белсенді, мақсатты құрылымдық саясат жүргізген жөн. Ол, нарықтық қатынастардың дамуына бөгет жасамай, сонымен бірге экономиканы қайта жаңғыртуға басқарылатын сипат берер еді. Басқаша айтқанда, әңгіме мемлекеттік реттеу туралы болып отыр. Ол біздің нарыққа қарай қадамымыздың барлық кезеңінде бұдан былай белсенді қолданылатын болады.

Меніңше, көп кешіктірмей тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған қаржы-экономикалық сипаттағы бірқатар маңызды акциялар жүргізу керек. Әңгіме несие саясатындағы өзгерістер, өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы өндірісін реттеу жүйесін өзгерту, салық саясатын жетілдіру, тікелей шетел инвестицияларын тарту үшін қолайлы жағдай жасау туралы болып отыр.

Экономикада болып жатқан күрделі процестер, өндірістің жеткіліксіз қайтарымы әлеуметтік сала деп дәстүрлі аталатын салалардың күйіне ауыр әсер етуде. Биылғы жылы елеулі қаржы қиындықтарына қарамастан, білім берудің мемлекеттік мекемелері жүйесін сақтап қалдық. Нарықтық экономика мамандарын дайындау жөніндегі факультеттер ашылды, жаңа жоғары оқу орындары, техникумдар, колледждер ұйымдастырылды. Жоғары оқу орындарына, білім берудің мемлекеттік емес мекемелеріне айтарлықтай бос-тандық беретін “Білім беру туралы” Заң қабылданды. Дәстүрден тыс түрдегі оқу орындары шындыққа айналды. Қазақ мектептері, балалар

бақшалары мен мектептен тыс мекемелер жүйесі айтарлықтай кеңіді. Өзбек, тәжік, ұйғыр, неміс мектептері жұмыс істей бастады.

Халықаралық ынтымақтастық шеңберінде бірнеше мың жігіт пен қыз басқа елдердің университеттерінде оқуда, халық шаруашылығының мамандары АҚШ-та, Түркияда, Оңтүстік Кореяда, Францияда, ГФР-да тәжірибеден өтуде. Қазақ-түрік және Қазақ-египет университеттерін құру туралы келісімге қол жетті. Павлодар технологиялық университетінің негізінде Қазақ-неміс академиясы құрылды.

Дегенмен бұл саладағы жағдай бұрынғысынша күрделі қалпында қалып отыр. Өз еңбектерінің ұйымдастырылуына, материалдық және әлеуметтік-тұрмыстық қамтамасыз етілуінің жетілмегендігіне қанағаттанбаған білім беру және ғылым қызметкерлері өз жұмыс орындарын тастап кетуде. Кез-келген қоғам үшін бұл күйреу қаупін туғызады. Бұл процесті тоқтату үшін, біз білім берудің жалпы мемлекеттік жүйесін құрудың негізгі принциптерін жедел анықтауымыз қажет.

Олар базалық деңгейде тегін білім беруге кепілдікті, білім берудің мемлекеттік емес мекемелерін дамытуды, білім беруді қаржыландырудың жаңа үлгілеріне көшуді, оқытушылар мен үлгеруші студенттерді әлеуметтік қорғау мен ынталандыруды қамтуы тиіс.

Рынокқа көшу жағдайында айрықша назар объектісі денсаулық сақтау мен халықты әлеуметтік қорғау саласы болып табылады. Іс жүзінде бір жыл ішінде денсаулық сақтау реформасының жаңа заңдылық негізі құрылды. Медициналық құралдар, аспаптар мен жабдықтар шығарудың республика-

лық бағдарламасы бекітілді және Қазақстанның өндірістік, соның ішінде қорғаныс кешенінің кәсіпорындарында медициналық техника шығару басталды.

Балалы отбасыларын қолдау мақсатында бірқатар заңдар мен нормативтік актілер қабылданды.

Көп балалы аналарды әлеуметтік қорғау туралы Президент жарлығы қабылданды.

Республикада, бүкіл дүние жүзіндегі сияқты, қарт адамдар саны көбеюде.

Мүгедектерді әлеуметтік қорғау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру басталды. Онда олар үшін қажетті әлеуметтік-экономикалық, құқықтық, ұйымдық жағдай жасауға айрықша назар аударылып отыр.

Сонымен бірге медициналық қызмет көрсету жүйесі мен әлеуметтік қорғау механизмдерін түбегейлі өзгерту қажет. Бұл саладағы реформаның басты бағыттары мына төмендегі арнаға келіп саяды.

Біріншіден, халық кешілдікті ең төменгі медициналық көмек алатын бюджеттік-сақтандыру медицинасына көшу, ал оның шеңберінен шығатын қызметтер үшін ақыны азаматтар өздерінің медициналық сақтандыру есебінен төлейтін болады. Бұл дүние жүзінде жалпы қабылданған жүйе және оның неғұрлым тиімді екені сөзсіз.

Екіншіден, адамның еңбекпен қосқан үлесіне баға беруде және соның салдары ретінде, оны зейнетақымен қамсыздандыруда теңгермешілік принципін жоюға ұмтылады.

Үшіншіден, болашақ зейнеткерлердің ерікті сақтандыруға негізделген жаңа зейнетақы жүйесін құруға ұмтылады. Жаңа экономикалық бағдарла-

мада ауқатсыз азаматтарға адресі қолдау көрсету көзделуде.

Қоғамдық-саяси, әлеуметтік және экономикалық өмірдегі күрделі процестер туғызған проблемалар мен қиыншылықтар біздің әлі де болса жетіліп болмаған қоғамымызда көптеген өңездің бетін ашты. Оған ең алдымен қылмыстың көбеюі жатады.

Ұрлық, тонау, қарақшылық саны өсуде. Қылмыстың ұйымдасқан түрлері, әсіресе, экономика және қаржы-несие жүйесі саласында ерекше белең алуда. Министрліктердің, ведомстволардың, кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың жекелеген басшылары, жергілікті әкімдер осы бір маңызды істен бойларын аулақ салып, мұнымен тек ішкі істер және ұлттық қауіпсіздік органдары айналысуға тиіс деп есептеуде. Нақ осыған байланысты мен лауазымды адамдардың республикадағы тәртіп, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздіктің жай-күйі үшін жауапкершілігін арттыру мәселелеріне арнайы арналған қаулы қабылдадым. Құқық қорғау органдары, қаржы бақылау органдары жергілікті жерлердегі атқарушылық тәртіпті мүқият тексеруде, заңдардың, басқа да нормативті актілердің бұзылуына ықпал ететін себептер анықталуда. Мемлекет қаржысы мен ресурстарын талан-таражға салушы, өзінің қара басының мүддесі үшін қызмет бабын теріс пайдаланушы басшыларға ең қатаң шаралар қолданылатын болады.

Біз көшелерде және қоғамдық орындарда, ақыр соңында, тәртіп орнату үшін ең батыл іс-қимылдар қолданамыз. Біздің қатаң әдістер қолдануымызға азаматтар түсіністікпен қарайды

деп ойлаймын, өйткені қылмыстың етек алуы алдында бұдан былай шегінерлік жер жоқ.

Қымбатты достар!

Меніңше, біздің көпұлтты республикамыздың өмірінде үлкен оқиға — Қазақстан халықтарының форумы болды. Бұл шараның маңыздылығы, ең алдымен, оның ұлтаралық келісімді, азаматтық тыныштықты, біздің рухани бірлігімізді сақтап, нығайту жолдары туралы жемісті әңгіменің өрбуінде. Бүгінгі, көңілді кірбің шалған заманда, форум өтпелі кезеңдегі қиыншылықтарды қаймықпай жеңеміз деген оптимизмге бөлеп, сенімділік ұялатқан оқиғаға айналды. Мүдделілікпен пікір алысу, форумға қатысушылармен әңгімелер мемлекеттің ұлттық саясатының бұдан былай да Қазақстанда тамыры ғасырларға тартылған достықпен туысқандық дәстүрлеріне негізделе береді деген сенімді нығайта түсті. Біздің осынау баға жетпес игілігімізді көптеген ұрпақтар жасаған, сондықтан да оны жоғалтуға біздің құқымыз жоқ.

Бізде еске аларлық және мақтануға тұрарлық нәрселер бар. Біз өткен соғысты, ортақ үлкен жеңісімізді ұмыта аламыз ба! Қазақстан жерінде қалалар мен зауыттар тұрғызып, астық өсірген ондаған ұлттар өкілдерінің бірлескен орасан зор еңбегінің нәтижелерін сызып тастауға болар ма? Мен өткен мен бүгіннен, интернационализм ұғымы қастерлі болған, туған республиканың, оның халқының гүлденуі үшін өздерінің бар жан жылуын, бар күш-қайратын берген және беріп келе жатқан өткен кездегі де, қазіргі де көптеген жерлестеріміздің есімдерін атай аламын.

Мен кеше форумда Президенттің Бейбітшілікпен рухани татулық сыйлығын алғашқы үш лауре-

атқа — академик Мехлис Сүлейменовке, Қазақстанның халық жазушысы Дмитрий Снегинге және жазушы Герольд Бельгерге зор қанағат сезімімен тапсырдым. Олардың республика алдындағы еңбектегі және шығармашылық зор табысы кең танымал, олар туралы тағы да айтып жатпай-ақ қояйын. Нақ осындай адамдардың арқасында, ал олар республикада басым көпшілік екеніне мен сенімдімін, біз ұлттаралық татулықты сақтап тұрмыз, жерді тіреп тұрған да нақ солар.

Бір шаңырақ астында тату-тәтті тұрып, қуанышы мен қайғы-қасіретін тең бөлісіп отырған адамдардың өзара сезімі мен бір-біріне деген ынтымағы ешқашан үзілмейтініне сенімдімін. Мен, сан мыңдаған ұлты әртүрлі біздің отандастарымыздың отбасында бастары біріккені туралы айтпай-ақ та қояйын. Мұның барлығы — біздің өміріміздің шынайы көрінісі, нақты, өмірлік интернационализм.

Мен форумға Қазақстан халықтарының татулық пен бірлік ассамблеясын құруды ұсынғанда, ең алдымен, осы адамдардың қам-қарекеттері мен арман-мүдделерін ойлаған едім. Біздің Одақ ыдырағаннан кейін туған принципті жаңа жағдайда тұрып жатқанымызды ұмытпау керек. Ірі держава ыдырап, әдетке айналған қатынастар мен байланыстар қираған жағдайда адам өзін қолайсыз сезінбесе оғаш болар еді. Әркім өз отбасының, балаларының болашағы туралы, қоғамдағы өз орны туралы ойға қалады. Сондықтан, әрине, қай ұлтқа қарайтынына қарамастан әрбір адамның айтары бар. Біз осы дауысты естіп, қандай да болмасын халықты не алаңдататынын білуге тиіспіз. Ассамблея мемлекеттік емес, саяси орын емес, ұлттар мен ұлыстардың

рухани біріктіруші ұмтылысын білдіруші моральдық орын бола алар еді.

Біршама тұрақтылыққа қарамастан бізде ұлт саясаты мәселесінде проблема жоқ, барлығы да жап-жақсы әрі дін-аман деп айтуға әлі ерте. Едәуір дәрежеде бұл өткен он жылдықтарда жол берілген бұрмалауларға, демографиялық процестерге, халықтардың өзара арақатынасы проблемасына салауатты да қырағы көзқарастың болмауымен түсіндіріледі.

Қоныстану мәселесін алайық. Ол жүздеген жыл бұрын басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасып жатыр. Қай халықтың және кімнің ырқымен Қазақстанға келіп қалғанын бүгінде қайталап жатудың қажеті жоқ. Тек бір ғана кезең — миграция процестерінің ықпалымен қоныстанушылардың өздерінің, сондай-ақ байырғы халықтың да психологиялық және әлеуметтік көңіл-күйінің өзгергеніне тоқталайын. Мұнда миллиондаған адамдар келді: біреулер жақсы тұрмыс іздеп келсе, екінші біреулер айдалып келді, ал тағы біреулері “комсомол жүрегінің қалауымен” келді. Осы аталғандардың бәрі де негізінен Қазақстанда уақытша болуға үміт артты деп айтсам қателеспеспін. Көбі кейін шынында да кері қайтты. Бірақ өмір өз дегенін істеді: жап-жақсы жалақы, аз болса да, бірақ өмір сүріп, жұмыс істеу үшін қолайлы жағдай, жергілікті тұрғындармен қатынастың жақсылығы арқасында адамдар осы жерде қоныстанып қалды.

Алайда ашығын айтайық, олардың байырғы халықпен арасындағы қатынасы бірмәнді қалыптасқан жоқ. Қоныстанушылар да, байырғы халық та, әрине өз кінәсінен емес, сол кездегі жүйе белгілеген оқшау ұяларда қала берді. Сондықтан

тек ол қирағаннан кейін ғана жағдай түзеле бастады. Алайда, бұл процесс жанға батырлық, тапталуларды қиратумен байланысты болып шықты. Сондықтан мұны бүгінде барлық халықтар жете ұғынуы тиіс.

Ең алдымен қазақ халқының жүздеген жылдар ішінде тұңғыш рет мемлекеттілігін орнатуға, толыққанды дамуға, өзінің ізгі дәстүрлерін, мәдениеті мен тілін қайта түлетуге мүмкіндік алғанын түсіну керек. Бұл табиғи ұмтылыс және оны барлық халықтардың оң қабылдайтынына сенімдімін.

Сондай-ақ барлық басқа халықтардың тоталитаризм дәуірінен кейін қайта жаңару, кемкетіктерден және стереотиптерден құтылатын күрделі кезеңнен өтетіндігін түсінуі тиіс. Рухани келісім, кәдімгі адамдық бірін-бірі түсінушілік — міне, біздің барлығымыздан қазір талап етілетін ең бастысы осы болар.

Мен айтқан мәселелердің біз үшін принципті маңызы бар.

Бүгінде біздің халықаралық аренадағы іс-қимылымызға көп нәрсе қатысты. Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастыққа кіру процесін белсенді түрде жалғастыруда. Бұл, сөзсіз, қиын да көпшілігінде біз үшін жана іс. Меніңше, түбегейлі ұлттық-мемлекеттік мүддеге сәйкес келетін өзіміздің сыртқы саяси жүйемізді айтарлықтай қысқа мерзім ішінде жасауға қол жеткендігі ең маңыздысы болып табылады. Екінші жағынан, біздің сыртқы саясатымыздың бойында оны әлемдік қоғамдастықтың қолдауын қамтамасыз ететін жалпыадамзаттық қуат бар. Мұның жарқын дәлелі Қазақстан Республикасының Біріккен

Ұлттар Ұйымына кіруі болып отыр. Біз БҰҰ-ны бейбітшілікті қамтамасыз етудің маңызды құралы деп білеміз және осы бір құрметті де беделді халықаралық ұйымның тиімді қызметін жан-жақты нығайтуға барынша қолдау көрсетеміз.

Қазақстан Халықаралық қайта құру және даму банкіне, Халықаралық валюта қорына кірді, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қатысады, басқа да халықаралық ұйымдармен байланыс орнатты.

Қытайға, АҚШ-қа, ГФР-ге, Францияға, Ұлыбританияға, Иранға, Түркияға, Пәкстанға, Үндістанға мемлекеттік сапарлар жасалды. Олар саяси байланыстарды жоғары деңгейде бекітті, өзара тиімді ынтымақтастыққа негіз қалауға көмектесті.

Біздің мемлекетпен ауқымды екі жақты байланыстарды дамытуға және Қазақстанда сенімді серіктес табуға Батыс Еуропа елдерінің ұмтылып отырғанын атап өткім келеді. Бұған республиканың демократияландыруға, экономиканы нарықтық реформалауға алған бағыты, республикаға Еуропа мен Азия арасындағы байланыстырушы буын мүмкіндігін беретін геосаяси жағдайы көмектесті.

Біздің сыртқы саяси проблемаларымыз барған сайын мазмұнды бола түсуде. Біз оларды алдағы уақытта да Қазақстанның ұлттық мүддесіне жауап беретін жағдайда одан әрі жан-жақты дамытуға жақтаймыз.

Шығыстағы ұлы көршімізбен сауда-экономикалық ынтымақтастықта айтарлықтай прогресті қамтамасыз еткен Қытай Халық Республикасымен белсенді саяси диалог жүргізілуде. Бізді тарихымыз бен мәдениетіміздің ортақтығы байланыстыра-

тын Түркиямен достық пен ынтымақ үнемі бекіп келеді. Араб мемлекеттерімен қатынастар жолға қойылуда.

Біздің сыртқы саяси проблемаларға мемлекеттік көзқарасымыз халықаралық тұрақтылыққа деген терең мүдделілікпен анықталады. Біз барлық елдермен қатынастардың тепе-теңдік дамуын жақтаймыз және жекелеген этностық қауымдастықтар мен саяси одақтарға қарай бұра тартпақ емеспіз.

Біздің сыртқы саясатымыз үшін ел қауіпсіздігін қамтамасыз еткеннен және қазақстандықтардың бейбіт өмірін қорғаудан артық маңызды міндет жоқ. Мұндағы ең маңызды мәселе — біздің Ресеймен қатынасамыз. Біз онымен Достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы ұзақ мерзімді шарт жасастық. Алайда тиімді ұжымдық қауіпсіздік жүйесінен тыс жағдайда аймақтағы нақты қауіпсіздік туралы айту мүмкін емес шығар. Осыны басшылыққа ала отырып, біз Азиядағы сенім мен ынтымақтастықты нығайтуға, Азия қауіпсіздігі механизмдерін құруға бағытталған шараларды қолдаймыз.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясындағы сөзімде Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру және оның қызметінің кезең-кезеңді қамтитын перспективасы осы қызметті одан әрі дамытумен қатар баяндалған болатын.

Республиканың аймақтық проблемалар бойынша айқындамасы кез-келген даулы мәселе бойынша реттеудің сенімді және барлығына қолайлы формуласы жасалуы тиіс екендігіне сүйенеді. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымының және басқа аймақтың

халықаралық институттарының бітімшілік потенциалын күшейтуді сөзсіз қажет деп есептейміз.

Республика төңірегіндегі әскери-саяси жағдайды бағалап, әскери қауіп көлемі мен сипатын болжай отырып, біз қол жеткізілген стратегиялық шабуыл қаруын қысқарту туралы келісімді қабыл аламыз, жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салуға бағытталған инициативаларды қолдаймыз. Бұл мәселе бойынша біз Ресеймен, Украинамен, Беларусьпен келісілген бағыт жүргіземіз және әскери құрылысты принципінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына мүшелермен бірлесіп жүргізу қажет деп есептейміз. Міне сондықтан біз тиісті Шартқа қол қоюға бардық. Біртұтас қорғаныс кеңістігі арқылы біріккен мемлекеттердің күш-жігерін келісу үшін қадамдар жасаудамыз. Біздің әскери доктрина Қазақстан Республикасының территориялық тұтастығы мен тәуелсіздігін қарулы қорғау үшін қажет нәрсенің барлығымен жарақталған шағын, икемді армияның болуын көздейді.

Біздің сыртқы саясатымыздағы басымдықтардың арасында — ашық теңізге бөгетсіз шығуды қамтамасыз ету, Тынық мұхиттан бастап Қытай, біздің территория, Орта Азия, Иран мен Түркия арқылы транссуразия темір жол транзитін ұйымдастыру бар. Мемлекеттік делегацияның Иранға соңғы сапары Каспий теңізін Қазақстанды Солтүстік Иранмен және Парсы шығанағымен байланыстыратын көлік артериясына айналдыру туралы уағдаластықпен аяқталды. Осы жоспарларды жүзеге асыруда біз халықаралық экономикалық ұйымдармен ынтымақтастық жасауға үміт

артамыз. Сондай-ақ дүние жүзінің көптеген мемлекеттерімен әуе қатынасы да дамиды.

Біздің сыртқы саясатымызда ескерілетін тағы бір жәйт — "ислам факторы". Біз оған реалистік тұрғыдан қараймыз және халықтың ислам мәдениетінің рухани негіздеріне деген ұмтылысын, исламның қазіргі заманғы халықаралық қатынастардағы маңызын ескереміз. Ислам дүниесі зор ресурстарға ие, сондықтан мұны назарға алмауға болмайды. Сонымен бірге біздің елімізде діни фундаментализмді күшейту туралы әңгіме жүргізу үшін бізде қандай да болсын негіз жоқ. Біздің сыртқы саясатымыздың басым бағыттарының бірі — Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының елдерімен өзара қатынас. Бұл қатынас оңай дамып жатқан жоқ. Бұл туралы менің талай рет айтуыма тура келді. Бірақ біз, өзара іс-қимыл мен ынтымақтастық қайтсе де, кеңінен қанат жайып, нығаюы үшін барлық күш-жігерді жұмсаймыз. Өздеріңіз білесіздер, Қазақстан сындарлы ұсыныстар жасамаған мемлекет басшыларының немесе үкімет басшыларының іс жүзінде бірде-бір кездесуі болған емес.

Алайда, олар әрқашанда да түсіністікке ие бола бермейді, ал кейде дәлелсіз күмән тудырады. Тұрасын айтқым келеді: біздің ұсыныстарымыздың екі жақты сипаты жоқ, біз дүниежүзілік экономикалық қоғамдастықта қалыптасқан мінез-құлық ережелерін сақтауға тырысамыз. Қазақстан бұрынғы тиімсіз шаруашылық байланыстарды сақтауға шақырмайды, дегенмен, әзірге жаңа, барынша тиімді байланыстар табылғанға дейін қазіргі бар оң және өзара қолайлылардың барлығын бұзуды да жақтамайды. Біз сондай-ақ экономикалық

бірігу мәселесін саяси мемлекетаралық құрылыс проблемаларынан нақты бөліп қараймыз.

Біз қаншалықты қаламасақ та, еңбекті мемлекетаралық бөлу, сауда рыноктарындағы бәсекелестік және тағы сол сияқты дүниежүзілік шаруашылық принциптері объективті өмір сүреді. ТМД мемлекеттерінің жеке алғанда әрқайсысының бүгінде шикізат пен қару-жарақтан басқа, толық өзіне жетерлік экономикасы, әлемдік рынокта бәсекелес бола алатын өнімдердің мол тізбесі жоқ. Сондықтан да мемлекетаралық кооперацияны сақтап, дамытудың қажеттілігі мен мүмкіндігі, ортақ кеден-экономикалық кеңістік объективті түрде өмір сүреді. Тек осы жағдайда ғана біз едәуір дәрежеде отандық өнімдердің дүниежүзілік рынокта бәсекелес бола алмайтындығынан сөзсіз туындайтын шығындарды өтей аламыз, жұмыс орнымен, еңбекпен және миллиондаған адамдарды табыспен қамтамасыз етеміз.

Бір сөзбен айтқанда, қиындықтарға қарамастан ТМД мемлекеттеріне қатысты өз идеяларымызды біз табанды түрде жүргізетін боламыз. Олар тиісті өзара тиімді институттық жүйелер құру арқылы толығымен жүзеге асуы мүмкін.

Қымбатты отандастар!

Өткен кезең қиын да жемісті жұмыспен өтті. Біздің әрқайсымыздың сайып келгенде оның тиісті жемісін беретіндігіне, Қазақстанды гүлденген және лайықты, бақытты өмірдің өркениетті жолына шығаратынына сенетіндігімізді айтсам қателеспеспін. Бұл сөзсіз іске асады. Дегенмен алда тұрған істердің көлемі аса ұлан-ғайыр, адам айтқысыз қиындықты жеңу үшін көп уақыт қажет.

Шындықтың көзіне тура қарасақ, әзірге біздің

қоғамымыз өткеннің ескі дағыдысымен өмір сүріп жатқандығын мойындауымыз керек. Бәрі бірдей, Қазақстан Республикасы — өзінің заңы, өзінің жолы, өзінің болашағы бар мемлекет екендігі фактісін түбегейлі танып, білген жоқ. Сондықтан да біз, өзіміз, бірлесе отырып, республикада тұратын барлық адамдардың игілігі үшін қандай күрделі болса да өзіміздің барлық проблемаларымызды шешуге тиіспіз. Біз үшін ешкім де Қазақстанды жаңғыртпайды, ол үшін дүниежүзілік қоғамдастықтан орын әпермейді, біздің тұрмысымыздың деңгейін көтермейді.

Сондықтан да мен сіздерді қажырлы еңбекке, шыдамдылық пен ұлттық келісімге шақырамын, өйткені, тек осы үш фактор ғана халық үшін алға қойған мақсаттарға жетудің берік кепілі бола алады.

Мерекелеріңіз құтты болсын, қымбатты қазақстандықтар!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕГЕМЕНДІ МЕМЛЕКЕТ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ*

1. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАМУЫНЫҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ МЕН КОНЦЕПТУАЛЬДЫҚ ҮЛГІСІ

Бұрынғы Кеңес Одағының бет-бейнесін түбегейлі өзгерткен оқиғалар тарих еншісіне айналды.

Қоғамдық организм, онда орын алған саяси және экономикалық қатынастар өзгеру үстінде.

* Қысқартылып алынды.

Қоғам мен экономика барған сайын ашық сипатқа ие болуда. Демократияның дамуы, меншіктік қатынастарды реформалау және толыққанды жүйелі нарыққа қадам жасау экономиканы дағдарыстан шығарудың баламасыз құралы ретінде танылды, ұлттық мемлекеттіктің қалыптасуы үшін қолайлы жағдай жасауда.

Осы бағытпен жүре отырып біз қалыптасқан шындықты байсалды бағалап, қандай да болмасын әсіре құлшыныстан бас тартып, сабырлы және салмақты практицизммен қарулануға тиіспіз. Және де бастысы — барлық қоғамдық қайта құруды біздің санамыздағы және қылықтарымыздағы бұрынғы тоталитарлық режимнің сарқыншақтарын міндетті түрде ескере отырып, ал олардан біздің қанша қаласақ та тез арылуымыз мүмкін емес, халықтың қалыптасқан психологиясы мен дәстүріне сәйкес жүзеге асыру қажет.

Қазақстанды біз үшін басқа ешкім де өзгертпейтінін, дүние жүзі қауымдастығында оған лайықты орын алып бермейтінін, біздің өміріміздің стандартын жоғары көтермейтінін түсіну маңызды.

Бүгінде біз алдымызға қандай стратегиялық мақсаттар қойып отырмыз? Саясат саласында олар мынаған келіп саяды:

— жас егеменді мемлекеттің күшті президенттік республика құру бағытында дамуы.

Ұлт мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайды. Мәселенің қатаң диалектикасы осындай. Сондықтан қай ұлтқа жататынына қарамастан барлығы үшін мүмкіндіктер теңдігі мен барлығының заң алдында тең принципін жүзеге асырушы біздің мемлекетте тұрғылықты ұлт — қазақтардың — мүддесі жекелеген жағдайда бірқатар мемлекеттерде

орын алып отырғанындай, ерекше бөліп айтылатыны да әбден орынды. Бұл ұлттық мәдениет пен тілді түлетуге, қазақ диаспорасымен рухани-мәдени және басқадай байланыстарды қалпына келтіруге, Қазақстанды тастап кетуге мәжбүр болған адамдардың өз Отанына қайтып оралуына қандай да болмасын алғышарт жасауға қатысты.

Орталықтың қайта құруға дейінгі державалық саясаты қазақ ұлтын апат және жойылып кету шегіне қойып, ондаған жылдар бойы мәдениетінен айыру және ұлтсыздандырудың мақсатты процесі жүргізілді;

— демократиялық өзгерістерді тереңдететін және көп ұлтты қоғамды топтастыруға жағдай туғызатын жаңа саяси қайраткерлер мен лидерлер ұсынатын көп партиялы жүйе құру;

— басты саяси мақсат ретінде, әсіресе өтпелі кезеңде экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде тұрақтылықты қамтамасыз ету;

— геосаяси тұрғыдан өзін айқындауды ескере отырып, Қазақстанның қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін көп жақты және әртүрлі нұсқадағы әскери-саяси және экономикалық балансты сақтау;

— демократиялық бостандықтар мен адам құқығын сақтау есебінен дүние жүзі қоғамдас­тығында Қазақстанның саяси салмағын арттыру, дүние жүзі экономикасында өзіндік және қомақты орнын табу;

— дүние жүзі шаруашылық байланыстарына ену технологиясында Қазақстанның тиімді геосаяси жағдайын пайдалану.

Еуропа мен Азия арасындағы аралыққа орна-

ласқан, осында көптеген көне тайпалар мен олардың ұрпақтары ежелден тұрып келе жатқан Қазақстан территориясы қызу сауда және саяси байланыстардың сахнасы болды. Сондықтан Қазақстан бүгінде Еуропа, бұрынғы КСРО-ның Орта Азия бөлігі, жедел дамушы Азия және Тынық мұхит аймағы мен Азия материгінің оңтүстігі арасында байланыстырушы буынның стратегиялық маңызды рөлін атқара алады.

Экономика саласында:

— меншіктің негізгі түрлерін (жекеменшік пен мемлекеттік меншік) үйлестіре және өзара іс-қимыл жасай отырып бәсекелестік бастамаға негізделген әлеуметтік нарықтық экономика құру, ал олардың әрқайсысы экономикалық және әлеуметтік өзара байланыстың жалпы жүйесінде өз міндетін атқаратын болады;

— адамның экономикалық тұрғыдан өзін айқындау принципін іске асыру үшін құқықтық және басқа жағдайлар жасалады.

Мемлекеттік меншіктің үлесі ұдайы азая түседі және болашақта, сірә, 30—40 процент шеңберінде белгіленетін болар. Бұл, біздің экономиканың өзегін республиканың ерекше меншігін құрайтын жер қойнауының байлығына негізделген саласы құрайтынына байланысты.

Әлеуметтік нарықтық шаруашылыққа қадамымыздың барлық кезеңінде мемлекеттік реттеу элементтері белсенді пайдаланылатын болады.

Қазақстан үкіметінің экономикаға, оның түбегейлі құрылымдарын қалыптастыруға ықпалы бұрынғыдан да гөрі экономикалық сипат алатын болады, ол қабылдайтын шешімдер нарық серпіндеріне негізделіп, ақша айналымын реттеуге,

салықтар, баж салығы және бюджет саласындағы саясатқа, валюталық курс пен банк процентіне байланысты болады.

Экономика дағдарыстан шыққаннан кейін немесе тұрақтанған соң ұлттық валютаны енгізу және оның ішкі, ал енді одан кейін сыртқы өтімділігін қамтамасыз ету мәселесі қойылмақшы.

Республика экономиканың тұрақтануын күтпей-ақ ұлттық валютасын енгізуге қарай қадам жасауға мәжбүр болды. Сондай-ақ банк жүйесін жанғырту, құнды қағаздар рыногын жасап және оны реттеу де қажет болады;

— Қазақстанның табиғи ресурстарының негізінде дүние жүзілік тауар рыногында өзінің нақты айқындамасын жеңіп алу немесе басқа елдермен оны бөлісу және ұқсатушы әрі ғылымды көп қажет ететін салаларды жеделдете дамыту, қазіргі шетелдік техника мен технологияларды қатыстыра отырып экспорттық және импорттық өндірістердің орнын алмастыратын өндірістер есебінен оның экономикасын қайта құру;

— тұтыну рыногын толықтыру. Мұның өзі еңбекке ынталандырудың Қазақстандағы әрбір отбасы тұрмысының ахуалын жақсартудың әрі әлеуметтік тұрақтылықты жасаудың басты жолы болып табылады. Тұтыну тауарларының шын мәнінде молшылығы болмайынша, еңбекке деген құлшыныс шын мәнінде зор болмақ емес. Онсыз инфляция мен бюджет тапшылығын да жоюға болмайды;

— Қазақстанды дамыту үшін шетел инвестицияларын тарту және тиімді пайдалану.

Нарыққа көшуді жүзеге асыра отырып, сонымен бір мезгілде біз экономиканы құрылымдық

жағынан қайта құруды әрі қорғаныс кәсіпорында-рын конверсиялауды жүргізуге тиіспіз, техникалық және технологиялық артта қалушылығымызды жойып, экологиялық жағынан таза өндірісі бар жоғары индустриялы елге айналуымыз қажет. Республиканың халықаралық экономикалық және қаржы органдарына белсене қатысуының, шетел банкілері жүйесін ашуының маңызы зор.

Сонымен бірге Қазақстан потенциалының молдығы сондай, ол көз жетерлік болашақта республиканы өзінің капиталын басқа елдердің экономикасына жұмсай алатын мемлекетке айналдыруға болады деген нақты болжам жасауға болады.

Әлеуметтік даму саласында:

— іс жүзінде бәрінің игілігін қамтамасыз ететін қоғам орнату;

— кез келген басқа бір салада күш жұмсауға ниет білдірген әрбір адамға кәсіпкерлік еркіндік пен мүмкіндік туғызу;

Біз өз тәжірибемізде көзіміз жеткеніндей, теңгермешілдік, экономикалық еркіндіктің болмауы адамның белсенділігін жояды. Мұның өзі қоғам үшін серпінділікті жоғалтуға әкеліп соғып, әлеуметтік масылдықты туғызады;

— этностық өзіндік өзгешелікті дамыту және Қазақстанның ұлттық-мәдени алуан түрлілігін сақтау, соның негізінде қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты аймақ ретінде оның әлемдегі беделін арттыру;

— экономиканың өсуі мен тұрақтануына және оның дүниежүзілік шаруашылық байланыстарына

интеграциялануына орай еңбек табыстарын, зейнетақыны және жәрдемақыны арттыру, бірақ соның өзінде заңсыз баюға жол бермеу.

Сөйтіп, Қазақстанды дамытудың концептуальдық тұрқы ашық үлгідегі қоғамды демократиялық, бейбітшіл мемлекет құруды көздейді, осылайша:

а) адамның құқығы мен бостандығына саяси және идеологиялық плюрализмге кепілдік беретін тұрақты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді сенімді қорғаныс пен қауіпсіздікті қамтамасыз ететін халықаралық қоғамдастықта лайықты әрі тең құқықты жағдайға ие болатын қуатты президенттік республика құрады;

ә) меншіктің алуан түрі, әлеуметтік жауапты кәсіпкерлігі, салауатты бәсекелестігі бар, шетелдік инвесторлар парасатты қатысатындай дамыған нарықтық экономикаға сүйенеді;

б) айқын әлеуметтік бағыты бар, бәріне бірдей өзінің қабілетін жұмсауға әрі материалдық жағынан игілікті өмір сүруіне тең жағдай жасап, мүмкіндік туғызатын, әр халықтың өзінің ұлттық ерекшелігін сақтап, дамытатын тұрақты дамудың негізі ретінде ұлттық келісім саясатын жүргізетін мемлекет құруды көздейді.

Мұндай үлгінің шындыққа айналуы үшін әрбір қазақстандықтан, оның ұлтына, діни сеніміне, саяси ықыласы мен жақтырмайтындығына қарамастан экономикада терең түбегейлі өзгерістер жасамайынша, Қазақстанның лайықты болашағы жоқ екенін айқын түсінуі талап етіледі. Гүлденген қоғамға нарық, ашық экономика, кәсіпкерлікті жан-жақты қолдау арқылы жетуге болады.

II. ІШКІ САЯСАТ САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯ

Ішкі саясаттың жалпы проблемалары

Ішкі саясаттың орын алып отырған проблемалары Қазақстан тұңғыш рет өзінің жаңа әрі жаңарған тарихында өзін жан-жақты дамыту үшін нақты жағдайға қол жеткізген даусыз фактісімен тығыз байланысты. Бұл даму қазақ халқының және республикадағы басқа да сан алуан ұлттардың өзіндік ерекшелігін түлету мақсатында жүргізілуде. Сондықтан ішкі саясаттың іргелі қағидасы ұлтаралық келісім принципі болуға тиіс. Міне, осының өзі демократиялық құқықтық мемлекет құрудағы қазақстандық жолдың ерекшелігін және біздің дүниежүзілік қоғамдастыққа енуіміздің ерекшелігін айқындайды.

Қазақстан егемендігінің күрделі этносаяси әрі құқықтық табиғаты бар. Мұның өзі қазақтарды ұлттық бастауы мен дәстүрлеріне қайта оралтатын ұлттық егемендігінің және Қазақстан халқының тұтас этносаяси қоғамдастығы егемендігінің өзіндік жиынтығы болып табылады. Міне, сондықтан да көп ұлтты халықтың әлеуметтік тұрақтылығы мен мүдделерінің серпінді тепе-теңдігі біздің мемлекеттің қалыптасу және даму процесін әрқашанда айқындайтын болады. Осыны айқын сезіне отырып, Қазақстанның гүлденуі үшін республиканың барлық халықтарының ынтымақтасуына, әр адамның бақыты мен бостандығына, барлық азаматтардың материалдық және рухани мәдениетін көтеруге қамқорлық жасау керек. Қазақ халқының әуелден-ақ кез келген ұлттар мен ұлыстардың

өкілдерімен ынтымақтық пен татулықта тұра білетін дәстүрлі салиқалылығына, олардың табиғи кеңпейілдігі мен көршілерінің мүддесіне терең құрмет көрсететіндігіне сүйене отырып осыған жете аламыз. Қазақстанда өмір сүретін басқа да халықтар тарапынан қазақ ұлтының өзінің қайта өрлеуіне деген табиғи ұмтылысына кеңпейілділік, құрмет және түсіністік біздің мемлекетіміздегі татулық пен достықтың іргетасына айналмақ.

Бұл орайда, Қазақстан қазіргі шекарасында кейініректе қазақ ұлты мен қазақ хандығын құрған тайпалар орналасқан тарихи-этностық территория болғанын атап өткен орынды. XVII ғасырдың соңғы ширегінде қазіргі Қазақстанның бүкіл территориясы іс жүзінде қазақтардың бақылауында болды.

Жалпы демократиялық процестер мен адам құқығын жүзеге асырумен қазақтардың үйлесімді ұлттық түлеуі басқа ұлттардың тең құқықты дамуының қажетті шарты болып табылады. Өзінің дамуына бөгеттер кездестірмеген қазақ ұлты, сөз жоқ, басқа халықтардың мүддесі мен сұранысына түсіністікпен және құрметпен қарайтын болады.

Сонымен бірге этностың мемлекет құруға қабілеті ең алдымен оның басқа ұлттың өкілдерімен ынтымақты тұру, республикада тұратындардың барлығы Қазақстанды өз Отаны деп есептеуі үшін қажетті ахуалды ұстау ниеті мен қабілетінен байқалады. Басқадай айқындама тұйыққа әкеліп тірейді. Бұл өте маңызды, мен айтар едім, басты нәрсе. Әңгіме қазақ ұлтының топтастырушы миссиясы туралы болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның мемлекеттілігінің дамуы президенттік басқаруды іс жүзінде іске асыруды

қамтамасыз етумен қатар жүретін болады. Республика Президенті мемлекет басшысы ретінде тиімді басшылық жүргізу үшін барлық қажетті тұтқаларға ие болуы керек.

Республикада тоталитарлықтан кейінгі кезеңге сай саяси және экономикалық билікті шектеу, мемлекеттің меншікке абсолютті монополиясын жою процесі жүретін болады, ол тұтастай алғанда қоғамның дамуына тұрақтылық беретін меншік иелерінің қалың орта жігін құрудан көрінеді. Нақ осы жік қоғамда масылдық пиғылдар, тегін көмек сұрау және экономикалық қиыншылықтар туған жағдайда өкіметке шағымдану әдеті сияқты теріс құбылыстарды жоюға мүмкіндік туғызады.

Бірақ өтпелі кезеңде, әл-ауқат деңгейінің айтарлықтай жіктелуі жүріп және халықтың көпшілігі үшін нарықтық жүйенің орнауы негізінен әл-ауқатты жақсартудан гөрі ауыртпалықпен байланысты болып отырған кезде адамдардың реформаларға деген көзқарасына қатынасына түсіністікпен қарау керек. Нарықты қабылдамаудың өзі оның болмысымен таныс емес, жаңа жағдайда нақты жұмыс істеуге жеткілікті тәжірибесі жоқ адамдардың әбден түсінікті дәрменсіздігінен туып отыр. Осыған байланысты нарықтық қазыналардың қолайлылығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізуге қабілетті нарықтық идеологияны орнықтыру үшін жашпай негіз құрумен айналысу қажет.

Бұл экономикалық реформаны ойдағыдай жүзеге асырудың басты әлеуметтік шарты.

“Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясын” басшылыққа ала отырып, біз азаматтардың

мүліктік құқығын нақты мазмұнмен толықтыруға ұмтылатын боламыз.

Қайта құруды ойдағыдай жүргізудің басқа бір шарты азаматтардың құқық жөніндегі санасын арттыру мемлекеттік және коммерциялық құрылымдардың, шаруашылықты жүргізуші барлық субъектілер мен азаматтардың заңға бағынуы болып табылады. Міне сондықтан да кез-келген билік кез-келген заңнан жоғары тұрған біз үшін дәстүрлі жағдайды түзеу үшін өкіметтің құқық қорғау және сот органдарының барлық тұтқалары пайдаланылады.

Таяудағы болашақта мемлекет әлеуметтік-экономикалық процестерді реттеу, негізінен жанама түрде реттеу функциясын сақтап, экономикалық бостандық пен мемлекеттің мақсаткерлікпен ықпал жасауы арасындағы ақылға сыйымды тепе-теңдігі қолдау табатын болады. Өтпелі кезеңде атқарушы билікті күшейту тенденциясы сақталады, онсыз іс жүзінде экономиканы реформалау мүмкін емес. Мемлекет азаматтардың құқықтық санасында құқық пен заңдылықтың қабілетті кепілі деп қабылдануы қажет.

Азаматтың меншік иесі болу сияқты табиғи құқығын жүзеге асыруды қамтамасыз етудің қоғамдық қажеттілік деген желеумен мүліктен еріксіз түрде жаппай әрі заңсыз шеттетілуіне, ал мұның өзі талай рет болғаны есімізде, жол бермеудің маңызы ерекше.

Қазақстанның ішкі саясатында демократиялық азаматтық қоғамның ажырағысыз бөліктері ретінде әртүрлі саяси партиялар мен ұйымдар бұрынғыдан гөрі елеулі рөл атқаратын болады.

Көппартиялылық халықтың мүліктік кәсіби және басқа да стратификациясына байланысты қо-

ғамның әлеуметтік топтарының нақты мүдделерінің айырмашылығын объективті түрде білдіреді.

Көппартиялылық жасанды түрде қалыптаспайды, қайта оған нақты негіз пайда болуына орай қоғамның нарыққа барар және халықтың әртүрлі топтары мүдделерінің түзілуі жолындағы оның бірыңғай әлеуметтік-экономикалық біртектілігінің табиғи күйреуі есебінен құрылады. Сонымен бірге саяси бостандықтың және жалпы адамзатқа ортақ қоғамдық тәртіп нормаларын өрескелдікпен аяққа басуды саяси бостандық ретінде ұсынудың арасында нақты шекара айқын ажыратылатын болады. Міне сондықтан біз ұлттық, таптық және діни төзбестікті уағыздайтын біздің егеменді мемлекетіміздің конституциялық құрылысына және территориялық тұтастығына қатер төндіретін саяси партиялар мен ұйымдарға үзілді-кесілді қарсы боламыз.

Экономикалық даму стратегиясы

Қоғамдық өмірдің шешуші саласы — экономика саласындағы стратегия мен тактиканың мәні құрылымдық және технологиялық артта қалушылықты бір мезгілде жоя отырып, нарықтық жүйеге көшуді одан әрі жалғастыру болып табылады.

Тіпті тұрақты экономиканың өзі үшін ауыр болатын бұл проблемалар, Қазақстанның бүгін таңда тұйыққа тірелген әміршіл экономиканың әсерінен күрделі экономикалық дағдарысты басынан өткізіп отырған шағында біз үшін тереңдей түспек.

Дағдарысты жоюды қалай бастап, құлдырауды тоқтатып және бірте-бірте қалай өрлеу керек?

Мұнда шетелдердің инвестициялары сөз жоқ оң рөл атқара алар еді.

Бірақ бұл жағдайда ең алдымен өзіңе ғана сену керек және өз күшіне арқа сүйеп дағдарыстан шығуды бастау қажет. Негізінен өзіміздің өндірушіміз бен инвесторымызға сенім артуымыз қажет, жұмыс істейтіндер мен өндіретіндерге, қаржы сақтайтындар мен қаржы салатындарға көмек көрсетіліп келеді.

Әрине, егер біз ТМД елдерімен күш-жігерді біріктіре алсақ, дағдарыстан бірлесіп шығу анағұрлым жеңіл болар еді. Өйткені біздің экономикамыз бір-бірімен тығыз матасқан ғой, міне сондықтан бұрынғы Одақтың әр мүшесі егеменді мемлекет халықаралық қатынастардың дербес субъектісі екен деп, сол тығыз байланыстарды үзу ақылға сыймаған болар еді.

Қазақстан дағдарыстан шығудың біріккен нұсқасына қашан да дайын болатын, оны экономикалық тұрғыдан да, сондай-ақ саяси тәсілдермен де жүзеге асыруға ұдайы ұмтылып келді. Дегенмен, өкінішке қорай, біздің инициативаларымыз ТМД-дағы серіктестеріміздің көпшілігі тарапынан қолдау таппады. Сондықтан күш-қуатты бірлестірудің шын жақтастары бола отырып біз қалыптасқан жағдайдан өз бетімізше шығудың жолын іздеуге мәжбүр болып отырмыз, атап айтқанда, ТМД елдерімен “интеграция” саясатынан “үйлестіру” саясатына өтуді жүзеге асырамыз. Бұл саяси бағыт абыр-сабырсыз және қауіпті шыдамсыздықсыз, ішкі потенциалдық мүмкіндіктерге сүйене отырып жүзеге асырылатын болады.

Біріншіден, бұл іс жүзінде кез-келген өндіріс түріне сенімді шикізат негізі болатын пайдалы

казба байлықтардың көптігі. Екіншіден, жерге қатысты реформаларды жүзеге асырғаннан кейін Қазақстанға тіпті, дүниежүзілік аренада азық-түлікті экспортқа шығаруда көзге түсуге мүмкіндік беретін ауыл шаруашылық жері мен егістіктің кең көлемі. Үшіншіден, жеткілікті мөлшерде дамыған өндірістік потенциалдың және барлық салаларда сауатты жұмысшылар контингентінің болуы. Төртіншіден, бай, бұрынғы жүйе кәдімгідей талап етпеген ғылыми идеялардың мол арсеналы, жаңалықтар мен өнертабыстар.

Сонымен, стратегиялық салдарға орай алғашқы принципті тұжырым жасауға болады: дағдарысты өршітпеуді және экономиканы қалпына келтіруді өз мүмкіндіктеріміздің есебінен жасауымыз қажет. Біздің тарихымызда бұдан әлдеқайда нашар бастапқы жағдай болғанда да тығырықтан шыққан кездеріміз болған.

Осындай маңызы бар екінші қорытынды: экономиканың прогресті құрылымдық қайта құрылуы, оның технологиялық артта қалуын жою, дұрыс бағым бағыттарды таңдау арқылы және оларды жекелеген салаларды дамытуға экономикалық көтермелеу механизмін құру негізінде жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Стратегияның маңызды элементі Қазақстанның қайта түлеуі мен дамуының қарқыны болмақ.

Біз бұл жолға өзіміз үшін, біздің балаларымыз бен немерелеріміз үшін түсуге тиіспіз. Олай болса бұл өзіміздің еңбек ырғағымызды арттыра түсуге тиіспіз дегенді білдіреді, өйткені даму және прогресс жолы қарапайым да жалғыз — ол қол жеткізілгеннен үнемі асып түсу.

Қажырлы, жанқиярлық еңбекке үндеу бізге ке-

зекті насихаттық ұран ретінде емес, қайта егер біз шындап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, төтенше және қатаң қажеттік ретінде керек. Тағдырдың өзі беріп отырған мүмкіндікті уыстан шығаруға болмайды, ал бұл үшін барлық объективті негіз бар.

“Жедел даму стратегиясы” бүкіл қоғамның, Қазақстанды өзінің Отаны деп есептейтін және өтпелі кезеңнің ауыртпалығы мен болашақ әлауқатының қуанышын онымен бөлісуге әзір әркімнің экономикалық санагерлігіне айналуы керек.

Әлеуметтік даму стратегиясы

Экономика саласындағы міндеттерді жүзеге асыру әлеуметтік даму мәселелерімен тығыз байланысты. Тұтыну рыногын молықтыру және азық-түлік молшылығын жасау, сонымен бір мезгілде экономиканы тұрақтандырып, халықтың тұрмыс деңгейін көтеру әлеуметтік шиеленісті төмендету міндетін шешетінін айтсақ та жеткілікті.

Ең алдымен инфляцияны жандандыруға және сөйтіп халықтың нақты табысын азайтуға байланысты себептерді бәсеңдететін шаралар қолданылатын болады. Мұның өзі бір-бірімен байланысты екі жолмен жүзеге асырылады: біріншісі — тауар өндіру мен көрсетілетін қызметті ұлғайтып, ұсынысты кеңейту; екіншісі — табысты тежеу және оны ағымдағы тұтынудан алып шығу үшін матау (құнды қағаздар, тұрғын үй құрылысы, ұзақ мерзімге пайдаланатын заттар және т. б. нәрселерге жұмсау).

Қазақстан халқын әлеуметтік қорғау мемле-

кеттің өтпелі кезеңдегі стратегиясының бел ортасында болады:

— ең алдымен еңбекке қабілетсіз және дәулеті аз жіктерді — зейнеткерлерді, мүгедектерді, көп балалы отбасыларын, оқушы жастарды мемлекеттік қолдау және әлеуметтік жебеу жүйесін құру;

— ғылымға, мәдениетке, білім беруге және денсаулық сақтауға мемлекеттік қолдау;

— жұмыссыздық жөніндегі әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету.

Жұмыссыздық кәсіпорындардың қымбатшылықтан және тұтыну сұранымының азаюы салдарынан жаппай банкрот болған жағдайда шапшаң қарқынмен арта түспек. Міне сондықтан да әр облыс пен қала қосымша жұмыс орнын құру жөніндегі бағдарламаны жасау ісімен шұғылдануға тиіс. Бәсекелестік, банкроттық пен жұмыссыздық нарықтық жүйенің сөзсіз белгілері болып табылады.

Жұмыссыздықтың теріс салдарын мүмкіндігінше азайту үшін жұмыспен қамту қызметіне елеулі көңіл бөлінетін болады. Осы мақсатпен мамандар мен жұмысшыларды қайта даярлау жүйесі нығайтылып, тұрғын үй рыногы құрылады және Қазақстанның ішінде және одан тысқары жерлерге адамдардың көшіп-қонуының өркениетті шеңбері енгізілетін болады.

Ақшаның құнсыздану серпінін ескере отырып, зейнетақы мен еңбекақының ең аз мөлшері оларды көбейту жағына қарай жүйелі түрде қайта қаралып отырады.

Біздің дәстүрлеріміз бен тіпті халықтың ауқаты бөлігінің мәредегі тұрмыс жағдайының деңгейін еске алғанда жеке меншіктің шешуші рөл атқаруы

үшін көп уақыт қажет. Міне, сондықтан, ұжымның құндылықтары мен пәрменді әрекеттерінен және кәсіпкер-еңбеккердің тиімділігінен бас тартудың қажеті жоқ. Кәсіпкерлікті қорғау өтпелі кезеннің қажетті әрі маңызды элементі болып табылады.

Бүкіл әлемде қабылданғанындай, еңбек ақысы жоғары, мемлекетпен ұзақ мерзімге еңбек шартын жасайтын және еңбек сіңірген жылдар үшін сыйлықақы алатын мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен бейнесі елеулі түрде жоғары көтерілетін болады. Мемлекеттік аппарат қызметкерлерінің кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталған шаралар қолданылуға тиіс.

Халықтың жаңа әлеуметтік құрылымын және әлеуметтік институттарды нарықтық жүйеге тең дәрежеде қалыптастыру, сондай-ақ ұлтаралық қатынастардың тұрақтылық дейгейін арттыру қайта құрудың салдарына айналмақ.

III. СЫРТҚЫ САЯСАТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯ

Сыртқы саясаттың жалпы проблемалары

Егемендік алып, Біріккен Ұлттар Ұйымына және көптеген халықаралық ұйымдарға мүше болған Қазақстан өзі үшін жаңа проблемалармен — өзінің сыртқы саясатының, қорғанысы мен қауіпсіздігінің проблемаларымен, дүниежүзілік экономика мен дүниежүзілік қоғамдастыққа дербес ену проблемаларымен бетпе-бет келіп отыр.

Халықаралық сахнаға шыққан Қазақстан сапалық тұрғыдан өзге ортаға сүңгіп кетті, ал онда оның сыртқы саяси бағыты, кез-келген басқа мемлекеттікі сияқты, ұлттық-мемлекеттік мүдделер талап ететін өз қисыны бойынша дамуда. Бірақ осының барлығына қарамастан Қазақстанның сыртқы саясатында жалпыадамзаттық өзек те болуы міндетті. Мұның өзі болашақта оның халқына дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орынды қамтамасыз етеді.

Қазақстанның геосаяси жағдайы мен этнодемографиялық құрамының ерекшелігі, экономикасының дамуы мен әскери құрылысының деңгейі оның қауіпсіздігін қамтамасыз етуде әскери құралдарды емес, қайта ең алдымен өз күшіне және парасатты, салмақты дипломатияға сүйене отырып, әсіресе мемлекеттігі қалыптасуының қазіргі, күрделі кезеңінде, саяси құралдарды басым етеді.

Бірақ ашық теңізге тікелей шыға алмау, коммуникациялық құралдардан қашықта орналасу біздің халықаралық экономикалық байланыстарға қатысуымызды қиындатады. Сондықтан көршілес мемлекеттермен, ең алдымен біз үшін дүние жүзі коммуникациясына енетін қақпа болып табылатын Ресеймен және Қытаймен толық сенім принципінде өзара тиімді достастық қатынастың ерекше мәні бар. Қазақстан бұған әзір. Сонымен бірге біз, әрине халықаралық әділеттік және серіктестік негізінде барлық басқа елдермен кең байланыстарды дамытуды жақтаймыз.

Бізге ортақ шекарасымен, қалыптасқан шаруашылық байланыстарымен, экономикаларының өзара бірін-бірі толықтыруымен және өзара тәуелділігімен қоян-қолтық араласып отырған, тарихи

және мәдени-этностық игіліктері ортақ Орта Азия мемлекеттерімен де тығыз өзара арақатынас жасау өте маңызды.

Қазақстан мен Түркия, Пәкстан, Үндістан, Иран арасында келісімге қол қою Азияның осы және басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықтың дамуы туралы айтуға негіз береді.

Серпінді дамып отырған капиталдардың, технологиялардың, шикізат және өнеркәсіп өнімдерінің нарығына еркін кіру мақсатында Азия-Тынық мұхит аймағындағы, Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы, Таяу және Орта Шығыстағы қосылу процестеріне Қазақстанның қатысуы жандандырыла түседі. Батыс Еуропа мен Солтүстік Американың жетекші елдерімен жан-жақты ынтымақтастықты дамыту маңызды стратегиялық бағыт болып қалады.

Дүние жүзі қоғамдастығына ену саясатын нарықтық жүйенің үш басты орталығы — АҚШ, Жапония және Батыс Еуропамен серіктестік мүмкіндігін тиісті бағалай отырып құру қажет және нақ осылардың дүниежүзілік шаруашылық байланыстарын күшейтудің қозғаушы күші болғанын есте сақтаған жөн. Олармен өзара іс-қимыл Қазақстан үшін халықаралық қаржы және басқа институттарына жол ашады, ал олардың рөлі дүние жүзінде айтарлықтай өсті. Халықаралық ұйымдар — Біріккен Ұлттар Ұйымы, Халықаралық валюта қоры, Бүкіл дүниежүзілік банкі, тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық даму және қайта құру банкі және басқаларымен көп жақты ынтымақтастық пен тиімді қатысуды біз өз қоғамымыздың ашықтығына деген бағыттың, экономикалық және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз

ету бағытының қисынды жалғасы ретінде қараймыз.

Басқа елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, осы қатынастарды барынша диверсификациялау үшін Қазақстанға қазіргі заманғы халықаралық құқыққа сәйкес өзі үшін теңізге бөгетсіз шығуды баянды етуі қажет.

Бұл құқықты көршілермен екі жақты шарттарда және келісімдерде баянды етпейінше және нақтыландырмайынша Қазақстан тәуелді жағдайда болады, ал ол тек оның экономикалық қана емес, сондай-ақ саяси дербестігіне де нұқсан келтіруі мүмкін. Өз тарапымыздан біз, өзіміздің әуе кеңістігіміз, сондай-ақ территориямыз (темір жол және автомобиль магистральдары) адамдар мен тауарлардың барлық бағытта транзитті жүріп-тұруы үшін пайдаланыла алатынына кепілдік береміз. Сонымен бірге, біз Каспий, оңтүстік арқылы Жерорта және Қара теңізге шығу мүмкіндігін пысықтап жатырмыз. Қытаймен, Иранмен және Түркиямен арадағы Тынық мұхиттан Жерорта теңізіне дейін транзитті темір жол магистралін құру туралы қол жеткізілген уағдаластықтың маңызды мәні бар.

Осылармен қатар ТМД-ға қатысушылармен екі жақты шарттар және келісімдер шеңберінде шекаралардың ашықтығы, азаматтардың жүріп-тұру және ақпарат беру бостандығы принципін қабылдап, жүзеге асыру қажет. Шарттарда қауіпсіздік (әскери, экономикалық, экологиялық) кепілдіктер, әр жақтың бір-біріне қандай да болмасын түрде соның ішінде екінші бір жақпен көршілес үшінші елдің территориясын, территориялық суы мен әуе кеңістігін пайдалану арқылы, күш қолдану

немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау міндеттемесі баянды етілуі керек.

Географиялық, саяси, этностық және басқа тарихи факторлардың нәтижесінде Ресеймен қатынас біз үшін маңызды мәселе болып табылады. Ресеймен өзара қарым-қатынаста біз қажет болған жағдайда онымен өзара қауіпсіздік туралы келісімдер мен ұзақ мерзімді шарттар жасауға тырысамыз және бұл орайда оның да бұған деген қарымта мүдделігіне сенім артамыз.

Варшава шарты ұйымы тарағаннан кейін қазіргі заманғы дүние жүзінде НАТО-ның рөлі жаңаша көрінеді. Онда біздің жақындасуымызға қолайлы міндет бар — Шығыс және Орталық Еуропа мен ТМД елдерінің демократиялық дамуына жәрдемдесу, өзінің мүмкіндіктеріне қарай аймақтық қатығыстардың алдын алу міндеті бар. НАТО, сондай-ақ Еуропа қоғамдастығы да, бұрынғы Одақтың республикалары арасындағы өзінің ықпалын кеңейтуге мүдделі Солтүстік Атлантика ынтымақтастығы кеңесі шеңберінде қорғаныс саласындағы диалогты, серіктестік пен ынтымақтастықты, сондай-ақ екі жақты байланыстар мен алмасуларды дамытуға әзірлік көрсетті, НАТО-ға мүше елдер осы мақсатта өздері жинаған айтарлықтай сараптық потенциал мен қорғаныс сипатындағы мәселелерді шешу тәжірибесін беруге міндеттеме алды.

Әскери байланыстарды қатаң салыстырылған шеңберде диверсификациялау, Еуропа қауіпсіздігі жүйесіне белсенді қосылу республика мүддесіне сай келеді. Хельсинки Қорытынды актісінің он принципінің арасында — шекаралардың мызғымастығы, мемлекеттердің территориялық тұтастығы

мен күш қолданбау немесе күш қолданамын деп қоқан-лоққы жасамау бар. Бір осының өзі Қазақстанның НАТО-мен байланысты кеңейту және Еуропадағы Қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің жұмысына қосылу ниетін ақтайды, ал біз бұрынғы одақтың құқықты мирасқорларының бірі ретінде кеңеске қатысушы болып отырмыз.

Қазақстан ядролық қаруды таратпау туралы келісімге қосылды. Өз қауіпсіздігіміздің мүддесін ескере отырып, біздің түпкі ниетіміз — ядролық потенциалсыз территориялық тұтастық пен тиіспеушілік кепілдігіне ие болу.

Алуан қырлы экологиялық қауіп біздің уақытымыздың қайғылы нышанына айналып отыр. Қазақстан үшін ол Арал теңізінің құрғауына байланысты. Бұл тек аймақтық қана емес, сондай-ақ планетарлық та проблема — Арал Жердің биосферасын сақтауда үлкен рөл атқарады. Арал проблемасын шешу оны қорғау жөніндегі кең ауқымды және тиімді халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыруды талап етеді. Бұл тірі қалудың негізі және бүкіл адамзаттың имандылық міндеті.

Біздің экологиялық дипломатиямыз аймақтық экологиялық жүйені басқаруды реттейтін екі жақты және көпжақты мемлекеттік келісімдер жасауға бағытталатын болады. Оған Дунай және Рейн комиссиялары, Ұлы көлдер жөніндегі канада-американ комиссиясы мысал бола алады. Бұларда халықаралық алақөздікті және өндіріс пен ауыл шаруашылығы мақсаттары үшін су бассейндерін пайдалануға байланысты жанжалдарды реттеудің нақты механизмі жасалған.

Ұлттық қауіпсіздік жүйесі және әскери доктрина

Соңғы кезде геосаяси жағдайда болған өзгерістерге және Қазақстанның тәуелсіздігін жариялауына байланысты оның өз қарулы күштері құрылды, ал мұның өзі бүкіл өркениетті дүниеде дербес мемлекет құрылымының міндетті элементі болып табылады.

Республиканың ұлттық қауіпсіздік жүйесі мынадай принциптер бойынша құрылуға тиіс:

— республиканың қауіпсіздігін, оның мемлекеттік және территориялық тұтастығын, ең алдымен саяси шаралардың көмегімен және экономикалық өзара іс-қимылды тереңдету арқылы кепілді қамтамасыз ету;

— ұлттық қауіпсіздікке жауап беретін ведомстволардың өкіметтің жоғары органдары мен жалпы қоғам алдында, жариялылық пен мүмкін болатын шекті ашықтық жағдайында, бақылауда болуы;

— Қарулы Күштерді ұйымдастырудың, құрал-жабдықтармен және техникамен жабдықтау дәрежесінің қорғаныстың жеткіліктілігі принципі негізінде нақты әскери қауіп жағдайына бара-бар болуы;

— ұлттық қауіпсіздік жүйесін құрудың ұлттық-тарихы дәстүрлерді және дүниежүзілік тәжірибені ескере отырып, құқықтық мемлекет пен халықаралық құқық нормаларына сәйкестігі.

Республиканың ұлттық қауіпсіздігі жүйесінің орталық бөлігі — әскери қауіптің жолын кесу және осы қауіпке қарсы әрекет механизмі бар әскери доктрина.

Ең алдымен біз өз саясатымыздың бейбітшіл бағытын жариялаймыз және әлемнің бірде-бір

мемлекетіне территориялық талабымыздың жоқтығын мәлімдейміз. Кез-келген әскери жанжалдың апатты салдарға әкеліп соғатыны жөніндегі өзіміздің жауапкершілігімізді түсіне және сезіне отырып:

— Қазақстанның мемлекеттік саясатының басым мақсаты ретінде бейбітшілік сақтауды мойындаймыз;

— саяси, экономикалық және басқа да мақсаттарға жетудің құралы ретінде соғысты және күш көрсету қоқан-лоққысын қабылдамаймыз;

— ядролық қарусыз мемлекет мәртебесін алуға және Ядролық қаруды таратпау туралы шартқа қосылуға ұмтыламыз;

— жаппай қырып-жоятын қаруды бірінші болып қолданбау принципін және осы міндеттемені дүние жүзі қоғамдастығының барлық мемлекеттерінің қабылдауын қолдаймыз;

— қалыптасқан шекаралардың бұзылмауы, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласпау принциптерін ұстанамыз.

Бүгінде дүниежүзілік ядролық және кәдімгі соғыс қаупі едәуір азайды. Сонымен бірге әлемде экономикалық, территориялық, діни, этностық және басқа да сипаттағы елеулі қайшылықтар сақталып отыр. Ал бұл қайшылықтар Қазақстанның және ол өзара қорғаныс немесе басқа да міндеттемелер арқылы байланысқан басқа да мемлекеттердің мүддесін қозғайтын қарулы жанжалдарға әкеліп соғуы мүмкін.

Ықтимал әскери қауіптің көзі ретінде біз мыналарды атаймыз:

— мемлекеттердің немесе олардың коалициясының дүниежүзілік қоғамдастықта немесе

аймақтарда басымдыққа ие болуға және даулы мәселелерді соғыс құралдарымен шешуге тырысуы;

— бірқатар мемлекеттерде немесе олардың коалициясында қарулы күштердің қуатты тобының болуы және олардың базалық жүйелерінің сақталуы, соның ішінде Қазақстан Республикасының шекарасына таяу жерлерде сақталуы;

— бірқатар мемлекеттерде ішкі саяси жағдайдың тұрақсыздығы және мемлекеттер арасындағы қарулы жанжалдардың орын алуы;

— мемлекеттердің белгілі бір бөлігінің өзінің әскери қуатын арттыруы.

Қазақстан дүние жүзі қоғамдастығында ұжымдық қауіпсіздік жүйесін құруға қатысуды өзінің басты мақсаты етіп қояды және кез-келген бітімшілік жолындағы күш-жігерге белсенді түрде көмектесуге міндеттеме қабылдайды. Республика осы мақсатта:

— жанжалды жағдайларды тек қана бейбіт жолмен, халықаралық құқық шеңберіндегі келіссөздер арқылы реттеуге;

— Жер бетінде жанталаса қарулануды тоқтатуды және оның космосқа шығуына жол бермеуге;

— халықаралық қоғамдастықтың барлық мемлекеттерінің өз қарулы күштерін қорғанысқа жеткілікті ең аз деңгейге дейін кезең-кезеңмен қысқартуына;

— жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін өндіруді және сынауды және де бірінші кезекте ядролық қаруларды болашақта толық жою мақсатымен, қысқартуға;

— қазіргі бар жаппай қырып-жоятын қаруларды қолдануға және оны өндіру үшін жаңа техно-

логияларды жасауға тыйым салуға; жаппай қырып-жоятын қаруларды жасауға жәрдемдесетін материалдар мен технологияларды сыртқа шығаруға (беруге) жол бермеуге;

— химиялық қаруларды жоюға;

— әскери қызметте өзара ашықтық және сенім мен қауіпсіздікті нығайту саласында шараларды жүзеге асыруға;

— әскери-саяси одақтарды ұжымдық және кең ауқымды халықаралық қауіпсіздік жүйесінің жаңа құрылымдарына қарай өзгеруіне республика қол жеткізуде және қол жеткізе беретін болады.

Қазақстанның Ресеймен және ТМД-ның басқа елдерімен әскери-саяси және экономикалық мүддесінің ортақтығын тани отырып, біз Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше барлық мемлекеттермен халықаралық қауіпсіздікті нығайту жөніндегі өз күш-жігерімізді үйлестіретін боламыз.

Кез-келген егеменді мемлекет сияқты, Қазақстан өзінің қорғаныс қабілетін сақтауды маңызды мемлекеттік міндеттердің бірі және оның бүкіл халқының ісі деп санайды, әмбебап халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылғанға дейін өзімен бірге қорғаныс одағына енуге ниет білдірген басқа мемлекеттермен бірлесіп әскери құрылысты жүргізетін болады. Біздің басты мақсатымыз — Қазақстанның егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғау.

Өз Қарулы Күшіміз — Қазақстан Республикасының армиясын құру қорғаныс стратегиясының тұжырымдамасы негізінде жүргізілді. Оның құрамында Құрлықтағы әскерлер, Әскери-Әуе Күштері, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлері, әскери-теңіз бөлімдері, сондай-ақ қамтамасыз ету және қызмет көрсету құрамалары мен бөлімдері

бар. Соғыс уақытында ішкі әскерлер мен Республика ұланы оның резерві болып табылады.

Қазақстан Республикасының армиясы Қазақстан мен оның одақтастарына қарсы агрессияға тойтарыс беруге, республика мен қорғаныс одағына қатысушы мемлекеттердің егемендігі мен территориялық тұтастығын қорғауға арналған. Оны жасақтау территориялық, жалпыға бірдей әскери міндеттілік пен әскери қызметке шарт бойынша ерікті қабылдауды үйлестіру және республиканың барлық азаматтарының әскери міндетін орындау кезінде заң алдында теңдігі принципіне жүзеге асырылады.

Өз әскери доктринамыздың негізін жариялай отырып, біз қорғаныс одағы мен Біріккен Ұлттар Ұйымы шеңберінде қабылданған, сондай-ақ басқа халықаралық құқықтық актілермен белгіленетін міндеттемелерді қатаң сақтауға кепілдік береміз.

Сыртқы экономикалық байланыстар стратегиясы

Қазіргі заман жағдайында мемлекеттің ойдағыдай дамуының негізі макроэкономикалық тұрақтылық — инфляцияға ұшырамаған ақша-несие саясаты, бюджет тапшылығына қатаң бақылау мен қалыпты баға белгілеу, сондай-ақ сыртқы саудадағы ашықтық — экспортты ынталандыру, импортты барынша аз шектеу, біртұтас импорт тарифы, ұлттық валютаның оңтайлы құны мен сыртқы инвестиция үшін қолайлы жағдай болып табылады.

Сыртқы экономикалық қызметті күшейту шеңберінде республикаға:

— кәсіпкерлікті дамыту мен халықтың салым

ақшасын қатыстыру үшін жағдай жасау керек, өйткені ұлттық капитал барлық дамушы елдерде шетел инвестициясына қарағанда, 8—12 есе көп инвестицияны қамтамасыз етеді;

— сыртқы экономикалық байланыстар саласында заңдар кешенін талдап жасап, енгізу, олардың орындалуын және тұрақтылық кепілдігін қамтамасыз ету;

— инфрақұрылымды дамыту — көлікті, байланысты, қаржы нарығы мен сақтандыру ісін, банкілер жүйесін дамытып, қазіргі заманғы ақпарат жүйесін құру;

— халықаралық құқық пен маркетинг, статистика саласында кадрлар, салық инспекторларын, банкі қызметкерлерін, аудармашылар, қаржы қызметкерлерін, аудиторлар, бухгалтерлер, сыртқы сауда жөніндегі, нарық үшін және реформаны білікті басқару үшін қажетті басқа кәсіптегі мамандар даярлау;

— республика үшін басым салалар бойынша, сондай-ақ экономикалық блоктар тұрғысынан да белсенді сыртқы экономикалық саясат жүргізу және экономикасы біздің экономикамен өзара бірін-бірі толықтыратын жекелеген елдермен нысаналы жұмыс жүргізу қажет.

Шетел банкілерінің Қазақстандағы экономикалық қызметке қатысуын жеңілдетіп, экономиканың басым салаларында неғұрлым үйлесімді валюта режимі мен шетел иеліктеріне режим енгізіп, нақты ұлттық жобаларды жүзеге асыруға “портфель инвестициялары” түрінде шетел капиталын көбірек қатыстыру қажет.

Халықаралық ұйымдардағы: Халықаралық ва-

люта қоры, Халықаралық даму және қайта құру банкі, басқа экономикалық ұйымдар, Біріккен Ұлттар Ұйымы, Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісім, Халықаралық азаматтық авиация ұйымы, шикізаттың жекелеген түрлерін экспортқа шығарушы елдер одағындағы қызмет өте маңызды жеке сала болып табылады.

Дүние жүзі қоғамдастығымен қосылуға деген ұмтылысымызды білдіре отырып, халықаралық экономикалық стратегияларды үйлестірудің қалыптасқан құралдарын тануға біздің өзiр екенiмiз түсiнiктi. Алайда, мұның әрбiр жекелеген жағдайда өзіңе зиян келтiре отырып, бiреудiң ыңғайына қарай әрекет етуге мәжбүр ететiн экономикалық және саяси қысым арқылы емес, қайта өзара мүдделердiң әдiл тепе-теңдiгi негiзiнде болғаны маңызды.

* * *

Қазақстанның ерекшелiгi, оның дамыған ел (халқының жаппай сауаттылығы, ғылыми-зерттеу мекемелерiнiң кең жүйесi, ғарыштық зерттеулер), сондай-ақ дамушы ел (экономикасының шикiзаттық бағыты, көптеген аймақтарының экологиялық ластануы, шетел инвестициялары мен жаңа технологиялар импортына деген қажеттiлiк, инфрақұрылымының артта қалуы) белгiлерiне ие екендiгiнде болып отыр. Бұған территориясының ұлан-байтақтығын, континент iшiнде орналасуын, табиғат ресурстарының зор қорын, халқының алуан түрлi этностық құрамын қосқан жөн.

Бiздiң стратегиялық ниеттерiмiздiң байыптылығын түсiне отырып, мемлекет басшысы ретiнде

мен қолымыздан келмейтін міндеттер қоюға, Қазақстан мен оның халқы үшін мұны қанша қалағанымызбен, шынайы болжаудың шегінен шықпауға тырыстым. Егер әркім жоғарыда баяндалғандарды өзінің жеке бағдарламасы ретінде, өзінің туған-туысқандары мен жақындары алдындағы, біздің орнымызды басатын келер ұрпақ алдындағы парызы ретінде қабылдаса, осы айтылғанның бәріне толығымен қол жеткізуге болады.

1993

АДАМЗАТ ПАЙДАСЫНА

**БҮКІЛ ДҮНИЕ ЖҮЗІЛІК ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ФОРУМНЫҢ АЛМАТЫДА ӨТКЕН КӨШПЕЛІ
СЕССИЯСЫНДА 18 СӘУІРДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Ғаламдық геосаяси өзгерістер бұрынғы КСРО-ның қазіргі тәуелсіз республикаларына өзінің шаруашылық саясатын дербес құруға және жүргізуге, өзінің экспорттық қуатын толық іске асыра және сонымен бірге шетелдік серіктестіктер үшін жаңа өткізу рыноктарын аша отырып, өзіне Бүкіл дүниежүзілік экономикалық қоғамдастыққа жол салуға мүмкіндіктер берді.

Осыған байланысты егемен Қазақстан шетелдік инвестициялардың салым саласында, жоғары тиімді бірлескен өндірістер құруда ынтымақтас-тықты кеңейтуге аса мүдделі. Бұл форумның мақсаты оның нақ осы саладағы мүмкіншіліктерін көрсетуде болып отыр.

Жылдың басында қабылданған дағдарысқа қарсы кезек күттірмес шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету бағдарламасы қатаң монетарлық саясатпен бірге халық шаруашылығын тұрақтандыру, отын-энергетикалық және металлургиялық кешендерді жаңғырту және одан әрі дамыту, өндірісті кенейту және ішкі рынокты халық тұтынатын тауарлармен және азық-түлікпен молықтыру, коммуникация, көлік және байланыс жүйелерін жетілдіру жөніндегі нақты іс-шараларды көздейді.

Осының бәрі экспорттық салаларды техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру үшін күрделі ресурстарды жұмылдыруды талап етеді. Ал мұның өзі жалпы алғанда экономиканы тепе-тең дамыту үшін халықаралық еңбек бөлісінің басымдылығын толығымен пайдалануға келіп саяды. Нақ осы салаларды басыңқы құрылымдар ретінде бөліп алудың өзі Қазақстанның табиғи ресурстық орасан зор қуатын пайдаланудың экономикалық мүмкіншіліктері болып табылады. Ал осы мүмкіншіліктердің әлі аяғына дейін зерттелмегенін де айтқан жөн.

Міне, дағдарысқа қарсы бағдарлама, тиісті заң шығарушылық негізінен нығайтылған сыртқы инвестицияларды тарту саласында мемлекеттік саясатты жандандыруды көздейтіні де сондықтан. Оның үстіне, экономиканың мемлекеттік емес секторына тартылған ресурстарды тиімді пайдалануға ынталандыру ісіне айрықша назар аударылады.

Біз шет ел капиталының табиғи құйылуының негізгі жағдайлары өз иелігіндегі жеке секторды дамытуға қажетті алғышарттарды жасау, жеке меншікке қол сұғылмайтын кепілдікті және кәсіпкерлік үшін шынайы еркіндікті қамтамасыз ету екенін жақсы түсінеміз. Сондықтан республикада экономикалық реформалардың орталық буыны ретінде арнайы ұлттық бағдарламада бекітілген меншік құрылымындағы жүйелік өзгерістер, кең ауқымды акцияландыру және мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру қарастырылып отыр. Ол мемлекеттің қызметін үш негізгі: шағын, жаппай және жекелей жекешелендіру бағыттары бойынша жеделдетуді көздейді. Құжатта отандық өндірістің тиімді дамуына түрткі бола алатын ше-

телдік инвесторлардың жекешелендіру шараларының барлық түрлеріне қатысуының жеткілікті икемделген жағдайларының негізі қаланған.

Сонымен бір мезгілде банк жүйесін реформалау ақша айналымы және валюталық қатынастар саласындағы тәртіпті қамтамасыз етеді. Қазіргі қабылданған валюталық шектеулер барлық өркеніетті елдерде болғанындай және болып отырғанындай, экономиканы тұрақтандыру жағдайына қарай сөзсіз біртіндеп жойылатын болады.

Ірі шетелдік несиегерлер республикамен ынтымақтастыққа даяр екендігі бізді қанағаттандырады. Шет мемлекеттердің бізге несиелік ұсыныстарының жалпы сомасы қазір АҚШ-тың 5,5 миллиард долларын құрап отыр. Бұл бойынша қазірдің өзінде сегіз келісім жасалды. Қазақстан сондай-ақ шетелдік техникалық және ізгілік көмекті жоғары бағалайды.

Қоғамдық ықпал ету және ауқымды өзгерістерінің терендігі бойынша теңдесі жоқ ТМД-дағы саяси және экономикалық реформалардың тағдыры планетарлық мағынаға ие болып отыр. Сондықтан оларды қолдауға бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың ақыл-ой және өндірістік қуатын жұмылдыру қисынды болып табылады. Әрине, біз өз проблемаларымызды алдымен өзіміз шешуге тиістіміз. Бірақ оның сындарлы және уақтылы көмегі бізге қиындықтарды тезірек және артық шығындарсыз өткеруге көмектеседі. Сайып келгенде бүкіл адамзат үшін ол орасан зор пайда береді.

Алматы кездесуі өзара тиімді ынтымақтастық

пен өзара түсінушілік саласында жаңа жетістіктермен атап өтілетініне сенім білдіремін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ – ҚОҒАМНЫҢ ИДЕЯЛЫҚ БІРЛІГІНДЕ*

**ИДЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ
ЖӨНІНДЕГІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСТЕ
12 МАМЫРДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА**

Мемлекеттің қоғамдық-экономикалық формациясының ауысуымен нақты байланысты болатын орасан зор өзгерістер әрқашанда адамдар санасындағы күрделі өзгерістермен бірге жүретінін түсінгендіктен, осының өзі мені кез келген қоғамның тіршілігі үшін қажетті көкейкесті проблемаларды ой елегінен өткізу және талдау жасау жолындағы талай қатпарлы ойларға әкеліп тіреді. Ал біз маңызы бойынша да, уақыты жағынан да елеулі өтпелі кезеңнен өтуге тиіспіз. Бұл орайда қоғамда өзгерістерге сай келетін рухани ахуал туғызу керек, мұның өзі мемлекеттің барлық салаларда, соның ішінде идеология сияқты ерекше салада, тек байсалды саясат арқылы ғана қолдау табады.

Идеология керек пе, керек емес пе деген даудамайдың еш жөні жоқ. Оның үстіне өткен ғасырда өмірге енгізілген бұл атау талай құйтырқының амалына түскеннен кейін алғашқы мағынасынан біршама айырылып қалды. Осындай

* Қысқартылып жарияланды.

жағдай өктем жүйенің қатаң жағдайында ондаған жылдар өмір сүрген біздің қоғамымызда да болғаны рас. Ол жүйе күйрегеннен кейін “идеология” ұғымның көлеңкелі қырлары басым болып, соңғы уақытта оны саяси сөздікте мысқылмен қабылдайтыны да айқын болып отыр. Бірақ, идеологияның өзіне осындай көзқарас лайық па? Кез келген, әсіресе дамушы мемлекетте көзқарастар мен идеялардың бүкіл кешені ішкі және сыртқы саясатты жүзеге асыру, ғылымды, мәдениетті, білімді дамыту, жаңа адамгершілік құндылықтарды орнықтыру мақсатында жасалып отырса, идеология хақында бөтен сөздің не жөні бар?

Қазіргі заманғы үлгідегі қоғам идеологиялық деп айқындайтын жүйе болмайынша өмір сүре алмаса керек.

Дүние жүзінің жетекші мемлекеттері қашан да өзінің азаматтары үшін ғана емес, сондай-ақ басқа елдердің азаматтары үшін де тартымды саяси, экономикалық қана емес, сондай-ақ идеологиялық та бейнелерді жасауға ұмтылып келген. Егер мемлекет осы салада бос орын қалдыратын болса, онда мұны өзгеше дүниетанымдық қағидалар толтыратын болады.

Шын мәнінде, идеология — бұл адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді шешуге топтастыру мен жұмылдырудың уақыт тезінен өткен тәсілі, бұл әлеуметтік мінез-құлықты қалыптастыру механизмі, бірақ бұл күштеп-зорлау тәсілі емес, қайта мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. Бұл орайда басқа да көзқарастар мен пікірлердің бо-

луы тәркі етілмейді. Өмір алға озып, қоғам мен мемлекет өмір сүріп отырған кезде әртүрлі идеологиялық ағымдар бола бермек.

КАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ЖАҒДАЙ

Қазақстан бұрынғы империяның көлеңкесінде бас сауғалап келген өмірден түбегейлі және түпкілікті бас тартып, нарықтық экономикасы әлеуметтік бағытталған және жаңа принципті түрдегі қоғамдық қарым-қатынастарға негізделген күшті егемен мемлекетті құруға кірісті. Саяси жүйе мен мемлекеттік құрылыс түбегейлі түрде өзгеріп келе жатқаны, республиканың демократиялық бағытқа, халықаралық нормалар мен принциптерге адалдығы айқын. Біз құрып жатқан қоғамның ең жоғары құндылығы — адам, бүкіл өзгерістердің бәрі сол үшін, соның игілігі үшін жасалып жатыр. Адамдардың заң жүзінде құқықтары мен бостандықтарының кепілдігі қамтамасыз етілген, топтасу, адамгершілік, ұлтаралық келісім, барлық ұлттар мен ұлыстардың теңдігі идеялары негізделген.

Осының бәрі — сайып келгенде реформаларды дәйекті түрде жүзеге асырудың берік негізі. Алайда, саяси және экономикалық жүйелердің ауысуына байланысты қоғамдық санада өзгерістер өздігінен болады деу сенімсіз болар еді. Бұл құбылыстың өзі айтарлықтай елеулі әрі күрделі, өйткені әлеуметтік өмірдің терең процестерімен, дүниетанымдық тағылымдардың өзгерістерімен, психологиялық таптаурындармен, сонымен бірге қоғам өмірімен, әрбір адамның тұрмыс салтымен байланысты. Әрі бүгін танда біздің бәрімізге қос

ауыртпалық түскен тәрізді: экономика мен қоғам өткен мен болашақтың ортасында сияқты. Артқа қайырылар жол жоқ екенін біле отырып, біз шаруашылық жүргізу жүйесінің, ғылымның, мәдениеттің, білімнің, рухани өмірдің бүгін таңда өткеннің сарқыншағынан арыла алмай отырғанын мойындауға тиіспіз.

Тап осындай жағдай қоғамдық санада да болып отыр. Өткен ғасырдың өзінде ғылымда “аномия” деген ұғым қалыптасқан болатын. Мұның өзі адамның қалыптасқан құндылықтар жүйесі қайтадан ой елегінен өткізіліп, бүкіл ғұмырлық мұраттардың бәрі түбегейлі түрде өзгерген жағдайда адамның абдырап-сасқан кезін білдіретіні шындық. Мұның өзі жеке адамға ғана емес, бүкіл қоғам үшін ауыр сын. Осыған орай қазақстандықтардың басым көпшілігі реформа жөніндегі бағытты қолдап отырғанына қарамастан, өзгерістердің қажеттігін білгенімен, былайша айтқанда, жүрекпен жете түсінсе де, ақыл-оймен мән-мағынасына ой-жүгірткен жоқ, адамдар өз болашағы үшін әлі сенімсіз, келешегін әлі де айқын көре алмай отыр.

Күнделікті тіршілігіміздегі күйкі күйімізді экономикалық жағдай үдетіп отыр. Мұның өзі қарапайым адам үшін ең алдымен, бағаның шексіз өсуінен, тұрмыс деңгейінің құлдырауынан, көптеген әлеуметтік проблемаларының шешілмеуінен көрініп отыр. Оның үстіне адамдарды саяси күрес-тердің ұшқарылықтары да адастырып отыр. Кейде саяси жымысқы алдап-арбаудың қоғамдық санада өзіне орын тауып жататын кездері де бар.

Бүгін таңда Қазақстанның саяси саласында қалыптасып жатқан жағдайды түсіну үшін баспасөздің беттерінде, партиялардың пікірталаста-

рында, экономикалық топтарда, сондай-ақ қоғамның қалың қатпарларында талқыланып жататын идеялардың мазмұнына мұқият талдау жасау қажет.

Саяси пікірлердің бүкіл күрделі жағдайының өзінде, ал олардың жиынтығы өте көп, қазіргі қоғамдық-саяси алуан түрліліктің екі полюсі ретінде социалистік және либералдық пікірлерді қарастырған жөн. Әрине, бұл қарапайым баяндау, бірақ мұның өзі бар болмысты толық көруге мүмкіндік береді.

Социалистік тұғырнама қоғамда белгілі бір дәрежеде жақтастар тауып отыр, бірақ реформалау кезеңінде оған иек арту, сірә жөн болмас. Социалистік мұраттарды оғаш, ретсіз әрі әділетсіз сынаудың кезеңі өтті, социализмнің кеңестік нұсқасында халыққа не бергенін және оның біз мүлдем қабылдамайтын жақтарына елеулі талдау жасайтын кезіміз жетті.

Кеңес өкіметі жылдарында жасалған қуатты өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы, бірегей технологиялық кешендер, жаппай сауаттылық, абаттандыру және басқалары Қазақстанды индустрия жолына көшірмей мүмкін емес еді. Біздің бүгінгі күш-қуатымыз — белгілі дәрежеде кешегі құрылыстың нәтижесі. Мұны тек пікірталас қызбалығына салынғанда ғана жоққа шығаруға болар.

Социалистік идеялардың әсіре жақтастары өткенді сағына еске алып, оның қайта орнауын қалайды, сөйтін “атқарылған істер” үшін тіпті саясаткерлерді жауапкершілікке тартуға шақырып отырған жайы бар. Мәселенің бұлай қойылуының өзі қисынсыз: оппозиция бүгін таңда өзінің назарын жеке адамдарға, кездейсоқ немесе уақытша

жағдайларға аударып отыр. Әрине, мемлекеттің ыдырауына сол уақыттағы жекелеген көшбасшылардың ықпалы болғаны белгілі. Алайда, қызбалыққа салынбай, шынайы тұрғыдан қарайтын болсақ, социализм әлеуметтік-экономикалық және саяси қарымқатынастар жүйесі ретінде түпсіз дағдарысқа тап болғаны айдан анық. Қазір енді кең ауқымдағы дағдарыс жөнінде айтуға болады.

Бұл — экономикалық дағдарыс. Қоғамдық жүйелер тиімділігінің түйінді өлшемі — бұл экономикалық тиімділік. Осы өлшем бойынша алғанда орталықтандырылған жоспарлы экономика, сайып келгенде, нарықты экономиканың алдында жеңіліс тапты.

Бұл — саяси дағдарыс. Боямаланған халық билігі мен ішкі партиялық бюрократияның төбе тобының қолына шоғырланған билік арасындағы қарама-қайшылық қисынды шегіне жетті. Сырт көзге қарағанда саяси құрылымдар демократияны сөз жүзінде ғана көрсетіп, шын мәнінде барлық шешімдер жергілікті және орталық деңгейде партия көшбасшыларының айтуымен қабылданды.

Бұл — ұлттық дағдарыс. Интернационализмді жариялағанына қарамастан, социалистік жүйе ондаған жылдар бойына халықтардың еркін дамуын қатаң түрде бұғаулап келді. Атап айтқанда, Қазақстанда, сарапшылардың бағалауы бойынша, күштеп ұжымдастыру жылдарында бүкіл қазақ ұлтының жартысынан астамы қаза тапқан және шетке кеткен. Елдің бүкіл халықтары орасан зор зардап шекті. Ұлттық дағдарыс — көп ретте экономикалық дағдарыстың салдары. Орталық пен аймақтар арасындағы қарым-қатынас жартылай отарлық сипатта болды. Республиканың экономи-

касына шикізаттық бағыт, оның шетін сипаты саналы түрде таңылды. Тап осындай жағдайда Қазақстан сыртқы рынокқа өз еркімен шықпауы үшін көліктік жүйе бойынша орталықпен және басқа аймақтармен қатаң байланысқан еді. Ішкі ұлтаралық шиеленіс тек күштеп-зорлаудың арқасында ғана тежеліп отырды. Жүйе күйрегеннен кейін бұрынғы КСРО-ның аумағында ұлтаралық жанжалдар мен соғыстар өрті басталды. Мұның өзі халықтың емес, өткендегі және қазіргі саясаткерлердің кінәсінен болып отыр. Тұтас халықтарды тікелей құртудан бастап ұлт тілдерінің қолданылу аясын тарылтуға дейінгі зорлық-зомбылық қайшылықтарды елемеуге соқтырды. Оларды шешудің басқа әдістері болған жоқ. Интернационализм туралы барлық мәлімдемелерге қарамастан ресми идеологияның тасасында белгілі бір халықтарда басқа халықтар туралы берік жаттанды теріс пікірлер қалыптасып жатты, мұның өзі тұрмыстық деңгейде күні бүгінге дейін жаны сірі күйінде қалып келеді. Барлық ұлттарды біртұтас әсіре этностық қауымдастыққа — кеңес халқы аталатын бір қалыпқа салу әрекеті айқын сәтсіздікке ұшырады.

Одан әрі — экологиялық дағдарыс. Социалистік экономикалық жүйенің абстрактілі-жалпы халықтықтық тұрғыдағы, ал іс жүзінде ведомстволық меншік тұрғысындағы ерекшеліктері министрліктер мен ведомстволардың шектен шыққан экологиялық қиянаттарына дұшар етті. Проблеманың мәні мынада болатын: жер мен табиғи ресурстарға бақылаусыз қожалық еткен ведомстволар сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан таза өндірістерге мүдделі болған жоқ және сөзсіз

қасіреттер үшін нақты жауапкершілік арқалаған емес. “Ешкімнің де иелігінде болмаудың” осынау өлшемі өткен тарих естіп-білмеген ғаламдық апаттарға киліктірді. Экологиялық сауатсыздық қоғам мен табиғаттың тайталасына әкеліп тіреді. Қазақстан бұл ретте аса қиын жағдайда қалды.

Семей ядролық полигоны қазақ халқына аса ірі қасірет әкелді. Қазақстанда ядролық қаруды, соның ішінде жер бетінде, сынауды жүргізе отырып, жүйе өз мемлекетінің азаматтарына қарсы адамзат тарихындағы ең қайғылы қылмыстардың бірін жасады. Тек біздің республикада ғана жарты миллионнан астам адам радиациядан зардап шекті. Олардың көпшілігі бойындағы күш-жігері толысатын кезде өмірден өтті, жүздеген мыңы денсаулығынан біржола айырылды. Балалардың бірнеше ұрпағы туғанынан өмір бойы мүгедек болып қалды. Сөйтіп, қазірде мүгедектер туып жатқан көптеген отбасыларында бұл қасірет әлі де жалғасуда.

Қазақстанға келген апаттың бірі — жер бетінен құрып бара жатқан Арал теңізі. Бұл қырсық кең байтақ Орталық Азия аймағының халықтарын шексіз азапқа салып отыр. Және оларды ғана емес: ғалымдар Аралдағы апаттың планетаның орасан зор аумағына ғаламдық бүлдіруші ықпалы бар екені туралы негізделген қорытындылар жасады.

Жүйе “жарқын болашақ үшін” күрес ретінде көрсетіп келген осы эксперименттерден ең алдымен Қазақстан халқы бәрінен де көп зардап шекті.

Біздің алдымызда адамдарға, жерге, жалпы алғанда табиғатқа келтірілген бүкіл шығынды есептеу міндеті тұр. Бұл тым болмаса апаттың шынайы ауқымын бағалау үшін және оның салдарын

жою жөніндегі шараларды белгілеу үшін қажет. Оның үстіне бүкіл дүние Қазақстандағы экологиялық жағдай туралы нақты түсінік алуға тиіс.

Имандылық дағдарысы. Идеологиялық рәміздер мен адамдардың нақты құндылықтары арасында шынырау пайда болды. Басқарушы топтың қосарланған моралі сан түрлі саяси шараларға — жиналыстарға, митингілерге, перулерге, т. б. формальды түрде қатысушы, жарияланған ұрандарға мүлдем иланбаған адамдарды осындай моральға душар етпей қоймады. Бүгін таңда бұл жүйенің оп-оңай ыдырай салғанына таң-тамаша қалушылар аталған жүйенің баяғыда-ақ халықтың сенімінен айрылғанын, ол халықтың біздің Батыстан барған сайын кейін қалып отырғанымызды және кеңестік экономиканың дағдарысқа қарай зымырап құлап бара жатқанын көріп, түсінгенін ұмытып отыр. Социалистік мұраттар соңғы жылдары тек мысқыл ғана туғызатын. Мұны жұрттың бәрі білетін, алайда, идеология билік басындағы іріктелген қалаулы топтың шамшылдығына одан әрі қызмет етуін табандылықпен жалғастыра түсіп, олардың мүдделерін жалпы мемлекеттік мүдделер ретінде ұсынумен болды. Болмыстан алшақ жатқан кеңестік қолтума идеологияның аңызы — ұлттардың ұласуы теориясы, мемлекет пен адамның өзара қатынасы практикасын еске түсірейік. Мұнда адамға “бұранда” рөлі ғана берілген еді. Ал ғылымға, әдебиетке, өнерге таңылған партиялық ше? Тіпті отанға сүйіспеншілік, жақынына деген қамқорлық, ата-баба дәстүрлеріне адалдық сияқты таза сезімдердің өзі “коммунизм құрылысшыларының моральдық кодексінің” тар аясына

сыйғызылған еді. Ал түптеп келгенде, бұл идеология емес, адамның имандылық ұстындарымен жалдаптық жасау болатын.

Алайда көптеген адамдар үшін ескі үміт-қиялдардан бас тартудың тым қиынға түсетінін ескерген жөн. Олардың сенімдерін мазақ етудің еш реті жоқ. Олармен сауатты да адал пікір таластырудың жөні бөлек.

Мынадай жәйттерді барынша айқын ұғыну керек: қазіргі жағдайда мемлекеттік тұрғыдан қайта бөлу, мемлекеттік жіктелу, идеологиялық біркелкілік арқылы келетін теңдік, жекеменшік пен нарықты тұншықтыру Қазақстанды дүниежүзілік қоғамдастықтан шеттетеді. Өткенге қайтып оралудың болашағы жоқ, ол тек қоғамды талқандап, азаматтық соғысқа киліктірмек. Мына жәйтті де ескеру аса маңызды, жер-жерде пайымдалып жүрген социализм аңызының — біздің бәріміз басымыздан өткерген аңыздың — тек ТМД-да ғана емес, сондай-ақ бүкіл дүние жүзінде күлі көкке ұшты.

Бұл жүйенің бірқатар пайдалы және практикада жүзеге асырылған жетістіктеріне қарамастан, кезекті тарихи тұйыққа тірелуге болмайды.

Қоғамдық ойдың тағы бір бағыты дәстүрге, халықтылыққа сүйенеді. Дәстүрлік идеологиясының социалистік идеологияның дағдарысымен қисынды байланысы бар. Шынында да, бұрынғы қасаң қағидалар жарамсыз болып қалған кезде неге назар аудару керек? Сірә, қарапайым әрі түсінікті, сонымен бірге әр халықтың өміріндегі терең имандылық пен рухани негіздерге — дәстүрлерге назар аудару керек. Оның халық өміріндегі рөлі еш даусыз. Мәдени дәстүрлер қашанда әлеуметтік қайта

түлеудің қайнар көзі болып келді. Өзінің тарихи, мәдени тамырларына қайта оралу — бұл, әрине, оң процесс. Сонымен бірге дәстүрлер мен қоғамдық прогрестің өзара қарым-қатынасын қарадүрсін түсіндіруден бас тартқан жөн. Қазіргі заманғы дүниенің тәжірибесі кейбір дәстүрлік құрылымдар қазіргі өркениеттің арнасына етене жалғасатынын сенімді түрде көрсетіп отыр. Тәжірибесіз жаңашылдықтың да болуы мүмкін емес. Нақ осы дәстүр адамның “жоғалып кетпеуіне”, өз тұрмысының сипатын қазіргі дүниенің күрт өзгерістеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда ұлттық тілді, өнерді, мәдениетті, соның ішінде тұрмыстық мәдениетті, отбасын дамытуға барынша қолдау жасалып отыр. Бұл орайда қоғамдық құрылымның көне формаларын жандандыруға, қазақ қоғамының XVIII—XIX ғасырлардағы территориялық ұйымдасуына тән рулық-тайпалық психология мен құқықтық көзқарас жүйесін қайта жандандыруға негізделген дәстүрлі сипаттағы саяси идеология мүлдем қабылданбайтын болады.

Қазақтардың Каспийден Қытайға дейін алып жатқан орасан зор аумағы әлдебір құрылымдық қалыптасуды, басты біріктіретін белгілі бір орталықтың болуын талап етті. Оның өзі түрлі аймақтардың тарихи дамуының ерекшеліктерімен түйісіп жатты, ал кейіннен патшалық құрылыстың әкімшілік бөлу жүйесін саналы түрде енгізуімен ұштасып жатты. Екінші жағынан шаруашылықты жүргізудің ерекшеліктері де ауқымдық мәселелерді айқын реттеуді талап етті. Сондықтан аймаққа қатыстылық әуел бастан саяси құрылыста елеулі рөл атқарып келді. Бірақ осының бәрін жи-

ырма бірінші ғасырға өзімізбен бірге ала барғанымыз жөн бе? Өйткені, қазақ халқының әлеуметтік және мәдени жүйелерінің қазіргі заманғы жағдайдағы даму қарқыны сол кезеңмен салыстыруға мүлдем келмейді.

Сонымен өз тарихымызда тиімді саяси тұтқаларды табуға деген ұмтылысты ішінара түсіне отырып, біз реалист болуымыз керек және өткен ғасырлардың саяси идеялар мен идеологиялық рәміздері осы ғасырдың аяқ шені үшін мүлдем жараспайтынын түсінуіміз керек. Айтқандайын, тіпті өткен кездерде де біздің ұлы ағартушыларымыз қазақ қоғамын жікке бөлуге жол бермеуге шақырған болатын.

Қоғамдық топтарда либералдық идеялар да танымал болып отыр. 80-жылдардың аяғы мен үстіміздегі онжылдықтың басындағы олардың салтанаты, жалпыадамзаттық мұраттардың басымдығын, жоғары құндылық ретінде адам құқықтары мен бостандықтарын баянды етудің табыстарына жаппай шаттану сезімі демократия мен демократиялық принциптердің түпкілікті жеңісі жөніндегі оптимистік қорытындыға жеткізгендей еді.

Бірақ бүкіл дүние жүзінде кезеңді либералдық идеология тұсында күрделі процестердің болып жатқаны жөніндегі түсінікті де үдете түсті. Егер планетаның басқа аймақтарын қозғамай-ақ, өзіміздің бұрынғы ортақ кеңістігіміз туралы айтар болсақ, онда қоғамда бел алып отырған әлеуметтік шиеленіс туралы айтпай өте алмаймыз, бұл шиеленіс кейде ең шетін түрде — қарулы жанжалдардан, саяси тайталастан, экономикалық былықтан, адамдардың не нәрсені болса да өзгерту мүмкіндігіне деген сенімін жоғалтудан көрініс табуда.

Өркениетті нарықтың қанат жаюының орнына барлық салада — қаржы, сауда, сыртқы экономикалық байланыстар саласында алыпсатар капитал екі бірдей серігі — қылмыстық элементтермен және номенклатураның жемқор бөлігімен жүген түйістіріп қатар келеді. Бұл процестердің осы заманғы дүниежүзілік нарықпен үш қайнаса сорпасы қосылмайды, бірақ олар ақиқат өмірде орын алып, либералдық идеологияның мәніне қарсы келуде. Ұлтаралық жанжалдар демократия туралы, жалпы адамзаттық қазыналар туралы пайымдаулар адамның өмірі мен қадір-қасиетін қорғауға әзірше дәрменсіз екендігін айқын көрсетуде.

Әлбетте, тоталитаризмнің мұраларын алға тарта отырып, либералдық идеология мен қатаң ақиқат шындық арасындағы қайшылықтарға түсінік беруге болады. Бұл дұрыс та болар еді, бірақ белгілі бір шекте ғана. Мұның мейлінше терең себептері де бар.

Либералдық мұраттар мен либералдық идеология — Батыс өркениетінің ұзақ та сан ғасырлық эволюциясының нәтижесі. Бұл идеологияның негізінде жеке меншік, жеке бастың психологиясы және демократиялық саяси институттар сияқты объективті алғышарттар жатыр. Олардың нышандары бізде әлде болмаған, әлде жүз жыл дерлік бұрын үзілген. Одан басқа, өркениетті мемлекеттерде либералдық идеяларды жүзеге асыруды жеңілдетуші қуатты құқықтық жүйе құрылған болатын. Осы объективті алғышартсыз бұл процесті жасау төтенше қиындатылған...

Республикада либерализм идеологиясының негізі және барынша бұқаралық тірегі — орташа

таптың жоқ екенін де көре білуіміз керек, ал оны қоғамтану ғылымында осылай атап жүр. Сондай-ақ нақты мәдени және тарихи жағдайда да ескеруге тиіспіз. Мәселе мынада, Батыстың либералдық идеологиясын Қазақстанға сол күйінде көшіре салу оны жүргізушілер кең мағынада, соның ішінде саяси тұрғыда да мәдениет сияқты құбылысқа келіп тіреледі. Оның сипаты мен мұраттарын табан астында өзгерте салуға болмайды. Саяси мәдениет тұрпатын нақты реформалар негізінде біртіндеп, өркениетті тәсілмен өзгерту қажет.

* * *

Осылайша, қазіргі Қазақстандағы саяси және идеялық бағыттарға жасалған талдау идеологиялық тұғырнаманың қалыптасуында өзіндік жол іздестірудің қажеттігін айғақтайды. Біз социалистік те, дәстүрлі де, либералдық та көзқарастарды өз бойына жинақтаған құндылықтарды да жоққа шығармаймыз. Алайда, Қазақстанның алдында тұрған міндеттер біздің көзқарасымызша, біршама басқа жалпы ұлттық басымдықтарды ой елегінен өткізуді талап етеді.

НАҚТЫ ТӘУЕЛСІЗДІККЕ

Біз өтпелі кезең туралы айтып отырмыз. Оның мән-мағынасы неде? Біз неге ұмтылудамыз? Конституцияда, атқарушы және заң шығарушы өкіметтердің құжаттарында, Қазақстанның кейбір партияларының бағдарламаларында баяндалған бірқатар нақты экономикалық және саяси бағыттар бар. Алайда, нақты міндеттермен қатар

ғаламдық мақсат та бар. Оған қол жеткізбейінше біз қоғамды реформалау жолымен ойдағыдай ілгерілей алмаймыз. Әңгіме республиканың нақты тәуелсіздікке қол жеткізуі туралы болып отыр. Оның көптеген ерекше белгілеріне, егемендіктің танылуы мен баянды етілуіне қарамастан, Қазақстан толық тәуелсіздік алды деуге ертерек.

Таяудағы жылдарда біз барлық күш-жігерімізді нақ осы процеске шоғырландыруымыз қажет. Қорыта айтқанда, бұл үшін мынадай өзекті проблемаларды шешуге — мемлекеттік бастауларды нығайтуға, құқықтық қоғам орнатуға, жаңа технологиялық, құрылымдық, институттық негіздегі толыққанды ұлттық нарықтың қалыптасуын қамтамасыз етуге тиіспіз. Мәселені осылай қою, тегінде, партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың, еңбек ұжымдарының, кәсіпкер топтардың, ғылыми және шығармашылық ұйымдардың, республика халқының барлық жіктері өкілдерінің түсіністігін табатын болар. Өйткені, аталған басымдықтардың жалпы мемлекеттік сипаты бар, оларды жүзеге асыру ісі Қазақстан қоғамын терең жаңғыртуға қабілетті. Егер біз осындай қажетті келісімге қол жеткізсек, онда мынадай сөзсіз шартпен де келісеміз: нақты тәуелсіздікке қол жеткізу қуатты саяси, интеллектілік, рухани қолдауды талап етеді. Бізге бұл бағыттарда тек экономикалық, ұйымдық, кадрлық ұмтылыстарды ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғамды топтастыратын ахуалды да жасауымыз қажет. Және де бұл жерде таяудағы да, сондай-ақ біршама әрідегі де перспективаға есептелген біздің ісімізді идеялық тұрғыдан ой елегінен өткізбей болмайды.

Біз үшін алдағы жұмысымыздағы басты саяси аспектілердің бірі мемлекеттікті нығайту болып табылады. Жалпы алғанда, бұл әлемдік өркениет тәжірибесінің заңды тұжырымы: терең дағдарыстар мен сілкіністер дәуірінде мемлекеттің реттеуші ықпалын күшейтудің объективті қажеттілігі пайда болады. Ал бұл, бірінші кезекте, дағдарыстан шығуды қамтамасыз ету, әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайды тұрақтандыру үшін қажет. Бұл орайда негізгі күш-жігерді біз атқарушы биліктің рөлі мен жауапкершілігін арттыруға, басқару көлбеулерін нығайтуға, күшті Президенттік басқаруды қалыптастыруға шоғырландыруымыз керек.

Келесі міндет — орталық мемлекеттік және жергілікті органдардың өкілеттіктерін заң жүзінде бөлу. Ол бойынша атқарушы және өкілдікті өкіметтер жергілікті жерлерде өздерінің проблемаларын шешуге барынша өкілетті болар еді. Сонда орталық құрылымдар сан түрлі ағымдағы жұмыстардан қолдары босайтын, саяси, экономикалық және әлеуметтік дамудың стратегиялық бағыттарына шоғырланатын болады.

Сот жүйесін де реформалау қажет. Өкінішке қарай, адамдар әлі де жергілікті жерлердегі сот билігінің беделі мен құқықтығына сенбейді. Соттардың әділеттілігі мен олардың қызметтерінің сындарлылығы туралы айтуға әлі ерте. Олар қоғам проблемаларынан аулақ жатқан тәрізді. Сот жүйесін барынша тиімді ету, оларды әсіресе жергілікті жердегі билікті құрылымдар тарапынан қысым көрсету мүмкіндігінен құтқару қажет. Бұл

реформаның мейлінше нақты жолдарының бірі — Жоғары сот кеңесінің ұсынысымен соттарды тағайындауды мемлекет басшысының заңмен бекітуі болмақ. Соттардың нағыз тәуелсіздігін нақ осылайша қамтамасыз етуге, әділ сотқа кез келген қол соғушылықтың жолын кесуге болады.

Көріп отырғанымыздай, Қазақстан мемлекеттігін құру процесі — күрделі, көп еңбекті қажет ететін, сан қырлы міндет. Бұл тұста ойланбаған асығыстық пен орынсыз жайбасарлық болмауға тиіс. Биліктің барлық тармақтарының өзара түсіністігін, өзара іс-қимылын қамтамасыз ету маңызды. Егер бір сәттік саяси пайда үшін мемлекет іргесін шайқайтын болсақ, біз болашақ ұрпаққа солақай тәрбие көрсетеміз.

Негізгі жалпыұлттық басымдықтардың қатарына түбегейлі әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыруды қосқан жөн. Бұл қазіргі Қазақстанның тәуелсіздік алуындағы өзекті мәселе. Реформалар тағдыры саяси саланы мемлекеттік басқарудың тұтқаларымен тікелей байланысты. Өйткені, Қазақстанның соңғы онжылдықтардағы дамуы өте күрделі де ауқымды процестермен сипатталып отыр. Нақ осы кезде республика аумағында бірқатар аса зор бағдарламалар жүзеге асырылды. Олар — тың және тынайған жерлерді игеру, өнеркәсіптің орасан зор шикізат базасын құру, ядролық және ғарыштық зерттеулерді жүзеге асыру.

Алайда, бұл процестердің экономикалық және әскери жақтарының сыртында осы бағдарламаларды жүзеге асыруда Қазақстанға сырттан енгізілген ұлттық, әлеуметтік және мәдени проблемалар зерттелмеген және ой елегінен өткі-

зілмеген күйде қалып келді. Сапалық ілгерілеу болды — қала халқының үлесі алғаш рет село-лықтар үлесінен асып түсті. Аймақтар дамуының әркелкілігі күрт күшейді. Елдің еуропалық бөлігінен орасан көп көші-қон есебінен халықтың ұлттық құрамы өзгерді. Ұлттың негізгі бөлігі ауылда шоғырланғанымен, қалада қазақ халқының айтарлықтай тобы пайда болды.

Осының бәрі саяси және мәдени бағдарларда аса күшті айырмашылықтардың пайда болуына душар етпей қоймады. Сонымен бірге сырт қарағанда идеологиялық бірлік әдейі баса және асыра көрсетіліп, айырмашылықтар мен проблемалар ескерілген жоқ. Нәтижесінде халықтың әртүрлі жіктерінің идеялық-саяси карама-қайшылығы өсе түсті. Олар бүгінде белсенді түрде байқалып отыр.

Міне, сондықтан да жаңа экономикалық көзқарасты қалыптастыру бүгінде айрықша орын алады. Ең алдымен бұл оның реформалар барысын жеделдетуге тікелей ықпалымен байланысты. Идеялар плюрализміне негізделген демократиялық, құқықтық қоғам идеологиясы меншік пен шаруашылықты жүргізу формаларына көзқарастар бейнесінің нақ өзі. Шынайы нарықтық тетіктер мен әлеуметтік бағдардағы көп укладты нарықтық экономика құруды біз өз алдымызға стратегиялық мақсат етіп қойдық. Яғни, біз жеке адамның экономикалық бостандығы мен экономикалық мүддесі талассыз болып табылатын осындай қоғам құру жолын тандап алдық. Ал пікірі мен рухани құндылықтарын еркін білдіруге мемлекет пен заң кепілдік береді.

Бұрынғы идеологиялық таптаурын атаулылар-

дың жанының сірілігінен бұл нормалардың орнығы кінәратсыз өте қояр ма екен. Бізде билікті деңгейде де, тұрмыстық деңгейде де реформаны ашықтан-ашық қабылдамаудың сирек кездеспейтіні ешкімге де күшія емес. Бұл жағдайда не істеуге болады: қатал бағыт тандау, мемлекеттің тікелей өктемдігін орнату, үкіметті сынағаны үшін оппозицияны қуғын-сүргінге салу керек пе? Айтқандайын, экономикалық реформаларды жүргізудің осы заманғы тарихында бұған мысалдар аз емес.

Қазақстандағы нақты қоғамдық-саяси жағдай республиканың халықаралық беделін түсіретін мұндай күш қолдану әрекетіне бармауымызға мүмкіндік береді. Тек мемлекеттікті нығайту мәселесіндегі сияқты, экономикада да үкіметтің және негізгі саяси қозғалыстар мен партиялардың реформа мәселелері жөніндегі айқындамаларын екі жақтан да өзара жақындастырмай болмайтындығын атап өткен жөн. Әрине, әңгіме әлдебір келісімпаздық, үкіметтің іс-қимылына сындарлы сынға тыйым салу, балама бағдарламалар белгілеу жайында болып отырған жоқ. Қауіп басқада. ТМД-ның бірқатар елдерінің тәжірибесі көрсетіп отырғанындай, ол ұлтаралық және саяси тұрақсыздыққа байланысты. Ал ол бірде-бір саяси партияның, көп ұлтты Қазақстанның бірде-бір тұрғынының мүддесіне сай келмесе керек.

Қазақстанның экономикалық кеңістік пен уақыт аясында суырылып алға шығуына шын көңілден мүдделі жұрттың бәрімен мәдениетті, өркениетті диалог қажет. Осының бәрін ескере отырып, экономика саласындағы идеологияның

негізгі принциптерін тұжырымдау қажет. Ол принциптердің бағыттары мыналар:

— әлеуметтік бағдарланған аралас нарықтық экономика құру. Бұл өндірістің бәсеке арқылы өздігінен реттелуін және экономикалық дамудың негізгі өлшем-ауқымының мемлекет тарапынан реттеліп отыруын ұштастыруға негізделген.

— өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау. Нақты материалдық игіліктер өндіретін салаларда, қызмет көрсету, құрылыс, көлік және сауда салаларында жеке кәсіпкерлік басым болатын барлық түрдегі өзіміздің кәсіпкерлікті қолдау;

— өндірісті құрылымдық жағынан қайта құру, отын-энергетика, металлургия комплекстеріне, азық-түлік және халыққа қажет тауарлар нарығына, коммуникация жүйесіне басымдық бере отырып, бірыңғай шикізат өндіретін бағытынан арылту;

— халықты әлеуметтік қорғау, әсіресе оның әл-ауқаты аз, еңбек етуге жарамсыз топтарын жұмыспен қамтамасыз ету, жұмыссыздықты, бетімен кеткен көші-қон процестерін жою;

— республиканың орталық “еуразиялық” геосаяси жағдайынан туындайтын экономикалық артықшылықтарын, мемлекетаралық байланыстар үшін экономикалық-саяси серіктестер таңдауда прагматизмді пайдалану.

Экономикалық тиімділік, жеке адамның өз басының экономикалық еркіндігі және жекеменшік деген бағдарлы ұғымдарды қалың бұқара түсінбейінше нарықты құруға болмайды. Тиісті әлеуметтік базасы болмаса бұл категориялар санаға сіңе алмайды, бұл базаны қалыптастыру енді ғана басталды. Мұндай жағдайда нақ мемлекет

өзіне жаңа экономикалық идеологияны қорғау қызметін алады. Мемлекеттің пәрменді идеялық қолдауынсыз нарықтық психология қалыптаса да алмайды. Бұл орайда шынайы нарықтық экономика оның құндылықтарын насихаттауды ғана емес, қажетті тұтқалары мен дағдыларын игеруді де талап ететінін түсіну керек. Қазақстанда мұндай тәсілдерді меңгерген кадрларды ауқымды түрде даярлауды тек мемлекет қана жүзеге асыра алары анық.

Мемлекеттік бастауларды нығайту құқықтық қоғам орнатумен бірге жүргізілуі тиіс. Бұл — жалпыұлттық абзал міндет. Сөз, ең алдымен, **республикадағы құқық мәдениеті мен құқықтық реформа** мәселелері туралы болып отыр, өйткені оларсыз қоғам өрге баспайды, ал тәуелсіздік толыққанды болмайды.

Өркениетті қоғамда құқық мәдениеті әр адамның жалпы мәдениетінің қажетті бөлшегі, әрбір лауазымды адамға қойылар кәсіби талап болып табылады. Тиісті құқық тәртібін орнықтырмайынша біздің экономиканы реформалауымыз, қоғам өмірінде демократиялық қалыпты өлшемдерді бекітуіміз неғайбыл болатындықтан, бұл жөнінде мейлінше салиқалы сөз қозғау қажет.

Нарық, ең алдымен, тауар өндірушілер мен тұтынушылардың қарым-қатынасын сапалы заңдар негізінде өздігінен реттеуді көздейді. Сондықтан мүлтіксіз жұмыс істейтін заңдарсыз ешқандай нарық та жоқ және болуы да мүмкін емес.

Демократия тежеусіз билеушіліктен де, босбелбеуліктен де толық ада мемлекеттік билікті қажет етеді. Оны міндетті құқық тәртіптерін сақтау арқылы ғана қорғауға болады, өйткені азшы-

лықтың, сондай-ақ, керісінше, көпшіліктің зорлық жасауы да бірдей қауіпті. Сондықтан құқық жоқ жерде демократия да жоқ.

Өркениеттіліктің нысаналы идеясы ретінде жеке адамның бостандығы жеке адамның егемендігін, кімнің болса да — бұл бала немесе ересек адам, жұмыс беруші немесе жалданушы, мемлекет шенунігі немесе қатардағы қызметкер екендігіне қарамастан, оның қол сұғылмас құқықтарын қорғауды көздейді. Мұндай заң жүзіндегі тең құқықтылық демократиялық жолмен қабылданған заңдарды жаппай жұрт орындаған кезде ғана орнығуы мүмкін. Әлеуметтік жанжалды тек сот қана өркениетті диалогқа айналдыра алады. Демек, құқықсыз бостандық та жоқ.

Құқық реформасы өзінің маңыздылығы мен күрделілігі жағынан экономикалық реформамен тең екенін атап өткен жөн. Құқықтық мемлекет құруды мемлекеттің өзінен бастау керек. Бұл нарықты экономиканың, демократиялық қоғамның қатаң талабы. Егер сапалы заңдар қабылданбаса — оларға үнемі түзетулер мен өзгертулер енгізуге тура келеді. Заңдар жұмыс істемесе — бұрынғысынша “телефондық құқық” жұмыс істейтін болады, адамдардың санасында құқықтық ойлау орнықпаса, — әкімшіліктің, тергеу және құқық қорғау органдарының қызметіне қол сұғушылар да табылады.

Егер біздің құқық идеялары салтанат құратын өркениетті қоғам орнатқымыз келетіні рас болса, онда әрбір азамат мектеп қабырғасында жүргенде-ақ құқықтың қарапайым бастауларын, біздің әрқайсымыз қарапайым есеп-қисапты білгеніміздей, игеріп алуға тиісті.

Кез келген егемен мемлекет сияқты, Қазақстан қорғанысқа қабілеттілігін сақтайтын, ұлт қауіпсіздігін нығайтатын болады. Біз әскери доктрина және әскери заңдар жиынтығын қабылдадық, оларды соғысты болдырмау шараларымен бірге республиканың егемендік пен аумақтық тұтастықты қорғау әдістері де тұжырымдалған. Біздің доктрина тек қана қорғаныс бағытына негізделген. Бұл орайда біз ТМД елдерінің доктриналарын ескердік және бірлесіп қорғану міндеттерін шешуде олармен ынтымақтастық жасауды көздедік. Алайда, әскери мәселелерде қандай жағдайлар қалыптасса да, мемлекеттер мүдделерінің тең болуын ескеретін саяси әдістер ғана халықаралық реттеудің өркениетті тәсілі болып табылады. Осы бағытқа адалдығын Қазақстан бірнеше рет дәлелдеді. Сонымен бірге біздің геосаяси факторды да мұқият ескергеніміз жөн. Әскери саладағы шешімдер барынша байсалды болып, аймақта сақталып отырған тұрақтылықты ешқандай жағдайда да бұзбауға тиіс.

Қорғаныс қабілеттілігін сақтау мемлекеттің аса маңызды қызметі болып табылады. Бұл тұста саяси аспектінің де маңызы бар. Біздің Қарулы Күштеріміз қазір қалыптасу кезеңін бастан кешіруде. Мемлекет оларға күнделікті қолдау көрсетіп келді және көрсете де береді. Республика әскері өзінің алғашқы қадамдарынан бастап әскери өзіндік артыруға, жастар үшін Отанға шынайы адалдықтың мектебі болуға, біздің халқымыздың шын мәнінде даңқты жауынгерлік және еңбек дәстүрлерін дамытуға міндетті. Сонымен бірге қоғамда Отан қорғаушыларына құрметпен қарау сезімін ор-

нықтыру қажет. Әскери қызмет орасан зор абыройлы болуға тиіс, әскердің халық арасындағы беделін мызғымастай ету керек. Мұнда көп нәрсе әскерилердің өздеріне де, үкіметке де, қоғамдық ұйымдарға да, бәрінен бұрын жастармен жұмыс істейтіндерге байланысты. Біз әскери қызметшілер өздерін екінші сортты адамдар деп сезінбеуі үшін әскердің төңірегінде кінәратты ахуалдың қалыптасуына жол бермеуге тиіспіз.

Мемлекеттің тәуелсіздігін нығайта отырып, біздің сыртқы саясаттағы бағытымызды талдап жасауды жалғастыруымыз керек. Біз Қазақстанның халықаралық бағыт бағдарына қойылып отырған назарды, көтеріңкі мүдделілікті сезіп отырмыз. Кейде республиканың сыртқы дүниеге шығуының бағытын алдын-ала белгілеуге айқын немесе жасырын әрекеттер де жасалуда.

Осыған байланысты өзіміздің географиялық жағдайымызды, этнодемографиялық және басқа факторларды ескере отырып, көп қырлы бағдар ұстану аса маңызды. Біздің халықаралық байланыстарымыздың негізіне таяу және алыс шет елдердің бәрімен өзара тиімді саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қатынастарды орнату ұмтылысы алынған.

Тарихи дамудың ерекшеліктерін ескере отырып, біз Россиямен, Орталық Азия республикаларымен, ТМД-ның басқа мемлекеттерімен ынтымақтастықты кеңейтуге бірінші кезекте көңіл аударамыз және ерекше көңіл бөлетін боламыз. Олардың көпшілігімен бізді тығыз бірлесу, одақтастық, соның ішінде қорғаныс келісімдері байланыстырып отыр.

Экономикалық одақты құру мемлекетаралық

байланыстарды, өзара шаруашылық іс-әрекеттерді нығайтуға, жаңа жағдайда ұтымды байланыстарды қалпына келтіруге, тиімді салалық ынтымақтастықты орнатуға, ақпараттық және мәдени алмасуды кеңейтуге қолайлы мүмкіндіктер туғызады.

Біз құрылықтық дамудың серпініне үлкен мән береміз. Біздің Біріккен Ұлттар Ұйымына ұсынған белгілі бастамаларымыз, сондай-ақ, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шараларын шақыруға, Азиялық экономикалық ынтымақтастық ұйымының қызметіне байланысты қадамдар дәл осыған негізделген.

Сыртқы саяси қызметте біз жалпы жұрт таныған халықаралық нормаларды дәйекті түрде ұстанып, өзімізге алған міндеттемелерді қатаң орындайтын боламыз. Егемен Қазақстанның қалыптасуындағы тағы бір аса маңызды фактор — онсыз идеялық тұғырнаманы құру мүмкін болмайтын ақпараттық тәуелсіздік туралы.

Біз барған сайын ауқымды ақпараттық алмасуға кеңінен еніп келеміз, бұл оң құбылыс екені даусыз. Алайда, бұл процесті қарабайыр түсіндіруге болмайды. Халықаралық ақпарат жүйесінің кеңеюі аймақтағы демократиялық процестердің өздігінен тереңдеуін білдірмейді. Әлемдегі ақпараттық арналар біркелкі тамыр жаймаған және қызмет ауқымы да әртүрлі, бұл ақпаратты мазмұндау тілдері тобының ауқымы шектеулі болуына және мемлекеттердің қаржылық деңгейі мен техникалық мүмкіндіктеріне байланысты.

Жас тәуелсіз мемлекеттер көбіне сырттан таңылатын пікірлердің қатал қысымына ұшырайды. Нәтижесінде өз қисыны бар аса күрделі ішкі про-

цестер сырт көзқараспен бағаланып, көбінесе үстірт, ал кейде біржақты түсіндіріледі. Бұл көптеген мемлекеттердің шынайы тәуелсіздікті нығайту жолында өзіндік кедергіге айналады. Алайда, сыртқы ақпарат көздерін жабу біз үшін өзімізді-өзіміз окшаулау болар еді.

Шығар жол ақпараттық хабарлардан саяси мақсаттарды көре білуде болмақ. Мемлекет ақпараттық тепе-теңдікті реттеп отыруға міндетті. Бұл ашық қоғам принциптеріне ешқандай да қайшы келмейді және сонымен бірге шынайы ақпараттық тәуелсіздікке қол жеткізуге байыппен жақын келуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда біздің бұқаралық ақпарат құралдарының республика мүдделерін қорғай білуі, дүниежүзілік саяси аренада өзінің ақпараттық кеңістігін құруды үйренулері қажет. Республикадан тыс жерлерде оқырманға жол табу керек, оның үстіне бізде өзіміздің сыртқы және ішкі саяси қадамдарымызды айшықты көрсетер негіздер жеткілікті.

* * *

Негізгі жалпы ұлттық басымдықтар осындай. Оларды бұлжымай ұстану бізді нақты тәуелсіздікке жеткізетін жолға шығарады. Бұл қоғамда бірлесу, тұрақтылық, рухани келісім жағдайын туғызғанда ғана мүмкін болмақ.

ИДЕЯЛЫҚ ТОПТАСУҒА

Қазір ұлттық қозғалыстардың, әсіресе, жаңа тәуелсіз мемлекеттерде орасан зор рөл атқаратынына ешкімнің де көзін жеткізіп жатудың қажеті

бола қоймас. Кез келген халықтың сана-сезімінің, мәдениетінің, рухының, салт-дәстүрінің, тілінің қайта өрлеуінен көрініс табатын ұлттық мүдделерді елеулі дәрежеде қорғайтын да нақ осы қозғалыстар. Ұлттық идеяны жүзеге асыру қоғамға көптеген оң нәтижелер берді. Мұны көрмеу, ұлттардың қайта өрлеуге деген табиғи ұмтылысын тек басқалардың құқықтарын шектеу немесе әлдебір үрдіске үстірт еліктеу, көбінесе сыртқы сипаты ғана бар өткенге үңілу деп қарау үлкен қате болар еді.

Жоқ, бұл адамның қалыпты жағдайына қайта оралу. Республика халықтары, бір жағынан, қазақ халқының санасында болып жатқан өзгерістерге түсіністікпен қарап, оған рухани және интеллектуалдық тұрғыдан қолдау көрсетуге тиіс. Екінші жағынан, жаңа жағдайда басқа халықтар да қалыптасудың күрделі процестерін бастан кешіп отырғанын, бұл да қазақ ұлты жағынан осындай түсіністік пен қатынасты талап ететінін көре білу қажет. Басқаларға бұлай қарамайынша, өзін, өзінің ұлттық қадір-қасиетін күштеп сыйлатуға болмайтыны әркімге де түсінікті болуға тиіс.

Көп ұлтты Қазақстанда жалпыұлттық мүдделерді жүзеге асырудың бір ғана жолы бар екені айдан анық. Ол қазақ ұлтының біріктіруші рөлі жағдайында барлық халықтардың теңдігін қамтамасыз ету. Кез келген басқа жол апатты қақтығыстарға, демократиялық реформалардың тежелуіне әкеліп соқтыруы мүмкін. Осыған байланысты біз үшін өзекті идеологиялық міндет ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету болып табылады.

Қазір Қазақстанның өтпелі кезеңдегі ұлттық са-

ясатының арнайы біртұтас тұжырымдамасын жасау өте қажет. Оған республикада тұратын ұлттар мен ұлыстардың өзіндік ерекшеліктеріне тән мұқтаждарын зерттеу, олардың еркін дамуына қатысты Конституция ережелерін жүзеге асыру кіруге тиіс. Бұл орайда мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың қызметі әуел бастан халықтардың өзара іс-қимылын дамытуға, қойылған мақсаттарға жету үшін олардың рухани бірлесуіне бағытталуы өте маңызды. Біздің міндетіміз — қоғамның көп ұлттылығын тұрақты бірлестіруші факторға айналдыру.

Бұл міндетті жүзеге асыруда білім беру жүйесі, отбасы, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттармен қатар ұлттық-мәдени орталықтар да маңызды рөл атқара алады. Олар тек ұлттық сана-сезімді сақтап қалу, өзіндік ерекшелігі бар руханилықты дамыту ошақтары ғана емес, сонымен қатар шынайы интернационализм мектептеріне айналуға тиіс. Өздерінің адамдармен тікелей жұмыс жүргізу мүмкіндігін пайдалана отырып, олар ұлттық шектелу мен оқшаулануды, шовинизмнің, ұлтшылдық пен сепаратизмнің көріністерін жою үшін көп іс тындыра алады. Олардың ықпалы ерекше тиімді болатын сала да бар. Бұл жерде біздің тұрмысымыз, адамдардың күнделікті өзара қарым-қатынасы айтылып отыр. Дәл осы салада кейде елеусіз болып көрінетін, бірақ қатерлі салдары бар ұлтаралық қақтығыстар шығып жатады.

Олар мемлекеттік институттармен қатар халықтар арасындағы мәдени байланыстарды дамыту, пікір алуандығын қамтамасыз ету, мәдениеттердің әрқайсысының еркін дамуы жағдайында

олардың барынша бірігуі үшін көп іс тындыруға қабілетті.

Осы тұрғыдан алғанда халықтар арасындағы келісімді, бірігуді жүзеге асыратын қызметті өз мойнына алатын үкіметтік емес бір құрылым керек болар. Ол Қазақстан халықтары форумының басшы органы бола алар еді. Оның құрамында барлық этностық топтардың өкілдері, белгілі қоғамдық қайраткерлер, республикадағы неғұрлым беделді адамдар, әкімдер болуын көздеген жөн. Қоғамдық ұйымдармен, ұлттық-мәдени орталықтармен бірлесіп, халықтың барлық жіктерінің күш-жігерін жасампаздық арнаға бағыттап, ол әртүрлі әлеуметтік және ұлттық топтардың өзара қарым-қатынасындағы тереңде жатқан процестерді зерттеп, елдің кез-келген аймағында ұлтаралық және әлеуметтік шиеленістерді болдырмауға бағытталған дәйекті саясат жүргізуге тиіс.

Осы ізгі іске қоғамдық қозғалыстар мен партиялар белсене қатыса алар еді. Ең алдымен реформаларды ілгерілету жолындағы қазақстандық қоғамды біріктіруге бағытталған бағдарламалық қағидалары бар қозғалыстар мен партиялар қатыса алар еді.

Ұлтаралық келісімді нығайтумен қатар Қазақстан қоғамының бірлесуі идеясын жүзеге асыра отырып, ұлт ішіндегі бірлікті нығайту да маңызды. Қазір бұл мәселе орын алып отыр, сондықтан міндет ұлттық идеяның біріктіруші, сындарлы рөл атқаруында жатыр.

Қазақтардың ішіндегі жүзге, руға, аумақтық топтарға бөлінудің тарихы мен табиғатын оның өткен уақытта және қазіргі кезде қоғамның дамуына әсерінің әртүрлі сипатын зерттеу тұрғысынан әлі де ой елегінен өткізу қажет. Бірақ мәселе мы-

нада, қазір ұлт ішіндегі бөлінудің жаңа, тіпті де зиянсыз емес үрдісі пайда болды. Қоғамдық өмірдің демократиялануын, аймақтардың белгілі бір дербестігін жергілікті төбе топтар ресурстарға жеке-дара бақылау жасау тұтқалары ретінде пайдалана бастады. Рулық тамыр-таныстықтың, туыстық және аумақтық бөлінудің әртүрлі формалары өкімет құрылымдарында, қаржы және қоммерция салаларында өркен жая бастады.

Жалпы алғанда, қазіргі ру-тайпалық идеология — бұл ішкі ұлттық ыдырау және бағдардан айырылудың өте қауіпті түрі. Сондықтан да мемлекеттік идеология өзегінің бірі рулық таптаурынды жою болуға тиіс. Ол үшін мүмкіншілік бар. Бұл, ең алдымен тарихи қалыптасқан ұлттық мемлекеттік. Бұл — Қазақстанның аумақтық тұтастығы. Бұл — сан ғасырлық мәдениеттің бірлігі. Осындай ұранмен бүгінде республиканың барлық халқы бірігуде, оның үстіне, олар қазақ халқын ұлттық бірігуге шақыруға тиіс.

Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз — қазақстандық отан шылдыққа тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін-өзі айқын билеуін қалыптастыру. Мамандар мұны “өзін-өзі теңестіру” деген терминмен атайды. Әңгіме мұнда тіптен де айқын заңдық мәні бар құқықтық актілерге қатысты азаматтық туралы болып отырған жоқ. Азаматтықты қабылдау мен өзін Азамат ретінде сезінудің арасында елеулі айырмашылық бар.

Өкіншке қарай, бүгінде біздің барлығымыздың бұрынғы КСРО-ның немесе ТМД-ның емес, тәуелсіз, егемен Қазақстан мемлекетінің азаматы екендігімізді түсінуіміз атүсті сипатта болып отыр. Оның үстіне, халықтың бірқатар жіктері бұрынғы

мұраттарын жоғалтып және жаңаларына ие бола алмай, бүгінде біршама абыржушылықты сезінуде. Ал мұның өзі оларды аты-шулы “әлеуметтік атомдар” дейтіннің жиынтығына айналдырады. Шынайы отансүйгіштікті, нағыз азаматтықты қалыптастыру жеке адамның өзін саяси тұрғыдан айқын сезінуін, өз Отанын саналы түрде таңдауын көздейді.

Әрбір адам біздің мемлекетімізге, оның бай да даңқты тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасау қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын әрі түсінікті болуға тиіс.

Сондай-ақ бұл міндет білім берудің, мәдениет органдарының, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының барлық жүйесіне, әрбір отбасына қатысты. Ал оны елдің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеуден, заңды, өкіметті құрметтеуге тәрбиелеуден бастау керек. Әрбір адам бала кезінен: Қазақстан — менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей еткен жөн.

Идеялық бірігудің сындарлы жұмысы арнасында қоғамда жоғары тіл мәдениетінің орнығуы мәселесі де болуға тиіс. Бұл проблема таяу уақытқа дейін тым күшті саясиландырылып келді. Ал оған осылай істеуге тырысқанындай, мемлекеттік тілді оқшаулау, оны басқаларға қарсы қою тұрғысынан емес, қайта керісінше, оның біріктірушілік рөлі тұрғысынан қарау керек. Қазақ тілі мәдениеттің бір бөлігі ретінде, барлық қазақстандықтарды біріктірудің қосымша факторы бо-

луға тиіс. Ол барлық ұлттар мен ұлыстарға қазақ халқының мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын, тұрмыс-тіршілігін танып-білудің негізі болып табылады. Оны оқып-үйрену мәжбүр ету арқылы емес, саналы түрде, жұрттың барлығы үшін бала жастан басталуы, ұйымдық және әдістемелік жағынан қамтамасыз етілуге тиіс. Және де, мұнда тұратын әрбір адам осындай көзқарастың қажеттілігін айқын түсінуі керек. Оның үстіне, барлық адамдар біздің заңдарымыз жалпы және соның ішінде Тіл туралы Заң оларды мемлекеттік және кез келген басқа тілді білу немесе білмеуі тұрғысынан қандай да бір шектеулер мен қуғындаудан қорғайтынын білуге тиіс.

Қазақ тілінің біріктірушілік рөлін көтеру мәселесі соңғы онжылдықтарда қазақ жастарының белгілі бір бөлігінің тілдік ортадан шет қалуынан да көкейкесті болып отыр. Ал мұның өзі ана тілді қолдану аясын жасанды тарылтудан шыққан.

Бұл проблеманы барынша өркениетті шешуге болады. Қазақ халқының осы бөлігінің өзіндік ұлттық тамырларынан нәр алуға деген тілегі зор, әзірлігі де жоғары. Демек, жағдайды шиеленістіре бермей, ақтандақтардың орнын толтыру үшін жағдай жасау керек. Ұлттық мәдениет, тіл өзіне табиғи да етене болған адамдар тарапынан оларға имандылық сергектік те қажет.

Тіл проблемасы жайында айтқанда, оны біздің ортақ мақсаттарымызбен байланыстыру қажет. Қазақстан әлемдік қауымдастыққа терезесі тең дәрежеде кіруге ұмтылуда, ал тіл жөнінен өзін-өзі оқшаулауы бұған еш сыйыспайды. Қазіргі дүниеде ақпараттың орасан зор ағынына қосылудың бір ар-

насы — орыс тілі. Сондықтан оны білу республика халықтары үшін оң фактор болып табылады.

Тұтас алғанда, барлық ұлттардың жастарының бойында тілдік мүмкіншіліктерін ұдайы байытып отыруға деген ұмтылысын тәрбиелеу қажет. Өз ана тілі және мемлекеттік тілмен қатар қазір Еуропа, Шығыс тілдерін де оқып-үйрену үшін қажетті жағдай жасауға міндетті.

Қазақстанда кез келген сындарлы, бүлдіргіш емес идеология біздің мемлекетіміз тек көп ұлтты ғана емес, сондай-ақ көп дінді екенін де ескеруге тиіс. Өмірге деген діни көзқарас жүздеген мың азаматтарға тән және әртүрлі діндерді ұстанушылар саны артып келеді. Діннің қоғамдағы орны да өзгерді. Таяуда ғана ол, жұмсартып айтқанда, тек шет жақтарда ғана болатын, қазір бұл — әлеуметтік және рухани өмірдің нақты бөлігі, Діннің қайырымдылық қызметі, атап айтқанда, денсаулық сақтау, білім және мәдениет (балалар үйі мен қарттар үйін, ауруханалар мен білім беру мекемелерін құру) саласында кеңейіп келеді. Қай діннің болсын адамгершілік қағидаларының негізіне жалпы адамзатқа ортақ мұраттар алынғаны бәріне де белгілі. Діни қауымдастықтар қоғамда жақсы ахуалды, бейбітшілік пен келісімді, руханилық негіздерін қолдау үшін көп іс тындыруда. Әртүрлі дінді ұстанатындар жаңа мемлекетті құруға өздерінің де қатысты екендіктерін сезініп, оны нығайту мен дамытуға бар ділімен мүдделі болуы маңызды. Дінге идеологиялық қарсы тұрудан бас тарту, Конституцияның және "Діни наным бостандығы және діни бірлестіктер туралы" Заңның қабылдануы бұл тұрғыдан кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Сонымен қатар мемлекеттің зайырлы сипаты кез келген дінді немесе атеизмді еркін таңдау мәселесін барынша демократиялық түрде шешуге мүмкіндік беретіндігін, әртүрлі діндердің теңдігін қамтамасыз ететіндігін баршаның санасына жеткізу қажет. Діни бірлестіктерді мемлекеттен бөлудің дін қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қолайлы мүмкіндіктер жасап қана қоймай, сонымен бірге олардың кез келген мемлекеттік институттар мен ұйымдардың жұмысына араласпауын да көздейтінін түсіну де маңызды.

Діни негізде саяси партиялар құру және діни бірлестіктердің саяси қызметіне жол бермеу туралы Конституция ережесін орындауға қол жеткізген жөн. Діни сезімдерді қоғамда жанжал туғызу үшін пайдалануға қарсы тұру, діни мекемелер қызметінің оң бағыттарына жәрдемдесу керек. Жаңа идеологиялық қағидалардың тиімділігі сондай-ақ негізгі қоғамдық күштердің, соның ішінде әртүрлі діндер басшылығының диалогты қаншалықты кең әрі табысты жүргізетініне, оған қатысушылардың Қазақстан халқының игілігі үшін өзара түсіністік пен ынтымақтастық жолын бірлесіп іздестіруде қаншалықты ерік-жігер танытатынына да байланысты.

Қоғамның бірігуін нығайтуға тұрақтылық, азаматтық келісім ахуалын құру елеулі әсер етеді. Бұл тұста мемлекеттің жаңа саяси институттармен — саяси партиялармен және қоғамдық қозғалыстармен жақсы жолға қойылған диалогына көп нәрсе байланысты. Жалпы алғанда, сапалық және сандық жағынан қалыптасқан көппартиялық туралы айтуға әлі ерте. Алайда, біз қоғамда саяси оппоненттердің көзқарастарына шыдамдылықты

тәрбиелеуге тиіспіз. Жалпы алғанда оппозиция — қалыпты, тіпті пайдалы құбылыс. Бірақ, ең бастысы, партиялар, қозғалыстар сындарлы рухта іс-қимыл жасап, сынампаздықпен айналыспай, шынайы сынмен айналысқаны жөн. Бізге жалпы әңгімелер мен сөз жарыстырулар емес, ортақ игілікке қызмет ете алатын белгілі бір бағдарламалардың идеялары мен нұсқалары қажет. Мемлекеттік органдар қазіргі кезде партиялар мен қозғалыстарға қатысты қоғамның бір бөлігінің мүддесіне емес, қайта жалпы мемлекеттік мүддені сақтауға жәрдемдесетін центризмді ұстануда. Біз алдағы уақытта да саяси тұрақтылықты нығайтатын құрылымдарды белсенді қолдайтын боламыз, сонымен бірге экстремистік идеяларға негізделген, Конституцияға қарсы, құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесетін боламыз.

Сондай-ақ саяси мәдениетті қалыптастыруда, біздер үшін жаңа саяси дәстүрлерді жасауда партиялар мен қоғамдық қозғалыстардың рөлі аса маңызды. Мұнсыз бірігу негізі ретінде тұрақтылыққа, азаматтық келісімге қол жеткізу қиын.

Тұрақтылық бізге реформаны жалғастыру, оның дұрыс қарқынын, тиісті кезенділіктерін анықтау үшін қажет екенін түсінген жөн. Атап айтқанда, жекешелендіруді жалғастыру үшін белгілі бір мәдени бейімделу қажет. Былайша айтқанда, қашан аялдау және өткен жолды байыппен талдау керек болған кезде өзінше бір “есептеу нүктесін” белгілеу қажет. Ол, түзету енгізу мақсатында ғана емес, сондай-ақ оған қоғамдық сана-сезімді әзірлеу, бойын үйрету мақсатында да керек. Мұндай тәсіл саяси реформалауда да өте

маңызды. Біз радикалдардың наразылығына қарамастан саяси жүйені біртіндеп өзгертуге саналы түрде бардық. Айтқандайын, кадр мәселесінде де асығыстықтың қажеті жоқ. Тұрақтылық біз үшін аса маңызды.

Революциялық секірістер көрінісі — қоғам үшін аса қауіпті дерт. Әлеуметтік-саяси революциялар — мемлекет дамуының ең тәуір тәсілі емес. Бүгінгі қазақстандықтар ұрпағының міндеттерінің бірі — эволюциялық тұрпаттағы тұтқалар жұмыс істейтін, оның жаңаруы дәйектілікпен жүретін қоғам құру.

Жаңғыру идеологиясының да біріктіргіш бастаулары бар, ал оның өзі күрделі көп деңгейлі құбылыс болып табылады. Бұл экономикалық реформалардың идеялық тұғырнамасы да, саяси институттардың өзгеруі де. әлеуметтік мінез-құлықтың жаңа тұрпаты да.

Бүгінде Қазақстандағы жаңғырудың қауіптілігі туралы айтып, 1930 жылдардағы қайғылы тәжірибені еске салған кезде, ондағы екі жағдайды ұмыт қалдырады. Біріншіден, әңгіме мүлдем басқа жаңғыру туралы болып отыр. Екіншіден, ол зорлық-зомбылықты сипатта емес.

Рас, күштеп ұжымдасытыру мен шаруашылықты жүргізудің басқа тәсілдеріне зорлап көшіру, санаулы жылдардың ішінде ең алдымен бүкіл тұрмыс салтын бұзып, халыққа аса зор соққы болып тиді. Ол кездегі жаңғыру саяси тұрғыдан алғанда қоғамның барлық салаларында тоталитарлық идеяның үстемдік құруына әкеліп тіреген болатын. Осы біржақтылықты біздің жеңуіміз қажет. Егер қоғамды жаңғыртпасақ, онда біз перспектива-

дан айырыламыз. Ал нашар нұсқасында белгілі бір формадағы тоталитаризм қалпына келетін болады.

Жаңғыру дамыған азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді. Ал бұл ең алдымен адамдардың ерікті түрдегі бірлестіктерінің жиынтығын: отбасын, қоғамдық ұйымдарды, діни, мәдени, шаруашылық бірлестіктерін, кәсіптік одақтарын және тағы басқаларын өз бойына жинақтайды. Олардың ортақ сипаттамасы — бұл шын мәніндегі ерікті, мемлекеттік емес және саяси емес ұйымдар болып табылады. Бұл адамдардың бүкіл жеке өмірі, белгілі бір әдет-ғұрыптары, дағдылары мен құқықтары. Бұл өмірдің сырт көздің араласуын қажет етпейтін саласы.

Осындай азаматтық қоғамның қалыптасуы тұрақты эволюцияны қажет етеді. Экономикалық түрғыдан оның негізі — мемлекеттік емес кәсіпорындар, яғни азаматтардың ерікті және жеке инициативалары негізінде құрған барлық шаруашылық бірлестіктері. Экономиканың осы секторы мемлекеттік сектор сияқты соншалықты маңызды болған кезде, экономикалық бостандық дәрежесі азаматтарға өз болашағын олардың өздерінің айқындауына мүмкіндік береді.

Әлеуметтік түрғыдан — бұл ең алдымен отбасы және азаматтардың саяси мақсаттар үшін құрылмаған барлық мемлекеттік емес қоғамдық бірлестіктері. Олар ғалымдар қауымдастығы немесе бұқаралық ақпараттың ресми емес құралдарынан бастап, спортклубқа немесе экономикалық ұйымға дейін өзгере алады.

Ақыр соңында, **идеялық түрғыдан** — бұл идеологиялық пікірлер алуандығы, нақты сөз бостандығы мен ождан бостандығы.

Қазақстанды жаңғырту әрбір азамат бостандығының шарты және жалпы алғанда қоғамдағы тұрақтылық болып табылатын азаматтық қоғамның қалыптасуын көздейді.

Бұдан басқа саяси институттарды белгілі бір жаңғырту және жаппай демократиялық сана-сезімді қалыптастыру қажет.

Демократияны әлдебір анархиялық бостандық ретінде утопиялық тұрғыдан түсіну шын мәніндегі демократиялық қоғамның саяси құрылысына сай келмейді. Шындығында олардағы саяси өмірді ұйымдастыру біршама өзгеше. Ондағы саясат кәсіптік қызмет саласына айналады, халық оған жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау мен бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қатысады. Бұқаралық митингілік анархия емес, қайта нақ осындай құрылыс демократия тұрақтылығының көрсеткіші болып табылады. Бұл жүйе көп партиялылықты, көптеген азаматтық қозғалыстарды, ұлттық-мәдени орталықтарды, экономикалық және мәдениет қорларын өзіне қосады. Бірақ ең бастысы, азаматтық қоғамда мемлекет жеке адамның экономикалық және жеке өміріне өзінің араласуын күрт азайтады.

Азаматтық қоғамның қалыптасуы құндылықтарды жаңғыртпайынша мүмкін еместігін де ескеру керек. Мемлекеттік әсіре қамқорлықтан бас тарту қажет. Әңгіменің кім туралы болып отырғанына — өзінің бар өмірін қоғамдық еңбекке арнаған зейнеткер туралы немесе еңбекке әбден жарамды адам туралы болып отырғанына — қарамастан мемлекеттің барлығы үшін және бәрі үшін жауапкершілігіне біздің етіміз үйреніп кеткен. Бұдан былай қолдау шын мәнісінде халықтың

оны қажет ететін жіктеріне ғана көрсетілетін болады. Мақсатты әлеуметтік саясат ең алдымен аз қамтамасыз етілгендерге, көп балалыларға, мүгедектерге, зейнеткерлер мен оқушыларға бағытталған. Бірақ бұл проблеманың бір жағы ғана. Кез келген экономикалық тұрғыдан дербес адам, әсіресе жеке секторда, экономикалық бостандықтың жауапкершілікті де талап ететіндігін түсінуге тиіс. Егер әртүрлі жағдайларға байланысты ол әлеуметтік осал жіктерге жатпайтын болса, адам өз игілігіне өзі жауап беруге тиіс. Өзінің материалдық және әлеуметтік жағдайына осы бір жоғары жеке жауапкершілік басты моральдық-имандылық нормаларының біріне айналуға тиіс.

Сондай-ақ, топтық таңдаудан жеке адамның өз таңдауына көшуді жүзеге асыру керек. Жаңа экономикалық, саяси және мәдени салада жеке бостандық, жеке таңдау асыл құндылық болып табылады. Қазақстан жеке бостандық пен таңдауға басымдылық беретін халықаралық құқықтық актілерге тактикалық ой-ниеттен қосылған жоқ. Бұл қазіргі дүниенің бұлжымас идеологиялық қағидасы. Топтық бақылаудың бұрынғы жүйесі қирап бітті. Ішкі өзін-өзі бақылау тұтқаларын жасау қажет, бұл тәрбиенің бүкіл жүйесін өзгертуді талап етеді.

Ақыр соңында, жаңа идеялық тұғырнаманы жүзеге асыратын институттарды айқындау қажет.

Біздің саяси майданнан кеткен идеология туралы айтқанда біз оның институттарының да, сол идеологияға қызмет еткен зор аппараттың да бірге кеткенін білеміз. Әрине, оны қалпына келтіру туралы әңгіме болуы мүмкін емес, өйткені біз идео-

логиялық қызметтің мазмұнына ғана емес, сондай-ақ ұйымдастырылуына да мүлдем өзгеше принциптер мен әдістерді жариялаған болатынбыз.

Алайда, кез-келген демократиялық мемлекеттердегідей бізде жүргізіліп жатқан өзгерістерге сай қазіргі заманғы білімдерді, қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық ақпаратты таратудың, имандылық құндылықтарын, мінез-құлық нормаларын насихаттаудың жүйесі жасалуға тиіс. Бұл үшін кәсіби аппарат керек. Оның қызметі біздің өміріміздің тіпті де оңай емес мәселелерін адамдардың түсіне білуіне, саяси-қоғамдық құбылыстарды, экономикалық, халықаралық проблемаларды талдай алуына көмектесу болып табылады.

Қоғамды реформалау ісі насихатшылар мен идеологтардың, оның ішінде бірінші кезекте мемлекеттік қызметшілердің терең білімдар топтарына сүйенуі қажет. Олар қалын бұқараға, әсіресе жергілікті халыққа экономикалық стратегия мен тактиканы белсенді түсіндіріп, жеткізушілер болуға тиіс. Біліксіз, кертартпа көңіл-күйдегі шенеуніктерді озық ойлы, саясаттану, әлеуметтану, психология негіздерін білетін, сенімі берік және қажырлы, терең пайымдауға және өз бетінше баға бере білуге қабілетті мамандар, нарықты басқара білетін адамдар ауыстыруға тиіс.

Қоғамның саяси мәдениетін қалыптастыруға, оның прогресс жолымен дамуына көмектесетін имандылық идеяларын жүзеге асыруға білім беру жүйесі, ғылым, мәдениет, шығармашылық ұйымдары, бұқаралық ақпарат құралдары қатысуға тиіс.

Идеялық күш-қуатты біріктіру тұғырнамасы жан-жақты талқылауды талап етеді. Қазақстан қоғамының жаңа дүниетанымын қалыптастыру ісі әлі бастапқы кезеңде тұр. Алайда біз өзіміздің ертенгі істеріміздің нақты бет-бағдарын көре білуге тиіспіз. Болашақ ұрпақтар бұдан да әріге көз сала жатар.

Бүгін таңда біз дәуірлік идеологиялық құрылымды орнатып жатқан жоқпыз. Алайда өтпелі кезеңнің биліксіз мезгіл емес екенін түсіну маңызды, оның өз даму қисыны, алысқа ұмтылған мақсаттары, идеялық негізделуі бар. Еліміздің болашақ өркениетті дамуының, өзіміз бара жатқан қоғамның негіздері нақ бүгін қалануда.

Біз бұрынғы ойлаудың құрсауынан, әлі өтпеген жолдан қорқудан арылуымыз керек. Жалпы алғанда біз дүниежүзілік өркениет із ашқан жолмен келе жатқанымызды түсінуіміз қажет. Бірақ біздің ерекшелігіміз бен қиындығымыз мынада: бізге дейін нарыққа көшуді мемлекеттікті құру мен қоғамды демократияландыру ісімен бір мезгілде ешкім де жүзеге асырған емес.

Қазақстан прогресс жолын түпкілікті таңдап алды. Бұл жолдан біз өзімізге іскерлік пен мақсаткерлікті одақтас етіп алғанда ғана асқақ идеяларды иемдене, ұлан-ғайыр материалдық және адамгершілік күш-жігерді жұмылдыра отырып қана өте аламыз.

БЕРЕКЕ БАСЫ – БІРЛІК

XVIII ҒАСЫРДЫҢ АСА ІРІ МЕМЛЕКЕТ
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІ ТӨЛЕ БИДІ, ҚАЗЫБЕК БИДІ
ЖӘНЕ ӘЙТЕКЕ БИДІ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛЫП
ОРДАБАСЫДА 28 МАМЫРДА БОЛҒАН
САЛТАНАТТА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Ардақты ағайын! Қадірлі меймандар!

Бүгін біздің бәрімізді осынау қасиетті биіктің басына бір ой, бір тілек, бір мақсат жетелеп әкеліп отыр. Өскісі, өркендегісі келетін елдердің қай-қайсысы да қадым замандардан бергі тарихын айрықша қастерлеп, ондағы дара тұлғаларды, ел болып еңсе көтерулеріне ерекше еңбек еткен асыл азаматтарын айрықша ардақ тұтатынын жақсы білеміз. Шүкір, біздің тарихымызда да елім деп еңіреп өткен ерлер, халық қамын жеген қайраткерлер аз болмаған.

Дешті Қыпшақты билеп тұрған Шәйбан тұқымымен ат құйрығын кесісіп, қол астындағы ұлыстарын Шу бойына алып келіп, Қазақ деген ел еткен Керей мен Жәнібектің орны бөлек. Бұрын бір-біріне тәуелсіз үш мемлекеттің құрамында жүрген көшпелі тайпалардың, үш жүз аталып, жаңа саяси одаққа бірігуін тиянақтап берген Ақназар ханның аты алты алашқа мәлім. Өз тұсында жаңа бой көтерген елдің есесін ешкімге жібермей, бір жорықта екі жүз мың кісіні атқа қондыра алған, өзінен кейін қасқа жол қалдырған Қасым ханның да қасиеті ерекше. Мықты білегімен де, түкті жүрегімен де айбынды атқа ие бола білген Еңсегей бойлы ер Есім мен Салқам Жәңгір де ел есінен мәңгілік орын алды. Есімнің

немересі, Жәңгірдің бел баласы Тәуке хандық құрған XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басы — қазақ елінің абыройы асып, көсегесі көгерген ерекше бір кезеңі болды. Бұл жайында белгілі тарихшы А. И. Левшин былай деп жазыпты: “Тәукенің атын атасақ-ақ бар қазақтың жүрегін алғыс кернеп, мақтаныш билейді. Қазақ ордасының Ликурғы, Драконты — сол адам. Тәуке алауыз болып, қырғынға бөккен елді сабаға түсіріп, ру мен рудың арасындағы талай жылғы қантөгісті тоқтатты, ақылы мен әділдігінің арқасында жұрттың бәрін өзіне мойынсұндыра білді, әлсіз рулардың басын қосып, әлуетті дұшпанға қарсы қоя алды, күштілерді тізеге салып, тәубесіне келтірді, баршаға ортақ заң жасап, сол бойынша билік айтты”.

Тәуке Қазақ хандығын бір орталықтан басқарудың нақты тетігін тапты, жыл сайын атақты Мәртөбеде үш жүздің игі жақсыларының басын қосып, ел өмірінің келелі мәселелерін талқылады.

Қазақ қоғамына осындай біртұтастық дарытып, ынтымақ орнықтырған ежелгі ереже-қағидалардың үлгілі нұсқасы, халықтың тәртіп-низамының, салт-дәстүрінің жүйелі жиынтығы — атақты “Жеті жарғы” еді. “Жеті жарғы” — дана бабаларымыздың “Қасым ханның қасқа жолы”, “Есім ханның ескі жолы” деп аталатын мемлекет басқару мен халық билеудің қалыптасқан жосықтарын негізге алып, сахараның сол замандағы тұрмыс-тірлігіне, қоғамдық, әлеуметтік ахуалын ескере отырып, келешектің қамын ойлап, жан-жақты байыпталған заңгерлік ұлы мұрасы еді.

Әрине, тарихтың талай соқталаңын бастан кешкен дала жұртының қабырғалы халық, іргелі ел

болып кете қоюы оңай шаруа емес еді. Ол екі тізгін, бір шылбырдың көреген көкірек, қайратты қолға тигенінің арқасы еді. Ел мен ер, тәуекел мен парасат біріге қимылдап, бірлесе қайрат көрсеткенінің арқасы еді. Ендеше сол бір жан-жақтан жау анталап, іргеден қиқу кетпей тұрған тұста күллі ұлтты түгел ұйытып, ұйымшылдыққа бастаған рухани ізденіске мұрындық болғандар кімдер еді?

Сондай даналардың ішінде дәуірдің үш кемеңгері деп танылған Әлібекұлы Төле бидің, Келдібекұлы Қазыбек бидің, Бәйбекұлы Әйтеке бидің орны бөлек. Барша қазақ баласы аттарын ардақтап, айтқандарын жаттаған осы үш бабамыздың ел алдындағы еңбегіне, халық қамын жеген қасиетті ісіне сөз жеткізіп баға беру қиын-ақ. Халық болып сақталғанымыз, міне бүгін егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тігіп отырғанымыз, тіпті басқасын былай қойғанда, ата-баба жерінде басымыз аман, бауырымыз бүтін жүріп жатқанымыз үшін бүгінгі ұрпақ осы аталарымыздың аруағының алдында бас иеді.

Үш данагөйдің өнегелі өмірі, ел қамын жеген адал еңбегі, топ бастаған көсемдігі, от ауызды, орақ тілді шешендігі, мүлтіксіз әділдігі жөніндегі айтар әңгіме аз емес. Олардың аузынан шыққан бітімді бата, кесімді баға, ордалы ой, бейнелі теңеу, төрт аяғы тең жорға толғаулар ғасырдан-ғасырға жұрт жадында жатталып бүгінгі күнге жетті. Осынау асыл мұра — билер сөзі кім-кімді де тандандырмай, тамсандырмай қоймайды. Билер данышпандығының бір ғана сәтін бүгінгі жиында еске түсіре кетейік.

Қалмақ Қонтажы: “Датынды айт” дегенде Қаз дауысты Қазыбек бабамыз:

— Біз қазақ деген мал баққан елміз, бірақ ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз. Елімізден құт-береке қашпасын деп, жеріміздің шетін жау баспасын деп, найзаға үкі таққан елміз. Ешбір дұшпан басынбаған елміз, басымыздан сөз асырмаған елміз. Достығымызды сақтай білген елміз, дәм-тұзды ақтай білген елміз, асқақтаған хан болса, ордасын таптай білген елміз. Атадан ұл туса, құл боламын деп тумайды, анадан қыз туса, күң боламын деп тумайды! Ұл мен қызды қаматып отыра алмайтын елміз. Сен қалмақ болсаң, біз қазақ, қарпысқалы келгенбіз, сен темір болсаң, біз көмір, еріткелі келгенбіз, қазақ, қалмақ баласын теліткелі келгенбіз. Танымайтын жат елге танысқалы келгенбіз, танысуға көнбесең шабысқалы келгенбіз. Сен қабылан болсаң, мен — арыстан, алысқалы келгенбіз. Жаңа үйреткен жас тұлпар жарысқалы келгенбіз, тұтқыр сары желіммін, жабысқалы келгенбіз. Берсең жөндеп бітімінді айт, не тұрысатын жерінді айт!— деп төгілткен екен.

Сонда Қонтажы не дерін білмей сасып қалған дейді.

Елім деп, жерім деп жанұшырған асыл аталарымыздың мұндай жан айқайын бүгінгі ұрпақ — біз айрықша айқын ұғынып, айрықша терең түсінеміз.

Сол бір халық тағдыры таразыға түскен тар кезеңге, елдің есінде “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама” деген атпен қалған қасіретті оқиғаға түп-тура 270 жыл толып отыр.

1723 жылдың ерте көктемінде бейқам жатқан

Қазақ еліне жоңғарлар бұрын-соңды болып көрмеген жойқын шапқыншылық жасады. Ел еңсесін езген қатал қыстан шығар-шықпаста, көтерем мал әлі шыр жимай жатқан кезде Шу мен Талас бойына тұтқиылдан тап берген дұшпанға қарсылық көрсетер қауқар болмай қалды. Бас-аяғы екі-үш айдың ішінде исі қазақ баласының басына қара түнек орнады, қазақ аспанын қасірет бұлты торлады. Желдің өтіндегі, жаудың бетіндегі өзге өңірлер тұрмақ, қасиетті Қаратаудың өзінен ел көшті. Сол кезде дүниеге келген атақты “Елім-ай” әнінің зарлы үні қазақтың ұланғайыр кең даласын түгел шарлап кетті. Бүкіл дала:

Мына заман қай заман, бағы заман,
Баяғыдай болар ма тағы заман
Қарындас пен қара орман қалғаннан соң,
Көздің жасын көл қылып ағызамын,—

деп “елім-айлап” күңіреніп жатты. “Елім-ай” елдікті жоқтады. “Елім-ай” ерлікке бастады. Дана халық өз бойынан елдікті де тапты, ерлікті де тапты. Еңсесі түскен елдің есін жиғызған, жапа шегіп зар жылаған халықтың көзінің жасын тыйғызған кімдер еді? Азаматынан айрылған арғымаққа қайтадан ер салдырған, тұтастық туын қолға қайтадан алдырған кімдер еді?

Иә, ағайын, бәріңіз білесіздер, олар да жаңа ғана аттары аталған қасиетті бабаларымыз Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би еді.

Үш ұлы би тарихтың дәл мұндай тар өткелінде бірліктен қалған жұрттың тірліктен де үміті үзілетінін ашық көрсетті. Қазақ батырларына үш жүзге сауын айтқызып, халықты алқалы жиынға шақырған да сол ұлы бабаларымыз болатын.

1726 жылы дәл осындай кезде, көктемнің жазға ұласар жайсаң шағында, Қаратаудың күнге бетіндегі оқшау биік Ордабасыда үш жүздің игі жақсысының, биі мен бегінің, батыры мен бағланының басын қосқан ұлы жиын өтіпті.

Ауыздан ауызға тарап, ұрпаққа жеткен әңгімеде сол жиында сөзді Төле би алып, сөзін Болат ханға арнапты дейді.

— Уау, Болат тақсыр! Тыным тапқан ел көрмей, шығын тапқан ел көріп қабырғам қайысып барады. Бұлаң кердей бұлықсыған еліңнің бүгінгі шерін тындар құлақ бар ма? Шандырағың күйреп, аңырауың жиілеп бара жатқан мынау күнде еліңнің бірлігін шындар шырақ бар ма? Тақсыр! Батқан күнге, туған айға бата ғып өткен халқың бауырын жаралап, жанын қаралап алдыңа тізіліп келіп отыр. Тынышын алған ойраттан намысын қайтарар күнді күтеді. Тынысын үзген жаудан туысын, танысын қайтарар шақты күтеді. Зар тілегіміз — бірлік. Соған құлай ұйысан, бейіл болсаң, жақыным, барым, бауырым деп құлшынған ықыласыңды түгел бер. Ортаға үлкен сыбаға түсіп тұр. Бөліп алып, таласып, жұлмалап әкетпе. Жұмыла кірісіп, кеңесіп шешіп, шын иесіне құс қылып қондыр. Ырғасып кіріспейік, жалғасып келісейік. Ол — бас сардарды тағайындау. Үш жүздің қолын басқарар бір білекті бетке ұстау, қауым боп қауқылдасып, іріленіп шоктық көтеру. Келелі тобыңа кеңесімді салдым, кірісіңдер де келісіңдер, ағайын! — деп бір тоқтапты дейді Төле бабамыз.

Осы Ордабасыда үш жүздің баласы бір бәтуаға келіп, ата жауға аттануға анттасқаны, Қаз дауысты

Қазыбектің ұсынысымен қазақ қолына бас сардар етіп Әбілқайырды сайлағаны бүгінде баршаға белгілі тарихи шындық. Бас біріктіріп, күш қосқан соң-ақ халқымыздың жалы күдірейіп шыға келді. Дәл сол жылы үш жүздің қолы жаз бойы қаруланып, соғыс өнерін ұштап, күзге салым Сарысу бойындағы Бұланты өзенінің жағасында жоңғар қолын қирата жеңгені де тарихтан мәлім. Сол жеңіс елдің еңсесін көтерді, өз күшіне сенімін арттырып, бірлікке үндей түсті. Қазақ сарбаздарының құрамында қонсы жатқан өзбек, қырғыз жұртының жаужүрек жігіттері де қолдарына найза ұстап, ортақ жауға тойтарыс беруге үлес қосты.

Халқымыздың жоңғар шапқыншылығына қарсы күрестегі ең ірі жеңісі — Балқаш бойындағы Аңырақай айқасы. Ойраттардың аныраған даусын күллі қазақ түгел естігендей болған соң шайқастан кейін ұрыс даласы Аңырақай аталып кеткені де белгілі. Бұл жеңіс те ұлы бабаларымыздың бастамасының, халықтың бірлігінің жемісі еді. Амал қанша, қазақ ол жеңістің қызығын ұзақ көре алмады.

Бұл кезде Орталық Азиядағы саяси жағдай бұрынғыдан да қиындай түскен еді. Патшалық Ресей бір жағынан, Цин империясы екінші жағынан қазақ даласына қос өкпеден қатер төндіріп тұрған болатын.

Үш ұлы бабамыздың даналығы, даралығы міне осындай қысталаң шақта ерекше білінді. Олар елдің ертеңін дәл болжап, ұрпақты сақтап қалудың, туып-өскен жерді сақтап қалудың жолында асқан кеменгерлік көрсетті.

Міне, осы сияқты бір мақсат жолында бірге

күрескен үш ұлы бидің өмірінен бүгін де біз алатын тағылым толып жатыр.

Құрметті қауым! Ғасырлар бойы халқымыз бойына жинақтап келе жатқан рухани бірлігіміздің тарихында кейде ақаулықтар да болып, өкіндіріп жүретіні рас. Соның бір дерті — Ресей империясының тұсында қазақ даласын отарлау барысында жүргізілген сұлтан, болыс сайлаулары кезінде ағайын арасына әдейі араздық дарытып, бір-біріне қарсы қоюшылық саясаты, сол арқылы бүкіл елдің ішіне іріткі салу әрекеттері. Бұл зымиян саясатты Кеңес Одағының тұсында да орталық басқару жүйелері асқан жымысқылықпен пайдаланды. Осы дерттен арылу-арылмауымыз бүгін таңда бүкіл ұлт тағдырын шешеді. Мұны әрдайым есте ұстауға тиістіміз.

Біз мына дүниенің ең қуатты қозғаушы күші — мүдде екенін, негізгі тарихи қадамдарымыздың сол мүдде ортақтастығы қағидасына сай жасалу керектігін де ерте ұғып, ерте жүзеге асыра алдық. Бұл ақиқат қағиданы да санамызға ерте сіңірген осы дана билеріміз еді.

Жер жақындығы тағдырың мен тарихынды жақындастырмай қоймайды. Тағдыр жақындығы мүдде жақындығын туғызады. Мүдде жақындығы жоқ жерде жер жақындығы мен шекараластықтың да бақастық пен дұрдараздық өрбіткеннен басқа бітірері шамалы. Адам мен адамды, халық пен халықты, мемлекет пен мемлекетті жалғастырар ең берік дәнекер мүдде жақындығы. Бүгінде Орталық Азияда қоян-қолтық жатқан бауырлас елдердің бәрінің мүддесі біреу. Ғасырлап күтіп, әзер қолы жеткен азаттықтан айрылып қалмау. Ол үшін ішкі татулықты да, сыртқы татулықты да көздің

қарашығындай сақтай білу. Бауырлас, тағдырлас өзбек, қырғыз, тәжік, түрікмен ағайындармен әуелден де тату-тәттіміз. Оның бір дәлелі — Өзбекстан басшылығының шақыруы бойынша мен осы жиын алдында басына барып, тәу етіп қайтқан Төле би бабамыздың туысқан елдің астанасы — Ташкентте жерленгені, бейітінің қадірленіп күтілетіні. Осы риясыз достық сезімі үшін де біз өзбек бауырларымызға, осы елдің тұңғыш Президенті Ислам Каримовке шын ризашылығымызды білдіреміз. Мүдде жақындығы біздерді баяғыда іргеден қол салған басқыншы дұшпандарға қарсы бірге күресуге шақырды, мүдде жақындығы кеше ортақ тағдырымызды фашизмнен бірге қорғатты. Ежелден ағайын-дос қырғыз еліне, оның Президенті Асқар Ақаевқа игілік пен баянды болашақ тілейміз. Тарихта біздің елдеріміздің арасына от жағып, сырттан қақтығыстыру әрекетін жасағандар аз болған жоқ. Дегенмен бірге болған кезде қандай жаудан да басым түсіп жаттық. Дәл қазіргі кезеңде де біздің халықтарымыздың бірлігі егемендігімізді, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өте қажет деп санаймын.

Бүгінде Қазақстан айдай әлем алдында экономикалық қуаты үлкен, болашағы зор республика ретінде ғана емес, қоғамдық-саяси ахуалы тұрақты, келешегі сенімді мемлекет ретінде де абыройы асып тұрса, ол да ең алдымен сол тағдыр ортақтастығын, мүдде ортақтастығын қастерлей білуіміздің арқасында мүмкін болып отыр.

Сондықтан да біз жақында өткен республикалық кеңесте таяу жылдардағы ең басты міндетіміз — ынтымақтастық идеологиясын түпкілікті орнықтыру деп белгіледік. Қазақстан — осы ұлан-

байтақ өңірді мекендеп жатқан барша ұлт пен ұлыстың ортақ Отаны деген қарапайым да қастерлі қағиданы бүгінгі адамдардың да, келер ұрпақтың да санасынан бір сәтке шығармауымыз керек.

Осындай татулықтың үлгісін барша жұртқа ең алдымен бұл жердің ежелгі иесі, біз — қазақ халқы көрсетіп, бүкіл Қазақстан халқының тату тұруының ұйытқысы болатынымызға сенемін.

Тәуелсіздік туын қолда берік ұстау әрбір қазақтың, Қазақстанды өз Отаным деп санайтын әр адамның ең басты борышы, ең биік мақсаты. Құқықтық мемлекетке, демократияшыл қоғамға тән заңдылық қағидасын қатаң сақтай алсақ қана, ол борышты адал ақтап, ол мақсатқа қапысыз жете аламыз.

Конституцияны білу, заңдылықты сақтау — құқықтық мемлекет құрудың бірінші шарты. Әз Тәукенің тұсындағы қазақ қауымының дәуірлеуі ең алдымен осы заңға жүгінуге байланысты болғанын ұмытпағанымыз жөн. Заңды жетік білмейінше, оны сыйламайынша, берік ұстанбайынша біз өмірдің қай саласында да қиыншылықтан арыла алмаймыз.

Біздің болашағымыз — жастар. Біз жастарды жаңа өмірге бейімдей білуіміз керек. Келмеске кеткен кешегі күнді көксеп, “бұрын жақсы еді, арзаншылық еді”, “бұл нарық қазаққа қол емес, бұл бізді кедейлеткеннен басқа ештеңе бермейді” дегендей арзан сөзді жөнді-жөнсіз айта беретін кейбір ағаларымыз өз балаларының обалына өздері қалуы мүмкін. Қазақтың ұл-қыздары өмірдің қай саласына да қабілетті екендігін көріп жүрміз, қазірдің өзінде жастар маркетингтің, менеджменттің, коммерцияның, компьютерлі техни-

каның қыр-сырын жақсы меңгеріп қалды. Жастарымызды заңды игеру, құқықты, өркениетті мемлекет құру, жауапкершілігін арттыру бағытында бейімдеу аға ұрпақтың борышы болса, жас ұрпағымыз ХХІ ғасырдың ауыр жүгі өздерінің иығына түсетінін сезінгені абзал. Қырандар түлегін қияға самғатып баулитыны аян. Біз де жеткіншек ұрпағымызды босбелбеу тірлікке емес басқалармен бірдей бағын сынап, есесін жібермейтіндей нартәуекел мен іскерлікке тәрбиелегеніміз лазым.

Қазақ тарихында тұңғыш рет тұрақты әскер құрдық. Елімізді, жерімізді, бостандығымызды сақтау үшін бұл бізге қажет болды. Кезінде қазақ даласының әр түкпірінен осы Ордабасыға жиналып, елім, жерім деп еңіреген, бастарын ажалға байлап, қан төккен ата-бабаларымыздың әруағы разы болсын десек, біз елімізді қорғауды азаматтық та, перзенттік те борышымыз деп санауымыз керек. Тәуелсіздігімізді, егемендігімізді алдымен өзіміз қорғамасақ, кім қорғайды?! Біздің туған жер ұғымының аясын әбден тарылтып жібергеніміздің салдарынан талай адам өз облысын, өз ауданын ғана туған жерім деп танитын таяз түсініктен әлі арыла алмай жүр. Оқу бітірген жастардың қайткенде де аулына оралуға тырысып, мамандығы бойынша жұмыс табылмаса да ата-анасының жанынан шықпайтын психологиясын құптай беру қиын.

Табиғаты сұлу, топырағы құнарлы небір шұрайлы өлке, өңірлеріміз отаншыл жастарымыздың перзенттік жүрегі мен қуатты білегін күтіп жатыр, ағайын. Бір шаңырақтың түлектері Қазақстан дәулетін асырар сан салада еңбек етсе, бір атаның отаулары кең байтақ даламыздың қай тарабынан

да табылып жатса, жаман ба?! Ендігі жерде біз бәріміз бір атаның — қазақ халқының — ұлымыз. Ендігі жерде бәріміздің де туған жеріміз біреу — ол жалпақ Қазақ даласы. Оның қай атырабының да тілегін бірге тілеп, тауқыметін бірге көтеруге, өзімізді өзіміз көкіректен кері итермеуге, сен ана-усың, мен мынауымын деп алаламауға үйренуге тиіспіз. Осыдан үш ғасырдай бұрын бас қосқан, қазақ даласын қорғау жолында шәйіт болған бабаларымыздың негізгі аманаты осы.

Қазақстандықтар бұрынғы құқықсыз өмірден біржола бас тартты, өзінің әлеуметке бағдарланған нарықтық экономикасы және жаңа қоғамдық қарым-қатынастары бар күшті егемен мемлекетін құруға кірісті. Қоғамымыздың ең қастерлі қазынасы адам болып табылады, оның құқығы мен бостандығына кепілдік беріледі деп заң жүзінде жарияладық, республикадағы барша халықтың тең құқылығы қамтамасыз етіледі деп кепілдік бердік.

Мен бұл арадағы сөзімде республикадағы әлеуметтік-экономикалық жағдай, өтпелі кезеңнің күрделі мәселелері, оларды шешудің жолдарын табу бағытындағы ізденістеріміз, іркілістеріміз туралы баяндаудан тартынғалы тұрмын. Олар жөнінде айтып та, жазып та жүрміз. Өздеріңіз теледидардан көріп, газеттерден оқып жатырсыздар. Сөз орайы келгенде, қымбатты ағайындар, осындай қиын шақта Президенттің, үкіметтің саясатына қолдау көрсетіп, ұстамдылық, сабырлылық таныта білгендеріңіз үшін, біздің бүгінгі таңдағы басты байлығымыз тыныштық, ұлтаралық жарасым екенін терең түсінгендеріңіз үшін шын жүректен разылық білдіруді парыз санаймын. Осы әрекеттің барлығы ең алдымен қазақ халқының болашақ ұлы

мүддесіне бағытталғанын түсінгендеріңіз үшін тағы да разылығымды білдіремін.

Республика үкіметі жақында дағдарыстан шығу жолындағы шұғыл шаралардың бағдарламасын белгіледі. Шетелдердің іскер топтарымен ірі-ірі келісім-шарттар жасалып, инвестициялар келе бастады, өнім көлемін сақтап қана қоймай, бұрынғыдан да өсіруге қол жеткізіп отырған кәсіпорындар қатары көбейіп келеді. Ең бастысы — халықтың нарыққа көзқарасы аздап болса да өзгере бастады. Көзін тауып еңбек ете білсе, ерінбесе, бойкүйездіктен, масылдық психологиядан арылса, адамша лайықты өмір сүруге, тіпті дәулетті тұруға да мүмкіндік ашылғанын қазірдің өзінде талай жұрт түсініп қалды. Ал алаңсыз, өнімді еңбек етудің негізгі кепілі — қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығы. Мұны мен республика Президенті ретінде ең басты мақсат деп санаймын.

Осы мақсат жолында жаңа нақты қадамдарды да ойластырып жатырмыз. Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру идеясы көптен айтылып жүр. Бұл ұсыныс республика халықтарының форумында да қолдау тапқан болатын. Үкіметтен тыс тұратын, қоғамдық ұйым ретінде ойластырылған мұндай ассамблея біздей көп ұлтты мемлекеттің бітім-болмысына сәйкес келер еді.

Ардақты ағайын!

Үш ұлы бабамыз сонау бір қилы кезеңде осы Ордабасының биігіне шығып, терістіктегі Арыс пен Бөгенге, күн шығыстағы Қазығұртқа, Арқа жақтан мұнартқан Қаратауға қарап тұрып, ел бірлігі, халық ынтымағы туралы кезек-кезек ой толғаған екен. Осы Ордабасы биігінде киіз туырлықты

қазақ атаулы ауызбірлікшіл болуға серттескен екен, Әбілқайырдай бас сардарын сайлап, ата жауға аттандырып салған екен. Кейін айбынды Абылай хан, Бөгенбай, Қабанбай, Жәнібек, Наурызбай, Райымбек, Есет, Бөкенбайлардай талай-талай мықты білек, түкті жүрек батырлар сонда айтылған армандарға түгел жетіп, қазақ даласының төрт тарабын да басқыншы жаудан түгел арылтып алғанын білеміз.

Енді сол бабалар алып берген кең байтақ өлкемізді түгел құлпыртып, түгел көркейту — бүгінгі біздер мен ертеңгі жеткіншектердің үлесіне тиіп тұр. Азаттыққа жетер жолдың қаншалықты ұзақ, қаншалықты тауқыметті екенін көрдік. Ал азаттықты баянды ете білудің де оңай шаруа емес екенін түсіне бастадық. Осы арада тағы да ұлы бабалар даналығын еске аламыз: “Елдің бағын ашпаса, ер мұратқа жетер ме! Ерінің сағын сындырса, ел мұратқа жетер ме?! Ел тірегі — ері, ер тірегі — елі бола білген қауымның басынан бағы кетер ме?! Есті ерінді ез тұтсаң — өзінді өзін қорларсың, есерінді ер тұтсаң — іргеніңден жау кетпей, төрініңден дау кетпей, сойқаннан сойқан жолыңың, сорларсың да зарларсың. Ел мұраты — көрешек, ер мұраты — келешек. Көрешегін күйттеген — түбі қоймас сүрінбей, келешегін күйттеген — түбі қоймас сүйінбей. Жетелі ер адаспас — бағзыдан қалған із бар ғой”, — деген екен Әйтеке би Күлтөбедегі бір жиында.

Кешегі келеңсіз күндерде бабадан қалған сөзден жаңылып, бағзыдан қалған ізден адасып қала жаздаппыз. Талай-талай алқалы кеңес өткен атақты Күлтөбе баяғыда жыртылып кетіпті. Сай-

рам түбіндегі Мәртебе күні кеше құртылып кетіпті. Қасиетті орыннан қалғаны — Ұлытау мен осы Ордабасы бауырында бабалардан түскен із әлі сайрап жатыр. Басында бабалар дауысы әлі саңқылдап естіліп тұр. Енді сөзден жаңылып, ізден адасар еш ретіміз жоқ.

Бүгінгі жиын — сол жаңылмағандығымыздың, адаспағандығымыздың куәсі.

Бізді де бұл киелі төрге арманды тілек, елім деген перзенттік жүрек алып келіп отыр. Біздің де ойлағанымыз — бірлік. Біздің де аңсарымыз — еліміздің көсегесінің көгергені, дәулетті де сәулетті өмір сүргені. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би заманындағы басты мақсат — бар қазақтың бірлігі болса, бүгінгі басты мақсат та дәл сол. Жалғыз-ақ айырмасы — қасиетті бабаларымыз басын қосып берген қазақ халқы енді бүкіл Қазақстан халқының бірлігіне ұйытқы болуға тиіс. Осы мақсат жолында республикадағы барлық ұлттар өкілдерінің бір кісінің баласындай, бір қолдың саласындай күш біріктіргені лазым. Болашағымыз баянды болсын, балаларымыз бен немерелеріміз де ата-бабаларындай тату тұрсын десек, осындай алмағайып уақытта, жоқшылық жүйке жұқартып тұрған жіңішке шақта баршамыз саналылық пен парасаттылық көрсетіп, байсалдылық пен ұстамдылық танытуға тиіспіз. Мен мемлекет басшысы ретінде Қазақстанның көп ұлтты халқы осынау сәтте тарихи жауапкершілік көрсете біледі деп кәміл сенемін.

Береке басы — бірлік.

Бірлігіміз берік болса, болашағымыз баянды болары даусыз.

Лайым, ынтымағымыздан айырмасын!

Толық тәуелсіздікке жетудің ұлы жолында бізді халқымыздың үш данасы, үш көсемі, қасиетті бабаларымыз — Төле бидің, Қазыбек бидің, Әйтеке бидің әруағы қолдап жүрсін!

АШЫҚ БОЛУ ИДЕЯСЫ ҰНАЙДЫ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ ЖӘНЕ ДАМУ ҰЙЫМЫНДА ШІЛДЕ АЙЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Біз Ыстанбұлда аса жауапты міндетпен — өз халықтарымыздың мүддесіне сай экономикалық прогреске қарай бірлесе ілгерілеу міндетіне кірісу мақсатымен бас қосып отырмыз. Қазақстанда бұл кездесуге зор мән беріп отыр.

Экономикалық ынтымақтастық ұйымына қатысушы елдер потенциалының аса жоғары екенін ескере отырып, осы ұйым шеңберіндегі ынтымақтастық перспективасы аса зор деп санауға болады. Осында қаралып отырған Ыстанбұл Декларациясы мен квота жоспары болашақты мензеген ұзақ жылдарға арналған экономикалық әріптестіктің негізгі кезеңдерін белгілеп берді.

Бізге, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының оған кез келген мемлекеттің кіре алатындай ашық болу идеясы, ұйымның экономикалық сипаты ұнайды. Геосаяси жағдайына, тарихи дәстүрлеріне сай Қазақстанның Азиядағы көршілерімен тығыз іскерлік ынтымақтастыққа ұмтылуы табиғи нәрсе.

Ұнтымақтастықты барынша пәрменді ету және

экономикалық байланыстарды дамыту жолдарын ой елегінен өткізіп, іздестіруде ТМД-дағы мемлекетаралық өзара қатынастар тәжірибесі экономикалық ынтымақтастық ұйымына белгілі бір пайда келтіре алады. Жаңа тәуелсіз мемлекеттер өзара іс-қимылдарының ара салмағын аса мұқият екшеуге, сыртқы экономикалық байланыстардың ықтимал нұсқаларын таңдауға асқан жауапкершілікпен қарауы керек. Ондай нұсқалар онша көп те емес. Солардың бірі — біздің халықтарымыздың мүддесіне сай ТМД мен Экономикалық ынтымақтастық ұйымы арасындағы өзара тиімді қатынастарды жолға қою. Ресеймен, Украинамен және Закавказье мемлекеттерімен ынтымақтастық баршаға да қайтарым берген болар еді.

Азияаралық темір жол магистралін төсеу мен біздің астаналарымызды жалғастыратын халықаралық темір жол магистралін ашу, мұнай-газ құбырларын жобалап, тарту, осы заманғы телекоммуникациялар жүйесін жасау жұмысын жеделдету өте қажетті болып отыр. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы, сауда мен кеден саясаты, тауарлар транзиті, айналадағы ортаны қорғау, қылмысқа және нашақорлыққа қарсы күресу, кадрлар даярлау, мәдени алыс-беріс, туризм салаларындағы ынтымақтастық мәселелеріне де назар аудару керек.

“Солтүстік — Оңтүстік” және “Шығыс — Батыс” бағыттарында көлік және коммуникация тасқынын ұлғайту перспективалы іс. Каспий теңізі арқылы Иранға шығу, автокөлікпен Иран арқылы Түркияға және басқа мемлекеттерге жүк жеткізу, оңтүстік Каспийдегі Иран порттарын Экономика-

лық ынтымақтастық ұйымы елдерінің мүддесі үшін пайдалану проблемасын шұғыл шешуге шақырамын.

Осы ұйымға мүше әрбір мемлекеттің, ондағы өзінің орнын, өзінің нақты үлесін нақпа-нақ айқындап алуы маңызды болып көрінеді. Мәселен, Қазақстан осы заманғы аса қуатты Байқоңыр ғарыш базасына ие бола отырып, ғарыш байланысы, орбитаға спутниктер шығару мәселесін шешуді өз мойнына алар еді. Басқа да — астық, сирек кездесетін металдар, жабдықтардың жекелеген түрлерін жеткізудің мүмкіндіктері бар. Біз Экономикалық ынтымақтастық ұйымының жетекші халықаралық және аймақтық ұйымдарымен, қаржы институттарымен — Біріккен Ұлттар Ұйымымен, Дүниежүзілік банкпен, Азия даму банкісімен және басқалармен байланыстар орнатуына айрықша маңыз береміз.

Саяси тұрақтылыққа, аймақтың әлеуметтік, экономикалық дамуына жәрдемдесу, Арал және Каспий теңіздері проблемаларына байланысты экологиялық апаттың бетін қайтару ісінде күшжігерді біріктіру мақсатында Қазақстан БҰҰ-ның Орта Азия жөніндегі комиссиясын құруды жөн деп санайды.

Таяуда Орталық Азия аймағының бес мемлекеті Аралды құтқарудың халықаралық қорын құрған, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы тарапынан оған қолдау көрсетілетініне үміт білдіреміз.

ЯДРОЛЫҚ АЖДАҒАНЫ АУЫЗДЫҚТАДЫҚ, БІРАҚ...

АНТИЯДРОЛЫҚ КОНГРЕСТЕ
30 ТАМЫЗДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

1949 жылғы тамыздың 29-ында Семей түбіндегі полигонда ядролық бомбаның жарылуы Қазақстан тарихының қайғылы беттерін ашты. Аса ауыр экономикалық, әлеуметтік, рухани сілкіністер — ұзақ жылдарға созылған адамгершілікке жатпайтын ядролық сынақтардың қорытындысы осындай. Олар халықтың иығына ауыр жүк болып түсті. Оның салдарын біз түпкілікті әлі сезініп білмесек те, халық наразылығы әлдеқашан-ақ пісіп жетілді. Семей полигонын жабу туралы Жарлық ішкі проблемаларын дербес шешу туралы айқын мәлімдеген жас мемлекеттің алғашқы актілерінің бірі болуы тегін емес. Оның үстіне, дүниежүзілік тәжірибеде мұндай қадам алғаш рет қабылданды. Және де көптеген мемлекеттердің өздерінің ядролық қаруға деген көзқарасын өзгертуінде белгілі бір рөл атқарды, олар бұл проблемаға барынша салмақты да жауапты қарайтын болды.

Осындай сындарлы айқындаманың қалыптасуына көп азап шеккен қазақ жерінде туындаған “Невада — Семей” ядролық жарылысқа қарсы қозғалысының қызметі де жәрдемдеседі. Ол жұртшылықтың тек Қазақстандағы ғана халықтың қауіпсіздігі жолындағы аландаушылығының өзіндік бір айқындағышы болып қойған жоқ. Басқа елдердің қоғамдық ұйымдары да өз үндерін көтерді.

Ядролық полигон жабылғаннан кейін Қазақстан парламенті мен үкіметі ядролық жарылыстар-

дың зардабын жою және айналадағы ортаны сауықтыру туралы шешімдер қабылдады. Ал оны талдап жасауға және орындауға “Невада — Семей” қозғалысының сарапшылары қатысуда. Халықтың қауіпсіздігіне республика көлемінде тұңғыш рет осындай назар аударылды. Алайда, халықаралық көмексіз бұл проблеманы өз күшімізбен орындауымыз іс жүзінде мүмкін еместігі айдан анық.

Қазақстанға ең алдымен осындай жұмыстан тәжірибесі бар елдердің технологиялық, инженерлік-экологиялық көмегі қажет. Мұндай жобалар мен бағдарламаларды, соның ішінде халықаралық деңгейдегілерін де, терең әлеуметтік-экологиялық сараптан өткізу де артықтық етпейді. Бұл біздің халқымыз арасына тарап кеткен радиобояны, осы мәселелердегі белгілі бір сауатсыздықты, экологиялық проблемалардағы жалдаптықты та тезірек жойып, жеңуге көмектеседі. Қоғамда сарыуайымшылдықтың сарынына, әлеуметтік сүлесоктыққа жол беруге болмайды.

Экологиялық проблемаларды шешу туралы әртүрлі талаптар бұл бағыттағы нақты жұмысты алмастыра алмайды. Бұл радиоактивті қалдықтарды көму сияқты күрделі мәселеге де қатысты. Біз қалдықтарымызды өз жерімізге көмуге мәжбүр екендігімізді түсінуге тиіспіз — тек ғалымдар мен жобалаушылар жұртшылық өкілдерімен бірлесіп жобаның экологиялық қауіпсіздік көзқарас тұрғысынан ұтымды нұсқаларын табуға тиіс. Әзірге біз мынаны мойындауымыз керек: күні бүгінге дейін Қазақстанда радиоактивті қалдықтарды сенімді бақылауды қамтамасыз ете алатын бірде-бір аймақтық объекті жоқ.

Республика үшін ядролық оқтұмсықтардың қарулық плутонийін пайдалану проблемасы да аса маңызды. Оны халықаралық шарттарға сәйкес шешу керек. Біз Украина, Беларусь сияқты, жаппай қырып-жоятын кез келген қаруды сынауды тоқтату туралы кең ауқымды шарт проблемасын талқылауға Қазақстан Ресеймен, басқа да ядролық мемлекеттермен терезесі тең қатысуға тиіс деп есептейміз.

Ядролық клуб елдерінің үкіметтерін ядролық, химиялық, биологиялық, жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлерін сынауға мораторийді 2005 жылға дейін ұзартулары қажет. Ядролық клуб елдерінің үкіметтері өз халықтарының алдында біздің әлемнің ХХІ ғасырға үні өшкен ядролық полигондармен кіре алатындығын іспен көрсетуге нақты мүмкіндік алып отыр.

ТЕНГЕ ТАЛАЙЛЫ БОЛСЫН

**ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАНЫ ЕНГІЗУ ЖӨНІНДЕ
ҚАЗАҚ ТЕЛЕДИДАРЫНАН
12 ҚАРАШАДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Бәріңізге белгілі, Президенттің, парламенттің және үкіметтің ұстанған бағыты өзара тиімді ынтымақтастықтың артықшылықтарын барынша пайдалануға мүмкіндік беретін Достастық елдерінің экономикасын интеграциялауға бағытталған болатын. Бүгін Қазақстанды осы стратегиялық жолдан бұрылып кетті деп ешкім кінәлай алмайды.

Біз жаңа тұрпаттағы сом аймағын құру жөнінде

бастама көтердік. Бірлескен күш-жігердің нәтижесінде мүдделі мемлекеттер басшылығының жоғары деңгейінде тиісті құжаттарға қол қойылды. Мен бұл жерде 7 тамыздағы Ресей, Қазақстан және Өзбекстан Президенттерінің мәлімдемесін, жаңа тұрпаттағы сом аймағын құру жөніндегі практикалық шаралар туралы 7 қыркүйектегі алты жақты келісімді және Қазақстан ақша жүйесі мен Ресей Федерациясының ақша жүйесін біріктіру туралы 23 қыркүйектегі екі жақты келісімді айтып отырмын.

Бірақ осы келісімдерді нақты жүзеге асыру туралы екі жақты қызу өрбіген келіссөздер барысында республиканың экономикалық егемендігін шектейтін жаңа талаптар қойыла бастады. Сонымен қатар ескі үлгідегі қолда бар ақшаның Қазақстанға ағылуы, бірқатар мемлекеттер территориясында оны пайдаланудың неғайбылдығы қазан айының аяғында республиканың ақша жүйесіне кеселін тигізді, инфляцияны одан әрі ушықтырды, “қазақстандық” және ресейлік сомдардың сатып алу қабілеті едәуір алшақтады.

Бұлай жалғаса беруі мүмкін емес. Біз осы жағдайды тағы да мұқият таразылай отырып, өз валютамызды енгізуге шешім қабылдадық. Бұл экономикалық одақ туралы келісімнің негізгі ережелеріне қайшы келмейді. Ашық принциптерімізді басшылыққа ала отырып, біз осы қадамдарымыз туралы Ресейді, Достастықтың басқа да мемлекеттерін дер кезінде хабардар еттік.

Бірегей ақша жүйесінің Қазақстанның ғана емес, Ресейдің де экономикалық және саяси мүддесіне сай келетініне қазір де көзім толық

жетіп отыр. Өкінішке қарай, стратегиялық мүдделер ысырып тасталды. Қалыптасқан жағдайға байланысты мәжбүр болып отырған бөліну және өз валютамызды енгізу арқылы баршамыздың интеграцияға қарай бет алуымызға тура келеді.

Сондықтан ұлттық валютаны енгізу туралы мен қабылдаған шешім — орын алған жағдайдан шығудың бірден-бір жолы.

Соңғы жылдары өріс алған оқиғалар республиканың жеке ақша жүйесін орнықтыру жолдарын дайындауға міндеттеді. Біз басқа елдердегі, оның ішінде Достастық мемлекеттеріндегі ақша реформаларын жүргізу мен ұлттық валюталарды енгізу тәжірибелерін ескердік. Тиянақты экономикалық дайындықтар жүргізілді. Процестің ықтималды дамуына сараптық және болжамдық бағалар берілді. Ақша таңбаларының жаңа үлгілері жасалды, Ұлттық банк пен үкімет дереу ұлттық валютаның банкноттарын дайындады.

Біздің алдымызда тұрған ендігі міндет — теңгенің тұрақтылығы мен жоғары сатып алу қабілетін қамтамасыз ету, реформаны жүргізуде берекесіздікке жол бермей, мүмкін болатын әлеуметтік шығындарды барынша қысқарту.

Осы мақсатта мен қараша айының 3-і күні ұлттық валютаны енгізу жөніндегі тұрғылықты жерлерде өкілетті өкілдері бар мемлекеттік комиссия құрдым. Оларға қысқа мерзім ішінде барлық қажетті нормалық базаларды дайындау тапсырылды, ұйымдық мәселелерді шешу құқығы берілді. Комиссия валюта рыногінің жұмыс істеу механизмін, Қазақстан кәсіпорындары мен бұрынғы сом аймағындағы елдер арасындағы төлем тәртібін

айқындауға, халықтың ақша ауыстыру, Қазақстан валютасын қолдау туралы Халықаралық валюта қорымен, Бүкіл дүниежүзілік, Еуропалық және Азия даму банкілерімен, сондай-ақ әлемнің бірқатар дамыған елдерінің үкіметтерімен келісімге қол жетті.

Бүгін теңгеміз соңғы екі жылдың ішінде қалыптасқан 700 миллионнан астам АҚШ долларының сомасында өзіміздің алтын-валюта резервімізбен қамтамасыз етіліп отыр. Бұл басқа валюталарға қарағанда тұрақты курсты сақтау үшін алғы шарттар жасайды, әрине, егер қатаң түрде ақша-несие, бюджет-салық саясатын жүргізген жағдайда ғана.

1994

ҚАЗАҚСТАННЫҢ КӨП МӘСЕЛЕГЕ ӨЗ КӨЗҚАРАСЫ БАР

КОЛУМБИЯ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ 16 АҚПАНДА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Саяси сөздік қорымызда әр тарихи кезеңнің өзіне сай ақиқаты болған, олар бүгінгі күні жиі қолданылғандықтан, жаттанды сөздердей естіледі. Екіұдай дүниенің ыдырауы, қырғи қабақ соғыс дәуірінің аяқталуы әрі адамзаттың идеологиялық өштесуден арылуы баршаға қолайлы әлемдік тәртіп орнатуға қолымызды жеткізе қойған жоқ дейтін тұжырымды да мен осылардың қатарына жатқызамын. Белгілі бір дәрежеде шындығында да солай болып тұр. Расында да, бүгінгі күні адамзат баласының алдында тұрған саяси, экономикалық, әлеуметтік, гуманитарлық және экологиялық проблемалардың тізімі тым үлкен. Алайда менің кәміл сеніміме саятын болсақ, осы алған бетімізден кері бұрылу дегеніміз ауыр қателік болар еді. Өйткен күнде біз тоталитаризмге қайтып оралар едік. Бұлайша кешегіге кері кету біздің неғұрлым тұрлаулы әрі болжамдауға болатын әлемдік тәртіп орнату жолында жұмсаған бірлескен күш-жігерімізде қолымыз жеткен ілгерілік атаулыны жоққа шығарар еді. Сөйтіп, жаппай жауығу аяқталғаннан кейінгі жерде қолымызға айрықша мүмкіндік тиіп отыр, ал оны пайдаланып қалмау дүниені қайтадан зорлық-зомбылық түнегіне қамау деген сөз.

Қазақтар өзінің табиғаты, өмірлік пайымы жағынан үмітшіл, тәубешіл прагматиктер, олар сондықтан да әлемде парасаттың, адам баласына тән өзін-өзі сақтап қалуға деген ұмтылыстың үстем түсеріне сенуге бейіл.

Ендігі жерде мәселе қалайда кәзіргі процестің өміршеңдігін сақтап қалуға, бұрынғы коммунистік елдердің демократиялық мемлекеттер қауымдас­тығына кірігуін қамтамасыз ету ісіне жәрдемдесуге тіреліп отыр. Бұл міндеттің күрделілігі сонымен қатар бұрынғы КСРО кеңістігінде пайда болған республикалардың басым көпшілігінің кеңестен кейінгі кезеңде елеулі экономикалық қиыншы­лықтарды, этностар аралық шиеленісті бастан кешіріп отырғанына, олардың демократиялық ин­ституттар тәжірибесіне қанық еместігіне саяды.

Осы заманғы әлемдік тәртіпті таразылай кел­генде, қоғамның үш деңгейі: жеке адам, мемлекет және ғаламдық қоғам арасындағы өзара қарым­қатынастардың сатылы екенін ескермеу қиын. Осы деңгейлердің кез-келгенінің біріндегі тұралаудың, олардың өзара байланысындағы ала-құлалықтың астарында қақтығысқа ұрындыратын қопарғыш күш жатыр.

Айталық, адамның жеке басының деңгейінде оның өз бойындағы барын, өзінің шығармашылық қуатын жүзеге асыру мүмкіндігінің жоқтығы нені білдіреді. Егер азаматтардың саяси, әлеуметтік, мәдени және басқа сұраныстары мемлекеттік ин­ституттардың, тұтас алғанда қоғамның тарапынан қолдау таппайтын болса, соның салдарынан көңіл толмаушылықтың өсуі, экстремизмнің, жалған, тұйыққа тірейтін идеялармен әуестенушіліктің

орын алары анық. Мемлекеттік мүддені бірден-бір құндылықтың дәрежесіне көтерудің, бұрынғы Кеңес Одағының келеңсіз тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдық және экономикалық дамудың тоқырауына ғана әкеліп тірейтіні айғақталған жоқ па?

Осы сатылылыққа мемлекетаралық қатынастар да кіреді. Бәлкім, мен баршаларыңызға мәлім ақиқатты айтып кеткен шығармын, алайда заманымыздың қайшылығының өзі де, сайып келгенде, өткеннің қателіктерінің қайта-қайта қайталануында, халықаралық өмірдің, бір карағанда, даусыз әрі жалпы жұрт таныған нормаларының сақталмауында болып отыр ғой. Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына көз салсаңыз, оның бірінші тарауынан ұлттар арасындағы достық қатынастар халықтардың тең құқықтығы принциптерін құрметтеу негізінде дамуға тиіс деген пікір түйесіз. Мұнсыз экономикалық, демографиялық, аумақтық немесе әскери әлуеттері жағынан тең емес мемлекеттердің өзара қарым-қатынастары деңгейінде ұлттық егемендікті қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекеттерді тең құқықты әріптестерге айналдырудың аумағының үлкен-кішілігіне, халқының санына немесе табиғат байлығына қарамастан, кез-келген елдің егемендігін құрметтеуден басқа амалы жоқ. Іс жүзінде осы принципті нақ сол әлемдік қауымдастыққа енді-енді ене бастаған мемлекеттердің қорғауына тура келетін кездері сирек емес.

Мұның Қазақстанға да қатысы бар. Өзінің сыртқы саяси қызметінде кез-келген басқа да жас мемлекет сияқты ол да өз егемендігінің, тәуелсіздігінің және аумақтық тұтастығының қорғалуын

қамтамасыз етуге, нарықтық экономиканы қалыптастыру, демократиялық институттарды нығайту, ұлтаралық үйлесімді қатынастарды орнықтыру, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар туғызуға ұмтылып отыр. Осы мақсатта біз Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының тұжырымдамасын әзірледік. Мен осы тұжырымдамада бейнеленген кейбір өзекті тақырыптарға тоқталмақпын, оған сіздердің де ден қоюларыңыз мүмкін.

Кеңестер Одағы ыдырап, он бес егемен мемлекет құрылғаннан бері де екі жылдан аса уақыт өтті. Күллі әлемнің назары бұрын-соңды болып көрмеген оқиғаға ауған еді: бір кездегі астам державадан мұра болып қалған бірсыпыра күрделі проблемаларды, сайып келгенде, әлі де аяғын тік басып кете қоймаған елдердің шешуіне тура келді, әрі халықаралық тұрақтылыққа залал келместей етіп шешуге тиіс болды. Бұл проблемалардың ең түйіндісі осы елдердің бірнешеуінде орналастырылған шамамен 30 мың дана ядролық қарудың тағдыры болғаны күмәнсіз. Әлгінде айтқанымдай, бұл алабөтен оқиға болды, оның даму бағытын бірде-бір мемлекеттік ведомствода немесе Батыстың саясаттану орталығында болжап білу мүмкін емес еді. Саналуан күрделі сауалдар бірінен кейін бірі туындап жатты: егер ядролық қаруға орталықтандырылған бақылау жойылса немесе жауапсыз әскерилер әлде принципсіз саясаткерлер іштей ядролық бопсалау құралын қолына түсіруді көкसेген мемлекеттердің біріне бірнеше ядролық оқтамаларды сатып жіберсе, не болмақ? “Пиғылы бөтен елдерге” технологиялар ауысса немесе өз отанында керексіз болып қалған атомшы мамандар

көшіп барса, не болмақ? Мемлекеттік немесе әскери органдардың атом объектілерін күзетуге са-лақсуының салдарынан ядролық қару террори-стердің қолына түссе, не болмақ?

Мұндай қауіп ойлау негізсіз де емес еді. Осы аталған қаракеттің қай-қайсысының болсын орын алуы күллі халықаралық қауымдастықтың мүддесіне қатысты болары анық еді. Оған қоса, 90-шы жылдардың бедерінде халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету ісіндегі басым міндет ретінде ядролық қарудың таралуына жол бермеу проблемасын тану төңірегінде мәмілелесу біліне бастады.

Шыншылдықпен ойлайтын болсақ, бұрынғы КСРО-ның бірқатар республикаларының аума-ғында ядролық қарудың болу факторының өзі жаңа мемлекеттердегі қарусыздану, демократия-ландыру және экономикалық өзгерістер процес-терін белсенді қолдауға деген бағытты Құрама Штаттар мен басқа да батыс мемлекеттерінің таңдап алуына басты себепші болғанын мойындау-ымыз керек. АҚШ-тың Беларусьте, Қазақстанда, Ресей мен Украинада ядролық қаруды қауіпсіз бөлшектеуге жәрдемдесуге және жаппай-қырып жоятын қаруды таратуға жол бермеу жүйесін құруға миллиард доллардан астам қаржы бөлу жөніндегі шешімінен кейін осы заманғы ахуалдың өзгеруіне байланысты стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту және шектеу туралы шартты іске асыру тәртібі жөнінде екі жақты, сондай-ақ көп жақты қызу келіссөздердің тұтас бір дүрмегі өткізілді.

Беларусьтің, Қазақстанның, Ресей мен Украинаның басшылары 1991 жылғы желтоқсанда

қабылданған Алматы декларациясында ядролық жарақтың қызметіне бірлесіп бақылау жасау, ядролық стратегиялық күштердің құрамаларында ядролық қауіпсіздіктің қажетті деңгейін ұстауда қандай да бір ақауға жол бермеу тетігін айқындады, сондай-ақ КСРО-ның стратегиялық шабуыл қару-жарағын қысқарту саласындағы халықаралық міндеттемелеріне өздерінің ықыласты екенін қуаттады.

СНВ-1, немесе осында аталып жүргеніндей, СТАРТ-1 шартын, сонымен бірге Лиссабон хаттамасын Қазақстан парламенті 1992 жылғы шілдеде, ал Ядролық қаруды таратпау туралы шартты 1993 жылғы желтоқсанда бекітті. Сөйтіп, Қазақстан өзінің маңызы жағынан тарихи қадам жасап, өз ықтиярымен өзінің аумағында орналасқан ядролық қару-жарақ атаулыны, бұл аз да емес, көп те емес, мыңнан аса ядролық оқтығы бар түп-тура 104 құрлықаралық баллистикалық ракетаны күртуды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемені мойнына алды.

Американдық әріптестерімізбен мейлінше ширақ та серпінді жүргізілген бірлескен келіссөздердің әріптестік қатынастар орнату үшін негіз болғанын атап айтуым керек. Өйткені ядролық қару, өз еркімен ядролық жарақтан бас тартып отырған мемлекеттің қорғанысы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге жол ашу проблемалары талқыланды. Бұл проблемалардың ерекшелігінің өзі өзара сенім деңгейінің барынша биік болуын және екі жақтың да ой-ниетінің таза болуын көздейтін еді. Біз АҚШ пен Қазақстан арасындағы қарым-қатынастарда осындай өзара түсіністік деңгейіне көтерілуге қол жеткіздік деп санаймын.

Оның мәні алдыңғы күні Вашингтонда Президент Клинтон және мен қол қойған “Демократиялық әріптестік туралы хартияда” бейнеленген.

Егер тұтас қазақстан-американ қатынастары жайында сөз қозғайтын болсақ, онда біздің Қазақстан аумағындағы ядролық жарактың тағдыры туралы мәселені талқылаудан бастап, әр қадам сайын ұзақ мерзімді достық, өзара сенім мен құрмет қатынастарына негізделген кең ауқымды, өзара әрі жемісті ынтымақтастыққа қарай ілгерілей бердік деу керек. Қазірдің өзінде саясат, экономика, мәдениет, білім беру, экология, ғылым мен технология, денсаулық сақтау және басқа салалардағы байланысты күшейту жөніндегі уағдаластыққа қол жетті. Қазақстанның қауіпсіздігін, тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен демократиялық дамуын қамтамасыз ету мәселелерінің де маңызы мейлінше зор. Бұл салалардағы ынтымақтастық екі жақты негізде де, сондай-ақ жұмыс істеп жатқан халықаралық және аймақтық қауіпсіздік құрылымдарының: БҰҰ-ның, Европадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің, Солтүстік Атлантикалық ынтымақтастық кеңесінің шеңберінде де жүзеге асырылатын болады. Біз “он алтының” НАТО-ны кеңейту жөніндегі бастамасына да Европадағы және оған іргелес аудандардағы қауіпсіздік жүйесін нығайтуға қызмет ететін уақтылы әрі келешегі біршама кемел шара ретінде қараймыз. Біз үшін НАТО-ның “Бейбітшілік жолындағы әріптестік” бағдарламасының шеңберінде ашылатын аймақтық қауіпсіздік пен оған қатысушы елдердің қорғаныс әлуетін нығайту мүмкіндігінің де айрықша маңызы бар.

Қазақстан ендігі жерде ядролық қаруы жоқ мемлекет ретінде оны таратпау режимін нығайтудағы өз рөлін күшейтуге, ядролық қаруды таратпау жөніндегі шарт бойынша халықаралық кеңес әзірлеуге белсене қатысуға әзір. Біздің ғаламдағы ортақ қауіпсіздікті нығайтуға мүдделі екеніміз күмәнсіз. Сөз жоқ, Азия аймағының болашағына біздің айрықша көзқарасымыздың бар екені де түсінікті. Сөз орайы келгенде айту керек, Орталық Азияның басқа мемлекеттері сияқты, Қазақстанның ерекшелігінің өзі де оның бір мезгілде еуропалық, әрі азиялық аймақтық халықаралық ұйымдар мен қаржы құрылымдарына мүше болуында жатыр. Азия құрылымындағы қауіпсіздік — орасан зор маңызы бар проблема, көптеген қарулы қақтығыстар дәл осында етек алып отыр, қарулы күштер мен ядролық қарудың шоғырлануы жағынан бұл Еуропадан кейінгі ең үлкен аймақ. Сонымен қатар көптеген себептерге байланысты мұнда көптеген мемлекеттердің басы бірікпей отыр. Дәл сол себептен де БҰҰ-ның Бас Ассамблеясының 47-сессиясының мінберінен сөйлеген кезде мен ұжымдық қауіпсіздіктің біртұтас азиялық құрылымын құрудың кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын жоспарын ұсынған едім. Алғашқы қадам ретінде мен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыруды ұсындым, мұның өзі көптеген елдерде сындарлы пікір туғызды. Қазірдің өзінде Алматыда Азия мемлекеттері сарапшыларының, халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысқан кездесулер өткізілді.

Қазақстанның сыртқы саясатының басым

мақсаты — мемлекетіміздің шекарасының өн бойында өзіндік бір сенім мен тату көршілік белдеуін құру. Біздің саяси сөз саптауымызда “таяу шетел” аталып жүрген кеңістіктегі ахуалды да оңай деуге келмейді, сондықтан оның халықаралық істерге ден қойып отырған барша жұрттың айрықша ынты-сын туғызатыны да түсінікті. Мен тарихи қалыптасқан достық, ынтымақтастық және өзара түсіністік қарым-қатынастарды, біздің халықтарымызды жүздеген жылдарға созылатын ортақ тарих біріктіретін ізгілік атаулыны сақтап қалуды жақтап келдім және жақтай беремін. Қазақстан ТМД-ға мүше елдердің экономикалық интеграциясы идеясын дәйекті түрде жақтап келеді, бұл ретте егемендік мүдделеріне қысым жасамай, ішкі істерге қол сұқпау принциптерін және әр халықтың өзінің қоғамдық құрылысының тәртібін өздігінен айқындауына деген құқығын толық құрметтей отырып, ынтымақтастығымыздың негізін сақтап қалу керек. Достастыққа қатысу демократияны дамытуға қажетті саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайларды қамтамасыз етуге, ұлтшылдық, шовинизм және жатсынушылық туғызып отырған, ТМД-ның біресе ана, біресе мына нүктесінде тұтанып жататын, қақтығыстарға қарсы шаралар әзірлеп, жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сөз жоқ, интеграциялық процестер біздің қарым-қатынастарымызды жоққа шығармайды, қайта жаңа тарихи және саяси болмыс шындығын ескере отырып, оларды жаңғыртуды, дамудың, өзара байланыстар мен ынтымақтастықтың оларға сайма-сай келетін жолдарын іздестіруді көздейді.

Бұрынғы кеңестік республикалардың

әрқайсысы осы кезеңнің сипаты мен ұлттық ерекшелік жайындағы өз пайымына сүйеніп, саяси және экономикалық укладтың белгілі бір нұсқасына орайластыра отырып, өз таңдауын жасайды. Мұндай таңдау сөзсіз құрметтелуге тиіс және оның дұрыстығына күмән келтіруге ешкімнің де хақысы жоқ. Егемен мемлекеттердің ісіне қарулы араласу туралы тіпті сөз қозғауға болмайды. Қандай да бір ел өзінің өмірлік мүдделері келесі бір мемлекеттің аумағында жатқанын, баз біреулердің оның ықпал жүргізетін аймағынан шығып бара жатқанын айтып байбалам салатын уақыт өтті деп үміттенемін.

Империялық пайымның мұндай жаны сірі сарқыншағының мүлде келешегі жоқ. Тарихты кері бұру мүмкін емес. Ұжымдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында ортақ қорғаныс кеңістігін ұстауға, кезең-кезеңімен экономикалық одақ құру мен бітімгершілік әлуетті нығайтуға бағытталған күш-жігердің өткенді қалпына келтіру пиғылына ешқандай қатысы жоқ. Осы бағыттардағы іс-қимылды қолдай отырып, жаңа тәуелсіз мемлекеттер адамдардың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ету мүддесі, олардың әлеуметтік қорғалуына кепілдіктер беру, шарасыздан қоныс аударуға жол бермеу, экономикалық тұрақтандыру мен дамудың ауқымды бағдарламаларын жүзеге асыруға жағдай туғызу үшін Достастық керек екеніне сүйенеді.

ТМД — мемлекет емес, жоғары тұрған ұлттық құрылым емес, тегі, Еуропалық Одақпен салыстыруға келетін, қалыптасқан жағдайдағы аймақтық өзара іс-қимылдың қалыпты тетігі ғана. Екеуінің

арасындағы айырмашылық сол: Батыс Еуропада интеграция идеясына кемелді мемлекеттер келген болса, ТМД — әрқайсысы империялық мемлекеттің бөлігі болып келген елдер тандап алған соның баламасы. Әрі бұл балама саналы түрде тандап алынды, өйткені бір мемлекетте тұрып келген, күнбе-күнгі қам-қарекеті мен мұң-мүддесі бірдей жандардың адамшылық қарым-қатынасының ортақ дәнекерлерін бір сәтте қиып тастау мүмкін емес. Тәжікстан төңірегіндегі ахуалды мысалға алайықшы. Осы елге көршілес Ауғанстаннан экстремизмнің нақты ену қатерін туғызған қан төгісті қақтығыс бізді тәжік-ауған шекарасын қорғап тұру үшін ұжымдық бітімгершілік күштер жасақтауға жұмылдырды. Сонымен қатар Тәжікстанда іс-әрекет жасап жүрген саяси бағдары әртүрлі күштердің келіссөздердің “дөңгелек үстелінің” айналасына отырып, бауырын бауыры өлтіретін қарулы қақтығыстарды тоқтату жөніндегі келісімге жетуі үшін белсенді шаралар қолданылып жатыр. Біз ТМД-ның Таулы Қарабақтағы жанжалды реттеу жолындағы толассыз жүргізіліп жатқан іс-қимылы ерте ме, кеш пе табысты тиянақталатынына сенеміз. Ең бастысы — кез-келген жанжалдың халықаралық деңгейде араласуды, соның ішінде қарсыласқан тараптарды келіссөз жүргізуге күш қолдану арқылы мәжбүр етуді талап еткен югославиялық қанды сценарий бойынша өршуіне жол бермеу.

Сөзімнің арқауы болған — “бейбітшілік, даму, демократия” дейтін үш әліпке орала келіп, менің бірде-бір саяси немесе экономикалық бастаманы халықтың кеңінен қолдауына ие болмайынша, іске

асыру мүмкін еместігін атап көрсеткім келер еді. Ал мұның өзі прогресс пен демократиялық жаңғыруларға қол жеткізген қоғамда ғана іске асырылуы мүмкін.

РЕФОРМАЛАРДЫ ТЕРЕНДЕТУ, ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ КЕЛІСІМ АРҚЫЛЫ ЖАҢАРҒАН ҚАЗАҚСТАНҒА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ
КЕҢЕСІНІҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 9 МАУСЫМДА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Мен аймақтар мен экономика салаларының ағымдағы барлық мәселелері немесе нақты проблемалары бойынша пікір айтуды мақсат етіп тұрғаным жоқ.

Өзімнің міндетімді біршама кең тұрғыда көріп тұрмын — мемлекеттік өкіметтің жоғары буындарының өкілдері болып табылатын, халық өзінің тағдырын, өзінің болашағын сеніп тапсырған адамдарды, сондай-ақ саяси партиялар мен қоғамдық қозғалыстарды дүниеге нақты қарауға, қалыптасқан жағдайға бұра тартпастан баға беруге, дұрыс қорытынды жасауға және, сайып келгенде, ұйымшыл да сындарды жұмыс істеуге шақырамын.

Республикадағы жағдайға баға беруде бізде принципті алшақтық жоқ деп ойлаймын. Ол негізінен келеңсіз процестермен және тұрақсыз құбылыстармен сипатталып отыр. Дағдарыс және оның құлдырау, инфляцияның өршуі түрінде

көрініп отыратын ең шетін көріністері экономика- ны тұрақтандыру жөніндегі біздің көптеген күш- жігерімізді жоққа шығарып, азаматтардың иығына ауыр жүк болып түсуде. Бұл шындығында да со- лай және ешкім де осы фактіні теріске шығара ал- майды.

Алайда, анықталып отырғанындай, бізде көпте- ген адамдар себеп пен салдарды, мақсаттар мен оларға қол жеткізудің құралдарын әлі күнге дейін шатыстырумен келеді. Айтыс қызуына елігіп, дағдарыстың себептері реформалардың өзінде жа- тыр, бағытты таңдауда қателік жіберілді деп дәлелдеуге тырысатын күштер де табылуда. Бағытты, сонымен бірге ақылға келетін де, кел- мейтін де қасіреттерге кінәлі-міс деп есептеп үкіметті ауыстыруды ұсынуда. Президент те, Жоғарғы Кеңес те, бұрынғысы да, қазіргісі де на- зардан тыс қалмай отыр.

Өзекті өртеген өкінішімізге қарай, дағдарыстар себептерінің бүкіл қыр-сырына және бастан кешіріліп отырған кезеңіміздің бірегейлігіне талдау жасауға тәуекел ететін біздің саясатшыларымыз, мемлекеттік қайраткерлеріміз немесе жайбарақат қалғып-мүлгіп отырған экономика ғылымы сала- сындағы ғалымдарымыз тіптен аз.

Бастапқыда өзіміз үшін бірнеше мәселені дұрыс тұжырымдап алайықшы. Қазіргі дағдарыстың қайнар-бастаулары қайда жатыр, оның бастапқы себептері неде? Ол үкімет жүргізіп отырған ре- формалардан және басқа факторлардан туындаған ба? Және, ақыр аяғында біз бүгін тап болып отырған жағдайдан шығатын жол бар ма?

Әп дегеннен-ақ бір мәнді айтайын: дағдарысқа киліктірген реформалар емес, қайта, керісінше,

бізге ыдыраған одақтан мұраға қалған дағдарыс одан шығудың жолдарын іздестіруге итермелеп, реформалар жолына түсуге мәжбүр етті. Біз егемендікке ие болған кезде экономикамыздың іріп-шіру дертіне душар болғанын бір сәт еске түсірейікші. 1986 жылдан бастап КСРО-ның және барлық республикалардың экономикасы барлық өзекті көрсеткіштер бойынша күрт нашарлай бастады. Бірақ біздің санамыз ол кезде осы жәйттің өткірлігін бүкіл болмысымен қабылдай алмады. Біз ел астанасында бәрін де біледі, бәрін де істейді және қажет нәрсенің бәрін де береді деп біртұтас мемлекеттің өлшемдерімен өмір сүрдік. Ол шынында да беретін, бірақ ойсыратып та алатын. Ал соңғы жылдары берген нәрселерінің басым бөлігін сыртқы қарыз ретінде есептей бастады. Қазақстанда жалпы ұлттық өнімнің құлдырауы ол кезде 7 процент болды. Бірақ бұл тек алғашқы дабыл қоңырауы еді.

Жария етілген қайта құру іс жүзінде басталмай қалды, өйткені Кремльде қай жаққа қарап қайта құрылу, қандай түрде және қандай мерзімде қайта құрылу керек екенін білмеді. Бүкіл халық аңырау жағдайына душар болды, мұның шектен шыққан келеңсіз зардаптары болатын. Экономика мен саясатта басталған эксперименттер іріп-шіріген жүйенің күйреуін тездетті, қоғамдық-саяси құрылысты өзгерту және экономиканы реформалау қажеттігін түсінуге жеткізді.

Астам держава ыдырағаннан кейін, жаппай дағдарыстың сығымдалған серіппесі одан әрі шиырылып, ақыр аяғында өзегінен шығып кетті де, бізді, бұрынғы одақтас республикалардың бәрін қардай бораған өткір проблемалардың астына

көміп салды. Тек қазір ғана, тәуелсіздіктің үшінші жылында, біз, былайша айтқанда, бұрынғы империяның шикізат отары ретіндегі сыңаржақ дамуымыздың бүкіл салдарының салмағын енді ғана өз жан-тәнімізбен сезудеміз.

Оқиғалардың өрбуінің ықтимал нұсқаларын есептей келіп, әсіресе соңғы жылдары Қазақстан басшылығы Мәскеудің алдына, мәселен, біздің металлургия өнеркәсібімізде үшінші және төртінші өлшемдер құру туралы, жалпы одақтық қорларға ауылшаруашылық өнімін беруді кеміту туралы, басқа салалар мен аяларда дербестікті кеңейту туралы мәселелерді талай рет қойғанын еске сала кеткім келеді. Бірақ олардың бірде-бірі оң шешімін таппады. Табуы да мүмкін емес еді; бізді бұрынғы сапада ұстап тұру тиімді болатын, ал мұның зардаптары ешкімді толғандырған емес.

Тоталитарлық партиялық-саяси құрылыс күйреді, держава ыдырады, бүкіл құрылымды уысында ұстап келген “жұдырық” ашылды. Бірақ сонымен бірге біз аса қуатты материалдық, қаржылық және инвестициялық тасқындар ретінде келіп жатқан қорек көзінен де айырылды. Одақ үшін қажет өндірісті қоректендіріп келген күретамырлар тірілей қиып тасталды, бұған айырбас ретінде біз өзімізге қажетті кейбір тауар түрлерін алып келгенбіз.

Бірақ осыған басқаша, енді бүгінгі күннің биігінен қарайықшы. Ал бұл қандай да болсын бастаманы тұншықтырудың және шектен шыққан масылдықты тәрбиелеудің аса қуатты аспабы болатын, осы масылдық көріністерінен біздің бүгінгі өмірімізде де аяқ алып жүре алмайсыз.

Осыған байланысты Өскемендегі Бірінші мамыр

митингісінің қарарын еске түсіріп тұрмын. Онда социализмнің идеологиясы мен практикасына қайтып оралу, КСРО-ны қалпына келтіру сияқты талаптар баяндалған болатын. Алайда, егер мәселенің мән-жайына мұқият бойлар болсақ, проблеманың астары мынада жатыр. Соңғы жылдардың бәрінде қала Орта мәшине жасау министрлігі және Түсті металлургия өнеркәсібі министрлігі сияқты одақтық алпауыттардың қажетіне жұмыс істеген өнеркәсіп алыптарының есебінен дамып келді. Олар адамдарға жұмыс және далаға тыныс-тіршілік беріп отырды. Енді олар жоқ, онымен қатар оларға қажет өнімге тапсырыстар жоқ. Республикада ондай өнімді сол көлемде өндіруге қазір қажеттілік те жоқ. Үлбі металлургия зауытында бериллий өндірісі оның экологиялық қауіптілігінің жоғары болуы себепті азаматтардың талабы бойынша жабылғанын еске түсіруге болады.

Бірақ мұндай митингілердің негізгі бастамашылары көп ретте көлеңкеде қалуды артық санайтын басқа күштер болып табылады. Көбінесе осы бұрынғы және қазіргі басшылар, қоғамдық “лидерлер”, өздерінің қарекетсіздігін бүркемелей отырып және күрделі жағдайды пайдалана отырып, көкірегінде өз өндірістерін қайта бағдарлау жөнінде ешқандай идеялары жоқ басшылар көптеген адамдардың басын айналдырып бітті. Рас, осындай, онша үлкен болмаса да бірақ арандату әрекеттерінің дәні әзірше сол аялап өсірген массалықтың нәрлі топырағына түсуде. Ештеңе өндіріместен немесе сұраным таппайтын өнім шығара отырып тұрақты жалақы алу дағдысы бізде әлі де басым.

Өзімізге мынадай сұрақ қояйықшы: осынау “халық қамын жеушілер” бізді қандай социализмге — Сталиннің казармалық немесе болашақ ұрпақтардан бәрін де қарызға алып, шынын айтқанда елді және республикаларды тонаған Брежневтің жалпыға бірдей теңгермешілік социализміне қайтарғысы келе ме? Немесе тонайтын түк қалмаған, тек құр уәде ғана берілген Горбачевтің “адам бейнелі” социализміне қайтарғысы келе ме?

Бірақ өткенге қайтып оралудың жоқ екені баршаға аян ғой. Оның үстіне бізде бұл социализм тіпті өткен кездің өзінде де атымен болған емес. Тарихтың қайталануы да мүмкін емес. Егер мұндай кездесетін болса, онда бірінші ретте ол қасірет түрінде, екіншісінде дабыра түрінде болатыны белгілі. Бізге мұның екеуі де жарамайды. Біз нарықтық экономика және демократиялық қоғам құру жолын жете түсініп және бүкіл халық болып тандап алдық. Бұл жол адамзат өркениетінің дамуының барлық барысымен талап етілген және оны айқын түсінген сезімімен жүріп отыру керек. Бұл — біздің болашағымыз.

Сонымен қатар осы жолға түскеннен кейін біз оның объективті заңдылықтары, сөзсіз қиыншылықтары арқылы жүріп өту үшін және дүниежүзілік дамудың ережелерімен әрекет ету үшін осылардың бәрін біліп, соған дайын болуға тиіспіз. Мұндайларға шетін атрибуттары тән дағдарыстық құбылыстар да жатады. Бұлардан дүние жүзінің бірде-бір елі айналып өтіп кете алмады. Америка, Франция, Англия, Түркия, Германия, Үндістан және басқа елдер ұлы күйзеліс пен құлдырауды бастан кешірді. Тек шайқалыстар күші ғана әртүрлі болды. Нарықтың қалыптасуының барлық

“кедергілерін”, мәселен, Оңтүстік-Шығыс Азияның “жолбарыстары” атанған кейбір елдер ғана жеңілдеу өтті. Жекелеген елдер әскери төңкерістер мен азамат соғысына килікті, Латын Америкасында нақ осылай болды және планетаның басқа да кейбір аймақтарында қазір осылай болып жатыр.

Өз дағдарысымызды жеңе отырып, біз басқалардың тәжірибесін білгір пайдалануға тиіспіз. Бірақ бұл орайда өзгенің практикасын сол күйінде кешіре салу туралы әңгіме болмайтынын да ескеру керек. Біздің өтпелі кезеңіміздің өз ерекшеліктері бар екені айдан анық, олар ең алдымен экономиканың сыртқы факторларға барынша тәуелді және оның даму деңгейінің тым әлсіздігіне байланысты, мұның өзі бұрынғы одақтың барлық республикалары үшін сипатты жәйт. Алайда дүние-ежізлік экономикада болып жатқан процестерді жақсы біліп, талдау жасау міндетті түрде қажет...

Тұрмыс деңгейінде ұдайы кездесетін ұлтшылдық тұрғыдағы кикілжіңдерге біз әлі күнге дейін қалай да мән бермей келеміз. Ал нақ осында бәлкі көп залал жатқан шығар. Ұшқыннан өрт шығатын орта да нақ осы болар.

Мұның өзі біздің қарым-қатынастардың қарапайым мәдениетіне, адамға қарапайым құрмет көрсетуге тәрбиелеумен шын мәнісінде шұғылданбайтындығымыздың айғағы. Бұл белгілі бір ұлтқа ғана тән емес, бұған бәрі де кінәлі. Өз қызметінде әрқилы мәселелер қойғанда көп ретте әдептілік пен ұстамдылық жасай алмайтын орыс қоғамдастықтарының өкілдеріне де кінә қоюға тиіспін. Қазір “ағалы” да, “інілі” де туысқандар

жоқ екенін, бәрі заң мен өз ожданы алдында бірдей екенін мен талай рет айтқанмын.

Сол “тұрмыс деңгейіне” назар аударатын уақыт жетті деп есептеймін. Ұлттық белгісі бойынша қорлағаны үшін қатаң жазалау керек. Ең бастысы ақыр соңында тәрбие жұмысын жолға қою бала бақшасынан бастап, оны өндіріске дейін тоқтатпау керек. Бұған Білім министрлігінің барлық құрылымдары, депутаттар және, әсіресе, әкімшіліктер қосылуға тиіс. Үкіметке келсек, ол тиісті арнайы бағдарлама әзірлеуге тиіс.

Бір жақтың да, екінші жақтың да ойластырылмаған іс-қимылдарының шынайы патриотизмнен шалғай жатқанын батыл айтқым келеді. Бір кезде Лев Толстой кейбір жағдайда патриотизм дегеніміз, әсте ізгі сезім бола алмай қалуы мүмкін деген болатын. Бұл кімде кім бір халықтың екінші халықтан артықшылығын өршелене жариялаған кезде орын алады, деп көрсетті ұлы гуманист...

Парламент халықтың ресми өкілі ретінде заң қызметі арқылы, әсіресе заңдардың орындалуына бақылаудың ойластырылған, икемді жүйесі арқылы халықтың мүддесін бейнелейтін әрі қорғайтын тиімді тетікті әзірлеуге міндетті. Азаматтардың әр түрлі мемлекеттік органдарға өтініштері мен арыздарын қараудың тәртібі мен жөн-жосығын заң тұрғысынан реттеу қажет, бұлар болса, қазіргі кезде қолданылып жүрген заңдардағы кемістіктерді пайдаланып, көп жағдайда сырғытпа жауап берумен ғана шұғылдануда. Мұның әсіресе жергілікті өкімет органдарына қатысы бар. Осыған орай азаматтардың өтініштерін, шағымдары мен арыздарын сот арқылы

және соттан тыс қараудың тәртібі туралы арнаулы заң қабылдау қажеттігі әлдеқашан-ақ пісіп-жетілді.

Әлеуметтік шиеленісті болдырмау мен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз ету — парламент жұмысының маңызды көрсеткіші, өйткені тыныштық пен бейбітшілікті сақтау халықтың түбегейлі мүддесі.

Әлемдік тәжірибе танылған қағидаларды негізге ала отырып, әділ сот тиімділігін, судьялардың кәсіпқойлығы мен мамандануын арттыру мақсатында биыл толымды сот реформасын жүргізу қажет. Күшті де қабілетті сот билігін құру мүддесі үшін оларды ұйымдық тұрғыдан нығайту керек. Оларды жалпы және төрелік соттарға бөлуден бас тарту қажет. Судьялардың ауыспаушылық, сондай-ақ Жоғарғы сот кеңесінің ұсынысы бойынша судьяларды мемлекет басшысының тағайындау принциптерін әділ сот жүргізу кезіндегі олардың шынайы тәуелсіздігінің кепілі ретінде заң жүзінде бекіту керек. Әділ сотты іске асыруға қабілетсіз және судьяның биік мәртебесімен сыйыспайтын әрекетке жол берген адамдарды лауазымынан айырудың айқын заңдық негіздері мен кепілін әзірлеу қажет. Сот жүйесін реформалау Конституция нормаларында ғана емес, сонымен қатар ағымдағы заңдарда да көрініс табуға тиіс. Әңгіме сот құрылысы, соттар мен судьялар мәртебесі туралы жаңа заңдар қабылдау туралы болып отыр.

Прокуратура органдарының мәртебесіне де елеулі, түбегейлі өзгерістер енгізу талап етіледі. Қолданылып жүрген Конституция прокуратураның құқықтық табиғаты мен мәртебесі туралы мәселені шешкен жоқ. Соның салдарынан ол мемлекеттік билік тармақтарының арасында қалғандай әсер ту-

ады, сөйтіп, оның “төртінші билікке” айналуына бейімдігі байқалады. Мұның өзі президенттік республика жағдайындағы билік бөлінісі принциптерімен де, құқықтық мемлекет принциптерімен де сыйыспайды. Болашақта көзделіп отырған прокуратура мәртебесін өзгерту мемлекет басшысының тарапынан ықпалды күшейтуге тәуелді, мұның өзі еліміздегі заңдылық тәртібін күшейтуге жағдай жасайды. Бұл ретте мемлекет басшысының алдындағы жауапты органға айналып отырған прокуратура жүйесінің кадрлық және құрылымдық аса маңызды мәселелерін шешу өкілеттігін Президентке беру сындарлы қадам болмақ.

Экономикадағы шешуші іс-қимылдардың басталып отырған кезеңі мемлекеттік биліктің барлық органдарының жұмысында күрт ілгері қадамдар жасауға міндеттейді. Ең алдымен бұл, құрамына осы заманға лайық еркін пайымдайтын идея түзіп қана қоймай, қара жұмыстың өзін де жүйелі әрі тыңғылықты орындай алатын жаңа білікті адамдарды енгізу арқылы үкіметтің жұмысын ширата түсуді міндеттейді.

Осы мақсатта бағыты жаңа үкімет құру міндеті алға қойылып отыр. Ахуалдың жаңа сапалық өзгерісі оны құрудың және Президентпен қимыл бірлігінің принциптері мен тетіктері туралы мәселені алға қояды.

Реформалардың бастапқы кезеңінде күрделі және мүлде жаңа міндеттерді шешу, іс үстінде мемлекеттік басқарудың жаңа міндеттерін игеру, Мәскеудің әмірін дағдылы қайталау психологиясын еңсеру қажет болған кезде аяғын тең басып тұруға машықтану үшін алғашқы кезеңде үкімет Президент беделінің “қалқасында” онымен бірле-

сіп бір құрылымда жұмыс істеп, жетістікті, көбінесе сәтсіздіктерді тең бөлісті.

Алайда мұндай тізбектегі бұдан былайғы жұмыс іркілістерге жол бере бастады. Бұған қоса Президент тікелей атқару мен экономиканы тікелей басқаруға барған сайын көбірек қосыла берді. Мұндай жағдайда ол еріксізден үкіметтің көптеген ісі үшін жауапкершілікті мойнына алып, оның жұмысына объективті әрі қалтқысыз бағасын бере алмас еді. Халықты әлеуметтік қорғау кепілдігін қолдан шығарып алу қаупі төнді.

Ендігі жерде мұны тоқтату керек. Ахуалдың өзі де, барлық билік органдары да бір мақсатқа бастайтын ортақ жолда әркім өз учаскесінде дербес жұмыс істейтіндей дәрежеге жетті.

Бұл бағытта алғашқы қадам да жасалды. Президент толығымен Конституцияның кепілі, мемлекет басшысы міндетін, осы тұрғыда қоғам атынан дағдарыстан шығудың тактикалық шаралары мен іс-қимыл бағдарламасын әзірлеуге тапсырыс беруді, экономиканы тұрақтандыру мен жүргізіліп жатқан реформаны әрі қарай тереңдетуді өз қолына алады. Жаңа бағдарламаның негізгі бағыттары, оны өзіндік бір саяси тапсырыс деу керек, Президенттің парламентке жолдауында баяндалған.

Осы сәттен бастап үкімет өзгеше, командалық принцип бойынша құрылуға тиіс: оның экономикалық топтамасын қалыптастыру жоғарыда аталған мақсаттарды жүзеге асыра алатын бағдарлама ұсынып, оның шындыққа сәйкестігін, орындалатынын және алға қойылған міндеттерге сай тиімділігін дәлелдеген адамға тапсырылады.

Бүгінгі үкімет пен облыс әкімдері, оларды тағайындау жөнінде Премьер-министрдің ұсыныс енгізгеніне қарамастан, бірегей команда болмай отыр. Министрлер кабинеті өз алдына, облыстар өз алдына қызмет атқарып жатыр, ал оларға үкімет тарапынан ықпал ету мүмкіндігі конституциялық тұрғыда шектелген. Үкіметтің өзі өзіндік ұйымдасуына қарай және кабинет мүшелерін командалық принциппен емес, дербес іріктеуге байланысты бірнеше блокқа бөлініп отыр. Макроэкономикалық, сыртқы экономикалық, әлеуметтік және салалық блоктар арасындағы ауыз бірліктің жоқтығы айқын көрінуде. Экономикалық блоктың өз ішінде де бірлік жоқ. Бұған қоса туындаған проблемалар бойынша келіспеушіліктің ұдайы орын алуы — бұл ең бір келеңсіз ғана көрініс емес. Тіпті кей учаскелерде бір команданың мүшелері болып саналатын олар бір-бірін ашықтан ашық жақтырмау мен тайталасуға көшті.

Үкіметтің командалық принциппен құрылу тетігінің ерекшелігі мынада: Премьер-министр әзірлеу жүріп жатқан кезеңде — өз пікірлестерінің командасын іріктеп, Президентке алдағы іс-шаралар бағдарламасын ұсынады. Ол мақұлданған жағдайда бұл команда өз идеяларын жүзеге асыруға жауап беретін Министрлер кабинеті болады.

Президенттің тапсыруы бойынша үкімет ғылыми жұртшылықтың, саяси күштер мен іскер топтардың барлық тілек білдіруші топтарын тарта отырып, реформаларды тереңдету мен экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі шаралардың бағдарламасын нақтылайды. Мұның өзі өткен жылы наурыз айында қабылданған дағдарысқа қарсы

бағдарламаның заңды дамытылуы, кеңейтілуі мен толықтырылуы болып табылады және көп кешікпей өз ұсыныстарын депутаттардың қарауына ұсынады.

Егер парламент Президент баян еткен бағытқа келісімін берсе, Президент осы бағытқа сәйкес келетін бағдарламаны бекітуге әзір. Министрлер кабинеті алқа болып та, жекелей де оны іс жүзіне асыратындығын қуаттайды. Оның мүшелері Президент пен Премьер-министрдің алдында реформа бағытына адал екендігіне, бағдарламаны сөзсіз қолдайтындығына, оны жүзеге асыру жөнінде бірлесіп қимыл жасайтынына ант берген іспетті міндеттеме алуға тиіс.

Облыс басшыларымен де осылай істеу керек, сондай-ақ оларды қазметке тағайындау мен босатуға қатысу жөнінде үкіметке неғұрлым кең құқық беру керек.

Үкіметтің халық алдындағы, Президент пен парламент алдындағы жауапкершілігін күшейту, атқарушы биліктің қызметін бақылау мақсатында Президент пен Министрлер кабинетінің аппараты бөлінді. Мемлекет басшысы үкіметтен және ағымдық сипаттағы мәселелерді қараудан алшақтай бастады. Назарымды Конституцияға кепіл болу міндетін орындауға шоғырландыра отырып, мен бар күш-жігерімді Қазақстандағы саяси тұрақтылықты сақтау үшін қоғамды топтастыруға жұмсайтын боламын.

Осы мақсат үшін, атап айтқанда, президенттің заң шығарушылық бастамашылығының шеңбері кеңейтілді. Биылғы жылы мен Жоғарғы Кеңестің қарауына ішінде алты жаңа кодексті, конституция-

лық және сот-құқықтық реформалар мәселелері бойынша маңызды заңдарды қамтитын 20-ға жуық заң жобасын енгізгелі отырмын.

ЖАҢА ИНТЕГРАЦИЯ ЖОЛДАРЫН ІЗДЕСТІРЕМІЗ

**“ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК:
ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ПОТЕНЦИАЛ ЖӘНЕ
ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ” АТТЫ КОНФЕРЕНЦИЯДА
20 ҚЫРКҮЙЕКТЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Ашық та сындарлы пікір алысу біздің бәрімізге қазіргі өмір шындығын пайымдай білуде, уақыттың, халықтардың арасындағы үзілген байланыстарды қалпына келтірудің келешегі зор жолдарын іздеуде, тату көршілік пен келісім қағидаларын қайта жаңғыртуда тағы бір қадам жасауға көмектесетіндігіне сенімдімін. Бұл өз кезегінде адамдардың тұрмысын жақсартуға жағдай туғызады. Қазір адамзат өркениетінің алға жылжуының негізгі бағыттарымен сай келетін және социалистік дәуірден кейінгі кеңістікте құрылған мемлекеттердің тұтас бір тобының прогреске жетуіне кепілдік беретін дамудың дұрыс бағдарын айқындап алу төтенше маңызды.

Еуразия достастығын құру идеясы, нақ осы мемлекеттер үшін бірінші кезектегі мүдделілік туғызады. Өйткені әңгіме өтпелі кезеңде болмай қоймайтын экономикалық дағдарыстан тезірек шығу және саяси реформаларды жүзеге асыру, туындаған қиындықтарды жеңілдету жөніндегі күш-

жігерді бір орталыққа шоғырландыру туралы болып отыр.

Оның үстіне ТМД шеңберінде бұл тұрғыда ешқандай елеулі нәтижеге жете қойған жоқпыз, мысалы, бірқатар елдер тарапынан өздерінің ауқымы тар мүдделерін көздеп, қол қойылған уағдаластықтардың кейбір ережелерінен бас тартуда.

Еуразия одағын құру жобасына белгілі бір тұрғыдан алғанда, біршама уақытқа жоғалтып алынған ізгілікті жалпы адамзаттық құндылықтарға бағыт ұстану, тіпті, басымырақ та болып көрінеді, біздің біртұтас сан ғасырлық тарихымыз бен тағдырымыз, бірлесе өмір сүру дәстүріміз, ортақ мәдени мұрамыз бар. Түрлі елдердегі сан мыңдаған адамдар біздің бұдан былай бір-бірімізден шекаралар мен кедендер арқылы, тарихымызда бұрын-соңды болып көрмеген кедергілер арқылы оқшауланып қалуымызбен келісе алмайды.

Бұл процестер кезінде біртұтас болған ғылым, мәдениет, білім жүйесінің үзілуіне ғана емес, дүниежүзілік өркениеттің ғылыми-мәдени жетістіктерінен оқшаулануға да әкеп соқтырады. Бізге жаңа білімдерге қол жеткізудің және оларды іс жүзінде пайдаланудың интернационалдануын сақтап, нығайту қажет. Өйткені ғылыми-техникалық саладағы зерттеулер мен жасалымдарды интеграциялау, жалпы алғанда, өнеркәсіптік қызметтің ауқымын кеңейтудің ажырамас бөлігі болып отыр.

Адамдардың тұрмыстағы қарапайым қажеті — олардың еркін жүріп-тұруы, туыстары мен жақындарына барыс-келісі туралы да ойлау керек.

Бұл — бүгінгі таңда салауатты ойлай білетін әрбір саясатшының өз елі мен аймағындағы тұрақтылықты, бейбітшілікті және өз азаматтарымыздың отбасындағы тыныштықты сақтау жөніндегі көкейтесті ісінің басты құрамдас бөліктерінің бірі.

Менде де, шынайы интеграцияның басқа жақтаушыларында да, бұрынғы империяны қайта тірілту ниеті жоқ деп ойлаймын. Біздің республикаларымыздың тәуелсіздігі шынайы фактіге айналып, нақты саяси мән-мазмұнмен толықты, біздің мемлекеттеріміз бен халықтарымыздың қаны мен тәніне сіңіп кетті. Уақыт доңғалағын енді ешкім де кері бұра алмайды.

Әрине, бұл ойдың басқа пікірдегі қарсыластары да бар. Бұл пікірлерді үш топқа бөлуге болады: негізінен — олар Еуразия одағын құп көреді, екінші топ — оны кейбір шектеулер қоя отырып қолдайды, өте аз саяси күштерден тұратын, қазір интеграциялық процестер қажет емес деп санайтын консервативті айқындама да бар.

Еуразия одағы жөніндегі ой қайткен күнде де жүзеге асырылатынына сенімдімін, өйткені оған альтернатива жоқ. Оның күші бұл идеяның халықтың қалың ортасынан шығып, сан ғасырлар бойы Еуразия кеңістігінде өмір сүріп келген адамдардың жақсылыққа ұмтылысының көрінісі болып табылады.

Бұл жобаның басым көпшілік тарапынан түсіністік пен қолдау табатынына сенімдімін. Өйткені ол біздің барлық халықтарымыз бен елдеріміздің мүдделеріне сай келеді, бұл — түкпілікті күйреуден құтқаратын бірден-бір қорғаныс және

ықтимал геосаяси апаттарға, әлеуметтік-саяси тығырықтарға жол бермеудің кепілі.

Бүкіл әлем бірігуге ұмтылуда, бұған мемлекеттердің әртүрлі бірлестіктерінің оң тәжірибесі дәлел бола алады. Соларды пайдаланып, түсіну қажет. Сайып келгенде қандай да бір елдің дүниежүзілік қоғамдастыққа кіруі бүгінде жеке-дара мүмкін емес, бұл бірлескенде ғана мүмкін болады.

Еуразиялық одақ идеясы ТМД үшін белгілі дәрежеде ұйтқыға айналды. Қазақстан баяғыдан бері ұсынып келе жатқан Мемлекетаралық экономикалық комитетті құру туралы келісімнің өзі осыған айғақ. Мұның өзі — ең алдымен Достастық кеңістігіндегі экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған Еуразиялық одақтың негізгі қағидаларының бірі. Ұлттық органдардың пайда болуы қол жеткен уағдаластықтарды жүзеге асыруға, экономикалық реформалардың міндетті түрде орындалуға тиісті бірлескен бағдарламаларын қабылдауға көмектесетін болады.

ТМД шеңберінде Орталық Азия экономикалық кеңістігінің құрылуын Еуразиялық одақтың жобасын жүзеге асыру кезеңдерінің бірі ретінде қарауға болады. Оның есіктері басқа мемлекеттер үшін де ашық. Демек, аймақтық интеграция ТМД-ны нығайтудың бір факторына және неғұрлым жоғары сатыдағы интеграцияға бастайтын қадамға айналу-да.

Сонымен, қазірдің өзінде экономикалық проблемаларды шешуге бағытталған Еуразия одағының бірінші қабаты салынуда. Екіншісі — гуманитарлық салада қабылданған және дайындалып жатқан құжаттарда салына бастады. Осыған байла-

нысты ортақ білім беру ғана емес, сонымен қатар әдістемелік және тіптен кейбір ұйымдастыру міндеттерін де шешетін Еуразия университеті идеясын ойластыру қажет. Үшінші, неғұрлым күрделі аспект ретінде саяси мәселе болып отыр. Бірақ мұнда да “алаулаған” жанжалды аймақтары қысым жасап отырған ТМД кеңістігінің қауіпсіздігін бірінші кезекте қамтамасыз ету үшін іске қосу талап етілетін әлуетті мүмкіндіктер бар.

АЛАШҚА АЙБЫН БОЛҒАН АРЫСТАР

ТАРИХИ ЗЕРДЕ КЕШІНДЕ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАДАН

Бүгін міне, бес арыстың — Тұрар Рысқұловтың, Сұлтанбек Қожановтың, Сәкен Сейфуллиннің, Лияс Жансүгіровтің, Бейімбет Майлиннің туғанына жүз жыл толуына орай ерекше жағдайда тағы да бас қосып отырмыз.

Сөз жоқ, жоғарыда аттары аталған аса көрнекті ел ардақтыларының әрқайсысының жүз жылдығы — бүгінгі қоғам үшін жеке-жеке рухани оқиға, тарихтың орны бөлек қайталанбас беттері екендігі қазіргі кезеңде ешқандай да күмән туғызбаса керек. Сондықтан да бүкіл халық болып оларды еске алу — әрі рухани зерделілігіміз, әрі ұрпақтық парызымыз.

Үстіміздегі жылы республикамыздың алуан өңірінде, олардың кіндік қандары тамған, өскен,

оқыған, қызмет еткен мекендерінде арыстарымыздың мерейтойлары кеңінен аталып, жаңа ескерткіштер, мемориалдық тақталар ашылды. Ақпарат құралдарында сол тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметіне, тағдырына байланысты тың деректер жарияланып, жұртшылық игілігіне ұсынылды. Жер-жерде өткізілген осынау шаралардың қорытындысы ретінде мемлекет дәрежесінде бас қосып, қасиетті ағалар аруағы алдында еліміздің бірлігі, іргетасымыздың беріктігі жайлы тағы да бір көңіл аша сырласу, дидарласу бүгінгі өміріміздің қажеті.

Әрқайсысы қайталанбас, жеке-жеке шоқтығы биік заман тұлғалары бола тұра, олар өмірлерін бір мүдде, бір мақсатқа арнағандықтан, тағдырлары да бір болып шықты. Бір жылда туған төл құрдастар — мемлекет, қоғам ісіне бірге араласып, бір мақсаттың туын көтеріп, амал қанша, бір кезеңде құрбандыққа шалынды.

Екіншіден, олардың тағдыры — елдің тағдыры. Ендеше бес арыстың өмір жолын тұтас айту, халықтың тағдырын сөз қылу — тарихи шындықты тұтас көру деген сөз.

Өткенді зерделеп, жақсы мен жаманды, ақ пен қараны айырып, оны бүгінгі күннің кәдесіне жарату — қоғам алдында тұрған ең өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, айта беретін тәуелсіздігіміз, егемендігіміз осы тарихты тануға тікелей байланысты: өткенді білмей, болашақты анықтау мүмкін емес. Ал, болашағы анық емес елді егемен деп айтуға әсте болмайды. Сол себепті тарихқа, тарихи тұлғаларға көзқарас аса жауапкершілікті, байсалды пайымдауды қажет етеді.

“Малым — жанымның садағасы, жаным — арымның садағасы” деген біздің халқымыз қай ғасырда да бас бостандығын, рух еркіндігін ерекше қадірлеген, қастерлеген. Ел басына күн туып, ат ауыздықпен су ішкен, ер етікпен су кешкен замандарда қасиетті туған жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған талай-талай батырлар өткен.

Бірақ тарих заңы қатал. Елінді, жерінді найзаның ұшымен де, білектің күшімен де қорғай алмайтын кездер болады. Екі жарым ғасырдай отарлау саясатының құрбаны болған қазақ халқы жерінің құнарынан, елінің еті тірі ұланынан айырылып, бодандықтың қасіретін шекті. Осы қажеттілікті сезгендей, халқымыз талантты ерлерді дүниеге топ-тобымен әкелді. Жүрек десең жүрегі, білім десең білімі, білік десең білігі бар, ел үшін, жер үшін ештеңеден де тайынбайтын, табанды да талантты интеллигенция, жаңа тұрпатты саяси күрескерлер дүниеге келді.

Сол тұста жаңа өмірді құрысқан азаматтардың арасындағы аса ірі тұлғалардың бірі — Тұрар Рысқұлов. Оның Орта Азия мен Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне белсене қатысқаны, сол үшін түрмеге жабылғаны бәрімізге белгілі. Тұрар Рысқұлов 1919—1920 жылдар аралығында Түркістан Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Орталық Атқару Комитетінің Төрағасы болып істеді. 1926 жылдан 1937 жылға дейін, яғни нақақ жазаға ұшырағанға дейін, он бір жыл бойы РСФСР Халық Комиссарлары Советі Төрағасының орынбасары болды. Тұрар Рысқұловқа дейін қазақ баласы дәл мұндай лауазымды қызмет атқарып көрмеген болатын.

РСФСР-дай алып елдің ауқымында күрделі мәселелер шеше білген Тұрар Рысқұлов қазақ халқын өзгелерге танытуға үлкен үлес қосты.

Әрине, Тұрар Рысқұловтың асыл аруағына тағзым етіп, атын ардақтағанда біздің ойымызға оның ел үшін еткен ең ересен, ең ірі, ең қасиетті еңбегі алдымен оралады. Қазақ даласына айдыңкүннің аманында, қазан ұрмай, қар жаумай-ақ келген нағыз нәубет — алапат ашаршылық тұсында Рысқұлов тұлғасының шын мәнінде ұлы екені айқын көрінді. Ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған, қырына алғанның қабырғасын қақыратып, көлденең тұрғанның бәрін көрде шірітіп жатқан Сталиндей тиранға қарсы шабу, қазақ даласындағы қолдан жасалған қырғынды тоқтаттыруды талап ету, өлімге бас тігіп, ажал аузына өзі барумен бірдей ерлік болатын. Кейіннен Рысқұловтың үш хаты бойынша республикадағы жағдай тексерілгені, Голощекин басқа қызметке ауыстырылып, орнына халық “Мырзажан” атап кеткен Мирзоян келгені, сөйтіп айналасы екі жылдың ішінде тұтас бір ұлттың тең жартысына жуығын жусатып салған ХХ ғасырдың сұмдық трагедиясы тоқтатылғаны бәріңізге белгілі. Ал, осы іске қозғау салып берген Тұрар Рысқұлов еді. Осы ұлы еңбегі үшін қазақ елі Тұрар Рысқұловтың атын мәңгі-бақи ардақтап өтетін болады!

Біз бүгінгі кеште қазақтың біртуар перзенті, аса көрнекті ақыны және мемлекет қайраткері Сәкен Сейфуллинді халық жадында мәңгі сақталар жан, асылдардың асылы, аяулылардың аяулысы деп еске аламыз. Сәкен — біздің ұлттық мақтанышымыз, ел үшін еңіреген ер, қайтпас қайсар күрес-

кер. Сәкен — өлеңнен өрнек өрген ақын, қара сөздің сиқырын игерген прозашы. Сәкен — тыңдаған жанның жүрегін тербемей қоймайтын сырлы да сазды әндер шығарған талантты композитор.

Рас, Сәкен өз заманының саясатына қызмет етті, сол кездегі жаңа құрылған қоғамның болашағына сенім артты. Бірақ ол — өз халқының болашағына деген сенім еді. Егер ол тірі болса, бүгін, сөз жоқ, өзіне тән өткірлікпен, от пен судан қорықпайтын батырлықпен тек халық мүддесі жағында ғана тұрар еді.

Бүгінгі салтанатты кешке біз Сәкеннің азатшыл рухынан тағылым алу үшін, ел деп соққан жүрегіне құлақ түріп, нақты ісінен үйрену үшін жиналдык. Өйткені, егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккен Қазақ еліне Сәкеннің үздік үлгісі, өрелі өнегесі өте керек.

Халқының елдігіне, рухына қажет мәдени қазынаны жаратқан алып тұлға, арыстарымыз бен асылдарымыздың қатарында біз бүгін Ілияс Жансүгіров есімін айрықша атаймыз. Оның ұланғайыр шығармашылығы “өнер алды — қызыл тіл” деп, сөз өнерін қадірлеп, өнерпазын қастерлеген текті жұрттың поэтикалық дәстүрінен қуат, серпін алған аса бір арынды, терең де нұрлы ағыс болып көрініс береді. Бұл ағыста замана дауылы көтерген шуда жал бұрқақ толқындар да, шымырлап сыр бүккен тылсым иірімдер де, тегеуіріні тұңғыықта тепсінген жұмбақ қуат та бар. Адам баласының санасын сан соқпаққа бұрып, жан дүниесін жапырып, қалыпқа құйған ХХ ғасырдың бұрқасын өткелектері, саяси жүйенің алдамшы идеологиясы, империялық өкімнің қаншенгел құрсауы Ілиястың тау бұзып, тас жарған алапат

дарынын да өз арнасына икемдеп, өз танабына тартып-ақ бақты.

Бірақ, Ілияс поэзиясының бастау-бұлақ, құнарлы көзі — ең алдымен, халықтың бай фольклорлық мұрасы мен Абай поэзиясы болды. Әсіресе, “Күй”, “Құлагер”, “Күйші” поэмалары қазақ поэзиясында сол кездегі айшықты жаңалық, теңдесі жоқ алып шығармалар болғаны белгілі. Ілиястың қазақ поэзиясындағы тағдыр-талайын Құлагер тұлшардың бейнесімен ұқсатуымыз да тегіннен-тегін емес.

Таңғажайып талантымен тандандырмай, тамсандырмай қоймайтын ұлы тұлғаларымыздың тағы бірі — Бейімбет Майлин.

Бейімбет шығармашылығы қазақ тарихындағы аса бір күрделі кезең болған жиырмасыншы, отызыншы жылдардың кескін-келбетін қаз-қалпында бейнелеп беруімен айырықша құнды. Би-ағанның әңгімелерін, повестерін ой көзімен оқыған адам Октябрь революциясынан кейін қазақ санасында, қазақ мінезінде, қазақ психологиясында қандайлық катаклизм болғанын анық көреді. Бейімбет жаңа өмірді ұйымдастырудағы солақайлықтарды, коллективтендірудің келеңсіздігін өзінің жанр түрлеріне бай шығармаларында жеңіл әжуа, сезімтал әзілмен де, өткір сарказмға толы уытты тілімен де сынаған.

Бейімбет те, Сәкен мен Ілияс сияқты, жаңа өмір әкелер жақсылыққа үміт артты, әділетсіздікті жоямыз, ел мен елді теңейміз деген большевиктік саясатқа шын сенді. Өзінің Жалбыр, Таңсық, Айпа, Раушан, Азамат Азаматыч сияқты кейіпкерлері арқылы, есімі мәтел болып кеткен атақты Мырқымбайы арқылы оқырманын сол жаңа өмірді

бірге құрысуға шақырды. Бірақ Бейімбеттей ұлы реалист жазушы шырқыраған шындықты айтпай тұра алмады. Ал, сталинизм, тоталитаризм басқаны кешірсе де мұндайды еш кешірмейтін. НКВД идеологтарының қанды құрығынан рухани бостандықты айтқандардың құтылғаны сирек екенін жақсы білесіздер.

Міне, осы үшін, басын бәйгеге тіге жүріп, замана сырын ашып бергені үшін, бүтін бір дәуірдің ғажап картинасын, сол кезеңдегі қазақы мінездердің қайталанбас, ғажап галереясын жасап бергені үшін біз Би-ағанның ұлы таланты алдында басымызды иеміз.

Дүниеге бірге келіп, бірге кеткен бес арысымыздың енді бірі — көрнекті мемлекет қайраткері Сұлтанбек Қожанов. Сонау оңтүстіктің бір қиырындағы Ақсүмбе ауылынан түлеп ұшқан тастүлектің қандай заңғар көкке көтерілгенін, елі үшін қандай еңбек еткенін бәріңіз де жақсы білесіздер. Алдымен Түркістанда, онан кейін Ташкентте білім алған дарынды жастың бар қайрат-қабілетін, ақыл-ойын халық үшін жұмсап өткенін айтып жатудың өзі артық сияқты. Сұлтанбек Қожановтың Түркістан Республикасының басшылығында аса жауапты жұмыстар атқарғаны, атап айтқанда, Ішкі істер, Халық ағарту, Жер мәселесі халық комиссариаттарында жетекшілік еткен кездегі еңбегі зор.

Сұлтанбек Қожановтың өмірінен біз алар өнегенің бірі — кең ауқымда ойлау, өз халқыңа шындап жан ауырту, оның мінін де айта білу, сөйтіп олардан арылуға көмектесу. Бір мысал келтірейік.

Сұлтанбек Қожанов сонау 1924 жылы Ташкенттегі қырғыз-қазақ институтын бітіріп шыққан

жастарға арнап, “Ақ жол” газетіне “Жас буын, жаңа жұрт жолға түссін” деген мақала жазған. Онда қырғыз-қазақ тұрмысының ең үлкен кемшілігі — шаруа түрінің орнықсыздығы, олардың еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы екенін атап айтқан. Қазақ-қырғыз үдесінен шығып, бірте-бірте мәдениеттендіріліп, не мал шаруасын өркендете алған жоқ, не орнығып отырып, алаңсыз егіншілікпен айналысқан жоқ, не қолөнерін дамытпады, не сауда үдесінен шықпады, деп жазған.

Ал, ақиқатын айтайықшы; азамат ағамыз көрсеткен осы міндерімізден арылып болдық дей аламыз ба?! Әрине, олай дей алмаймыз. Мұның негізгі себебін де автор тамаша ашып көрсеткен. Негізгі себебі халықтың “еркіндікте бола алмай, табиғи жолмен ілгері баса алмағандығы” дейді автор. Демек өз билігі өз қолына тиген тұста халқымыз мұндай міндерден неғұрлым тезірек арылудың қамына кірісуі керек.

Бүгін біз сталиндік қуғын-сүргін кезінде қаза тапқан аса көрнекті бес қайраткерді ғана емес, сонымен бірге сол жылдарда нақақтан өмірін қиған басқа да көптеген адамдарды еске аламыз. Олардың арасында Қазақстанның тамаша перзенттері — Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мұхамеджан Тынышбаев, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердиев, Халел Досмұхамедов, Санжар Аспандияров, Ораз Жандосов, тағы басқа көптеген аяулы азаматтарымыз болды. Бірақ заңсыздықтар мен белден басушылық тек сол жылдармен ғана шектеліп қалған жоқ. 1986 жылы желтоқсанда қазақ жастары тоталитаризмге қарсылық білдіріп,

алаңға шыққанда да сол сталиншілдіктің жаңғырығы естіліп жатты.

Біздің республикада сол жылдарда еріксіз жер аударылған сан мыңдаған “халық жаулары”— көптеген ұлттардың өкілдері: орыстар мен украиндар, қалмақтар мен чешендер, белорустар мен немістер ажал тырнағына ілінді.

Жазықсыз қаза болғандар әрқашан халық жадында қала бермек!

Бес арысымыздың өнегелі өмірінен үйренеріміз көп. Ең алдымен, ел үшін, туып-өскен жер үшін жан-тәнімен, ынта-ықыласымен беріле қызмет ететін азаматтық жүрегін үлгі тұтуымыз керек. Олардың қай-қайсысы да қазақ елінің өзгелермен терезесі тең болуын арман етіп өтті, жалындап жанған жүрегімен бүгінгі азаттық таңын жақындатып кетті.

Сонан кейінгі ерекше атап айтатын қасиеті — ауызбіршілігі. Замандастарының естеліктеріне, көзкөргендердің дерегіне қарағанда, осы асыл ағаларымыз қашанда бір-бірін бөлекше қадірлеген, өзара достығын көздің қарапшығындай сақтай білген. Асыл ағаларымызға “алыптар тобы” деген ғажап ат берген көркем сөз зергері Ғабит Мүсірепов: “алыптар дәстүрінде ортақ жанашырлық бар еді. Ортақ істе ақылдасып отыратын дәстүрлері берік болатын”, деп еске алады.

Өкінішке қарай, зиялы қауымның бойында бағы заманнан бар бәсекелестік сезімін тоталитарлық қоғам әбден әккілікпен пайдаланды. Оның мысалын алыстан іздеудің қажеті жоқ. Кешегі Колбиннің тұсында қанша азамат сұқ саусақтың ұшында кетті! Халықтың ауыз біршілігі, оның ішінде интеллигенцияның ұйымшылдығы болса, ел

басына келген зұлматтың зардабы мұнан біршама аздау болар ма еді деп те ойлайсың.

Ел бірлігі — зиялылар бірлігі. Қай заманда да елдің басын зиялылар қосқан. Біздің қазақ ежелден орынды сөзге тоқтаған. Ақылы асқан адамның уәжіне жығыла білген халық. Әсіресе, ақынның, шешеннің данагөй сөзі халық үшін қашан да қастерлі, қасиетті саналған. Мұнымен қатар, елдің бірлігін кетіретін, берекесін қашыратын сөз де кей-кейде зиялы қауымның аузымен айтылып қалатыны өкінішті-ақ. Сондықтан, қазіргідей күрделі кезеңде елдің бірлігі, ел аузына қарап отырған интеллигенцияның тарихи жауапкершілік жүгін сезінуі өте-мөте маңызды. Тағы да айтамын: тағдырдың өзі, тарихтың өзі қазаққа берген осы бақытымызды бағалай білмесек, ұсақ-түйек әңгіме төңірегінде, ауыл-аймақтың айналасында өнбейтін дау қусақ, өзімізді-өзіміз төменшектетіп, елдің еңсесін езетін сөзді айта берсек, онда біз болашақ ұрпақтар алдында аса айыпты боламыз.

Өткеннің өнегесі — бүгінгінің баға жетпес байлығы. Алайда төл тарихы тағылымының уызына жарымаған ұрпақ ол байлықты еншілеп, игілігін еркін көре алмайды. Кешегі бабасы жіберген қатені енді өзі қайталап, тәуелділік тозағына түседі. Мынау ұлы далада әр дәуірде өмірге келген атақты мемлекеттер осындай тағдырды бастан кешті. Мысалы, шаңырағын Жошы хан көтеріп, ұстынын Бату хан бекіткен Алтын орда елдің есті азаматтары ел басының төңірегіне тоқталып, ынтымақ-тірлік танытқан кезде сыртқа айбар, ішке береке ұйытқан іргелі мемлекетке айналды. Алайда бұл ұзаққа бармады. Тарихынан тағылым ал-

маған ұрпақ өздерінен бұрынғы Ғұн империясының, Түрік қағанатының қателігін қайталап, елдің ұйыған бірлігін ірітіп, тақ таласына түсті. Ханына қарсы тұрып, халқына қайғы жұттырды. Ақырында іргелі мемлекет елдіктен қалды, ұсақ хандықтарға бөлініп, биқұмарлар мен такқұмарлардың еншісіне тиді. Осылайша тұтастықтан бөлініп шыққан Қырым, Ноғай, Қазан, Астрахан, Өзбек, Қазақ, Сібір хандықтарының тағдыры өздеріңізге белгілі, бөтен елдің боданы болып, тәуелділік қамытын киіп тынды.

Алайда шенқұмарлар мен шекпенқұмарлар бұдан да қорытынды шығармады. Ел азаттығы үшін алысқан ерлердің жолын кесті. Өсер елдің баласы арманшыл болса, өшер елдің баласы жанжалшыл болатынын танытты. Көрші ел жауын жеңген өз батырлары Невский мен Донскойларын ардақтап, алақанына салып аялап жатса, біз сондай ерлік көрсеткен бас сардар Әбілқайырды өз қолымызбен өлтіріп тындық. Отан қорғау мәні жөнінен Аңырақай соғысы Нева соғысынан бір де кем емес еді ғой!

Бұдан кейін де алауыздылық дерті өршімесе өшкен жоқ. Соның салдарынан бодандықтың бұғауын үзуге қайрат қылған қазақтың соңғы ханы — Кенесары да алты алаштың толық қолдауына ие бола алмады. Ақыры арманына жете алмай, ағайын қолынан қаза тапты.

Көріп отырсыздар, тұтас алмай, теріп айтқанның өзінде осылай жалғаса беретін тарихтың ащы сабақтары аз емес. Бұл сабақтар бізден ел қамын ойлар естілікті тілейді. Ол бізге бірлік бар жерде береке бар екенін, алауыздық орын алған жерде азып-тозу болатынын ескертеді. Бақ та, тақ та та-

ласқанға бұйырмайды, халықтық істе жарасқанға бұйырады. Айқайшыл күшпен емес, игілікті ісінмен көрін. Халық кемеңгер ғой, кімнің кім екенін өзі-ақ танып алады. Тарихтың осы тағылымын әрдайым есте ұстайық. Бірлік — біздің қасиетті туымыз.

Бірлігіміз болса ғана тірлігіміз болатынын ұмытпайық ағайын!

Бүгінгі мемлекетіміздің жағдайы туралы әңгімеде, біз көп ретте тек басымызға түсіп отырған уақытша қиындықтарды, әсіресе тұрмыс қиындықтарын желеу етіп, екілене сөйлеп, жүйке қоздыруға тырысатын топтар мен саясаткерлердің жетегінде кететініміз бар. Адамзаттың арманы — рухани бостандық пен сөз еркіндігінің құнын ескере бермейміз. Ойлап қараңыздаршы — отызыншы жылдарда ашаршылықтан миллиондаған адамдар қырылып жатқанда, арыстарымыз жазықсыздан айыпталып, атылып жатқанда, соның бәрін жүргізіп отырған партия мен үкіметтің ұжданын көтеріп: “Жасасын, Коммунистік партия!” демедік пе? Неліктен солай болды? Ең бастысы — адамның рухани бостандығы болмады. Осы ең биік категориялар болмаған жерде басқа игіліктердің барлығының неге тұратындығын — 70 жылдан астам өткен өміріміз көрсетті емес пе? Бүгінгі біздің мемлекеттің азаматы — ойындағысын анық айтуға мүмкіндігі бар — еркін азамат. Бірақ осы бостандықты әр азамат мемлекеттің бірлігін, тұтастығын, қоғамның шырқын бұзуға және өзіндей басқа азаматтардың бостандығына зиян келтіруіне біздің Конституциямыз бен заңдарымыз тыйым салады. Олай болмаса біз өркениетті ел бола алмаймыз.

Егер біздің қоғам, әсіресе саясаткерлер мен

қоғам қайраткерлері, зиялылар осы ең қымбат мүддені тиісінше бағалай білмесе, бәрінен де ең асылымыз, қымбаттымыз — рухымыздан айырылуымыз ғажап емес. Кез-келген халыққа бәрінен бұрын асқақ рух керек. Қай уақытта, қай елде болмасын, ұлттың ұлы перзенттері мен ойшылдары, қайраткерлері ең алдымен өз ұлтының, халқының рухын көтеруді ойлаған. Сол үшін күрескен, ой толғаған, қамыққан, тіпті өз өмірлерін құрбан еткен. Оған бүгін еске алып отырған бес арыстың өмірі айқын дәлел. Осы орайда менің есіме үндінің ұлы перзенті Махатма Гандидің: “Біздің халық ұзақ жылғы отарлық езгіде не бір асылы мен қымбатынан айрылды. Солардың арасында біз бір ғана қасиетті дүниемізді таяу арада қайыра алмаймыз ба деп қорқамын. Ол — халықтың рухы. Одан үлкен байлығымыз жоқ еді...” деген сөзі есіме түсіп отыр. Бұл сөздің терең мағынасын ең әуелі сіздер білуге тиіссіздер. Біз отаршылдықтың езгісін, ескі системаның зорлығын көп көрген халықпыз. Күні кешегіге дейін бар даусымызбен өзіміздің біртұтас халық екендігімізді, тарихымыз, ұлы тұлғаларымыз, ғасырлар тереңінен сусындаған төл мәдениетіміз бен өнеріміз бар екенін ауыз толтырып айта алмай келдік. Нағыз шындықты айтқызбай, адамның мысын басып тұратын бір дүлей күш бар еді. Ол күш — империялық саясаттың идеологиясы болатын.

1953 жылы ұлы Мұхтар Әуезовтың “Абай жолының”, бертін келе Ілияс Есенберлиннің тарихи тақырыпқа жазған романдарының орынсыз сындарға ұшырағаны да белгілі, осы тақырыпқа қалам тартқан бірқатар жазушылардың шығармалары қатал цензураның қайшысына түсті. Өйткені, бұл туындылар тарихы таяз, мәдениеті төмен, 1917 жылы Қазан революциясының арқасында ғана

қатарға қосылды деп келген қазақ халқының тарихын, елдігі мен ерлігін, асқақ рухын көрсете білген еді. Ал, халықтың рухын асқақтатпас үшін ат төбеліндей билеуші топ оларға ойдан шығарылған “ұлтшыл”, “арандатушы” деген аттар тақты.

Жүз жылдығы аталып отырған бес арыстың, отызыншы жылдарда зорлықшыл режимнің нақақ құрбаны болған басқа да асылдарымыздың тағдырына ой жіберіп қарағанда билік басындағылар мен суреткер қауымның ара қатынасы ежелден келе жатқан күрделі мәселе екеніне көз жеткіземіз. Билік иелерінің ой-ниеті, ұстанған саясаты халықтың арман-мақсатымен қарама-қайшы болған кезеңдерде қашанда бұқараның сөзін сөйлейтін ақын-жазушы қауымы өкіметпен келісе алмай жүреді. Бұл заңды жай. Біз бұл мәселеге де жаңаша көзбен қарай бастадық. Менің ойымша, қазір өкімет пен суреткердің қарым-қатынасында өзара бірлесе әрекет етушілік басым. Оған бізде толық жағдай бар. Өйткені, бүгінгі таңда ел қамынан басқа қандай мүдде болуы мүмкін? Сондықтан елдің ақыны да, әкімі де бір мақсатты көздеуі керек. Өз тарапымыздан біз осындай қиын шақта шығармашылық интеллигенцияның ең талантты бөлігінің алаңсыз жұмыс істеуі үшін қолдан келгеннің бәрін де жасап жатырмыз. Кеше ғана 170-тен астам әдебиет пен өнер қайраткерлеріне Президент стипендиясы тағайындалды. Шығармашылық одақтар мен мәдени мекемелерді сақтап қалу мақсатымен оларға ортақ қор немесе банк ашып беру мәселесін де ойластырып жатырмыз. Әрине, көмек екі жақты болғанда көрікті болмақ. Халықтың бірлігіне, тыныштығына бағытталған мемлекеттік саясаттың іске асуына, ел мүддесіне негізделген қоғамдық ой-пікірлердің қалыптасуына әдебиет пен өнер қайраткерлерінің азаматтық

көмегі ауадай қажет екенін баса айтқым келеді. Осы құрметті миссияға адал болып, биіктен көріне берсеңіздер біз рухы мұқалмас ел боламыз.

Қазір қоғамымызды өте-мөте аландатып отырған мәселелер аз емес. Осы мәселелерді мен республикамыздағы барлық ұлт өкілдерінің зиялыларына бағыттап айтамын. Өйткені, бір ғана өз ұлтының мұң-мұқтажын көздеушілік — саяси соқырлық. Бүкіл халықтық мәселелерді шешудің амалдарын қарастыру, бүгінгі басқа түскен қиындықтан алып шығатын жолдарды іздеу — барша республика зиялыларының ортақ парызы. Ал, бұл үлкен сын, алдымызда тұрған, бәрімізге оңай тимес емтихан. Одан біз сүрінбей, абыроймен өте алсақ, бүгінгі және болашақ ұрпақтың алдындағы парызымызды ойдағыдай орындап шықтық деп айта аламыз.

Осы тұста болашаққа қатысты тағы бір оймен бөліскім келеді. Біз бұрын үлкен бір мемлекеттің бөлшегі ғана болдық. Ол кезде дүние жүзінде барлық жағынан біз ең мықты, ең жақсы, ең озықпыз деген уағызнамамен өмір сүрдік. Енді көзіміз ашылды. Әлемге басқа көзбен қарай бастадық. Құр кеудемсоқтықпен жүріп, көп мәселеде артта, мешеу қалғанымызды енді сезіндік. Сондықтан дүниежүзілік қоғамдастықпен мейлінше араласу, олардан жақсысын үйрену, еліміздің пайдасына асыру бірден-бір үлкен шаруа. Шүкір, қазір тәуелсіздігіміздің арқасында еліміздің мәртебесі биіктеп, дүниежүзілік қоғамдастықтағы орнымыз айқындалып келеді. Будапеште өткен Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық кеңесіне қатысушы елдердің мемлекет және үкімет басшыларының кездесуінде біздің еліміздің тәуелсіздігі, ауқымдық тұтастығы, экономикалық қысым жасамау, жәй және ядролық қарумен шабуыл жасамау ке-

пілдіктері туралы меморандумға қол қойылды. Егер, бетін аулақ қылсын, әрине, Қазақстан шапқыншылыққа ұшырайтын болса, Біріккен Ұлттар Ұйымының Қауіпсіздік Кеңесі дереу шешім қабылдайтын болады. Соңғы екі жыл бойына біз осы үшін күресіп келдік. Тек осындай жағдайда ғана біз өз елімізді ядролық қарусыз мемлекет ретінде танып, ол қаруды таратпау жөніндегі шартқа қосыла аламыз. Осыған байланысты АҚШ-тың, Ресей мен Ұлыбританияның міндеттемесі Қазақстан үшін де, оның Президенті үшін де зор тарихи шешім болып табылады.

Айта кететін маңызды бір мәселе — талантты жастарымызды дүние жүзінің озық оқу орындарында оқытудан қаржыны аямау керек. Өздеріңізге белгілі, мен осы мақсатпен үстіміздегі жылы шет елдерде оқыту үшін Президенттің 250 стипендиясын белгіледім. Жалпы біздің мемлекет есебінен шетелдерде 2 мыңға жуық жас оқып жатыр. Біздің экономикасы бір жүйеге түсе бастаған кәсіпорындар, мекемелер, қоғамдық ұйымдар, бизнес фирмалары осы игілікті іске жіті кіріскені абзал болар еді.

Екінші бағыт — мемлекеттігімізді нығайту, жетілдіру ісіне жаңа ойлармен, ұсыныстармен үлес қосу. Бұл тұрғыдан олар халықты рухтандыратын, адамгершілік ой-санасын арттыратын, қазақстандық патриотизм рухын қалыптастыратын жаңа, тың шығармалар жазып оны көпшілікке жеткізуі керек. Қысқасы, бүгінгі зиялыларымыз алдында жауапты міндеттер тұр. Қоғамдағы әрбір оқиганы, әрбір құбылысты пайымдау, тіпті тек бір ғана қайраткерді бағалаудың өзі аса ұқыптылықты, парасаттылықты қажет етеді.

Жас мемлекетіміздің қуаттылығы, оның әлемге танылуы мемлекеттің өзіндік дербес жүргізіп

жатқан ұлт саясаты мен халқының бірлігіне, ұйымшылдығына, ынтымақшылдығына және отаншылдығына байланысты болмақ. Шынайы тәуелсіздікке жетуіміз барлығымызға бұрынғыдан да гөрі салмақтырақ жауапкершілік артты. Олардың ішінде, әсіресе ұлтаралық жарасымдылықты айрықша атап өтер едім. Ұлтаралық жарасымдылық республикамыздағы қалыптасқан оңды жағдайды орнықтыра түсу үшін де, өзімізбен көршілес, жері іргелес елдермен өзара достық, өзара тиімді экономикалық, мәдени, рухани байланысты нығайту үшін де аса маңызды алғышарт болып табылады.

Бірақ қазақ ұлтының, көбіне оның ауылдағы бөлігінің нарық жағдайына бейімделу мәселесінде қиыншылықтар баршылық. Қазақтардың қазіргі заманғы ұлт ретінде өзін-өзі жетілдіру тұрғысында шешімін күткен түйінді мәселелер жоқ емес. Ұлтымыздың өз тамырынан қол үзбей, оған балта шаппай, әрі қарай өсіп-өркендеуіне жағдай жасау — ең үлкен міндеттердің бірі. Нарық қазақтардың ұлттық болмысын бұзбайды, керісінше, оны жаңаша жетілдіре түседі. Қазақ этносын осы заманға бейімдеу әбден мүмкін нәрсе. Өйткені, қазақ халқының орташа арифметикалық жасы 25, ал бұл ұлттың нағыз гүлдену шағы ғой.

Егер біз өркениетті елдер қатарына қосыламыз десек, сөз жоқ, адамзат баласы қалыптастырған баршаға ортақ қағидаларға бой ұсынып, соларға қарай бірте-бірте аяқ басуымыз керек. Ол үшін өзімізге-өзіміз сын көзбен қарап, бойымызда бар, ұлтымызға тән қасиеттерді әрі қарай дамытып, жетілдіре түсуіміз қажет.

Өздеріңіз байқаған боларсыздар, мен еліміздегі саяси тұрақтылық пен ұлтаралық қатынастардың

деңгейін қазақ халқының ішкі проблемаларымен тікелей байланыстырып отырмын. Естеріңізде болса, кезінде мен қазақ халқы біздің қоғамның, қоғамдық қатынастардың ұйтқысы болуы керек деген пікір айтқан болатынмын. Ендеше өзімізге жүктеліп отырған осы тарихи миссияны абыроймен атқару үшін алдымен оған өзіміз сай және дайын болуымыз керек. Яғни, ол үшін бізге өткенімізге, бүгінгі болып жатқан оқиғаларға тарихи тұрғыдан қарап, дүние үнемі даму үстінде екендігін түсініп, тарихымыздың тағылымынан дұрыс қорытынды шығарып, болашаққа сеніммен қарауға үйрене берген жөн. Егер өз ішімізде ауызбіршілік, береке болмай, ішкі бақастықтарымыз бен ошақ басындағы мәнсіз де дәмсіз сөздерден арыла алмасақ, ең алдымен өзіміздің көсегеміз көгермейді және өзгелердің де көсегесін көгерте алмаймыз.

Мемлекеттің қалыптасу кезеңінде бүкіл қоғамды топтастыру, Отанымызды нығайту жолында ықтимал қателіктер мен кемшіліктерге жол бермеу үшін зиялылар атқаратын жұмыстың ұланғайыр әрі санқырлы екені бәрімізге белгілі. Бүгінде қазақ зиялылары саны жағынан кенен әрі барынша кемел, ал сапасы жағынан жоғары ғылыми, саяси және мәдени деңгейде, мол тәжірибе жинақтаған қуатты парасатты күш десек, ешбір асырып айтқандық емес. Бүкіл ұлт, күллі қоғам ауыр дағдарыстар қыспағында қалған кезеңдерде де, тіпті, арманымыз іске асып, мерейіміз тасыған сәттерде де керуенбасының ауыр міндетін арқалаған, барлық ауыртпалықты абыроймен көтерген де осы зиялылар. Біле білсек, дамудың даңғылына бастай алатын, ұлт мүддесін білдіріп, халықтың ой-ниетінің шынайы парқын бағамдай

білетін күш те осы. Олай болса, қазақ зиялыларының баршамызға мәлім ұлттық мектебінің іргесін өткен ғасырда біздің ұлы бабаларымыз — ғалым Шоқан, ұстаз Ыбырай, ойшыл Абай қалағанын естен шығармайық.

Ұлтымыздың зиялылары — халқымыздың қиядағыны шалатын қырағы жанары қоғамымыздың әділ қазысы. Мемлекет, қоғам, ұлт денгейінде пайымдайтын зиялыларымыз — біздің баға жетпес байлығымыз, сарқылмас қазынамыз. Араздық дәнін себушілерге қарсы тұрып, көрегендік танытқан зиялыларымызды бүгінгі бейбіт тірлігіміз бен жарқын болашағымызды қорғап тұрған алынбас қамалға балар едім. Сөз реті келгенде, Александр Александрович Княгинин, Герольд Карлович Бельгер, Иван Павлович Щеголихин, Зия Сәмәди, Александр Николаевич Гаркавец, Дмитрий Федорович Снегин сынды Қазақстанның абыройлы азаматтарын айрықша атау керек, олар қазақтардың мүддесін қазақтардың өздерінен артық қорғамаса, кем қорғап жүрген жоқ. Мұндай тұлғалы туыстарымызды арқа тұтып та, ардақтай да білгеніміз жөн.

Уақыт бізді тағы да сын тезіне салмақ. Біз әлемдік тәжірибеде тексерілген даңғылға бет алдық. Басқа жол жоқ. Біз, әлемдегі өз орнымызды жіті түсініп, әлемнің барлық мемлекеттерімен жаңа қарым-қатынастар орнатудамыз. Біз жана ахуалды парықтауда және барша өркениетті елдер жүріп келе жатқан жолмен жүруге әзірміз. Ал, бізді көп қиындықтар тосып тұр, оларды еңсеруге даяр тұруымыз керек. Қиындықты еңсеруге қолымызда барлық мүмкіндіктер бар. Алайда жарқын болашаққа арна тарту үшін баршамыз ортақ күш-қайратымызды жұмылдыруымыз қажет.

Қазақта “кемедегінің жаны бір” деген нақыл бар. Бәріміз бірлессек қана, біз өз проблемаларымызды шеше аламыз, келер ұрпақ үшін берік ірге қалаймыз.

Егемен ел атанып, тәуелсіздік туын тіккелі бері қазақ жерінде талай-талай той өтті. Олардың ел еңсесін көтерудегі, ұлттық сананы оятудағы орны үлкен. Сол тойлардың тұсында мың-мыңдаған адамдар халқымыздың маңдайына біткен асыл азаматтар көп екеніне көз жеткізді. Сол тойлар осындай перзенттері бар, осындай өнегелі өткені бар Қазақ елі өз тізгіні өз қолына тигенде тәуелсіз мемлекет болып кете алады деген сенім ұялатты.

Жақсы тойдың аяғы жақсы ойға, жақсы іске жалғасса деп тілеймін. Ал, ойланар жай баршылық. Ең бастысы — тәуелсіздіктің тағдыры. Өзін азамат санаған әрбір адам күнбе-күнгі ісінде қайткенде осы тәуелсіздігімізді нығайтуға септігімізді тигіземін деген оймен жүрсе ғана біз тарих сынынан сыр бермей өте аламыз.

Тұрар, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Сұлтанбек ағаларымыз ғұмыр бойы тәуелсіздікті арман еткен еді. Сол жолда күрескен еді. Сол жолда халқы үшін шырылдап, шыбын жанын құрбан еткен еді. Міне, тәуелсіздік таңы атты. Азат ел атандық. Дегенмен, атымыз да азат, затымыз да азат болуы үшін әлі де талай шаруа атқаруға, Сәкен ағамыз айтқан “тар жол, тайғақ кешуден” өтуге тура келеді. Бұл — қайырлы сапар, қасиетті жол. Ол жолдан біз таймаймыз!

Осы сапарымызда бізді халқымыздың ұлы перзенттерінің ұлы рухы желеп-жебеп жүрсін!

Тәуелсіз еліміздің мәртебесі биіктей берсін!

1995

ОРТАҚ ҮЙІМІЗДЕ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ БОЛСЫН

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
24 НАУРЫЗДАҒЫ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА
ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАДАН

Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күресіп келді. Өзінің таңдаулы қасиеттерінің, қатерлі сәтте топтасып, біртұтас бола білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілікте, келісім мен тату көршілікте тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарихтың тұңғышына батып кетпей, ондаған жылдардан кейін өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды. Өз басына түскен барлық қиындықтарға қарамастан, туған халқының болашағын қамтамасыз етіп, тілін, мәдениетін, дәстүрлері мен бостандық сүйгіш қасиеттерін сақтай білген біздің бабаларымыздың көптеген ұрпақтарына алғыс айталық. Осының бәрі сайып келгенде Қазақ мемлекеттігінің қайта дәуірлеуіне жеткізді.

Уақыт сынына төтеп бере білген қазақ халқының бай да күрделі тарихы бар. Бүгінде ол Қазақстанда тұратын барлық халықтардың біздің бірлігіміздің түп-тамырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез-келген тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс. Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре білген жөн. Біздің ұрпаққа

жауапты міндеттер — бабаларымыздың игілігін сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттігімізді нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдас-тықтың талаптарына сай келетін сапалық жаңа деңгейге көшу міндеті жүктеліп отыр. Біздің әрқайсымыз және баршамыз туған еліміздің бола-шағына деген жауапкершілігімізді сезінуіміз керек. Ал мұның өзі өткенді есте сақтай отырып, бола-шаққа ұмтылу, басқа халықтармен тату және жа-расты өмір сүру, олардың мәдениетін, дәстүр-лерін, салттарын құрметтеу деген сөз. Қазақтар “Береке басы бірлікте” деп тегін айтпаса керек.

120 ұлттың мүдделерін білдіру сеніп тапсы-рылған Қазақстан халықтары ассамблеясының де-легаттарына әрбір этностың және бүкіл Қазақстан халқының болашағы үшін орасан зор тарихи жау-апкершілік жүктеліп отыр. Ассамблеяны құру бас-тамасы біздің қоғамымыздың қойнауынан туындап отыр. Соған сәйкес республикада үлкен дайындық жұмысы жүргізілді. Облыстарда кіші ас-самблеялар құрылды, оларға ең лайықты адамдар сайланды.

Қазақстан халықтары ассамблеясының бірінші сессиясы өткен жолға және болып жатқан қоғамдық-саяси процестерге талдау жасау, ұлттық саясатты жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын белгілеу үшін шақырылды. Бұл үшін республика-ның барлық азаматтарының мүдделерін білдіретін сіздермен кең сұхбат жасап, кеңесу қажет. Қоғамдық тұрақтылықты қалай сақтап, нығайту, келесі парламент сайлауына дейінгі кезеңде істі қалай жүргізу, қоғамды реформалауды қалай тез-

дету керек деген сұрақтарға жауап беруіміз керек. Халық бұл туралы күмәнді көздерден емес, мемлекеттік саясатты талдап жасаумен және жүзеге асырумен тікелей айналысатын ең білікті көздерден, бүгін таңда сіздермен бірге жұмыс істеп отырған өкіметтен білуге тиіс.

Біз қазірдің өзінде жолдың ең қиын кезеңінен өтіп, дағдарысты жағдайды өзгертудің алдында, өрлеудің қарсаңында тұрмыз деп айта аламыз. Алайда, өткеннің, қазіргі кезеңнің және болашақтың бір-бірімен өзара байланысы және бір-бірінен туындап жататыны соншалықты, өзіміздің тарихи тәжірибемізді және басқа мемлекеттердің тәжірибесін ой елегінен өткізбейінше нақты оң өзгерістерге қол жеткізу өте қиын.

КАЗИРГІ ӘЛЕМНІҢ ЭТНОСТЫҚ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Адамзат өркениеті — халықтар мен мемлекеттердің тарихи аренаға келуінің, гүлденуінің және одан кетуінің үздіксіз құбылысы. Көбіне бұл процесс ғаламдық сипатқа ие болады. Тек ХХ ғасырдың өзінде осындай маңызды оқиғалар кем дегенде үш рет болып өтті. Ең алдымен — бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі кезең. Мұнда бірқатар империялардың күйреуінің нәтижесінде егемен мемлекеттер — Австрия, Чехословакия, Югославия, Венгрия, Польша, Финляндия және басқалары құрылды. Жаңа мемлекеттердің пайда болуының екінші толқыны ұлт-азаттық қозғалысқа және отаршылдықтың күйреуіне байланысты бол-

ды. Сол кезеңде, 50—60-шы жылдардың шегінде кейбір бұрынғы отарлар сол кездегі шекараларды қайта қарауды талап етіп, күштеу тәсілдерін қолдануға әзір екені туралы ашық жариялады. Сөйтіп, Сомали мен Эфиопияның, Гана мен Тогоның, Үндістан мен Пәкстанның, Марокко мен Алжирдің және басқалардың арасында территориялық таластар пайда болды. Азия, Африка және Латын Америкасы елдерінде екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан 90-шы жылдарға дейінгі кезеңде елуден астам территориялық жанжалдар болып, 15 миллион адам солардың құрбанына айналды.

Көптеген елдерге тән этностық сан алуандылық жағдайында мемлекеттік шекараларды этностық шептерге сәйкес белгілеу жөніндегі әрекеттер жас мемлекеттердің өмір сүруінің өзіне қауіп төндіретінін уақыт пен қасіретті тәжірибе түсінуге мәжбүр етті.

Тәуелсіз мемлекеттер шекараларының мызғымастығы мен территориялық тұтастығы жөніндегі тұжырымдама біртіндеп белең ала бастады. Бұл тұжырымдама территориялық статус-квоны, оның барлық кемшіліктеріне қарамастан, сақтау қантөгісті жанжалдардан гөрі жақсы деген парасатты ойдан туындады. Осы көзқарастың орнығуына байланысты мемлекеттер өз дамуының көкейкесті проблемаларын шешуге кірісу үшін мүмкіндік алып, алғашқы табыстарға қол жеткізді. Өздерінің өзара талаптарын өткен кезең еншісіне қалдыра алмаған басқа бір елдер осындай жанжалдарда күш-қуатын кемітіп, ұлттық ресурстарын азайтуда,

сөйтіп халықаралық ынтымақтастықтағы өз мүмкіндіктерінің аясын тарылтып отыр. Міне сондықтан, егемендіктің сабақтастығы принципіне, яғни шекараларды сол күйінде қабылдау және оларды күштеп қайта бөлуден бас тарту принципіне ешқандай балама жоқ.

Қазір әлем социалистік системаның күйреуіне байланысты үшінші кезеңді бастан кешіріп отыр. Кеңес Одағының тарауы халықаралық тұрақтылықты сақтау туралы мәселені алға қойды. Осыған байланысты дүниежүзілік геосаясатта тепе-теңсіздік пайда болып, ол ТМД-да ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақсыздықтың өсуіне әкеп соқты.

Әр елдің өз болашағын таңдау құқығы даусыз. Алайда, осы құқықты жүзеге асыру басқа этностардың құқықтары мен мүдделерін бұзбауға тиіс. Югославиядағы оқиғалар мен кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің кейбір аймақтарындағы қасіретті жанжалдар орасан зор күші бар дүмпулерге әкеліп соғатын, бірліктен айыратын, күйретуші тенденциялардың бар екенін айқын көрсетіп отыр. Мұның ең шетін көрінісі этностық және территориялық негіздегі үлкенді-кішілі соғыстардан байқалуда. Мұның өзі Әзірбайжан мен Арменияда, Босния мен Тәжікстанда, Грузия мен Молдовада орын алып отыр.

Этносаралық шиеленіс пен әртүрлі дәрежедегі қақтығыстар адамзат дамуының барлық кезеңдеріне тән құбылыс. Сондықтан социалистік дүниеден кейінгі қазіргі жанжалдардың өршуі де сөзсіз еді. Мұның өзі көптеген халықтардың

өздерін бір-бірінен шеттетудің кезеңінен өтуіне байланысты. Мен осы қақтығыстардың бұл кезеңі де біраз уақыттан кейін тұрақтылықтың жаңа сапасына әкелетініне — бір-бірінен іргесін аулақ салған елдер мен халықтар бөлінудің пайдасыз екенін түсініп, бірігу жолына оралатынына сенемін.

Амал қанша, халықаралық қоғамдастық бүгін таңда шағын бөлектенудің алдын алуға дәрменсіз. Ол бір сәтте өршіген проблемалардың тасқынын тоқтата алар емес. Бұл проблемалар кейде соғыстарға ұласуда. Барлық “ыстық” нүктелерде, қазір сөнген, сондай-ақ соғыс өрті өршіп жатқан нүктелерде нақ осылай болды. Қарабақтың, Тәжікстанның, Днестр өңірінің, Осетияның, Абхазияның және ақыр соңында Чешенстанның қасіреті бұларды мекендеген халықтардың ғана емес, сонымен бірге біздің де ортақ қасіретіміз. Таудағы Қарабақта босқындар мен еріксіз көшкен адамдардың саны бүкіл Әзірбайжан халқының кем дегенде 10 процентіне жетіп отыр. Соғысқа дейін 5,6 миллион халқы бар Тәжікстан соғыс қимылдары кезінде 300 мыңнан астам адамынан айрылды. Мұнда да босқындар мен көшіп кеткен адамдардың жалпы саны кейбір бағалауларға қарағанда бір жарым миллионнан астам адамға жеткен. Олардың жартысы елден еріксіз кеткендер. Абхазиядағы жанжалдың салдарынан бірнеше мың адам қаза тауып, 150 мыңға таяуы босқындарға айналды. Биылғы қаңтардағы деректер бойынша Чешенстаннан қашып шыққан адамдардың саны 130 мыңнан асып отыр. Ал құрбандардың санын айқындау әзірге қиын.

Тегінде, бүлдіргіш тенденциялар бұдан бұрын ешқашан ұлтаралық жанжалдарға дәл осылай байланысты болмаса керек. Африкада апатты этносаралық соғыстар болып өтті. Жүздеген мың адам қаза тапқан Руандадағы қақтығыстарды айтсақ та жеткілікті. Демократиясы тұрақтанған, жоғары дамыған елдер үшін де белгілі бір шиеленістер тән, мұнда да шетін жағдайлар жетіп жатыр. Бұл Бельгиядағы Фламанд мәселесі, Ұлыбританиядағы Ольстер, Франциядағы Корсика, Испаниядағы Баскілер елі, Канададағы Квебек проблемалары және тағы да басқалары.

Осының бәрі ұлт мәселесін шешуде әмбебап тәсілдердің жоқ екенін көрсетеді. Соңғы жылдардағы жанжалдар мен ұлтаралық соғыстардың ашы тәжірибесі халықаралық қоғамдастықтың осы саладағы мүмкіндіктерінің шектеулі екенін айқын көрсетіп отыр. Амал қанша, біз нәзік те тұрақсыз әлемде өмір сүріп отырмыз. Осы айқын шындықты басшылыққа ала отырып, біз өз елімізде жанжалдардың пайда болуына ешқандай жағдайда да жол бермеуге тиістіміз. Әйтпесе сырттан көрсетілетін ешқандай көмектен қайран болмайды. Сондықтан осындай қайшылықтарды жоюдың тұтқаларын өзіміз талдап жасауымыз қажет.

Д. И. Менделеев өз тұсында жердегі зұлымдыққа жауап беретін космостың, “әлемдік эфирдің” бар екені туралы айтқан болатын. Ұлы ғалымның айтқаны дұрыс та шығар. Өйткені, нақ кінәсіз адамдардың қаны төгіліп жатқан мемлекеттерде ең сұмдық табиғат апаттары болып жатады.

КАЗАҚСТАН ТАРИХЫНЫҢ ТАҒЫЛЫМДАРЫ

Бұрынғы КСРО-да жүргізіліп келген ұлттық саясатты зерттеп, ой елегінен өткізудің принципті маңызы бар. Егер бүгін таңда кеңестік заман біржолата өткенге айналды, біз оны жеткілікті дәрежеде жақсы білеміз деп ойласақ — қатты қателесер едік. Біздің тарихи түсініктеріміз, әсіресе жаппай сана деңгейіндегі түсініктеріміз объективті емес, үзік-үзік екенін, көптеген тұрпайы социологиялық сүзгілерден өткізілгенін мойындауымыз керек. Міне осыдан барып тұжырымдаудағы ұшқарылықтар — "ақтаңдақтарға" тек қана қара бояу жағудан бастап, таяудағы өткенді мінсіз етіп көрсетуге дейін орын алды. Осының екеуі де жанарып жатқан қоғам үшін бірдей қауіпті, өйткені адамдардың наразылығын туғызғаннан басқа ештеңе де бермей, олардың парасатты шешімдер қабылдауына бөгет жасап, неше түрлі саяси жалдаптықтың негізіне айналады. Оның үстіне демократиялық институттарды енгізудің өзі жағдайды өздігінен түзеп, ұлтаралық қатынастар проблемаларын шешеді деп есептеу қате болар еді.

Бұрынғы системаның басты тарихи ағаттығы неде? Меніңше, оның себебі тоталитарлық мемлекеттің аясына, оның үстіне пролетарлық интернационализм туы астында бүтіндей халықтардың күшпен көшірілуінде жатыр. Ал іс жүзінде бұл ұлттық сана-сезімнің серіппесін ширықтыруға әкеп соқты. Қоғам капиталистік немесе социалистік даму жолын таңдап алса да, ұлттық сана-сезімді қорғау институттарын нығайтып, дамытпайынша

мемлекеттік құрылыстың сөзсіз күйрейтінін тарих тағы бір көрсетіп берді.

Бүкіл кеңес тарихы халықтардың құқықтары сан рет бұзылғанын және тікелей геноцид фактілерінің орын алғанын көрсетеді. Бұл — миллиондаған азаматтар қаза тапқан 20—30-шы жылдардың ашаршылығы. Қазақтардың саны жартысына дейін кеміді, орыс және басқа халықтар миллиондаған адал еңбеккерлерінен, білімді де кәсіпқой адамдарынан айрылды. Көптеген ұлттардың гендік қорына нұқсан келтірілді. Бұл — мәдениеттің, ғылымның, әдебиет пен қоғамдық ойдың ең тандаулы өкілдерін жаппай қуғынға салу мен ату. Бұл — халықтарды жаппай күштеп көшіру мен ұлттық құрылымдарды жою.

Ойластырылмаған экономикалық саясаттың және “ғасырлар жобаларын” жүзеге асырудың салдарынан шын мәнінде Қазақстанның бүкіл территориясын қамтыған елеулі экологиялық апаттар орын алды. Әскери ведомстволардың қызметі зор нұқсан келтірді. Мұның өзі біз үшін Семей полигонының проблемасына, Арал теңізінің, Возрождение аралындағы биополигонның, Батыс және Орталық Қазақстандағы полигондардың қасіретіне айналды. Мұндай саясат табиғи қарсылық туғызды. Ол кей жағдайда қоғамдық игілікті, ұлттық құндылықтарды қорғау жөніндегі ашық әрекеттерге де ұласты. Бұлардың түпкі мақсаты шынайы ұлттық теңдікке жету болатын.

80-ші жылдардың соңында елеулі дәрежеде шиеленіскен ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар халықтардың сана-сезімін ұзақ жылдар бойы жаныштаудың салдарынан туған болатын. Нақ осы сала қоғамдағы толғағы жеткен

проблемалардың бүкіл тереңдігін көрсеткен неғұрлым сезімтал барометр болып шықты. Мұның өзі бірқатар республикалардың тоталитарлық системаға ашық қарсы тұруына жағдай туғызды. Осы кезеңде халықтардың ұлттық-мемлекеттік теңсіздігі аса үлкен мемлекеттің саяси ыдырауының басты негізіне айналды. Ол халықтардың нақты мемлекеттік егемендікке қол жеткізуге деген табиғи ұмтылысына төтеп бере алмады.

Біз болған оқиғалардан тағылым алуымыз керек. Ұлттық саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстан халқының ұлттық құрамын және жеңіл де оңай өте қоймаған оны құрудың процесін ескеруіміз керек. Сарапшылардың бағалауы бойынша, шаруашылық отарлау барысында революцияға дейінгі кезеңде Қазақстанға Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан 1 миллион 150 мың адам келген. Коллективтендіру кезінде КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың конфискеленген шарулар жер аударылды. Соғыс алдындағы жылдарда өнеркәсіп құрылысы үшін елдің барлық түкпірлерінен, әсіресе еуропалық бөлігінен 1 миллион 200 мың адам көшірілді.

Қазақстанға әр жылдарда 800 мыңға таяу немістер, 18,5 мың корейлердің отбасы, 102 мың поляк, Солтүстік Кавказ халықтарының 507 мың өкілдері зорлықпен көшірілді. Қырым татарлары, түріктер, гректер, қалмақтар мен басқа да халықтар Қазақстанға өз еркімен келген жоқ.

Халықтарды күштеп көшірудің салдарынан республика халқы 1 миллион 500 мың адамға көбейді. Соғыс кезінде Қазақстанға 350 мың адам көшірілді. Тыңға 1,5 миллион адам келді, ал жабық әскери объектілер мұның үстіне 150 мың

адамды қабылдады. Осының бәрі басқа ведомстволардың жұмыс күшін “ұйымдастырып жинауын” және біздің республикаға өз бетімен көшіп келгендерді есептемегеннің өзінде.

Соның нәтижесінде ғасырдың басынан бері ғана Қазақстанға 5 миллион 600 мың адам көшіріліп қондырылды, соның ішінде жер аударылғандар мен көшірілгендерді есептемегенде, 3,5 миллион адам соңғы 40—50 жылдың ішінде келді.

Екінші жағынан алғанда, сталиндік қылмысты коллективтендірудің сұмдық салдарынан бір жарым миллионға таяу қазақтар қаза тапты. 1930—32 жылдары 1,3 миллион қазақ КСРО-дан шет елдерге мүлдем көшіп кетті. Қазақстан халықтары үшін жаппай жазалау саясатының қасіретті сипатын көрсететін екі деректі келтірейін. 1930 жылы республикада 5 миллион 873 мың адам тұратын — бұл осында көшірілгендердің жалпы санымен бірдей дерлік. Ал 1933 жылға қарай халықтың саны 2 миллион 493 мың адам ғана болды.

XX ғасыр қазақтарды өзінің Отанында азшылыққа айналдырған қайғылы оқиғалардың ғасырына айналғаны үшін қазақтардың еш кінәсі жоқ. Сондықтан бүгін таңда осы халықтың мемлекеттіке деген құқына күмән келтірушілер оның қасіретінің тереңдігін білмейді немесе білгісі келмейді. Қазақ ұлты басқа қай ұлтпен салыстырғанда да мемлекеттікке лайық екеніне сенімдімін. Мұны ол өзінің бүкіл тарихымен дәлелдеп отыр.

Біздің республикамызға өз еркінен тыс келгендер де кінәлі емес. Сондықтан қазіргі көшіп-қонудың себебі экономикалық проблемаларда ғана емес, сонымен бірге күштеп көшірілген орыстардың, украиндардың, белорустардың, немістердің

және басқа халықтардың ұрпақтарының тарихи отанына оралуды қалайтынында, ұлттық мемлекеттік құрылысына қатысуға деген ынтасында жатыр.

Осындай бірегей сан ұлттығы бар (оның үстіне мұның негізінде көптеген халықтардың қасіреті жатыр) Қазақстан бірін-бірі қырып жатқан ТМД елдеріндегі біздің жақын көршілеріміздің қайғылы жағдайына жол берген жоқ. Және де мен мемлекетте бейбітшілік пен ұлтаралық тұрақтылықты одан әрі де сақтай алатынымызға сенімдімін.

Бұл сенім неге негізделіп отыр?

Ұлттық мәселені шешуде үш көзқарас бар деп есептеймін. Біріншісі — кейбір елдер ұлты басқа халықты “күштеп көшіру” саясатын жүргізуінде. Бұл көшіп келген халықты туыстарша қарсы алған қазақ халқына ешқашан тән болған емес. Мен бір халықтың екінші халыққа қоятын кез-келген талаптары еш мағынасыз және өзінің салдары бойынша қауіпті екенін, тайталасу жолы орасан зор дүрбелеңге және сан мыңдаған адам құрбанына апарып соғатынын сіздерге түсіндіріп жатудың қажеті болмас деп ойлаймын. Екіншісі — ұлттық мәселеге жалпы мән бермеу, сөйтіп, бұл проблемалар өзінен-өзі шешіледі деп үміттену. Бұл да оңтайлы жол емес. Біз үшін үшінші, ең сенімді жол қалып отыр. Біз көп еңбекті және тынымсыз жұмысты талап ететін осы жолмен келе жатырмыз. Бұл түйісу нүктелерін, халықтар арасындағы келісім мен сенім аймақтарын кеңейту жолы. Біз келісім саясаты мен парасатты ұлттық стратегиясыз ешқандай міндеттерді шеше алмаймыз.

Біздің басты бағытымыз мәмілеге келу және

біріктіретін бастауларды нығайту арқылы барлық ұлттық топтардың дамуына негізделуге тиіс. Біздің қоғамды топтастыратын тұтқалардың бірі нақ осы Қазақстан халықтарының ассамблеясы болуға тиіс.

Мен, еліміздің Президенті ретінде, қоғамдық тұрақтылықты және ұлтаралық келісімді қамтамасыз етуді өзімнің басты міндетім деп санаймын. Бұл келісім аспаннан салбырап түспейді, оған қауырт жұмыс арқылы ғана қол жетеді. Мені кейбір жауапсыз саясатшысымақтардың экономикалық қиындықтарды пайдалана отырып, қоғамды бөлшектеуге тіпті ашықтан ашық шақыратыны ренжітеді. Бұл сіздерді де ренжітер деп үміттенем. Кейбіреуі тіпті тұрақтылық пен келісім Назарбаевтың өзіне ғана керек дейтін көрінеді. Иә, мен біздің жеріміздегі татулық пен тыныштықты жақтаймын. Және ең алдымен бұлар миллиондаған қазақстандық отбасыларына керек болғандықтан. Мен қайғыдан шашы ағарған аналардың мырыш табыт үстіне көз жасын көлдетпеуін, балалардың мүгедек болмауын, қарт адамдардың өзінің күйреген үйінің алдында жыламағанын қалаймын. Осы жасымда талайды көрген адам ретінде билікке ұмтылған саяси алаяқтардың жауапсыз мәлімдемелерінен қан төгіліп, былық басталады десем, оған сеніңіздер. Ал оларды адамның көз жасы да, құрбандықтар да тоқтата алмайды. Жұртшылықтың оларға үзілді-кесілді баға беретін кезі жетті. Мен Ассамблея мүшелерін, республикамыздың барлық парасатты азаматтарын ақырсоңында қоғамды ұлтаралық жанжалдарға саналы түрде итеріп жүрген адамдар туралы пікірін ашық айтуға шақырамын. Туысқанның туысқанға, көршінің көршісіне қарсы қол көтеретіні үшін ха-

лықтар емес, қайта нақ осындай “қайраткерлер” кінәлі.

Біз әрқашанда сақ болып, алуан түрлі саяси жымьсқы әрекеттер ұлтаралық қана емес, сонымен қатар ішкі ұлттық жанжалдарды туғызатын нақты қауіптің бар екенін ешқашанда ұмытпауымыз керек. Өйткені қазіргі қасіреттердің көп жағдайда ұлттардың өз ішіндегі бөлінуіне тікелей байланысты екенін көріп отырмыз.

Мұны халықтың бір ұлттан ғана құралуы барлық қырсықтан құтқармайтыны да қуаттайды. Түрлі кландардың, аймақтық топтардың арасындағы күрес кейбір ұлттардың өзін-өзі қырып жатқан соғыстарға ұрындырып отыр. Байқаушылардың көзқарасы бойынша, бұл қазір Ауғанстанда, Тәжікстанда және басқа кейбір елдерде болып жатыр. Әлде не белгілері бойынша біздің халқымызды бөлгісі келетіндерге бүкіл халық сайлаған Президент ретінде мұндай әрекеттерге батыл да үзілді-кесілді тойтарыс беретінімді мәлімдеуге тиіспін.

Біз тұрмыстағы ұлтшылдықты, шенеуніктік мейірімсіздікті, бұқаралық ақпарат құралдарындағы ойланбай жарияланған мақалаларды назардан тыс қалдырмауға тиіспіз. Бұлар былай қарағанда, аракідік құбылыстар, бірақ олар ауыр зардаптарға соқтыруы мүмкін.

Өзіміздің күнделікті жұмысымызда сүйенуге тиісті тарихтың оң тағылымдарының даусыз басымдығын атап көрсеткім келеді. Мен бұдан бұрын өткенді беталды қаралаудың келешегі жоқ екенін айтқан болатынмын. Тоталитарлық режимнің біздің халықтарымызға адам айтқысыз нұқсан келтіргеніне қарамастан, тіпті сол жылдардың

өзінде экономиканың дамуы, мәдениеттің, ғылым мен білімнің бірін-бірі байыту процесі жүріп жатты. Біз Ұлы Отан соғысы жылдарында халықтарымыздың өзінің бостандығы мен тәуелсіздігін бірлесіп сақтап қалғанын, қираған шаруашылықты тез қалпына келтіргенін, космосқа шыққанымызды әрқашан есте ұстауымыз керек. Қазақ ғылымы мен мәдениетінің көптеген аса көрнекті өкілдері Ресейде, Украинада, Өзбекстанда, Прибалтикада білім алды. Мен сондай-ақ, сталиндік жаппай күштеп көшіру жылдарында қазақ халқы қуғынға түскен орыстарға, украиндарға, немістерге, корейлерге, чешендерге және басқа да көптеген халықтардың өкілдеріне қолдан келген көмегін аямағанын жұрт ұмытпайды деп сенемін.

50 жылдығын біз биыл атап өткелі отырған фашизмді тасталқан еткен Жеңіс халықтардың жанқиярлығы мен адамдар қаһармандығының аса жарқын көрінісі болды. Олар өзінің бостандыққа және адами қадыр-қасиетіне деген құқығын және елімізді қорғап қалды. ТМД мемлекеттері басшыларының соңғы кеңесінде осы данқты датаны бірлесіп мерекелеу туралы, соның ішінде соғыс ардагерлерін — Достастық азаматтарын Жуков орденімен және медалімен наградтау туралы шешім қабылданды. Мен ардагерлердің өткен шайқастар орындарына, полктастарымен кездесуге тегін барып-қайтуын үкімет тарапынан қамтамасыз ету жөнінде ұсыныс енгіздім. Сондай-ақ ТМД-ға қатысушы елдердің ардагерлер ұйымдары өкілдерінің тобын 1995 жылғы мамырдың 9-ында екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында қаза тапқан біздің адамдарымызға құрмет көрсету үшін Германия Федерациялық Республикасына жіберу ұсынылды.

Дастастық мемлекеттері басшыларының кеңесі бұл идеяны қолдады. Ортақ жеңісті бөлмей, ардагерлерге толығымен құрмет көрсетуді дұрыс әрі әділетті деп есептеймін.

Құрметті делегаттар!

Қазақстанның сыртқы саясаты ішкі мәселелермен, оның ішінде ұлттық мәселелермен тығыз байланысты. Басқа мәселелермен қатар менің Еуразия одағын құру жөніндегі идеям ұлтаралық, сондай-ақ мемлекетаралық проблемалар мен қайшылықтарды өркениетті жолмен шешуді көздейді. Тірі тәнді боршалай беруге болмайды. Және, меніңше, саясаткердің ең жоғары парызы өз еркінен тыс кенеттен түрлі елдерге шашырап кеткен миллиондаған адамдардың тағдыры үшін өзінің жауапкершілігін түсінуде деп ойлаймын. Егемен мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін және этностық бірегейлігін сақтау арқылы халықтардың бірлесуі — Еуразиялық кеңістікте бейбіт дамудың бірден-бір парасатты және өркениетті жолы.

Еуразиялық одақ жобасының арқасында ТМД-да бірігу процесі жандана түсті. Өткен жылдың аяғында Ресей мен Қазақстан арасында ізгі ниетті көршілік қатынастарды нығайту жөнінде бірқатар маңызды шешімдер қабылданғанын өздеріңіз білесіздер. Азаматтық, әскери ынтымақтастық, біртұтас кеден кеңістігін құру және басқа да көптеген көкейкесті проблемаларды шешудің жолдары белгіленді. Екі елде тұрақты тұратын біздің азаматтарымыздың құқықтық мәртебесі туралы, азаматтық алуды жеңілдету туралы келісімдер халықаралық қоғамдастықтың принциптеріне сай келетін маңызды қадам болып табылады және қарапайым адамдардың алдында тұрған проблема-

ларды өркениетті жолмен шешеді. Енді қазір әрбір ресейлік немесе қазақстандық жаңа жерге көшіп келгенде өз қалауы бойынша күрделі заңдық бұлталақсыз осы мемлекеттің азаматы бола алады.

Аймақ бойынша өзіміздің ең жақын көршілеріміз — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен бірігуді дамытудың республикамыз үшін зор маңызы бар. Біз олармен біртұтас экономикалық кеңістік құрып жатырмыз. Оның үстіне Орталық Азиядағы барлық мемлекеттер Арал өңіріндегі экологиялық апаттың салдарын жою жөнінде бірлесіп жұмыс істеуде.

Алматыда ТМД мемлекеттері басшыларының ақпандағы кездесуі барысында міндеттердің бүтіндей кешені шешілді. Біздің республика ұсынған “Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау туралы меморандумның” қабылдануын ерекше атап өткім келеді. Біз Достастық ішіндегі орын алып отырған проблемалардан, әсіресе қантөгіспен, адамдардың қаза табуымен, шаруашылықтың күйреуімен, бейбіт халықтың қасіретімен байланысты проблемалардан бойды аулаққа салмауға тиіспіз деп есептейміз. Меморандум қазіргі жанжалдарды тыюға және ықтимал жанжалдардың алдын алуға бағытталған. Осы құжаттың қабылдануы ТМД-ға қатысушы елдердің территориялық біртұтастықты және шекаралардың бұлжымастығын, қазіргі қоғамдық-саяси құрылымды құрметтеуге, сепаратизмнің, ұлтшылдықтың, шовинизм мен фашизмнің кез-келген көріністерінің жолын кесу жөніндегі шаралар қабылдауға деген ұмтылысын тағы бір дәлелдеп отыр.

Біз бірігуге батыл барып отырмыз. Біздің мем-

лекеттігіміздің бұлжымастығына қатер төнеді деп қорқатындар үшін Қазақстан бүгін таңда кез келген экспансияға, тіпті ол әскери араласу, саяси немесе экономикалық қысым жасау, сепаратизм немесе ұлтшыл-шовинизм болсын, қарсы тұруға қабілетті екенін тағы да еске салғым келеді. АҚШ-тан, Ұлыбританиядан, Ресейден, Қытайдан қауіпсіздік кепілдігін алғанымыз маңызды фактор болып табылады. Сөйтіп, Қазақстанның тәуелсіздігі тарихи фактіге айналып, халықаралық саяси, экономикалық және дипломатиялық құқық актілермен сенімді қорғалған. Біз өз тәуелсіздігімізді, территориялық біртұтастығымызды құрметтеп, оны қорғай аламыз.

ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫ ЖӘНЕ ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТУ ЖӨНІНДЕГІ КЕЙБІР ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

Құрметті делегаттар!

Қазақстан мемлекеттік егемендігін жариялап, тәуелсіздік алғаннан кейін өткен уақыттың ішінде талай өзгерістер болып өтті. Ол реформаны ілгерілетуге, экономикалық дағдарысты жоюдың шебіне шығуға, дүниежүзілік қоғамдастықтың тануына қол жеткізуге мүмкіндік берген көптеген нақты істерге және оқиғаларға толы болды. Әрине, кейбір қателіктердің де орын алғаны рас.

Бірақ ең бастысы біз стратегияда қате жіберген жоқпыз. Әуел бастан-ақ ішкі және сыртқы саясаттың басым бағыттарын белгілей отырып, біз тұрақтылықты, азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімді нығайтуды ерекше бөліп алдық. Бұл иде-

ология саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың принциптерін тұжырымдаған “Қоғамның идеялық бірлігі — Қазақстан прогресінің шарты” тұжырымдамасында бекітілген.

Сол кезде менің баяндамама осы тұжырымдама бойынша қоғамның белсенді саяси, біріктіруші күші болуға қабілетті Қазақстан халықтарының ассамблеясын құру идеясы ұсынылған болатын. Бүгін міне ассамблея құрылды, сөйтіп ол барлық мәселелерді шешуге, біздің ұлттық саясатымызды одан әрі жетілдіруге, соның ішінде мемлекеттік басқару мен реттеу деңгейінде де, барынша белсенді қатысуға тиіс. Осыған байланысты ассамблеяға Президенттің жанындағы, ал облыстық бөлімшелерінде әкімдердің жанындағы ұжымдық орган мәртебесі берілді. Сіздердің алдарыңызда орасан зор жұмыс тұр, бірақ сол үшін бүкіл жауапкершіліктің тереңдігін де сезіне білу керек.

Осыдан бастап қоғамдық проблемалардың барлық қырлары бойынша, әсіресе ұлттық саясатта мемлекеттік актілер ассамблеяның пікірін ескере отырып және оның тікелей қатысуымен қабылдануға тиіс. Ол актілердің әрқайсысы еліміздегі барлық халықтардың мүдделерін ескере отырып сараптан өткізілуі керек. Бұл орайда біздің республикамыздағы бай тәжірибеге сүйену қажет. Бұл орайда осы құрылымның ұйтқысына айналған ұлттық-мәдени орталықтар мен ардагерлер кеңестері ерекше рөл атқаруға тиіс.

Ұлтаралық қатынас саласындағы кейбір нақты проблемалар және оларды шешуге сіздердің қатысуларыңыз туралы әңгіме қозғамастан бұрын,

менінше, маңызды екі жағдайды атап өтсем деп едім.

Біріншіден, көбіне екі ұлттың — қазақтар мен орыстардың өзара қарым-қатынасы туралы айтып та, жазып та жатады. Бірақ осы орайда 20 процентке таяу басқа қазақстандықтардың мүдделері неге ұмыт қалады? Олардың да осы жағдайда бізге нұқсан келтірілді деп сезінуіне барлық негізі бар емес пе?

Қазақстанның, осы сөздің толық мағынасында, көп ұлтты мемлекет екенін ұмытуға болмайды. Бұл жария етіліп қана қойылатын тұжырым емес, ақиқаттың өзі. Міне сондықтан Қазақстанда тұрып жатқан “үлкенді-кішілі” барлық халықтардың ұлттық-мәдени құндылықтарын сақтау біз үшін өте маңызды міндет. Олардың әрқайсысының өз түп-тамырлары, біз бағалауға тиісті өткенінің бай тарихы, ұлы бабалары бар. Біз Ұлы Абайдың 150 жылдығы құрметіне арналған салтанаттар қазақ жерінде ғана емес, сонымен бірге ЮНЕСКО-ның аясында бүкіл дүние жүзінде өтетінін зор шабытпен қабылдадық. Сонымен бірге біз пірәдарлар Кирилл мен Мефодийдің енбегінен туған славян жазуының 1100 жылдығын да атап өтеміз.

Осыған орай әрбір ұлттың дүниежүзілік өркеніеттің қазынасына өзінің үлесін, оның рухани әлуеті үшін ұлы үлесін қосқанын және мұны халықтың санымен ғана бағалауға болмайтынын атап өтпекпін. Біз алдағы уақытта да осы әлуетті сақтау және көбейту жөніндегі республика халықтарының ұмтылысын қолдайтын болмыз.

Екіншіден, Қазақстанның тек көп ұлтты ғана емес, сонымен бірге көп дінді мемлекет екенінің

де елеулі маңызы бар. Мұсылмандармен қатар, ал еліміздегі халықтардың 60 проценті өздерін соған қосады, мұнда православиеліктер, протестанттар, буддашылар, католиктер, дүниежүзілік басқа да діндердің өкілдері өмір сүреді.

Бұл қоғамдық-саяси тұрақты жағдайды сақтауға көмектесетін елеулі фактор. Өйткені барлық діндердің негізінде шын мәнінде бірдей имандылық принциптері — адамдарға деген сүйіспеншілік, теріс қылықтарды айыптап, тәубасына келгендерге кешірім жасау, басқа ой-пікірлерге шыдамдылықпен қарау жатыр. Басқаша айтқанда, ұстанған дініне қарамастан республикадағы барлық діндарлар бірдей тең, иманды және бейбітшіл жандар.

Аттаншыл атеизмнің өктем билігі кезінде барлық діндер бірдей жағдайда мемлекеттің қатаң қысымында болып келді. Сондықтан өз дінінің қағидаларына көз жеткізе, өз уағыздарын басшылыққа ала отырып, адамдар басқа діндердің құқықтарының кемсітілуіне және қудалануына соншалықты ішкі түсіністікпен қарап келді. Міне, өзіне жақын адамды қолдау, оның қиындықтарды жеңе білуіне көмектесу жөніндегі ұмтылыс осыдан туындап отыр.

Қазақстан басшылығының конфессиялардың жоғары басшыларымен ізгі өзара құрметке толы қатынасы қалыптасты. Олардың ешқайсысына да артықшылық берместен, біз барлық діндарлардың қажеттері мен талаптарына жауап беруге тырысамыз. Осындай жақсы қарым-қатынас аймақтық деңгейде де орнатылса жақсы болар еді.

Осының бәрін өз жұмысымызда ескеруіміз керек. Бұл жағдайларды Қазақстан халықтарының

ассамблеясы да ескеріп, қазіргі кезеңде аса маңызды міндеттерді шешуге барынша пәрменді қатысуға тиіс.

Мәдени-ағарту қоғамдарының, ұлттық-мәдени орталықтардың білім беру жүйесімен, бұқаралық ақпарат құралдарымен, баспа индустриясымен шын тығыз ынтымақтастығын ұйымдастыру қажет. Мұның өзі көптеген мақсаттарға жетуге:

Қазақстандағы барлық халықтардың тілдерін дамытуға;

ұлттық білім беру жүйесін жетілдіруге;

ұлттық бұқаралық ақпарат құралдарының қызметін жақсартуға;

ұлттық мәдениетті қорғаудың құқықтық тұтқаларын нығайтуға көмектеседі.

Егер бұдан да егжей-тегжейлі айтар болсақ, онда таяудағы уақыттың ішінде тілдерді дамытудың бағдарламасын қабылдамақпыз. Бұл бағдарлама оқитындардың қабілеті мен ықтимал мүмкіндіктерін толық ескеруге, ойдан шығарылмаған, қайта нақты мақсаттарды алға қоюға, қомақты материалдық-техникалық базаға сүйенуге тиіс. Бұл орайда азаматтардың екі немесе одан көп тілді білуін мемлекет барынша ынталандыратын болады.

Сондай-ақ, білім беру мен денсаулық сақтауды дамыту бағдарламасын әзірлеу қажет. Бұл салалар аса шетін бюджеттік тапшылық жағдайына ұшырап, өздерінің өмір сүруі үшін күресуге мәжбүр болып отыр. Өйткені бұл экономика салалары емес, қайта азаматтардың тұрмысын қамтамасыз ету саласы болып табылады. Ал ол қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық ахуалға тікелей әсер етеді. Білім беру және денсаулық

сақтау мекемелерінің қызметін реттейтін қазіргі заңдарға өмірдің өзі талап етіп отырған өзгерістерді енгізетін кез жеткен сияқты.

Ұлттық мәдениет саясатының нысандарын елеулі түрде жаңарту жұмысы алда тұр. Сіздер өз ұлттық мәдениеттеріңізді, дәстүрлеріңіз бен салттарыңызды насихаттай отырып, жүргізіп жатқан жұмыстарыңыз біріктіруші бастау қызметін атқаратыны сөзсіз. Алайда қазір тек қана эстетикалық тәрбие берумен, мәдени-бұқаралық шаралармен ғана шектеліп қалуға болмайды. Мәдениетті дамыту проблемаларымен кешенді түрде айналысу керек деп ойлаймын, мұны ұлттық білім беру, ұлттық бұқаралық ақпарат құралдары, ұлттың жалпы интеллектілік әлуеті деп түсіну керек.

Бізде Қазақстанда газеттер сегіз тілде шығатын, телерадио хабарлары жеті тілде жүргізілетін, Қазақстан халықтарының бірнеше тілдерінде мектептер істейтін, оларға арналған педагогикалық кадрлар Қазақстанның жоғары оқу орындары мен шетелдерде дайындалатын болса да, соған қарамастан бұл жұмысқа жаңа сапа беруіміз керек. Кезі келгенде Ассамблея жанынан біздің еліміздің барлық халықтарының өмірін көрсететін жалпы республикалық газет ашу жөн болар деп есептеймін. Республикалық теледидар Ассамблеямен бірлесе отырып, Қазақстан халықтарының тілдерінде хабар таратуды жақсарту жөнінде шараларды ойластыруы тиіс.

Айтқандайын, дүние жүзінде Қазақстандағыдай өнеге жоқ. Мысалы, біздің “Українські новини” — Украинадан шет жердегі украиндық емес үкімет қаржыландырып отырған осы тілдегі жалғыз газет. Сондай-ақ, біздің байырғы басылымымыз “Коре

ильбо” туралы да осыны айтуға болады. Алматыдағы корей театры — корейлердің тарихи отанынан тысқары жерлерде орналасқан дүние жүзіндегі жалғыз театр. Біз Ассамблеядан, ұлттық-мәдени орталықтардан, ардагерлер кеңестерінен өрбитін кез-келген ізгі бастаманың мемлекеттік деңгейде қолдау табатынына кепілдік береміз. Осыған байланысты үкімет Қазақстан халықтары ассамблеясының қызметін мемлекеттік қаржыландыру жүйесін ойластыруы қажет.

Көші-қон проблемалары туралы аз айтылып жүрген жоқ. Амал қанша, біздің отандастарымыздың республикадан сыртқа кетіп жатқанын жоққа шығаруға болмайды. Алайда, шет жерлерге көшудің себептерін, меніңше, бізде орын алып отырмаған ұлттық белгілері бойынша кемсітуден іздеу ақылға қонымсыз. Ашығын айтсақ, Ресей, оның үстіне ТМД-ның басқа да елдері бүгін таңда барлық көшіп барғандарды қабылдауға экономикалық тұрғыдан әзір емес. Сөйтіп көшіп кеткендер ол жақта қиындықтарға тап болады. Ал бұл қиындықтарды олардың елеулі мемлекеттік қолдаусыз женуге жағдайы келмейді.

Міне нақ осындай қолдаудың жоқтығынан біз үшін жаңа құбылыс — қайтадан көшіп келу пайда болып отыр. Бұл орайда көптеген адамдар мен бүтіндей отбасылар республикадан тысқары жерде өмір сүруге үйрене алмай, Қазақстанға қайта оралуда. Демографтардың деректері бойынша, тек өткен жылдың өзінде ғана қайтадан көшіп келушілердің саны 50 мыңға жетті. Бұған таңдануға болмайды: біз ішкі азаматтық соғысқа жол берген жоқпыз, бізде адамдарды бірінші және екінші сорты азаматтарға бөлетін қатаң заңдар, оппозицияны

тұтқынға алу, цензура жасау жоқ. Парламенттік дағдарыспен байланысты соңғы оқиғалар біздің заңға адал екендігімізді тағы да дәлелдеп берді.

Тоталитарлық мұрадан, оның жаппай жазалау идеологиясынан арыла отырып, біз демократиялық жолға түстік. Тәуелсіздіктің қысқа кезеңі ішінде Қазақстанда бірде-бір газет жабылмағанын, ешкім де саяси қызметі үшін қамауға алынбағанын айтсақ та жеткілікті. Бірақ демократия мен бостандық қылмыскерлер үшін қалқанышқа айналмауға тиіс.

Ал күні кеше ғана бәрі де басқаша болатын. Көптеген белгілі ғылым, мәдениет және өнер қайраткерлері ешқандай кінәсіз-ақ республикадан кетіп, одан тысқары жерлерде бағын сынауға мәжбүр болған еді. Системаның идеологиялық қысымын бастан кеше отырып, олардың мұнда өздерін толық көрсетуге мүмкіндігі болмаған еді. Бірақ еріксіз көшкендердің аузынан Қазақстанның атына бірде-бір шайпау сөз шыққан емес. Қайта керісінше, жылы лебізбен және алғыс сезімімен республиканы еске ала отырып, олар өздерінің қазақстандық түп-тамырларын әрқашан атап отырады. Ал сонымен бірге біздің кейбір қаңғымаларымыз, қолда өскен саясатшыларымыз кез келген шетелдік ұсынған бір шыныаяқ кофе үшін өзінің туған анасын, бұл орайда біз Отанымызды да анамыз деп есептейтінімізді еске алсақ, сатып кетуге әзір.

Ал кең ауқымда айтатын болсақ, Қазақстан Ресейдегі, Орталық Азиядағы, Түркиядағы, Ирандағы, Қытайдағы, жақын және алыс басқа да шетелдердегі қазақ диаспорасымен неғұрлым берік және тұрақты қатынастарды қолдауы тиіс.

Өйткені 12 миллион қазақтың 4 миллионнан астамы сол жақтарда өмір сүріп жатыр. Олардың кейбіреулері саясатқа ықпал жасай алмаса да, адами қызметтің ең сан алуан салаларында толайым табыстарға қол жеткізген адамдар. Сөйтіп, Қазақстанда оларға қалай қарайтын болса, республиканың дүниежүзілік жұртшылықтың алдындағы беделі де көп ретте соған байланысты болады.

Айтқандайын, өздерінің тарихи отанына көшіп кеткен біздің көптеген жерлестеріміз Қазақстанмен байланысын үзбеуге, бұрынғы отандастарымен ақпарат және мәдени алмасуға ұмтылуда. Мұның өзі қуатты, бейнелеп айтқанда, күшті тұрақтылық белдеуін құрады. Біздің ұлттық-мәдени орталықтарымыз осы ізгі ұмтылысты барынша қолдауға тиіс деп санаймын, өйткені біздің еліміз туралы шындықтың таяу және алыс шетелдерге тарауы Қазақстанның достарының, біз жүргізіп отырған саясатты қолдаушылардың қатарын объективті түрде көбейте бермек.

Ұлттық саясат проблемаларын қорытындылай келіп, ол алдағы уақытта да айқын және әділетті принциптерге құрылатынын айтпақпын. Олардың ішінде ең бастылары:

мәмілеге келу жолын іздестіру;

ұлттық мәселені әділетті шешудің базасы ретінде қоғамдық тұрақтылық;

заңның үстемдігі;

мемлекеттік тәуелсіздікті нығайту және белсенді бірігу саясаты.

Біздің қазіргі өмірімізде, бүгін жетіп отырған қоғамды реформалаудың қазіргі кезеңінде еліміздің әрбір азаматына қатысты емес проблемалар жоқ болар. Сондықтан Қазақстан халық тары-

ның ассамблеясы тәрізді өкілетті орган біздің қоғамымыз үшін аса көкейтесті міндеттерді шешуге қатыса алады және қатысуға тиіс деп санаймын.

РЕФОРМАЛАРДЫ ІЛГЕРІЛЕТУ — ОРТАҚ ШАРУА

Қазақстанның барлық аймақтарынан өкіл бола отырып, сіздер басқалардан гөрі жергілікті жерлердегі жағдайды, ал ең бастысы әлеуметтік-психологиялық ахуалды, адамдардың ой-пікірлерін жақсы білесіздер. Оның үстіне сіздер мемлекеттің жоғары өкімет құрылымдары мен халықтың арасындағы екі жақты байланыстың қазір өзіндік бір арнасына айналып отырсыздар. Сондықтан мен экономикалық саясатты жүзеге асыруға сіздердің тікелей ат салысатындарыңызға сенемін.

Біздің таяудағы мақсатымыз — әрбір отбасына, республиканың барлық азаматтарына қалыпты тұрмысты қамтамасыз ету. Әрбір қазақстандық өз еңбегінің жемісін жеп, өзін толық көрсете білу үшін барлық жағдайларды туғызу керек. Біз осы жұмыспен айналыса отырып, отандастарымызға еңбек жолын таңдауға ерік береміз. Мұның өзі әлеуметтік тұрғыдан жікке бөлінбеген қоғамда, кедейлер мен байлардың арасында тұңғыық болмайтын, ал адамдардың басым көпшілігінің орташа игілігі бір-бірімен салыстыруға келетіндей қоғамда ғана мүмкін.

Біз реформалар жолын саналы түрде таңдап алдық. Мұның өзі біздің тұрмысымызды жақсартудың міндетті шарты болып табылады. Бүкіл дүниежүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, на-

рық әлеуметтік қиял емес, қайта нақты әрі пәрменді жүйе. Ол көптеген халықтарды, соның ішінде біздің табиғи ресурстарымыздың тіпті шағын бөлігі де жоқ халықтарды өркендеуге жеткізді. Бұл тандауды өмірдің өзі талап етті: экономикалық қатынастар жүйесін өзгертпеу біздің қоғамымызды тұралау мен құлдырауға әкеліп соғар еді. Орта ғасырлық философ Фома Аквинский дәл атап көрсеткеніндей: “Теніз капитанының ең биік мақсаты кемеңі сақтап қалу болса, онда ол кемеңі айлақта мәңгі ұстар еді”.

Ал мемлекетті басқару менің маңдайыма жазылған екен, мен сенімді жолды басшылыққа аламын. Ал бұл жол кез-келген аялдау мен кідіру еліміз бен қоғам үшін қауіпті екенін көрсетіп отыр.

Бұл орайда көш басшысының жүгі сырттан қарағандағыдай жеңіл емес екенін айтпақпын. Тарихтың бетбұрысты кезеңдерінде мемлекеттің кез-келген басшысы біліксіздікке, әсіресе экономикалық және саяси дамудың үлгілерін таңдау мәселесіндегі біліксіздікке қатаң қарсы тұруы, бәріне бірдей жаға бермейтін, бірақ өміршең маңызы бар шешімдерді қабылдауға тиіс. Кейде адамдарды еркінен тыс қазір барғысы келмейтін, бірақ объективті түрде баруға тиіс жаққа жетелеуге тура келеді. Және әңгіме біздің еліміздің болашағы туралы болып отырғандықтан мен де батыл, тіпті қатаң шаралар қолданбақпын.

Иә, көптеген отбасыларының материалдық жағдайы қазір жақсартуды қажет етіп отыр. Және бұл қиындықтарды саяси проблемалардың шиеленісуі есебінен қолдан шиеленістірудің қажеті

жок. Өйткені экономиканы қалпына келтіріп, адамдарға лайықты өмірді қамтамасыз еткеннен кейін бұл проблемалардың бірқатарын кейін де шешуге болады. Біз бүгінгі таңда айтысып жүрген көптеген мәселелер қазақстандықтар үшін барынша аз шығынмен шешілетін болады. Экономикадағы табыс пен тәртіп қоғамдық тұрақтылықты бұрынғыдан да нығайта түсіп, неғұрлым өткір проблемаларды шешетін болады.

Осы тақырыпты аяқтай келіп, реформалар процесі экономикалық істерден мұндағы былық, өндірістің құлдырауы және жоғары инфляция өздеріне тиімді болып отырған пысықайлар мен саясатшыларды сөзсіз шетке шығаруға тиіс екенін атап өтпекпін. Егер реформа жасаушылардың маскасын бүркеніп олар үкімет басына келетін болса өндірісті дамытуға, оның құрылымдарын қайта құруға келтірілетін зиян ашық жалдаптық тенденцияны күшейте түсетінін айқын түсіну керек. Ал мұның өзі барлық өзгерістерді толық тоқтатуға әкеліп соғумен бірдей.

* * *

Сіздер Қазақстанның, оның ұлттық сан алуандығының, мәдениеттері байлығының, осы ассамблеяға — мемлекет басшысы жанындағы ресми органға өздеріңізді сайлаған азаматтардың сенімін арқалаған өкілсіздер.

Мен ыңғайға келгенде әрбір қазақстандықты соңғы он жылдың ішіндегі жағдайда біздің басты байлығымыз — бұл қоғамдық тұрақтылық, ұлтаралық алауыздықтың және осының негізінде қантөгістің жоқтығы екеніне сендіруге тырысамын.

Менің осы табандылығым үйдің есігін соғыс пен ажал қаққан кезде басқаның бәрі де — игілік пен шағын кикілжіңдер, байлық пен ізгілік, адамның қоғамдағы жағдайы және басқалар өзінің құны мен мағынасынан айырылатынымен түсіндіріледі. Өйткені соғыс ең басты құндылықты — адамның өмірін үзіп түседі. Ал өмірден артық ештеңе жоқ. Сөйтіп соғыс адамдарды үйренген жерінен аяусыз қудалап, оларды бейшара босқындарға айналдырады.

Құдайдың шапағатымен бұл қырсық бізден аулақ болып отыр. Сол үшін де біздің азаматтарымызға мың алғыс айтамын. Алайда, сонымен бірге бұл өздігінен болып отырған жоқ. Мұның сыртында терең ойлардың, талдау мен салғастырудың, келісім мен өз тағдырын сенің қолыңа тапсырып берген көп ұлтты халық үшін орасан зор жеке жауапкершілік сезімінің талай тынымсыз күндері мен ұйқысыз түндері тұр.

Соғыс орны қиындықпен толатын орасан зор материалдық зиян алып келеді. Осы ғасырдың өзінде ғана жер бетінде бүкіл халықты 50 жылдан астам тегін тамақтандыруға болатын немесе 500 миллионнан астам отбасын жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге болатын қаржыны соғыс жалмап кетті.

Чешенстанда, Тәжікстанда, Әзірбайжанда және ТМД мен әлемнің басқа да “ыстық” нүктелерінде болып жатқан оқиғаларға көз салып көріңіздерші. Сонда сіздер біздің тұрақтылығымызды бағаламайтындар, өзінің жеке шамшылдығы немесе саяси адасуы арқасында біздің тыныштығымызды бұзуға тырысатындар өз халқының мүддесін сатқан ашық жау екенін түсінесіздер. Сондықтан адамдар қырағы болып, жеңіл өмірді тез орнатуға жалған

уәде беретіндердің құрығына түспеуге тиіс. Мұндай жеңіл жол жоқ.

Мен 1991 жылғы желтоқсанның І-інде өзіме көрсетілген сенімді есімде сақтап, оны бағалаймын. Сондықтан оны ақтау үшін барлық тайталасқан күштер мен факторларға қарамастан бәрінде істеуге тырысамын. Бұған сіздердің сенулеріңізге болады.

Сіздерді және өзімнің барлық отандастарымды осындай жауапкершілікті түсінуге шақырамын, өйткені ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар, тарихи да мәні бар. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, біздің балаларымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны өзімізге байланысты.

БАСТЫ МАҚСАТ – АДАМ МҮДДЕСІ

**РЕФЕРЕНДУМ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ БОЙЫНША
ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ
КУӘЛІК ТАПСЫРУУЫ КЕЗІНДЕ
5 МАМЫРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ**

Бұл мен үшін аса тебіреністі сәт. Өйткені мен қолыма өзімнің Президент ретіндегі өкілеттіктерімнің екі мыңыншы жылға дейін ұзартылғанын айғақтайтын құжат қана емес, гүлденіп-көркейген мемлекет орнатуға бағытталған күш-жігерімді қазақстандықтардың толық қолдайтынын дәлелдейтін куәлік алып тұрмын. Мен бұл құжатты барлық істерім мен мақсат-

мұраттарымның ең бастысы — адамдардың игілігіне, Қазақстанның мүдделеріне қызмет ететініне алдын ала көрсетілген зор сенім ретінде қабыл аламын.

Референдумға келгендердің бәріне де: соның ішінде маған сенім көрсеткендерге де, қарсы дауыс бергендерге де тағы да шын жүректен рақмет айтамын, ал қарсы дауыс бергендердің пікірін өз істерімнің нақты нәтижелерімен өзгертуге тырысамын.

Иә, халықпен тіке тіл қатысу — кез келген саясатшы үшін жеңіл сын емес. Несін жасырайын: референдум қарсаңында қатты толқыдым, көп нәрселерді ой елегінен өткіздім, әсіресе жүзеге асыра алмаған немесе ойлағанымдай етіп орындай алмаған істерімді саралап, жіберген кемшіндеріме үңілдім... Дегенмен, референдумның алғашқы қорытындылары да, ендігі жерде ресми қорытындылары да көп ұлтты Қазақстан халқының нарықтық экономикаға көшуге, азаматтық татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты нығайтуға, құқықтық тәртіпті күшейтіп, республика азаматтарын олардың өмірі мен меншігіне қандай да бір қол сұғушылықтан қорғауға деген біз жүргізіп жатқан бағытты сөзсіз қолдайтынын паш етті. Біз алдағы уақытта да осы айқын бағдарларды ұстанатын боламыз.

Қазақстандықтарға қазір ауыр тиіп тұр: экономикалық дағдарыс халықтың, әсіресе оның тұрмыс күйі төмен жіктеріне, көп балалы отбасыларына, ардагерлерге, мүгедектерге салқынын қатты тигізіп отыр. Оларға бәсірелі көмек көрсету үшін мүмкін болғанның бәрін істемекпіз.

Тіпті оңайға түспейтін осындай жағдайдың өзінде адамдар татулық пен келісімсіз, нарықтық

экономикаға, Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастыққа кірігуіне басқадай балама жоқ екенін түсінбейінше, гүлденіп-көркейген мемлекет орнату мүмкін емес екенін өте жақсы ұғынып отыр. Референдумның қорытындылары мұны айқын қуаттап берді.

Маған қаншалықты зор жауапкершілік жүктелетінін түсінемін. Мұның өзі әсіре қызыл сөздер емес: реформаларды тереңдету жөнінде одан әрі жұмыс істеп қана қоймай, сонымен бірге өткенде жол берілген көптеген заңдық босандық-баяулықтар мен кемшіндерді, былайша айтқанда, көш үстінде тезірек түзеуімізге тура келеді. Әлбетте, осының бәрін басты мақсатымызды — Адам мүдделерін, оның құқықтары мен бостандықтарын асқақ қоятын қуатты, нарықтық, демократиялық, зайырлы мемлекет орнатуды назарда ұстай отырып, жүзеге асыру қажет.

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ЖЕҢІС — ХАЛЫҚТЫҢ ӨШПЕС ЕРЛІГІ

**ЖҮРТШЫЛЫҚТЫҢ ЖЕҢІСТІҢ 50 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСЫНДА
5 МАМЫРДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА**

Қымбатты отандастар! Ұлы Отан соғысы мен еңбек ардагерлері!

Бүгін орасан зор әрі нұрлы мереке күні Қазақстанның, Достастық мемлекеттерінің, бүкіл дүниежүзілік қоғамдастықтың жеріне жетіп отыр. Біз Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығын

ерекше көтеріңкі және салтанатты жағдайда атап жатырмыз.

Табаны күректей төрт жыл бойы ғаламат күш-қайрат көрсеткен және сұрапыл шығындарға ұшыраған біздің еліміз фашистік Германияның қуатты әскери машинасын тас-талқан етті. Төрт жыл бойы соғыс қырғыны Отан қорғаушылардың қатарын селдіреткені, ал мұның өзі қалалар мен ауыл-село-ларға “қаралы қағаз” болып жетіп, жесірлердің көз жасына айналып жатқаны да кешегі ақиқат. Төрт жыл бойы өз басының қамын ойламаған тылдағы еңбеккерлер майданға әскери өнімдерді эшелондап жіберіп жатты. “Біз фашизмнің омыртқасын опырамыз!”— деп ант берді жауынгерлер 41-ші жылы. “Фашистік жыртқыштарды өз інінде құртамыз!”, деді олар 45-ші жылы. Сөйтіп олар өз сертінде тұрды, дәл осындай мамырдың жаймашуақ күнінде мерекелі салют адамзат тарихындағы ең сұрапыл соғыстың жеңіспен аяқталғаны туралы адамзатты хабардар етті.

Жеңімпаз жауынгерлер, тыл еңбеккерлері біздің әрқайсымыздың жанымызда, барлық отандастарымыздың жан дүниесінде терең із қалдырған осы ұлы күнге байланысты жүректен шыққан ең шынайы құттықтауымды қабыл алыңыздар!

Біз осы залда майдангерлердің дидарын, жауынгерлік және еңбек наградаларының жарқылы мен ұшқындарын толқу үстінде көріп, сіздермен бірге орасан зор бақыт пен тебіреніс сезімдеміз. Сіздер ұрыстарда көптеген майдангер достарыңыздан айырылып, соғыстың тар жол, тайғақ кешуінен ақырына дейін жүріп өттіңіздер. Сіздердің жарақаттарыңыз әлі күнге дейін сырқырап, жандарыңызға батады, “соғыс” деген

сөзден жүректеріңіз сыздап қоя береді. Сіздердің мәңгі жасайтын ерліктеріңіздің алдында басымызды иеміз! Бүгін біз осынау даңқты мерейтойға жете алмай ұрыс майдандарында шәйіт болғандарды, барлық соғысқа қатысушыларды есімізге аламыз. Біз олардың ерік-жігері, қаһармандығы мен ерліктерінің атынан олар өз өмірлерін бағыштаған мұраттарды әрқашан да қорғаймыз деп ант етеміз.

Қазақстаннан бір миллион 200 мың адам майданға аттанды, ал олардың 600 мыңы қайтып оралған жоқ. Олар дүниедегі ең қастерлі — өз өмірлерін болашақ үшін, Отан үшін қиды. Ал, нақтыланған деректер бойынша өткен соғыста Кеңес Одағының 26 миллион 600 мың азаматы қаза тапқан. Сол боздақтардың асыл бейнелерін бір минут үнсіздікпен еске түсіруді ұсынамын.

Тірі қалғандар да Отан алдындағы өз борыштарын адал және толық атқарып келеді. Қараныздаршы, бүгінгі салтанатқа майдангерлердің қандай шоқжұлдызы қатысып отыр! Мұнда Кеңес Одағының Батырлары “Даңқ” орденінің толық иегерлері, Социалистік Еңбек Ерлері, Қызыл алаңдағы Жеңіс парадына қатысушылар отыр. Осы залдағы әрбір майдангердің орта есеппен оннан астам жауынгерлік наградасы бар.

Сіздердің самайларыңызды күміс қырау шалғалы қашан. Бірақ жастарыңыздың келгеніне және ескі жарақаттарыңызға қарамастан сіздердің барлықтарыңыз үлкен қоғамдық жұмыс атқара отырып, бізге жастарды тәрбиелеуде баға жетпес көмек көрсетіп отырғандарыңыз қандай ғанибет. Табысты еңбек жолын әлі де жалғастырып жатқан қарияларға алғысымыз ерекше.

Қымбатты майдангерлер мен тыл еңбеккерлері, сіздердің барлықтарыңызға денсаулық пен бақыт тілейміз!

ҚАЗАҚСТАН ШАЙҚАС МАЙДАНДАРЫНДА

Қазақстанға Ұлы Отан соғысы майданының отты шарпуы тиген жоқ, соған қарамастан соғыстың барлық кезеңдерінде болған оқиғалар республикамен мейлінше тығыз қабысып жатты. Қас дұшпанды талқандауға біздің миллиондаған отандастарымыз да өзінің жауынгерлік және еңбек үлесін қосты.

Қазақстандықтар 1941 жылғы 22 маусымның таңында басталған соғыстың алғашқы сағаттарында-ақ ерліктерін көрсетті. Гитлершілдер әскерлерінің алғашқы сұрапыл соққысы Брест қамалына шүйілгені, ал оны қорғаушылар арасында біздің жерлестеріміз де болғаны белгілі.

Тіпті жер бауырлай ұшқан ұшақтардың зәрені ұшыратын ащы үні, фугас бомбалары мен миналардың үздіксіз жарылысы, пулеметтің толассыз оқ нөсері, фашистердің жаяу әскерлері мен техникасының бітпейтін шабуылы, ұйқтамай әрі нәр татпай өткізген ұзақ сағаттар мен күндер — Брест батырларын мойыта алған емес. Қазақстандық ерлеріміз К. Семенченко, Р. Хабибуллин, И. Ледовских, А. Байжігітов, Ғ. Жұматов, В. Фурсовтың көрсеткен ерлігі мен теңдесі жоқ табандылығы олардың әскери достарының мәңгі есінде екені, бұл туралы талай әдеби шығармалар да дүниеге келгені белгілі.

Сол күндерде біздің елімізде жерлестеріміздің ерлігі аңызға айналып жататын. Олардың есімдері

ауыздан түспейтін. Жүздеген мың қазақстандықтар майданға жіберуді талап етіп, әскери комиссариаттарға күнде келетін.

Сол кезде республика бүкіл елдің әскерге шақыру орталығына айналды десек артық айтқандық болмас. Қазақстанда ондаған дивизиялар мен бригадалар, жекелеген бөлімдер құрылғаны белгілі. Олар барлық майдандарда шайқасып, жеңілістің ащы дәмін де, жеңіс қуанышын да татты.

Әскери даңққа бөленген 8-ші, 27-ші, 73-ші гвардиялық, 151-ші, 387-ші атқыштар дивизиялары, 100-ші атқыштар бригадасы деген атаулар астарында ардагерлер үшін талай сырлар жатқанын да білемін...

Әрине, 28 панфиловшы-гвардияшылардың аңызға айналған ерлігінің жөні мүлдем бөлек. Олардың батырлығы туралы көп айтылды да, жазылды да, сондықтан мен бұған өзгеше жаңалық қоса қоймаспын. Дегенмен, мына бір сәтті атап өткім келеді.

Жерлесіміз Василий Клочков айтқан “Россия кең байтақ, бірақ шегінетін жер жоқ: артымызда Москва!” деген сөз бүкіл дүние жүзіне тарап кетті. Бірақ жұрттың бәрі, әсіресе жастар саяси жетекшінің әскери адам болмағанын біле бере ме екен?.. Соғысқа дейін ол Алматының қоғамдық тамақтандыру саласында жұмыс істеген. Бұдан мен біздің майдангер ұрпақтың ерекшелігін көремін. Колхозшылар, жұмысшылар, есепшілер, журналистер — сан алуан бейбіт мамандық өкілдері ер жүрек те табанды жауынгерге айналып, адам рухы ұлылығының, әскери талант пен жауынгер ерлігінің жарқын үлгісін көрсетті. Мұны түсіндіру

әрі оңай, әрі қиын: олар жеңілмейтіндей көрінген жауға қарсы Отанға деген сүйіспеншілікті, ол үшін өмір сүруге және қасық қаны қалғанша шайқасуға әзір екендіктерін көрсете білді.

Ал майданда біздің әйелдер талай қиындықтарды бастан кешті! Қазір қолдан келместей көрінгенімен, бірақ сол кездері нәзік жанды әйелдер кез келген батырлардың өзін қайыстыратын жүк көтерді. Олар өздеріне ешқандай жеңілдікті талап етпестен, қашанда жауынгерлермен бір сапта тұрды. Тіптен, дәл осы әйелдердің бірге болуы жауынгерлерді рухтандырып, оларға күш-қуат бергені де анық. Осы ержүрек әйелдердің көпшілігі қазір біздің арамызда. Мен оларға өзімнің құттықтау сөзім мен ең ізгі тілектерімді арнаймын.

Біз тек майданда ғана емес, сонымен қатар жау тылында да ерлікпен соғысқандарды ризашылықпен еске аламыз. Үш мыңнан астам жерлесіміз Ресейде, Украинада, Белоруссияда, Югославияда партизан бола жүріп, фашистерді талқандауға қатысты, қарсыласу қозғалысы сапында батырлықпен шайқасты.

Біздің бүгінгі жастарымыз Отанға адалдық пен оны қорғауға әзір болуы жөнінен бабаларынан және аталарынан өнеге алса игі. Мен біздің жас Қарулы Күштеріміздің жауынгерлері сіздердің, қымбатты ардагерлер, лайықты ізбасарларыңыз болуын, олардың неміс басқыншыларымен шайқаста өздерін мәңгі даңққа бөлеген батырларымыздың әрқайсысын да танып-білгенін қалар едім. Олар үшін аты аңызға айналған адамдар — екі мәрте Кеңес Одағының Батырлары Т. Бигелдинов, Л. Беда, С. Луганский, И. Павлов және Кеңес

Одағының Батырлары Н. Әбдіров, М. Мәметова, Ә. Молдағұлова, И. С. Янов, А. Сухамбаев, Б. Момышұлы және көптеген басқа да адамдар тек тарихи бейне ғана емес, ерліктің жанды үлгісі болсын.

Олар антқа адалдықты жуырда республиканың жоғары айырым белгілері — "Халық қаһарманы" атағына ие болып, Алтын Жұлдыз белгісін алған қазір көзі тірі және осы залда отырған жауынгерлер К. Қайсеновтен, А. Кулаковтан, М. Тайыповтан және басқа соғысқа қатысқан қазақстандықтардан үйренсін.

Бізде басылып шыққан Қазақстанның Зерде кітабы майдангерлерге, соғысқа қатысушыларға деген өз құрметімізді сақтайтындығымыздың жарқын дәлелі. Онда жинақталған құжаттарды оқып отырғанда өзіме мынадай ой келеді: біздің жерлестеріміздің сүйектері қандай қалалар мен елді мекендерде, әсіресе кәдімгі далаларда қалмады десенізші. Сталинград пен Псков, Харьков пен Мәскеу облысы, Балтық жағалауы мен Польша, Словакия мен Югославия, Германия мен Франция... Иә, соғыс Қазақстан арқылы гитлершіл танкілердің шынжыр табандарымен өткен жоқ, бірақ мұнда да бұл соғыс өзіндік қайғылы іздерін қалдырмаған қала, поселке немесе ауыл жоқ.

БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН, БӘРІ ДЕ ЖЕҢІС ҮШІН!

Біз сол сұрапыл жылдардағы тылдағы жағдайды да ұмытпауымыз керек. Қазақстаннан талай мыңдаған жұмысшылар мен шаруалар майданға

кетті. Олардың орнына шексіз қиын, ұйқы-күлкісіз, ас-сусыз еңбек вахтасына әйелдер мен балалар, мүгедектер мен зейнеткерлер тұрды. Кейіннен оларға елдің жау басып алған жерлерінен қоныс аударғандар көмекке келді. Көшірілген кәсіпорындар іске қосылды. Бірақ олардың өздері де кадр тапшылығынан қиындық көрген болатын. Оның үстіне ауылда мүлдем қиын жағдай қалыптасты: әрбір отағасы майданда болатын. Техника да, сенімді серік — жылқы да болған жоқ. Алайда, сол жылдардың шежіресімен танысқанда, тіптен оларды өз естеліктерімен салыстырып көргенде талай ғажайып істерге көз жеткізесің!

Ол кезде адамдар 12-14 сағат жұмыс істейтін. “Бір минут ішінде сен соғысқа дейін бір сағатта істегенінді істеуге тиістісің!” — деген ұран болды және ол бұлжытпай орындалатын. Әрине, тәртіп те қатал болды, еріксіз жұмыс істету де кездесетін. Бірақ адамдар ешқандай қысым көрсетусіз-ақ ұйымшылдықтың асқақ үлгісін көрсетті.

Осындай қысқа мерзім ішінде Қазақстанның түсті металлургия саласында да ондаған рудниктер, шахталар мен байыту фабрикалары, Өскемен және Текелі қорғасын-мырыш комбинаттарының бірінші кезектері ашылды. Содан кейін Ақтөбе ферроқорытпа зауыты, Теміртаудағы металлургия зауыты, Гурьев мұнай айыру зауыты іске қосылды. Кенді Алтай өнімдері, Шымкент пен Лениногор қорғасыны, Балқаш мысы, Ақтөбе ферроқорытпалары мен хромиттері, Қарағанды көмірі, Жем мұнайы — осылардың бәрі майдан қажеті үшін тоқтаусыз жөнелтіліп жатты.

Ауылшаруашылық өндірісінен мысал кел-

тірейін. Қазақстанда жұмыс қолының жетіспеушілігі аса қиын болып тұрған қаһарлы 41-ші жылы соғыс алдындағы 1940 жылғыдан бір миллион гектардан астам артық егіс алаңы жиналды. Бұған республика соғыс жылдары мемлекетке бес миллион тоннаға жуық тауарлы астық, 200 мың тоннадан астам картоп, 2 миллион тоннаға жуық қант қызылшасын, басқа да көптеген аса маңызды өнімдер бергенін қоса кетейін. Егер соғыс кезіндегі және бүгінгі әлуетті салыстырсақ, сондай-ақ адамдардың іс жүзінде тыңды игергенін ескерсек, тіпті таң қаласың: бұл қалай мүмкін болған? Мұның өзі ақиқат деректер ғой.

Қазақстандықтар бастан кешкен сол жылдардағы оқиғалардың аса зор ізгілікті сипаты бар. Біздің республика Ресейден, Украинадан, Белоруссиядан, басқа да республикалардан келген, баспаналары өртеп жіберілген немесе қиратылған, туған ошағының күлінен аулақ жерден баспана іздеуге мәжбүр болған миллиондаған адамдардың туған үйіне айналды.

Сұрапыл соғыс жылдарында қазақ халқы оларды қалай қарсы алып, шын жүректен қонақжайлылық көрсеткенін, тек қарсы алып қана қоймай, босқындармен өз баспанасын да, қолындағы нанын да бөліскенін олардың ұмытпағанына мен талай рет көз жеткіздім.

Әсіресе көшірілген балаларға деген қамқорлық ерекше жан тебірентеді. Тек соғыстың алғашқы жылы ғана көптеген қазақ отбасылары бір жарым мыңнан астам жетімді бауырына басты. Олардың көпшілігі қазір біздің отандастарымыз, бізбен бірге еңбек етіп жүр және өздерінің Отанына айналған

Қазақстанның ертеңін де бізбен бірге құрып жатыр.

Тарих шындығы Қазақстанға күштеп жер аударылған халықтардың өкілдері туралы, айдалып келгендер мен еңбек армиясында болғандар туралы айтуды да талап етеді. Аса ауыр қиындықтарға қарамастан, Қазақстан тұрғындарының жылы шырайы мен меймандостығының арқасында олар осында тамыр жайып, өздерінің ерен еңбегі арқылы Жеңіске көп үлес қосты.

Ұлы Отан соғысы жылдары одақтас республикалардың ғылым және мәдениет саласындағы төтенше жемісті байланыстарымен ерекшеленеді. Ол кезде еліміздің зиялы қауымы Жеңіс үшін қазақстандықтармен бірге жемісті де өнімді түрде қоян-қолтық еңбек еткен ас ірі қайраткерлермен толықтырылған болатын.

Ең алдымен, сол кезде біздің отандық ғылым да өзі туралы бар дауыспен мәлімдегенін атап өткім келеді. Қаныш Сәтбаев нағыз ғалымның ерлігін жасады, мүмкін ол сіздердің де көпшілігіңіздің өміріңізді құтқарып қалған шығар. Ол Орталық Қазақстанда марганец рудалары кенішін ашуға және оларды өндірістік ұқсатуға қатысты.

Мұның майдан үшін баға жетпес маңызы болды, өйткені ол кезде бірден-бір жұмыс істеп тұрған Украинадағы марганец кен орнын жау басып алған еді.

Жалпы айтқанда, армия жауды техникамен және бестен төртін Қазақстан қорғасыны, бестен екісін — мысы, үштен екісін — молибдені құраған оқ-дәрімен қиратып жатты.

Соғыс жылдары Қазақстан ғылымы өкілдерінің қатарына академиктер Н. Цицин, А. Григорьев,

М. Заводовский сиякты Ресейдің ірі ғалымдары қосылды. Сол кездері Алматыда аса көрнекті ғалым, КСРО Ғылым академиясының президенті В. Комаров еңбек етті. Ол өз қызметін әскери проблемаларға арнады. Айтқандай, ол бір кездері қазақстандық ғалымдармен бірге жүргізілген республика ресурстарын қорғаныс қажетіне жұмылдыру жөніндегі жұмыс таяудағы уақыт ішінде-ақ жақсы нәтижелер беретіндігін және тек жауды талқандауға ғана емес, сонымен қатар Қазақстанның халық шаруашылығы мен мәдениетінің бұрынғыдан да дами түсуіне жағдай жасайтындығын айтқан еді. Бұл көрегендік сөз болды.

Жеңіске мәдениет және біздің барлық республикаларға ортақ рухани құндылықтарымыз да зор үлес қосты. Оның үстіне, бұл өзара байыту процесіне айналды. Жамбыл атамыздың дауысы мен оның аңызға айналған “Ленинградтық өрендерім” атты толғауы бүкіл елге тарады. Алматыда Біріккен орталық киностудияның күшімен “Екі жауынгер”, “Майдан”, “Ол Отанын қорғайды”, “Күт мені”, “Ауа тасушы”, тағы басқа тамаша фильмдер түсірілді. Олар миллиондаған адамдардың азаматтық қалыптасуына, керек десеніз, Жеңіске жетуге үлкен ықпалын тигізді.

Біздің астанамызда С. Эйзенштейн, В. Пудовкин, А. Толстой, С. Маршак, К. Паустовский, Л. Орлова, С. Прокофьев, В. Луговской, тағы басқа әдебиет және өнер қайраткерлері жұмыс істеп, шығармашылықпен айналысты. Олар ұлттық кадрларды даярлауда көп еңбек сіңірді, біздің мәдениетімізді жоғары бағалап, қазақ халқының дәстүрлері мен тіліне зор құрметпен қарады.

Қазақстанның Ұлы Отан соғысына қатысуының көп қырлылығы, ал қазақстандықтардың жеңіске қосқан үлесінің молдығы соншалық, бұл тақырыптың барлық қыр-сырын бір баяндамада қамтып айту мүлде мүмкін емес екенін атап көрсеткім келеді.

Жаудың әскери жоспарларын біздің барлық халықтарымыздың достығы күйретті деп толық сеніммен айтуға болады. Өзі Жеңіске жетемін деп ойлағанда, Гитлер соғыс басталысымен біздің елімізде ұлтаралық жанжалдар басталады деп есептеген болатын. Фашистердің нақ осы мақсатпен Қазақстанның батысына десант түсіріп, оның масқаралықпен жер құшқанын да екінің бірі біле бермейді. Ал сол жердің тұрғыны Байтуған Бектүрәлиев Иван Сусаниннің ерлігін қайталады. Диверсанттар өздерінің тобын алдап, басқа жаққа бұрып әкеткенін білгеннен кейін батырды өлтірді.

Халықтар достығы, олардың өзара көмегі — қиындықты жеңудің ең сенімді құралы, бұл мәңгілік ақиқат!

ӨТКЕНДІ ЕСТЕН ШЫҒАРМАЙ, БОЛАШАҚТЫҢ КАМЫН ОЙЛАЙЫҚ.

Құрметті, жиналысқа қатысушылар! Тарихтың тағылымы біздерге өткен жолымызды бағалау үшін ғана емес, сонымен бірге болашаққа қарай ілгері басатын сенімді бағыт-бағдарды таңдап алу үшін де қажет.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс адамдардың орасан зор рухани өрлеуін туғызып, республика халық шаруашылығының, ғылымының, мәдениетінің сипатын өзгертті. Осы жарты ғасырда Қазақстан-

ның әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси дамуына кең ауқымды түрде үніліп қарайтын болсақ, онда біз орасан зор қайғы-қасірет әкелген соғыстың сонымен бірге одақтас республикалар үшін мүлде жаңа процестер туғызып, көптеген халықтардың тағдырын күрт өзгерткенін де көреміз.

Соғыстан кейінгі жылдарда Қазақстан бүкіл елімізбен бірге, баршамен ортақ тіршілік кешті: соғыстан қираған шаруашылықты қалпына келтіріп, тұрғын үйлер, мектептер мен ауруханалар салды, тың көтерді. Сөйтіп, өмір енді қалпына келіп, көп күттірген жаппай өркендеу дәуірі басталатын сияқты көрінген-ді. Бірақ, біздің көшбасшыларымыз, өздерінің саяси және экономикалық дүниетанымына ешкімді қарсы келтірмейтін, өз білгенінен жазбайтын қайраткерлеріміз мемлекетімізді тарихи тұйыққа әкеліп тірейді деп ол кезде ешкім де ойламапты. Олар бүкіл әлем ғылыми-техникалық прогрестің жаңа деңгейіне көшіп жатқанын дер кезінде аңғармады, өзгеріп жатқан дүниеге де ермеді, керісінше, елді темір шымылдықтың тасасында ұстады. Мұнда біздің талантты халқымыздың ешқандай кінәсі жоқ.

Соның салдарынан біз өзімізге лайықтыға ие болып қалдық: жеке басқа табынушылық жүгенсіздіктің дәуірімен алмасты, ал мұның өзі бірте-бірте тұралап қалу мен тоқырауға ұласты. Өз кезегінде мұның орнына қайта құру келді. Ол қолына билік ұстағандардың әкімшіл-әміршіл жүйе ғимаратының шытынаған маңдайшасын ақтап-сырлаумен шектелген дәрменсіз әрекет жасауымен адамдардың есінде қалды. 85-ші жылғы сәуір самалы әкелген өзгерістер 90-шы жылдардың басында толастамас боранға айналды. Ол тозығы

жеткен саяси және экономикалық жүйені жолдан ысырып тастап, бір кездегі ұлы мемлекетті де таратып тынды, мындаған, миллиондаған адамдардың тағдырын тас-талқан етті.

Бір кездері жабық болып келген құжаттардан мысал келтірейін. Жаймашуақ статистика жайсыз фактілерді жасырып келген: елуінші жылдардан бастап жалпыұлттық өнімнің өсу қарқыны бұрынғы Кеңес Одағында үздіксіз төмендей бастады. Халқының бестен бірі ауыл шаруашылығымен айналысатын ел өзін-өзі азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады.

Серіппе бойынша айнала қозғалып, біз іс жүзінде жоғары емес, төмен қарай жылжи бергенбіз. Ал біздің көсемдеріміздің адамдардың қазіргі ұрпағы коммунизмде өмір сүреді деген жалынды уәделері өзін-өзі алдарқату, тәтті ертегіге тамсанудан басқа ештеңе емес болатын. Біздің көсемдеріміз құлдыраудың басталуы мен тоқырауға бет алуымызды дер кезінде байқағанда, біздің бүгінгі ортақ тағдырымыз басқаша болар ма еді. Бірақ мұндай оқиға болған жоқ — билік жүргізіп тұрған, бірақ тарихи тұрғыдан құрып бітуге тиісті жүйе, сол кездегі басшылардың өздерінің жеке ерекшеліктері бұған мүмкіндік берген жоқ. Бұл туралы есту сіздерге жайлы тимейтіндігін білемін. Маған да бұл туралы айту ауыр соғып тұр. Бірақ реформалардың қажеттігіне, біздің еліміз үшін осынау ауыр болса да керекті қажеттілікке адамдарды сендіру үшін шындықты айтуға міндеттімін. Бұл жолдың ақырына дейін баршаға түсініксіз екенін білемін. Қазақстанды дағдарыстан алып шығатынымызға мен сенемін.

Мен мұны тарихтан тағылым алып, тиісті

қорытындылар жасау үшін айтып тұрмын. Басқаша жағдайда қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық берекесіздіктің шырмауында мәңгі титықтап қала бермекпіз.

Қазір бізде айқын бағыт қалыптасты, қазақстандықтар оған адалдығын осыдан он күн бұрын өткен референдумның барысында білдірді. Өз атыма мындаған жеделхаттар қабылдаған мен бұл бағытта аға ұрпақтардың да қолдайтындығын түсіндім. Сіздерге осы зор сенімдеріңіз үшін рақмет!

Референдум адамдарды жақындата түсті. Әңгіме басты қазыналар: татулық, достық, бейбітшілік пен гүлдену туралы болған кезде — олардың бірауыздылығын көрсетті. Бүкілхалықтық қолдау барлық қазақстандықтардың тағдырына жауапкершіліктің ауыр жүгін маған тапсырды. Қазақстанның барлық халқына рақмет, қолдағандарыңыз үшін ардагерлер — сіздерге де рақмет. Қадірлі отандастар, сіздердің үміттеріңізді өшірмеу үшін қолымнан келгеннің бәрін істеймін.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАР ЖОЛЫНДА

Қадірлі жиналысқа қатысушылар, ең алдымен біздің экономиканы реформалау жөніндегі жұмысты жалғастыруымыз қажет. Соңғы жылдары сіздердің иықтарыңызға қандай ауыр салмақ түскенін жақсы білемін. Экономикалық дағдарыстың тегеуріні қазақстандық отбасыларына ауыр тиіп, олардың бюджеттері мен көп жылдан бергі еңбекпен жинағандарынан айырды.

Дағдарыстың сіздерге, майдангерлер мен тыл еңбеккерлеріне тигізер келеңсіз әсерін бәсеңдетуге

тырысканымызды айтуға тиістімін. Қазақстандағыдай ардагерлерге берілген жеңілдіктер бұрынғы одақтың бірде-бір республикасында жасалмағанын жауапкершілікпен мәлімдеймін.

Сондай-ақ елдегі экономикалық ахуал тұрақтаған сайын, біз бұдан былай да ең алдымен соғыс ардагерлерінің жағдайын түзету үшін бәрін істейтін боламыз. Халықтың барлық әлеуметтік әлсіз жіктерін нақты қолдауды күшейтеміз, нарықтық процестердің барысына белсене атсалыса алмайтындарға көмек береміз.

Экономика проблемаларына қайта орала келіп, бірқалыпты қатаң қаржы саясатын жүргізу нәтижесінде жаппай басып кеткен инфляциялық процестерді ауыздықтауға, ұлттық валютаның салыстырмалы тұрақты нарқына қол жеткенін атап өтпекпін. Іс жүзінде өтімді валютаға айналған теңге отандық және шетелдік тауар өндірушілер арасындағы ескі шаруашылық байланыстарды нығайтуға көмектесті. Үстіміздегі жылдың басы индустрияда өндірістің құлдырауының баяулауымен атап өтілді, республикада құрылып жатқан шаруа, фермер қожалықтарына немесе ұжымдық шаруашылықтарға жер барған сайын көптеп бөлінуде.

Сіздерді, соғысқа қатысқандар мен тыл еңбеккерлерін, бүкіл қазақстандықтар сияқты, бәрінен бұрын, ең таяу болашақта — бүгін, ертең және осы жылдың өзінде қандай өзгерістер күтіп тұрғаны толғандыратынын білемін.

Үкіметтің алдына осы жылдың соңына қарай өндірістің құлдырауын тоқтатып, экономикалық өсуге жағдай жасау міндеті қойылды. Бұл макроэкономикалық тұрақтылықты ұстаудың, өтем сұра-

нысын арттырудың, инвестициялық қызметті жандандырудың есебінен мүмкін болмақ.

Үкімет қаржы-бюджет және ақша-кредит жөнінде біркелкі қатаң саясат жүргізуді жалғастырып, сыртқы экономикалық қызметті ырықсыздандыру, меншікке көзқарас пен оның формаларын реформалау және нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру, қаржы және валюта бақылауын күшейту бағытын жүзеге асыратын болады.

Үстіміздегі жылы инвестициялық саясаттың басты мақсаты тіршілікті қамтамасыз етудің — электр энергетикасын, көлік пен байланысты, ауылшаруашылық өнімдерін ұқсатуды, сондай-ақ құрылысы тұрғысынан дайындығы 80—85 проценттен кем емес — басымдық берілетін объектілерін аяқтау болатынын атап өткім келеді.

Кәсіпорындарды реформалаудың белгіленіп отырған бағдарламасы тиімділігі аз және шығынмен жұмыс істейтін өндірістерді сауықтыруға және олардың банкрот болуының сөзсіз шараларына байланысты. Олар, өздеріңіз де түсінесіздер, бюджеттен орасан зор қаржыны жалмап жатыр.

ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ҰЛТАРАЛЫҚ КЕЛІСІМДІ НЫҒАЙТАЙЫҚ

Армия дегеніміз — қоғамның тірегі деген белгілі мәтелді еске ала тұрып, бүгінде біздің қоғамымыз бұдан елу жыл бұрын Еуропаны фашизмнен азат еткен көп ұлтты армиямен біте қайнасқан қорытпа деуге болады.

Шынында да, Қазақстанда қазақтардан басқа алапат індетті тоқтатқан бұрынғы одақтың барлық

халықтарының дерлік өкілдері өмір сүріп, еңбек етуде. Біздің жиналыстың өзін алайықшы: осы залда самайын қырау шалған ардагерлердің арасында қазақтар мен орыстар, украиндар мен татарлар, ұйғырлар мен поляктар, беларустар мен немістер, басқа да көптеген ұлттардың адамдары отыр.

Осының бәрі біздің көп ұлтты елде тұратындығымызды тағы да еске салады дегім келеді. Ал халқының құрамы осындай мемлекеттің шешуге тиісті негізгі проблемасы азаматтық тыныштық пен көп ұлтты татулықты сақтау проблемасы болып табылатынын әлемдік даму тәжірибесі тағылым етуде.

Өткен соғыстың қорытындылары туралы айтқанда оған кінәлі фашизм болғанын еске салып өтуге тиіспіз. Германияда саяси авантюристер тобыры өкімет басына келіп, халыққа жер бетіндегі жұмаққа дереу кенелтеміз деп уәде берді. Билік басына келгеннен соң олар өз халқын соғыстың от-жалынына тастап, басқа халықтарды қисапсыз азапқа ұшыратты. Бұл авантюра күйреумен тынды. Адамға қас саясат қашанда осылай аяқталады.

Фашизм шовинизмнен, ұлтшылдықтан басталады. “Өз халқымды сүйемін, басқа халықтар ұнамайды” деген жалған патриотизмнен басталады. Бүгін таңда осындай саясат жүргізіп отырғандарға қатаң бағасын беріп келеміз бе? Ондай баға жеткіліксіз беріліп отыр деп ойлаймын. Ұлтаралық араздықты қоздырушыларға, ол қандай түрде көрінсе де, біз “жоқ” деуге тиіспіз.

Әйтсе де ұлтаралық тұрақтылықтың айқындаушы шарты — әртүрлі ұлыстардың шыдамдылық танытуға, бірін-бірі тыңдауға, осынау ұлы мақсат

жолында өзара ымыраластыққа деген ниеті және соған әзір болуы. Кез-келген, тіпті ең керемет деген идеялардың өзі, егер оларды жүзеге асыру үшін адам қанын, көз жасы мен тақсиретін талап етсе, көк тиындық құны болмайтынына сеніңіздер.

Біз адамдардың өз ұлттық мәдени қайнарларынан сусындауына, балалары мен немерелерін өз халықтарының сан ғасырлық дәстүрлері рухында тәрбиелеуіне ұмтылысын барынша қолдаймыз. Бірақ біз қандай бүркенішке оранса да, жікшілдік пен ұлтшыл-шовинизмнің кез-келген көріністеріне тойтарыс беріп келдік және тойтарыс береміз. Қазақстан ұлтаралық араздықтың майданына ешқашан да айналмауға тиіс. Біз бұған жол бермейміз.

Құрметті ардагерлер — майдангерлер мен тыл еңбеккерлері! Бізде жүргізіліп жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды, бейбітшілік пен ұлтаралық келісімді сақтау бағытын сіздердің қолдап отырғандарыңызды мен қалтқысыз ризалықпен қабылдаймын. Майдангерлер өсиет еткен және Қазақстанның Зерде кітабында айтылған мына сөздер маған сенімді тірек бола алады: “Біздің халықтарымыздың достығы дегеніміз — тарихи тағдыр. Бұл туралы біздің жиі ойланып, оған үніліп, сонымен өмір сүруіміз керек. Ал қандай да бір жалған сылтау бойынша жанып тұрған отқа шыдамсыздық пен дұшпандықтың тамыздығын тастамауға тиіспіз. Біз, бұрынғы майдангерлер, бұдан жарты ғасыр бұрын Рейхстаг төбесіне Жеңіс туын тігіп, Отанды фашистік құлдықтан құтқарғанда мұндай өмірді мақсат еткен емеспіз”.

Дұрыс сөз, сондықтан да мен осы үшін зор алғыс айтамын.

СОҒЫССЫЗ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚСЫЗ ДҮНИЕ ҮШІН

Жуырда бұдан жарты ғасыр бұрын дәл осындай мамыр күндерінде түсірілген кинохроника кадрларын — Мәскеудегі Қызыл аланды, Вашингтондағы Ақ үй жанындағы көшелер мен Нью-Йорктегі Таймскверді, Париждегі Салтанат қақпасы мен саябақтарды, Лондондағы Уайтхолдың алдындағы алаң мен Букингем сарайын қайтадан қарап шығуыма тура келді. Киноархивтер Еуропаның, біздің одақтас республикаларымыздың астаналары мен қалаларында, оның ішінде Алматыда түсірілген кадрларды да бізге жеткізді. Тіпті ақ-қара кинолентаның өзі де қуаныштың, баршаға ортақ шаттықтың көрінісін байқатады. Еріксізден мынадай ойға келдім: осынау алуан түрлі адамдар біріне-бірі қалай ұқсайды десеңізші! Шынында да солай болды ғой: олар біріне-бірі өте ұқсайды, себебі оларды бастарынан бірге кешкен қасіреттер мен қуаныштар біріктіріп, Жеңістен соң зорлықсыз және дұшпандықсыз жана дүние құру мұраты жүздерін жайнатып тұр. Бірақ жеңімпаздардың армандары мен көңіл күйлеріне қайшы олар ойлағандай болмады.

Кешегі одақтастар тағы да жана сипаттағы — “қырғи-қабақ” соғыстағы дұшпандарға айналды. Жүгенсіз кеткен жанталаса қарулану, өзара қара-лап, кінә тағу және жала жабу науқаны басталды. “Социалистік және капиталистік лагерьлер” дейтіндер арасындағы ықпал ету аумақтары жолындағы зорлық-зомбылық толқындары тұтас

құрлықтарды шарпыды. Жинақталған ядролық қару-жарақ адамзатты жойып жіберудің сұмдық қатерін туғызды.

Тарихтың талқысы бойынша біз қазір ғана, жарты ғасыр өткеннен кейін бастан кешкен тақсіреттен тағылым алып, 1945 жылы алға қойылған — дүние қандай болуға тиіс? деген сұраққа жауап беруге бір мезгілде мүмкіндік алдық. Сөйтіп біз жеңімпаздардың арманын енді ғана нақты жүзеге асырып, жаңа қауіпсіз және демократиялық әлемдік тәртіп орната аламыз.

Біз бүгінгі ақиқат шындықпен де байланыстымыз. Ащы шындық мынада, “қырғи-қабақ соғыстан” кейін де бұрынғы Кеңес империясының аумағында, Шығыс Еуропада, планетаның басқа да түкпірлерінде жанжалдар жалғаса түсуде. Шағын соғыстардың алыста немесе жақында болғанына қарамастан, қазіргі ешқандай мемлекет одан тысқары қала алмайды. Соғыс атаулының бәрі қаза тапқандар үшін, күйзелістер үшін, аналардың қайғысы үшін біздің жүрегімізді қатты ауыртады. Біз осыдан дәл бірнеше апта бұрын тәжік-ауған шекарасында ерлікпен қаза тапқан еліміздің ұлдарын жерледік. ХХ ғасырдың аяғында мұндай болуға тиіс емес.

Сондықтан өзара қатынастардың жан-жақты қамтитын жаңа құрылымдарын дүниеге әкелудің ортақ міндеті аса көкейтесті. Халықаралық қауіпсіздік пен прогрестің ғимараты осы іргетасқа орнатылуға тиіс.

Қазақстанның қазір өзінің ізгі ниетін білдіріп отырғанының терең бейнелік мәні бар: 1991 жылы Президенттің алғашқы жарлықтарының бірімен біржақты тұрғыда жабылған Семей ядролық поли-

гонының үні өшкен. Бұрынғы ядролық қаруды сынақ зардаптарын жою жөніндегі жұмыстар барынша қарқынды жүргізілуде. Мен ядролық сынақпен өткен алғашқы жарты ғасырды әлем тарихында соңғы ғасыр етіп қалдыруға әбден болады деп есептеймін.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы шеңберінде біздің бастамамыз бойынша қабылданған барлық шешімдер бейбітшілік пен ымыраға жетуге бағытталған. Атап айтқанда, мемлекеттер басшыларының соңғы — Алматы кездесуінде біз ұсынған ТМД-дағы Бейбітшілік пен тұрақтылық туралы меморандум қабылданды.

Еуропадағы соғыс бұдан 50 жыл бұрын күркіреп өтті. Бірақ, қаттырақ айтсақ, ол Шығыс Еуропадан соңғы кеңес солдатты әкетілгеннен кейін де, “социалистік лагерьдің” елдері мен Балтық жағалауы мемлекеттері нағыз тәуелсіздік алғаннан кейін де, аяқталған жоқ. Өйткені ол жақтан да, бұл жақтан да, “қырғи-қабақ” соғысты өршіткені үшін кінәсін мойнына алған жауапкершілік сөздері естілген жоқ.

Біз қуғын-сүргінге ұшыраған және қоныс аударылған кеңес халықтарының, ГУЛАГ-тың жүз мыңдаған тұтқындарының алдында да қарыздармыз. Иә, Кеңес одағы ыдырады және бұл үшін ешкімнен жауап талап етуге келмейтін сияқты. Алайда, кеңестен кейінгі мемлекеттер — бұрынғы кеңестік республикалар қалды ғой. Әлем олардан күнәдан арылу сөздерін күтуде.

Осы мінберден мен болары болған, мүмкін, әлемдік дамуды тежеген тақсіретке, көптеген адамдардың тағдырын тәлкек еткен озбырлыққа Қазақстанның қатты өкінетінін, сондықтан ашық

та адал диалогқа әзір мемлекеттердің бәріне достық қолын ұсынатынын ресми түрде мәлімдеймін. Біздің еліміздің өткендегі тоталитарлық кезеңге оралудың болмашы мүмкіндіктерінің өзін жою үшін, бұдан былай Жер шары “қырғи-қабақ” немесе “алаулаған” соғыстарды білмеуі үшін өзіне байланыстының бәрін істеуге ұмтылатынына уәде етемін.

Мен жаңа ғана Англия, Франция және Ресей сапарынан оралдым, онда Жеңісті мерекелеуге шақырылған болатынмын. Лондондағы, Париждегі, Мәскеудегі мерекелік шараларға шамамен 80 мемлекеттің басшылары және әлемдегі көптеген елдердің ардагерлер делегациялары қатысты. Англияның Премьер-министрі Мейджормен, Францияның президентері Миттеранмен, Ширакпен, АҚШ-тың вице-президенті Гормен, ГФР канцлері Кольмен, Ресейдің Президенті Ельцинмен және басқалармен арадағы кездесулерім мен әңгімелерім осы басшылардың Қазақстанға деген ізгі көзқарастары мен сенімдерін тағы да қуаттап берді. Қазақстандағы өкімет билігінің тұрақтылығы біздің елімізге батыл түрде капитал қосу ниетін тудыруда. Құрметті майдангерлер — сіздерге, Қазақстанның барлық азаматтарына біздің халықтарымыздың гүлденіп дамуы жолындағы жемісті де бейбіт ынтымақтастыққа деген құттықтаулар мен шын жүректен жолдаған тілектерді мен зор қанағатпен жеткізіп тұрмын.

Сөзімді аяқтай келе, қазақстандық жас ұрпаққа тілек білдіргім келеді. Сайып келгенде, жігіттер мен қыздар, дәл сіздердің бақыттарыңыз үшін, осынау жер бетінде өмір сүрудің мүмкіндігі үшін әкелер мен аталарымыз өлім мен өмірдің белде-

сүінде жауды талқандады. Ұрыстар арасындағы дамылдау сәттерінде оларға елестеген арманның бәрі соғыстан соңғы өмірде орындала қойған жоқ.

Бірақ қазір бір кезде ардагерлер бастаған істі жалғастыру, бейнелеп айтқанда, қуаныш пен бақыт мұнарасын тұрғызу мүмкіндігі бізде бар. Сондықтан мен оның Вавилон мұнарасы сияқты жалған емес, кез келген дауылға төтеп беріп, сан ғасырлар бойы сыр бермеуін өте-мөте қалаймын, ал мұның өзі көп ретте сіздерге, жастарға, сіздердің қоғамымызды қайта жаңғырту ісіне деген ниеттеріңіз бен қабілеттеріңізге байланысты. Сіздер маған одақтас болады деп, сіздердің күш-қайраттарыңызға, бастамаларыңыз бен оптимизміңізге сүйене аламын деп сенемін.

Қымбатты біздің ардагерлер, біздің әкелеріміз бен аталарымыз! Уақыт қайырылмайды, ал сіздердің қатарларыңыз сиреп барды. Тарих алдында ұлы еңбек сіңірген адамдар, өз мұраттарына деген қастерлі сенімін өмір бойы сақтап өткен — бір жағынан бақытты, бір жағынан тақсіретті, тағдырлы адамдар кетіп жатыр. Бақытты дейтінім — олар рухани кіршіксіз, мақсаткер адамдар болды. Қажыр-қайраты мен жігерін, өмірге деген сенімін мұқалтпады. Сіздердің ұрпағыңыз — фашизм мен сұмдық шаруашылық күйреуін жеңіп шыққан қайсарлар ұрпағы. Бірақ ол қасіретті де ұрпақ, өйткені олар өздерінің бұрынғы мұраттары мен бұрынғы өмір символдарының күйреуін басынан өткізген ұрпақ.

Бірақ, бәлкім, күдіктерді лақтырып тастап, алға қараудың жөні бар шығар? Иә, сіздердің өмірлеріңіз бұрынғы жүйеге сарп етілді. Алайда ол, қару-жарақ ісі мен ғарышта аса жоғары техни-

калық жетістіктерді паш еткенімен, адамдардың ең қарапайым және күнделікті мұқтаждарын қанағаттандыруға қабілетсіз болып шықты. Соның өзінде адамзатқа белгілі барлық табиғат байлықтары мен жер асты қазыналары жинақталған құрлықтың алтыдан бір бөлігін алып жатты.

Біз өз халқының жұмыскер қолынан басқа ештеңесі — жер асты қазбалары да, үлкен аумағы да жоқ елдерден де кейін қала бердік. Рас, тұрмыс кедей болғанымен, тұрақтылықты, алдағы өмірді болжауға болушы еді. Сондықтан да ол көпшілікті қанағаттандырды. Бірақ әлемдегі ең бай әлуетті мемлекет үшін мұның өзі масқаралық болатын, сондықтан ұзақ өмір сүре алмады.

Ұлы Отан соғысы миллиондаған адамдардың өмірімен және қанымен жеңіп алынды. Бірақ бұдан кейін социалистік жүйе экономикалық жарыста біржола және қайырылмастай жеңіліске ұшырады, сөйтіп, кешегі жеңімпаздарды қалған әлемнің — жеңілгендердің және мұның алдындағы қарулас әріптестердің көз алдында қорлыққа душар етті. Тоталитарлық тәртіп өз азаматтарын лайықты өмірмен қамтамасыз ете алмады. Сондықтан да жай ғана алғашқы сылтаудан оп-оңай күйреп қалды. Сайып келгенде, шартты түрде айтсақ, үшінші дүниежүзілік соғыс зеңбіректер мен танкілерсіз-ақ жеңіп шықты.

Мұнда сіздердің ешқандай кінәларыңыз жоқ. Бұл ескі жүйенің тарихи дәрменсіздігінен болды. Бұл уақыттың, келмеске кетіп бара жатқан дәуірдің қателіктері еді. Социализм қоғамдық формация ретінде әлем алдына шыға алмады. Қазір біз жаңа мемлекет және жаңа демократиялық қоғам құрып жатырмыз. Оның экономикалық

негізі ХХ ғасырда әлемнің көптеген елдерінде өзінің тиімділігін дәлелдеген әлеуметтік нарықтық шаруашылық болып табылады.

Уақыттың байланысын үзбестен, сіздердің қалауларыңыз бен бастан кешкендеріңізді құрметтей отырып, артта қалған ортақ өткен уақытымыздан пайдалы атаулының бәрін болашақ өмірге жалғастыру арқылы біздің ұрпақ таяу уақытта өзінің тарихи дұрыстығын дәлелдейді деп сенеміз және мұны кәміл дәлелдейміз.

“Жеңіс күні — көзге жас алдырған мереке” деген қанатты сөз тарап жүр. Бірақ мен өз баяндамамды оптимистік үнмен аяқтағым келеді.

Құрметті ардагерлер, мен гүлденген егеменді Қазақстанды өз көздеріңізбен көріп, ұлы соғыстағы өздеріңіздің Ұлы Жеңістеріңіздің алпыс жылдық мерейтойын атап өтулеріңізді қалаймын!

Сіздердің баршаңызға, сіздердің жақындарыңызға берік денсаулық, бақыт пен игілік тілеймін!

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЯДРОЛЫҚ ТАРИХЫНДАҒЫ СОҢҒЫ НҮКТЕ

**РЕСПУБЛИКАНЫҢ БАРЛЫҚ АЗАМАТТАРЫНА
АРНАЛҒАН 26 МАМЫРДАҒЫ ҮНДЕУ**

Қымбатты отандастар! Біздің жерімізде атом қаруын сынау және орналастырумен байланысты Қазақстан тарихындағы ұзақ кезеңге түпкілікті нүкте қойылатын болады: бұрынғы Семей полигонының аумағында соңғы ядролық заряд жойылады.

Ұзақ жылдар бойы көп қасірет шеккен Қазақстан халықаралық атом безгегінің бүкіл ауыртпалығын көтеріп келді. 45 жыл бойында дерлік Семей даласында 159 ядролық жарылыс, соның ішінде ауада 113 жарылыс жасалды. Радиоактивтік сәуле алған жарты миллионнан астам қазақстандықтардың денсаулығы ядролық жанталаса қаруланудың құрбандығына шалынды. Біздің халқымызға келтірілген орасан зор материалдық және моральдық зиянды есептеп шығу мүмкін емес.

Әлбетте, істің мұндай жайы республиканың тұрғындарын да, оның Президентін де қатты толғандырғаны ақиқат. Зардап шеккендердің тән және жан азабы, біздің басымызға төнген өткір семсер қауіпі осының бәрін мені ақылға жеңдіруге, өз жүрегімнің үніне құлақ асуға ден қойғызды: 1991 жылы тамызда өз Жарлығыммен Семей ядролық полигонын жапқыздым.

Алайда, қырғи-қабақ соғыстың аса қатерлі мұрасы — біздің жерімізде бұрынғы одақтың әскери ведомстволары полигон жабылғанға дейін орнатқан соңғы ядролық заряд сақталып келді. Осы қауіптің бар екенін сол кезде Қазақстан және Ресей мамандарының шағын ғана тобы білді. Бірақ соған қарамастан, мен, мемлекет басшысы ретінде оны жоюдың жолдарын үнемі ойластырып келдім. Тіпті ең соңғы болса да, ядролық жарылыс жасаудың қажет емес екендігі тұрғысынан менің тапсырмам бойынша адамдардың және қоршаған ортаның қауіпсіздігі үшін зарядты жоюдың нұсқалары әзірленді. Осының нәтижесінде мамандар оңтайлы

шешім қабылдады — зарядты кәдімгі қопарғыш құрылғысының көмегімен жару ұйғарылды. Бұл орайда, ядролық жарылыс болмайды, радиацияның және рентген сәулесінің пайда болу мүмкіндігі толық жойылады. Ядролық заряд мамырдың аяғы — маусымның алғашқы онкүндігінде жойылмақ.

Зарядты бөлшектеу жөніндегі жұмыстың бүкіл барысын мен қатаң қадағалап отырдым. Сөйтіп, бұл күндері осынау бірегей операцияны аяқтау туралы ақпарат үнемі маған келіп түсіп жатты. Ал, Қазақстан әскерилердің және мамандардың іс-қимылына қатаң бақылау жасауды қамтамасыз етті.

Құрметті қазақстандықтар! Бірнеше күндерден кейін ресейлік және қазақстандық мамандардың күш-жігерімен біздің мемлекетіміздің ядролық тарихына соңғы нүкте қойылады. Шынайы тәуелсіздік алғаннан бері біз осы мақсатқа табанды да дәйекті ұмтылып келдік. 1991 жылғы желтоқсанда қабылданған Алматы Декларациясын еске алайықшы. Бұл кезде ядролық қаруы бар республикалар осы қаруға бірлескен бақылау жасау тұтқасын бірден айқындаған болатын. Содан кейін біз Лиссабондағы бес жақты хаттамаға қол қойдық. Мұнда біз стратегиялық шабуыл қару-жарақтарын қысқарту және шектеу туралы шартты орындау жөнінде өзімізге жауапкершілік алдық. 1993 жылы тағы да бір тарихи оқиға болып өтті — Қазақстан ядролық қару-жарақты таратпау жөніндегі шартқа қосылды, міне сол кезден бастап біз ядролық қаруы жоқ мемлекетке айналдық. Қарусыздану мәселесіндегі біздің принципті айқындамамызды дүние жүзілік қоғамдастықтың

қолдап отырғанын біздің ядролық державалардан алған қауіпсіздік кешілдігі көрсетіп отыр.

Қазақстан өзінің халықаралық міндеттемелеріне әрдайым адал. Биыл сәуірдің аяғында ажал сепкіш соңғы оқтұмсықтар республика аумағынан әкетілді. Енді қазір қазақстандықтар атом жарылысы қауіпінен қорықпауына болады.

Ядролық қаруды жоюмен байланысты біздің еліміз бұрынғыдан да едәуір күшті бола түсетініне еш күмән жоқ. Өзіміздің бейбітшілік пен ынтымақтастық саясатына адалдығымызды көрсете келіп, біз туған үйімізге тыныштық пен тұрақтылықтың рухын орнатып қана қоймай, сонымен бірге барлық елдермен тең құқықтық және жемісті сұхбат жүргізу үшін есігімізді айқара аштық, қоғамды реформалаудың, демократиялық, өркендеген мемлекет құрудың жолына нық аяқ бастық.

Соғыс өртінің түтіні шалмаған мөлдір де таза аспан өздері үшін қасиетті болып табылатын барлық қазақстандықтар мені қолдайтынына берік сенемін. Өйткені, ертеңгі күнге сенімді болудан, тыныш жұмыс істеп, балаларды өсіріп, үйдің шырағын сөндірмеуден асқан бақыт жоқ.

Қымбатты қазақстандықтар, біздің еліміз өзімізге берілген тарихи мүмкіндікті барынша толық пайдаланатынына және өркениетті дамудың даңғыл жолына шыға алатынына сенемін. Сіздерге бейбітшілік, игілік, бақыт, жақсылық пен тыныштық тілеймін.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ІСТЕРІ НИЕТІНЕ АЙҒАҚ

БҮҮ-НЫҢ ЖЕНЕВАДАҒЫ ҚАРУСЫЗДАНУ
ЖӨНІНДЕГІ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА 8 МАУСЫМДА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Қазақстанның қарусыздану жөніндегі конференцияға байқаушы ретінде қабылдануы, мерзімі жағынан бұрынғы Семей ядролық полигонындағы соңғы ядролық зарядты жоюмен тұспа-тұс келуінде зор мағына жатыр.

Қазақстанның қарусыздану саласындағы қадамдары дүниежүзілік жетекші мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың жоғары бағасына ие болды және ол баршаға белгілі. Оған АҚШ, Ресей Федерациясы, Англия, Қытай және Франция тарапынан қауіпсіздік пен ауқымдық біртұтастығы жөнінде кепілдік берілгені де кездейсоқ емес.

Ал менің сессиядағы сөзімнің мақсаты, — "жаңа қатерлер және қарусыздану мен дүниежүзілік қауіпсіздік процестеріне жаңаша көзқарас". Немесе, басқаша айтқанда, дүниежүзілік қарусыздану және ғаламдық қауіпсіздік процесі бүгін таңда, 90-шы жылдардың ортасында қандай деңгейде, ғасырдың соңына қарай жаңа қатерлерге қандай жауап іздеу керек.

Қарусыздану мақсатының қарусыздану процесінен аумақты жатқаны да даусыз. Бақшашы тек қана гүл өсірумен айналысса, бұл әлі де жеткілікті емес. Егер ол аспанға қарап отырмаса, дауыл мен бұршақ оны қапы қалдырары сөзсіз.

Сондай-ақ, қарусыздану процесі тиімділігінің өлшемін қоғам мен адамзат осы процестен

тысқары саладан — жасампаздық саласынан, даму саласынан іздеген кезде ғана жөн болмақ. Қарусыздану процесінің ойдағыдай өтуі біздердің оқтұмсықтар мен ракета ұшырғыштарды, танкілер мен зеңбіректерді қанша процентке қысқартқанымызбен емес, қайта қарапайым адамдарға арналған игіліктерді өндірудің қаншалықты өскенімен өлшенеді. Шынайы қауіпсіздік қару-жарақ мөлшері азайған жерде емес, қайта балалар дүниеге көп келетін, аналар оларды көп табатын және олар өз ұрпағының болашағы үшін алаңдамайтын жерде орнамақ. Қарусыздану процесінің ойдағыдай болуы ең алдымен халықаралық қауіпсіздік жүйелерімен байланысты және қазір сол жүйелердің тиімділігімен айқындалады. Осыдан жеті жыл бұрын 1988 жылғы мамырда өткен қарусыздану жөніндегі үшінші арнайы сессияда қарусыздану бірнеше қуатты елдердің жеке ерекше жауапкершілігі ғана емес, қайта барлық мемлекеттердің бірлескен ісі деп атап көрсетілген болатын.

Осы идеяны бұдан да кең мағынада таратып айтқан жөн: халықаралық қауіпсіздіктің тиімді ғаламдық жүйесін құру барлық мемлекеттердің бірлескен ісі, ал қарусыздану осындай “бүкіл дүниежүзілік бірлескен істің” түпкілікті нәтижесі болып табылады. Егер қарусыздануға осындай көзқарас арқылы келетін болсақ, онда біз бүгін таңда бірнеше өте елеулі проблемалардың толғағы жеткенін аңғарамыз.

Бірінші проблема — халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйесі мен қарусыздану процесі қаншалықты тиімді?

Егер халықаралық қауіпсіздіктің сапасы туралы

бейбіт халықтың алаңсыз болуының объективті көрсеткіші ретінде — босқындардың санына қарай бағалайтын болсақ, онда дүние жүзінде соңғы он жылдың ішінде олардың саны талай жүздеген есе көбейіп кетті.

Егер 1983 жылы дүние жүзінде тұрғындары өз аумағынан қашып шыққан ел тоғыз, ал босқындар саны 50 мың болса, қазір мұндай мемлекет 31-ге, ал босқындар саны талай миллионға жетіп отыр.

Сонымен, қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік процестерінің тиімділігіне баға берген кезде, соңғы ондаған жылдардың ішінде дүние-ежүзілік жанжал әлуеті едәуір өсіп, ол бұрынғыдан гөрі шиеленісті болып отырғанын мойындамасқа амал жоқ. Және бүгін таңда осы әлует тек қана ядролық қарулар мен жаппай қырып-жою құралдарының дәстүрлі көрсеткішіне ғана келіп тіреліп отырған жоқ. Ал соңғы ширек ғасырдың ішінде тек соған ғана басты назар аударылып келген болатын.

Шиеленістің өскелең процесін тоқтата алмай отырғанда қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесін тиімді деп есептеу қиын екені де даусыз.

Қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестері соғыстан кейінгі 40 жылдың ішінде өзінің елеулі табысты болғанын көрсетіп отыр. Алайда 80-ші жылдардың ортасынан бастап біз мүлдем жаңа дүниежүзілік процестерге — КСРО-ның ыдырауына, Варшава шарты ұйымының таратылуына және басқа да тенденцияларға куәгер болып отырмыз. Ал мұның орын алуы халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі жүйелерін құру кезінде еске алынбаған болатын.

Сөйтіп, қазіргі халықаралық қауіпсіздік жүйесі

мен оның ауқымында жүргізіліп жатқан қарусыздану ісі қайта ой елегінен өткізуді және елеулі түрде жетілдіруді талап ететіні барған сайын айқын болып отыр.

Мұның соңғысына Балқандағы барған сайын өрши түсіп отырған жанжал куә бола алады. Бұл шиеленіс ошағы жалындап жатыр, халықаралық қауіпсіздік ұйымдарының барлық күш-жігеріне қарамастан ол біздің көз алдымызда баяғыда-ақ оқшау шиеленістен аймақтық жанжалға айналды. Оның үстіне таяудағы уақыттың ішінде оның құрлықтық ауқымдағы жанжалға айналып кететін қаупі бар.

Ал осындай жанжал ошағын ең бастапқы кезеңде аймақтық деңгейде басу керек екені әбден айқын болып отыр. Және мұны аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйелерінің күшімен жасау керек. Сонда біз қазір бұрынғы Югославиядан көріп отырғанымыздай, аймақтық шиеленістің құрлықтық және ғаламдық жанжалға ұштасып кетуінің ықтималдылығы едәуір кемитін болады.

Бұдан сексенінші-тоқсаныншы жылдарда бізге белгілі болып отырған қатерлерге жауап ретінде халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану процестерінің жүйесін құру бізден жаңа көзқарасты қажет ететіні көрініп отыр.

Екінші проблема — осы ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік жанжал әлеуетін өзгертудің қандай тенденциялары бар?

Егер аймақтық, құрлықтық және ғаламдық халықаралық қауіпсіздік жүйелері мен осының ауқымында қарусыздану процесі негізінен алғанда оған кіретін елдер мен мемлекеттер тобының экономикалық және стратегиялық мүдделерінен туын-

дайтынын мойындасақ қана бұған жауап табуға болады.

Тарих бізге халықаралық қауіпсіздік жүйесі әрқашанда оған қатысушы елдердің бірлескен мүдделерін және ең алдымен — экономикалық сондай-ақ, геэкономикалық, геоқаржылық және геостратегиялық мүдделерін түсінуге негізделіп құрылғанын көрсетеді.

Сондықтан ғасырдың аяғына қарай дүниежүзілік шиеленіс әлуетінің өзгеру тенденциясы 90-шы жылдардың аяғындағы дүниежүзілік геэкономикалық тенденциялармен айқындалатын болады.

Соңғы ондаған жылдардың ішінде ғаламдық геэкономикалық тенденция үш ірі жаңа әлемдік шаруашылық орталықтарының — Солтүстік Америкадағы, Батыс Еуропадағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы орталықтардың құрылуымен байланысты екені айқын болып отыр. Келесі ғасырда, сірә, Африка құрлығы да “оянатын шығар”. Дүниежүзілік ықпал жасаудың осы үш орталығының негізгі тіректерін нақтылай түсу осы ғасырдың аяғында — келесі ғасырдың басында аяқталатын болады.

Сондықтан дүниежүзілік шаруашылық-экономикалық күштердің жаңа тепе-теңдігін іздестіру дүниежүзілік жаңа стратегиялық тепе-теңдікті, соның ішінде қауіпсіздік жүйелері саласындағы және оның аясында жүріп жатқан қарулану және қарусыздану процестеріндегі тепе-теңдікті іздестіруге әкеліп соғатыны әбден айқын. Егер осы тенденциялар өрши түсетін болса, онда дүниежүзілік шиеленіс әлуеті ғасырдың аяғына қарай бізге жаңа

қатерлер төндіріп, өрши түсетіні туралы ойлауға барлық негіздер бар.

Бұдан шығатын қорытанды: халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану жүйелерін құру жөніндегі “дүниежүзілік бірлескен іс” тоқсаныншы жылдардың соңындағы жаңа қатерлерді соны тұрғыдан көру үшін талдамалар жасайтын барлық күштердің басын қазірдің өзінде біріктіруге тиіс.

Үшінші проблема — үшінші әлем өкілдерінің қарусыздану жөніндегі келіссөздерге қатысуы.

Қарусыздану жөніндегі барлық басты келіссөздер әзірге үшінші әлемнің өкілдерінің қатысуынсыз, Шығыс пен Батыстың аса ірі мемлекеттерінің арасында өткізіліп келгені баршаға аян. Ал осындай көзқарас тоқсанынша жылдардың аяғында қаншалықты тиімді болмақ?

Бізге Еуразияның кіндігінен Батыста Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымға және НАТО-ның ресурстары мен құрылымдарына сүйенген халықаралық қауіпсіздіктің жаңа жүйелерін құру процесі өтіп жатқаны жақсы көрініп отыр.

Ал Шығыста және Оңтүстік-Шығыста Азия елдері — Азия-Тынық мұхит экономикалық ынтымақтастығының форумына қатысушылар, сірә, саяси және әскери өзара қимыл жасауды өздерінің жеке құрылымдарының аясынан іздейтін болса керек.

Еуразиядағы бірқатар елдердің — Солтүстікте Ресейден бастап, Оңтүстікте Үндістанға дейін, бұған бұрынғы КСРО-ның Орталық Азия республикаларын, Иран мен Пәкстанды қоса алғанда, олардың әзірге не Шығысқа, не Батысқа қосылмайтынын аңғару қиын емес.

Еуразия орталығының бойлық меридианы бой-

ынша орналған біртұтас геосаяси елдер белдеуі “айқынсыздық белдеуі” немесе “күту белдеуі”.

Осы “айқынсыздық белдеуіне” енетін елдердің ішкі алуан тектілігіне қарамастан олар Азиядағы немесе Еуразиядағы күштердің тепе-теңдігіне ғана емес, сонымен қатар дүниежүзілік геосаяси тепе-теңдікке ықпал ете алатын ықтимал ресурстар тұрғысынан алғанда, өзінше біртұтас топты құрайды.

Еуропадағы, әсіресе Азиядағы қауіпсіздік проблемалары, Батыс Еуропадағы және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы дүниежүзілік шаруашылық орталықтарының арасындағы өзара іс-қимыл проблемалары осы геосаяси “айқынсыздық белдеуі” елдерінің өз айқындамасына және бағдарына қарай елеулі түрде айқындалатын болады.

Осы елдердің ішінде Ресей ең аса ірісі және ең қуаттысы екені сөзсіз. Сондықтан да оның таңдауы Еуразиядағы тұрақтылық пен өзгерістерді елеулі түрде айқындайтын болады. Жалпы алғанда Ресейдің таңдауының үш нұсқасы бар. Біріншісі — Батыс Еуропалық құрылымдарға қосылу, бірақ оны әзірге мұнда жібермей отыр. Екіншісі — Шығыс Азия ұйымдарына қосылу, бірақ мұнда да оны тосып отырған жоқ. Және үшіншісі — “айқынсыздық белдеуіндегі” барлық елдерді жинап алып, олардың теңдігі негізінде ерекше топты — Еуразия құрлығындағы қауіпсіздіктің үшінші жүйесін құру.

“Айқынсыздық белдеуіндегі” басқа Азия елдерінің екі ғана таңдауы бар — Шығыс тобына қосылу немесе өзінің қауіпсіздік жөніндегі үшінші жүйесін құрып, соның аясында қарусыздану мәселесін шешу.

Еуразиядағы қауіпсіздік және қарусыздану жүйесінің өзгеру проблемасы КСРО ыдырағаннан

кейін және Варшава шарты ұйымы таратылғаннан кейін тағы да бір жаңа сипатқа ие болды. Ол бұдан бұрын бой көрсетпеген еді. Бұрынғы социалистік лагердің жаңа тәуелсіз мемлекеттерінің көпшілігі бүгін таңда ең алдымен ұлттық қауіпсіздіктің өзіндік жеке ресурстарын құру туралы ойластыруда.

Осы жаңа факторды “жаңа дербес қауіпсіздік” деп айқындауға болады. Ол осы елдердегі қарулардың өсуімен бірге жүретіні сөзсіз. Әлбетте ең алдымен өзіңе және өзіңнің Қарулы күштеріне сеніп барып, содан кейін ғана әлде бір қауіпсіздік жүйесіне және қарусыздану процесіне қатысуға сенуге болады. Бұл орайда қарусыздану процесін кейбір елдер өз қаруларын жаңғыртудың құралы ретінде пайдалануы да мүмкін екенін естен шығармаған жөн.

“Жаңа дербес қауіпсіздіктің” осындай жағдайы халықаралық қауіпсіздік жүйесі құрылысының мүлдем басқа схемасын көздейді. Бұл тұста енді осындай жүйелерді жоғарыдан құру жолы жұмыс істемейді. Осыған орай өзінің Қарулы күштерін біртіндеп құру, содан кейін қауіпсіздіктің аймақтық жүйесін құру, ал бұдан соң халықаралық қауіпсіздіктің қазіргі құрлықтық және ғаламдық жүйелеріне және қарусыздану жөніндегі тиісті процестерге ену оңтайлы болмақ.

Бұдан келіп жаңа геосаяси жағдайдың халықаралық қауіпсіздік жүйелерін құру және қарусыздану процесінде дамушы елдерге немесе үшінші әлем елдеріне жаңа рөл атқаруды жүктейтіні туындайды.

Уақыттың өзі Біріккен Ұлттар Ұйымынан және қарусыздану мен халықаралық қауіпсіздіктің басқа да дүниежүзілік құрылымдарынан қамқорлық жа-

сауға және аймақтық қауіпсіздіктің тиімді жүйелерін ең алдымен құруға, ал соның негізінде қазіргі бар құрылымдарды өзгертуге немесе халықаралық қауіпсіздіктің жаңа құрлықтық құрылымдарын құруға басты назар аударуды талап етіп отыр.

Еуразия құрлығындағы қауіпсіздік проблемаларына талдау жасау үшінші әлем елдерінің немесе дамушы елдердің қарусыздану жөніндегі барлық келіссөздер процесіне тең дәрежеде қосылуға тиіс екенін көрсетіп отыр. Мұның өзі үлкен мемлекеттерге тән осындай процестердің әсіре дәріптелуіне жол бермейді. Сөйтіп, ол қауіпсіздік пен қарусызданудың халықаралық жүйесі арқылы жаңа қатерлерге соны көзқараспен қарауға мүмкіндік береді.

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусызданудың жоғарыда аталған үш проблемаысна деген өз көзқарасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан қауіпсіздік пен қарусыздану жүйесін құрудың барлық процестеріне Еуразиядағы халықаралық ынтымақтастықтың барлық деңгейінде мақсатты түрде және белсене қатысып келеді.

Біріншіден, бұл үш Орталық Азия мемлекеттерінің — Қазақстанның, Өзбекстанның, Қырғызстанның Кіндік Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықты қолдау жөніндегі күш-жігерін біріктіру саясаты.

Екіншіден, халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану саласындағы ТМД шеңберіндегі Қазақстанның белсенді бірігу саясаты.

Үшіншіден, бұл Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары жөніндегі кеңесті шақыру жөніндегі бастамасы. Бұл қауіпсіздік пен

ынтымақтастықтың қазіргі заманғы құрылымдарын құру жөніндегі ұзақ мерзімді жұмыс. Оның аясында кезі келгенде Азия құрылығында қарусыздану жөніндегі келіссөздер бастауға болады.

Төртіншіден, бұл Қазақстанның Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына, “Бейбітшілік үшін әріптестік” бағдарламасына, Ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа, Стратегиялық шабуыл құралдары — I келісіміне, сондай-ақ, қарусыздану жөніндегі комиссиялар аясындағы жұмыстарға қатысуы.

Қазақстан өзінің халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану мәселелері жөніндегі барлық сыртқы саяси қадамдарында жаңа көзқарастың жоғарыда аталған екі принциптерін басшылыққа алады.

Алғашқысы — “Қазіргі халықаралық қауіпсіздіктің жүйелерін жетілдіру және жаңаларын құру арқылы соны геоэкономикалық тенденцияларды түсінуден — қарусызданудағы жаңа тәсілдерді іздестіру”.

Екіншісі — “Құрлықтық қауіпсіздік жүйелерін жақсарту және өзгерту арқылы құрлықтық-қауіпсіздік жүйелерін құрудан — ғаламдық қауіпсіздік жүйелерін жетілдірудің тиімді процестерін іздестіру”.

Халықаралық қауіпсіздік пен қарусызданудың жаңа көзқарасын әзірлеуге деген осындай тәсіл тоқсаныншы жылдардың соңындағы — келесі ғасырдың басындағы соны мүдделерге балама жауап табуға мүмкіндік береді.

Осы жалпы мәселелерді шешіп алмайынша, біз әрқашанда қарусызданудың жеке практикалық мәселелері аясында кедергілерге, күтпеген жай-

ларға және шешілмейтін түйіндерге кездесе беретін боламыз.

Қарусыздану жөніндегі конференция осы мәселелерді шешуден ешқайда қашып құтыла алмайды. Өйткені оны өмірдің өзі алға қойып отыр. Сөйтіп, кезі келгенде оған лайықты жауап табылады.

Қазақстанның халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану саласындағы практикалық іс-қимылы ең алдымен осы саладағы барлық халықаралық шарттар мен келісімдерді сөзсіз және толық орындауға бағытталған. Оларға республика қол қойған болатын және оларға қатысып келеді. Оның нақты істері ниетіне айғақ.

Қазақстан ТМД елдерінің ішінде бірінші болып осыдан бес жылдай бұрын өз аумағынан барлық тактикалық ядролық қаруды алып шықты. Ол Лиссабон хаттамасына қатысушы елдердің алғашқысы болып ядролық қаруды таратпау жөніндегі шартқа ядросыз мемлекет мәртебесімен қосылып, Семей ядролық полигонын жапты.

Биылғы сәуір айында республика ауқымынан 1200-ден астам ядролық құрылықаралық баллистикалық ракеталардың оқтұмсықтары шығарылды. Мамырдың 31-інде Семей полигонындағы жер астында қалған соңғы ядролық заряд жойылды.

Сөйтіп, Қазақстан жері ядролық қарудан толық тазартылды. Менің елімнің нақ осы практикалық қадамдары және біздің барлық қол қойылған халықаралық келісімдерге деген бекем адалдығымыз бізге халықаралық қауіпсіздік және қарусыздану проблемалары қандай болмақ және оның жаңа тәсілдері қандай негізде іздестірілмек?— деген сұрақ қоюымызға мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан біздің осындай берік айқындамамыз менің өзіме

де, өзгелерге де жоғарыда айтылған сұрақты қоюыма негіз береді.

Әрине, осы үш проблеманы шешу осы сессияға қатысушылардың және жалпы алғанда қарусыздану жөніндегі конференцияның құзыры шеңберінен шығып жатуы да мүмкін. Осыны айқын сезіне білу сессияға қатысушыларға өтініш жасауыма мүмкіндік беріп отыр. Өйткені мен қарусыздану процестеріндегі нақты табыстар ең алдымен осы залда отырғандардың барлығының жеке күш-жігеріне, бай тәжірибесіне және дарынына байланысты екеніне сенімдімін. Бейнелеп айтсақ, “қарусыздану және қауіпсіздік жөніндегі дүниежүзілік бірлескен іске тынымсыз қызмет ететіндердің барлығының” күш-жігеріне байланысты.

Нақ осы үш проблеманы алға қоюдың өзі, кей тұстарда қарусызданудың қазіргі заманғы процестерін дәстүрлі түрде түсіну шеңберінен шығып жататыны да рас. Бірақ қарусыздану проблемаларын жаңа қатерлерге сәйкес көре білуді кенейту, қарусыздану түсінігінің дәстүрлі шеңберінен шыға білу, жаңа көзқарастың негіздерін іздестіру мен үшін өз сөзімнің міндеттерін айқындап берді.

80-ші — 90-шы жылдардағы терең дүниежүзілік өзгерістермен байланысты жаңа жағдай қарусыздану жөніндегі конференцияның алдына жаңа қатерлерді алға тартып отыр. Осы жаңа қатерлердің алдында құрқол, қарусыз болмас үшін, оны дұрыс түсіну үшін біз халықаралық қауіпсіздік пен қарусыздану проблемаларына деген жаңа көзқарасты табуға тиіспіз.

Сонымен, жаңа жағдайдағы қарусыздану — жаңа қатерлерге деген жаңа көзқараспен қарулану

деген сөз. Мен бұған лайықты жауап біріккен күш-жігер арқылы табылатынына сенемін.

Конференция аясында ядролық сынауларға тыйым салу жөніндегі арнайы комитеттің қайта құрылуын құптаймын, осы саладағы көп жақты келіссөздердің басталуын қанағаттанғандықпен атап өтемін.

Қазақстанда талай мыңдаған километр қашықтықтағы жер асты құбылыстарын тіркеуге қабілетті қазіргі заманғы үш сейсмикалық станция орналасқан. Осы станцияларды мониторингтің ғаламдық желісіне қосуды ұсынамын. Мұның өзі бақылаудың тиімді құралына айналар еді.

Ядролық сынауларға мораторийді тиісті шартқа қол қойғанға дейін ұзарту жөнінде ядролық мемлекеттерге үндеу жасауға, ал сынауды жалғастырып отырғандарды мораторийге қосылуға шақырамын.

ӨТКЕНДІ САРАЛАУ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ЖОЛМЕН ОДАН ӘРІ РЕФОРМАЛАУ

**ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
ЕКІНШІ СЕССИЯСЫНДА 30 МАУСЫМДА
ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА**

Құрметті Қазақстан халықтары Ассамблеясының сессиясына қатысушылар!

Сіздердің ұсыныстарыңызбен осы жылдың сәуір айында республика тарихында тұңғыш рет рефе-

рендум болып өтті. Осындай күрделі жағдайда реформалау жолына біржолата түскен біздің қоғамның сан-салалы проблемаларын терең түсіне білген Қазақстанның барлық көп ұлтты халықтарына және Ассамблея мүшелеріне шынайы ризашылығымды білдіремін.

Республика халқының Президент өкілеттігін ұзартуды қалап, дауыс беруін мен бұдан былай да тұрақтылықтың, ұлтаралық жарасым мен азаматтық келісімнің сақталуы үшін, саяси бағыт-бағдарымыздың ауытқымауы үшін, жалпы алғанда, экономикалық және әлеуметтік салалардағы жүргізіп келе жатқан стратегиямыз үшін берілген дауыс деп түсінемін.

Бүгінгі бас қосуда мен өткен референдум қорытындысынан туындап отырған басты міндеттерге тоқтай келіп, алдағы уақытта жүзеге асырылуға тиіс жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Сіздермен ең бірінші кезектегі әңгіме, әрине нарық процестерінің стратегиясы мен мемлекеттік құрылыс туралы болмақ.

Сіздердің қолдарыңызда сапалық жағынан мүлдем басқа жаңа Конституцияның жобасы бар. Негізгі заң жобасымен соңғы жарты жыл бойы тынбай жұмыс істеуге тура келді. Маған өзіміздің көптеген заңгерлеріміз көмектесті. Жоба отандық және шетелдік мамандардың сарабынан өткізілді. Жекелеген тұстары қоғамдық пікірлерді зерттеу жолымен тексерілді. Бір сөзбен айтқанда, барлық сын-ескертпелер мен ұсыныстар барынша ескерілді.

Әңгіме биылғы жылдың аса маңызды саяси оқиғасы туралы болып отыр. Бұл оқиғаға бірер күннің ішінде елеп-екшеп баға беру қиын. Со-

ндықтан жаңа Конституцияны қабылдау мәселесін халықтың өзіне қалдырып отырмын. Конституция жобасын референдумға шығару бірден-бір әділ шешім деп ойламын. Өйткені халық — мемлекеттік биліктің қайнар көзі, егемендіктің көш бастаушысы.

Осы ұсыныстарды халық қолдайды деп ойлаймын.

Тумысымнан реалист болғандықтан, Президенттің өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанның 1-іне дейін ұзартуды қолдаған адамдардың тұрақтылық, ұлтаралық және азаматтық келісім үшін дауыс бергенін мен жақсы түсінемін. Тұрақтылық пен келісімді біз Қазақстанда қантөгісті жанжалдарға жол бермей сақтап келеміз. Олар біздің бәрімізге аса қажетті қоғамдық бейбітшілікті сақтауға демек, саяси, экономикалық және әлеуметтік салалардағы біз жүргізіп жатқан стратегияны жалғастыруға кепілдік беретін саяси бағытымызды қолдап дауыс берді.

Қайта құру ұранымен басталған өзгерістер бүкіл бір ұрпақтың мұраты мен тағдырын күйретіп, олардың өмір ырғағын мықтап бұзды, экономиканы құлдыратты, соның салдарынан жүздеген мың адамдардың әл-ауқаты төмендеп кетті.

Қысқасы, шығын аз болған жоқ, бірақ соған қарамастан референдумға қатысушылардың басым көпшілігі бюллетеньде қойылған сұраққа “иә” деп жауап берді. Таңқаларлық жәй ме? Жоқ: дауыс берудің нәтижелерін шешкен қазақстандықтар біздің егемен республикамыздың болашағына деген өз сенімін танытты деп ойлаймын.

Сондықтан мен референдум өткізуге бастамашы болған Ассамблеяға ризамын. Айтқандайын, ол

іс жүзінде мәслихаттық — кеңесу органынан шын мәнінде адамдардың шынайы мақсат-мұратын білдіретін, көп ұлтты Қазақстан халқын бірлікке жұмылдыратын, белсенді әрекет етуші қоғамдық институтқа айналған Ассамблеяның жоғары беделін көрсетті. Сондықтан ол туралы жаңа Конституцияда айта кеткен жөн болар.

Азаматтардың референдумға жаппай қатысуы, олардың көзқарастары мен пікірлерінің үйлесуі жаңа ғасыр басталғанға дейін елдегі саяси тұрақтылық үшін негіз жасап, мемлекет басшысының алдынан тактикалық қана емес, сонымен бірге белгілі дәрежеде стратегиялық кеңістік ашты, жүріп өткен жолымызды ой елегінен өткізуге және бұдан былайғы ілгерілеуіміздің бағдарларын айқындауға мүмкіндік берді.

1992 жылғы “Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясында”, сондай-ақ 1993 жылғы “Қоғамның идеялық бірігуі — Қазақстан дамуының кепілі” деген еңбегімде жариялаған басты мақсаттарым өзгеріссіз қала бермек. Осы басым бағыттарды еске сала кетейін. Олар:

— реформаларды ойдағыдай жүзеге асырудың сөзсіз саяси шарты ретінде тұрақтылық пен ұлтаралық татулықты қамтамасыз ету;

— меншіктің мемлекеттік және мемлекеттік емес нысандарын қамтитын әлеуметтік рыноктық экономиканы қалыптастыру;

— адамның экономикалық еркіндігінің принципін жүзеге асыруға қажетті құқықтық шарттар мен практикалық база жасау;

— өзінің барлық азаматтарының жеткілікті әлауқат дәрежесін қамтамасыз ететін қоғам құру;

— Қазақстанның этностық ерекшелігін дамыту мен ұлттық-мәдени сан алуандығын сақтау;

— демократиялық өзгерістерді тереңдету, саясатта алуан пікірлілікті қамтамасыз ету;

— адамның еркіндігі мен құқықтарын сақтау, дүниежүзілік экономикада бекем шептерге ие болу негізінде Қазақстанның дүниежүзілік қоғамдастықтағы лайықты беделін қалыптастыру;

— Қазақстанның мемлекеттік құрылымын президенттік сипаттағы демократиялық республикаға айналдыру.

Біз осы бағытта жоспарлы түрде ілгерілеп келеміз. Мен осы жиында жағдайды өзімнің қалай көріп отырғанымды баяндап, қоғамдық өмірдің басты салаларында референдумның қорытындыларынан туындайтын саясатты дәлелдеп, республикада демократиялық құқықтық мемлекеттің берік іргетасын ең жақын арада қалап шығу үшін жүзеге асырылуға тиісті жоспарлармен таныстырып өтпекпін. Әңгіме, ең алдымен, нарықтық даму мен мемлекеттік құрылыстың стратегиясы туралы болып отыр.

МЕМЛЕКЕТТІЛІК: ЕСЕЮ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

Қазақстан қазір ТМД-ның барлық елдеріне тән күрделі, өтпелі кезеңді бастан кешіп отыр. Бұл халықтардың біртұтас мемлекетте бірлесіп өмір сүруінің дәстүрлеріне, ортақ қасиет пен саяси мәдениетке, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді біртұтас халық шаруашылық кешені шеңберінде шешу дағдысына, еңбекті бөлу мен өндірісті мамандандырудың жана деңгейінің жоқтығына байланысты.

1991—1992 жылдарда, тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде Қазақстанда, сондай-ақ достастықтың басқа да елдерінде жаңа жағдайға оп-оңай әрі тез өте қою жөніндегі қияли түсініктер басым болды. Алда тұрған жұмыстың бүкіл күрделілігін және оның нәтижелері жөніндегі жауапкершілік мөлшерін айқын жете бағаламау орын алды. Баспасөз еркіндігі, халықтың демократиялық жолмен өз еркін білдіруі, ар-ождан мен жиналыстар бостандығы, сондай-ақ демократиялық қоғамның басқа да атрибуттары тәрізді құбылыстармен алғаш кездесіп, адамдардың көпшілігі адасып қалды.

Сол кездегі кейбір саяси лидерлер, ашығын айтсам, жағдайды өз мүддесіне әдейі пайдаланып қалуға тырысты. Сол кезде Қазақстанды реформалаудың қаншалықты идеялары, бағдарламалары мен үлгілері ұсынылмады десенізші! Бұларға ойша ғана теориялық болжамдар және негізінен арзан бедел алу сипатындағы қағидалар тән болатын. Осының бәрі сол кездегі өкіметті көбіне әдепсіз сынаумен және тез арада игілікке жеткізетіні жөніндегі оңды-солды берілген уәделермен ұштасып, адамдардың санасына құйылып жатты. Әрине, мұның бәрі осы лидерлер мемлекеттегі түйінді қызметтерге орналасқанда ғана орындалмақ болатын. Бұл жерде Лев Троцкийдің Коминтерннің алтыншы конгресіндегі социалистердің кейбір сөйлеген сөздеріне орай жазылған хатынан бірнеше жолдарды еске түсірген де орынды. Ол конгрестің жұмысын Алматыда айдауда жүргенде қадағалаған болатын. Ол достарына: “Көкжиектегі бұлтты түйеге немесе тіпті балыққа, ал ханзадаға (яғни кезекті көсемге) қажет болса оны жеке

алынған бір елдегі социализмге және кез келген өзіндік бір құймаққа ұқсатып, теориялық дәлелдемелер ұсынуға болады”, деп жазған. Бізде де шамамен нақ осылай болды, бірақ ол басқа бір тарихи жағдайда өтті.

Оппозицияда болу дегенді көптеген адамдар сол кезде елдің басшылығы мен саяси партиялар арасындағы қатаң егестің көрінісі ретінде, сөз бос-тандығын нені болса соны айтуға және жазуға болатын мүмкіндік ретінде түсінді, тіпті бұл ұлтаралық және әлеуметтік қайшылықтардың отын өршітуге қауіп төндірсе де солай түсінді. Оппоненттің ар-намысы мен қадір-қасиетін аяққа басудан да тайынған жоқ. Сайламалылықты шағын топтық мүдделер үшін “өз” кандидатурасын өткізуге деген құқық ретінде бағалады.

Демократиялық принциптердің мұндай бұрмалануы қоғамның оларды қабылдауға дайын болмағандығынан, сондай-ақ демократияның мандай тұсын ғана асығыс тұрғызудан туындады. Мұның өзі халықтың бойында демократиялық еркіндіктер мен олардың келеңсіз жүзеге асырылуы туралы қилы-қилы түсініктер туғызды. Бұл адамдардың терең түңлісін туғызды. Олар дәстүрлі мемлекеттік қамқорлықтан айрылудан, құқықтар мен міндеттердің қатаң қыспаққа түскенінен, өзінің тағдырын өзі шешу қажеттігінен қорқа бастады.

Осы кезеңде бәрі де іс жүзінде ескі қоғамды қиратуға ғана ұмтылған якобишілерге айналды. Кең қоғамдық бірлік, қордаланып қалған проблемаларды әпсәтте шеше алатын демократиялық басшылар туралы қиял басым болатын. Толыққанды нарықты қиындықсыз-ақ қалыптастыру, халықтың тұрмыс дәрежесін шапшаң көтеру,

өте қысқа мерзім ішінде саяси бостандықтары дамыған құқықтық қоғам құру жөніндегі желікпе үміт көпшіліктің ойында басым түсті. Қаласаң болғаны, бәрі де оңай шешілетін сияқты көрінген.

Алайда бұрынғы режим күйретілгеннен кейін азаматтық қоғам мен батыстағы демократиялар тәрізді демократиялық мемлекет көп ұзамай орнайды деген барлық ТМД елдерінің үміті елес болып шықты.

Бүгін таңда бұған тоталитарлық қоғамнан шығатын төте және қысқа жолдың жоқ екені белгілі болды. “Революциялық” шырқауда тарихтың объективті заңдары ұмыт қалдырылды. Батыс өркениетінің ғасырлар бойы құрылғаны да ескерілген жоқ: онда ұлттық рынок талай ондаған жылдар ішінде қалыптасқаны, демократиялық құқықтар жолында аса ауыр күрестер жүргізілгені, парламенттік жүйенің де оп-оңай қалыптаса қоймағаны белгілі.

Нарыққа тез арада көшу дәмесі де елес болып шықты. Нарық көбіне алғашқы қауымдық жайма базарға айналып, меншікті жекешелендіру оның иесі болмағандықтан пәрменді қызмет атқара алмады; мемлекеттік бюджет кредиттік алаяқтықтың көзіне айналды. Халық билігі ретіндегі демократия көбінесе әртүрлі ықпалды топтардың билік жолындағы күресімен, жершілдіктің күшеюімен алмасты.

Бостандықтың жемістерін көп ретте қатардағы азаматтар емес, неше түрлі қылмысты және бүлдіргіш элементтер пайдаланып кетті. “Қысылтаян” кезеңдегі арсыздықпен баюдың мүмкіндігі мемлекеттік аппараттың, құқық қорғау органдарының, қаржы-банк, коммерциялық құрылымдардың жылпос өкілдері мен қылмыскер алпауыттарды

біріктіріп жібергенін қиналсақ та, мойындауға тура келеді. Қазір нақ солармен ең қатал күрес жүргізіліп жатқаны сіздерге белгілі.

Бастан кешіп отырған әлеуметтік дағдарыстың себептері әзірше әлсіз саяси күштердің тайталасынан емес, қайта бір жағынан, прогресшіл демократиялық процесс пен екінші жағынан, ескі сананың көрінісі болып табылатын консерваторлық күштер арасындағы қайшылықтан да туындап отыр.

Ахуалдың шиеленісуінің мәні мынада: адамдардың реформалар мен еркіндікке деген бастапқы ынта-ықыласы нақты экономикалық, әлеуметтік және саяси тірек тауып, табандай алмауында. Біз әлі толық айқын емес қоғамда өмір сүріп жатырмыз, онда ескі мемлекеттік социализм жүйесінің қуатты блоктары мен демократиялық өмір салтының шашыранды элементтері әбден араласып кеткен.

Бұл проблемалар неден туындап отыр? Ең алдымен, қайта құрудың яacobилік кезеңі халықтың реформаларға, тіпті демократиялық ұғымға деген сенімін мықтап әлсіретті. Біздің бұрынғы жүйемізді көрегендікпен саралай білген шетелдік білгірлердің бірі сол кездегі ахуалды былайша дәл сипаттайды: “Бәрін де істеуге болады, бірақ жасалып жатқан ештеңе жоқ. Бәріне де рұқсат берілген, бірақ еш нәрсені де жүзеге асыруға болмайды”.

Гәп мынада: ол кезде Кеңес Одағы басшыларында сындарлы әлеуметтік-экономикалық және саяси өзгерістердің ешқандай бағдарламасы болған емес. Кеңестік жүйенің іргелі негіздерінің бірдебіріне — КОКП-ның жетекші рөліне, мемлекеттік меншік монополиясына, идеологиялық өктемдікке — күдік келтірілген жоқ. Ал дәл осы нұсқалар

қайта құрудың басты объектілері болуға тиіс еді. Нәтижесінде жүйені реформалау жүзеге асырылмай, қайта ол күйреп тынды.

1991 жылғы тамыз айындағы белгілі оқиғалардан кейін жаңа тәуелсіз мемлекеттердің қалыптасу және қазіргі таңдағы әрі болашақтағы проблемалардың бәрінен құтқаратын күдіретті күш ретінде жаппай егеменділік идеясына еліктеу кезеңі басталды. Ашық айтылмағанымен, тәуелсіздік туралы жариялап, демократия мен нарық бағытын белгілесе болғаны, барлық қиыншылықтар артта қалады деп түсініліп келді. Қазақстанда да осындай пікірлер орын алды.

Ал шындық бұдан әлдеқайда қатал болып шықты. Ол жарияланған тәуелсіздік пен нақты егемендікке қол жеткізудің арасында ұзақ жол жатқанын көрсетіп берді. Демократия мен нарықты жариялаудан оларды нақты қалыптастыруға дейін дамудың күрделі кезеңінен өту керек. Бұл әсіресе 1993—1994 жылдары ерекше түсінікті болды. Бұл кезге дейін әлеуметтік топтардың арасы күрт ажырап кетті. Қоғам біртұтас емес, қайта онда оның болашақ құрылымы туралы өз мүдделері мен түсініктері басым мүлдем бөлек топтар бар болып шықты.

Осы кезең ішінде өздерін партия және қозғалыс деп дабырайта атап жүрген, шектен тыс өзімшіл және қоғамдық мүдделерді көздемейтін лидерлер бастаған толып жатқан ұсақ топтар пайда болды. Мемлекеттің қалыптасуындағы осындай ауру екі бірдей парламентік дағдарыстан, ал мұның немен біткені белгілі, және үкіметтің екі рет отставкаға кетуінен көрініс тапты.

Иә, бұл адамдардың реформалардан көңілі

қалған, терең қоғамдық саяси күйзелістің кезі болды. Бірақ бұл сауығу және реформаторлық жолдың барлық қиындықтарын біртіндеп сезіну кезеңі де болды.

Мұның бәрін мен тек фактілерді атап өту үшін ғана емес, өзімнің де қателіктерімді сезіне отырып айтып тұрмын. Бұл жерде тек байқап көру және қателіктерден тағылым алу тәсілін пайдалана отырып, бұрын-сонды көріп-білмеген жолмен жүргеніміз арқылы ғана ақталуға болады. Осының бәрін түсіне білгенін биылғы 29 сәуірдегі референдумда білдірген халыққа рахмет.

Сонымен қатар 1991—1994 жылдары өмірдің барлық салаларында елеусіз болғанмен, іргелі сипат алған маңызды ілгерілеулер де болып жатты.

Экономиканы алайық. Біздің өмірімізге әлі толыққанды болмағанымен, өз ережелерін әкелген, республика ішіндегі және мемлекетаралық шаруашылық қатынастарына өз түзетулерін енгізген нарық келіп енді. Мысалы, біз ТМД-ның экономикалық кеңістігіндегі бұрынғы шаруашылық байланыстарын қалпына келтіру туралы жиі айтамыз, олардың үзіліп қалуы өндіріс дағдарысының тереңдей түсуінің елеулі факторы болып отыр. Бұрын бұл байланыстарды мемлекет жоғарыдан реттеп отыратын, ал қазір олар нарықтық жүйе арқылы төменнен реттеле бастады. Тағы бір жәйт: бәсекелестік пен оның салдары ретіндегі товарлардың сапасы және олардың нақты бағасы тәрізді нарықтық атрибуттар пайда болды. Мен мұның игі іс екендігін атап өтпекпін. Сонымен қатар нарықтық инфрақұрылымның жекелеген элементтері қалыптаса бастады, отандық кәсіпкерлер пайда болды. Меншік режимі белсенді

түрде алмаса бастады, сыртқы сауда ырықсыздандырылып, ұлттық валюта нығая түсті. Тек 1993 жылғы қараша айында теңге алғаш енгізілген сәттен бастап біз елдегі қаржы-экономика процестерін және реформалар барысын нақты басқара бастағанымызды естен шығармау қажет. Мемлекеттігіміздің нақты қалыптасуы да сол кезде басталды. Қазақстан дүние жүзіне танылды, оның бейбітшіл мемлекет ретіндегі беделі арта түсті. Шетелдік инвесторлар үшін біздегі саяси тұрақтылық басты кепіл болды: сондықтан да олар бізге сенім білдіріп, елімізге келе бастады.

Одан кейінгі бүкіл кезеңде қоғамдық шырғандардың бәрінен Конституция мен заңдардың негізінде өттік. Таяуда өткенмен салыстырғанда мұның маңызы аз емес: өзгеше ойлайтындар мен жеке адамды тұншықтырудың бұрынғы практикасының орнын проблемаларды шешудің саяси тәсілдерінен және өзгерістердің бейбіт, табиғи ағымына деген адалдық басты.

Мен мұны жана мемлекеттікті қалыптастырудағы қазақстандық нұсқаның айрықша белгісі деп бағалар едім. Біз саяси тайталастың қантөгісті қақтығыстарға ұласуын болдырғанымыз жоқ, біздегі парламенттік дағдарыстар қалалардың көшелеріне танктерді шығарудан аулақ болды, біз азамат соғысына кіріскеніміз жоқ, жікшілдік пиғылдармен байланысты шиеленістің ушығуына жол бермедік.

Біздің үлесімізге тиген қиындықтар аз емес, бірақ басқа елдердің басынан кешіргенімен салыстырғанда өтпелі кезеңнің көптеген сұмдығынан біз аман қалдық және сол үшін мақтана аламыз. Сондықтан да мемлекетіміздегі татулық пен

тұрақтылықты бағалап, көзіміздің қарашығындай сақтауға тиіспіз.

Бүгін таңда бұрынғы режимге қайтып оралудың мүмкін еместігі баршаға аян деп ойлаймын — экономикалық жүйеде, адамдардың санасында және қоғамның әлеуметтік құрылымында өте көп нәрселер өзгеріп кетті. Міне, сондықтан үш-төрт жылда жүріп өткен жолымызға көз жүгірте отырып, мынаны ашып айтуға болады: ол халық пен мемлекет үшін тарихи мәні жағынан ондаған жылдарға пара-пар.

ШЫНАЙЫ ДЕМОКРАТИЯ, ТҰРАҚТЫЛЫҚ, РУХАНИ ЖАНҒЫРУ ЖОЛЫНДА

Біздің қоғам жаңа, шынайы демократиялық өзгерістердің табалдырығында тұр. Алайда егер біз құқықтық мемлекет болуды шынымен қаласақ, онда Конституцияны мүлтіксіз сақтауға тиіспіз, өйткені ешқандай жағдай заңнан жоғары болуға тиіс емес. Амал қанша, біздің идеологиямыз мемлекеттің қоғам мен жеке адам жөніндегі құқықтық жүгенісіздігін олардың мүдделерін қорғаудың қажеттігімен өте ұзақ әрі жиі бүркемелеп келді. Ал сонау қайта өрлеу дәуірінің заңгері Гуго Гроций былай деп сақтандырған болатын: “қажеттілік дегеніміз адамның әлсіздігін кереметтей қорғап, кез келген занды бүлдіреді”.

Қазір біз ұзақ мерзімге арналған іргелі құжатты қабылдау алдында тұрған кезде біз жағдайдың салдарларынан, күнделікті кездесетін қиындықтардан

және неше түрлі “өтпелі кезеңнің қажеттіліктерінен” жоғары тұруға тиіспіз.

Біздің басты мақсатымыз күшті мемлекет құру болып табылады, бірақ ол бәрін жаныштайтын күш емес, барша жұрт мойындаған демократиялық бостандықтар мен мұраттардың негізінде азаматтарды қорғайтын құрал болуға тиіс. Бұл орайда жол біреу ғана — мемлекеттің меншікке деген монополиясын белгілі деңгейге дейін шектеу, оның басқа түрлерін дамыту және әрбір азаматқа кәсіпкерлік еркіндігін беру.

Осыған байланысты әлі күнге дейін “кеңестік күпіден” шыға алмай, мемлекеттік сектордың мүдделерін қорғайтын адвокаттар сияқты болып отырған үкіметке, министрліктер мен ведомстволарға сын айтқан жөн. Олар меншіктің басқа түрлерімен тығыз айналысып, жеке бизнеске көмектесуі қажет. Зандар бұған мүмкіндік беріп қана қоймай, соған ынталандырып та отыр.

Экономикадағы пайда болған жақсарудың жемістерін халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерінің, ең алдымен — табысы аз, еңбекке жарамсыз азаматтардың, зейнеткерлер мен оқушылардың көкейтесті мұқтаждарын қанағаттандыруға жұмсаған жөн. Ал басқаларына келетін болсақ, мұнда мемлекет еңбекте және шығармашылықта өзін-өзі көрсетуі үшін олардың экономикалық дербестігін қамтамасыз етуге міндетті.

Осының бәрін жүзеге асыру үшін мемлекеттік бюджетті жүйелі және сенімді түрде толықтырып отыру керек. Бұл тұста барынша реттелген салық жүйесі шешуші рөл атқаруға тиіс. Біз салық қыспағының салмағы халықтың экономикалық белсенділігін түншықтырып, қазынаның кірісін

қысқартатындай шектен асып кетпеуге тиіспіз. Мынадай асыл мәтел бар: салық төлеуші — ертең ауланатын аң емес, мемлекеттің серігі.

Экономикалық өрлеуді қамтамасыз ету және осының негізінде — халықтың жақсы тұрмысқа қол жеткізуі үшін мен үкіметке биылғы қараша айына дейін 1996—2000 жылдарға арналған экономикалық және әлеуметтік дамудың индикативті жоспарының жобасын жасауды тапсырған едім. Көптеген егжей-тегжейлі жәйттерді қозғап жатпай-ақ бастысын айтайын: бұл құжат Қазақстан халқының тұрмыс деңгейін кемінде екі есе көтеру, 1998 жылға қарай инфляцияның жыл сайынғы өсу қарқынын 10 процентке дейін азайту, 1996 жылға дейін өндірістің өрлеуін қалпына келтіру үшін қажетті шараларды айқындауға тиіс.

Жасалып жатқан осы бағдарламада шағын және орта бизнестің тиімділікпен жұмыс істеуі, жеке-меншік кәсіпкерлікті дамыту үшін қажетті жағдайлар мен инфрақұрылымды қалыптастыру белгіленді. Сондай-ақ бұл жерде халықты әлеуметтік қорғау жүйесін онтайлы етуге, оған неғұрлым нақтылық беруге, соның ішінде мемлекеттік басқару органдары арасында міндеттемелерді айқын бөлуге және жергілікті органдарға халыққа қызмет көрсету міндеттерін беруге баса назар аударылатын болады, бұрын бұл кәсіпорындар мен шаруашылықтардың құзырына жатқызылып келген болатын.

Кеңірек айтсақ, жарияланған демократиямыз, еркін экономика болмаса, диктатура туындайтын негізге айналады. Бұл арада жеке тұлғаның, адамдар тобының немесе партияның диктатурасы болса да бәрібір. Қоғамның құрылымы қалыптаспаған

және тұрақтылығы жеткілікті болмаған жағдайда кез келген кездейсоқтық, оқиғалардың кез келген өрбуі орын алуы мүмкін.

Жақында біз Жеңістің 50 жылдығын мереке-ледік. Әлем қазіргі өмір үшін кеңес халқының мәңгілік ерлігіне борыштар. Ал дүниежүзілік соғыс отын тұтатқан Гитлер де өкімет басына демократиялық сайлау арқылы келген жоқ па? Және де адамдардың мүдделерін бүркене отырып, қазір де алуан түрлі өрекіген элементтер әр жерде билікке ұмтылып жүрген жоқ па? Біз өткеннен және осы бүгінгімізден тағылым алуға тиістіміз.

Қазақстанда демократияның қажетті саяси кепілдіктері бар. Мен өзіміздің дұрыс даму жолын тандап алғанымызға сенімдімін. Біздегі көп партиялылыққа кепілдік жасалғанының, баспасөз еркіндігі қамтамасыз етілгенінің өзі осыны дәлелдейді ғой. Мемлекеттік өкіметтің саяси бағыты азаматтық татулық пен ұлтаралық келісімге бағдарланған.

Амал қанша, біздің адамдардың бәрі бірдей болып жатқан өзгерістер кері бұрылмайтынын сезіне бермейді. Республикада қоғамда жеткілікті дәрежеде жаппай қолдауға ие болып отырған партиялар әлі қалыптаса қойған жоқ, ал бұл мемлекеттік өкіметті қоғамдық көңіл-күйді объективті түрде біліп отыру мүмкіндігінен айыруда. Бірақ белгілі бір уақыт өткеннен кейін өркениетті саяси құрылым қалыптасып, қоғамға ықпал ете алатын, бағдарламалары мазмұнды және елеулі кадрлар әлуеті бар партиялар нығая түседі. Олардың өкімет басына келуі нормаға айналып, ең бастысы — бұл қоғам үшін пайдалы болмақ.

Демократиялық қоғам құрудағы бұқаралық ақ-

парат құралдарының рөлі туралы бірер сөз айта кетейін. Бұдан бұрын да айтқанымдай, Қазақстанда еркін де тәуелсіз баспасөздің болуы — біздің баға жетпес демократиялық табысымыз. Көп адамға бұл жайсыз да. Көбіне осыған байланысты мен түрлі топтардан қысымды да аңғарып жүрмін. Дегенмен, мына жәйтті батыл мәлімдеймін — біз алдағы уақытта да Қазақстанда еркін журналистика әрқашан орнығуы үшін бәрін жасай бермекпіз.

Ендеше мына жағдаймен де келісу керек: мемлекет баспасөз үшін қалыпты жұмыс жағдайын туғызатын болса, онда ол да заң мен журналистік этика шеңберінен шықпауға тиіс. Өйткені абайсыз айтылған бір сөз болжап білуге болмайтын оқиғаларға себеп болуы мүмкін. Кейбір басылымдар өз таралымын ұлғайту үшін ұлттық немесе діни наным-сенімдерді ашық немесе астыртын түрде пайдалануға әрекет жасауда. Өмірдің қиыншылықтарын құлшына жазып, оның тек көлеңкелі жақтарын көрсету жаппай орын алып отыр. Мұның өзі қоғамда тұйықтан шығар жол жоқ деген сезім мен әлеуметтік күйзеліс туғызатынын және адамның жаңа жағдайда өз орнын тауып, оған бейімделе білуіне зиянын тигізетінін журналистердің түсінбеуі мүмкін емес.

Құрметті ассамблеяға қатысушылар!

Мен түрлі аудиторияларда және сан алуан адамдармен әңгімелескен кезде жүргізіліп жатқан реформалар рухани азғындауға әкеледі, қаласақ та қаламасақ та нарық психологиясы қара күшті, қандай жолмен болса да баюды, өзімшілдікті құрметтеу сезімін туғызады деген пікірмен жиі беттесемін. Сіздер де жастарымыз адамгершілік бағдардан айрылып қалды, өз халқының мәдениеті

мен салт-дәстүрінің бастауын құрметтемейді, үлкенді сыйлауды мүлдем қойды-мыс, олар мәңгүрттер, жоғалған ұрпақ, бұдан басқа ештеңе емес деген күңкілді талай естіген боларсыздар.

Мұндай пікірдің үзілді-кесілді айтылуы — ежелден келе жатқан “әкелер мен балалар” дау-таласындағы ең жақсы дәлел болмаса керек. Бұл проблемаға бұра тартпай қарайықшы: қазір жастардың басым көпшілігі шет тілдерін баса үйреніп, басқа елдердің мәдениетіне, салт-дәстүріне ықылас қойып жүр, өз халқының рухани тамырын зерттеп, маркетинг пен менеджменттің негіздерін, басқа да ілім-білімді үйренуде. Және мұның бәрін әбден саналы түрде, жаңа білім алдағы уақытта өздеріне міндетті түрде керек болатынын толық түсіне отырып істеуде. Мұның өзі шынайы рухани байлыққа, дүниежүзілік, яғни ұлттық мәдениеттің де бастауына жеткізер жол емес пе?

Екінші жағынан, меніңше, жас ұрпақтың рухани және адамгершілік саласындағы мұралардан толық қол үзіп қалуының қаупін де мүлдем жоққа шығару елеулі қате болар еді. Иә, ақпарат ағынына жол ашқаннан кейін біз шынайы адамгершілік қасиеттерді әсем де жылтыр қағазға оралған арзан да жасанды құндылықтармен алмастырып жүрген бұқаралық мәдениет деп аталатын қоқыспен де кездесіп отырмыз. Әрине, жылдар өте келе жастар шынайы құндылықтарды жасандысынан ажырата білуді үйренетін болады. Ал оның күрделі әлемде бағдарын тауып, рухани бағытын анықтауына біз, аға ұрпақ өкілдері көмектесуге тиіспіз.

Біздің көп ұлтты қоғамымыздың адамгершілік негіздерін қалау мемлекеттік саясат дәрежесіне дейін көтерілуге тиіс деп ойлаймын. Анығырақ

айтқанда — бұл бағытта мемлекеттік саясат қажет, таяу және алыс болашақтағы іс-қимылдардың мұқият әзірленген бағдарламасы қажет. Дүние-жүзілік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, өміріміздің қайтарымы ең көп “салалары”— білімнің, мәдениеттің, өнердің басым дамуы үшін Қазақстанда қажетті жағдайлар жасалуға тиіс екеніне барша жұрт келіседі деп ойлаймын. Адам, оның білім мен мәдениеті үшін жұмсалған қаржы — мемлекеттің болашағына жұмсалған қаржы. Сондықтан жаңа Конституцияның жобасы адамға барынша бағытталған, оның рухани және адамгершілік мұқтаждарының қанағаттандырылуына кепілдік береді.

АБАЙ ТУРАЛЫ СӨЗ

**АБАЙДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСТЕ ТАМЫЗДА
ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМАДАН**

Ардақты отандастар!

Қадірлі меймандар!

Бүгін — ұлы мереке. Халқымыз ең аяулы перзенті мен ең дана ұстазына мәңгі өшпес махаббатын білдіруге жиылып отыр. Оның дүниеге келгеніне әр он жыл толған сайын осылай бас қосып, өткеніміз бен кеткенімізді, жеткеніміз бен жетпегімізді бір сарапқа салып алу әлдеқашан әдетімізге айналған. Соның әрқайсысында Абайдың аты жаңаша асқақтап, халқымыздың мәртебемерейі жаңа биікке көтерілумен келеді. Бір кезде

абзал ақынымыздың асыл мұрасының таптық идеология табанында тапталып қалмай, жаңа ұрпақтармен бірге жасайтын мәңгілік құбылысқа айналғанына қуандық. Сосын оның қадір-қасиетінің өз аумағымызбен шектеліп қалмай, іргелес халықтар мен елдерге де кеңінен танымал бола бастағанына масаттанып, марқайдық. Ал бұл жолғы сүйінішіміздің жөні тіпті бөлек. Ол үшін бір-бірімізді қуана құттықтап, бір-бірімізден шүйліге сүйінші сұрасақ та ешқандай ерсілігі болмас еді.

Абайдың әуелден-ақ әкенің баласы болмай, адамның баласы болуды армандағаны белгілі. Бұл жолғы тойдың төріне сол көксеген мұратына жетіп, барша әлемге аты қадірлі, сөзі өтімді, пікірі қымбат адамзат ардағы, адамзат ақыны, адамзат ақылманы болып көтеріліп отыр. Бұл жолғы салтанаттың Алматы мен Семейден, Қарауыл мен Жидебайдан басталмай, Батыс пен Шығыстың іргелі елдерінен, Еуропа мен Азияның ең беделді мемлекеттерінен, Мәскеу мен Ыстамбұл, Париж бен Пекин сынды әлемдік астаналардан басталғаны да соның айғағы. Бұл — бүкіл планетамыздың мәдени-рухани тынысын жүйелеп отырған аса беделді халықаралық ұйым — ЮНЕСКО-ның біздің жеке өтінішімізді ыстық ықыласпен қабылдап, мұндай шаруаның қалыптасқан жылтізбелік үрдісін алғаш рет бұзып, оны дүниежүзілік деңгейде өткізуді өзінің биік құзырына алуға шешім қабылдағанының арқасы.

Біз бұны енді ғана тәуелсіздік алып, адамзат қауымдастығының тең құқықты мүшесі ретінде енді ғана санатқа кіре бастаған ежелгі халқымыз бен жас мемлекетімізге көрсетіліп отырған үлкен ықылас, биік саяси-рухани қолдау деп бағалаймыз.

Күллі қазақстандықтардың атынан ЮНЕСКО ұйымына, оның Бас директоры, бүгін ортамызда отырған аса сыйлы мейманымыз, көрнекті қоғам қайраткері, әлемге мәшһүр ақын, аса қадірменді Федерико Майор мырзаға шын жүректен шексіз ризашылығымызды білдіруді айырықша парыз санаймын. Сондай-ақ, Абай мерекесін атап өткен, атап өтпек, мұрасын насихаттауға белсене үлес қосып жатқан, бүгінгі салтанатқа өздерінің беделді өкілдерін жіберіп отырған барлық мемлекеттер мен халықаралық ұйымдарға шын жүректен алғыс айтамыз. Бұл демократия мен гуманизм мұраттарының әлемдік кеңістікте түбегейлі жеңістерге жетуінің нәтижесінде қалыптаса бастаған жаңа рухани ахуалдың айқын айғағы деп білеміз. Ағайын бір өліде, бір тіріде деген осы. Қуанышы мен қайғысы ортақ рухани бауырмалдықтың әлемдік деңгейде орныға бастауы біздің ертеңге деген сенімімізді нығайта түсері хақ. “Елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан”, — дейді қазақ. Ақ пейіліміз бен адал ниетіміздің асыл көрінісіндей Абайымыздың әлемдік татулық пен ынтымаққа өз үлесін қосатын рухани мәмілегерлігіне кіріскеніне ерекше тәнті боп отырғанымызды да жасыра алмаймыз. Ері елінің атын шығарады, елі ерінің атын шығарады деген де осы. Біз бүгінгідей тарихи кезеңде, адамзаттық қауымдастыққа енді танылып, сенімді ықпалдас, сертке берік серіктес ретінде алғаш рет бой көрсете бастаған кезімізде беделімізді асырып, рухани бедерімізді айқындай түсетін Абайдай беліміз барлығына шүкірлік етеміз. Сондай беліміздің атын аспандата ұлықтай алатын еліміз барына да шүкірлік етеміз. Құдайдың бізді бұндай күнге жеткізгеніне де тәуба

дейміз. Сондай кезеңде өмір сүріп, сондай ел мен сондай қоғамға жан-тәнімізбен қызмет ету маңдайымызға жазылғанына да мың қайтара тәуба дейміз. Оны сезіну біздің үмітімізді нығайтып, жігерімізге жігер қоса түсетіні анық. Өйткені, Абайды Абай қылған қилы тарихтың қырық қатпар шындығы қазіргі біз бастан кешіп жатқан заманалық құбылыстармен тікелей жалғасып жатыр. Оның тағдыры мен рухани ізденістерінің қиыры мен шиырын, тұңғығы мен тұтқиылын жіті пайымдап, дұрыс қорытынды шығара білсек, басымыздағы дәуренмен талай сабақтастықты танып, бүгінгі ахуалымызды да салиақландыра түсетін талай мән мен нәр таба алар едік. Абайдың сол заманда осылай толғанып, осылай жазбауы қандай мүмкін болмаса, біздің бұл заманда осылай қиналып, осылай әрекет етпеуіміз сондай мүмкін еместігіне түсінер едік.

Ерекше жағдай ерекше ізденістер мен ерекше әрекеттерге бастайтыны белгілі. Ерен талант пен ерен жігер де сондайда керек. Әрдайым алға ұмтылып, биікке ұмсынған адамзат нәсілі.

Ешқашан толас таппаған және таппайтын рухани күресіне адастырмас нысана, алжастырмас бағдар сілтеп бере алатын көреген көсем тұлғаларды әрдайым сусай аңсаған, әрдайым төбесіне көтере құрметтеген.

Өйткені, ақыл табылмай тұрып, ештеңе табылмайды. Ол жетілмей тұрып, ар-намыс шыңдалмайды. Ар-намыссыз азамат өзгелердің көсегесі түгілі өзінің көсегесін көгерте алмайды. Онсыз ұлттық сана мен ұлттық намыс та тұл. Онсыз қоғам дамудың даңғыл жолына түсе алмай, үйреншікті үрдістің солғын соқпағынан шыға ал-

май, заманалар шырғалаңында басы айналып, дағдарыс хәл кешеді. Ондай дағдарыстан шығар жолды тарих пен табиғаттың айырықша пейілі түскен перзенттері ғана сілтеп бере алады.

Абай да дәл сондай балағат заманда ғаламат тәуекелге бара алған ерекше парасат пен ерекше рух иесі. Соның арқасында ол бүгін күллі адамзаттың абыройы аласармас рухани сардарларының біріне айналып отыр. Оны туғызған дәуірді кеңінен қарастырмайынша, одан қалған мұраның тереңіне бойлай алмаймыз.

Ол қазақ тарихының айырықша ауыр кезеңі еді. Жер шарының неғұрлым көп бөлігін иемденуге тырысқан империя Орталық Азияны көктей өтіп, шығыс пен күнгейге тереңдей енуді көздеген-ді. Сондай стратегиялық мақсаттың дәл өтінде тұрған ел Қазақстан болды. Басқадан айырылса да одан айырылмау саясаты алғаш рет сол кезде бой көрсетті. Ел билеудің тарихи қалыптасқан ұлттық жүйесі біржола мансұқталды. Метрополияның өзіндегі тәртіп күштеп енгізіле бастады. Әуелі қазақтың әр ұлысынан бірнеше шағын хандықтар құрылып, этно-территориялық тұтастық бұзылды. Сосын әр хандықтың халқы мен жері ата-атаға, ру-руға бөлінетін жігімен ауыл-ауылға, болыс-болысқа бөлінді. Сөйтіп сойылған тоқтыдай ұшаланып-мүшеленген хандықтар дербестіктен айырылып, көрші губерниялардың құрамына күштеп кіргізіліп, кірме күн кешті. Одан хандықтар дуандарға бөлініп, бекзаттардың орнына патша үкіметі тағайындаған “сенімді қазақтарға” басқартылды. Солай дәстүрлі ішкі жымдастық әбден жойылған кезде, ел, ауыл, болыс, уезд, облыстарға бөлінетін түзіліммен қайта құрылды. Ең

төменгі ауыл мен болысты жергілікті атқамінерлер, уезд бен облысты патшаның әскери шонжарлары биледі. Осылай қазақтар өз жерінде өзі кірме боп қалды. Ұлттық түгілі рулық-тайпалық тұтастықтан ажырап, ауызбірліктен атымен жұрдай болды. Солай қожыраған халық пен қоныс жоғарының нұсқауымен алты облысқа бөлініп, көршілес Сібір, Орынбор, Астрахан, Түркістан губерниясына, ал Маңғыстау әуелі Кавказ сырты, артынан Каспий маңы облыстарына бағындырылды. Сөйтіп, қазақтар бет-бетіне таратылып, бір халық, бір ұлт, бір ел екенін атымен ұмытатындай күйге жеткізілді. Жер бетінде отаршылдық көрмеген халық кемде-кем болғанмен, бір ғасырда осыншама көп реформаға ілініп, тоз-тоз болатындай тәлкекке ұшыраған халық ешқайда да жоқ шығар.

Бұның бәрі отарлық кеңістіктің тұрғындары тарихи қалыптасқан мемлекеттілігін қайтадан қалпына келтіре алмайтындай қып, оларды жер мен судың байырғы иелік құқынан біржолата ажыратуды көздеп, алдын ала ойластырылған зұлым саясат еді. Қазір бізге өршелене өшігіп жүрген алтын моншақты саяси қырғилар мен әншейін айтаққа ерген әулекілердің жаңа бағдарламалары қай кездегі “Саяси макулатура” екендігін осыдан-ақ айыра беруге болады. Ондайлар көршілерінің жерін тоз-тоз қып бөліп әкетіп, өзін салпақтатып малға салып, ата қонысынан табылып жатқан байлықтан соқыр тиын да татырмай, талтаңдап қалған дәуренді әлі де көксейді. Сондай кейбір көкімелердің өзі ұлы мәдениет жасаған ұлы елдің атын малданып, өзгелерге өнеге көрсеттім деп, өз абыройын өзі түсіріп жататынын қайтерсің! Ондай ұрдажықтар ол кезде де аз емес еді. Ел мен жерді

ойрандағандарын былай қойып, сананы да уландыра бастады. Тілін, дінін, тұрмыс-салтын менсінбеуге, ата кәсібі мен тарихын ұмытуға, өзінен-өзі қорланып, өзгенің зорлығына бауыр басуға ынталандыратын әзәзіл саясат ерекше мұт-тәйімдікпен жүзеге асырыла бастады. Бұратаналану деп аталатын жексұрын құбылыс солай өрбіді. Қармаққа ілінген жемге жүгірген шабақтай шопандаған бұратана сана, өзін-өзі отқа түсіретін көзсіз көбелек дәурен орнатты. Тұтастық пен ынтымақ ұмытылды. Санап алып оқытып, санап алып қызметке іліктіру бір жағынан орыстандыруды, екінші жағынан бақастық пен ішкі араздықты күшейтуді көздеді. Басқаны былай қойғанда, ағартушылықтың өзіне арамза сипат берілді. Бір ғасыр бойына жантәсілім жау жағаласпен келген ереуілшіл халыққа енді әлгіндей қамқорсыған айла-шарғының қақпаны құрылды. Кітаптан гөрі зеңбіректі, мектептен гөрі әскери бекіністерді көбейтіп жатқан өкіметтен сескенгендер аяқ жетпес шөлдерге шегінді. Сескенбегендер саяси итаршылыққа жүгініп, есіктегі жалшылыққа пейіл болды. Шұрайлы жерлер, шырайлы кәсіп пен қызмет орталықтан әдейі көшіріліп әкелінгендерге ғана бұйырды. Шет аймақтардың дамуына бөлінетін қаржы түп-тұтасымен сырттан қоныстанушыларға жұмсалды. Ал бұратаналарды да оқуға тартпақ болғандар, патша сарайы ұлықтарының біреуінің дала губернаторына ашық жазғанындай, “шектен шыққан адам сүйгіштік” деп келеке етіді. Егер осы ғасыр басында қазақтардан да санаулы оқығандар шығып, орысша сауат ашқандар бір процентке жетсе, оған мансапқор дала дәулеттілері

мен оқу-білім аңсаған түздіктердің өз қаражаты жұмсалды.

Жан иесі жарыққа талпынбай тұра алмайды. Өз-өзінен жойылып кетуге пейіл еш мақұлық жоқ. Халық та солай. Қанша зорлық көрсе де, зомбылық көрсе де үмітін үзбейді. Өзіндей жұрттардың қолы жетіп жатқанға өз қолын да жеткізбек боп тырысады. Тап сондай дәме бұдан сегіз ғасыр бұрын біздің бір жерлесімізді ғылым іздетіп, күнгеі Азияға сабылтқан еді. Өткен ғасырда да тап сондай талап тұлпарларын ерттеп мінгендер шыға бастады. Бір кездегі Әл-Фарабидің жанқиярлық талабын Араб халифатының әкелік қамқорлығы деп қалай айта алмасақ, өткен ғасыр соңындағы дала азаматтарының білім жолындағы нар тәуекелін де патшалық самодержавиенің әкелік қамқорлығына жатқыза алмаймыз. Шет аймақтардағылардың да сауатын ашып, білімге тартудың жүйелі саясаты болды. Бірақ ол біздің даламызға осы ғасырдың екінші он жылдығынан бастап ене бастады. Демек, оған дейінгі оқу-білімге ұмтылу ұлттық болмысымыздың етене зәруліктерінен туындаған рухани жанқиярлық. Бір экономикалық-қоғамдық үрдістің дәурені әбден таусылып, екінші бір экономикалық-қоғамдық үрдістің әбден орныға бастағанын байқаған ұлттық сананың тарихи дамуды өзінше пайымдаған етене көрегендігі. Ондай құбылысты айдалаға апарып телу әбестік болар еді. Ұлттық рухани өміршендігіміздің тереңіне бойлай пайымдаудан әдейі жалтару болар еді. Ондай көзқараспен қарасақ, Абай сынды алып тұлғалардың кеменгерлік болмысына атымен маңайлай алмас едік.

Абайдың адам көрмеген жанқиярлығы мен ерен

құбылыс саналардай ерекшелігі — отаршыл кемсітушілік бар жерде болмай қоймайтын тайсалудың орнына тайталасты, жиренудің орнына үйренуді, жарамсақтықтың орнына жарастықты, мансап қуған баққұмарлықтың орнына білім қуған бәсекені сіңістіріп, ұлтымыздың рухани қайсарлығын атымен жаңа қасиеттерімен байытқандығы.

Өйткені халқына жаны шындап аштын қайраткер орға жығатын емес, өрге бастайтын жол сілтейді.

Абай да ақыл айтпас бұрын қилы заманның бар қитұрқысын өз басынан өткеріп көрді. Оның сол кездегі еуропалық саяхатшылардың аузынан “Дала Цицероны” деген атақ алған, шонжар әкесі ескі мен жаңаға бірдей жорға болды. Ел жақсылары мен патша әкімшілігіне сөзін бірдей өткізе білді. Сондай аса ақылды, көреген әке баулыған ұғымтал жас медреседе мұсылманша, мектепте орысша қатар оқып жүрген жерінен ауылға қайтарылып, билікке араласады. Ру мен ру, ескі үрдіс пен жаңа үрдіс, рулық-тайпалық психология мен самодержавиелік отаршылдық бетпе бет шарпысқан тартыс пен таластың ортасында жүріп, есесі кетіп жатқан елінің жоғын жоқтауға күш салды. Бірақ еңбегі зая кетті. Қандастары қызғанышпен, отаршыл ұлықтар сенімсіздікпен қарады. Қапа болған жігерлі азамат билікті тастап, ақындықтың соңына біржола түсті. Қалған жиырма жыл ғұмырын тек қана оқып білуге, тек қана шығармашылыққа жұмсады. Ол еңбегі, енді, міне, адамзат ақыл-ойының асқаралы тұлғасына айналдырып отыр. Ақын Абай қазақтың суырып салма поэзиясын шын мәніндегі реалистік жазба поэзияға айналдырды. Бұрын-соңды көтерілмеген тақырыптарды көтерді. Бұрын-соңды

үрдіске енбеген жанрларды үрдіске енгізді. Сырт сипаттау, сырт дәріптеуді қойып, адамның ішкі жанына үңілетін, болмыстың тұңғық қалтарыстарын ашатын аса мәнді философиялық-әлеуметтік лирика туғызды. Шығыс поэзиясына тән нәзіктік, әуезділік, ойнақылық Батыс әдебиетіне тән жіті зерттеуші зердемен байыды.

Егер Абай болмаса, осы ғасырдың басында-ақ азаматтық кемелділікке, суреткерлік салиқалылыққа, стильдік әр алуандыққа, заманмен бірге аттап, замандаспен мұңдас бола алатындай әлеуметтік пайымға ие болған жазба әдебиет мектебі: шын мәніндегі Абай мектебі қалыптаспас еді. Мағжан Жұмабаев, Бернияз Күлеев, Шәңгерей Бөкеев, Шәкәрім Құдайбердіұлы лирикасында, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Ғұмар Қарашев, Халел Досмұхамбетов, Мұхамеджан Сералиндердің саяси-ғылыми көсем сөздерінде, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Спандияр Көбеев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов шығармаларында бар бітімімен көрінген бұл мектеп Абай жүйелеген жана ұлттық эстетикалық әлемнің қаншалықты сындарлы екендігін айқын танытты.

Түп бастауы осы кәусар бұлақтан басталған көп салалы, көп жанрлы көркем әдебиетіміз ХХ ғасыр зобаландары тұсында өз халқына зор рухани медет болды. Тек өз жұртын ғана емес, бұрынғы кеңестік кеңістікте, тіпті әлемдік деңгейде талғампаз қауымның сусынын қандыра алатын рухани нәр тауып бере алады. Біз бұның бәрі үшін де бір жарым ғасыр бұрын эстетикалық ойдың тың жазырасына батыл аттаған Абайдың қайсар талантына қарыздармыз.

Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет — Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының бастау қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз заманының шым-шытырық қайшылыққа толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсіретті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіндердің бәрінен жоғары тұра білді. Ұлықтарды ұнатпағанымен, көрші орыс халқына, басқа да халықтарға зор ілтипатпен қарады. Патшалық билікті мансұқтағанмен, ұлы орыс мәдениетінен тәлім алды. Аз халықты да, көп халықты да бауырластыратын рухани ықпалдастық деп түсінді. Адамға адам баласының бәрін дос санады. Оны батысқа, шығысқа, алысқа, жақынға бөлмей, бір тұтас құбылыс ретінде қарастырды. Дала өмірін түзету үшін толассыз жетіліп, толассыз шыңдалып жатқан адамзаттық қауымдастықтың тыныс-тірлігіне үңілу

қажет болды. Сөйтіп, ол өз дәуіріндегі өз жұртының әлеуметтік болмысымен шектелмей, оны қалай сауықтыру мен сауаттандырудың амалын іздеді. Өз пайымын ортаға салды. Ол қазақ зиялыларының осы ғасыр басындағы әлеуметтік прогреске талпынысына айта қаларлықтай ықпал етті. Онымен қоймай, қазақтың жиырмасыншы ғасырдағы қоғамдық санасына тікелей әсерін тигізе алды. Абайдың әлеуметтік ойшылдығына тереңірек үңілетін тұс — қазіргі кезең. Қоғамымызда түбегейлі өзгерістер болып жатқан бүгінгі күндер.

Осы тұрғыдан келсек, дала философы халқына жаны ашу деген онымен қосыла жылау емес, оған өзін өзі шындаудың сара жолын айқындап беру деп түсінгені ешқандай күмән туғызбайтын басы ашық мәселе.

Абайды мұндай нартәуекелге бел буғызған, оның осыншалық намысын қайраған қазақ даласындағы кемсітушілік саясат пен оның шашбауын көтерген әлеуметтік көлгірлік еді. Оларды жағадан алып, жағаласа кеткеннен мән шықпайтынын түсінді. Кенесары көтерілісі аяқталар кезде дүниеге келген сәби бесіктен белі шықпай жатып, дербес ел болудан біржола күдер үзіп, бөтеннің көсеуін көсеп, дәреже іздегендердің қырқылжың қырқысын көріп өсті. Тәуелділік мызғымастай боп орнығып, болары болып қойғаннан кейін аңғал халықты босқа арандату парасаттылыққа жатпайтынына көзі жетті. Есе қайтарудың жолы бар ма? Бар.

Абайға айтқызсаңыз: Әуелі мал тап,— дейді. Әйтпесе: “қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын?”.. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен...”

Өнер-білімді қайдан іздеген жөн?

Абайға айтқызсаңыз: “Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор... Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті. Оны білгенге дүние арзанырақ түседі”.

Естір құлақ тосырқай тындар тосын жауап. Тым пайда құған, бақ құған утилитарлық көзқарас емес пе? Мұндай ақылдың патша ұлықтары таратып жүрген пікірден несі өзге? Ұлық жалба тымақты түз адамын кемсіте беруді көздейді. Абай тезірек тең етуге асығады. Оның ұғымында сол астам ортаның “Залалынан қашық, пайдасына ортақ болу үшін де оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі онымен бірдейлік дағуасына кіреді де, аса арсыздана жалынбайды”. Сонда бұдан шығатын қорытынды: кемсінгеннен мәдениетін меңгеріп, қомсынғаннан білімді асырып қана есе қайтара аласың. Әйтпесе, аз бен көптің, күшті мен әлсіздің арасында басқаша теңдік болуы еш мүмкін емес екен.

Әншейін қиқарлықтай көрінетін бұл қағидасын Абай өз өмірімен дәлелдеп шыға алды. Айдаладағы киіз туырлықты ауылда жатып, орыс классикасын түгелге жуық оқып қана қоймай, шетінен қазақшаға аударып, ел арасына насихаттаумен шұғылданды. Ол аз болғандай, орыс тілі арқылы Байрон, Гете, Шиллер, Лесаж, Дюма, Мицкевичтерді зерделеп, қазақша сөйлетуге тырысты. Тіпті, көне грек, ежелгі Рим дәуірлеріне терендеп, Аристотель мен Сократтан бастап, Спиноза мен Спенсерге дейінгі аса көрнекті ойшылдарды шұқшия зерттеді. Дарвинді ақтарып жаратылыстану жетістіктерімен танысса, Нью-Йорк университетінің

профессоры Джон Уильям Дрепердің еңбектеріне ден қойып, Еуропаның ақыл-ой дамуының тарихына, католицизм мен ғылымның арасындағы қарым-қатынас тарихына қанықты. “Менің қағбам енді батысқа ауысты”, — деуі де сондықтан еді.

Сезімтал ақын, сергек ойшыл ғұлама дала тіршілігін өзге дүние тіршілігімен салыстыра зерттеп барып түсінгісі келді. Бала кезінен таныс араб, парсы тіліндегі кітаптарды қайта ақтарып, Шығыс поэзиясына, тарихына, философиясына соны көзқараспен қарап, жанаша баға берді. Әсіресе Табари, Рабғузи, Рашид-әд-Дин, Бабыр, Абылғазы еңбектеріне ерекше зейін қойды. Шығыстық логика мен мұсылман құқығын үніле зерделеді. Өз тұсындағы Кіндік Азия мен Күнгей Азияның мәдени-рухани өмірінен мейлінше хабардар отырды.

Абай зердесі тек сыртқы дүниеге ғана назар аударып қоймай, ұлттық болмысты пайымдайтын төл мұраларға да көңіл бөлді. Қорқыт, Асан Қайғы, Аталық, Сыпыра жыраулар, Қодантайшы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиёмбет ақындар жырларындағы уайым мен жігер, Бұқар, Төле, Қазыбек, Әйтеке өсиеттеріндегі өміршілдік — Абай дүниетанымының ең терең және етене қабаттары еді.

Оған тұрандық ғұламалар Хожа Ахмет Иассауи, Әл Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари, Мұхамед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр, Мұхаммед ибн Қайс, Хусан Аддин Баршынлегінің еңбектерін қоссаңыз — қазақ ақынының көп қабатты, көп атырапты дүниетанымына еріксіз қайран қалар едіңіз.

Екі алып құрылықты алтын кіседей айқара

құшақтатып жатқан ежелгі сахарада қалыптасқан ғұламалық ой-сананың қаншалықты терең, қаншалықты кең қарымды, белгілі бір мәдениет, мектеп, ағым ауқымына тұтқындалмайтындай қаншалықты бостан әрі азат болатынына көзіңіз жете түсер еді.

Абайдың көзшоласы қандай ұланғайыр кең болса, танданған, қызыққан, жиренген, құмартқан, алған әсерлері сондай ұланасыр, байқаған-түйген парасат-пайымы соншама терең еді.

Бірақ оның мұншалық күрделі рухани әлеміне ерекше бір сындарлылық бітіріп тұрған әсер мен ой, сезім мен зерде, әуен мен бейне ара-жігін ажыратпай, айқұшақ қауышып жататын шынайы адамилық, шынайы азаматтық кемелділік. Неге де болса, даму тұрғысынан қараған, диалектикалық серпін. Тоқмейіл тоғышарлыққа бой бергісі келмейтін шыншылдық пен уайым...

Азияның шетқақпай түкпірінде туып-өскен түз ақынына мұндай рухани рационализм, адамгершіл максимализм қайдан бітіп жүр?.. Оның шығармаларына ол кезде Еуропаның өзі түгел мойындай қоймаған, адамды — басты тұлға, адамгершілікті — басты қасиет санайтын қайта өрлеу мұраттары, шын мәніндегі қайта құрушылық көзқарастар қайдан дарып жүр?

Оқыған кітаптан ба, заманнан ба, ортадан ба, күнде-күнде көз алдында көлендеп тұрған көңілсіз болмыстан ба?

Дұрысы — соңғысы. Қара басының өзі ел бағам деп алыс-жұлыстан мезі болған, мыңмен жалғыз алысып, әбден қажыған сананы әсіресе сарғайтқан — дүние түгел өзгеріп жатса да, өзгермей қойған дала тірлігі, қыр тұрмысы еді. Далиған даланың қай

қиырынан да көзге ұрып тұрған — мелшиген мешеулік еді. Соны әлі ұғып болмаған аңғал жұрт еді.

Күні кеше өзінен өзгенің бәріне күлетін ауылдастарын тыңдай жүріп “бізден басқаның бәрі антұрған, ең тәуір халық біз екенбіз” деп ойлап қалған аңғал ұғыммен айналасына көз тастай барласа, кешегі келеке қылып жүргендердің бәрі озып кеткен... Біреулердің “екпеген егіні жоқ, шығармаған жемісі жоқ”, саудагеріне дейін “жүрмеген жері жоқ, қылмаған кәсібі жоқ”. Біреулері “солдаттыққа да шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды”. Біреулерінің “біз құлы, күні құрлы да жоқпыз”, “біріміз жалшы, біріміз қош алушымыз”, “бағанағы мақтан, күлген, қуанған қайда?”.

Абайдың ақыл-санасын түгел жаулап алған осы сауал, бұның бәрін “елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек”. Кереннің басы ахиретте ауыра ма, жоқ па? Ал кемелдің басы бұл дүниеде жүріп-ақ әбден дал болары сөзсіз. Бірақ ондай “үнемі уайымқайғымен жүре аламыз ба? Үнемі қайғыға жан шыдай ма?”

Батыс пен Шығыс ғұламаларын ақтара-ақтара келіп, тапқан түйіні: құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше құдайға құлақ аспай, құлық түзелмейді; құлқын түзелмей тұрып, құлқын арам ішкенін қоймайды; адалға жүрмей, адам түзелмейді; адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім жеке-жеке өзін өзі түзеуі керек. Ол үшін “қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын” қоюы керек. Одан арылтатын жалғыз дауа: еңбек. Абайдың ұғымында: “Еңбек танымды

арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады”. Сондықтан да, ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп санайды. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді. Халықты “түзелмейтін қайыршыға” айналдырмайтын амал: “Егін, сауда, кәсіп, ғылым”,— деп біледі. Ол тек ыждаһат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: “Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен еңбек етпейсің. Құдай саған ғылым берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықпен іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң — бай болар едің”,— деп жазғыратыны да сондықтан.

Ол тек еңбек етудің арқасында ғана адам моральдық жағынан кемелденіп, от басына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туысқандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды. Әйтпесе, атадан қалған малға масаттанған масыл, ел үстінен күн көрген жымысқы, өзгедегіге көз сүзген өлермен бақастық пен ұрлықты, жалқаулық пен жарамсақтықты, қатігездік пен найсаптықты өршітпесе, үй құлқын да, түз құлқын да түзей алмайды.

Абай барша ұғымның шын мәнін ашып беретін бірден бір өлшем — еңбекке көзқарас деп санайды. “Алтыншы сөзінен” мына бір үзіндіні келтірейікші: “Қазақ айтады: ”Бірлік болмай тірлік болмайды”,— деп. Сондағы айтып отырғаны

қай бірлік?.. Қазақ ойлайды: ... ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зиян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес... Бірлік малға сатылса антұрғандық... Ағайын алмай бірлік қылсын... сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, не шаруа іздейді... Әйтпесе, әуелі біріне бірі пәле іздейді... Мұның қай жерінен бірлік шықты?

“Ырыс алды — тірлік” дейміз. Қай тірлік?.. Жаны кеудеден шықпағандық па? Ондай тірлік итте де бар... Ол айтылған тірлік бұл емес. Көкірек, көзіңіз тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсың. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсың”.

Айтудай-ақ айтқан емес пе? Жалпы, біз қазір қолға алып жатқан көп бастаманың дәйектемесін басқа жақтан іздеудің қажеті жоқ. Бәрін де Абайдан табасың.

Бүгінгі халықаралық жағдайларға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі-сыртқы саясатымызға да жауапты Абайдан табуға болады. “Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп” деген жолдардан халықтар достығы ақын үшін қатар өмір сүрудің жалаң дипломатиясы ғана емес, тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат екені көрінеді. Ақын көзқарасын қазіргі тілге салсақ, өзге елдермен достық қарым-қатынаста, ынтымақтастықта болу саясаты біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғышарттарының бірі. Өзге өскен ел не істесе соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени,

экономикалық, саяси араластық керек, оның аты, бүгінгіше айтсақ, интеграция.

Ал “Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесең істің бәрі бос” — деген сөздері шын мәнінде ұлт болып ұюымыздың негізгі шарты. Өз халқымыздың мүддесі үшін күресте достық, татулық, бірлік керек пе? Керек. Ендеше, Абай сөзін тереңірек ұғынып, онымен өзгелерді ұялтуға емес, өзімізді өзіміз ұялтуға тырысайық.

Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай. Яғни қазақ қауымына әлеуметтік реформаны да, экономикалық реформаны да бірінші ұсынған — Абай.

Жерінен, суынан, тәуелсіздігінен, билігінен айрылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы — оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатынын ақын жақсы түсінді. Сол үшін жан аямай күресті.

Абайды мұқият оқыған адам оның көзқарастары күні бүгінгі нарық экономикасымен де тікелей үндес екенін айқын аңғарар еді. Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Өйткені жанды жегідей жеп жүрген көп сауалдың жауабын Абай әлдеқашан айтып кеткен. Абайды оқып отырып-ақ, көптің басын баяғыда-ақ жөнге салып алуға болатын еді. Сорлатқанда, біреудің уақыты жетпейді, біреудің ұғымы жетпейді, біреудің атымен зауқы жоқ.

Әйтпесе, көп дүние әуелі сол әркімнің өзін өзі түзей алмағандығынан өрге баспай жатыр емес пе?!

Өз халқын “жұрт болсын, өссін, өнсін” дейтін әрбір азамат әуелі Абайды оқысын, Абайға құлақ ассын. “Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіппісің? Жоқ, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?”, — деген ақын сөзін еске алайықшы.

Егер әркім баяғыны қойып, өзгеріске ұшыраған он жыл, тәуелсіздік алғаннан бергі төрт жыл ішіндегі тіршілігін оймен шолып көрсе, қанша мүмкіндікті қапы жібергенін, қаншама нәрседен ғапыл қалғанын айқын аңғарар еді. Әуелде ағайынға, кейін өкіметке қол жайып қалған, өз қамын өзі жемей, өзгеден жәрдем күтетін әлеуметтік енжарлық көп азаматымызды әліге дейін шұғыл өзгеріп жатқан уақыт талабына икемделгізбей келеді. Соның салдарынан, бейқамдық пен бейқарекеттіктің қырсығынан сыртта өндіріс пен шаруа, үйде тұрмыс күйзелуде. Біреуден нұсқау күтіп, әркімге қол жайып, айтпасаң білмеу, ақырмасаң түсінбеу кесірінен амалдың орнына айла, істің орнына сөз, ұсыныстың орнына қолқа, дәлелдің орнына сылтау, ақыл-кеңестің орнына өкпе-бопса айту бел алып барады.

Тарихтың берген мүмкіндігі мен табиғаттың берген байлығы, әлі де болса, орнын таппай, босқа зая болып жатқаны жанға батады. Ол үшін сыртқа өкпелейтін ештеңе жоқ. Тәуелсіздігімізді уақтылы

мойындады. Қолқабыс-көмектерін ұсынды. Экономикамызды, әлеуметтік-мәдени дамуымызды көтеру жолында бірлесе әрекеттенуге әзір екендіктерін білдірді. Жан-жағымызбен тату-тәтті қарым-қатынастамыз. Алыспен де, жақынмен де алысып-берісіп жатырмыз. Нағыз іскер ахуал орнатуға не керектің бәрі бар. Жетпейтіні: Абай айтқан ынта мен ыждаһат, білуге ыждаһат, үйренуге ыждаһат, еңбектенуге ыждаһат күшеюдің орнына әлсіреп бара жатқандай. Оның орнына Абай айтқан қырсыздық пен қиянқылық, “өтірік пен өсекті жүндей сабаған” дәуекестік пен даңғойлық, “өз елін өзі андыған” ұрлық пен “жүз қараға екі жүз аларман бар” көрсеқызарлық, “қозғау салып қоздырғыш” жікшілдік пен “сөз қыдыртқан, жұрт құтыртқан партияшылдық” азаяр емес. Экономикалық белсенділікті, Абайша айтсақ, “өз жерімен, өз елімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, мал шашумен”, “халыққа қайыры бар іс бітірмей”, “қардың суы сықылды тез суалар, еңбек қылмай табылар мал-дәулет” қуумен, саяси белсенділікті дау жоқ жерден дау іздеумен, жау жоқ жерден жау іздеумен, әлеуметтік белсенділікті ұрынарға қара таппай жүретін ұрдажықтықпен, әр нәрсеге бір түмсық тығатын тіміскілікпен шатыстырып алу етек алып барады. Бұған ренжімегенде, неге ренжисіз? Өзімізге өзіміз өкпелеуге мәжбүрміз. Соның бәрі “Шала мейір шала байқайды” демекші, тәуелсіздігіміз бен бостандығымыздың қадірін шала ұғып, шала бағалаудан шығып жатқан кеселдер. Осы тұста ұлы ақынның: “бәйгеге ат қоссақ, атыңды тартыспайтын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтіні қалай?.. Тыныштық іздеп, таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сәтке

тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?.. Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?.. Қазақтың шын сөзге нанбай, құлақ та қоймай, тындауға қолы да тимей, пәлелі сөзге, өтірікке серттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?”, — деген сөздері ойға келеді. Осы бір жан айқайының бүгінгі біздің қоғамға да қатысы бар екенін естен шығармасақ болғаны.

Өздеріңіз жақсы білесіздер, бас қосқан ұлы жияндардың бәрінде де мен халқымыздың бірлігі мен татулығы туралы айтпай қалған емеспін. Өйткені, әлімсақтан белгілі, ел болудың амалы — ішкі бірлік.

Тарихтың барлық кезеңінде даудан да, жаудан да қазақ ұтылса, тек бірлік пен татулықтың аздығынан ұтылды. Абайдың да өзегін өртеген қайғы осы болатын. Егер елде бірлік болса, Абай:

“Бас басына би болған өңкей қиқым

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын?

...Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,

Сапырылды байлығың, баққан жылқын.

Баста ми, қолда малға талас қылған,

Күш сынасқан күндестік бұзды-ау шырқын”, — деп өкінер ме еді?

Бірақ, Абай тағы да былай дейді: “...Бұрынғы ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ол екі мінез қайсы десең, әуелі, ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көші-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. ”Екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзылмақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін”, — деп жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп

тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі де өз бауыры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?!

Екіншісі — намысқор келеді екен. Ат аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен: ... “Ағайынның азары болса да, безері болмайды”, — деп, “Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді” — десіп.

Кәнеки, осы екі мінез қайда? (“Абайдың “Қара сөздері”, 39-сөз).

Ел болудың қағидасындай болған, пәтуа мен бірліктің көзі — осы екі мінез дәл бүгін ұлт тағдыры шешілер тұста біз үшін бұрынғыдан да керегірек секілді.

Рас, мен қазір Абайша ашынып, бұл екі мінез бізде мүлде жоқ деп айта алмаймын.

Өйткені, отандастарым маған екі мәрте мәрттік жасап, екі тізгін, бір шылбырды сеніп тапсырып отыр. Олар үдесінен шықты. Мен де уәдемде тұрам: бәрі де бауырым болғасын, мен де қарап қалмаймын, қамдарын жеймін. Олардан бөлек уайымым да жоқ, олардан бөлек қайғым да жоқ. Нені де болса, елмен бірге көремін, елмен бірге төземін, елмен бірге жеңемін.

Бұл орайда басын ашып айтатын бір мәселе: біз экономикадағы реформадан қандай бас тартпайтын болсақ, демократиядан да сондай бас тартпаймыз. Өйткені демократиялық бостандық жоқ жерде экономикалық бостандық та болмайды және керісінше біз сол бостандыққа қол байлау болатын тұстарды ғана түзетеміз. Әйтпесе, уақытша қиындықтарды

пайдалана қойып, жеке үстемдік құратын жер тәңірі болайын деп жатқан ешкім де жоқ. Ондай байбалам, шынында да, Абай айтқандай, кейістікті күндестікпен, тыныш отыра алмағандықпен шатыстырып алып жатқандардың аузынан шығуы мүмкін. Біздің далада арғы-бергіде қырсыздыққа көп төзгенмен, қиянатқа көп төзе қоймағанын жақсы білемін. Өзім үшін емес, елім үшін толғанамын: бір басыма керекті қай күнде де табармын. Халқыма керекті қалай табам, қайдан табам деп, қам жеп жүру тек қана менің емес, әр азаматтың ісі мен жадында болуы қажет. Онымды алыстағы, жақындағы саясатшылардың кейбіреулері түсінбегенмен, халқымыз жақсы түсінгеніне ризамын.

Қысқасы, Абай армандары — тек бір ғана ұлт ұстанатын мұраттар емес, күллі адамзат ұстанатын мұраттар. Қазақ топырағында оның орайын келтіруге мүмкіндік енді туып отыр. Мына сіздер мен біздерге үлес боп тиіп отыр. Өйткені, біз осы далада өмір сүрген ұрпақтардың ішінде әлгіндей мүмкіндікке қол жеткізіп отырған ең алғашқы және бірден-бір ұрпақпыз. Сондықтан ұлы ойшыл-демократ, ұлы рухани реформатор Абайға ең жақын, ең етене ұрпақ та тек біз. Мұндай жақындық, мұндай етенелік бізге тарих алдында үлкен жауапкершілік жүктейді. Асыл ұстаз өсиет еткен абзал мұраттардың тек қиял боп қалмай, нақты шындыққа, нақты әлеуметтік болмысқа айналар-айналмасы, мына біздерге байланысты.

Оның шығармаларындағы шынайы гуманизм, адам мүддесіне деген айрықша ынта, айрықша қамқорлық, өмірдің көзіне жалтармай қарайтын шыншылдық, енжарлықты, палағайлықты,

қиянатты, сұғанақтықты жегідей жек көретін рухани максимализм біздің бүгінгі жүзеге асырмақ бас-тамаларымыздың да басты сипатына, басты мазмұнына айналуда тиісті.

Абайдың айтуынша, адамның бақытты болуы үшін, оның ынтасы мен сол ынтаның мақсатына жетуіне былайғы жұрттың ықыласы керек. “Достықты достық шақырады”,— дейтіні де тегіннен тегін емес. Сондықтан да, ол ұлттық бүтіндік, ішкі татулық, уыздай ұйыған ынтымақты көп аңсады. Ал халық дегеніне жету үшін оған да өзін қоршаған ортамен дәл сондай ынтымақ пен ықпалдастық керек. Бұл біздің таңда тағдырымызды шешетін ең басты тарихи факторлардың бірі.

Біз де бүгін ұлтішілік татуластыққа да, ұлтара-лық татуластыққа да, әлемдегі барлық ел, барлық халықтармен ынтымаққа да, мәдениеттер арасындағы сабақтастыққа да Абайша қарап, Абайша қастерлеуге ерекше мән береміз.

Қорыта келсек, бүгін таңда бәріміз ұлықтап отырған ұлы ақылгөй осыдан бір жарым ғасыр бұрын өз тұсындағы өркениеттен атымен шет-қақпай жатқан аймақта жүріп-ақ, тек бүгінгі өркениет қана қамтамасыз ете алар адамдар мен халықтардың бостандығы мен жарастығына негізделген, ізгілігі мен игілігі бірдей биік дамыған азат қоғамның қандай болмағы керек екендігін де дәл пайымдай алышты.

Ал бүгін сол асыл жүрек, абзал ақыл дұрыс сипаттаған кемелділік қоғамын ойдағыдай жүзеге асырып шыға алатын моральдық мүмкіндік бізде бар. Ақын армандаған ғылым да, өнер де, кәсіп те, білім де баяғыдай таңсық емес. Халқымыз сауатты,

мамандарымыз білікті. Еліміз тату. Қоғамның үштен бірі — отызға толмаған жастар. Тек сауатқа сәйкес қабілет, білімге сәйкес сана, жастыққа ылайық жалын, жігер, жасампаздық болса, Абайдың қолы түглі аузын байлаған ізгі мақсаттарды іске асыруды уақыттың өзі талап етіп отыр.

Абай жылын өткізген жақсы. Абай жырын жаттаған дұрыс. Ал оның терең ойы мен өжет пікірі тек айта жүрер әңгіме болмай, күнбе-күнгі тірлігімізге бір кірпіш боп қаланып жататын нақты іске айналса, тіптен құба-құп.

Ол үйреткен тағлым мен ол көксеген мұраттарды шын қастерлей білгеніміздің, әділет пен абзалдық ұстазы алдындағы перзенттік қарызымызды терең түсініп, өтей алғандығымыздың бірден бір белгісі де осы болып табылады.

Бүгінгі елімізде жасалып жатқан ұлы істердің нәтижелі болуына ең қажетті нәрсе — сенім. Елге деген сатқындық ең алдымен оның болашағына сенбеуден басталады. Ал ұлы Абайдың, уайымшыл Абайдың болашаққа деген сенімін әсте жоғалтпағанын мына бір сөздерінен көруге болады: “Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседен баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді”, — дейді ұлы ақын.

Айтқаның келсін, жан баба!

Ел басына түскен бүгінгі қиын-қыстау кезеңнің баянсыздығына, халқымыздың көңілін шаттыққа бөлейтін келісімге, жарастыққа толы рыздықты, молшылықты күндердің сарғайтпай ертең-ақ келетініне менің де сенімім мол.

Абайды бізбен мәңгілік бір қылатын да осындай ұғым, осындай сенім.

Ендеше, Абай өнегесі әрдайым көз алдымызда болғай! Қай ісіміз де Абай армандаған биіктен көріне білгей!

Рахмет!

КОНСТИТУЦИЯ ӨМІР СҮРЕ БАСТАДЫ

**МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНА ЖАҢА
КОНСТИТУЦИЯНЫ РЕСМИ ТАБЫС ЕТУДІҢ
САЛТАНАТТЫ РӘСІМІНДЕ 6 ҚЫРКҮЙЕКТЕ
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Бүгін біз сіздермен бірге, шын мәніндегі тарихи оқиғаны бастан кешіріп отырмыз — біздің еліміздің халқы мен бүкіл адамзатқа енді ғана күшіне еніп, жұмыс істей бастаған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын ұсынып отырмыз.

Ашығын айтайықшы, бізге, Қазақстанның азаматтарына кей кезде халықтың ешқандай қатысы болмаған мерекелерді атап өтуді күштеп таңып отырды. 1936 жылғы, дүние жүзіндегі ең демократияшыл, ең әділетті деп ресми түрде жарияланған сталиндік Конституцияны еске алудың өзі жеткілікті. Біз оның қабылданғанына қуандық па? Тегінде, қуанған да шығармыз, бұл қуаныш алданған үміттерге айналған жалған қуаныш болып шықты ғой.

Біз әрқашанда “тағдырлы” деп жарияланып келген бұрынғы державамыздың баршаға мәлім

Конституцияларын да білеміз. Насихаттық даурықпа жетіп-артылатын, бірақ оларда ең бастысы — қоғамның саяси және экономикалық өзгерістерінің, құқықтық мемлекет құрудың, парламентаризмді баянды етудің, басқа да өмірлік маңызы зор мәселелерді шешудің негізі жоқ болатын.

Айтқандайын, 1993 жылы қабылданған Қазақстанның тұңғыш Конституциясы да бұрынғы мемлекеттің теориясы мен практикасынан жарты қадам ілгері кеткенімен, сол кездің объективті және субъективті ахуалдарға байланысты қағидаларынан толық арыла алмаған-ды.

Қазақстан басынан кешіріп отырған серпінді өзгерістер жаңа конституциялық бағдарламаларды талап етті.

Сондықтан елдің Президенті ретінде, оның болашағы жолындағы, әрбір қазақстандықтың, біздің балаларымыз бен немерелеріміздің болашағы жолындағы жауапкершілікті сезіне отырып, мен осынау аса қиын қадам — елде ауқымды саяси процестерді, бүгінгі күннің ақиқат шындықтары мен келешегімізді айқындайтын жаңа Конституцияны жасауға кірісу қадамын жасадым.

Жасыратын ештеңесі жоқ, менің, жаңа Ата Занды жасаушылардың бәрінің алдында оның тұжырымдамаларын әзірлеу барысында тіпті де оңай проблемалар тұрған жоқ-ты. Біздің экономикамызды әлемдік шаруашылық қызметіне қалай астастыруға болады? Ал мұндай астастыру болмайынша біз шетте қалып, жұрттың ең соңында ілбіп келе жатқан елге айналуымыз сөзсіз еді.

Болар-болмас, бірақ кепілді мемлекеттік азық-түлікке үйреніп қалған адамдарды өз күшіне, ақыл-ойы мен қабілетіне деген сенімге қалай

оятуға болады? Өйткені, адамның өз тағдыры және отбасының тағдыры үшін жауапкершілігін түсінбейінше біз шынайы игілікке ешқашан қол жеткізе алмаймыз.

Түбегейлі әлеуметтік реформалардың негізгі құралы болып табылатын осы заманғы және күшті мемлекеттікті қалай құруға болады?

Қазақстанның әрбір халқының қайталанбас мәдениетін, бұл орайда сонымен қатар ұлтшылдық пен окшаулануға жол берместен, қалай сақтап қалуға болады? Біз енжарлықтың, ымырасыздық сияқты, мәдени тоқырауға апарып соқтыратынын түсінуге тиістіміз.

Қазақстан қоғамының күрделі ұлыстық құрамына оның тектік, зиялылық, экономикалық және демократиялық артықшылығын қайткенде қайтарып бере аламыз? Онсыз біз саяси тұрақсыздықтың тұңғиығында қала береміз.

Қоғамда рухани, ұлттаралық татулық пен азаматтық тыныштықтың мұраттарын қалайша баянды етуге болады? Сайып келгенде, қандай да бір қуғын-сүргінге салу шараларына жүгінбестен, қылмысты қалай ауыздықтап, қоғамда, өкімет билігінің барлық қабаттарында заңның үстемдігін қайткенде баянды етуге болады?

Қысқасы, мәселелер жеткілікті. Ал Конституцияны мұқият оқып шығу осы және басқа да көптеген мәселелерге жауап береді.

Біздің Конституциямыз көптеген демократиялық мемлекеттер Конституцияларының өнегесі бойынша мұның бәрін жариялап қана қоймай, керісінше, өзінің бүкіл құрылымдық және техникалық-заңдық негізі, қатаң мемлекеттену, саяси және құқықтық категорияларының жүйесі арқылы

нарықтық экономикаға әлеуметтік бағдарланған қазіргі заманғы мемлекетті құру және дамыту үшін жасалған.

Болашақ Қазақстан мемлекеттілігінің жалпы бейнесі оның жаңа Негізгі Заңының алғашқы бабында-ақ белгіленген. Онда мынадай сөздер бар: “Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады; оның ең қымбат қазынасы — адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары”.

Сонымен бірге жаңа Конституция мемлекеттік өкіметтің тиімділігін оның барлық салаларының өкілеттіктерін нақты ажырату есебінен күрт нығайтуға және арттыруға мүмкіндік береді.

Сөйтіп, барлық өкіметті кеңестердің қолына шоғырландыру идеясы өткенге кетеді. Енді кеңестік мемлекеттік жүйенің элементтерін жоюдың және қазіргі заманғы парламентаризмге көшудің нақты мүмкіндігі жасалып отыр.

Конституция адам құқықтарын әдепті және дәйекті түрде заң жолымен бекітеді. Олардың тізбесі жеке меншікке деген құқықтың, мұраға алу құқығының, заңды түрде сатып алынған кез келген мүлікке деген меншік құқығының есебінен елеулі түрде кеңейтіліп отыр.

Біз алдағы уақытта да елімізде адамның, тұтынушының және тауар өндірушінің құқығын қорғай отырып, демократиялық негіздерді нығайта бермекпіз.

Сондай-ақ, бұрынғы Сот пен Прокуратураның қызметі жөнінде де түпкілікті пікір айтылды. Белгілі сарапшылар Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқы болып өркениетті әділ сот атқару

құрылысына конституциялық алғышарттар жасалғанын атап өтуде.

Конституциялы емес мемлекеттік өкіметтен қазіргі заманғы президенттік басқару нысанына көшуді Конституция хаттайды. Мұның өзі Қазақстан халқы мемлекет басшысының өкілеттігін 2000 жылғы желтоқсанға дейін ұзартуды қолдаған жалпы ұлттық референдумның қорытындыларына толық сәйкес келеді.

Біздің жана Конституциямыз жөнінде қазір түрлі бағалар беріліп жатыр. Мұның өзі де жақсы нышан. Бұған мен неге қуанамын? Демек, қазір Қазақстандағы демократиялық процестер оның азаматтарын ғана емес, сондай-ақ жақын және алыс көршілерді де толғандырады. Сондықтан біз барлық осы бағаларға құрметпен әрі зор ықыласпен қараймыз.

Алайда, Конституцияның халық және мемлекет үшін шынайы құндылығы оның мазмұнымен ғана айқындалмайды. Осы Ата заңның нақты өмірге, қоғам мен мемлекеттің демократиялық институттарының жұмысына, азаматтық іс-қимылдардың күнделікті практикасына қалай енгізілетінінің маңызы бұдан еш кем емес. Сондықтан да уақыт өткен сайын Конституцияға деген шынайы бағаны өмірдің өзі ғана, біздің алға жүруіміздің практикасы беретін болады. Біз өз қолымызбен жасайтын Қазақстанның тарихы ғана жаңа негізгі заңға түпкілікті баға беретін болады.

Алда тұрған міндеттердің табысты шешілетініне сенемін. Сондықтан Қазақстан халқының еркін білдіретін жаңа Конституция біздің қоғамымыздың

серпінді дамуын қамтамасыз ететін қуатты нормативті құрал болатыны сөзсіз.

Мынаны ойлайықшы: біздің еліміздің тарихында тұңғыш рет халықтың өзіне таңдау мүмкіндігі берілгені шындық емес пе? Өзгерістер жолымен, прогресс, еркін де тең құқықтық қоғам құру жолымен ілгерілеп немесе бұрынғысынша өткен мен болашақтың арасындағы қысылтаянда қала беру жөнінде таңдау мүмкіндігі берілді. Ал халық біздің қоғамымыздың алға ілгерілеуін жақтаған пікірін мәлімдеп, өзінің егемен ерік-жігерін ап-айқын білдірді.

Міне сондықтан да біз бүгін толық негізбен мыналарды ашық айта аламыз:

— барлық мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар, Парламент пен үкімет, партиялар мен кәсіподақтар, діни және басқа да бірлестіктер Конституцияны сақтауға тиіс;

— кез келген лауазымды адам, әрбір мемлекеттік қызметші Конституцияның баптарын бұлжытпай орындауға міндетті;

— Қазақстанның әрбір азаматы өз елінің Негізгі Заңын құрметтеуге және сөзсіз орындауға тиіс;

— Қазақстанның кез келген тұрғыны және оның мейманы Қазақстан Республикасының Конституциясын орындауға міндетті;

— Конституцияны бүкілхалықтық қолдау, ең алдымен Президент ретінде маған аса жоғары жауапкершілік, Конституцияны бүкіл еліміздің аумағында сендіру, сондай-ақ мәжбүр ету міндетін жүктейтінін жақсы сезінемін.

Қазір біздің халқымыз талай қиыншылықтарды бастан өткізуде. Бірақ ғаламдық дағдарыстан шығудың оңай жолы болмайтынын, жаңға батпай-

тын реформалардың, сондай-ақ қате жібермейтін реформаторлардың болмайтынын тарих әлі біліп көрмегенін түсінген жөн демекпін. Бағымызға қарай, біз әуел бастан қателіктерге ұрынған жоқпыз — әлеуметтік тұрақтылықты қадағалай отырып, қоғамды реформалаудың тарихи мүмкіндігін қолдан шығарған жоқпыз.

ИГЛІКТІ ІСКЕ – МҮМКІНДІКТІҢ БАРШАСЫН

**БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ МЕРЕЙ-
ТОЙЛЫҚ 50-СЕССИЯСЫНЫҢ АРНАУЛЫ
САЛТАНАТТЫ МӘЖІЛІСІНДЕ
22 ҚАЗАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Біз бүгін аласапыран, өзгеріп жатқан дүниеде өмір сүріп отырмыз. Бүгінгі таңдағы халықаралық құрылымдар әрқашанда жаңа шындықтарға үйлесе бермейді. Бұл да орынды шығар.

1914 жылғы дүниежүзілік соғыс Ұлттар лигасын туғызды. Ал екінші дүниежүзілік соғыс БҰҰ-ны өмірге әкелді. Дүние жүзіндегі қарсыластықтың жойылуы және жаңа геосаяси экономикалық шындықтардың өзі халықаралық органдардың жаңғыруын талап еткені рас. Бұған бізді тарихтың өзі үйретіп отыр.

Версаль қауіпсіздік жүйесі құрылған кезден жиырма жылдан кейін адамзат тарихында орасан қырғын болатынын кім ойлапты? Ал соның нәтижесінде ынтымақтастықтың бүкіл дүниежүзілік құрылымының құрығанын білеміз.

БҰҰ-ны құрған кезде екі дүниежүзілік жүйенің арасындағы “қырғи-қабақ соғыс” осыншама ұзақ созылатынын, олардың бірінің құлап тынатынын кім ойлаған.

Бұдан он жыл бұрын блоктарға қосылмау қозғалысы көш басшыларының бірі — Еуропадағы өркендеген мемлекеттердің бірі — мен бұрынғы Югославия туралы айтып отырмын, бір сәттің ішінде талқаны шығып, еш кінәсіз адамдардың қанына бөгеді деп кім ойлаған?

Бүгін, БҰҰ-ның 50 жылдығын мерекелей отырып, біз жалпыәлемдік құрылымдарды дамытудың жаңа кезеңінің табалдырығы алдында тұрмыз. ХХІ ғасырдың басында қандай да болсын халықаралық құрылым, егер ол жаңа ғаламдық тепе-теңдікті ескермейтін болса, ғаламдық қауіпсіздік пен әлеуметтік-экономикалық дамудың проблемаларын пәрменді түрде шеше алмайды. Ал бұл тепе-теңдік Батыс Еуропада, Оңтүстік-Шығыс Азияда және Солтүстік Америкада күштердің жаңа орталықтарын қалыптастыруда қазірдің өзінде байқалуда. БҰҰ-ға алғыс айтуға тиіспіз, оның жемісті күш-жігері біздің бәрімізге ХХ ғасырдың екінші жартысында дүниежүзілік ауқымдағы ықтимал апаттармен бетпе-бет келмеуімізге көмектесті. Бұл — БҰҰ-ның және оның негізгі органдары мен құрылымдарының шүбәсіз де талассыз еңбегі. Мұның өзі бізге мерекелік сессиядан кейін іле-шала жаңартылған БҰҰ-ның тұжырымдамалық үлгісін белгілеуге күш-жігерімізді шоғырландыруға мүмкіндік береді.

Мұндай үлгі, БҰҰ-ны реформалаудың негізгі принциптерін ғана емес, сонымен қатар ХХІ ғасырдағы БҰҰ-ның жаңа мақсаттарын, міндеттері

мен қызметін өз бойына жинақтауға тиіс. Бұл — бейбітшілік, тұрлаулы даму, адамның қауіпсіздігі және халықтар мен ұлттардың бірыңғай шаңырағын құру жолындағы жоғары халықаралық органдарды шынайы демократияландыру.

Біріншіден, заманымыздың ғаламдық проблемаларын шешуде қауіпсіздік кеңесінің ролін күшейту қажет. Бұл үшін, ең алдымен, Германия мен Жапония оның толық құқықты мүшелері болуға тиіс. Сонымен бірге осы органдағы барлық аймақтар мемлекеттерінің пікірлерін барынша кеңінен ескеру үшін шаралар қолданған жөн.

Екіншіден, бұл ғаламдық және аймақтық қауіпсіздік жүйелерінің өзара іс-қимылы. Бүгінгі таңда біз қауіпсіздіктің халықаралық жүйелері тек жоғарыдан ғана емес, сондай-ақ төменнен де, аймақтық деңгейден де құрылуы мүмкін екенін ескеруге тиіспіз.

Орталық Азиядағы біз аймақтық негізді күшейтудің осындай қажеттігін өткір сезінудеміз, Қазақстанның Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы және еуразиялық одақ туралы бастамасы да, экономикалық ынтымақтастық ұйымындағы біздің белсенді жұмысымыз да осыдан туындап отыр. Ол ол ма, бүгінгі таңда Азияның, ТМД-ның және Еуропаның көптеген елдерінің ықтимал қатысуымен құрылатын аса ірі аймақтық рыноктың белгілері пайда болуда. Мұның үстіне аймақтың дамуының көптеген проблемалары ғаламдық маңызға ие болып отыр. Бұл аймақтың мұнай және газ ресурстарын ХХІ ғасырда әлемдік экономиканы дамыту мүддесіне сай тиімді тасымалдаудың міндетіне, есірткі заттарының тасымалдануына

қарсы күреске және дүниежүзілік қоғамдастықтың Аралды құтқару жөніндегі күш-жігерін біріктіруге қатысты болып отыр. Арал апатының экологиялық зардаптары шұғыл шаралар қолданбаса, таяу арада бүкіл Еуразияның проблемаларына айналуы мүмкін.

Осыдан келіп мынадай сұрақ туады: Жаңа БҰҰ аймақтық және құрлықтық қауіпсіздік пен ынтымақтастық жүйелерімен өзара іс-қимылын қалай құратын болады?

Бұл арада, БҰҰ-ның әртүрлі екі рөлі болуы мүмкін.

Олардың бірі — дүниежүзілік қауіпсіздіктің біртұтас орталығының рөлі, оның шешімдері барлық аймақтық жүйелер үшін міндетті болады. Мұндай орталықтың кемшілігі мынада: БҰҰ өзі үшін байқаусызда жанжалдасушы жақтардың бірінің жағына шығып кетуі мүмкін, сөйтіп күштердің басқа өскелең әлемдік орталықтарының табиғи дамуын тежеуі мүмкін.

Екінші нұсқа — бұл бүкіл дүниежүзілік үйлестіруші орган, ол аймақтық құрылымдар арасындағы дау-жанжалдарды шешуде жоғары тәуелсіз төреші рөлін өз мойнына алады. Ал мұндағы кемшілік мынада: мұндай орган пәрменді шараларды дер кезінде қолданып, жанжалды тоқтата алмауы мүмкін.

Үшіншіден, мұндай проблемалар тек әскери-стратегиялық салада ғана емес, сонымен қатар адамның тыныс-тіршілігінің барлық салаларында — мәдени, ақпараттық, ғылыми-техникалық және қаржы-экономикалық салаларында туындауы ықтимал.

БҰҰ ХХІ ғасырда қандай болуға тиіс? Бұл бар-

лық мемлекеттер мен халықаралық құрылымдар үшін шешімдері міндетті болатын жоғары құрылым бола ма? Немесе бұл біртұтас дүниежүзілік үйлестіруші тетік, теңдестірілген өзара іс-қимыл, делдалдық және жоғары төрелік құрылым бола ма?

Бұл проблемаларды шешуге бүгінгі таңда адамзаттың ең таңдаулы ақыл-ой иелері бағдарлануға тиіс. Бұл орайда БҰҰ жөнінде оң-солға қарамайтын көзжұмбақ іс-әрекеттер қолдануға болмайды, өйткені олар халықаралық қатынастардың қалыптасқан жүйесін бүлдіруі мүмкін. Сондықтан БҰҰ-ның жаңа үлгісін таңдау дүние жүзінің барлық халықтарының нақты ерік-жігерін білдіруі жолымен дәйектеліп жасалуға тиіс.

Егер біз ғасырдың аяғына қарай БҰҰ әлемдік жанжалды үрдісті айтарлықтай төмендете алатын және бейбітшілік пен даму үшін мүмкіндікті арттыруға көмектесе алатын болсын десек, бұған тек бір ғана жол бар: біздің әрқайсымыз БҰҰ-ны реформалаудың игілікті ісіне саналы түрде мүмкін нәрсенің бәрін барынша молынан беруге тиіспіз.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰРАҚТЫ ДАМУ АРҚЫЛЫ НЫҒАЯДЫ

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІНЕ
АРНАЛҒАН САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА
16 ЖЕЛТОҚСАНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ**

Біз ұмытшақ емеспіз, бәрі де есімізде — қазіргі тәуелсіздігіміз қазақ ұлтының өз тағдырын өзі шешуге деген сан ғасырлар бойғы ұмтылысының

жемісі екенін жақсы білеміз. Бұл ұмтылыс қоғамдық ой-пікірдің қалыптасуымен, халықтың жан-жүрегімен қалаған қажырлы іс-әрекетімен нығайтылып отырды. Біз 1986 жылдың желтоқсанында Қазақстан жастарының тоталитарлық тәртіпке жүрек жұтқан әрі теңдесі жоқ ерлікпен қасқайып қарсы шыққанын ұмытпаймыз. Оның үстіне, біз бостандық көп ұлтты республикамыздың азаматтары жасап жатқан қазіргі тарихтың мазмұнына сай келгенде ғана нақты шындыққа айналатынын айқын сезінеміз.

Мемлекетіміздің егемендік жолымен дамуының алғашқы жылдары, өтпелі кезеңнің қандай да болсын қиыншылықтарын басымыздан кешіре тұрсақта, біздің халқымыздың, қоғамымыздың, саяси күштеріміздің бойынан жас мемлекеттілігімізді нығайту, экономикамызды реформалау, құқықтық демократиялық қоғам орнату, онда рухани бірлік пен ұлтаралық келісім ахуалын қалыптастыру жөніндегі ұланасыр жұмыстарды батыл бастап кетуге деген ерік-жігер мен ақыл-парасат жеткілікті мөлшерде табылғанын толық көрсетті.

Қазақстан бүгінгі таңда ілгері қарай қозғалыс үстінде, өзінің тұрақты дамуының тиімді жолдарын қарастыруда. Біз қысқа мерзімнің ішінде өтпелі кезеңнің экономикалық саясатын қалыптастыра алдық, шаруашылық кешенді қайта құрудың бірқатар ұлттық бағдарламаларын жүзеге асыруға кірісіп кеттік, экономикалық жағынан тәуелсіз мемлекеттің іргетасын қаладық.

Қазір, сөз жоқ, мемлекетімізге де, бүкіл халқымызға да қиын тиіп жатыр. Өйткені шикізат өндіруге ғана негізделген орасан зор ауыр да икемсіз бұрынғы экономиканы оның құрылымын

жетілдіру, көп укладты нарықтық қатынастар орнату жағына қарай бұрып әкете қою тіпті де оңай нәрсе емес, оның үстіне, жаңа әлеуметтік ортаға бейімделу де қиын. Бірақ біз күш-жігерімізді барынша жұмылдыра отырып, бәріне де төздік және бұдан әрі ілгері басуымыздың алғышарттарын жасай алдық.

Қазақстан ақшаның шектен шыға құнсыздануы сияқты экономикалық ауыр дерттен небары бір ғана қаржы жылы ішінде айыға білді. Біз экономикалық егемендіктің ұлттық валюта сияқты аса маңызды атрибутын енгізіп қана қойған жоқпыз, сонымен қатар оның сенімділігіне, тұрақты да берік айналымға түсуіне қол жеткіздік. Соның арқасында біз отандық экономикамыздың бет бейнесін айқындайтын, экспорттық секторды қалыптастыратын, дүниежүзілік рынокқа алып шығатын жолдарды ашатын жетекші кәсіпорындарымызды экономикалық тұнғыық құздың терең түкпіріне қарай құлдыраудан аман алып қалдық. Қазіргі Қазақстан шетелдік капиталды, инвестицияларды, технологияларды, экономикалық жаңалықтарды және дүниежүзілік шаруашылық практикасын енгізу тұрғысынан кімді болса да әлдеқайда күштірек қызықтыра түсіп отыр.

Биыл еліміздің жаңа Конституциясы іске қосылып, жұмыс істей бастады. Ол қазақстандықтардың басым көпшілігінің қолдауымен қабылданған болатын. Халықтың ерік-жігер білдіруінің ең қуатты күшімен мемлекет өкімет билігінің тарихи тұрғыдан қажетті жүйесі бекітілді. Нарықтық реформалардың заңдық негіздері айқындалды. Атқарушы өкімет билігінің белгіленген бағдарламаларды жүзеге асыру жолын-

дағы ұйымдастырушылық рөлі мен жауапкершілігі елеулі түрде арттырылды. Ертеңгі күнімізге қарай ілгері басудың ой елегінен өткізілген нақты бағыты конституциялық негізде белгіленді.

Егер біздің шынында да іс жүзінде мемлекеттілігімізді нығайтуға, экономикадағы, қоғамдық-саяси өмірдегі тұрақтылыққа қол жеткізуге тезірек ұмтылғымыз келсе, онда республикамыздың болашағы үшін, оның тұрақты дамуы үшін қоғамымыздағы барлық әлеуметтік топтардың күш-жігерін бір арнаға бағыттаудың ерекше зор маңызы бар екенін білуіміз тиіс.

Мұның өзі әсіресе қазір, тұрақты даму проблемасы дүниежүзілік көлемде жалпылама қойылып отырған кезеңде, ерекше маңызды. Біріккен Ұлттар Ұйымы бұл проблема бүкіл планета үшін де, әрбір жеке мемлекет үшін де бірінші кезекте тұр деп біледі.

Бүгін, Тәуелсіздігіміздің қуанышты күнін атап отырған кезде, менің елімізді тұрақты дамытуға қол жеткізу үшін қажетті кейбір шарттар туралы өз ойларымды ортаға салғым келеді. Бұл тақырыптың, бәлкім маңызы тіпті де кем емес басқа да мәселелерін қозғап жатпай-ақ, мемлекеттік егемендік жөніндегі өз көзқарасымды елді демократияландыру, оның рухани өмірі, біздің интеграциялық биік беделіміз, өз мемлекетіміздегі, Кіндік Азия елдері аймағындағы және бүкіл дүние жүзіндегі тұрақтылықты сақтау мен нығайту сияқты аса зор маңызды проблемалары тұрғысынан баяндап беруді мақұл көрдім. Яғни ХХІ ғасырға енудің шешуші шарты болып табылатын тұрақты дамудың негізін қалайтын шешуші проблемаларға тоқталмақпын.

ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУДЫҢ ӨКТЕМ ТАЛАПТАРЫ

Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін саяси лексикамызда мәнін түсіну үшін тек жалқаулар ғана басын қатырып әуре болып жатпайтын бірнеше жаңа ұғым пайда болды. Бұл жерде, әрине, бірінші орынды әркім өзінің шама-шарқынша түсінетін “демократия” ұғымы алуы тиіс.

Бірақ біз Қазақстандағы саяси өмірдің жағдайына американдық немесе еуропалық демократия өлшемдері тұрғысынан баға берген кезде кез келген саяси категория дегеніміз әлдебір қатып қалған және барлық уақытқа бірдей жарамды мәңгілік нәрсе емес екендігін ескере береміз бе? Тоқсаныншы жылдардың үлгісіндегі еуропалық демократия мен ғасырдың бас кезіндегі демократияның арасында аспан мен жердей айырмашылықтар бар екенін ойлаймыз ба?

Ал демократиялық қазыналардың әмбебаптығы жөнінде күмән келтіре қояды деп ойлауға ешқандай негіз жоқ. Ален Турен сияқты осы заманғы белгілі социологтың өзі де мынадай сұраққа жауап іздейді: “Демократияны оның алдында тұрған мақсаттарға, яғни ол адамдар мен әлеуметтік топтардың арасында орнататын байланыстарға қатыссыз түрде айқындауға бола ма?”. “Қазір, — деп жазады ол, — толып жатқан бұрынғы беделге негізделген тәртіп тас-талқан болып жатқан кезде, біз демократияның мазмұны жөнінде терең ойлануға тиіспіз...”.

Егер демократияға баға беруге осы тұрғыдан келетін болсақ, онда демократиялық даму мәселелерінде бір ғана рет берілген және барлық

уақытқа бірдей жарамды әмбебап рецептердің болуы мүмкін емес дегенді мойындауымызға тура келеді. Мұның өзі әсіресе кешегі тоталитарлық тәртіп, ондаған жылдар бойы диктатураның қатал қыспағы жағдайында өмір сүрген, демократиялық институттар туралы ишара білдіруден де аулақ мемлекеттер туралы сөз еткенде ерекше маңызды.

Иә, біз демократиялық өзгерістер жолына біржола түстік. Бірақ демократизмді өзіміздің өркениеттілігімізді бүкіл әлемге дәлелдеу үшін ғана орнықтырмаймыз. Бұл ретте өзімізге жан-жақты қолдау көрсетілуін күтеміз. Жоқ, біз бұл жолға өзіміз ынтық болып ұмтылып отырған қымбат қазыналардың нақты үлгісі болатын демократияны жақтағандықтан түстік. Бірақ бұл ретте уақыттан озып кетуге, оқиғаларды жасанды түрде шапшандатуға тырыспаймыз. Өйткені, егер барлық азаматтарға лайықты тұрмыс жағдайлары қамтамасыз етілмесе, онда саяси бостандық туралы әңгімелер бос сөздерге, тіпті қауіп-қатерлі сөздерге айналатынын ұмытпаймыз.

Демократияны орнықтыру үшін сөзсіз екі түрлі алғышарт — экономикалық тепе-теңдік және қоғамдық тұрақтылық қажет екені жалпыға мәлім. Егер біз экономикалық тепе-теңдікке енді-енді ғана ұмтылып отырсақ, онда Қазақстанның бүгінгі таңда демократиялық қазыналар жасаумен ғасырлар бойы айналысып келген еуропалық елдермен бой теңестіріп, қатар тұруға әзір екендігі жөнінде мәлімдеуге құқығы бар ма? Мұндай пайымдауға бару социализмді түпкілікті орнату жөнінде кезінде жасалған жөн-жосықсыз мәлімдемеден өзге ешнәрсе де болып табылмас еді.

Мен Қазақстанның экономикалық дербестігі

неғұрлым күшейген сайын елімізде демократиялық бостандықтарға деген қажеттіліктің үсті-үстіне арта түсетініне кәміл сенемін. Ал біздің қазіргі таңдағы міндетіміз азаматтардың саяси инициативаны өркениетті түрде жасауы үшін барлық жағдайлар туғызу, демократиялық қарым-қатынастардың, демократиялық мәдениеттің дағдыларын қалыптастыру тәрбиесі болуы тиіс. Демократия қоғамның өз қойнауынан, оның азаматтарының экономикалық бостандығы қаншалықты артуы мөлшеріне сәйкес, табиғи түрде өсіп шығуы тиіс.

Біздің көптеген қатып-семіп қалған нәрселерден бас тартуымызға тура келеді. Тоталитаризмнің күйреу кезеңінде адамдардың санасында демократияны озбырлықтан, басып-жаншудан, жеке басқа табынудан, номенклатураның шексіз өктемдігінен құтылу құралы деп түсіну қалыптасты. Кезінде мұның өзі дұрыс та еді. Алайда, қазір біз демократияның жасампаздық мүмкіндіктері туралы, оның әлеуметтік базасы туралы ойлануға тиіспіз. Өйткені, біз демократиялық институттар құруға енді-енді ғана кірісіп жатырмыз. Сондықтан да бұл құрылыстың барысында қоғамдағы қандай күштерге арқа сүйеу керек екендігін дәл айқындау ерекше маңызды.

Осы бір қиындығы мол жұмыста қоғам шын мәніндегі демократиялық институттарды құруға және ең алдымен парламентаризмді қалыптастыруға ерекше үміт артады. Кешегі кеңестік кезеңдегі Жоғарғы Кеңестердің қызметі іс жүзіне келгенде заң шығарушылық саласында ешқандай да мұра қалдырған жоқ. Өйткені, олардың қызметінің мәні жалған еді. Егер жалпы жұртқа

белгілі “Шындыққа сай нәрсенің бәрі де (партияның мемлекетке монополиялық үстемдігі және мемлекеттің экономикаға деген монополиялық үстемдігі) Конституцияға сай болмаса, онда Конституцияға сай нәрсенің бәрі де (құқықтар мен бостандықтар, демократия туралы нормалар) шындыққа сай болған жоқ” деген қағидаға сүйенетін болсақ, істің басқаша болуы тіпті де мүмкін емес еді.

Қазақстан өзінің заң шығару базасын қалыптастыруды өзі тәуелсіздік алғаннан кейін ғана қолға алды. Алайда бұрынғы үлгілерге сай құрылған алғашқы Жоғарғы Кеңестің сұлбесі сапалық жағынан жаңа әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайларда мүлдем іске алғысыз болып шықты. Оның орнына келген Жоғарғы Кеңес те сол баяғы ескі сарынмен жұмыс істеді, оның үстіне заңсыз да болып шықты. Сөйтіп өзінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатты.

Енді заң шығарушы өкімет билігі жоқ вакуум кезінде пайда болған жағдай туралы бірнеше сөз айтайын. Мұның өзі елімізде демократизмді дамыту жөнінде ойланып-толғануға негіз бола алады. Елдегі қалыптасқан жағдай үшін бүкіл жауапкершілікті толығымен Президенттің өзі алуына тура келді. Ашығын айтайын, демократияны тежеу және диктатураның қатер туғызуы жөніндегі алыпқашты әңгімелер мені тіпті де абыржыта қойған жоқ. Абыржытпаған себебі — егер демократия дегеніміз халықтың атынан, халықтың өзі үшін және халықтың өзі жүзеге асыратын билік болып табылатын болса, онда демократияға төнген қауіп-қатер жөнінде халықтың өз атынан қойылған сұрақтарға оның өзі ғана жауап беруі тиіс болды.

Сөйтіп халық Президенттің өкілеттігін ұзарту және жаңа Конституцияны қабылдау жөніндегі референдумдардың барысында бұған дейін елімізде жүзеге асырылған өзгерістерді қолдап шықты. Қазіргі іс үстіндегі Ата Заңымыз заман талабына толық жауап беретініне мен кәміл сенемін. Ең бастысы — онда өкімет билігі жүйесінде пайда болатын шиеленістердің барлығы да тұрақтылықтың іргесін пайқалта алмайтындай мемлекеттік құрылыс құру көзделген болатын.

Мен бұл кезеңді тұтас алғанда заң шығарушылық тұрғысынан мейлінше жемісті болды деп санаймын. Өйткені, заңдық күші бар жарлықтармен қысқа мерзімнің ішінде-ақ құқықтық жүйелеу саласындағы орны үңірейген олқылықтарды жоюдың, нарықтық шаруашылықты қалыптастыру үшін мейлінше қажетті экономикалық заңдар пакетін қабылдаудың сәті түсті.

Адам саны жағынан шағын әрі кәсіби парламент құру жөніндегі идея тап осы жаңа Конституция қабылданғаннан кейін ғана салтанат құрды. Жаңа парламентті — Сенат пен Мәжілісті — сайлаудың екі кезеңі таяуда ғана болып өткені мәлім. Сайлау заңға сәйкес өтті және, жергілікті, сондай-ақ шетелдік бақылаушылардың атап көрсеткеніндей, көзге ұрып тұрған бұрмалаушылықтар болған жоқ. Сайлаудың өту процесінің өзі, менің көзқарасым бойынша, республикамызда қазір қалыптасып отырған әлеуметтік-экономикалық жағдайға толық жауап берді. Ең бастысы — халықтың сайлау құқығы өзінде болды және ол бұл құқығын пайдаланды.

Бәлкім, белгілі бір уақыт өткеннен кейін Қазақстандағы демократияны дамытудың қазір біз

сөз етіп отырған мәселелері елеусіз нәрселер ғана болып көрінуі және бірінші кезекке демократиялық механизмдерді жетілдірудің, шын мәніндегі көп партиялықты дамытудың басқа проблемалары шығуы мүмкін. Бірақ біз өзіміз тандаған жолға енді ғана түстік. Сондықтан да біз бұл жерде демократияны дамытудың жалпылама өктем талаптары туралы ғана сөз етіп отырмыз.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ — МЕМЛЕКЕТТІ ДАМЫТУДЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстан өзінің тұрақты дамуын ең алдымен мақсаткерлік және белсенді сыртқы саяси қызметі арқылы қамтамасыз етеді. Саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды ойдағыдай жүзеге асыру тұрақтылық ахуалы жағдайында ғана мүмкін болатынын жақсы түсіне отырып, біз қарусыздану және халықаралық қауіпсіздік жүйесін құру процестеріне белсене атсалыстық. Семей полигонын жабу және ядролық қарулардан бас тарту жөніндегі шешімдер СШК-1 Шартына қосылу, Ядролық қаруларды таратпау жөніндегі шартты ұзартуға бағытталған инициативаға біржола батыл қолдау көрсету елімізді дүниежүзілік қауымдастықтың сый-құрметіне бөлеп қана қойған жоқ, сонымен қатар оның қауіпсіздігін де нығайтты, Ресей, АҚШ, ҚХР, Ұлыбритания және Франция тарапынан берілген тиісті кепілдіктер арқасында аумақтық тұтастығымызды да қамтамасыз етті. Қазақстан мен Қытай арасында шекараны заңды түрде бекіту жөніндегі келісімге қол қойылды. Қазақстан қауіпсіздіктің

халықаралық жүйелері ең алдымен ол жүйеге кіретін мемлекеттердің жалпы экономикалық және геостратегиялық мүдделері негізінде пайда болады деп санайды. Тап осы бірінші кезектегі басым жағдай республиканың сыртқы саяси инициативаларының бәрінің де негізіне алынып келеді. Атап айтқанда, Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру туралы ұсыныс осындай негізде пайда болды.

Азиядағы өзара түсіністік пен сенім шаралары жөніндегі кеңес шақыру идеясын бүгінгі таңда Азияның көптеген елдері қолдап отыр. Бұл кеңесті әзірлеу жөніндегі арнаулы жұмыс тобының мәжілісіне қазірдің өзінде 15 мемлекеттің өкілдері қатысып үлгерді. Алдын-ала сақтандыру дипломатиясының осы бір күрделі аймақтық механизмін қалыптастыру процесі қыруар күш-жігер мен уақытты талап ететінін біз, әрине, жақсы түсінеміз. Сөйтсе де, Азия құрлығындағы барлық халықтардың мүддесіне сай келетін ондай кеңесті шақыруға ұмтылысқа деген ынта-ықыласымыз барған сайын арта түсуде.

Ал, дағдарысты жағдайлар мен қарулы қақтығыстар мәселесіне келетін болсақ, онда оларды болдырмау үшін шұғыл шаралар қолдану керек. Біздің еліміздің, Қырғызстанның және Өзбекстанның арасында бейбітшіл күштер батальонын құру жөніндегі келісімге қол жетті және оны Біріккен Ұлттар Ұйымы қолдады. Бұл контингентті Орталық Азиядағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау үшін пайдалану жоспарланып отыр. Осы келісімге келудің өзі де, сөз жоқ, жағдайды тұрақтандырушы фактор болып табылады.

Біз сонымен қатар дағдарысты жағдайларды

күш қолданудың көмегінсіз-ақ түзетуді жақтаушылар болып табыламыз. Өйткені, күш қолдану тәсілі бір қарағанда тиімді сияқты көрінгенімен де, проблеманы түбегейлі шешпейді. Сондықтан да біз шиеленісті жағдайларды барлық мүдделі жақтардың қатысуымен, халықаралық ұйымдардың ара ағайындығы арқылы өтетін сындарлы саяси диалог арқылы шешу жағындамыз.

Тәжікстан үкіметі мен оппозициясының арасындағы жүргізілген келіссөздер мұндай тәсілдің дұрыс екендігін дәлелдеп берді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Қазақстанның бұл шиеленісті бейбіт жолмен реттеу жолдарын іздестіруде жұмсаған күшжігеріне жоғары баға берді. Атап айтқанда, оның тәжікаралық келіссөздің Алматыда болып өткен төртінші кезеңінде қабылдаушы жақ ретіндегі рөлін жоғары бағалады.

Тұрақты дамуға және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тек әскери-саяси шаралар арқылы ғана қол жеткізілмейді. Бұл жерде экономикалық, мәдени, экологиялық және басқа салалардағы қарым-қатынас түрлерінің де атқаратын маңызы кем емес. Сондықтан Қазақстан бұл бағытта да белсенді маңызды қадамдар жасап келеді. Атап айтқанда, неғұрлым беделді халықаралық құрылымдармен өзара қарым-қатынасты нығайтып, олармен ынтымақтастық ауқымын кеңейтіп келеді. Олардың қатарында Біріккен Ұлттар Ұйымы, ЮНЕСКО, ЭСКАТО (Азия-Тынық мұхиты аймағындағы елдердің әлеуметтік-экономикалық дамуы), ЮНЕП (айналадағы ортаны қорғау); ВОЗ (бүкілдүниежүзілік денсаулық қорғау ұйымы) және басқа көптеген құрылымдар бар.

Егер екіжақты қарым-қатынастар саласындағы бірінші кезектегі маңызды шараларымыз туралы айтатын болсақ, онда Қазақстан үшін Ресей Федерациясымен қарым-қатынасты одан әрі дамыта түсудің маңызы өте зор. Мұның өзі Ресейдің дүниежүзілік қауымдастықтағы саяси және экономикалық салмағының күшті екендігіне, біздің ортақ шекараларымыздың мейлінше ұзақтығына байланысты. Біздің елдеріміздің ұстанған бағыты алуан түрлі халықаралық мәселелер бойынша көп жағдайда бір-бірімен сәйкес келеді. Ақыр соңында, біздің елдеріміздің азаматтары арасындағы миллиондаған туысқандық байланыстар жібі тіпті де үзілген жоқ. Мұның өзі Ресейді біздің мемлекетіміздің табиғи одақтасы етпей тұра алмайды.

Мен мына нәрсені жұрттың бәрінің де түсінгенін қалаймын: Қазақстанның егемендігі өмірдің барлық саласында да Қазақстан-Ресей байланыстарынан бас тартуды емес, қайта керісінше, ондай байланыстарды нығайтып, дамыта беруді көздеуі тиіс. Біздің экономикалық, саяси, әскери салалардағы бір-бірімізбен өзара тығыз байланысымызды жоққа шығару, әсіресе, ондай байланысқа қарсы күресу — қып-қызыл ақымақтық. Міндет мынада: екі елдің ортақ мүдделерін көздейтін тиісті келісімшарттар жасасу мен құқықтық база құру және оны жүзеге асырудың тиімді механизмін табу керек.

Қазақстан мен Ресейдің бір-бірімен өзара қарым-қатынасында проблемалар да кездесіп отыратыны және олардың жиі-жиі күрделі болатыны да өзінен-өзі түсінікті. Мұнда тұрған ешқандай таң қаларлық нәрсе жоқ. Мұндай жағдайлар кез-келген мемлекеттердің арасындағы өзара қарым-

қатынастарда кездесе береді. Бірақ мен ондай кедергілердің бәрін де жеңуге болады және барлық уақытта да жеңе аламыз деп кәміл сенемін. Өйткені, біздің екі мемлекетіміз де біріне-бірі қарсы тұруға емес, қайта өзара ынтымақтастық орнатуға ұмтылып келеді. Өзара сенім біздің халықтарымыз бен мемлекеттеріміздің мүдделеріне толық жауап береді.

Біздің стратегиялық мүдделеріміз таяу шетелдердегі басқа да елдермен жан-жақты қарым-қатынасты дамытуды көздейді. Бұл жерде біз Орталық Азия мемлекеттерімен қарым-қатынасты жақсартуға түсуді бірінші кезекке қоямыз. Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Орталық Азия аймағындағы басқа да мемлекеттермен экономикалық және саяси қарым-қатынастарымыздың барған сайын нығайып дамып келе жатқанын айрықша атап айтқым келеді.

Қазақстан — өзінің қарым-қатынасын Орталық Азияда дүние жүзінің ең ірі мемлекеті — Америка Құрама Штаттарымен әріптестік дәрежесіне дейін көтерген бірден-бір мемлекет. Мұның өзі заң жүзінде Демократиялық әріптестік туралы хартияда бекіп, көрініс тапты, ал іс жүзінде — АҚШ-тың тәуелсіз, демократиялық және қауіпсіз Қазақстан Орталық Азияда бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі болса екен, біздің еліміздегі нарықтық және демократиялық реформалар одан әрі дамыса екен деп шын пейілмен мүдделілік танытуынан көрінеді.

Біздің стратегиялық әріптестеріміздің бірі — күшті қарқынмен дамып келе жатқан, орасан зор өнеркәсіптік, әскери және ақыл-парасат мүмкіндіктері мол Қытай Халық Республикасы. Биылғы

күзде менің Пекинге барған сапарым кезінде біздің елдеріміз арасындағы ұзақ мерзімді тату-тәтті көршілік қарым-қатынастарды, достық пен өзара ынтымақтастықты жан-жақты қолдап, дамыта түсу екі елдің де түбегейлі мүдделеріне сай келеді, Азияда және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті, тұрақтылықты сақтауға және нығайтуға, сондай-ақ одан әрі дамыта түсуге ықпал етеді деп танылды. Мұның өзі сауда-экономикалық және гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық туралы бірқатар бірлескен құжаттарда көрініс тауып, беки түсті.

Еуропада Қазақстанның Германиямен, Ұлыбританиямен, Франциямен, Еуропалық Одақтың басқа да елдерімен қарым-қатынасы жақсара түсті. 1995 жылдың қаңтарында мен “Бір жағынан, Еуропалық қауымдастықтың және оған мүше мемлекеттердің, екінші жағынан, Қазақстан Республикасының арасындағы әріптестік пен ынтымақтастық туралы” келісімге қол қойдым. Ал, осы жылдың желтоқсан айында Еуропалық Одақпен сауда жасасу туралы уақытша келісім жасалды. Мұның өзі біздің Еуропалық рынокта сауда жасауымызға және ынтымақтастығымызға жол ашады, қазақстандықтардың Еуропадан үйренуіне және онда жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар біз Шығыс Еуропамен — Балтия елдерімен, сондай-ақ бұрынғы Экономикалық Өзара Көмек Кеңесіне мүше елдермен — Венгриямен, Польшамен, Болгариямен және басқа елдермен байланысты белсенді түрде қалпына келтірудеміз.

Республика Түркиямен, Иранмен, Үндістанмен, Пәкстанмен, Корея Республикасымен, Израильмен, АСЕАН мемлекеттерімен жоғары дәрежедегі саяси диалогтар жүргізуге, олармен экономика-

лық қарым-қатынасты дамытуға ұмтылыс танытып келеді.

Қазақстанның барлық сыртқы экономикалық әрекеттерінің негізінде, мейлі ол екі жақты байланыс немесе халықаралық ұйымдардағы атқарылатын жұмыс болсын, барлық уақытта да өзінің ұлттық мемлекеттік мүдделері көрініс табады. Оларды табындылықпен қорғау — біздің сыртқы саясатымыздың негізгі принциптерінің бірі. Бұл саясат өзіміздің егеменді мемлекетімізде саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістерді жүзеге асыру үшін қолайлы сыртқы жағдайларды қамтамасыз ету мақсатын көздейді.

РЕСПУБЛИКАНЫҢ ИНТЕГРАЦИЯЛЫҚ ҰСЫНЫС ЖАСАУ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Тұрақты даму тұжырымдамасы дүние жүзілік қауымдастықтың күш-жігерін одан әрі бір арнаға бағыттауды, оған мүше елдерді осы заманғы негізгі де шешуші проблемалар бойынша бір-бірімен жақындастыруды және үйлестіруді, аймақтық және дүниежүзілік интеграциялық құрылымдар жасауды көздейді.

Міне, сондықтан да Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан кейін көп ұзамай-ақ өзге елдермен, ең алдымен бұрынғы одақтас республикалармен қарым-қатынасты дамыту бағдарламасын жасады. Оның негізіне жас егеменді мемлекеттердің бір кезде біртұтас халықшаруашылық кешенінде пайда болған, байырғы байланыстар базасында қалыптасқан экономикалық интеграция принципі алынды.

Біз бір-бірімен өзара байланысты экономика-лардың аймақаралық кооперациялар мен еңбек бөлісі жүйелерінің іс жүзінде қалыптасқан және өзін-өзі жақсы жағынан көрсете білген құрылымдарының, ортақ тауар рыноктарының, қызмет түрлері мен жұмысшы күштерінің бар екендігі ақылға қонымды және ең қарапайым тұрғыдан алғанда тиімді болатынына қызықтық. Шынында да мұның бәрін тас-талқан етіп бұзып тастап, содан кейін қайта жасап жату шаруаның көзін тапқандық болар ма еді?

Оның үстіне біз, сөзсіз, проблеманың таза адами тұрғыдан алғандағы жақтарын да — адамдардың бір-біріне деген табиғи араласуға құлықтылығын да, олардың жана мемлекетаралық шекараларды бұрынғы атышулы “темір перденің” тап өзімен теңестіруді қаламайтын түсінігін де, сондай-ақ мемлекеттердің өзін-өзі толық және қайткен күнде де билеу құқығының бағдарламаларымен мейлінше нашар қабысып жатқан қыруар туысқандық және достық байланыстарының сақталуын да есепке алдық.

Ақыр соңында, бізді бұған дүние жүзінің демократия мен прогресс жолындағы ынтымақтастықты ойдағыдай өрістете түскен және соның арқасында дүниежүзілік қауымдастықтың толық құқықты әрі беделді мүшелері болып отырған көптеген өркениетті елдерінің тәжірибесі де жігерлендірген еді.

Қазақстан интеграция саясаты оның ТМД шеңберіндегі бұрынғы әріптестері тарапынан толық түсіністік таба алады деп ойлады ма? Әрине, солай деп ойлады. Олай деп ойлаудың басты себебі — біздің ортақ стратегиялық мақсаттарымыз бол-

ды, ол мақсаттарға бірлесе отырып жету де ыңғайлы еді. Өйткені, өктемдікке емес, қайта заңдардың басымдығына негізделген экономикалық тұрақтылықты және қоғамның шын мәніндегі демократияландырылуын қамтамасыз етуге, гүлденген мемлекетті орнатуға әбден болатын еді.

Біз интеграцияны декреттің күшімен жүзеге асыру мүмкін емес екендігін жақсы түсіндік. Өйткені, мұның өзі бірте-бірте пісіп-жетілуі және содан кейін ғана адамдардың ақыл-ойына қонымды эволюциялық процеске айналуы тиіс. Сондықтан да біз жаңа интеграциялық байланыстар орнату барысында бір-бірімізге деген өзара күдікке, көлденең тартылған тікенек сымдарға және, бәлкім, белгілі бір күштердің тарапынан оқиғалардың объективті дамуына кедергі жасау әрекеттеріне де душар болуымыз мүмкін екенін түсіндік және оған әзір болдық. Бірақ мұның өзі біздің интеграциялық ұсыныс жасау артықшылықтарын таңдауымызға, оған қол жеткізудің тәсілі, қазір жұрттың бәріне де түсінікті болып отырғанындай, жалпы дүниежүзілік демократиялық ағымдардың арнасында жатқаны тіпті де кері ықпал ете алған жоқ.

Міне, мұның бәрін де таразы басына сала отырып, Қазақстан халықтардың талқысына Еуразиялық одақ құрудың жобасын ұсынды. Содан бері екі жарым жылға жуық уақыт өтті. Енді ол идея өзін-өзі ақтамапты-мыс, өйткені, оны іс жүзінде іске асыруға мүмкіндіктің сәті түспепті-міс деген дауыстарды естуге де тура келіп жүр.

Бұл пайымдаулармен келісу қиын. Өйткені, интеграциялық процестердің бірте-бірте жүзеге асырылуы әбден заңды. Сондықтан да ТМД

шеңберіндегі әрбір мемлекеттің саяси және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін мейлінше мұқият ескеретін бұл Еуразиялық жобаны іске асыру алғашқы кездің өзінде-ақ кезең-кезеңімен, салыстырмалы түрде алғанда ұзақ уақыт бойы жүргізілетіні белгілі болатын. Тіпті саясаттан мардымды хабары жоқ адамның өзіне де, мысалы, ұлттық заңдарды бір-бірімен жақындастыру, басқарудың ұлт шеңберінен тыс органдарын құру, экономикалардың бірін-бірі толықтыра түсуіне қол жеткізу сияқты толып жатқан жұмыс түрлерін бір немесе екі жылда орындай қоюдың қиын екені түсінікті ғой.

ЕАО-ны қалыптастыру принциптерінің бірі болашақ қатысушылардың оған түрлі жылдамдықпен кіруі болып табылады. Кеңестік кезеңнен кейінгі барлық мемлекеттердің алдында ортақ міндеттерден басқа өздерінің ұлттық-мемлекеттік міндеттері түр, бұлар шешілмейінше, тең құқықты альянсқа олардың қандай да бір қатысуы туралы сөз болуы мүмкін емес. Бұл бүгінде Достастықтың барлық елдері бастан кешіп отырған өтпелі кезең үшін әсіресе маңызды және олар сол өтпелі кезеңге әртүрлі әзірлік дәрежесімен келіп кірді. Осыдан барып бұрынғыдан тығыз интеграцияға әзірліктің дәрежесі де әртүрлі болып отыр.

Ақыр соңында, Еуразиялық одаққа мүшелік оған қатысушылардан өз аумақтарында азаматтық татулық пен ұлтаралық тұрақтылықты сақтауды талап етеді. Өкіншке қарай, бүгінде мемлекеттіліктің қалыптасу процестерін бастан өткеріп жатқан республикалардың әлі де бәрі бірдей бұл шартты қамтамасыз ете алмайды — бұрынғы КСРО-ның кейбір аймақтарында осы кезге дейін

алауыздық пен ұрыс-керіс ошақтарының шоғы бықсып тұрғаны, шекараны қайта жүргізу әрекеттері жасалып, адам қаны төгіліп жатқаны белгілі.

Солай болса-дағы, ЕАО заңдық тұрғыда ресімделмесе де, іс жүзінде Достастық жаңа біріктіру құрылымдарын қалыптастыру кезіне және олардың алғашқы жұмыс кезеңіне қадам басты. Қазақстанның интеграциялық идеялары ең алдымен ТМД ішіндегі экономикалық проблемаларды шешуді көздейді. Бұл бағытта әлеуметті, соның ішінде ұсынылған инициативаларды толықтыру және дәлдеу, оларды нақты жүзеге асыру есебінен жинақтау толық мәнінде жүріп жатыр. Тұрақты жұмыс істейтін орган ретінде Экономикалық одақтың Мемлекетаралық экономикалық комитеті құрылды. Оған айтарлықтай, соның ішінде ағымдағы мәселелерді жедел шешу жөнінде кең өкілеттіктер берілген.

ТМД мемлекеттерінің арасында өзара есептесу және валюталарды еркін айырбастау проблемаларын шешуге тиісті Төлем одағының ережелерін жүзеге асыру жөнінде белсенді жұмыс жүргізілуде.

Егер мәселеге алдын ала тон піше қарамасак, онда біз ұсынған еуразиялық жоба химиялық реакциядағы катализатор секілді бұл процестердің бәрін едәуір жеделдеткенін атап айтпасқа болмас.

Бірақ Қазақстан ТМД-нын барлық мемлекеттерінің еуразияшылдыққа дейін “пісіп-жетілуін” күтіп отырған жоқ. Біз іске асырғандарымыз кейін ЕАО қаңқасын құруы үшін интеграциялық байланыстарды түрлі бағыттар бойынша жүргізіп келеміз.

Біздің кеден режимін жетілдіру, тауарлар мен

қызметтердің кедергісіз қозғалысы жөніндегі бастамамыз Ресей Федерациясында және Беларусьте түсіністік тапты. Үш мемлекеттің арасында іс жүзінде болашақ ЕАО құрылымдарының бірінің алғашқы үлгісі болып табылатын Кеден одағын құру туралы келісімге қол қойылды. Бұл ұйым ТМД-ның басқа мемлекеттерінің оған кіруіне ашық, олар бұл құқықты пайдаланбай қалмайтынына сенімдімін.

Осылайша, интеграцияның жаңа кезеңінің “еуропалық” ауқымы анықталды. Жақындасудың басқа полюсі деп біз “орталық азиялық бағытты” санаймыз. Мәселе Қазақстанның аймақ бойынша ең жақын көршілері — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен жан-жақты ынтымақтастығын кеңейту мен тереңдету туралы болып отыр.

Біздің елдеріміздің бұрынғыдан тығыз экономикалық ынтымақтастыққа табиғи ұмтылысы олар қол қойған “Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасы мен Өзбекстан Республикасының Мемлекетаралық кеңесі және оның институттары туралы келісіммен” бекітілген. Жарғылық қоры тоғыз миллион доллар Орталық Азия ынтымақтастық банкі құрылды, нақты өндірістер белгіленіп, оларды жолға қоюды акционерлар ретінде қатысушы елдер қолға алды. Қазір 50-ден астам жоба қарастырылуда. Банктің жұмысына көмекке келуге әзір ЕЭК сарапшылары үлкен мүдделілік танып отыр.

Көп ауқымды интеграциялық ізденісті өрістете отырып біз, бейнелеп айтқанда, Еуразиялық одақтың моделін кішігірім сынақтан өткіземіз. Мейлі толық көлемінде болмаса да, бұл одақ құрылған және өмірге әбден-ақ икемді көрінеді.

Бәлкім, нақ сондықтан болар, бүгінде базбіреулер деректер мен қисындарға қарамастан, жаңа интеграциялық құрылымдарды Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығымен тоқайластырғысы келу арқылы демесек те, оған Орталық Азия одағын (ОАО) қарсы қоюға тырысу арқылы күнкөрісіне нәпақа тауып жүр. Қол қойылған барлық келісімдерде олардың ТМД шеңберінде әрекет ететіні, ал мұның өзі Достастық принциптеріне ешқандай да қарама-қайшы келмейтіні түсінікті, демек оның дамуына жәрдемдесетіні ашық айтылса да, бұл интеграция қарсыластарын тоқтататын емес.

Даурықпашылдықты оның “авторларының” ар-ұятына қалдырайық. Қай кезеңде де интеграцияны қуатты локомотивтер секілді көшбасшы елдер жүргізген. Олар басқалардың алдында жүрді және басқалардан гөрі алысты көрді. Егер осындай көшбасшылардың бірінің рөлін тарих Қазақстанға ұсынып отырса, біз соған лайықты болуға тырысамыз.

БІЗДІҢ ОРТАҚ ҮЙІМІЗДЕ ТАТУЛЫҚ ПЕН КЕЛІСІМ БОЛСЫН

Шынайы тәуелсіздікке жеткізетін жағдайлардың бірі ретіндегі тұрлаулы дамудың және бір ауқымына тоқталғым келеді: біздің ортақ үйіміздегі татулық пен келісімді нығайтпайынша, алға қарай жылжу мүмкін емес. Маған бұл проблеманы шешудің жолдары мәдени құндылықтарды орнықтыру, қоғамымыздың рухани бірлігі арқылы өтетін болып көрінеді. Қазақстан

халықтарының ассамблеясын құру туралы мәселе тұрған кезде бірінші тұрғыға нақ осы міндет — көптеген энтостардың рухани түлеуі мен дамуына, өзара сенім және құрмет ахуалын қалыптастыруға, еліміз халықтарының арасындағы достықты нығайтуға жәрдемдесуге қабілетті ұйтқылық орган болу міндеті ұсынылды.

Және бұл міндетті Ассамблея табысты атқаруда. Аз ғана уақыт аралығында оның бастамасы бойынша қоғамды демократияландыруға және мемлекеттік құрылымды жетілдіруге зор ықпал еткен екі референдум өткізілді. Ассамблея және оның жергілікті жердегі органдары демократиялық құндылықтарды қалыптастыру, мәдениетті, тілді, ұлттық дәстүрлерді дамыту жөнінде тынымсыз жұмыс жүргізуде. Бұл жұмыстың даңғазасыз, үйреншікті есеп берулер мен рапорттарсыз жүріп жатуы маған ұнайды. Алайда мен мұндай қызмет тиімділігін анықтаудың өте-мөте дәл өлшемі бар екенін білемін — бұл республикадағы қоғамдық-саяси тұрақтылық. Ал ол берік сақталуда. Бұл бізде бар нәрсенің ең құндысы. Айналамызда не болып жатқанын біле отырып, біз еліміздегі тыныштықты сақтауға міндеттіміз.

Жуырда Париждегі конференцияда БҰҰ Бас хатшысы Бутрос Б. Ғали балалар туралы айта келіп былай деп көрсетті: “Өткен 12 айда планетада соғыс қақтығыстарында 500 мың бала қаза тапты, 5 миллион бала босқындарға арналған лагерьлерде тұрады, 12 миллионнан астам бала баспанасыз қалды...” Ал тек жақын петелде ересектер бойынша Чешняда ғана бір жылда 30-дан 50 мыңға дейін адам опат болыпты. Оның ішінде әскерилер — 10—11 мыңнан аспайды.

Осындай күрделі уақытта даналық танытып, ең бір жауапты сәттерде тыныштық пен төзімділік сақтап отырғаны үшін Қазақстан халқын қадір тұтатынымды мен әлденеше рет айтқанмын. Бірақ бұл ретте біздегі ұлтаралық қатынастарда барлық мәселелер шешіліп қойғандай есеппен ешқашан көлгірсіген емеспін. Мәселе тіпті де олай емес. Бұл сала сондайлық нәзік, ал оның жүрек қылы сондайлық сезімтал болғандықтан да, қоғамның көңіл-күйін барынша мұқият зерттемеу, оған дер кезінде құлақ аспау — кешірілмес жәйт. Өйткені, осы жылдың басында бізде әлі тіл, азаматтық туралы мәселелерде қоғамдық ширығушылық байқалып тұрған еді.

Алайда, азаматтықтың мемлекеттік-құқықтық мәселелерін реттейтін маңызды Қазақстан — Ресей келісімдерін жасап, орыс тіліне ресмилік мәртебесін беріп, дер кезінде, оның үстіне демократиялық, конституциялық жолмен жанағы ширығушылықты тарқата алдық деп ойлаймын.

Қоғамдағы келісім, азаматтық татулық көптеген факторларға, соның ішінде түрлі қоғамдық-саяси күштердің айқындамасына да байланысты болмақ. Айтпақшы, біздің республикада 500-ден астам қоғамдық бірлестіктер тіркелген. Олардың толысуына ең жақсы сынақшы — уақыт. Терең идеялары мен бағдарламалары жоқ саяси ұйымдар қоғамның өзі талап етпеген ұйым ретінде сахнадан кетеді. Олардың орнына Атажұрт тағдыры үшін жауапкершілік басты нәрсе болып табылатындар келеді. Алайда қазақстандық қоғам өте-мөте ділгір болып отырған жасампаздық бағдарламасын бір ғана партия немесе көшбасшының талдап-жасауы мүмкін бола қоймас. Партиялық тұғырнамалар ұсынатын

барлық парасатты және пайдалы нәрсені бірыңғай тұтас етіп жинап, озық ойдың алтын қиыршықтарын бір құймаға балқыту керек.

Қоғамда “миграциялық мәселе” де ерекшеленіп тұр. Бұл бүгіннің, тіпті кешегі күннің де проблемасы емес. Егер миграциялық процеске тұтастай қарайтын болсақ, онда 60-шы жылдардың аяғынан бастап республикадан кетіп жатқан халық саны көбеюінің жалпы динамикасы байқалған. Оның шарықтау шегі 1994 жылға келді. Осы жылы миграциялық ағымның төмендеуі тұрғысындағы тенденция айқын болды.

Бірақ мәселенің мәні мұнда да емес. Бізде Қазақстаннан адамдардың кету себептері туралы пікір жарыстырғысы келетіндер жетіп жатыр. Ал бұл туралы халықаралық статистика не дейді екен? ЮНЕСКО-ның мәліметтері бойынша қазір дүние жүзінде 60 миллион адам “қозғалыста” екен. Оларды бұған не итермелейді? Бірінші орында соғыс әрекеттері немесе азаматтық қақтығыс аймақтарын тастап шыққан босқындар тұрады. Қазақстанға бұл процестің, өздеріңіз де білесіздер, қатысы жоқ. Одан кейін саяси репрессиялардан, табиғат апаттарынан, аштықтан құтылуға тырысқан адамдар тұрады. Мұндай құбылыстар да республикада байқалмайды. Соңғы орында ғана жылы орындарын тәуір үлес іздеу үшін қалдырғандар тұрады.

Бәлкім, осы себептен болар біреулер республиканы тастап кетіп жатса, өзгелері керісінше, қайтып келуде. Адамдардың еркін жүріп-туруы — бұл қалыпты, көп ретте демократиялық процесс. ЮНЕСКО-ның бас директоры, қазақстандық татулық пен рухани келісім сыйлығының лауреаты

Федерико Майор “адамдардың еркін жүріп-тұруы әркімге өзінің төл өмір салтын және өзін-өзі таныту тәсілін тандап алып, жеке өз тағдырының және өз халқы тағдырының қожайыны болуына мүмкіндік береді”, деп санайды. Бұл, Ф. Майордың пікірінше, “төрт негізгі тұжырымдаманың: азаматтықтың, төзімділіктің, білімнің, идеялармен және адамдармен еркін алмасудың синтезі жүретін кеңістік” болып табылатын демократиялық мәдениеттің нормасы. Олай болса, келіңіздер, осы норманы басшылыққа алып, түрлі-түрлі ұлттардың көптеген адамдары үшін шынайы Отанына айналған Қазақстанда азаматтар тәуір үлесін табуына ұмтылатын болайық.

МӘДЕНИЕТ ПЕН ИМАНДЫЛЫҚТЫ ҚАЙТА ТҮЛЕТЕЙІК

Мені бұл тақырыпты сөз етуге рухани құндылықтардың жүйесі ретінде ғана емес, сонымен бірге саяси процестердің индикаторы ретінде де барған сайын жиі көрініп отырған мәдениет феномені итермеледі. Өзіне тән абыроймен және әдептілікпен ол айлакерлікке бармайды, қайта, “ақиқат сәтін” айқындай отырып, болып жатқан оқиғаларға дәлме-дәл бейнелік бағасын береді. Мәселен, ұлтаралық қатынастардың жағдайы тұрақтылық кезеңінде де, әсіресе қақтығыстар кезінде де қоғамның нақ сол мәдени деңгейіне байланысты екені түсінікті емес пе? Мәдениетсіздік, көргенсіздік ахуалы үстемдік құрған жерде террор мен озбырлық билік жүргізеді. Ондай жерде демократия мен еркіндік қажет емес. Ондай

жерде жақсы тұрмыс пен гүлденуге ұмтылудың қажеті жоқ.

Мәдениет қоғам ішіндегі, халықтар мен мемлекеттер арасындағы қатынастарда өзекті факторға айналып келеді. Біз күн сайын елдер мен құрлықтарды жақындастыруда, ұлттардың оң тұрғыда өзін танытуында оның рөлі қандайлық зор екеніне көз жеткізудеміз. Тәуелсіз мемлекет болу, беделді халықаралық ұйымдарға кіру, түрлі келісімдер жасау аздық етеді. Бұл әлемде сені қаншалықты мойындап қана қоймай, соншалықты танығаны қажет. Өркениеттің шетсіз-шексіз мұхитында нақ сол мәдениет халықтардың жолбасшысы рөлін атқарады. Содан да елдерді ең әуелі оның озық ұлдарының — философтардың, жазушылардың, ғалымдардың, музыканттардың, әншілердің... қызметі арқылы таниды.

Біздің бәріміз осы жылы әлем Қазақстан халқының тарихын, мәдениетін, тілін, жан дүниесін Абай даналығы арқылы жақсырақ білгенін мақтан етеміз. Ұлы ақын, әрі ойшылдың ЮНЕСКО қамқорлығымен ұйымдастырылған 150 жылдығын мерекелеу оның шығармашылығын тану және жаңаша ой елегінен өткізу, оның философиясының терең қатпарларына бойлау рухында өтті. Абайды, басқа ұлы жазушылардың, композиторлардың, ғалымдардың еңбектері мен шығармаларын танып, тарихтың, өнердің сәулеттің таңғажайып ескерткіштерімен таныса отырып, әлем Қазақстанды барған сайын тереңдеп танытынына біз сенімдіміз.

Алайда мәдениеттің сөнбес жарығын өткеннің ұлы шығармалары, философиялық немесе діни ілімдер ғана шығармайтынын ескеру керек. Қазіргі

әлемде мәдениетті көп ретте қоғамның әлеуметтік және саяси сұраныстарына жауап ретінде қарастырады, өйткені ол қоғамның құндылықтар жүйесін және өмір салтын, адамның негізгі құқықтарын, дәстүрлерді, дінді қамтиды. Қазақстанның нақты жағдайын ескере отырып, мен осынау ұғымдардың әрқайсысына “көп ұлтты халықтың” деген сөзді қосар едім. Шынында да, біздегі өмір салты да, құндылықтар жүйесі де, дәстүрлер мен дін де, олардың кейбір ұқсастығы жағдайында, қайталанбас ерекшеліктерімен дараланады.

Әр халықтың қайталанбас өз мәдени даналығы бар екені әлдеқашан айтылған. Бұл даналықты құрметтеу рухани норма. Кімді де болсын өз дініне немесе, керісінше, атеизмге тартуға тырысу, өзінің мәдени құндылықтарын, тілін күштеп ендіру — мұның бәрі күштеп қол сұғушылық. Қазақстанның жуырдағы тарихынан өзіміз білетініміздей, ол кейде қасіретке айналады.

Алайда тәуелсіздік алғаннан кейін қасында басқа мәдениеттер өмір сүріп, тіршілік етіп жатқанын ұмытып, тек ішкі жағдайларға жұмылушылықтың қасіреті одан кем болмас еді. Өзгелерден оқшауланып, тек өзінің “ерекшеліктерін” қызғанышпен қорғаштайтын қоғам әрдайым өз дәуірінен аласталып қалуға ұрынады.

Өз мемлекеттілігімізді құра отырып, біз ұлттық құндылықтарды әмбебап құндылықтармен салыстыра қарауға, еліміздің мәдени сан алуандығына арқа сүйеуге, оның үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, сол арқылы халықтарды жақындастыруға,

олардың өзін және басқаларды тануына көмектесуге міндеттіміз.

Құранда осынау ізгі ой көрегендікпен былай деп айтылған: “Ей, адамзат! Біз сендерді еркектер мен әйелдер етіп жараттық және бір-бірінді білу үшін сендерді халықтар мен ұлыстар етіп жасадық”.

Біздің мәдениет өрісін демократия принциптерінсіз қалыптастырудың басқа құралы жоқ, өйткені демократиялық институттар ғана барлық халықтардың мәдениеті өзінің табиғи үнділігін тауып, мәдениетаралық диалог жолға қойылатын, төзімділік психологиясы орнықтырылып, біртұтас мәдениет кеңістігі жасалатын ортаны қалыптастыра алады.

Біздің өмірімізде мәдениеттің нақ осындай жоғары қызметін түсінушіліктің орнығып келе жатқаны мені қанағаттандырады. Қазақстанда Абай салтанаттарын өткізумен қатар славян жазуының күндері болды. Бұрынғы ел ыдырағаннан кейін бізбен достас мемлекеттермен үзіліп қалған мәдени байланыстар қалпына келтіріле бастады. Атап айтқанда, классикалық музыканың “Ермек Серкебаев шақырады” және классикалық балеттің “Дәстүр сыйлығы”, “Шығыс маусымы” халықаралық фестивальдері Ресейден, Өзбекстаннан, Украинадан, Беларусьтен, шетелдерден әлемдік өнердің көптеген жұлдыздарын жинады. Кинематография шеберлерінің республикалық екі және Алматыда өткен Бірінші халықаралық кинорыноктарындағы сұхбаты жемісті болды. Орта Азия мәдениет қайраткерлерінің жуырда Ташкентте өткен форумы халықтардың рухани өміріндегі маңызды оқиғаға айналды.

Бүгінде Қазақстанда тұратын халықтар

мәдениетінің күндерін өткізу бұрынғыға қарағанда мүлде басқаша қабылданады. Бәлкім, олар кейде даңғазалыққа айналып кететін бұрынғы салтанаттылығын жоғалтқан болар, алайда, олар мәдениет шенеуніктерінің араласуынсыз, толық демократиялық негізде өтіп, аймақтардың мәдени өмірімен табиғи астасып жатады.

Жалпы алғанда мемлекеттің мәдениет және өнер саласымен өзара қатынас мәселелерінің өзіндік ерекшеліктері бар, олардың төңірегінде пікірталас жиі болып тұрады. Алайда, “өкімет және суреткер” тақырыбының тіпті де қарапайым шешімі бар: мәдениет саласындағы саясат оны сақтау, оның қызметкерлеріне қолдау көрсетіп, дамуына жағдай туғызу, олардың әлеуметтік тұрғыда қорғалу құқығын мойындау үшін мемлекеттің жауапкершілігі принциптеріне негізделеді. Тек шығармашылық еркіндікке қол сұғушылыққа, саяси қысым жасауға жол берілмейді. Біз нақ осы принциптерді басшылыққа алып келдік және алдағы кезде де басшылыққа ала береміз. Айта кетейін, қазір республикада мәдениет пен өнерге қолдау көрсету конвенциясы әзірленуде, онда осы мәселелер толық мәнінде ескерілетін болады.

Қай кезде де өткір болып келген мәдениетке материалдық қолдау көрсету мәселесіне келетін болсақ, Қазақстанда оны қалдық принципі бойынша қаржыландыру еңсерілетін болды. Осындай процестер білім, денсаулық сақтау және ғылым салаларында да өтіп жатыр.

Демократиялық мәдениеттің әмбебап формуласының бір қыры төзімділік болып табылады. Ал толеранттылық ұғымы, әлбетте, кенірек, әр елде, аймақта оның нәсілдік, ұлттық, діни өз реңктері

бар. Бұл тұрғыда жүз ұлыстың ғана емес, сонымен бірге көптеген діни нанымдардың елі болып табылатын Қазақстан үшін діни наным бостандығы проблемасының көкейкесті сипаты бар.

Біздің Конституцияда ождан бостандығына құрмет тұжырымдалған. Бұл декларацияланатын норма өмірде нақты жалғасын тауып отыр. Барлық діни нанымдағылардың сұраныстарына құрметпен қараушылық республикада өзара түсіністік пен тұрақтылыққа жағдай жасайтынын біз де көріп отырмыз.

Бізде діни нанымдағылар саны өсіп отыр, мұның өзі әбден түсінікті. Қазір Қазақстанда 1300 діни бірлестік, 30-дан астам конфессиялар мен деноминациялар жұмыс істейді. Мешіттер, шіркеулер, ғибадатханалар салынуда. Діни ғұрыптық ғимараттарды діндарларға қайтарып, жаңаларының салынуын шіркеу жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырудағы маңызды қадам деп санаймын. Қазір астанада Орталық мешіт, Ислам мәдени орталығы салынып жатыр. Менің өкіміммен сәулет өнерінің ғаламат туындысы — Вознесение кафедралық соборы Алматы және Семей епархиясының пайдаланылуына берілді.

Шетелдерге ресми сапарлар барысында Мекке мен Ватиканда болуым мен үшін ерекше мәнді сипат алды. Біздің шақыруымыз бойынша Қазақстанға Мәскеу және Бүкіл Русь Патриархы Алексий II келіп қайтты.

Әлбетте, Қазақстанның діни өмірінде ислам мен православие ерекше рөл атқарады. Бірақ бұл өзге конфессиялар назардан тыс қалды дегендік емес. Мұнда тек бір жәйтті бөліп айту қажет. Әлеуметтік базасы және өз қызметінің қажеттілігі бар конфес-

сиялардың болуы табиғи да заңды. Бірақ біздің халықтарымызға бұрын белгісіз діни секталарды қаулатуға, басқа сөзбен айта да алмайсың, тырысушылық орын алып отырғаны сақтандырады. Ал олардың қызметі, көптеген елдердің қайғылы тәжірибесі дәлелдегеніндей, әрдайым болжап боларлықтай емес. Мұнда біз еліміздің Конституциясын және оның заңдарын қатаң басшылыққа алуға тиіспіз.

Кейбір күштердің діни негізде партиялар құруға ұмтылысы туралы да осыны айтуға болады. Мен бұл мәселеде дін мәңгілік, ал барлық партиялар өтпелі, сондықтан дін саяси күреске қатысуға тиіс емес, барлық оқиғаларды имандылық пен адамгершілік тұрғысынан бағалауға хақылы деп санайтын дінбасыларды қолдаймын.

Қазақстан аумағында әрекет ететін конфессиялардың басым көпшілігі мемлекетке қатысты саяси адалдық танытып отырғанын, оның бейбітшіл бастамаларына қолдау білдіріп, қоғамда мейірімділіктің, ізгіліктің, қайырымдылықтың жоғары нормаларын орнықтыруда екенін қанағат сезіммен атап өткім келеді.

* * *

Бүгінде егемен Қазақстан, оның бүкіл көп ұлтты халқы толық негізде үміт кезеңі деп атауға болатын кезеңді бастан кешуде. Әлбетте, бүкіл жақсылыққа деген — жеке, отбасылық өмірдегі ізгі өзгерістерге және қоғамдық өмірдегі оң қозғалыстарға деген үміт артушылық кезеңі.

Қысқасын айтқанда, кері кетушілік инерциясы

әлсіреген, біздің әрқайсымызда барлық қиындықтарды еңсеріп, жағдайды түзей алатынымызға және алға қарай жылжитынымызға деген сенім өсе түскен.

Бұл бос сөздер емес. Менен еліміз өзінің тәуелсіздігі жылдарында қол жеткізген басты нәрсе не деп сұрағанда, ойланбастан былай деп жауап беремін: “Бұл — адамдар сана-сезіміндегі өзгерістер”. Мұнда көлгірсудің қылпығы да жоқ: біз енжар бақылаушыдан және әлеуметтік масылдардан өзіміз де байқамастан осынау таңғажайып, бірақ әлі тіпті де кемелденбеген дүниені өз қолымен қайта жасай алатын жігерлі, шебер, тапқыр адамдарға айналдық.

Дегенмен де, біз уақыт талабына лайықты жауап бере аламыз ба, өмірімізді түбегейлі қайта құрып, тұрақты прогресс дәрежесіне жете аламыз ба? Бір сәттік және өткінші құндылықтардың соңында жүріп, өз мүмкіндігімізден айырылып қалмаймыз ба? Мен барлық қазақстандықтар бір кездері философ Альберт Камю айтқан “Олар сондайлық көп істі атқара алар еді, бірақ сонша азына шамасы жетті...” деген сөздерді өздерінің немерелері артынан айтып жүрмесін десе, осы сұрақтарға байланысты байыппен ойланғанын қалар едім.

1996

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕКІ ПАЛАТАЛЫ ТҮҢҒЫШ ПАРЛАМЕНТИ – ЕЛІМІЗДІҢ ЗАҢДАРЫН ШЫҒАРУДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕН

ПАРЛАМЕНТТИҢ БІРІНШІ МӘЖІЛСІНДЕ
30 ҚАҢТАРДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ

Бояуын ешқандай қалындатпай-ақ айтатын болсақ, осы отырған баршамыз Қазақстан шежіресінің беттерінен, мемлекеттігіміздің қалыптасу тарихынан лайықты орын алатын уақиғаға куә болып отырмыз. Біз Қазақстанның шынайы, өркениетті парламентаризмінің мөлдір бастауында тұрмыз. Осыны ерекше атап айтқым келеді, өйткені әрқайсымыз уақыт жүктеп отырған аса зор жауапкершілікті сезіне білуіміз керек.

Әрине, өкіметтің өкілдікті органдары бізде бұрын да болды, тіпті олардың жұмысын ұйымдастырудың едәуір әнтек тәжірибесі де болды. Оларға “парламент” және “парламентаризм” деген түсініктерді де танып жүрдік, бірақ бұл түсініктердің олардың жұмысына қаншалықты сәйкес келетініне ой жүгірте бермейтінбіз. Тарихтан жақсы білесіздер, Қазақстанда тек 1938 жылы ғана Қазақ КСР Жоғарғы Кенесі бірінші рет шақырылды. Бірақ ол, республиканың одан кейінгі барлық “кеңестері” секілді тек жүйенің саяси атрибуты болып, оның рөлі негізінен, одақтық Жоғары Кеңестің шешімдерін қайталаумен шек-

телді. Оның өзі де тоталитарлық жүйенің әлем-жәлем шымылдығы ғана еді.

Қазақстанның тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін ғана республикалық өкімет органдары өз заңдарын шығаруға мүмкіндік алды. Алғашқы кездері қоғам мен мемлекет өмірінің маңызды салалары үшін аса қажет болған заңдарды қабылдадық.

Бірақ тәуелсіздік жағдайында жұмыс істесе де, бұрынғы таптаурын ізден шыға алмаған. Жоғарғы Кеңес сапалық жағынан мүлдем жаңа, күн сайын өзгеріп отырған экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес тиімді жұмыс істеуге дәрменсіз болып шықты. Ол нарықтық экономика мен құқықтық мемлекет құруға байланысты ең өзекті деген мәселелерді шеше алмады. Мұндай қауқарсыздық жағдайда он екінші сайланған Жоғарғы Кеңестің өзін өзі таратуы болмай қоймайтын құбылыс еді.

Өкінішке қарай, оның орнына келген он үшінші сайланған Жоғарғы Кеңес те осы таптаурын жолдан шыға алмады. Оның үстіне, Конституциялық соттың шешімі көрсеткендей, ол заңсыз деп танылды. Осының бәрі оның өз жұмысын мерзімінен бұрын тоқтатуына апарып соқтырды.

Сол мезгілде депутаттардың алмасып отыру механизмінің жоқтығынан жоғары өкілетті органның сабақтастық пен іркіліссіздікке қабілетсіз болып шыққаны да анықталды. Осылайша, өткен жылдың бас кезінде біздің жоғарғы өкілетті органымызда орын алған кеселдің тіпті де кездейсоқтық емес, принципті сипат алғанына көз жеткіздік. Тәртіп бұзушылықпен аяусыз күресті және азаматтар құқын қорғауды қамтамасыз ете алмаған құқық қорғау және сот органдарының жағдайы көптеген

нала мен реніштерді туғызды. Ол ол ма, аталып отырған кеселдер сол уақытта жүйелік сипат алып қана қойған жоқ, реформаның ырғағына, қоғамдық-саяси жағдайға да зиянын тигізді деуге болады.

Шын мәнінде біз Кеңес идеологиясы мен оның тәжірибелерінен толық арыла алмаған барлық мемлекеттік жүйенің өн бойындағы дағдарысты басымыздан кешірдік. Бұл дағдарыс 1995 жылға қарай өзінің шарықтау шегіне жетті де, дереу оны конституциялық жолмен шешу қажет болды, өйткені мемлекеттік құрылымда, тиімді іс-әрекеттерге бара алмай, сүріне берді. Осыдан келіп мемлекеттік өкіметтің барлық салаларын, соның ішінде заңдылық тармақтарын конституциялық жолмен реформалау туралы саяси шешім қабылданды.

Заң шығару билігінде бос кеңістік пайда болған кезде мемлекеттегі барлық істер үшін жауапкершілікті Президенттің өз мойнына алуына тура келеді. Уақыт көрсеткендей, бұдан демократияға титтей де нұқсан келген жоқ, кейбіреулердің айтқанындай, ешкімнің басына диктатураның қою бұлты үйірілген жоқ. Керісінше, еліміз үшін сын болған сол бір уақытта халық, Қазақстандағы мемлекеттік өкіметтің қайнар көзі мен соның бірден-бір қожайыны ретінде, референдумда еліміздің жаңа Конституциясын қабылдап, өзінің шешуші сөзін айтты. Бұл сөз реформалар алға жылжып, қоғамдық-саясат тұрақтылық сақталуы үшін айтылды. Біздің демократияға деген еш өзгермейтін көзқарасымыздың куәсіндей болып, қазақстандықтардың жоғары азаматтық белсенділігін танытқан жаңа Парламентке сайлау өтті.

Парламент жоқ кезде заң күші бар Жарлықтар мен құқықтық реттеу саласындағы кем-кетіктердің орнын толтыруға, нарық шаруашылығын қалыптастыру үшін аса қажет деген экономикалық заңдар пакетін қабылдауға тура келді. Соның нәтижесінде еліміздің шаруашылық кешенінің үзіліссіз жұмысы қажетті заңдылық негіздермен қамтамасыз етілді. Бұдан басқа, конституциялық нормаларды тезірек іске қосу мақсатында Президенттің жарлықтарымен конституциялық заңдардың басым көпшілігі қабылданды. Осы уақыттың ішінде барлығы өзінің Заң күші бар 134 жарлыққа және біздің халықаралық келісімдерді бекіту туралы 60-тан астам жарлыққа қол қойылды.

Біздің бәріміз Парламент болмаған кезде елімізде күрделі жағдай қалыптасқанын түсінгеніміз жөн. Және де реформаның, тұрақтылықтың және қоғамдық жарасымның барысында қол жеткеннің бәрін тәуекелге салуға болмайтын еді. Сол кезде мен аса ұнай қоймайтын шараларға саналы түрде барып, кейбір талдаушылар мен журналистердің бағалауында “таза демократиялық процедураларды” жақтаушылардың тарапынан кінәлауға тап болатыныма ойша әзірленген едім. Таңдап алынған жолмен серпінді түрде ілгерілеуді қамтамасыз ету, басталған өзгерістердің кейінге шегерілуіне жол бермеу үшін мен осы шаралардың қажет екеніне соншалықты дәрежеде сенімді болдым және өзіме халық берген және Конституцияда бекітілген өкілеттіктерді пайдаландым.

Осы кезеңде қабылданған заң күші бар жарлықтарды өзіндік бір топтарға бөлуге болады. Әрине, олардың ішінде экономикалық реформа,

қаржы, банк және басқа да шаруашылық қызметінің мәселелеріне арналған топтың ең үлкені болатыны да заңды. Олардың ішінде “Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы”, “Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметі туралы”, “Акциздер туралы”, “Банкроттық туралы”, “Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы”, “Лицензиялау туралы”, “Құнды қағаздар және қор биржасы туралы”, “Жылжымайтын мүлікке деген құқықтарды тіркеу және олармен келісімдер жасау туралы”, “Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы”, “Қазақстан Республикасындағы салықтық реттеу туралы”, “Мұнай туралы”, “Жер туралы”, “Жер және жерді пайдалану туралы” іргелі жарлықтар бар. “Қазақстан Республикасының 1996 жылға арналған республикалық бюджеті туралы” жарлық қабылданды, яғни біз үстіміздегі қаржы жылына өз бюджетімізді алғаш рет дер кезінде бекіттік.

Мемлекеттік құрылыс мәселелеріне арналған жарлықтар жеткілікті түрде үлкен топты құрап отыр. Бұл — “Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы”, “Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы”, “Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы”, “Қазақстан Республикасының Президенті туралы”, “Қазақстан Республикасының Конституциялық кеңесі туралы”, “Республикалық референдум туралы”, “Қазақстан Республикасындағы шетелдік азаматтардың құқықтық жағдайы туралы”, “Мемлекеттік қызмет туралы” және басқа да толып жатқан құжаттар.

Мен соттар мен құқық қорғау органдары

қызметінің мәселелеріне неғұрлым жіті назар аударуды қажет деп таптым. Сондықтан “Қазақстан Республикасындағы соттар және судьялардың мәртебесі туралы”, “Қазақстан Республикасының прокуратурасы туралы”, “Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы”, “Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы”, “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тергеу комитеті мен оның органдары туралы” маңызды жарлықтар шығарылды. Бұл жарлықтар, сайып келгенде, елдің Конституциясы белгілеген сот және құқық қорғау жүйелерін реформалауды бастауға мүмкіндік берді. Ал ТМД-да әзірге осыған пара-пар нәрселер жоқ екенін бүкіл жауапкершілікпен айтуға болады.

Әрине, өткен кезең ішінде халықты әлеуметтік және құқықтық қорғау мәселелеріне талай рет көңіл аударуға тура келді. Мәселен, “Қазақстан Республикасы халқы өмірінің әлеуметтік жағдайларын жақсарту жөніндегі шаралар туралы”, “Ұлы Отан соғысына қатысушылардың, мүгедектерінің, және оларға теңестірілген адамдардың жеңілдіктері мен оларды әлеуметтік қорғау туралы”, “Азаматтарды медициналық сақтандыру туралы”, “Азаматтардың өтініштерін қараудың тәртібі туралы”, “Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің жесірлерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы”, “Дәрі-дәрмек құралдары туралы” жарлықтар қабылданды.

Заң күші бар көптеген жарлықтарды шығара отырып, мен осыны өмірдің өзі қажет етіп отырған кезде бұрын заң тұрғысынан қамтамасыз етілмеген қатынастарды реттеуге ұмтылып отырдым. Осындай жарлықтардың қатарына жоғарыда аталып

өтілген “Мемлекеттік қызмет туралы”, “Республикалық референдум туралы”, “Мұнай туралы”, “Жылжымайтын мүліктің ипотекасы туралы” және басқа да бірқатар жарлықтарды жатқызуға болады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарын бекіту туралы жарлықтар еліміздің сыртқы саяси бағытын жүзеге асырудың құқықтық базасын дамытуға бағытталды, ал оның негізіне игі көршілестік және ынтымақтастық, әсіресе, ТМД елдерімен игі көршілестік және ынтымақтастық принциптері алынған.

Ең бастысы қарқынды жоғалтып алмай, тіпті, өкіметтік құрылымдардың, ұйымдардың, бүкіл қоғамның дағдарысты жою және экономикалық жағдайды тұрақтандыру жөніндегі қызметі үшін қажетті құқықтық арналарды жасауды едәуір белсенді етуге қол жеткізгенімізде болып отыр. Қазір енді мен, жалпы алғанда, реформаларды тепе-тең ретпен ілгерілетуді қамтамасыз ете алғанымызды, өкіметтің барлық тарамдары органдарының қысқа мерзімді міндеттерді шешу жөніндегі жұмысында айқын өзара іс-қимылына қол жеткізгенімізді толық негізбен айта аламын.

Өткен жылы қолымның тигеніне қарай, мен барлық мемлекеттік органдардың жұмысын қадағалап, олардың қызметін жалпы стратегиялық мақсаттар арнасында бағыттап отырдым. Жіберілген кемшіліктер үшін Үкіметтің басшылығы, министрлер, облыстардың әкімдері мен басқа да басшылар менің тарапымнан бүкпесіз сынға ұшырап отырды. Сөйтіп, жалпы алғанда, біз өткен жылдардың кейбір елеулі олқылықтарын жөндеуге, реформалардың заңдылық базаларын құрудағы

артта қалуды жоюға, бұларды неғұрлым сындарлы арнаға бағыттауға, тіпті, жеделдетуге қол жеткіздік.

1995 жылы қол жеткізген оң өзгерістердің өзі бірқатар объективті классикалық көрсеткіштер арқылы расталып отыр, ал мұны қазір елемеу тіпті де мүмкін емес. Біз инфляцияның деңгейін сегіз есе дерлік қысқарта алдық. Өткен жылғы 1260 проценттен биылғы 160,3 процентке төмендеттік. Ішкі жаппай өнім шығарудың жылдық көлемінің құлдырау қарқынын 25,4 проценттен 8,9 процентке дейін, яғни үш есеге дейін азайттық.

Өткен жылдың соны өнеркәсіп өндірісі құлдырауының қарқынын біртіндеп қысқартумен сипатталды. Ал индустрияның химия, мұнай-химия және газ өнеркәсібі, қара және түсті металлургия тәрізді маңызды салаларында, өнім шығарудың өткен жылғы көлемі 1994 жылғы осындай көрсеткіштен тіпті асып түсті. Айталық, түсті металлургияда өндірістің нақты көлемі бір жылдың ішінде екі процент дерлік, химия, мұнай-химия өнеркәсібінде — 3,4, ал қара металлургияда 17 проценттен астам өсті.

Экономиканың аграрлық секторында Мемлекеттік азық-түлік контракттылық комиссиясының және Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі мемлекеттік қордың жұмысы кеңінен өрістеді. Өндірушілер өз өнімдерін биржаларда еркін баға бойынша өз бетінше сатуда. 1996 жылы селоға елеулі қаржы көмегі, әсіресе, шикізатты ұқсатуды дамытуға көмек көрсету белгіленіп отыр.

Экономиканы реформалауды бастай отырып, біз нарыққа қарай ілгерілеу кәсіпкерлердің жеткілікті түрде қуатты тобын құрмайынша мүмкін емес екенін ұдайы айтып келдік. Бүгін

танда республикада 17 мың жеке кәсіпорын және 29 мың шаруа қожалықтары белсенді жұмыс істеуде. Мұның өзі біздің халықаралық қаржы институттарының қатысуымен және жәрдемімен әзірлеген бағдарламамызды жүзеге асырудың нәтижесі.

Қызметтің басым бағыттарының бірі бұрынғысынша сыртқы экономикалық байланыстарды дамыту болып қала береді. Өткен жылдың қаңтар-қараша айларында біздің мемлекетіміздің сыртқы сауда айналымы 8 миллиард доллардай болды, мұның өзі осының алындағы кезеңдегіден бір жарым есе көп. Бұл орайда оң сальдо 1 миллиард доллар болды.

Біз алтын, валюта қорын арттыру туралы үнемі қамқорлық жасап келеміз. Бүгін таңда ол АҚШ-тың 2 миллиард долларына таяу.

Сайып келгенде, халықтың ең аз қорғалған жіктеріне деген біздің аянышымыз бен олардың тағдырына деген аландаушылығымызды білдіретін әлеуметтік сала басты мәселе болып отыр. Инфляцияны ауыздықтауға орай тұрақты төлемақы алатын адамдардың нақты табысының құлдырауы тоқтатылды. Доллармен есептегенде орташа айлық жалақының мөлшері бір жылдың ішінде 1,6 есе өсіп, өткен жылдың желтоқсанында 105 доллардай болды. Алайда, қаңтарда ол небәрі 62,5 доллар болып қалды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрі атқару органдары, экономикалық құрылымдар, еліміздің Үкіметінің басқа да тарамдары 1994—1995 жылдарға арнап қабылданған бағдарламалық құжаттардың негізгі көрсеткіштерін орындау үшін көп істер тындырды деуге негіз береді.

Бірақ бұл өзімізді өзіміз алдарқату үшін ешқандай негіз болмақ емес. Егер белгіленгеннің бәрі толық жүзеге асырылса, оның үстіне Үкімет, әрбір ведомство және әрбір әкім ойдағыдай жұмыс істесе, онда Қазақстан экономикасы, оның халқының тұрмысы, әрине, бұдан да жоғары болар еді.

Президенттің сан рет тапсырғанына қарамастан, Үкімет пен Ұлттық банк қазірдің өзінде келеңсіз құбылысқа айналып отырған бірқатар принципті маңызды проблемаларды шеше алған жоқ.

Бұл ең алдымен төлем дағдарысын жоюға байланысты. Мен Үкіметке оның есеп беруі кезінде, ең таяудағы уақыт ішінде шешімін қажет ететін ірі ауқымды, басты міндеттердің бірі осы екенін айттым. Осы бағытта еліміздің қуатты күштері де, үздік ақыл-ойы да шоғырлануы тиіс. Әйтпесе біз бір орынды шиырлап, өсудің зор күш-жігермен жасалған резервтерінен айрыламыз.

Үкімет қолайлы және тұрақты инвестициялық ахуалды жасау міндетін өте баяу шешіп келеді. Осы ерекше маңызды сала ұдайы олқылықтарға ұрынуда: бірде ұйымдық тұрғыдан, бірде құқықтық қамтамасыз ету жағынан, тіпті, кейде, инвестициялық жобалар мен кепілдерді хаттау процедуралары тұрғысынан кемшіліктерден арыла алмай келеді. Әр ретте жаңа ойлар мен әдістер туралы айтылады, пікірталастар өрістейді, бірақ бұл орайда сындарлы, практикалық ұсыныстар өте аз енгізіледі.

Үкіметтің, оның мекемелерінің, өкімет пен басқарудың басқа да органдарының жұмысында өзге де олқылықтар мен кемшіліктер аз емес. Бірақ ең бастысы — бұл әлеуметтік сала. Үкіметтің

тарапынан жалақы мен зейнетақыны төлеуде қарыз болудың келенсіз практикасы жалғасып жататын болса, ешқандай да ақталуды мен қабыл алмаймын. Өткен жылы біздің жүздеген мың отандастарымыздың тіршілік етудің бірден-бір және қарапайым көзі болып табылатын сомаларды төлеудің ұзақ мерзімге кешіктірілуінің көптеген фактілері орын алды. Қаржысы бола тұрып жалақыны дер кезінде төлемейтін және төлемдерді өтемеу проблемасын қолдан жасайтын меншіктің кез келген түріндегі кәсіпорындардың басшыларына Үкімет шара қолдануға тиіс.

Халықтың тұрмысының әлеуметтік жағдайын жақсарту мәселелері жөніндегі өзін қабылдаған заңдар мен жарлықтардың орындалуына бақылау жасауды Президент әкімшілігінің аппараты және Бас прокуратура жүзеге асырады. Бақылау қатаң әрі тұрақты болады.

Реформаның барлық бағыттары, экономиканың әрбір саласында және секторында жүргізіліп жатқан барлық шаралар, сайып келгенде, халықтың табысының өсуінен, оның материалдық игілігінің жақсаруынан көрінуге тиіс. Бұл басты буын, тіпті реформалардың бүкіл түйіні. Әйтпесе біз жалпы реформаларды несіне жүргіземіз және бүкіл мемлекетті несіне толығынан қайта құрамыз?

Әрбір кезеңде барлық өзгерістің жүзеге асу тиімділігін осы басты өлшеммен және индикатормен салыстырған жөн.

Реформалардың одан әрі дамуын айқындау үшін менің тапсыруым бойынша Үкімет үш жылдық орташа мерзімді бағдарламаны әзірледі, оны өткен жылдың аяғында бекіттім. Ол өзінің мақсаты

етіп 1998 жылға қарай инфляцияның жылдық қарқынын тоғыз — он екі процентке дейін төмендетуді қойып отыр. Ал үстіміздегі жылға келетін болсақ, онда инфляцияның деңгейі 26 проценттен асырылмауға тиіс.

Құрылымдық-инвестициялық саясат едәуір күшейтіледі, тиімділігі жоғары және бәсекелестікке қабілетті өндіріске сыртқы және отандық инвестициялардың тасқыны үшін қосымша ынта туғызылатын болады. Атап айтқанда, 1998 жылға қарай осы жылмен салыстырғанда банк кредиті үшін нақты проценттік ставканы шамамен алты есе төмендету көзделіп отыр.

Айтқандайын, біздің еліміз Халықаралық валюта қорынан және басқа да халықаралық қаржы ұйымдарынан өзіміз алған мемлекеттік кредиттер мен заемдар бойынша 1995 жылдағы өзінің қарызын толық өтеп шықты. Ал бұл аз да, көп те емес — барлығы 249 миллион доллар. Мұндай ұқыптылық іскерлер әлемінде жоғары бағаланады. Енді Қазақстанның үлкен бизнес әлемінде сенімді әрі міндетін орындайтын әріптесі ретіндегі беделі ешқандай да күмән келтірмейді, ал мұның өзі біздің шетелмен іскерлік байланыстарымызды одан әрі өрістету үшін жақсы кепіл болып табылады.

Үстіміздегі жылы өндірістік кәсіпорындардың реформасы жүзеге асырылатын болады, ал жүргізілетін өзгерістердің салмағын макроэкономикалық деңгейден микроэкономикалық дейгейге көшіру көзделіп отыр. Біз, айтылып жүргеніндей, жоғары деңгейдегі түсініктермен және категориялармен істес болуға және басқаруға үйрендік. Қазір енді қарапайым істермен етене айналысып, біздің кәсіпорындардың қызметін жандандыруы-

мыз қажет. Мұның өзі мемлекеттік те, сондай-ақ жеке де, әсіресе, жаппай ішкі өнімнің негізгі бөлігі жасалатын материалдық өндіріс салаларының кәсіпорындарына да қатысты.

Мұны біздің мемлекетіміздің, біздің тәуелсіздігіміздің негізін құрайтын тиімді, нақ сол тиімді нарықтық экономика арнасына көшіру және көтеру қажет.

Нақты орташа жалақының, тұтастай алғанда халық табысының өсуін қамтамасыз ету, халықтың әлеуметтік қорғалмаған жіктерін нақтылы қолдауды күшейту бағдарламаның тағы бір өзекті қыры болып табылады. Оның “Әлеуметтік саясат” деп аталатын тарауында, бір жағынан, тұрмысы нашарларға көмек көрсетуге, екінші жағынан, кірістерді тежеу мақсатында табысты реттеп отыруға көңіл бөлінген.

Үкімет ең кедейлер мен ең байлардың табыстары арасындағы алшақтықты қысқартуға ұмтылады. Алайда, халықтың жеткілікті түрде қамтамасыз етілген, өздерін әдетте ортаңғы тап деп атайтын едәуір көп және бұқаралық жігін қалыптастыруға қамқорлық жасаудың маңызы ерекше. Оған ұсақ және орташа бизнесмендер ғана емес, сонымен бірге білікті жұмысшылар, ғалымдар, басқа мамандықтар мен әлеуметтік жіктердің өкілдері қосылуға тиіс.

Тұрақты қоғам өзінің дәл осындай ортаңғы табымен күшті және соған сүйенеді. Мұндай тап болмаса кез келген қоғамның тепе-теңдік пен тұрақтылық алуы өте қиын. Бізде мұндай жік әлі жоқ. Бұл үшін Үкіметтің, жергілікті өкімет органдарының оны қалыптастыруға көмектесетіндей шаралар қолдануы қажет. Сондықтан әлеуметтік-

саяси ахуалды бағалаудың негізгі көрсеткіштері қатарына ортаңғы тапты, әсіресе, өндіріс саласындағы шағын және орташа бизнестің дамуы есебінен туындайтын ортаңғы тапты қалыптастыру процесін сипаттайтын көрсеткіштерді енгізгім келеді.

Мұнда біздің депутаттық корпусымыз да едәуір маңызды рөл атқаруға тиіс. Біздің “Кәсіпкерлікті қорғау және қолдау туралы” заңды жәй ғана қайтадан қарап қоймай, сонымен бірге бүгінгі күннің шындығын ескере отырып қабылданған заң актілерін түзетуіміз және заң пакетін әзірлеуіміз керек. Мемлекет жеке кәсіпорындарды құру жолындағы, тұтастай алғанда кәсіпкерлік жолындағы барлық бюрократтық тосқауылдарды алып тастауға тиіс.

Өтпелі кезеңде, барлық қиыншылықтарға қарамастан, азаматтық тыныштық пен қоғамдық татулықты қолдаудың ерекше маңызы бар. Басқару және әлеуметтік бақылау институттарын бүлдірместен қоғамдық өзгерістерді қамтамасыз ететін саяси тұрақтылық — қоғамдық қайта құрулар табысының ең бірінші шарты. Сондықтан бүгінгі Қазақстандағы ұлтаралық үйлесім мен әлеуметтік тыныштық — демократияның басты құрамдас бөлігі. Экономикалық қайта құру мен халықтың әл-ауқатын жақсартудың табыстылығы да осыған байланысты. Ал бүлдіруге қызмет ететіндер демократиялық нормаларға және экономикалық реформалардың бағытына кереғар әрекет етеді. Міне, біздің Конституциямыздың мұндай әрекеттерге тыйым салатыны да сондықтан.

Біздің егемен мемлекетіміз үшін бұдан бұрынғы жылдарда саяси саладағы басым бағыт — мемлекеттің егемендігін нығайту, саяси жүйенің ұтымды

үлгісін тандап алу болып келді. Бұл жалпы міндетті біз ойдағыдай орындап шықтық. Енді өз күш-жігерімізді жекелеген, бірақ бәрібір маңызы айрықша проблемаларды шешуге, демократиялық талаптар рухында адамның құқықтары мен еркіндігін толыққанды қамтамасыз етуге жұмылдыра аламыз.

Өткен кезеңде еліміздің жаңа Ата Заңында жарияланған бұл нормалар нақты мазмұнмен толығы бастады. Бүгінде сөз бен ар-намыс еркіндігі, саяси плюрализм біздің өміріміздің шындығына біржола және кері қарай кетпестей болып енгенін ешкім де жоққа шығара алмаса керек. Жаңа Конституцияның жобасын басым көпшілігі сөзсіз қолдаған саяси партиялар мен қозғалыстардың беделі бірте-бірте өсе түсуде. Олар мен Үкімет арасындағы пікір сайыс неғұрлым сындарлы сипат алып келеді.

Мұның өзі — демократияның дамуы үшін жақсы алғышарт. Сондықтан қол жеткенді нығайтып, одан әрі ілгері басу үшін біздің бәріміздің ойдағыдай жұмыс істеуіміз керек. Ал осы мақсаттар үшін биліктің барлық салаларының, қоғамның барлық саяси субъектілерінің саналы ынтымақтастығы қажет.

Елдің серпінді даму кезеңіне шығу үшін біз пайда болған онды нышандарды бекітіп, саяси, экономикалық және әлеуметтік ахуалды біржола тұрақтандыруға тиіспіз. Мұны Парламенттің негізгі саяси міндеті деп қараған жөн. Бұл оның қабылдайтын заң актілерінде дәйекті түрде жүзеге асырылуы керек.

Осы орайда мен бір жәйтті айтпасам болмайды. Елдің Конституциясы Парламенттің заң шығарушы

құзырының шегін тағайындағаны белгілі. Бұл дұрыс қадам, өйткені әрбір мемлекеттік орган тек өзіне ғана тән өкілеттіктерді жүзеге асыруға тиіс. Алайда бұл құзырлықтың мазмұны өте кең, сондықтан сіздердің жұмыстарыңыз бастан асатын болады, өйткені біздің мемлекеттігіміздің және қоғамдық өміріміздің барлық негіздері шын мәнінде тек заңдар арқылы реттелетін болады. Сонымен бірге Үкімет актілерінің беделі де елеулі түрде өсуге тиіс.

Жаңа заң актілерін, былайша айтқанда, екінші буындағы актілерді қабылдау жөнінде орасан зор жұмыс алда тұр. Бұл ең алдымен жаңартылған кодекстердің үлкен бір тобы. Оның ішінде Қылмыстық кодекс және Азаматтық кодекстің ерекше бөлігі, Әкімшілік құқық бұзу туралы, Неке және отбасы туралы кодекс, Еңбек және Тұрғын үй кодекстері бар. Іргелі Қылмыстық-процессуалдық және Азаматтық-процессуалдық кодекстерді қабылдау алда тұр. Бұлар арқылы сот реформасын жетілдіру қамтамасыз етіледі. Бұларды жай тізіп шығудың өзі, төтенше маңызы бар қоғамдық қатынастарды кодификациялап, реттейтін осы актілерді қабылдаудың өзі кез келген заң шығарушы органның абыройын көтеретінін түсіну үшін жеткілікті.

Іргелі конституциялық нормаларды, ең алдымен адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына қатысты нормаларды дамытатын және іске қосатын заңдардың тобын тынымсыз, мұқият әзірлеу және қабылдау қажет. Олардың қатарында Парламенттің қарауына ұсынылған “Митингтер мен шерулер туралы”, “Саяси партиялар туралы”, “Бұқаралық ақпарат құралдары туралы”, “Ұжым-

дық еңбек даулары және ереуілдер туралы” және басқа заңдардың жобалары бар.

Үкімет ұсынған және елімізде нарықтық өзгерістерді одан әрі ілгерілетуді қамтамасыз етуге тиісті экономикалық заңдар жобаларының тізбесі де едәуір ауқымды. Олардың ішінде “Шаруашылық серіктестіктер туралы” (жаңа редакциясында), “Жеке кәсіпкерлік туралы”, “Бюджет жүйесі туралы”, “Бәсекелестікті дамыту және монополистік қызметті шектеу туралы” жобалар бар. Біздің салық жөніндегі заңымызды жетілдіретін, экономиканың басқа да көптеген проблемаларына көзқарасты қайта қарайтын кез жетті.

Парламент әлеуметтік қатынастарды реформалау жөнінде маңызды рөл атқаруға тиіс. Мен Үкіметке зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесін реформалау туралы, жұмыспен қамту туралы заңдарға өзгеріс енгізу туралы, өндірістегі бақытсыз жағдайлардан және кәсіби аурулардан міндетті түрде сақтандыру туралы, әлеуметтік серіктестік туралы, азаматтарды міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы және басқа да көптеген заң жобаларын әзірлеу жөнінде тапсырма бердім.

Парламенттің заң шығарушы қызметінің елеулі бөлігі мемлекет пен қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз етуді реттейтін, біздің мемлекеттік және қоғамдық институттарымызды ұйымдастыруды және олардың қызметін реттейтін заңдардың жобаларын талқылаудан тұруға тиіс екені де орынды. Бұл орайда табиғатты қорғау, өрт және жол қауіпсіздігі, азаматтық қорғаныс, атом энергиясын пайдалану, жергілікті өкілдікті және атқарушы органдардың қызмет етуі, жергілікті өзін-өзі басқару, нотариат және адвокатура органдарының жұмыс

істеуі, дипломатиялық және консульдық қызметтер және тағы басқа мәселелер ескеріліп отыр. Оның үстіне бұрын қабылданған заңдарды еліміздің жаңа Конституциясына сәйкестендіруге байланысты қызметтің орасан зор көлемі алда тұр.

Жаңа жағдайда біздің заңдарымыз орын алып отырған құбылыстардың жай-күйін жай ғана бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге қоғам мен мемлекеттің дамуының ұзақ мерзімді тенденциялары мен келешегін ескеруге, өз бойына болашаққа деген болжамды сіңіруге, біздің көп ұлтты халқымызды болашақ ұрпақтардың игілігі үшін қарқынды жұмыс істеуге бағдарлауға, азаматтардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін тәрбиелеуге тиіс.

Парламенттің мемлекеттік өкіметтің басқа да тармақтарымен өзара қарым-қатынасының сипаты маңызды мәселе болып қала береді.

Дүниежүзілік практика, сондай-ақ біздің қазақстандық тәжірибеміз бұл проблема қашанда көкейтесті проблема болып келгенін және болып қала беретінін көрсетіп отыр. Оны шешудің іргетасы тежеу және қарама-қарсы салмақ жүйесі арқылы жүзеге асырылатын өкіметтерді ажырату принципі болып табылады. Бұл принцип мынадай өзара іс-қимылды көздейді: бұл орайда өкіметтің тармақтары дербес әрекет жасайды, біреуінің есебінен екіншісін күшейтуге және бір-бірінің құзырлығына араласуға жол берілмейді. Өкіметтің басқа тармақтарымен, ең алдымен атқару өкіметімен қатынастарда тепе-теңдік және конституциялық ауқым сақталуы туралы Президенттің жеке өзі қамқорлық жасайтын болады. Ал оған мемлекеттік өкіметтің барлық тармақтарының

келісілген өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде конституциялық міндет жүктелген. Өкіметтің барлық тармақтарына деген бірдей көзқарастың болғаны, Парламенттің де, сондай-ақ Үкіметтің де жоғары мәртебесін қолдау, оларға деген еліміздегі құрмет өте маңызды.

Өкімет пен қоғамның өзара қатынасының әліппесі мынадай: өкімет, атап айтқанда, оның заң шығарушы тармағы тиімді әрекет еткен кезде, қабылданған заңдар шындыққа сай келіп, бір-біріне қайшы келмейтін болса, онда азаматтардың алдынан бастамашылық үшін жол ашылады, сонда ғана қоғамның табысты дамуына, оның экономикалық және әлеуметтік дамуына үміт артуға болатыны бұлжымас шындық. Дегенмен, бұл тұста шығарған барлық заңдарымен бірге мемлекет қоғамдық шарттың нәтижесі және өнімі болып табылады, демек, кез келген қоғамда әрқашан болып жататын түрлі бағыттағы процестерді үйлестіретін әлдебір мәміле болып шығады.

Өкінішке қарай, бұл тұжырым қашанда дер кезінде түсініле бермейді. Әсіресе, принциптерге ойсыз бас ұру, “көнгіш зиялыларға” деген немқұрайды көзқарас, алуан түрлі мәмілелерге жек көріп қарау ахуалында басым көпшілігі тәрбиеленген біздің қоғамда бұл әлі түсінілмей отыр. Қазір біздің көпшілігіміз үшін осынау мәмілеге келмеудің салдарынан біз қаншама көп рухани құндылықтардан, қаншама көптеген адамдардан айрылғанымыз түсінікті болар. Бұған көз жеткізетін ашы куәнің бірі — кенестік дәуірден кейінгі және социалистік кезеңнен кейінгі кеңестіктегі “ыстық нүктелер”.

Тек қазір ғана біз баяу болса да барынша

лайықты, тіпті, қазіргі заманғы адамзат қоғамдастығының бірден-бір ықтимал шарты ретінде мәміленің мәнін түсініп, бағалай білуді үйрену үстіндеміз. Сондықтан, заңдарды шығаратын адамдар бір мезгілде білікті заңгерлердің, дана әлеуметтік талдаушылардың, сезімтал психологтардың, ісі мен әрекетінде еш міні жоқ шенеуніктердің қасиеттерін бойына сіңіруге тиіс екені әбден айқын.

Ағымыздан жарылып айтсақ, мұндай мұраттардан әлі де алыс жатқанымызды мойындағанымыз жөн. Ежелгі және қалыптасқан демократиялық дәстүрлері бар елдердегі біршама пәрменді әрекет етіп отырған сайлау процесінің тетіктері мен процедурасы біздің жағдайымызда заң шығару жұмысы үшін барынша қабілетті адамдарды іріктеп алуды қамтамасыз ете алмайды. Қоғамдық сананың жайы да, саяси институттар да біздің заң шығарушыларымыздың шын мәніндегі кәсібилігін қамтамасыз ететіндей деңгейге жеткен жоқ және әлі жете де алмай отыр.

Алайда осы ахуалдан түңілетіндей ештеңе жоқ. Бүкіл адамзат бұған сан ғасырлар бойына үйреніп келді, біз де үйренетін боламыз. Оның үстіне бізге, бәлкім, оңайлау тиер, өйткені біз басқа елдердің, әлемдік қоғамдастықтағы бауырластарымыздың тәжірибесіне ие болып отырмыз. Үйрену айып емес, қараңғылықта қалып, одан құтылып шығуға әрекет етпеу айып.

Біздің жаңа Парламентімізге жасы, кәсібі, әлеуметтік және саяси бағдары, кәсіптік даярлық деңгейі жағынан әртүрлі адамдар келді. Осы жәйт оларға оңай да жарқын өмірді бере қоймас.

Бәлкім, мұның өзі жаман да болмас. Шынайы парламентаризм халықтың түрлі жіктерінің мүдделері, пікірлерінің сан алуан өрісі тоғысқан, еркін шығармашылық ахуалы үстемдік еткен жерде ғана туындайды. Оның үстіне сапалы заң шығару процесі үшін сындарлы саяси оппозицияның болғаны да пайдалы, өйткені ақиқат пікір таласынан туындайды ғой. Парламент үйінде қызу айтыс пен пікір сайысы буырқанып жатсын, бірақ олардың қоғамымызды талқандай алатындай толқу туғызудың себебіне айналмауы маңызды.

Егер саяси айтыстар Парламент қабырғасынан көшеге шығып кетсе, бұл жаман. Осындай айтыстартыс кенеттен Үкіметті де шарпыса, бұл да жаман. Үкімет — атқарушы орган, ол саясаттан тыс болуға тиіс. Үкіметтің ойдағыдай жұмыс істеуі үшін бекем де кеменгер құқықтық база, заңдардың тұрақтылығы және қандай да болсын саяси күрестен аулақ болу аса қажет. Үкіметтің өз мақсаттары бар: елдің заңдарын сақтай отырып, экономика мен әлеуметтік қатынастар саласындағы нақты міндеттерді шешу жөніндегі күнделікті жұмысын атқару.

Осы жұмыста Үкімет өзінің күш-жігерін қолдауға ділгер.

Өкімет билігінің екі тармағының әрқайсысы — заң шығарушы және атқарушы тармақтары өзара байланысты болса да, мүлдем өзгеше міндеттерді атқарады. Олар бір-біріне кедергі жасамай, қайта көмектесіп отырса, арқанды қайсымыз тартып әкетер екенбіз ойыны тәрізді әрекетке бой алдырмай, ортақ жүкке жегілсе, онда іс қалыпты да ойдағыдай жүретін болады.

Таяуда мен Ресейдің алғашқы Мемлекеттік ду-

маларының стенографиялық есептерін қарап шықтым, сонда мені ХХ ғасырдың аяғындағы қазіргі проблемалар осы ғасырдың басындағы проблемаларды айнадағыдай қайталайтыны таң қалдырды.

Бұл Ресейдің мемлекеттік құрылысының, негізгі заңдардың жаңа редакциясының мәселелері екен. Ал бұл мәселелер елдің жоғарғы, жарлықшы және заң шығарушы өкіметтерінің өзара қарым-қатынасының сипатын және елдің саяси құрылысы мен жер қатынастарының сипатын айқындаған. Заң шығарушы екі жиналысты таратумен және Мемлекеттік думаның әлеуметтік-саяси бейнесін өзгертумен байланысты туындаған ұйымдық-саяси проблемалар да және сол кездегі атқару өкіметімен оның жанжалдары да ұқсас. Бұл материалдарды оқи отырып, осының бәрін бүгінгі өзіміздің өмірімізден көріп, білгенінді ұдайы сезінесің. Заң шығарушы өкіметтің мақсаткерлігі мен пәрменділігі туралы сол баяғы бітпейтін даулар. Мынадай сипатты мысал келтірейін. 1908 жыл, III Мемлекеттік думаның — толық мерзімінде жұмыс істеген сол Дума депутаттарының бірінің сөзі. Ол былай дейді: “Өкілетті мекеме енгізілген жағдайда алғашқы палаталар әдетте жаман жұмыс істейтіні баршаға белгілі. Германияда тек 9-шы Рейхстаг (Парламент), Италияда тек 11-ші палата іске ойдағыдай кірісе алды, біз Австрияның палатасы жұмысқа мүлдем қабілетсіз екенін де көріп отырмыз”.

Осының бәрі бұдан 90 жыл бұрын болып өткен. Бірақ мұның өзі бұқаралық ақпарат құралдарының біздің жаңа Парламентіміздің пәрменділігі жөнінде көтеріп жатқан бүгінгі науқанын еске түсіреді.

Алайда, бізді тарихтың дөңгелегі сол бір про-

блемаларға ұдайы қайта-қайта оралта бергенімен, алыстағы өткенге көз жүгірте берудің қажеті жоқ. Ең алдымен жоғарғы өкімет қызметіне ие болмақшы саяси институт ретіндегі Парламенттің негізсіз талаптарына құлақ аспаған жөн.

Біз өкіметтің түрлі тармақтары арасындағы тепе-теңдік мәселесіне қайта-қайта оралудамыз. Әр ретте осы тепе-теңдікті бір жағына қарай ауыстырып алудың қауіпі туып отырады. Мемлекеттік өкіметтің түрлі институттарының өз өкілеттіктерін кеңейту үшін жанкешті күресі көптеген елдерді өткенде және қазірдің өзінде елеулі дүрбелеңдер мен апаттарға апарып соқтырды және апарып соқтыруда.

Мысалы, Ресейде 1917 жылы осы процестегі Мемлекеттік думаның рөлін алайық. 30-шы жылдарда Германиядағы Рейхстагтың саяси бойкүйездігі, өкіметтің әлсіздігі фашизмнің келуіне әкеліп соқтырды. Ресейде 1993 жылғы қазанды алайық. Беларусь пен Украинадағы Жоғарғы Кеңестердің бүгінгі тандағы тайталасы ше. Міне, бұл тізбені одан әрі жалғастыра беруге болады.

Бізге мұндайдың қажеті жоқ және де мен өз міндетімді қалай болғанда да осындай келеңсіздікке жол бермеу деп білемін, бұл жолда не Парламентті тарату арқылы, не Үкіметті қызметінен кетіру арқылы құрбандыққа барсам да, мұндайға жол бермейтін боламын. Мұның екеуі де қазір қолданылып отырған Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген.

Иә, елдің Негізгі Заңы Парламенттің Үкіметке сенімсіздік білдіруі құқығын көздейді. Мұның өзі заң шығарушы және атқарушы өкімет тармақтары арасындағы қарым-қатынастарда бірін-бірі тежеу

мен қарсы салмақты сақтау жүйесінің ажырағысыз элементі. Егер ахуал осыны талап ететін болса, депутаттар атқарушы өкіметті жауапқа тарта алады. Сонымен қатар мұндай құқықтардың болуы олардың иесіне өз ісі мен қылығына мейлінше жауапкершілікпен қарауын көздейді. Осыған байланысты депутаттардың атқарушы өкіметпен келісімді жұмыс істейтініне сенім білдіремін. Оның үстіне енді Үкімет те Парламентке ықпал етудің конституциялық тұтқаларына ие. Ол Президент арқылы бірінші кезекте қаралуға тиіс заңдарды айқындай алады, өзіне сенім көрсетілуі туралы мәселені көтере алады. Мұның өзі Парламентті белгілі бір жағдайға қояды және, ақыр соңында, Парламент бюджет қаржысының жұмсалуды туралы мәселені тек Үкіметтің келісімімен ғана қарауға ұсына алады.

Республика Конституциясы өкілетті органдардың бұрынғы біртұтас кеңестік жүйесін түпкілікті жойып, сонымен бірге Парламенттің заң шығарушы қызметінің аймақтық қырларын ескере отырып, жергілікті өкілетті органдар ретінде мәслихаттар Парламенттің жоғарғы палатасын құрады деп көздейді. Бұл орайда бәрі де — сенаторлардың да, Мәжіліс депутаттарының да жалпы мемлекеттік мүдделерді ойлауы, олардың аймақтық мүдделермен жарасымды ұштасуын көздеуі маңызды. Сөйтіп, Парламенттің республиканың жергілікті өкілетті органдармен қарым-қатынастарының мүлдем өзге жүйесі қалыптастырылуда, мұның бағыныштылық принциптеріне ешқандай да қатысы жоқ.

Елдің жаңа Конституциясынан туындайтын сот билігі жүйесіндегі түбегейлі өзгерістер Парламент пен сот органдары арасындағы қатынастарға да

өзгерістер енгізді. Бұдан былай депутаттар корпусы судьяларды сайлау кезінде бұған дейін болып келгеніндей өздігінен дауыс бере салмайды, қайта Жоғарғы сот кеңесі және Әділеттің біліктілік алқасы арқылы судьялар корпусын қалыптастыруға нақты да пәрменді түрде қатысатын болады. Соттарда бос орын санының айтарлықтай көп екенін және сапа тұрғысындағы жаңа судьялар корпусын қалыптастыру қажеттігін ескере келіп, мен депутаттардан аталған органдарға Парламент өкілдерін жіберу мәселесін көп ұзатпай шешуді өтінемін. Бұл Конституцияның талабы. Конституцияда Жоғарғы сотты сайлау Сенаттың құзырлығына жатқызылған, ол Президенттің ұсынысы бойынша жүзеге асырылады. Бұл құқықтық мемлекет үшін дәстүрлі Парламенттің сот билігінің жоғары буынын қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз ету қажеттігіне байланысты.

Конституция жаңа мемлекеттік орган — Конституциялық кеңесті құрды. Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс практикасы және қазіргі шетелдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, Конституциялық сот үлгісі Конституцияны сот тұрғысынан қорғау органы ретінде өзін әр уақытта бірдей ақтап отырған жоқ. Елдің тағдыры, былайша айтқанда, “барлық жүз процент мөлшерінде” бүкілхалықтық сенім мандатына ие болмаған бір топ адамның ерік-жігеріне тәуелді болмайды және болуға да тиіс емес. Конституциялық кеңес елде конституциялық заңдылық тәртібінің қамтамасыз етілуіне жәрдемдесетін болады. Конституциялық кеңес қабылдайтын шешімдердің әділетті болуы үшін осы мемлекеттік органды қалыптастыруға Прези-

дент те, өз палаталарының басшылары арқылы Парламент те қатысады.

Мәртебесі мен қызметін ұйымдастыруы бойынша елдің принципінде жаңа заң шығарушы органының белгіленуі заң шығару бастамасының құқық институтында өзгерістер туғызды. 1978 жылғы Конституция бойынша бұл құқыққа кім қаласа соның бәрі ие болғаны белгілі. Бірақ ешкім де бұл құқықты жүзеге асыра алмады. 1993 жылғы Конституция осындай құқыққа ие субъектілер тізбесін шектеді, алайда бұл проблеманы ақырына дейін шешкен жоқ.

Нақ осыған байланысты елдің жаңа Конституциясы заң шығару бастамасы құқығын жүзеге асырудың өзге тәртібін белгілейді. Үкімет заң шығарушы бастаманың субъектісі ретінде тікелей парламентшілермен жұмыс істейтін болады. Конституция мемлекет басшысында заң шығару процесіне ықпал етудің тиісті тұтқаларының болуын көздейді. Сондықтан мен мемлекеттік қажеттілік жағдайында оларды пайдаланатын боламын. Бұдан басқа Парламенттің екі палатасына менің өкілдерім тұрақты қатысып отыратын болады, солар арқылы мен депутаттар корпусымен байланысты қамтамасыз етпекшімін.

“Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы” Жарлығым жалпы алғанда елдің жаңадан сайланған жоғары заң шығарушы органы қызметінің негізгі ұйымдық мәселелерінің көпшілігін шешеді. Бұл

оның ұйымдық қалыптасуы кезеңінің мейлінше қысқа және мүмкіндігінше жеңіл өтуіне жәрдемдесетін болады. Мен депутаттарға қалыпты жұмыс пен тұрмыс жайын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайлардың барлығының жасалуын, тіпті кеудеге тағатын белгінің әзірленуін де қадағалап отырдым. Мүмкіндік шегіне қарай мұндай жағдайлар жасалды — кабинеттер, тұрғын үй, көлік әзірленген, еңбекке ақы төлеу айқындалған және тағы басқа мәселелер шешілген.

Қандай да болсын мәселелер туындап жатса, олар жұмыс барысында бірлесіп шешіледі. Ұйымдық тұрғыдан алғанда мынадай елеулі жәйт бар: заң шығару процесі барысында палаталардың тиімді де үзіліссіз өзара іс-қимылын әу бастан жолға қою аса маңызды. Депутаттар жұмысының түпкі нәтижелілігі де осыған байланысты. Белгілі бір заң шығару міндеттерін шешуге тиіс Парламент палаталарының ішкі алауыздық пен айтыстарға белшесінен батып қалуына жол беруге болмайды.

Еліміздегі өкіметтің бүкіл жүйесі, олардың қайсыбір тармағы болмасын, көпұлтты халқымыздың айнасы, халқымыздың мүддесі мен үміті. Өкіметтің барлық тармақтарының мақсаты бір және басталған істің нәтижесі үшін қоғам мен мемлекет алдында бірдей жауапты.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ОДАҚ: ЖАҢА ШЕПТЕР, ПРОБЛЕМАЛАР, БОЛАШАҚ

**РЕСЕЙ ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР
АКАДЕМИЯСЫНЫҢ АҚПАНДАҒЫ
СЕССИЯСЫНДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗ**

Интеграция жөніндегі өз түсінігімді бұдан екі жыл бұрын тұжырымдай келіп, мен сол кезеннің барлық саяси коннотациясын жақсы түсіне отырып, жобаның барлық ережелерін түгел орындауды алға қойған емеспін. Мен екі пікірге сүйендім. Біріншісі — кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің елдерінде бір мезгілде пайда болған, интеграцияны одан әрі дамыту жөніндегі барынша шынайы ұсыныстарды біртұтас етіп, қорытындылауға тырыстым. Екіншісі — ТМД институттарының қызметіндегі жөнсіз ұзаққа созылған үзілісті тоқтату болатын. Мен екі міндетті де орындап шықтым деп ойлаймын. Еуразиялық одақты құру жөніндегі ұсынылған жоба бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдардың, Достастық елдерінде, сондай-ақ алыс шетелдерде ғылыми топтардың пікірталастары мен конференцияларының толқынын туғызды.

Егер қателеспесем, ТМД елдерінің баспасөзінде осы жобаға арналған 500-ден астам материалдар шықты. Бірнеше ірі халықаралық конференциялар өтті. Жоба Достастық мемлекеттері басшыларының Мәскеудегі қазан айындағы (1994 жыл) кездесуінің күн тәртібіне енгізілді.

Соңғы екі жылдың ішінде ТМД елдері көптеген проблемаларды алға жылжытты, соның ішінде

Мемлекетаралық экономикалық комитетті құру, Кеден одағын жасау бар.

Жобада аталған келеңсіз, сондай-ақ сындарлы бірқатар тенденциялар, бір мәнді расталды. Мысалы, ТМД кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте интеграцияның бірден-бір нысаны бола алмайды және аймақтық әрі салалық бірлестіктерді қалыптастыру қажет деп жобада айқын айтылған болатын. Уақыттың өзі осындай әдістің дұрыстығын растап берді. Сөйтіп біз бірқатар интеграциялық нысандардың қалыптасуына куә болып отырмыз — үш мемлекеттің Кеден одағы, Орталық Азия одағы және басқаларын айтсам жеткілікті.

Таяудағы жылдардың ішінде басқа да нысандары пайда болады деп ойлаймын.

Жоба таяудағы уақыттың ішінде ТМД елдері дамыған экономикалық блоктарға тең құқықты серіктес ретінде кіре алмайтынын түсінуге негізделген болатын. Солай болып шықты да. Технологиясы және инфрақұрылымы өзгеше экономикалық аймақтарға жұлқына ұмтылуды идеалдандыру қазіргі таңда айқын болып отыр. Соған қарамастан біздің мемлекетіміз Батыста және Шығыста ірі халықаралық ұйымдарға барған сайын белсенді қатысуда. Мысалы, Қазақстан Еуропадағы Қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының, Экономикалық ынтымақтастық ұйымының және басқаларының жұмысына қатысуда.

Бірақ бұл кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте интеграцияның жақтаушысы болуға және оны басым міндет ретінде қарауға бөгет жасамайды. Мен бұрынғысынша интеграциялық процестердің сын-

дарлы сипаты ЕАО жобасында үлгі ретінде белгіленген тұғырнамаға сүйенетін болады деп есептеймін.

Мен бұған неге сенімдімін. Бұдан екі жыл бұрын берілген серпін қазір өзінің жемісін беріп жатыр.

Кеден одағына таяу уақыттың ішінде тағы да үш ел қосылады. Бұдан бір ай бұрын Ресей Қазақстанмен шекарадағы кеден кедергілерін толық алып тастады. Ал біз, айтқандайын, мұны бұдан жарты жыл бұрын жасағанбыз. Мен осы кезең ішіндегі Қазақстан — Ресей, сондай-ақ Қазақстан — Беларусь тауар айналымының арта түскенін атап өтуге тиіспін. Мемлекетаралық экономикалық комитеттің қызметі бұрынғыдан нақты бола түсуде. Аймақтық негізде, атап айтқанда, Орталық Азияда интеграция түйіндерін қалыптастыру процесі жүріп жатыр. Сынаушылардың кейбіреулері мынадай қарапайым жағдайды көрмей отыр — осы интеграциялық түйін ТМД кіші системасының ішінде, басқа жүйеде емес, нақ соның ішінде жүріп жатыр. Шарттың тоғыз елінің ұжымдық қауіпсіздік және көптеген екі жақты келісімдерге қол қойғанын жете бағалаған жөн. Атап айтқанда, азаматтық алу мәселесі жөнінде қарапайым етілген Ресей — Қазақстан келісімін мысалға келтіруге болады. Бұл “Еуразия жобасы” әкеліп отырған практикалық әлуеттен туындауда.

Қазіргі уақыттың өзіндік ерекшелігі бар — ол жаңа саяси және экономикалық шындықтарды туғызады. Олардың қатарына ұлттық экономикалардың құрылымдық байланысының төмендеуі, автономиялық және көбіне қарама-қарсы экономикалық мүдделердің артуы, экономикалық ре-

формалардың түрлі үлгілері, едәуір өзгешелігі бар саяси сипаттардың болуы, мәдени құндылықтардағы өскелең ажырау және өркениетті бағдарлаудағы кеңінен ажырау жатады.

Осы процестерді көрмеу — демек, түйеқұс айқындамасын ұстану деген сөз. Осы объективті тенденцияны күш-жігер арқылы “жеңіп өту” бұдан да зор саяси ессіздік болар еді.

Бір сәтте интеграцияны жақтап шыға келген және кенеттен “оянған” қайраткерлер, өкінішке қарай, тағы да пойыздан қалып қойды. Олар соңғы жылдары Достастық елдерінің әрқайсысында болып өткен іргелі өзгерістерді ескермей отыр.

Соған қарамастан, осы “кеңестік кезеңнен кейінгі жаңа шындықта” интеграцияны дамытудың оңтайлы нұсқасын табу қажет.

Бұдан екі-үш жыл бұрынғы оқиғаларды еске алайық. ТМД республикалары соңғы сәтке дейін рубльдік аймақты сақтауға сеніп келді. Біз сол кезде өте күрделі экономикалық жағдайға тап болдық. Бұл жас ұлттық валютаның жылдам инфляциясы, макроэкономикалық тұрақтандыру тәсілдерін нашар меңгеріп, “қырынан қырсығып жатқан” өнеркәсіп, жекешелеңдіру бағдарламаларының айқынсыздығы, әлеуметтік бұрын-соңды болмаған қарбалас, байланыстардың үзілуі болған еді. Бұл көрініс барлық мемлекеттерге тән болды.

Бірақ ол кезде біз жеке-жеке жүруді қаладық. Орасан зор қосымша күрделіліктер, көбінесе байқап көру және қателіктер жолымен, дегенмен оқшау жүруді қаладық. ТМД-ның көптеген елдері экономикалық құлдыраудың төменгі нүктесінен өтіп, қаржылық тұрақтандырудың тұтқаларын игерді, өнеркәсіптік саясат жандана түсіп, нарықты

тауармен қамтамасыз ету сапалық тұрғыдан жақсарды. Осындай күрделі процесте жаңа серіктестер, жаңа экономикалық мүдделер пайда болмай қоймайтын еді. Кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістіктің экономикалық құрылымының біртұтастығы қазіргі таңда едәуір төмен.

Түрлі елдердегі реформалардың ерекшелігі көп ретте заң тұрғысынан, әсіресе шаруашылық саласында бізді ажыратып жіберді. Құқықтық интеграция елеулі түрде күрделі бола түсті. Достастық елдеріндегі саяси серпін де түрлі бағыттағы сипатта болып отыр. Осының өзі интеграциядағы жаңа серпіннің көкейтестілігі мен мүмкіндігін жоққа шығара ма? Жоққа шығармайтынына сенімдімін. Алайда, интеграциялаудың жаңа стратегиясы туралы айтпастан бұрын, соңғы уақыттағы интеграциялық маңызды тұжырымдамалар туралы кейбір пікірлерімді ортаға салсам деймін.

Қоғамдық санадағы объективті түрде белгіленген кейбір қасиретті және жиі объективті өзгерістерге қарамастан, саяси төбе топтың интеграциялық таптаурындары әлі де сол тар қалпында қалып отыр. Оларды шартты түрде ұлттық-дәстүрлі қайта құру және либералдық сипатта деп бөлуге болады. Үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға жеделдетіп кіру жөніндегі романтикалық-либералдық жаймашуақ елеске келетін болсақ, оның тұжырымы әбден айқын: “Бізді онда тосқан жоқ екен”. Бұл, процесс ұзақ уақытты қажет етеді және оның болашағы бар, бірақ дамыған әлемдегі әріптестерді идеалдандырудың және марапаттаудың қажеті жоқ. Осынау аңғал тәсіл өзінің кері рөлін атқарып, көбіне баламалы емес басымдылықтарды беріп отыр. Проблемаларды шешудің

ұлттық-дәстүрлі жолдары сезім тұрғысынан түсінікті, бірақ саяси тұрғыдан нашар есептелген идеялардан туындайды. Қаншама қайшылықты болса да, зиялылардың бір бөлігі үшін және екінші жағынан алғанда халықтың неғұрлым ұраншыл бөлігі үшін шабыттың қайнар көзінің өзі екі қате негіздерге бағдарланған. Біріншіден, 1980 жылдардың соңында-ақ тасталқаны шыққан стратегиялық балансты тұжырымдауға саяды. Кез-келген “күштеп ойлату” кем дегенде бес жылға кешікті. Екіншіден, нақты ұлттық мүдде, соның ішінде саяси мүдде күштердің әлемдегі жаңа басымдылығының геосаяси шындығын байсалды еске алуға негізделуге тиіс. Мұны түсінетін кез жетті.

Меніңше, достас елдеріміздің арасындағы қатынастарда ұсақ-түйек жанжалдарды іздестіруден гөрі ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық проблемаларын бәріміздің айқындағананымыз маңызды. Ұзақ мерзімді жалпы ұлттық сипаттағы аса елеулі проблемалар орын алып отырғанда олардың басымдығын ұмытып кетіп, әртүрлі “бала-шаға әскерлері” проблемасының алға тартылатынын мен жалпы түсіне алмаймын.

Қызбалық, соның ішінде ұлттық қызбалық интеграцияны жүргізудің ең жақсы жолы емес.

Интеграцияның әлеуметтік қайта құру үлгісі сыртынан қарағанда тиімді болғанымен ол бір тезисті екіншісімен ауыстыруға негізделген “экономикалық саясатты әлеуметтендіру” жағына қарай елеулі ауытқу болуы сөзсіз.

Бірақ оны бұрынғы мемлекеттілікті қалпына келтірумен шатастыруға болмайды. Айтқандайын, Шығыс Еуропадағы “солшыл ренессанс” мұның алдындағы либералдық ізашарлардың сыртқы сая-

си бағытын сақтаумен жақсы үйлесіп отыр. Сондықтан жағдайды талдап, әлеуметтік-экономикалық үлгіні геосаяси үлгіні таңдаумен алмастырудың қажеті жоқ. Осындай түсінік ТМД елдеріндегі неғұрлым байсалды саясатшылардың солшыл қанатында орын алып отыр. Меніңше, интеграциялық келешектер мен қиыншылықтарды нақтылы шынайы түсіну қазіргі таңда саяси ғана емес, сонымен бірге зиялы топтарға да жетіспей отыр. Соған қарамастан шынайы баға беру бірқатар принципті қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, кеңестік кезеңнен кейінгі бүкіл кеңістікті достастыққа қарағанда таяудағы тарихи мерзімде неғұрлым сындарлы құрылымға интеграциялаудың проблемалары баршылық. Қазіргі кезде Еуразия одағының жобасына осыдан екі жыл бұрын енгізілген идеялардың, қос жылдамдықты және көп қабатты интеграция идеясының көкейтестілігі айқын болып отыр. Ал мен болсам, басқа терминді — "Интеграциялық орталықтарды" қолдануды ұсынамын. Әңгіме басқа стратегияны қабылдауда — жаппай, стандарттандырылған, сондықтан табыссыздыққа әкеліп соғатын интеграцияның орнына — географиялық жағынан алғанда неғұрлым оқшау және саясатты үйлестіру саласын таңдау мағынасында неғұрлым бағдарлы жолмен алға жылжу туралы болып отыр. Оның үстіне, біртұтас стандарттар жөніндегі орталық жүргізіп отырған таяудағы қайта құрудың тәжірибесі республикалардың аймақтық, ұлттық, экономикалық, әлеуметтік және саяси ерекшеліктерін ескермейінше бір ізділік тәсілінің болашағы жоқ екенін көрсетті.

Ал ол біздің мемлекеттеріміздің мүдделерін ес-

керуге мүмкіндік бермейді, оның үстіне біз жеке мемлекеттігімізді дамытудың, жаңа экономикалық қатынастар мен сыртқы саясат салаларын қалыптастырудың белгілі бір кезеңінен өтіп те үлгірдік. Бұған қоса осы жылдардың ішінде бұрынғы КСРО елдері экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша да одан әрмен бөліне түсті. Осындай жағдайларда бірігудің қандай да бір әмбебап сызбасы туралы айту — біз экономикалық реформаларда жетіп үлгерген жетістіктерімізді іс жүзінде бүлдіру деген сөз. Өз дамуында басқа елдерден озып кететін мемлекеттер тобы пайда болуынан қорықпау керек. Әлемдік тарих кез келген интеграциялық бірігуде қалған елдерді өз соңынан ертетін көшбасшылар болатынын көрсетеді. Демек, екі жылдамдықты және көп сатылы интеграция идеясы ұлттық мүдделерді де, тұтастай алғанда, Достастықтың мүдделерін де неғұрлым бірдей ескеруге мүмкіндік береді.

Әркім өз орнын адал анықтауы керек — интеграцияның орталығын экономикалық трансформациялар мен тұрмыс деңгейінің түрі жөнінен бір-біріне жеткілікті дәрежеде жақын елдер құрауға тиіс. Қазір әлеуметтік-экономикалық құлдыраудан шығып кетуге қажетті елеулі қаржы бөлуге ешкім де дайын емес. Ішкі проблемалар өте көп, сондықтан “артта қалғандарды ілгері тартуға” елеулі қаржы да жоқ. Алайда, бізге бұл міндетті шешудің де жолдарын іздестіру қажет.

Бүгін таңда интеграциялық орталық нақ үш жақты Кеден одағының тетігі арқылы өз қалыптасуын бастай алады. Мұнда, атап айтқанда, салық заңдарын жақындату үшін тер төгу қажет

болады. Біздің саяси тұрғыда басым көңіл бөлінетін мәселелерден прагматикалық әрекеттерге көшетін кезіміз әлдеқашан жетті.

Интеграцияға жаңа көзқарас тұрғысынан келудің негізі бола алатын Кеден одағын саяси мүдделерге басым көңіл бөлу тұрғысынан кеңейтуге болмайды. Ол оған қатысушылардың барлығының экономикалық мүддесі негізінде құрылуға тиіс.

Екіншіден, бірігуге шақырулар, оның үстіне күшпен қайта біріктіруге әрекет етулер нақты интеграцияға ең үлкен қауіп төндіреді. Біз кеңестен кейінгі кеңістік деп атап жүрген аумақты жанып кетіп, қайта тірілетін Феникс құс сияқты деп ойлауға болмайды. Бұрынғы КСРО аумағында болған құбылыс — өзара байланысты, сонымен бірге бөлек-бөлек екі процестің — әлеуметтік системаның ішкі дағдарысы мен іргелі геэкономикалық, геомәдени, геотехнологиялық және ақырында, геосаяси ілгерілеулердің орын тебуі. Егер проблема, мысалы, тек системаның ішкі дағдарысында ғана болса, кеңестен кейінгі кеңістікке уақытша консервіленген масақ ретінде қарау дұрыс болар еді. Бірақ бұл олай емес: бұл кеңістікте пайда болған құбылыстар тым терең орнығып алды.

Сондықтан күшпен қайта біріктірудің ұсынылып отырған нұсқалары — ешқандай тұрақты құрылымға жеткізбейтін, тек уақытша утопияны құру үшін қан төгуге алып келетін өткенді көксеудің үлгісі.

Келіңіздер, КСРО-ны қалпына келтіруді ұсынушы адамдар алға қойған мақсат туралы ойланып көрелік. Олар нені қалпына келтірмекші? Брежнев

кезеңін бе? Алайда мемлекеттіліктің бұл нысанының күйреуі ішкі экономикалық тоқыраудың өзімен-ақ анықталып қойған-ды. Экономикалық жарыста күйрей әрі масқара бола жеңілген, Ауғанстандағы соғыста мыңдаған жас адамдарды жарымжан еткен жүйеге қайта оралу керек пе?

Бәлкім, біздің “адами бейнедегі социализмге” оралғымыз келетін шығар? Алайда, бұл да мүмкін емес, өйткені сол кездің өзінде-ақ өкіметтің дәрменсіздігі аясында республикалардың егемендену бағыты белең алып келе жатқан болатын. Ол өкімет биліктен айрылмау үшін жанталасып, өз халқын қарудың күшімен басуға жиі жүгіне бастаған-ды. Сондықтан мен геноцидті ұстанған, қуғын-сүргін мен жаппай үрей ахуалын орнатқан сталинизмге оралуға мүмкіндік береміз деп ойламаймын.

XXI ғасырдың табалдырығындағы интеграцияның тиімді тәжірибесі — бұл бәрінен бұрын экономикалық және мәдени ықпал ету тетіктері. Оларды бір қарағанда тиімді көрінетін, алайда, атам заманғы құралдармен ауыстыру көзжұмбайлыққа ұрыну болып шығады.

Үшіншіден, анық стратегия мен айқын мақсаттар қажет. Ең үлкен мақсаттар мейлінше анық көрінуге тиіс, егер ол принципті тұрғыда бұрыс кететін болса, интеграция жайындағы бос ұрандардың да қажеті жоқ. Мен үшін, қазіргі кезеңдегі нақты интеграциялық бірігудің айқын көрініп тұрған мақсаты бар. Ол — тауарлардың, капиталдың, жұмыс күшінің еркін қозғалысына кедергі қоятын қандай да бір техникалық және салықтық шекаралары жоқ бірыңғай рынок. Біз нақ осындай мейлінше анық мақсатқа дайынбыз ба, жоқ па?

Мұнда да біздің даңқты өткен кезіміз туралы әсем ұрандар арасында адаспай, өз көзқарасымызды анықтауымыз қажет. Жекелеген мемлекеттер ортақ рынокқа қандай дәрежеде дайын? Ол ұлттық экономикалардың бәсекелестігінен, тұрмыс деңгейінен қандай көрініс табады, мемлекеттің қауіпсіздігімен қалай үйлесім табады? Міне, нақ осы сұрақтардың жауабын табу қажет.

Төртіншіден, Достастық мемлекеттерінің өзара іс-қимылын сыртқы саясаттағы басым бағыт ретінде тану — шынайы интеграцияның қажетті шарты. Бұл басымдылық әркімнің өз ішінде пайдаланатын саяси науқандардан емес, экономикалық, мәдени, саяси құрылымдарды біріктіретін жүйені құру жөніндегі нақты іс-шаралардан көрінуге тиіс. Осыған байланысты кеңестен кейінгі интеграцияның таяудағы тарихи, болашақтағы мазмұны мен бағыт-бағдарының өлшемдерін немесе өлшемдер жиынтығын таңдаудың принципті мәселесі туындайды. Бұл тұрғыдағы түсінікте де бүгін таңда бірлік жоқ.

Осындай жағдайда ұлттық егемендікке қауіп төндіретін КСРО-ны қалпына келтіру туралы ұрандар біздің елдерімізді бір-бірінен бұрынғыдан да алыстата түседі. Кертартпа күштердің еркі мен тілегіне қарамастан, егемендік — бүгін таңдағы нақты шындық. Бірде-бір мемлекет одан айрылмайды, күшпен интеграциялау біздің мемлекеттеріміздің сыртқы саясаттағы ұстанар бағытын көп өзгертуі, сөйтіп, интеграциялық күш-жігердің бағдар аясын ТМД кеңістігінен тысқарыға бағыттап жіберуі ықтимал. Бұл идеяны саяси жар-

нама мақсатында пайдаланбайтын интеграцияның шынайы жақтастары өркениетті, ілгеріге ұмтылған интеграция процесі мемлекеттердің ұлттық егемендігімен қатар жүруге, тіпті оны нығайтуға септесуге тиіс екенін қазір түсініп отыр. Мұндай интеграция тұрақтылық пен қауіпсіздіктің баламасы болып табылды. Еуропаның, Солтүстік Американың тәжірибесі де осыны көрсетеді.

Еуразия одағы жобасының жекелеген элементтері ТМД-ның жаңа институттарында өз көрінісін тапты. Еуразия кеңістігіндегі интеграцияға тұтастай қарау мәселесі интеграцияның екі жылдамдықты және көпсатылы тетігіне сүйенуге тиіс. Ең қауіптісі күшпен интеграциялау болып табылады, оның уақытша келешегі болуы мүмкін, алайда ол ә демей-ақ бұрынғыдан да көбірек бөлектенуге әкеліп соғады. Кеңестен кейінгі кеңістікте жаңа көріністер орнығуының бір белгісі — ТМД аумағында өркениеттің әрқилылығы бел алып келе жатқандығы.

Саясатшылардың алдыңғы тобының бір бөлігінің санасы дәстүршілдік, қалпына келтірушілік және либералдық стереотиптерден арылмаған, бұл үлгілердің әрқайсысына елеулі қарабайырлық тән, мұның, шындап келгенде, теріс саяси салдарлары бар. Интеграцияның келешек мүмкіндіктері серіктестер бірыңғай нарықтық кеңістік құруға қаншалықты дайын деген сұрақтың принципті жауабымен анықталады.

Еуропадағы аса қуатты интеграциялық одақтың тарихы да оңайлықпен қалыптаспаған.

Осыдан шамамен 40 жыл бұрын Еуропалық қоғамдастықты құра отырып, оны құрған елдер ұлтаралық алауыздықты жою арқылы “біртұтас Еуропаны” құруға ұмтылған болатын.

Бұған қарай ілгерілеу нақтыландырыла түсті: Кедендік одақтан және жалпы нарықтан тауарлардың, қызметтердің, капиталдардың және адамдардың еркін қозғалысы мен жүріп-тұруы арқылы біртұтас ішкі нарыққа, содан кейін экономикалық және валюталық одаққа және ақыр соңында, саяси одаққа келу көзделген болатын.

“Біртұтас Еуропаға” табысты ілгерілеудің шарты ішінара мемлекетаралық, ішінара ұлттықтан тыс сипаттағы интеграцияның құқықтық базасын және жалпы институттар жүйесін құру болып табылды. Бұл институттарға Еуропалық одаққа мүше мемлекеттердің егеменді құқықтарының бір бөлігін құрайтын кейбір өкілдіктер беріледі. Нақ осы ерекшелік Еуропалық қоғамдастықты әлемнің түрлі аймақтарында құрылған интеграциялық үлгідегі барлық басқа бірлестіктерден барынша ерекшелендіреді.

Интеграционизм тепе-теңдік принципіне негізделмейтін болса, оның болашағы жоқ. Теңдікке, еріктілікке және прагматикалық мүддеге негізделген интеграционизм Еуразияның лайықты болашағы болып табылады. Ол осы жағдайда ғана әлемдік экономиканың және ХХІ ғасырдың саясатында ғаламдық факторға айналады.

ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ – ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ДАМУ НЕГІЗІ

ҚАЗАҚСТАН ХАЛЫҚТАРЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ
ҮШІНШІ СЕССИЯСЫНДА
29 СӘУІРДЕ СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Әдетте, амал нешік, алтынның қолда барда қадірі жоқ деп үйренгенбіз. Әрине, саясат бұлдыратып айтқанды мойындамайды, бірақ Қазақстанда осыдан бір жыл бұрын алғашқы референдум өткізілмесе, бүгін не болатынын көз алдымызға елестетіп көрейікші.

Біріншіден, сайлау алдындағы екі жылғы тайталастар және оның үстіне Парламент жоқ кездегі тайталастар алдымыздан шығар еді. Сөйтіп, біз экономикалық реформалар мен әлеуметтік проблемаларға ден қоя алмас едік. Еліміз ұзақ мерзімді сайлау алдындағы аламанға қосылып, оның барысында орындалмайтын уәделер үйіптөгілер еді.

Екіншіден, біз жаңа Конституцияны қабылдай алмас едік, өйткені Президенттің бағытын бүкіл халық қолдамайынша мемлекеттік құқықтық жүйелерге іргелі өзгерістерді ұсыну дұрыс болмас еді.

Үшіншіден, Қазақстанның айқын әрі дәйекті интеграциялық бастамаларын жасау мүмкін болмас еді. Біздің интеграция проблемалары жөніндегі берік айқындамамыз елдегі ішкі саяси тұрақтылықтың арқасында ғана мүмкін болды. Міне, сондықтан да Қазақстан интеграциялық қиялға немесе деинтеграциялық шамшылдыққа бой алдыр-

май, керісінше байыпты да нақты тұрғыдан кез келген келісімге көзқарасын білдіруде.

Ақыр соңында, сыртқы жағдайды да ескерген жөн. Әртүрлі себептерге байланысты Ресейдегі сайлау алдындағы тайталастар және жоғары деңгейде, соның ішінде Мемлекеттік Дума деңгейінде қабылданып жатқан, президенттік сайлауға бағытталған шешімдер Қазақстандағы қоғамдық көңіл күйге әсер етуде. Егер біздің республика бүгінде сайлау аламанының қызған шағында болатын болса, онда КСРО-ны қалпына келтіруге жанталасып жүргендер көңіл күйді барынша ушықтыра түсу үшін осы жағдайды толығымен пайдаланып қалар еді. Сондықтан мен осы шешім қабылданған кезде өзімнің жеке басымның қамын ойламағанымды батыл мәлімдеймін. Қазір енді, мұның өзі, менінше, жұртқа түсінікті.

Конституция жөніндегі референдумға келетін болсақ, оның еліміз үшін іргелі салдарлары болды. Бұрынғы Конституция аса қарама-қайшылықты еді. Бірқатар әжептәуір өркениетті принциптерді жариялай отырып, ол сонымен бірге кеңестік экономикалық және саяси қатынастардың түзілісін шын мәнінде сақтап қалды.

Ал жаңа Конституция өзінің мәні бойынша бүкіл мемлекеттік-құқықтық жүйені оның түбегейлі өлшемдерімен бірге қоғамдық нақты процедураларға ие болып отырмыз. Тәуелсіздіктің алғашқы төрт жылында қоғам тіл, мемлекеттіліктің сипаты, жерге деген меншік мәселелері бойынша жікке бөлінгенін ұмытпағанымыз жөн. Еліміздің жаңа Ата Заңында барлық осы мәселелер барынша

ретімен шешілген және осының арқасында аталған проблемалар бойынша шиеленіс жойылды.

Конституция биліктің барлық тармақтарының, азаматтық қоғам мен мемлекет институттарының қарым-қатынасының қазіргі заманғы негізін шын мәнінде қалады.

Осының бәрі зор маңызы бар мәселелер. Ал ең бастысы біз дер кезінде нарықтық және ұлттық мемлекет құрылысы үшін құқықтық іргетасты қалай білдік, мемлекеттік-құқықтық реформа бойынша осы ілгерілеуде қарқынды жоғалтып алсақ, ол бүгіндері аса ауыр зардаптарын тигізер еді.

Егер құқықтық саладағы өзгерістер жанамалай және бірден ықпал етпейтін болса, ал экономикадағы жағдай миллиондаған отандастарымыздың тұрмысынан бірден көрінеді.

Бүгінде социализмге оралу туралы аңсар дауыстар жиі естіліп жатады. Ендеше өзіміздің егемендігімізді жана ғана алған тоқсаныншы жылдардың басында біздің неге ие болғанымызды еске түсіріп көрелік. Салыстыруымыз әбден түсінікті болу үшін экономикада, сол кезде “бос сөрелер экономикасы” деп сипатталғанындай, 1991-жылдың соңында, 1992-жылдың басында не болғанын еске түсірейік.

Мұның өзі созылмалы ауруға ұрынған, әбден қиюы кеткен, тіпті ақшаның өзі шын мәнінде ешқандай құны болмаған экономика еді. Инфляция жабық нысаннан ашық нысанға көшіп, баға барлық қолданылып жатқан параларға қарамастан әкімшілік бақылаудан шығып кеткен болатын. Ақшасы бола отырып халық та, кәсіпорындар да қажетті тауарлар мен өнімдер сатып ала алмайтын. Өмірлік маңызы бар тауарларды алу үшін ұзын-

нан-ұзақ адамдар кезегі күнделікті және барлық жерде де үйреншікті жағдайға айналды. Бұл кезектерді милиция топтары үнемі оқшаулайтын. “Қара” базар, тауарларды жабық бөлу жүйесі мүлдем өршіп кетті.

Өнімдерді қор арқылы бөлудің бұрынғы тұтқалары ұдайы іске жарамай, тауарлар халықтың көптеген топтарына жетпей жатты. Ақша және тауар массалары арасындағы сәйкессіздік экономиканы бұрқ еткізіп қопару қаупін туғызды. Ендеше осының бәрін неге тез ұмытамыз?

Ал қазір жағдай бұдан мүлдем басқаша, базар алуан түрлі тауарларға толы. Магазиндердің желісі күрт өсіп, кезектер мүлдем жойылды. Азық-түлік пен киім-кешекті, электроника мен жиһазды шын мәнінде дүние жүзінің кез келген нүктесінен сатып алу қазір қиын емес, тек ақша болсын, ал қазір оған байланысты шынында да проблема бар. Мемлекет жалақы мен зейнетақыны бюджеттен алуға тиіс адамдарға төлем мәселесін шешеді. Бұған аздаған уақыт керек.

Ал басқалар үшін бұл енді принципті түрде жаңа сападағы экономикаға, нарықтық экономикаға тән проблема болмақ. Бұл кезде әрбір адам өзінің тұтыну мүмкіндігі өзінің қаржы таба білу қабілетіне, кәсіпкерлігіне, біліктілігі мен еңбекқорлығына байланысты екенін жақсы түсінуге тиіс.

Еліміздің соңғы жылдары макроэкономикалық тұрақтандыру процесінде қол жеткен жетістіктерін айтпай кеткен жөн болмас. Бұл орайда Қазақстан реформаны шын мәнінде үш жылға жетпейтін уақыт ішінде, яғни теңгенің айналымға енгізілген

күнінен — 1993 жылғы қарашадан бастап жүргізіп келе жатқанын есте ұстаған жөн.

Өткен жылы инфляцияның деңгейін едәуір төмендетіп, біз оны үстіміздегі жылда ойдағыдай кемітуді жалғастырып келеміз. Биылғы бірінші тоқсанның қорытындылары бойынша Қазақстанда ол ТМД елдерінің ішіндегі ең аз мөлшер болып отыр. Инфляцияның қарқынын тежеп, біз ең бастысы тұрақты табысы бар адамдарды әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың негізгі тұтқасын іске қостық. Ал осы категорияға негізінен халықтың аз қамтылған топтары: зейнеткерлер, студенттер, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері жатады. Ең алдымен инфляциядан зиян шеккен кімдер еді? Нақ осы адамдар болатын, өйткені олардың табыстары инфляция өскен қарқынмен бірдей өсе алған жоқ.

Оның үстіне, үстіміздегі жылы бюджетке байланысты жағдайдың бүкіл шетіндігіне қарамастан, біз бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері үшін жаалақыны және әлеуметтік жәрдемақыларды төлеуді екі еседей арттыруға бардық. Ал мұның өзі, болжанбалы инфляцияны ескергенде, тұрақты табысы бар адамдардың нақты еңбекақысы мен табыстарын 50-60 процент өсіру деген сөз.

Қаншама қиын болғанымен, біз биылдан бастап ақшалай салымдар мен жинақтарды индексстеуге кірістік. Мұны халқымыздың ең кедей және жұмысқа қабілетсіз топтары — соғыс мүгедектері мен оған қатысқандардан бастадық.

Мен Үкіметтің алдына зейнетақыны төлеу проблемасын таяу арада пешу және келесі жылдан бастап зейнеткерлердің басқа категорияларына са-

лымдардан шеккен зиянының орнын толтыру міндетін қойдым.

Ұлттық валютамыздың құнын белгілі бола бастаған тұрақтандыру кезінде еліміз бойынша нақты орташа жалақы доллармен есептегенде ұдайы өсіп келе жатқанын атап өткен жөн. Бүгін таңда Қазақстан осы көрсеткіш бойынша ТМД елдерінде сенімді түрде алғашқы орындардың бірінде келе жатыр. Және Үкіметтің жоспары бойынша бұл көрсеткіш ұдайы өсе түспек.

Мұның өзі жұмыс күшінің біздің республикадан басқа аймақтарға, ең алдымен Ресейге көшіп кетуін азайтып, шекаралас облыстардағы көптеген кәсіпорындардың жағдайын тұрақтандыруға жәрдемдесті.

Алғаш рет саудадағы оң балансқа қол жеткізу, экспорттың күрт өсуі экономикадағы қуанышты оқиға болып отыр. Экспорт 1995 жылы импорттан бір миллиард 250 миллион АҚШ долларына асып түсіп, 64 процент өсті. Экспортты арттыруда агроөнеркәсіп кешені елеулі рөл атқарғанын атап өткен маңызды. Бұл салада өткен жылы ішкі және сыртқы сауданы күрт жандандыруға көмектесетін түбегейлі реформалар жүзеге асырылды. Доллармен есептегенде агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспорты 1995 жылы оның алдындағы жылмен салыстырғанда 2,5 есе өсті. Сөйтіп ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті.

Осының бәрі ұлттық валютаның құнын тұрақтандыруға, экономикадағы қаржы жағдайын жақсартуға жұмыс істеп келеді. Инфляцияның төмендеуімен қоса алғанда мұның өзі халықтың банктердегі салымдарының өсуіне, жинақ ақша процесінің басталуына, демек, өндіріске инвести-

ция салудың алғышарттарын жасауға, “инфляциялық” экономикадан инвестициялық экономикаға көшу процесіне жеткізеді. Тек 1995 жылы ғана халықтың салымдары 5,4 миллиард теңгеден 12,7 миллиард теңгеге артты, яғни бір жылдың ішінде екі еседен астам өсті.

Осы әлеуметтік-саяси міндеттерді шешуге өндірісте байқалған тұрақтану процесі, экономиканың барлық салаларындағы қаржы тәртібін күрт қатайту жәрдемдесті.

Кәсіпорындарды реформалау, жекешелендіру жөніндегі батыл шаралар бірқатар мүлдем үмітсіз учаскелерде өндірісті жандандыруға мүмкіндік берді.

Кәсіпорындарды жандандырудың осындай әдеттен тыс нысанасы, сондай-ақ оларды кейіннен жекешелендіру арқылы трасттық басқаруға беру шетелдік инвестициялар мен жұмыс капиталын тартуға ғана емес, сонымен бірге жұмыспен қамтылу, жалақыны көтеру, өндірістің және өнім экспортының көлемін көбейту мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Жүргізіліп жатқан реформалар саясаты арқасында соңғы бірнеше жылдың ішінде ғана Қазақстан экономикасына шетелдік компаниялар 3 миллиард доллардан астам қаржы берді. Мұның өзі биыл және келесі жылдарда өзінің жемісін беретіні сөзсіз. Мұның үстіне бірқатар ірі кәсіпорындарда жүзеге асырылған реформа саясаты еліміздегі макроэкономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайға игі ықпалын тигізді.

Тоқсаныншы жылдардың басында, Достастық мемлекеттерінің көпшілігінде үлкен Еуропаға немесе үлкен Азияға тезірек ену мүмкіндігі туралы

көзқарас басым түсіп жатты, ТМД-ның кейбір елдерінде Батысқа немесе Шығысқа тезірек бірігу ұмтылысы, шетелдік көмекке деген үміт пен сенім сол кезде қолда бар және ондаған жылдар бойы пысықталған шаруашылық байланыстарды сақтаудың қажеттігін көлегейлей берді.

Мұндай көзқарас Достастықтың өзіндегі интеграциялық процестерді тежеп, экономикалық проблемаларды тереңдете түсті.

Нақ осыған байланысты 1994 жылғы ерте көктемде Еуразиялық одақ құру идеясы пайда болды. Түрлі күштердің — кеңестік кезеңнен кейінгі кезеңдегі тезірек ажырауды жақтаушылардан бастап, КСРО-ны қалпына келтіруді қызба жақтаушыларға дейін — осы идеяға ашықтан ашық қарсы әрекет көрсетуіне қарамастан ол Еуразияның орасан зор кеңістігіндегі интеграциялық процестердің неғұрлым реалистік үлгісі болып табылды.

Бүгін таңда жаңа интеграция Еуразия одағы деген атпен дами ма, басқа атпен дами ма, мәселе онда емес. Ең бастысы оның аты емес заты, процестің мәні мен мағынасы болса керек.

Қазір біз Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей шартына ие болып отырмыз. Бізде Орталық Азия одағы, Кедендік одақ, Беларусь пен Ресейдің екі жақты қоғамдастығы бар. Ал енді мұның өзі интеграцияның көп қабаттылығын, көп деңгейлілігін білдірмей ме?

Біздің түсінігіміздегі интеграцияның басқа бір шарты — бұл тәуелсіз мемлекеттердің интеграциясы. Мен түрлі деңгейлерде Қазақстан өзінің саяси тәуелсіздігіне нұқсан келтірмейтін интеграцияның

кез келген нысанына әзір екенін талай рет мәлімдедім және қазір де айтамын.

Бірақ қандай да болсын бұрынғы біртұтас мемлекетті қайта қалыптастыруға республика бара алмайды, бұған елдің Конституциясы да жол бермейді. Әңгіме мемлекеттердің адамдар өмірінің барлық салаларындағы жақын, достас интеграциялық байланыстары туралы ғана болуы мүмкін. Бірақ бұл—беймәлім және қиялдан туған қайдағы бір федерация бөлшектерінің емес, тәуелсіз мемлекеттердің арасындағы қатынас.

КСРО-ны қалпына келтіру немесе Қазақстанды басқа бір мемлекетке қосу жөніндегі кез келген жауапсыз сөздер қазақтардың мемлекеттігін жоюға шақыру деген сөз. Мұның өзі халықтың әділетті ашу-ызасын туғызып, елеулі тайталасқа апарып соғары анық.

Мұндай әрекеттер Конституцияға және заңға жат. Неге екені белгісіз ешкім де Ресейді Қазақстанға қосылуға шақырмайды. Бұл түсінікті де. Ендеше қазақ халқын және оның мемлекеттігін осындай менсінбеу және құрметтемеу қайдан туындап отыр. Мен мұны баршамыздың есте сақтауымызды қалар едім.

Мәскеуде наурыздың 29-ында төрт елдің келісіміне қол қойылғаннан кейін жұртшылықтың көбі осы жағдайға орай алаңдаушылық білдіріп, бұл Қазақстанның мемлекеттік егемендігіне нұқсан келтірмей ме деген ой салады. Бұл орайда олай емес деп айқын айта аламын.

Әңгіме интеграцияның жаңа сапасы туралы болып отыр. Одан басқа ештеңе де емес. Біз экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету тұтқаларының негізін

қаладық, меніңше, интеграцияның жаңа, неғұрлым сындарлы нысандары мен органдарын қалыптастырдық.

Көзқарастың мәні де осында. Интеграцияның өзі зор күнделікті жұмыс, мұны көптеген жылдар, тіпті ондаған жылдар бойы жүргізу қажет. Және оның нәтижесі адамдар өмірінен ертең көріне қоймайды. Осындай ойластырылған және келісілген интеграцияның өнегесін бізге Еуропа беріп отыр. Сондықтан интеграциялық құжаттарға қол қоюдан бізде ешқандай токмейілу жоқ. Иә, бастама жасалды, бірақ негізгі және неғұрлым елеулі жұмыс әлі де алда.

Бүгін Қазақстан халықтарының Ассамблеясында мына мәселені де ашық та бүкпесіз айтуға тиіспіз: халқының үштен бірін орыстар құрап отырған еліміздің Президенті ретінде мен үшін Ресеймен мәдени, ақпараттық, гуманитарлық байланыстарды ұстап тұру және сақтаудың маңызы аз емес. Қазақстан басшылығы өз елі азаматтарының елеулі бөлігінің мүдделерін ескере келіп, Ресеймен байланыстарды сақтау үшін шын мәнінде мүмкін болғанның бәрін жасады. Мәскеудегі наурыз келісімдері білім беру, ғылыми және мәдени ынтымақтастықтың нақты тұтқаларын көздейді. Онда шартқа қол қойған барлық мемлекеттерде кедергісіз азаматтық алу туралы біздің ұсынысымыз қабылданды. Қуанарлығы сол, оны Ресей Думасы бекітті. Біздің парламент те көп ұзатпай солай етер деп үміттенемін.

Өткен сенбіде Ресей Президенті Борис Николаевич Ельциннің Қазақстанға жасаған жұмыс сапары біздің Каспий аймағындағы ынтымақтастығымыз, мұнай-газ кешеніндегі, Байқоңыр

ғарыш айлағындағы бірлескен қызметіміз, бірлескен кәсіпорындар, трансұлттық компаниялар құру туралы аса маңызды шешімдерді қабылдаумен аталып өтті.

Тағы бір сөзсіз тарихи сипаты бар оқиға туралы — өткен аптада Шанхайда Қазақстанның Ресеймен, Қытаймен, Қырғызстанмен және Тәжікстанмен бірге шекара ауданында әскери саладағы сенімді нығайту туралы келісімге қол қойғаны туралы айта кеткенім артық болмас. Бұл Азия — Тынық мұхит аймағында жасалған осындай орасан зор саяси ауқымдағы алғашқы қадам. Мұның өзі бейбітшілікті, аймақтағы, сондай-ақ бүкіл планетадағы тұрақтылықты қолдау және нығайту ісіне оң ықпалын жасары сөзсіз.

Осы арқылы қымбатты достар, біз Қазақстанның Ресеймен де, Қытай Халық Республикасымен де арадағы сыртқы саясатының ғаламдық мәселелерін шештік. Осынау екі ұлы мемлекет арасында өмір сүре отырып, достық, өзара түсіністік және сенім мәселелерін шеше отырып, біз ішкі мәселелермен, өз шаруамызбен мықтап айналысу үшін тамаша жағдай жасай алдық.

Осынау оқиғалардың тарихи маңызына баға жеткізу қиын болар деп ойлаймын.

Бүгін таңда интеграцияны бұрынғыны қалпына келтіру деп білу бәрінен де қауіпті. Мұны байыпты түрде есепке алудың қажеттігі болжауға келмейтін саяси салдарларға апарып соғатындығынан ғана емес, сонымен бірге қайта қалпына келтіруді белгілі бір мөлшерде халықтың кейбір топтары қолдайтынына да байланысты.

ТМД елдерінің егемендігі мен тәуелсіздігі түрлі деңгейдегі халықаралық құқықтық құжаттармен

баянды етілген саяси-құқықтық шындық болып отырғанын түсінген абзал. Қазір олар енді — дербес мемлекеттер.

Бірақ осының бәрінің сыртында: “Расында, бізге нені қалпына келтіру ұсынылып отыр”, — деген тағы бір тарихи сұрақ тұр. Проблеманың тереңіне бойламай-ақ мынаны ғана айтпақпын: КСРО-ның ыдырауы талай себептердің салдары. Біздің бұрынғы елдің геосаяси жеңілісі ең алдымен стратегиялық, технологиялық артта қалу салдарынан болды.

Мен ығыр қылатын деректерді, өзіме мәлім болса да, келтіріп жатпайын. Бірақ, 80-ші жылдардың басында-ақ біз Батыс елдерімен техникалық және экономикалық бәсекелестікке төтеп бере алмағанымыз барлық парасатты адамдарға белгілі болатын. Тек орасан зор күш-жігердің арқасында стратегиялық әскери тепе-теңдікті ұстап тұруға ғана әліміз жетті. Экономиканы жаңғыртуға жұмсауға болатын орасан зор ресурстар қарулану жарысына жұмсалды.

Қазір мынадай қарапайым нәрсені — жүйені түбегейлі қайта құру идеясы 1986 жылдан бұрын басталғанын көптеген адамдар ұмыта береді. Оны өз тұсында Хрущевтің бастағысы және Брежнев тұсында Косыгиннің да жүргізгісі келген. Сол кездің өзінде біз батыс экономикасынан бірте-бірте кейін қала бастадық.

Басқа бір себеп — ұлттық мәселені шешуге мүлдем қабілетсіздік болатын. Бізде ұлт мәселесі түпкілікті шешілгені және бір ғана кеңес халқы құрылғаны туралы пікір жалған болып шықты. КСРО бар кезде оның аумағында қанқұйлы ұлтаралық жанжалдардың болып өткені және ұлтара-

лық шиеленістердің өрши түскені де ұмытыла береді. Бұл орайда кеңес тарихының бастапқы кезеңіндегі барлық халықтардың тағдырына қасіретті ықпал еткен этностық геноцидті айтпай-ақ қояйын.

КСРО-ның соңғы жылдардағы экономикалық тарихының жай-жапсарын білмейтін адамдар елде өткен және қазіргі он жылдықтардың тоғысында қалыптасқан берекесіздік пен былықты көз алдына келтіре алмайды. Жоспарлардың жыл сайынғы орындалмауы, экономиканың құлдырауы, жабдықтардың, құрылыс материалдарының, азық-түліктің тапшылығы, шығынды ауыл шаруашылығы, экономикалық байланыстардың күйреуі және біртұтас экономикалық кеңістіктің ыдырауы орын алып келді. Және бұл біздің бәріміздің де есімізде.

Елдің саяси жүйесі көз алдымызда күйреп, аумақтардың егемендік алу процесі қауіпті шекке жетті. 1991 жылғы тамызда күш арқылы қайта біріктіру әрекеті осы ыдырау процесін жеделдете түсті. Ең бастысы елдің тарап кетуі ғана емес, сонымен бірге белгілі бір жүйенің күйреуі орын алғанында болып отыр.

Социализмді дәріптеп жүрген қайсыбір зиялы қауым өкілдерінің тарихты есте сақтай алмайтын ұмытшақтығы қайран қалдырады. Бұл — саяси аңғалдық, иә, саяси арсыздық.

Қазақ халқының тарихындағы ең қайғылы кезенді қалайша тез ұмытуға болады? XX ғасырдағы тоталитарлық жүйеден көрген ауыр соққыны қазақ халқы XVIII ғасырдағы “Ақтабан шұбырынды” кезінде де көрген жоқ.

Алдымызда тұрған қасіретті тарихи даталарға

көз салайықшы: 1996 жыл — бұрынғы КСРО-да орталықтың зорлықшыл билеп-төстеуіне қарсы шыққан қазақ жастарының тұңғыш демократиялық қозғалысы айуандықпен басып-жанышталғанына 10 жыл, 1997 жыл — халықтың бетке ұстар зиялы қауымының түгелге жуық атылғанына — 60 жыл. 1998 жылы басталған — ХХ ғасырда ел басына түскен ең үлкен трагедия — қазақ халқын қынадай қырған шектен тыс революцияшыл “отырықшылдандыру” мен күштеп коллективтендіру саясатының басталғанына — 70 жыл. Қалайша осылардың бәрі оп-оңай жадымыздан шығып қалады.

Қиын да күрделі ХХ ғасырдағы ең үлкен ұлттық апат деп қазақ пен Кампучия халықтарының трагедиясын айтуға болады. Басқа ешбір халық дәл мұндай адам санының осынша процентінен айырылып көрген жоқ. Егер Пол Поттың қанды режимінен Кампучия тұрғындарының үштен бірі қырылғанда дүние жүзінің төбе шашы тік тұрса, Голощекиннің “Кіші октябрі” тұсында әр үш қазақтың біреуі аптық пен айдаудың құрбаны болды.

Енді бүгін сол саяси жүйені ақтағысы келгендер — қайтадан большевик болғысы келгендер ең алдымен өз елінің қасіретін еске алып, туған халқын жер бетінен құртып жібере жаздаған жүйені ақтау ең алдымен өзі үшін қаншалықты қорлық екенін ойлансын дер едім. Басқа ешбір қоғамдық құрылыста мемлекеттік мәшине біздің халқымызды дәл осынша қатыгездікпен миллиондап құрта алмас еді.

Біз бүгін мемлекеттік деңгейде ойлай алатын азаматтар жетпей жатыр деп, ұлттың таңдаулы топтары әлі де тым шағын деп шағым айтамыз. Қайдан болады оның бәрі — социализм тұсында

ұлттың асылын құрту дәстүрі қазақтың зиялы қауымын неше дүркін темір табанына салып таптап өткен жоқ па? Бар шындық өткен режимнің ұлттық емес, қайта нақ әлеуметтік-тоталитарлық табиғатында болғанында жатыр. Режимнің орыс құрбандарының жалпы саны әлденеше миллионға жетіп жатыр. Еуропадағы аса ұлы мәдениеттердің бірі — орыс мәдениеті — неғұрлым білімді адамдардың талай жүз мыңдағанының көзін құртудың барысында орны толмас шығынға тап болды.

Олардың бірнеше миллион тандаулы өкілдерінің Ресейден шетке кетуіне, тіпті анығын айтсақ, қашып шығуына тура келді. Нақ солар кейіннен Батыстың, бірақ Ресейдің емес, ғылымына, мәдениетіне және экономикасына зор үлес қосты. Кулак деп аталған миллиондаған тандаулы шаруалардың көзін құртқан орыс ұлтындағы этнодемографиялық күйзеліс орыс халқына тіпті дүниежүзілік соғыстармен салыстыруға келмейтін зиян шектірді.

Социалистік өзгерістер кезіндегі ашаршылық Украинада, мамандардың бағалауы бойынша, 5 миллионға дейін украиндардың өмірін қиды, ал Ресейде құрбандықтар бұдан да көп болды.

Сіздердің бәріңіз өлім өкімін шығару құқығы берілген “ерекше үштіктер” деп аталғандардың қызметі туралы жарияланған қасіретті құжаттарды оқыған боларсыздар. Мұның өзі қуғын-сүргінге түсірілгендерді азапқа салу жөніндегі өзіндік бір жарыс іспетті болатын. Мысалы, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің өзі бірінші категория бойынша қуғындалатын адамдардың санын 600 адамға (сотсыз және өкімге шағым жасау құқығынсыз ату) және екінші категория бойынша (концлагерь)

— 1000 адамға көбейтуді сұраған. Мұның өзі бір айдың ішінде ғана! Ал тарихта саяси партияның аймақтық бөлімшесі өзінің штабынан бекітіліп берілген адамдардың мөлшерінен 600 адамды артық өлтіруге рұқсат сұрағанын қашан және кім көрген. Міне, осындай лимитті бұл жүйе белгілеп беріп келген. Бұл орайда әңгіме тірі адамдар — отандастарымыз, қандастарымыз туралы емес, қайта саны шектен асып кеткен жануарларды атып алу туралы болған сынайлы. Тірі қалу үшін баласы әкесіне, ағасы інісіне, інісі ағасына жала жабуға мәжбүр болған. Сөйтіп бұл жүйе ғасырлар бойы орныққан адамгершілік принциптерін күл талқан етті.

Осы залда социалистік заманда Қазақстанға жер аударылған барлық халықтардың өкілдері отыр. Осында отырған адамдардың бабалары мен әкелерін бір кезде туған жерінен айырып, мал сияқты тауар вагондарымен біздің жерімізге әкеліп, 24 сағаттың ішінде бүтіндей халықтарды көшіріп үлгіргенін неге айтпасқа.

Республиканың Ішкі істер министрлігі маған берген деректер бойынша, тек соғыс жылдарында ғана Қазақстанға 400 мың неміс, 403 мың чешен мен ингуш, 45 мың қарашай, 37 мың грек, 21 мың балқар, ондаған мың кәріс көшірілген. Осынау қасіретті тізбені одан әрі ұзақ жалғастыра беруге болар еді.

Дінді қадір тұтатын мұсылмандар мен христиандар аттаншыл атеизм жылдарында мындаған мешіттер мен шіркеулердің тартып алынғанын, тартып алынып қана қоймай, сонымен бірге халықтың рухани дүниесі ретінде масқараланып, жойылғанын қалайша ұмыта алар. Тіпті ең

қарапайым есепке қарағанда, КСРО аумағында ғасырдың басында болған 25 мың мешіттің 1986 жылы 376-сы ғана қалғаны, ал 25 мың христиан шіркеулері мен соборларының үйіндіге айналып, 500 монастырьдің жойылғаны анық. Меніңше, бағзы заман адамдарының құдай біреуді жазалаймын десе оның ақылы мен есін алдымен алады дегені рас болса керек.

Мемлекет дегеніміз аумақ пен қоғамдық құрылыс, заңдар мен экономикалық құрылым ғана емес, өздерін оның азаматымыз деп сезінетін адамдардың белгілі бір саяси қауымдастығы.

Мемлекеттіктің саяси, құқықтық және экономикалық негіздерін қалыптастыруға байланысты мәселелер едәуір айқын десек те, азаматтың өзі-өзі айқындауы, азаматтық тұрғыдан саралануы өте күрделі әрі елеулі бір уақытты талап ететін дүние. Азамат осы мемлекетке деген өзінің қатыстылығын саналы түрде сезініп, өз тағдырының ел тағдырынан ажырағысыз екенін ұдайы түсінуге тиіс. Нақ осының өзі әр адамның игілігі бүкіл елдің игілігімен тығыз байланысты екеніне көз жеткізуге тиіс.

ТМД халықтары бұрын болып көрмеген дағдарысты бастан өткерді, өздерінің бұрынғы мемлекеттігінен бір сәтте айырылып қалды. Олардың көпшілігі қазір мұны әбден түсінсе де, көп адам әлі күнге дейін есін жинай алмай келеді. Түрлі әлеуметтік зерттеулердің деректері еліміз халқының басым көпшілігі өздерін Қазақстанның азаматы ретінде танитынын айқын көрсетіп отыр. Медицинада “сырқат ғажайыбы” деген ұғым бар. Бұл кесілген қол мен аяқ баяғыда жоқ болса да, оның орны қашан да ауыратынын білдіреді. Ал

енді мемлекет ретінде КСРО бес жылдан бері жоқ болса да, адамдардың кейбір бөлігі өздерін сол елдің азаматымын деп санап келеді.

Жекелеген экстремистік тұрғыдағы саясатшылар өздерінің тарихи отаны Қазақстаннан сырт қалған адамдардың сезімін нақ осымен саудаға салып, түрлі күйтырқыға баруда. Осынау саяси “сырқат ғажайыбы” саясатшылар неғұрлым бүкпесіз болған сайын ертерек, әрі кінәратсыз өтіп кетері анық. Жұртшылықтың бәріне жағымды болмағанымен, бірақ ең адал қорытынды мынау: КСРО белгілі бір қоғамдық үлгідегі және белгілі бір географиялық аумақтағы мемлекет ретінде мәңгілікке келмеске кетті. Оның үстіне әрбір адам осы тарихи оқиғаны тезірек қабылдап, өзін-өзі айқындай алса, соғұрлым оның өзі үшін де, ел үшін де жақсы болмақ.

Бүгін таңда адамдардың санасында үйреншікті орнын іздеу жүріп жатыр, сондықтан кенезесі кепкен өткеннің белгілеріне деген іштей аңсаудың мән-мағынасы бізге белгілі. Сондықтан жаңа біркелкілікті құру демократия, бостандық, пікірлердің сан алуандығы, адам құқығы, азаматтық қоғам идеялары жалпы ұлттық идеялармен үйлесіп жатқанда ғана табысты болмақ. Мұның өзі, менің кәміл сенімім бойынша, екі үлкен идеологиялық тақырыптың тоғысында — Қазақстанның саяси тәуелсіздігі мен ішкі демократияландыру түйіскенде ғана мүмкін болмақ.

Жаңа біркелкілікті іздестірудің, біздің халқымыздың жаңадан өзін-өзі айқындауының тұжырымдамасы былай қарағанда оңай болғанымен, жүзеге асыру тұрғысынан ерекше күрделі. Оның тұжырымдамасы мынадай: тек демократиялық

Қазақстан ғана тәуелсіз бола алады. Өз кезегінде саяси тәуелсіздіксіз Қазақстанда нақты демократия болмақ емес. Осы тұжырымдаманың үшінші қосымшасы республикадағы азаматтық қауымдас-тықты қалыптастыру бола алады. Әлде бір аңыздағы әсіре этнос емес, нақ азаматтық қауымдастық болуға тиіс. Осы маңызды мәселеде де біздің айқындалатын кезіміз жетті.

Қазақстан халқы жаңа бір этностық қауымдас-тық емес, түрлі ұлттар азаматтарының қауымдас-тығы ретінде қаралады. Біздің дамуымыздың осы кезеңінде мәселені нақ осылай қою бірден-бір шы-найы көзқарас болмақ. Айтқандайын, Қазақстан халықтары ассамблеясының өзі түрлі этностар өкілдерін азаматтық тұрғыдан біріктіру құралдары-ның бірі болып табылады. Бірігудің идеялық негізі ретінде тұрақтылыққа, жаңғыруға, тәуелсіздік пен прагматизмге сүйену өте дұрыс деп санаймын. Мұның біздің жаңа Конституцияның бірінші ба-бында жазылуы тегін емес. Алайда бүгін таңда осы негіз қалаушы принциптерді нақтылай түсу қажет. Ең алдымен халықтың тарихи санасын жаңғырту керек. Тоталитарлық режим жағдайында халықтар тек КСРО тарихын білуге тиіс болатын. Бұл әсіресе саны аз ұлттарға қатысты еді. Сондықтан қазақтардың өздері де, оның үстіне қазақстан-дықтар да біздің жеріміздің тарихын білген емес. Және бұған олар кінәлі де емес. Бұқаралық деңгейде ұлттық мемлекеттіктің талай ғасырлар бойындағы үздіксіз тарихи байланысы, қазақтар-дың талай ұрпақтарының тәуелсіздік жолындағы күресі ой-елегінен өткізілуге тиіс. Ал олар болса — қазіргі Қазақстан тұрғындарының ата-бабалары. Ал Қазақстан XX ғасырдың терминдері мен

ұғымдарына сай мемлекеттің барлық нышандарына ие болып отыр.

Бұдан бұрынғы кезде қазақтардың мемлекеттігі болмағаны туралы алуан түрлі сыпсың пікірлерге елеулі тосқауыл қою қажет. Осыған байланысты “мемлекеттілік” пен “мемлекет” деген ұғымдар бір мағынаны білдірмейтініне назар аударар едім. Біз мемлекеттілік туралы айтқанымызда, ең алдымен жер аумағын ғана емес, қайта саяси-құқықтық қатынастардың, әлеуметтік және мәдени-рухани бастаулардың бүкіл кешенін ескереміз. Міне, осылардың негізінде қоғам тұтас жүйе ретінде тіршілік ете алады. Бұл мағынада алғанда қазақтардың мемлекеттілігі ежелден орныққан. Қазақ мемлекетін саяси-құқықтық құрылым ретінде хаттауға келсек, бұл басқа іс. Мұның өзі XV ғасырда болғаны белгілі. Алайда зерттеушілердің арасында Қазақ мемлекетін құрудың нақты датасы бойынша бір көзқарастың жоқ екені өкінішті. Ал осы тұста идеологиялық жұмыстың орасан зор бағыты тұр. Өйткені, өз мемлекетіміздің бастауын іздеуде жазылған және жазылмаған деректер бойынша осы күнге дейін адасып жүргенімізде өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беру туралы қалай әңгіме айта алмақпыз? Міне, тарихи ғылымның кезек күттірмес міндетінің өзі осында.

Сіздерге белгілі, 1996 жылғы сәуірдің 2-сінде “Ұлты қазақ азаматтардың тегі мен әкесінің атын жазуға байланысты мәселелерді шешу тәртібі туралы” Жарлыққа қол қойдым. Адамдарға ғасырлар бойғы ұлттық дәстүрлерін қайта қалпына келтіруге мүмкіндік беру өте маңызды.

Қазір жана “Тіл туралы заң” әзірленіп жатыр. Өзгерістер енгізу, тілді, ең алдымен мемлекеттік

тілді оқып-үйренудің нақты тұтқаларын жасау қажет.

Қазақстан азаматтары елдің мемлекеттік тілін құрметтеуге, оны оқып-үйренуге әзір болуға және білуге тиіс. Бұл орайда бұл тіл ел халқының басым көпшілігінің туған тілі екенін және болашақта оның мемлекеттік тіл ретінде басым болатынын ескеру орынды.

Бұл орайда қазақтың жазуын кириллицаның шалғайдағы бір нұсқасы ретінде қабылдаудан бас тартқан жөн. Өйткені мұның өзі осы тілді лайықты сыйлауға мүмкіндік бермейді. Ал латын қарпіне ұсынылып отырған көшудің өзі қазақ тілін басқа этностар өкілдерінің игеруіне, Қазақстанның әлемдік ақпарат кеңістігіне енуіне, технологиялық тұрғыдан әлуетін бейімдеуге, сондай-ақ түркі тілді дүниемен мәдени тұрғыдан бірігуіне неғұрлым тиімді көмек көрсетер еді.

Мұның өзі қазақ азаматтарының елдің басқа халықтарының тілдеріне деген құрметін арттыра түсер еді. Біздің айқындамамыз — өзара түсінісу, өзара құрмет. Бұдан басқадай болуға тиіс емес.

Біздің жағдайымызда этносаралық интеграцияның негізі Қазақстан мемлекеттігіне жалпы азаматтық қатыстылығы, адамдардың саяси өзіндік айқындалуы негіз болуға тиіс.

Қысқасын айтқанда, идеологиялық жұмыс негіздерінің бірі азаматтардың этностық қана емес, сонымен бірге азаматтық тұрғыдан өзін-өзі айқындау принципі болуға тиіс. Біздің саясат, нақ осындай көзқарасқа — адамдардың өздерінің ұлттық-мәдени мүдделерін еркін жүзеге асыруына мүмкіндік беруге, сонымен бірге азаматтық қауымдастық сезімін, Қазақстан халқының тұтас-

тай бірлік сезімін дамытуға көмектеседі. Конституцияда Қазақстан нарықтық әлеуметтік мемлекет деп анықталған. Бұл жай сөз емес, әлеуметтік-экономикалық үлгілермен бірге идеологиялық үлгіні де таңдап алу деген сөз.

Мемлекет табысы мол адам салықты да молырақ төлеу керек деген кезде, Үкіметті дұрыс түсіну қажет. Біз адамдардың әлеуметтік тұрғыдан да бірігуіне жағдай жасауға тиіспіз.

Өзіміз өмір сүрген социализм кезінде жұмыс істегендерге ай сайын енбекақысының үштен бірінен астамын төлемей келді (бұл тек ресми мәліметтер бойынша, іс жүзінде бұдан көп). Мемлекет бұл ақшаны жинақтап, зейнетақыға, тегін пәтерлерге, денсаулық сақтауға, білімге, жеңілдіктерге жұмсады. Бөліп беру деп аталған мұндай жүйені жасау адамдарды толық тәуелділікте ұстауға және оларды бақылап отыруға мүмкіндік берді. Осылайша зейнеткерлерден алып қойған ақша экономикада әлі де бар. Сол себепті біз оларға: “Бұл біздің ісіміз емес, енді нарықтық экономика келді, өз қалауларыңша өмір сүре беріңдер” деп айта алмаймыз.

Бұлар қазір жоқ мемлекеттің қарыздары болғанымен, біз аға ұрпаққа оны беруге тиіспіз. Ол үшін жекешелендіруден түскен қаржыларды жұмсау, мүлікке салынатын салықтан алынған сомаларды аудару қажет. Осының есебінен халықтың жинақ қассаларындағы шығындарын өтеу, пайданың есебінен қаржы аудару жолымен тұрғын үй салуға қажетті жеңілдетілген кредиттер үшін арнайы қор жасау қажет. Бұл бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды — Ұлы Отан соғысының

мүгедектері мен соғысқа қатысушылардың жинақ ақшаларының шығынын өтеу қолға алынды.

Өздеріңіз білесіздер, мен “изм” атаулыға қарсымын. Дүниені көп аралаған кезде капитализм деп аталатын системаның да шегіне жеткен өзімшілдіктен бастап, миллиондаған адамдардың әлеуметтік жағдайының нашарлығына дейінгі көптеген өз проблемалары мен аурулары бар екеніне көзім жетті. Сондықтан ешқандай марапаттау болмауға тиіс. Біздің көзқарасымыз идеологиялық айтысқа емес, халықтың әлеуметтік мүдделерін мейлінше ескеруге құрылған.

Алайда бұл үшін алдымен елеулі экономикалық ресурстар жинақтау қажет. Олар тек біздің әрқайсымыз жұмыс істеген, өзіне және мемлекетке игілік жасаған кезде ғана болады. Сондықтан бүкіл нарықтық реформалар — жекедара көзделген мақсат емес, нақты әлеуметтік бағыты бар тиімді экономика құрудың құралы.

Әлеуметтік бірдейліктің дағдарысы туралы айтқанда, біз әлеуметтік құрылымның мейлінше сырқаулы өзгерісін, түрлі топтардың әлеуметтік статусының өзгеруін ескеруге тиіспіз. Бұл дағдарыстың күрделілігі мен қоғамдық маңыздылығы оның зиялы қауымның бет қаймағының мүдделеріне тиетінімен анықталды. Әлемдік тәжірибе бұл проблеманы шешудің екі ғана нақты тәсілін біледі.

Біріншісі — мәдени, ғылыми, біліми таңдаулы топтың қалай дегенмен де нарықтық жүйенің қисынына бейімделуі, демек өз еңбегімен тапқанына өмір сүруі керек деген сөз. Екіншісі — ұлттың бетке ұстар топтарына демеушілік жасау, жебеу немесе оларды мемлекеттің пәрменді

қамқорлығына алу. Бірінші тәсілдің ауыртпалығы мәдениет жасаушыларды сөзбен емес, іс жүзінде қолдаумен жойылуға тиіс. Мен бұл жерде ғылым мен мәдениеттің нағыз жасампаздары мен талантты өкілдері туралы айтып отырмын.

Бұл орайда, өзара кінәласу мен қарсыласу емес, Үкіметпен және Парламентпен бірге осы мәселені шешудің біртұтас бағдарламасын жасау үшін бірлесіп жұмыс істеу қажет. Мәдениеттің таңдаулы өкілдерін тікелей қолдаудың бағдарламасын Үкімет 1996 жылдың өзінде жасап, жүзеге асыруға тиіс.

Мына мәселені да атап өткім келеді. Біздің егеменді республикамыздың аса маңызды стратегиялық ресурсы — ғылым. Оның үстіне бұл ресурс өзіне тән ерекшелігімен және бұл сөздің дұрыс мағынасында алғанда, ғылым деп аталатын аса күрделі организмнің консерваторлығына орай, мемлекет тарапынан ерекше көзқарасты талап етеді. Оның біздің мемлекеттігіміздің қалыптасуы мен нығаюындағы, әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастардың өзгеру процестеріндегі, елдің интеллектуалдық әлуетін қалыптастырудағы, экономиканы дамытудағы рөлі мен маңызын түсіну ғылымды басқару құрылымын жетілдіру және оны нығайту жөніндегі шешімдер қабылдауға алып келді.

Қазақстандағы саяси өзгерістердің жалпы қисынын да ескеру қажет. Өтпелі кезеңдегі елдердің қазіргі міндеті шынында да бірегей — мемлекеттік құрылыстың тоталитарлық жүйесінен кейінгі нысандарды мұра етіп алған олар, дамымаған азаматтық қоғамның негізінде демократиялық процестерді қалыптастыруға тиіс. Біз үшін бұл

міндет оны көп ұлтты және көп дінді елде шешуге тура келетінімен де қиындай түседі.

Күрделіліктің бұл деңгейін түсінетіндер аз, ал оны түсінетіндердің өзі мәселені шешудің ең қарапайым екі тәсілін іздестіреді. Біріншісі — белді тас буынып, ешқандай “демократиялық ойындарсыз” классикалық авторитарлық тәртіпке “өріс беру” болып табылады. Мен бұл көзқарасты екі принципті себеп тұрғысынан теріске шығарамын.

Біріншіден, ХХІ ғасырдың табалдырығында тұрған кезде тұйық авторитарлық тәртіп орнату дегеніңіз экономикалық, коммуникациялық, ақпараттық қана емес, геосаяси себептерге де байланысты ерте ме, кеш пе бір күйреуге алып барады. Өзінің геосаяси жағдайына орай тиісті орынды авторитарлық емес, тек демократиялық Қазақстан ғана таба алатынына терең сенімдімін.

Екінші себеп мұнан да елеулі. Мен авторитарлық билік технологиясының тәжірибесін жақсы игергенімізді, сол арқылы оппозицияның кез келген өскіндерін ә дегенше-ақ көктей солдырудың қиын еместігін талай рет атап көрсеткенмін. Бірақ біздің алдымызда экономиканы, саясатты, ғылым мен мәдениетті шындап жетілдіру міндеті тұр. Адамдарды қай жерде болса да өкіметтің бақылауынан, ең алдымен жеке өміріндегі, рухани саладағы бақылаудан азат етпейінше және қоғамдағы жариялылықсыз ешқандай жаңғыртулар жүзеге аспайды. Халықтың көптеген ұрпақтары бостандықты тәуелсіз мемлекеттегі авторитаризм деген сияқты әдемі сөзбен ауыстыру үшін қан төккен жоқ. Бұл сөздің астарында тек өзінің ұлттық киімін кигізген еріксіздік жасырынып жатыр.

Аталған міндетті шешудің тағы бір қарапайым әдісі — өкіметке қарсылық. Иә, қарсылық. Жиырмасыншы ғасырдың тарихында өкіметті басып алу-дың жанжалды үлгісі әлденеше рет жүзеге асырылды. Барлық саяси революциялар осы үлгіде құрылды. Соңғы бес жылдың ішінде ТМД елдерінде де әлденеше рет осындай оқиғалар болды. Мұның бәрі де қантөгіспен, күш қолданумен және мейлінше дөрекі популизммен жүргізілуде. Ал ең бастысы — бұл еш жерде де жаңа билеушілердің әдемі уәделерінің орындалуына және адамдар тұрмысының жақсаруына жеткізген жоқ. Әдетте, басқалардың қатесінен үйренбейді деседі. Алайда саясатшы үйренуге міндетті, өйткені оның жеке қателері миллиондардың қасіретіне айналады.

Мен көп реттерде “алғашқы қолдардан” дәл ақпараттар ала отырып, ТМД-ның түрлі аймақтарындағы қантөгісті саяси жанжалдардың болмысы туралы көп ойландым. Менің берік сенімім мынадай: жекелеген топтардың саяси және экономикалық мүддесі халықтың мүдделерін қорғаумен бүркемеленген жерде, этностық немесе діни белгілері бойынша бұқаралық толқуларға бағыт берілген, халықты саяси агрессияға итермелеген жерде, ерте ме, кеш пе, қан төгіледі.

Мұнан алынатын екінші сабақ — жанжал отын тұтатушылар, әдетте, судан таза, сүттен ақ болып шыға келеді. Алайда нақ солар алдымен қантөгіске жол ашады. Сондықтан да мен қоғамды тұрақсыздандыруға бағытталған кез келген әрекетке тыйым салатын Мемлекеттің ішкі қауіпсіздігі туралы заңның жобасын Парламенттің қарауына енгізуді Үкіметке тапсырып отырмын. Ассамблея бұл ұсынысты қолдайды деп сенемін. Біз экономиканы

түзетуді енді ғана бастадық, әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға кірістік. Бізге бос саясатшылдық емес, халықтың бірлігі, достығы, тұрақтылық қажет.

Мен Қазақстандағы партиялық плюрализмді жақтаймын. Бүгін таңда бізде іс жүзінде саяси бірлестіктердің күллі шоғыры бар. Алайда, Конституция мен заңда тыйым салынған қауымдық, діни, рулық тағы басқа кез келген партияларға Қазақстанда жол берілмейді. Біз өзіміз жинақтаған көп емес болса да, төтенше маңызды демократиялық өзгерістердің тәжірибесін сақтауға және өкімет пен саяси қозғалыстардың пікіралысуларын іс жүзінде дамытуға тиіспіз.

Саяси қозғалыстардың өз арасында тұрақтылық шартын жасасып, барлығы бірге өкіметпен шарт бекітуі ең байыпты іс болған болар еді. Бір кезде либералдық ойдың классиктерінің бірі Джон Стюарт Милль құқық жүйесін халыққа да, Үкіметке де бірдей дәрежеде жүген салу деп анықтаған болатын. Егер бюрократия заңды ашық бұзатын болса, адамдардың жанаша азаматтық құқықтық санасы туындайды деп ойлау байыптылыққа жатпайды. Бұл қарапайым ғана тұжырым, алайда бүгінгі таңда ол біз үшін, амал қанша, өте маңызды болып отыр.

Сіздерге жақсы мәлім, Қазақстанның көптеген аймақтарында кадр жөніндегі бірқатар шешімдер негізінен қолданылып жүрген заңдардың, Президенттің актілерінің орындалмауы себепті қабылданды.

Алайда ең іргелі және күрделі міндет — азаматтардың құқықтық сана-сезімін өзгерту. Мемлекеттік жазалауға арқа сүйеген заңдардан қорқу және заңнан жеңіл құтылып кетуге мүмкіндік бе-

ретін екіжүзді мораль — өткендегі құқықтық жалған сана-сезімнің екі жағы, міне, осындай. Мемлекеттің адамның жеке өміріне билеп-төстеушілікпен араласуы жағдайында заңды жаппай құрметтемеу де содан қалған мұра.

Бұл қондырғыны бірер жылда өзгерту де мүмкін емес. Иә, біз прогресшіл заң базасын құрдық, алайда оны жүзеге асырудағы бұрмалаушылық, шенеуніктердің жемқорлығы мен түрлі деңгейдегі өкімет орындарында қызмет бабын пайдаланушылық, кез келген тоталитаризмнің бұлжымас серігіне айналатын, халыққа мұра болып қалған құқықтық нигилизмге қосыла келе, реформаларға деген сенімді азайтуда. Проблеманы анық көре білу қажет, одан түйеқұс секілді “құтылуға” болмайды. Әңгіме халықтың өкіметке көзқарасы туралы ғана емес, халықтың өз мемлекеттігіміздің тағдырына сенімі туралы да болып отыр.

Қандай қызметте отырған шенеунік болса да, жемқорлыққа араласса, заңдарды бұзса, сеніп тапсырылған билікті жеке басының қамы үшін пайдаланса, халықтың мүддесін ойламаса, онда ол жүргізіліп жатқан реформаларға қарсы жұмыс істейді, елді бүлдіреді, мемлекеттің мүдделерін сатып кетеді. Сондықтан да одан тиісінше қатаң талап етіледі.

Осыдан бір ғана жыл бұрын ұлтаралық келісімге жетудің бірегей институты — Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды. Бұл уақытта ол қоғамдағы саяси және этностық тұрақтылық факторларының бірі ретіндегі өзінің мәніс-маңызын нақты істерімен қуаттады.

Республика халықтары мәдениетінің қайта өркендеуі мен дамуына елеулі үлес қосылды,

ұлттық мәдениет орталықтарының жұмысы айтарлықтай жандана түсті. Наурыз мейрамы, корей, неміс мәдениеттерінің фестивальдары, татардың сабантойы бүкілхалықтық мерекелерге айналып, дүнгендер мен курдтардың той-жиындары тұңғыш рет республикалық деңгейде өтті. Сөз орайы келгенде айта кетейін, былтыр қазан айының соңында Алматыда өткізілген ұйғыр жастарының дүние жүзілік фестивалі, де Ақмолада ұйымдастырылған неміс балалары шығармашылығының республикалық фестивалі де, Қазақстан түріктерінің өмірі туралы әңгімелейтін “Халық жадының кітабы” да, тағы басқа көптеген мәдени шаралар да алғаш рет өткізілді. Этностардың мәдени тұрмысы толымды болып, ұлттық-мәдени орталықтардың бастамалары шын мәнінде барлық жерлерде мемлекеттік құрылымдар тарапынан қолдау тауып отыр. Мәселен, Павлодарда, Семейде, Жамбылда, Өскеменде, Петропавлда, Көкшетауда және басқа қалаларда шағын ассамблеялар мен ұлттық-мәдени орталықтар үшін ғимараттар бөлінген.

Ассамблея диаспоралармен жұмысты ұйымдастырудың орталығына айналды. Оның жұмыс органдарына мемлекеттік мәртебе берудің арқасында ұлттық-мәдени орталықтардың проблемалары жедел шешіліп, бұлардың бірқатары бойынша үкіметтік деңгейде шешімдер қабылданды.

Ассамблея іс жүзінде халықтық дипломатия органына айналды. Мұның өзі Алматыдағы елшіліктермен нығайып келе жатқан байланыстан ғана емес, сонымен бірге диаспоралардың тарихи отанымен түрлі байланыстарынан да көрінеді. Осы күш-жігердің арқасында қазақстандық студенттердің Ресей мен Беларусьсиядағы саны көбейді,

астанада корей театрының жаңа ғимаратын салу үшін жер бөлінді. Біздің нығая түскен байланыстарымыздың тағы бір ескерткіші Көкшетау облысында тұрғызылмақ. Мұнда поляктардың Қазақстанға алғаш рет еріксіз көшірілуінің 60 жылдығын мәңгі есте қалдыруға орай жұмысшы тәрбиесі орталығының құрылысы басталады.

Ассамблеяның көмегімен ұлттық диаспоралар өздерінің тарихи отанымен байланыстарын қалпына келтіруде. Мәселен, таяуда “Қазақстан-Украина” ұйымы құрылды, Қазақстан мен Ресей Достық және ынтымақтастық қоғамы өзінің жұмысын бастайды. Біздің Ассамблея көрші мемлекеттің қоғамдық ұйымымен — Қырғызстан халықтары ассамблеясымен тығыз байланыс орнатты.

Таяуда ғана ассамблея республикалық “Ақиқат” және “Мысль” журналдарының тең құрылтайшысы болды. Оның кеңесінің, ұлттық-мәдени орталықтар мен қауымдастықтардың ұсынысы бойынша осы басылымдардың редакциялық алқаларының құрамына белгілі саяси және қоғамдық қайраткерлер енетін болады. Олар жарияланымдардың тақырыптық бағытын бірлесіп айқындайды. Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттікпен бірлесе отырып Ассамблея Алматыда біздің республикада тұратын диаспоралардың тілінде шығатын әдебиеттер сату жөнінде “Отан” кітап магазинінің жұмысын қайта бастау мәселесін шешті. Қазақстан халықтарының ассамблеясы облыс әкімдері жанындағы шағын ассамблеяларымен тығыз өзара іс-қимыл жасай отырып, ұлттық диаспоралар туралы кең-байтақ материал жинақтады.

Осындай жұмыстың нәтижесі бірегей басылым-

ды — Қазақстан халықтарының энциклопедиясын шығару болмақ. Ассамблея сондай-ақ, ұлтаралық қатынастар проблемалары бойынша бірқатар халықаралық конференциялардың жұмысына қатысты және өзі де жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі (Қазақстан мысалы бойынша) этносаралық қатынастарды үйлесімді ету проблемалары бойынша халықаралық конференция ұйымдастырды. Бұл конференция биылғы жылы ақпан айында Алматыда Еуропадағы Хауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйыммен бірлесіп өткізілді.

Біздің елімізде ғана кеңестік кезеннен кейін жоғары оқу орындарына аз ұлттардың өкілдерін жіберу туралы Ассамблеяға квота беру жөніндегі бірегей идея жүзеге асырылды. Биылғы оқу жылында 2682 адам бірінші курс студенті атанды. Олардың бәрі де Ассамблеяның квотасы бойынша оқуға түсті. Саны аз ұлттардың жастарына деген осындай ілтипат бұдан әрі де жалғасатын болады. Менің тарапымнан Үкіметке оқу орны ретінде ғана емес, сондай-ақ ұлтаралық проблемаларды, адамдарды жақындастыру мәселелерін зерттеу жөніндегі Қазақстан халықтары ассамблеясының орталығы ретінде Еуразиялық университет ашу туралы тапсырма берілді.

Ассамблея өзінің қызметінде алғашқы жылдың өзінде-ақ оның алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді ойдағыдай орындай алды деп айтуға болады. Әрине, шешілмеген мәселелер бар, бірақ жалпы алғанда Ассамблея қоғамдық институт ретінде әбден қалыптасты. Оның рөлі уақыт өткен сайын арта түседі, өйткені ол республика халқын азаматтық біріктірудің түйінді құралдарының бірі ретінде көрініп отыр. Біздің мемлекеттігіміздің және

біздің балаларымыздың болашағы осыған байланысты болмақ.

ҒЫЛЫМ МЕН САЯСАТТЫҢ ҚАЛЫПТЫ БАЙЛАНЫСЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛУГЕ ТИІС

**М. В. ЛОМОНОСОВ АТЫНДАҒЫ МОСКВА
МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ 18 МАМЫРДА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Ғылым мен қоғамның өзара әрекеті процесін оңайлатқым келмейді. Бүгін таңда ғылым проблемаларын шектен тыс саясаттандыру оның мемлекеттік басқару органдарымен өзара әрекетін білдіреді. Сондай-ақ, бұл институттар мен университеттерді қаржыландырумен және құрылымдарын құрумен тікелей байланысты басқару шешімдерін қабылдау саласының өте маңызды екені де айқын. Алайда таза прагматикалық өлшемдерді негізге ала отырып, ғылыми проблемалардың түйінін шешу мүмкін емес. Бір кезде ұлы Вольтер: “қолында билігі барлардың қия басқан мәселесінде дұрыс болып шығудың өзі өте қауіпті”, деген болатын. Шынында да, саясаткерлердің прагматизмі ғылым мен білім берудің мәдени және институттық рөлдерін көруге мүмкіндік бере бермейді.

Сонымен бірге ғылым мен саясаттың бірқалыпты өзара байланысы қалпына келтірілуге тиіс. Және ғылым “мақсатқа жету жөніндегі құралдарды тиімді ету тәсілі ретінде” тұрақты

қоғамдардың қалыпты құбылысы болып табылады. Ал “ғылым — білім беру — саясат” тепе-теңдігі тек соңғы жылдары ғана бұзылды. Бұл шынында да тепе-теңдіктің бұзылуы және ғылыми жүйені дамытудың саяси мақсаттарын нақты тұжырымдаудың ешбір айыбы жоқ, қайта дүние жүзінде істің мәні басқаша болып отыр деп пайымдау қате болар еді.

Мемлекет есебінен жеке қызығушылықты қанағаттандыру заманы келмеске кетті. Біздің елдеріміздің алдында өзіміздің ғылыми-білім беру жүйелеріміздің бәсекелестікке қабілеттілігі туралы мәселе өте өткір тұр.

XX ғасырдың бірталай аса ұлы жетістіктерін дүние жүзіне берген үлкен ғылымның күре тамыры осында, Ресейде. Және ол Еуразияның мәдени кеңістігінің түрлі нүктелерінде бұрынғысынша өз жемісін беруге тиіс.

Ғылымнан асқан неғұрлым интернационалды институт жоқ. Сондықтан интеграцияны жақтаушылардың халықтарымызды жақындастыру үшін осы тұтқаны пайдалана алмауы күнә болар еді.

ММУ-дің қабырғасында мыңдаған қазақстандықтар білім алды. Олардың көпшілігі кейіннен ірі ғалымдар, көрнекті өндіріс жетекшілері, белгілі қоғам қайраткерлері болып шықты. Нақ осында өз кезінде біздің Ұлттық академиямыздың қазіргі бес академигі және бес мүше-корреспонденті жоғары білім алған болатын.

ММУ-дің көптеген бұрынғы түлектері қазір республикада мемлекетті басқару орындарында басшы қызметтерде істейді, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық салаларда реформаны нақты жүзеге асырумен айналысуда.

Сонымен, Мәскеу Мемлекеттік университеті көптеген жылдар бойы өзінің негізгі қызметінен басқа да бір аса маңызды істі атқарып келді — халықтар достығын нығайтуға, ұлтаралық және мемлекетаралық қатынастарды үйлестіруге көмек көрсетуде.

Мен үшін саясат пен күнделікті өмірде ғылыми этостың жоғары принциптерін неғұрлым кеңінен таратудың принципті маңызы бар.

Ауқымы бойынша орасан зор ғылыми-білім беру жүйесін құру үлкен қоғамнан тәуелсіздік елесін туғыза отырып, ғылыми қоғамдастықта автономиялы мәдени ортаны едәуір кеңейтті. Бірақ бұл жабық қоғам жағдайында ішінара жемісті болғанымен, ашық қоғамның өзгерген жағдайында өзінен-өзі жеткілікті десек, қауіпті адасу болып табылар еді.

Үлкен қоғамның мәдени ресурстары көп ретте жоғалған мән-мағынаның, сары уайымға салынған көрегенділік пен тұрпайы-жұбанышты жалбарынулардың иррационалды қойыртпағы болып табылады. Бұрынғы қай кездегіден болсын қазір кеңестік кезеңнен кейінгі тәтті үміттер мен қиялдардың қайта оянған және тәнті дүниесіне ғылымның қатаң да рационалды өлшемдерін енгізу қажет.

Әлеуметтік-мәдени құбылыс ретінде ғылым, жаңа тәуелсіз мемлекеттердегі басқа да көптеген салалар сияқты, ашық қоғамға бейімделудің аса қиын кезеңін бастан өткізуде. Алайда еркін ғылым мен ашық қоғамның тегі жағынан түп тамыры бір екені айқын. Және де әңгіме өзгенің тәжірибесін сәнді етіп көшіріп алу туралы, “жаңа көзқарасты ескі саңылау арқылы өткізу керек” дейтін таптаурын болған нақылға байыпсыз ілесу туралы болып

отырған жоқ. Иә, постмодерндік лексика түрлі басылымдар мен телеэкранға толып кетті. Бірақ ол саңылау ескі ғой. Сөйтіп, осы саңылау арқылы антагонизмге толы ашынған көздер сығалайды. Әсіресе осы жек көру ұлттық реңкке ие болса өте қауіпті.

Мен пікірлердің сан алуандығын жақтаймын. Қазақстанда қазір заңды негізде шын мәнінде барлық саяси спектр — коммунистік және социалистік партиялардан ұлттық партияларға дейін орын алып отыр. Алайда заң тыйым салған кез-келген тектік, діни және басқа сондай партияларға бізде жол берілмейді.

Фашистік партиялардың бар болып отырғанын демократияның белгісі деп есептеуге болмайды. Олар ТМД-ның бірқатар елдерінің аумағында классикалық, антисемиттік, ал бірқатар жағдайларда мұсылмандарға қарсы сипатқа ие болуда. Сондықтан барлық конституциялық құралдар арқылы, бұған Қазақстанда жол бермеймін.

Толеранттық, идеологиялық шыдамдылық — кеңестік кезеңнен кейінгі кеңістікте әлі де аса тапшы дүние. Ұлттық, діни немесе саяси диалогтың базалық шарты ретінде толерантсыз бәрі де тек күшке сүйенген тепе-теңдікке құрылатын болады. Бірақ сырттай қарағанда берік көрінгенімен, саясаттағы күшке сүйенген тепе-теңдік іс жүзінде өте әлсіз нәрсе. Бұл тепе-теңдікті, ғасырлар бойы ғалымдар көрсетіп келе жатқанындай, парасатты диалог жолымен құрған дұрыс.

Менің саяси тәжірибем, Батыстағы қоғамдық өмірдің өзгеше онтологиясы өзіндік талдамалы және терминдік құралдардың жасалуын талап еткенін көрсетіп отыр. Осы әдістеме тор тәрізді

кеңестік кезеңнен кейінгі үлгідегі аса әдеттен тыс қоғамға шырматылады. Және мұндай тор ең басты нәрсені түсінуге — осы қоғамдардың институттық өзіндік ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік бермейді.

Біздің транзитті қоғамымызды одан тыс бола отырып дәл сипаттау мүмкін емес. Ғылым өкілдерінің, оның зиялы бөлігі осында, ММУ-ге жинақталған, биік міндеті біздің өте вариативті болашағымызды шынайы сипаттауға ғана емес, сонымен бірге оны жасаудың процесін тиімді ете білуіне де байланысты.

Тарихтағы аса ұлы оқиғалардың қолдан жасалмайтыны, қайта олардың өздігінен өтетіні белгілі. Бұдан екі ғасыр бұрын айтылған осы ойда салауатты түңілу де бар. Біздің аңыз әбден сіңіп кеткен санамыздың бір проблемасы мынада: біз барлық істен ізгі немесе жымысқы ерік-жігерді көруге дағдыланып кеткенбіз. Дағдыланғанымыз соншалықты, әбден айқын нәрсенің өзін естен шығарып аламыз — көптеген заманалық оқиғалар жоспарланбайды, қайта олар өздігінен өтеді. Таяудағы біздің соңғы кеңестік тарихымыздың оқиғаларын зерттеу кезінде тәсілдемелік әдісті елеулі түрде өзгерту керек. Біздің таяудағы тарихымызды жамандай берудің де қажеті шамалы. Әйтпесе алдағы болашағымызды түсінуіміз қиын болмақ. Ал көп айтылып жүрген “көзге көрінбейтін тарихтың көр-тышқаны” саяси тұлғаларға қарамастан өзінің ешкімге біліне бермейтін жұмысын жүргізіп жатыр.

Сонымен, универсиализмнен, шынайылықтан және ұйымдасқан сенімсіздіктен көрінетін ғылыми қызметтің нормативтік принциптері тіпті өзіне-өзі жеткіліктілік мағынасында ғана емес, сонымен

бірге саясатқа және саяси іс-қимылға әсер ету тұрғысынан да маңызды.

Бұдан екі жыл бұрын осы мінберді, Еуразия одағын құру туралы интеграциялық бастаманы айту үшін, мен ММУ-дің кафедрасын кездейсоқ таңдаған жоқпын. Интеграцияны бұзу жөніндегі айқын көңіл күйдің басым түсуі кезінде Ресей ғалымдарының интеллектуалдық қолдауының зор маңызы бар еді. Бүгін таңда интеграция идеясы сәнге айналды, бірақ мен саясаттағы реализмді жақтаймын және саяси әсіре сөздерге бой ұрмайтыным да сондықтан. Алайда кейбір нақты нәтижелер көз алдымызда.

Әрине, бұдан екі жыл бұрын ұсынылған саяси идеялардың Кедендік одақтан да, азаматтық проблемаларды шешуден де, жылдамдығы әртүрлі, көп қабатты интеграциядан да өзінің нақты жүзеге асырылып жатқанын көру қанағаттандырады. Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасындағы экономикалық және гуманитарлық салалардағы интеграцияны тереңдету туралы шарт сапалық кезең болып табылады.

Біз өзімізге реформаларды жүзеге асыру, тауарлардың, қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің ортақ рыногының жұмыс істеуі үшін міндеттеме алдық.

Азаматтық заңдарды шығару және экономиканы реформалау үшін біртұтас үлгі нормативтік база кеңістігі құрылады. Биылғы жылдың өзінде-ақ біртұтас кеден кеңістігі жасалады. Біз үшін әлеуметтік саясатты үйлестіру, ортақ мәдени кеңістікті сақтау және нығайту жөніндегі ынтымақтастық та өте маңызды.

Шарттың ТМД-ның барлық елдері үшін ашық

болуы да аса маңызды. Және шарттың сипатының өзі — "4 + N" осыны көрсетеді. Біздің шартымызға басқа мемлекеттердің қосылуы достастықтағы экономикалық реформалардың табысты барысын білдіретін болады.

Интеграцияның қазіргі заманғы үлгілері тозығы жеткен отаршыл-державалық өктемдіктен гөрі, рационалды негіздерге құрылуға тиіс.

Осы рационалдық бүкіл кеңестік кезеннен кейінгі аймақтың тарихи артта қалуы мен өскелең белесін айқын түсінуге негізделеді.

Осы рационалдық интеграциялық бірлестіктегі мемлекеттердің саяси тәуелсіздігін сақтауға негізделген.

Осы рационалдық мәдени-өркениетті бағдарлардың біртұтастығын арттыра түсуге негізделеді. Нақ осы мәдени-өркениеттегі шиеленіс Еуразияның ХХІ ғасырдың қарсаңындағы интеграциясындағы басты кедергі болып отыр. Дегенмен ол ТМД-ның барлық елдеріндегі геосаясылықты жақсы көретіндердің мән-мағынасыз атышулы тайталастары кезінде онша көзге ұрмайды да.

Саяси қайраткерлердің шындық ағымын ой елегінен өткізуге уақыты жете бермеуі мүмкін, бірақ ақпараттық биіктік кез-келген мемлекет басшысында шынайы түрде жоғары.

Жеке әсерлердің бүкіл жиынтығы кеңестік кезеннен кейінгі кеңестіктегі өркениетті шиеленістің өте күрделі, әрі көп бағытты көрінісін айғақтайды. Және сыртқы ғана емес, сонымен бірге ішкі шиеленісті көрсетеді.

Сондықтан интеграцияны парасатты түрде түсіну дегеніміз өткенге деген сөзсіз тамсандыратын көзқарас қана емес, сонымен бірге болашаққа

және де аса проблемалы болашаққа деген де көзқарас.

Және осы болашақтың барған сайын көп нұсқалы болып отырғанын таныған жөн. Көкжиекте барған сайын көп баламалар пайда болуда. Бір ғана нәрсе айқын: бүгін таңда елесті кезеңнен кейінгі кеңістікте байсалды саясаткердің шексіз оптимизмге, сондай-ақ түңілген эсхатологиялық сипаттағы сәуегейліктің орын алмайтынына кепілдік бере алады.

Интеграция бірнеше іргелі принциптерге сүйенеді.

Біріншіден, әңгіме қайта интеграциялану туралы емес, қайта керісінше жаңа интеграция туралы болып отыр. Айтқандайын, қайта интеграциялаудың радикалды қарсыластары мен жақтаушылары өзара айтысқанымен, іс жүзінде не болып жатқаны туралы саналы немесе құйтұрқы түрде мүлдем айтпайды. Ал іс жүзінде КСРО-ны қалпына келтіру емес, қайта жаңа интеграцияның құрылымдары мен тұтқаларын іздестіру жүріп жатыр.

Екіншіден, ойдағыдай интеграцияның кепілі институттарды, оның арналарын эволюциялық жолмен арттыра түсу болмақ. Интеграцияның экономика, мәдени, ғылым, білім беру саласындағы қуатты институттық базасын жасау уақыт пен елеулі инвестицияларды қажет етеді. Нақты жұмысты, мәселен, ММУ-дың ұжымы көрсетіп отырғандай нақты жұмысты қажет етеді.

Үшіншіден, интеграция этностардың мәдени-өркениетті ерекшеліктері еске алынған кезде және мемлекеттік егемендікті құрметтеу кезінде ғана жүзеге асады.

Этностық артықшылықтың принциптеріне құрылған көптеген “зымияндық сөрелері” ұлтара-

лық және мелекетаралық қатынастарды елеулі түрде бұрмалайды және шиеленістіре түседі.

Бұқаралық басылымдардың ксенофобияны халық үні ретінде көрсететіні жөнсіз-ақ. Еуразияда еуропалық орталықшылдық аңғырт әрі қауіпті, біздің біршама эклектикалық өркениетті ресурсымыздың нақ осы бірегейлігі бұл орасан зор кеңістікті бір мемлекеттің күйрегенінен кейін “бірге құрауында” жатыр. Оны күш арқылы “бірге құраудың өзі” қасіретті сипаты бар өктемдік болар еді. Мұның өзі мемлекетаралық проблемаларға қатысты ерекше әдептілікті қажет етеді. Бұл ғылымға да қатысты.

Кейбір ғылыми басылымдардан қазіргі шекараларды қайта бөлу туралы ұзақ-сонар ой-пікірлерді көрген кезде ағылшынның джентельмендер туралы ескі нақылын еске аласың. Онда табиғат интеллектіні үнемдеп беретіні айтылған. Өйткені интеллект — бұл ең алдымен шындықтың құрылымын түсіну қабілеті.

РЕФОРМА БЕЛСЕНДІ ҚОЛДАУ АРҚАСЫНДА ҒАНА ТАБЫСҚА ЖЕТЕДІ

**БАРЛЫҚ ДЕНГЕЙДЕГІ ӘКІМДЕРДІН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНДЕ
28 МАУСЫМДА СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Еліміздегі атқарушы биліктің жетекшілері, оның барлық тармақтары түбірлі өзгерістер басталғалы бері алғаш рет бас қосып отыр. Біздің кеңестің мақсаты — мемлекеттік тәуелсіздік алған

уақыттан бергі республиканың даму барысына қорытынды жасау және атқарушы биліктің таяу болашақтағы негізгі міндеттерін айқындау.

Осы форумды өткізу мерзімі кездейсоқ алынып отырған жоқ. Қоғамның барлық салалары мен түрлі бағыттарын реформалау процестеріне талдау көрсетіп отырғанындай, өтпелі кезеңнің алғашқы асуы аяқталуға таяу. Ал бұл жүріп өткен жолдарымызды ой елегінен өткізуді және осыған қорытынды шығаруды қажет етеді. Ең бастысы — дамудың бағыт-бағдарын айқындап алу. Сіздер принципті жаңа жағдайдағы барлық атқарушы билік жүйелеріне қойылатын саяси талаптарды жақсы білуге тиіссіздер. 2000-шы жылға дейін біз шешуге тиісті міндеттердің басын ашып алудың да қаншалықты маңызды екенін естен шығармауларыңыз керек.

Оның бәрі, сіздерге таратылып берілген және мен қол қойған меморандумда жан-жақты айтылған. Күнделікті жұмыстарымызға бағыт сілтейтін бұл құжатты оқып-үйренуге, оны жүзеге асырудың шараларын белгілеуге сіздер міндеттісіздер.

Осыны ескере отырып, бәрін қайталап жатқым келмейді, тек сіздердің назарларыңызды оның принципті және маңызды аспектілеріне аударғалы тұрмын.

Біріншіден, мынаны атап өткен жөн: Қазақстан тәуелсіз және егемен мемлекет ретінде құрылды. Ол, бейнелеп айтқанда, әлемнің саяси картасынан өз орнын алды. Белсенді және нысаналы сыртқы саясатты жүргізудің нәтижесінде біз әлемдік қоғамдастыққа сан қырлы халықаралық проблемалар бойынша берік айқындамасы бар, өзінің

мүдделерін қорғауға ғана емес, сонымен бірге Еуразия құрылығы мен бүкіл дүние жүзінде өзара түсіністікті нығайтуға, тұрақтылыққа, сенім ахуалына қол жеткізуге бағытталған ірі сыртқы саяси бастамаларға қабілетті ел ретінде қабылдандық.

Екіншіден, 1995 жылы тамызда қабылданған жаңа Конституция елдің мемлекеттік құрылысының іргетасын қалады және сонымен мемлекеттік құрылыстың алғашқы кезеңі аяқталды. Бүгін таңда Қазақстанда өзгерістерді одан әрі тереңдетуге бағытталған, қоғамдағы тұрақтылық пен келісімнің қайнар көзіне айналып отырған күшті мемлекеттік өкіметтің қалыптасқанына ешкім де күмән келтірмейді. Бұл елімізде жаңа Конституцияның күшіне енуінің нәтижесі. Парламент пен Үкімет арасындағы өзара қатынастардағы таяуда болған дағдарысты жоюдың өзі жана Ата Заңның талаптарын орындаудың нәтижесінде мүмкін болды. Онда проблемаларды тайталассыз шешуді және мәмілеге келу жолын іздестіруді көздейтін норма негізге алынған болатын. Мұның өзі бүкіл халық пен бүкіл еліміздің мүддесін бейнелейтіні сөзсіз.

Үшінші. Мемлекеттілікті күшейту және нығайту мәселелерін шеше келіп, біз ұлтаралық келісімді тереңдетуге, саяси тұрақтылыққа, демократиялық процестердің дамуына, жаңа саяси институттардың қалыптасуына аса зор мән беріп келдік және беріп отырмыз. Елімізде әуел бастан ақ адамның азаматтық құқықтары мен бостандықтарына басымдылық берілген.

Біз алға озып кетпей, сонымен бірге осы саладағы жалпы жұрт таныған халықаралық нормалардан ешқандай ауытқымастан демократиялық өзгерістерді дәйекті түрде дамыта береміз.

Төртінші. Реформаларды жүзеге асырумен және экономикалық дербестікке жетумен байланысты экономикадағы қызу, берекесіз және көп ретте дағдарысты процестің кезеңі аяқталып келеді. Ол ой елегінен өткізілген және басқарылатын арнаға біртіндеп еніп келеді. Ол айқын әзірленген бағдарламалар мен жоспарлар бойынша іс-қимыл жасап, оқиғалардан артта қалмауға, қайта оның дамуын болжауға мүмкіндік береді.

Және, ақыр соңында, бесінші. Біз әлеуметтік проблемаларды шешуге етене кірісе бастадық. Біз зейнетақының мөлшерін көтере бастадық, зейнеткерлер алдындағы қарыз бойынша есеп айырыстық, бюджеттік саладағы еңбекақы өсе бастады. Селоға нақты көмек көрсетіле бастады.

Біз реформаның барысында барлық ойға алғанды жүзеге асырдық деген ойдан аулақпын. Қателіктер де, кемшіліктер де болды. Қиындықтар қазір де бар, сірә, олардан алдағы уақытта да құтыла алмаспыз. Бірақ ең бастысы істелді. Мемлекеттілік қалыптасып, саяси жүйенің, демократия мен азаматтық бостандықтардың негізі қаланды. Өзінің табиғаты жағынан нарықтық экономика жана заңдар негізінде жұмыс істеуде. Біз дүние жүзілік қоғамдастықтың, әлемдік нарықтың құрамдас бөлігі болып табыламыз. Біздің тәуелсіздігімізді дүние жүзі таныды. Оның үстіне біз планетаның жетекші мемлекеттерінен өзіміздің тәуелсіздігімізге және аумақтық тұтастығымызға кепілдік алдық.

Сонымен бірге өмір бір жерде тұрып қалмайды. Реформалау өзін сөзсіз тереңдетуді, жаңа ауқымды іс-әрекеттерді талап етеді. Осы жұмыстағы атқарушы өкіметтің орны қандай? Бүгінгі әңгіме

осы тақырыпқа ғана — еліміздің ішкі өмірінің проблемаларына арналған.

Біздің назар аударатын басты саламыз — бұл экономиканың жай-күйі мен экономикалық реформаларды жүзеге асырудың барысы.

Нарықтық экономика негіздерінің негізі — бұл жеке меншік. Жеке немесе басқа бір тиімді меншік иесі болмаса кәсіпорындардағы өндірістік істерде береке болмайды. Оның орнына сол баяғы жауапсыздық, келеңсіз менеджмент, тоқырау, жасырын жұмыссыздық, қаржы дағдарысының барлық түрлері, төлемдерді өтемеу, ұрлық, жемқорлық орын алады.

Біз жекешелендіруде елеулі табыстарға қол жеткізгенімізді мойындағанмыз жөн, бірақ әлі де көптеген проблемалар қалып отыр. Мәселен, заңдылық жағынан алғанда мемлекеттік емес көптеген кәсіпорындарда үш түрлі билік қалыптасты: меншіктің бір бөлігі еңбек ұжымында, бір бөлігі инвестициялық жекешелендіру қорларында, ал енді бір бөлігі ақша инвесторында, ал кейде тіпті мемлекеттің қолында.

Бұл орайда корпоративтік құнды қағаздардың нарығы шын мәнінде дамытылмаған, акцияларды қайта бөлуге итермелейтін жағдайлар жасалмаған.

Экономиканың бүтіндей секторлары мен кіші салалары түгелдей мемлекеттің қолында. Міне, нақ осылар көбіне өте нашар жағдайда қалып отыр.

Мен таяуда Малайзиядағы жекешелендіруді жүргізудің практикасын егжей-тегжейлі зерттедім. Мұнда экономиканың барлық секторлары, әлеуметтік сала, ауруханалар мен мектептерден басқасы, жеке меншіктің қолында. Соның ішінде аэропорттар да, автомобиль жолдары да солай.

Сондай-ақ жер де негізінен жеке меншік қарамағында. Міне, он жылдан астам уақыттан бері электро, энергетикада және темір жол көлігінде жекешелендіру жүргізіліп жатыр. Тіпті үкіметтік резиденциялар және бүкіл үкімет шаруашылығы жеке меншік қарамағында. Жаңа инфрақұрылым тек жеке қаржыға ғана құрылуда. Ал қазіргі мемлекеттік құрылымдар таяу арада мүлдем жекешелендіріледі. Соған қарамастан Малайзия өзінің барлық азаматтарына өмірдің жоғары деңгейін қамтамасыз етіп келе жатқан гүлденген ел.

Басқаша айтқанда, жеке сектор мұнда әбден басым. Ал бұдан кімге жаман болып отыр? Адамдар дән риза: елде тәртіп орнатылған, жұмыс бар, ал табыс тіпті дүниежүзілік көрсеткіштер бойынша да өте қомақты. Жеке меншік иесі өз байлығын арттыра түсуде. Бірақ сонымен бірге ол қоғамға да жұмыс істейді. Өйткені адамдарға жақсы жалақы төлейді, ал салық түрінде өзінің кірістерінен мемлекетке көптеген аударылымдар жасайды. Жеке сектор үкіметтің де мойнынан бірқатар проблемаларды өзіне алған, өйткені бюджеттің шығысы түбегейлі түрде жеңілдетілген. Бұл орайда мемлекеттік қызметкерлер көп жалақы алады. Бәрі де парасатты әрі бәрінің пайдасына жасалған. Ендеше біз бұдан неге қорқамыз?

Бірақ бізде де жеке меншіктің және оның иесінің қажеттігін адамдар түсініп келеді. Ал нағыз кожайын пайда болған жерде, кәсіпорындар тиімді басқаруға берілген жерде қызметкерлердің жағдайы елеулі түрде жақсара түсуде.

Үкімет пен әкімдердің алдына, экономикадағы ең басты саяси міндетті — барынша қысқа мерзім ішінде жекешелендіруді аяқтау, өндірістегі

меншікті ретке келтіру міндетін қоймақпын. Меншіктің кәсіпорындарды дағдарыстан шығаруға қол жеткізе алатын, жақсы менеджмент ұйымдас-тыра алатын адамдардың қолына көшуі үшін бар-лық жағдайды жасау қажет. Бұл орайда жеке меншіктің Конституция кепілдік берген құқықтары мүлтіксіз сақталуы тиіс.

Жоспарларды қайта қарап, бюджеттік инвестицияларды өндірістен инфрақұрылымға барынша қайта бағыттаған жөн, бұл орайда оның жекелеген объектілерін жекешелендіруге кіріскен дұрыс. Сондай-ақ әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық объектілерге ерекше көңіл аудару керек. Біз қаласақ та, қаламасақ та, жергілікті өкімет әлеуметтік активтер туралы қамқорлықты кәсіпорындардың мойнынан алуға тиіс. Әрине, бұл үшін көп жұмыс істеу керек екені түсінікті. Несі бар, қожайындар іздестіріп, мұндай объектілерді жекешелендіру қажет. Бірақ, бұл орайда олардың бағытын сақтап қалу керек. Бұдан әрі бүкіл инфрақұрылымды жеке негізде құруға ұмтылу қажет. Мемлекеттің мүдделері туралы мәселелер, бірегей монополия бар жерде олардың белгілейтін бағаларына және олардың жұмысына бақылау жасау, байсалды көзқарас таныту және бәсекелестік үшін барынша мол мүмкіндіктер ашу қажет.

Мысалға, биылғы жылдың өзінде автомобиль жолдарын жеке меншіктің қолына беруге болады. Осы істі бастау үшін олардың бірқатарын эксперимент ретінде беруге болады. Сонымен қатар жеке секторға жаңа магистральдардың құрылысын ұсынған жөн.

Жалпы алғанда, нақ әкімдер жекешелендіру және инвестицияларды тарту мәселесіне принципті

түрде, жаңаша, ауқымды тұрғыдан келуге міндетті. Алайда түбегейлі макроэкономикалық тұрақтылықты орнықтыру және елімізде қолайлы инвестициялық ахуалды жасау міндетін қысқа мерзімнің ішінде шешпейтін болсақ, бұл жұмыста біз табысқа жете алмаймыз.

Бүкіл дүние жүзілік тәжірибе жылдық инфляция ең көп дегенде жылына 15—20 проценттен аспайтын болғанда ғана инвестициялық капиталдың белсенді қозғалысы басталатынын көрсетіп отыр. Үкімет бағдарламасына сәйкес келесі жылға шамамен осындай бағдарлар белгіленген, ал 1998 жылы біз инфляцияны 9—10 процентке дейін төмендетуге тиіспіз.

Бұл оңай міндеттер емес. Соған қарамастан, екінші негізгі саяси талап ретінде мен Үкіметтің, Ұлттық банктің және әкімдердің алдына мынадай міндет: инфляцияны 1997 жылы айына бір-бір жарым проценттен аспайтын деңгейге жеткізу міндетін қоймақпын. Он жылдықтың аяғына қарай ол жылына 3—5 проценттен аспауға тиіс.

Мұндай талап елімізге инвестицияларды тартудың өткір қажеттігінен туындап отырғанын баршаның түсінуі қажет. Біқтимал инвестор Қазақстанда үлкен инфляция таяудағы жылдардың ішінде жойылатынына нық сенімді болуға тиіс.

Қазір біз үшін 1997 жылға арналған бюджетті қалыптастырудың принциптерін айқындау өте-өте маңызды. Үкімет пен әкімдер қазірдің өзінде-ақ келесі жылдан бастап бюджеттің мойнынан объектілердің барынша көп санын ала бастау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауы тиіс. Егер қажет болса оларды жеке сектордың қолына тегін беріңіздер немесе банкротқа жатқызыңыздар.

Өйткені әлемнің бірде-бір елінде халықтың жан басына шаққанда мемлекеттік қызметшілер дәл біздегідей соншалықты көп емес. Сондықтан бұл орайда да қатаң тәртіп орнату қажет.

Бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастыру ісін мейлінше жақсарту керек. Неліктен бұлай болып отырғаны да құпия емес. Бұл мәселеде түбегейлі өзгерістер де жоқ. Әлі де бірде-бір төлем жасамаушы сотқа тартылған емес. Бірде-бір компания салық төлеуден бұлтарғаны үшін зиян шеккен де жоқ. Қаржы министрлігі, Салық инспекциясы мен полициясы әзірше өзінің тікелей жұмысын толық атқара алмай отыр. Егер таяу уақытта бұл учаскедегі жағдай өзгермейтін болса, ең батыл шаралар қолданған жөн. Әкімдердің бұл істегі рөлі мен жауапкершілігін арттыру қажет. Проблеманың тек экономикалық емес, саяси сипат та алып отырғанын әркімнің жете түсінуі керек.

Дәстүр бойынша құрылатын бюджет шеңберінде инфляцияны түпкілікті ауыздықтау міндетін шешу мүмкін емес. Сондықтан көбінесе ескі бюрократтық жүйе мен әкімгершілік экономиканың жаңғырығы болып табылатын бюджеттің өзі де батыл түрде жаңартылуға тиіс. Бюджет құраудың бүкіл процесін жана негізге қою қажет.

Шартты түрдегі макротұрақтандыру бұл орайда орташа мерзімді бюджеттік жоспарлауға көшуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, орталық пен аймақтардың қаржы жөніндегі өзара қарым-қатынастарын қайта құру керек. Кірістерді жұмылдырудың және шығыстардың тиімділігін арттырудың басты тетігі соңғы мәселені шешуде жатыр. Реформаларды жүзеге асырудағы және экономиканы басқарудағы негізгі міндетті орталықтан

алуды бастау туралы жариялағаннан кейін, жергілікті жерлерге тиісті өкілдіктерді — ең алдымен жергілікті бюджеттердің кірістері мен шығыстары жөніндегі өкілеттіктерді беру қисынды болмақ.

Әрине, бұл міндетті шешуде, әсіресе, біздің мемлекетіміздің бірегейлігін және жекелеген саяси, экономикалық функцияларды орталықтандырудың объективті қажеттілігін ескеретін болсақ, қашанда шамадан шықпаған маңызды. Мемлекеттің маңызды функциясы болып табылатын кірістерді Қазақстанның дотациялық аймақтарына бөліп беруге мәжбүр екенімізді де ескеру қажет.

Алайда мұның өзі облыстардың жартысы және барлық аудандар дерлік осындай жәрдеммен ғана “күнелтуі” тиіс деген сөз емес. Біз кезінде аудандарды тым көп құрып тастадық, шындап келгенде, олардың, сондай-ақ жаңадан құрылған облыстардың көпшілігінің, тіпті, өздерінің басқарушы аппараттарын ұстауға да жағдайы жоқ болатын.

Елдің әкімшілік бөлінісінде тәртіп орнататын және ең алдымен аудандар, облыстар не үшін құрылғанына мән беріп қарайтын кез әлдеқашан жетті. Оларды шенеуніктерді көптеп ұстау үшін құрғанбыз ба, әлде адамдардың тұрмысын жақсарту және экономиканы көтеру үшін құрдық па? Егер облыстар бастамашылық көрсетіп, басқарудың артық құрылымдарын өздері тарататын болса, басқару буындарын қысқартудан түсетін қаржыны жергілікті жерлердің өзінде қалдыру керек. Дұрысы — шенеуніктер азайып, есесіне олардың сапасы артатын болсын. Оларға еңбекақыны да көбірек төлеу қажет.

Қазіргі жүйе бойынша қайсы бір аймақтың

қаншалықты тиімді жұмыс істейтінін бағалау мүлде қиын. Қазір Үкімет облыстардың рейтингтерін анықтауға кірісті, демек олардың басшыларының да рейтингтері белгілі болады. Бұдан былай олардың қалай жұмыс істейтіні, жергілікті жерлерде адамдардың тұрмысы қалай жақсарып келе жатқаны көрініп тұрары да даусыз. Дұрысы да осы.

Экономиканың басым көңіл бөлінетін бағыттары арқылы жекешелендіруді шешуге, инфляцияны басуға, бюджетті түбірінен реформалауға күш салғанда, ауыртпалығы мол болса да, экономиканы сауықтырудың, инвестициялық белсенділікті күрт жеделдетуге қажетті алғы шарттар жасаудың басты құралын біз осылардан көріп отырмыз.

Тек сауықтырылған және реформаланған экономикаға қуатты инвестициялар жасалуы ғана экономикалық өсудің негізін қалайды.

Инвестициялық белсенділіктің өрісіне шығудың өзі біздің бюджетті жаңаша толықтыра бастауымызға мүмкіндік беретін болады, адамдарды жұмыспен қамтамасыз ету, олардың әл-ауқатының деңгейін көтеру проблемасын да шешуге болады. Ең бастысы — халықтың әлеуметтік жағдайы нашар топтарына, бюджет саласының қызметкерлеріне қатысты неғұрлым өткір проблемаларды шешеміз.

Мен, басым көңіл бөлінетін мұндай міндеттерді шешуге жергілікті жерлердегі басқару органдарын, атқарушы өкіметті барынша асықтырып келемін, өйткені адамдар экономикалық реформалардың нәтижелерін мүмкіндігінше тезірек көруге тиіс.

Нақ осы себепті мен елімізге шетелдік капиталды қуатты түрде тартуға, сондай-ақ қазақстан-

дықтардың іскерлік белсенділігін арттыратын жағдайлар жасауға көмектесетін мейлінше қолайлы инвестициялық климат құру міндетін алға қоямын.

Ал біз болсақ, бұл мәселеде әлі күнге дейін өте-мөте артта қалып келеміз, жылдар бойы жекеменшікке деген теріс көзқарастан бойға сіңіп қалған түрлі тыйым салулар мен тартыншақтық қасиеттер еңсемізді көтертпейді.

Инвестор бізге келіп, экономикамызға ақшасын салу үшін барлық күш-жігерді жұмсау қажет. Бұл үшін не істеу керек? Ең алдымен инфрақұрылымды дамыту мәселелерін шешу — көліктік қатынас жолдары мен коммуникацияны, сауда жолдарын дұрыстап реттеу, шетелдік инвестор үйреніп қалған әрі елдің, оның бүкіл экономикасының әлуетін ең алдымен соған қарап бағалайтын тиісті қызмет түрлерін ұйымдастыру қажет.

Біздің елімізге инвестициялар келіп жатқаны да мәлім, бізге сеніп отыр. Бұл тұрғыда біз көп іс атқардық. Каспий құбыр желісі консорциумына және экспорттық мұнай желісі құрылысына қатысты барлық проблемалар шешілді. Осымен бір мезгілде біз көмір сутегін экспортқа тасымалдаудың басқа да жолдарын іздестірудеміз. Сондықтан бір-екі жылдан кейін Қазақстанның үлкен мұнайы ел экономикасына қайтарым бере бастайды деп сенеміз.

Ақтаудағы теңіз портын қайта құру туралы Еуропа банкімен келісім жасалды. Бұл Қазақстанның сыртқы рынокқа су жолдарымен шығуына мүмкіндік береді.

Трансазия темір жол магистралін құру жөніндегі жұмыстар іс жүзінде аяқталды.

Ол Қазақстанның Үнді және Тынық мұхитта-

рындағы теңіз порттарына шығуына жол ашады. Біздің елімізді Қытаймен және Пәкстанмен байланыстыратын автокөлік жолы іске қосылды.

Жапонияның кредиттерін Қытаймен шекарадағы Достық темір жол станциясын дамытуға жұмсап отырмыз. Бұл темір жолдың өткізу қабілетін және тауар айналымын күрт арттыруға мүмкіндік береді. Еуропа мемлекеттерімен, Азияның көптеген елдерімен тұрақты әуе қатынастары ашылды. Атап айтқанда, жуырда осы орайда Малайзиямен және Сингапурмен келісімдерге қол қойылды.

Демек, көлік қатынастарын ұйымдастыру тұрғысынан алғанда, біз аз жұмыс тындырғанмыз жоқ. Алайда қызмет көрсету проблемасына қайта оралсақ, егер Көлік министрлігі, Кеден комитеті, шекара әскерлерінің бөлімшелері, өкіметтің жергілікті органдары оны қарапайым нормаларға жауап беретін ету, кеден бақылауынан өткізу, мейманханаларда тұру проблемаларын шеше алмайтын болса, онда біздің көлік ұйымдарымызды, яки жекешелендірген, яки шетелдіктердің басқаруына берген дұрыс болатынын айтқым келеді. Әкімдердің бұл проблеманы ешқашан екінші дәрежелі іс санамағанын қалар едім.

Үкіметтің, барлық деңгейдегі әкімдердің қонақ үйлерді, аэропорттарды, байланыс, жолдар жүйесін салу және жаңғырту жөнінде мықтап жұмыс істеуі керек. Республикада жанға жайлы қонақ үйлерді сала бастау үшін барлық жағдайларды жапсап, инвесторларды ізденіздер.

Биылғы жылдың өзінде инвесторларға қатысты инвестициялық және салық заңдарын қайта қарау және жақсарту қажет. Ірі жеңілдіктерді, салықтық

каникул және инвестициялық салық кредиттері тәрізді жеңілдіктерді жасауға батыл бару қажет. Инвестордың өз капиталын тез қайтарып алуға мүмкіндігі болуы керек. Бұдан кейін біздің нарықты оның тереңірек игеруге деген ықыласы арта түсетіні түсінікті. Үкімет көп елдерде жасалатынындай, әрбір инвесторға заңды түрде құқық беріп, оған жеке салық тактикасын белгілеуге міндетті. Мен осы пікірді еліміздің Парламентіне ұсынамын. Бұл қазір өте қажет, өйткені мұндай мүмкіндік біздің Конституциямызда көзделген. Сондай-ақ Президенттің қажет болған жағдайда тиісті Заң шығару құқығы да көзделген. Инвесторлардың айқындамасы тұрғысынан импорттық салықтарды, ең алдымен прогресті технологиялар мен жабдықтарға деген салықтарды қайта қараған жөн.

Инвестициялық ахуалды біздің экономикаға тікелей инвестиция салу процесін басқарумен байланысты былықтар жақсарта алмайды. Кім және қандай деңгейде шешім қабылдайтынын, басқарудың әрбір деңгейінің құзырлығы неде екенін әлі күнге дейін ешкім түсініп болған жоқ.

Осыған байланысты инвесторлар тарапынан арыз бен шағымдардың тасқыны толастамауда және бұны халықаралық беделді ұйымдар мен сарапшылар көрсетіп отыр.

Сондықтан таяудағы уақыт ішінде мамандандырылған үкіметтік емес құрылымды құру қажет, ал ол біздің инвестициялық жобаларымыз бен ықтимал инвесторлар арасында байланыстырушы буын болуға тиіс. Бұл бағыттағы жұмыс менің тапсырмам бойынша жүргізіліп жатыр. Сөзбұйдаға сала бермей, Үкімет басқарудың жаңа жүйесін талдап

жасағаны, министрліктер мен ведомстволардың санын едәуір азайтып, шенеуніктік аппаратты қысқартқаны жөн.

Арнайы экономикалық аймақтарды құруға, әсіресе тоқыраған қалаларда, аудандарда, құлдыраған өндірістердің айналасында, игерілмеген аумақтарда осындай аймақтар құруға, батыл және түбегейлі түрде көшкен дұрыс. Бізде тиісті заң бар, бірақ жергілікті жерде жігерлілік пен оралымдылық жетіспей жатыр.

Нұсқалар көп, бірақ оларды пысықтау, басқа елдердің тәжірибесін зерттеу қажет. Үкімет пен жоғары экономикалық кеңеске 1997 жылдан бастап елімізде жаңа инвестициялық және салық режимін енгізуді тапсырамын.

Іскерлік белсенділікті арттыру тақырыбын қозғай келіп, республикада шағын және орташа кәсіпкерлікті дамыту ісімен байланысты проблемаға тоқталмай кету мүмкін емес.

Бұл өте маңызды, өйткені жұмыссыздық тез өсіп келеді, сондықтан жалақысы жоқ әрбір адамға өзінің ісін ашуға, жұмыс табуға мүмкіндік жасау керек. Шағын бизнесті дамытуды және оған қолдау көрсетуді маңызды саяси міндет деп қараймын. Нақ осы қадамнан шағын меншік иелерінің табы қалыптасады. Ал олар орташа тапқа қосылып, бүкіл қоғамның өзегі және сүйеніші болатын таптың құрамдас бөлігіне айналады. Міне, сондықтан мемлекет негізінен кәсіпкерлерге, шағын және орташа бизнеске кредиттік мүмкіндіктерін, сырттан келетін көмекті беруге тиіс.

Кез-келген мемлекетте шағын бизнес мемлекеттің қолдауына, оның қамқорлығына ие, ал бізде әзірге керісінше. Тіпті оның үстіне ешқандай ерек-

ше қолдау жоқ. Бәрі де оның аяғынан тік тұрып, өзінің ісін өрістетугіне кедергі болып отыр. Бүгін таңда өз ісіңізді ашуға ұмтылып көріңізші — оны тіркеуге байланысты әбігерден бас ала алмайсыз, бастапқы кредитті таба алмайсыз. Салықтар мен тексерулер есіңізден тандырады.

Әрбір адамға ешқандай сөзбұйдасыз өзі үшін, отбасы үшін, кәсіпкерлік ісін жасауы үшін барлық жағдайды туғызу қажет. Екінші жұмыста істейтін, оны қосарлы атқаратындарды ынталандырған және қолдаған жөн. Оның үстіне екінші жалақыдан табыс салығын алудың қажеті жоқ. Және де, адамдарды, әсіресе жастарды бизнестің қыр-сырына үйретуіміз керек. Бұл орайда аппарат қызметкерлерін осыған міндеттеу қажет. Барлық кадрлар нарықтық экономиканың негіздерін білу жөніндегі аттестациялаудан өтуі керек. Оқуды ұйымдастыру үшін астанаға немесе облыс орталықтарына ғана бағдар ұстап қоймай, әкімдердің өздері, жергілікті жерлерде бизнес мектептерін ашуды ойластырғаны жөн. Егер өз кадрлары жетіспесе, онда мамандарды шақыру қажет. Адамдар туған жерінен шетке шықпай-ақ кәсіпкерлікке үйренуі тиіс.

Бізде тағы бір қырсық бар — тексеруге деген құштарлық. Бұл шынында да жаппай үрдіске айналды. Отандық немесе шетелдік кәсіпкерлердің қайсысымен әңгімелессең де, бәрі де осы тексерулерді ең басты проблема деп атайды. Әр ай сайын түрлі қызметтер 50—60 тексеру өткізеді. Бұл орайда тіпті бір кәсіпорынды әртүрлі деңгейдегі сол ведомствоның қызметкері тексеріп жатады. Кәсіпкерлердің ең басты қорғаушысы әкімнің өзі болуға тиіс. Ол, былайша айтқанда, реформаларды қолдаудың символы болып табылуға тиіс. Адамдар

әкімнің бәрін де өздері үшін, іс үшін жасап жүргенін білгені маңызды.

Атқарушы өкіметтің, әсіресе жергілікті жерлерде, кәсіпкерлердің шаруашылық қызметіне ұдайы заңсыз араласуы да жақсы болып отырған жоқ. Өйткені заң бұған тыйым салады. Ендеше, оны бұзғаны үшін неліктен тиісінше талап етілмейді? Бәлкім, күш-қуат құрылымдары, прокуратура әлі де сол баяғысынша, заңды басты бұзушылар кәсіпкерлер деп есептейтін болар?

Заң алдында баршаның, оның ішінде кәсіпкерлердің де бірдей екені сөзсіз. Алайда олар заңды бұзған кезде сот алдында ғана жауап беруге міндетті. Оның өзінде, меншік түріне қарамастан, салық төлеуден бұлтаратындар ерекше қатаң тергелуге тиіс. Мұнда ешқандай кеңшілікке жол берілуі мүмкін емес. Ал бізде болса, бәрі де тексерулермен және тергеумен ғана аяқталады.

Біз баршаны заңды құрметтеуге қашан мәжбүр ете алар екенбіз, адамдарды жұмыспен қамтамасыз етіп, экономиканы “сүйреп” келе жатқан, салық төлеушілер болып табылатын әрі мемлекетті асырап отырған кәсіпкерлерді күнделікті жүгенсіздіктен қашан қорғайтын боламыз? Жағдайды ескере келе мен кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіне баса-көктеп араласуды, оларды заңсыз тексеруді тыю туралы жарлық шығардым. Жарлықты бұзғаны үшін кінәлі шенеунік атқарып отырған қызметінен босатылады. Тексерулер жылына көп дегенде бір рет жүргізілуге, тексерушінің тиісті өкілеттіктері болуға, ал тексерудің қорытындылары құжатпен хатталуға тиіс.

Сонымен бірге, шағын бизнеске пәрменді

көмек көрсету жүйесін құру қажет, оны басым көңіл бөлінетін міндеттер санатына қосу керек. Ресей осылай жасады. Бізде болса, қазірше, бір жағынан — өндіріс учаскелері, аландары, жерлер іске қосылмай тұрса, екінші жағынан — іске тартылмаған адамдар, қылмыскерлікке қолайлы жағдай жасайтын жұмыссыздық орын алып отыр.

Алайда кәсіпкерлер де өздерінде нағыз капитал реформалар курсы түпкілікті жеңгеннен кейін ғана пайда болатынын сезінуге тиіс. Ал қазір болса, олардың өздерінің мүмкіндігінше қарттарға, балаларға көмектесуі, аймақтық деңгейдегі әлеуметтік мәселелерге қатысуы қажет. Демек, жекеменшік бастаманың тиімділігіне адамдардың сенуі үшін олар барлығын да жасауы керек. Олар бақыт шетелдік машиналар мен виллаларда емес екенін түсінуге тиіс. Бұлар халықтың әл-ауқаты аз топтарының жек көруін туғызады, жалпы алғанда, мұның өзі табиғи құбылыс.

Мен Үкіметтен кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған ұсыныстар күтемін.

Таяу болашақтағы тағы бір басым көңіл бөлінетін мәселе — тұрғын үй құрылысы. Тұрғын үй реформасы және коммуналдық шаруашылықты реформалау бағытындағы алғашқы ірі қадамдарды біз жасап та үлгердік. Бізге байыпты тұрғын үй саясатын ақырына дейін жүзеге асыруға қаржы жетімсіздігі бөгет болды. Таяу уақытта 1993 жылы Президент Жарлығымен бекітілген мемлекеттік бағдарламаға түзетулер енгізу, жекеменшік тұрғын үй құрылысын ипотекалық кредиттеуді дамытуға күш салып, ол үшін қажетті қаржы көздерін табу керек. Ақырында, бұл мәселенің саяси мәнінің басымдығын ескере отырып, жеке үй салушылар

үшін жеңілдік жасалатын салық тәртібіне барған дұрыс.

Біз қазірше мұндай көлемдегі жұмыс туралы айта алмаймыз. Бірақ істі бастау керек, әрі мүмкіндігінше толығырақ ауқымда қолға алу керек. Оны ең алдымен әкімдер ұйымдастыруға, әрі әрқайсысы өз деңгейінде ұйымдастыруға тиіс.

Тұрғын үй туралы айтқанда, жуырда Үкімет қабылдаған тұрғын үй-коммунальдық шаруашылықты монополиясыздандыру туралы шешімге соқпай өтуге болмайды. Бұл — принципті түрде дұрыс шешім. Адамдардың өздерін жекешелендірілген тұрғын үйлердің иесі ретінде сезінуіне жағдай жасау қажет. Бұл салада толық тұрғысында нарықтық принциптер басшылыққа алынуға тиіс.

Мұның мәнісі мынада: тұрғын үй иелері кооперативтерге ұйымдасады. Олар коммуналдық қызметке кімнің және қалай төлейтінін, үйді, шатырды, үйдің кіре-берісін жөндеуге, ауланы және балалар алаңын көріктендіруге кімді жалдайтынын және қаншаға жалдайтынын өздері шешеді. Істі тұрғындар қызметтің көптеген түрлері үшін қазіргідей ай сайын емес, жылына бір рет төлейтін етіп ұйымдастыру қажет. Осылай еткенде адамдар өз ақшасының көптеген коммуналдық қызметтер түріндегі барша делдалдардың тойымсыз тәбеттерін тойындыру үшін емес, іске жұмсалғанын білетін болады. Дұрысы — үй астындағы жертөлелерді, қосалқы бөлмелерді, тағы басқа бос алаңдарды жалға беру арқылы сұғанақ қолды үй басқармалары емес, тұрғын үй кооперативтері ақша табатын болсын.

Суды, газды, жылуды есептейтін қондырғыларды, тым болмағанда, бастапқы кезде үйдің кіре

берістері сайын орнату жөніндегі жұмысты жандандырған жөн болар еді. Бұл шаралардың коммуналдық қызметке ақы төлеуді 30 процентке қысқартатыны есептеп шығарылған.

Жергілікті өкімет орындарының энергия, жылу және сумен қамтамасыз етушілер, құрылысшылар, көріктендірушілер, байланысшылар сияқты көптеген монополистерді күрт қысымға алуы қажет. Аталған қызметтердің шығындары, еңбекақысы, рентабельділігі монополияға қарсы органдар арқылы тағайындалуға тиіс. Үкімет пен әкімдердің осы саладағы баға қалыптастыруға бақылауды қатаңдатып, бағаны негізсіз көтеруге жол бермеуі керек.

Ақырында, жолаушы көлігі туралы. Автобус, троллейбус және трамвай маршруттарын конкурс бойынша, ең төмен жол ақысын тағайындайтын және қызмет көрсетудің жақсы жағдайларын ұсынатын автопарктерге беру қажет. Осыны ұйымдастырсаңыздар адамдар сіздерге рахмет айтатын болады.

Атқарушы өкіметтің нақты еңбекақы мен зейнетақыны, әл-ауқаты аз адамдарға көмек-жәрдемді арттыру мәселелерінде де ауқымды міндеттерді жүзеге асыруы қажет.

Бұл жердегі прогресс айқын аңғарылуда. Инфляцияны көп төмендетудің, еңбекақыны және зейнетақыны төлеуді арттырудың нәтижесінде өткен жылы олардың нақты өсімі аңғарылды. Егер өткен жылдың басында зейнетақының орташа мөлшері 998 теңге болса, оның аяғында 1876 теңге болды. Экономикадағы зор қиындықтарға қарамастан, биыл да біз осы жұмысты жалғастырып келеміз. Қаңтардан бері зейнетақы мөлшері 2064 теңгеге жетті, ал жылдың аяғында 3470 теңге болмақ.

Зейнеткерлер, соғыс мүгедектері мен оған қатысушылар осы жылдың сәуірінен бастап 4,9 мың теңгеге таяу алады, ал Отан алдындағы ерекше еңбегі барлар 10 мың теңгеге дейін алады. Үкіметтің алдына 2000 жылға дейін зейнетақыны 1996 жылдың басымен салыстырғанда, 2,3—2,5 есе арттыруға қол жеткізу міндеті қойылды.

Өткен жылдың аяғында нақты жалақы 6,3 процент (1994 жылмен салыстырғанда) өсті, сөйтіп 5500 теңгеге жетті. Бұл орайда өнеркәсіпте ол 7,9 мың теңгеге, құрылыста — 7,7 мың, көлікте — 6,9 мың теңгеге тең болды. Бұл тенденция қазірдің өзінде өсу үстінде.

Сонымен бірге, бізде өз кезінде өндірістік емес саладағы еңбек ақының мөлшерінде артта қалу байқалған еді. Мұнда оның деңгейі 1995 жылы өндірістің деңгейінен небәрі 58 процент құраған болатын. Жағдайды түзеу мақсатымен біз бюджеттік ұйымдардағы еңбекақыны биыл орта есеппен 60—70 процент арттыру жөнінде шешім қабылдадық. Сәуірдің өзінде-ақ айырмашылық 30 процентке дейін кеміді. Жұмыссыздарға да елеулі көмек көрсетілді: оларға жәрдемақы үш есе өсірілді.

Біздегі проблема әзірге біреу — бюджеттің қарыздан артта қалуы, әсіресе зейнеткерлік қордың қаржыны төлеу жөнінде артта қалуы. Мұның өзі қажетті түсімдердің толық жиналмауына, сондай-ақ зейнетақылық жүйені реформалаудың төмен дәрежесіне байланысты. Биылғы жылдың 1 маусымына дейінгі жағдай бойынша зейнеткерлік қор алдында төлем төлейтін кәсіпорындардың қарызы қазірдің өзінде 40 миллиард теңгеден асып отыр.

Соның ішінде Қостанай облысында — 7,4 миллиард, Павлодар және Қарағанды облыстарында 7 миллиардтай теңге болып отыр. Қазір мемлекет осы қарыздарды біржолғы ретпен өтеуге көмектесуде. Бірақ одан әрі әкімдер осы проблеманы өздері шешуге тиіс. Зейнетақыға байланысты істерді жақсартуға бүкіл зейнеткерлер жүйесін реформалайтын таяуда қабылданған жаңа заң көмектесуге тиіс.

Әкімдер қызметінің маңызды бір саласы — қылмысқа қарсы күрес жөніндегі жұмысты ұйымдастыру. Мұнда аз жұмыс атқарылмағанын айтқан жөн. Соңғы екі жылдың ішінде жүргізіліп жатқан “Құқықтық тәртіп” жедел алдын алу операциясы бізге қалалар мен ауылдарда тәртіпті елеулі түрде нығайтуға, қылмыскерлікке тосқауыл қоюға көмектесті. Қазір елімізде қылмыстардың төмендеуінің тұрақты тенденциясы аңғарылып отыр. Мұны жергілікті жерлердегі және осында, астанадағы адамдар да байқап отыр. Біз барлық әкімдердің осы жұмысқа білек сыбана қатысып жүргенін бағалаймыз. Сондай-ақ құқық бұзудың алдын алуға да көп көңіл бөлінгенін қалаймыз. Бір ғана жазалау шараларымен қылмысты жою мүмкін емес. Маскүнемдік, нашақорлық, балалардың қараусыз қалуы сияқты әлеуметтік қырсықтарды жоюға бағытталған шаралардың кешені қажет. Осы проблемаларды шешумен айналысатын әкім емес пе? Кәмелетке жетпегендер арасындағы қылмыскерліктің алдын алуға ерекше көңіл бөлу керек.

Жергілікті жерлерде жастардың демалысын ұйымдастыру жөніндегі жұмыстың неге күрт нашарлап кеткені де түсініксіз. Соңғы екі жылда

республикада 2 мыңға таяу аула клубтары, 300-ге таяу мектептен тыс мекемелер қызметін тоқтатты. Әкімдер осы жұмыспен байыпты түрде айналысуға міндетті.

Кеңеске қатысушылардың назарын көптеген дамушы елдерді табысқа жеткізген және өзімізге негіз ретінде алуға болатын басты факторларға аударғым келеді:

Саяси және әлеуметтік тұрақтылық. Мен бұл тақырыпқа орай пікірімді талай рет айттым және де бүкіл атқару өкіметі жүйесі жұмысының бұл негізгі учаскелерінің бірі екенін айтудан жалықпаймын.

Табиғи ресурстардың бай қоры. Мұның өзі көптеген басқа елдермен салыстырғанда біздің басты артықшылығымыздың бірі екені баршаға белгілі.

Қуатты, жанға жайлы және тиімді инфрақұрылымның барлығы. Бізде әзірге бұл тұста жетістіктерден гөрі проблемалар басым. Сондықтан Үкімет пен әкімдер осы бағытта тікелей инвестицияларды тарта отырып, жігерлі әрі тынымсыз жұмыс істеп, босқа өткізіп алынған уақыттың орнын толтыруға тиіс.

Институттық және жүйелік реформаларды үздіксіз жүзеге асыру. Бұл орайда біздің арнайы бағдарламамыз бар. Міндет оны орындауда және оған қатаң бақылау жасауда болып отыр.

Мемлекет пен жеке сектордың ынтымақтастығы. Бізде ол шын мәнінде бүтіндей керісінше жүріп жатыр. Сондықтан біз осы маңызды мәселені шешуде ең қатаң тәртіпті орнатуға тиіспіз.

Инвесторларға жеңілдіктер беру, салықтық ка-

никул, инвестициялық салықтық кредит, қосарлы салық салуға жол бермеу сияқты жеңілдіктер беру. Бұған байланысты міндеттер бүгін алға қойылып отыр.

Әлуатті және білімді жұмысшы күші. Біз көбіне өзімізді біздің кадрлардың, жұмысшылардың білімділігімен жұбата береміз. Үкімет, ең алдымен Еңбек министрлігі және Білім министрлігі осы проблеманы шешуге неғұрлым жауапты әрі байсалды қарауы, басқа елдерде осы проблеманы қалай шешіп жатқанын зерттеуі және осыған орай арнайы бағдарламаны әзірлеуі қажет.

Саясаттың күшті стратегиясы мен ұзақ мерзімді болуы. Көптеген елдер әсіресе, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, осы факторды ең маңызды деп санайды. Не жері, не табиғи байлығы, тіпті өзінің азық-түлігі мен ауыз суы жоқ Сингапурдың мысалы бұл тұрғыдан барынша тартымды. Біз тіпті дамудың үш жылдық немесе бес жылдық жоспарын әзірлеместен бір тоқсаннан екінші тоқсанға, бір жылдан екінші жылға қарай бағытсыз өте беруімізді тоқтатқанымыз жөн.

Міне, сондықтан таяуда арнайы ұйымдастырылған жоғары Экономикалық кеңес 2025—2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді, саясат пен дамудың стратегиясын талдап жасауға күш-жігерін жұмылдыруға тиіс. Ал Үкімет дамудың бес жылдық және жылдық индикативтік жоспарларын әзірлеуге кірісетін кез келді және осы жұмысқа бүкіл атқару өкіметін және жеке секторды тартуға тиіс.

Атқарушы өкімет осы жылдарда аса күрделі жағдайда жұмыс істеп жатыр. Оның қызметіне әртүрлі баға берілуде, бірақ жергілікті өкімет КСРО

күйрегеннен кейінгі дағдарыс жылдарында елімізді құлдыратуға жол бермегені айдан анық.

Әкімдердің және олардың аппараттарының жұмысы арқасында адамдар азық-түлікпен қамтамасыз етілді, жылусыз қалған жоқ. Қазірде жергілікті атқару өкіметі біздің ортақ үйімізде татулықты сақтау үшін, онда тәртіпті орнату, қылмысқа қарсы күресу үшін көптеген істер тындыру үстінде.

Біздің әлі де талай қиындықтарды бастан кешіруімізге тура келеді. Бірақ осындай біздің тәуелсіз еліміздің қалыптасуының тарихи кезеңіндегі игі өзгерістер, біздің Отанымыз — Қазақстан Республикасының гүлденуі үшін орасан зор жұмыстың негізгі ауыртпалығын өз иығымен көтерген адамдарды халқымыздың ізгі лебізбен еске алатын кезі туатынына сенемін.

ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ПРОГРЕСС

**РЕСПУБЛИКА ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
50 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫСТА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН**

Республикада шетелдік білім беру жөніндегі орталықтармен бірлесіп, қазір бірталай білім беру бағдарламалары жүзеге асырылуда. Оның үстіне, келесі жылдан бастап Президенттің білім беру жүйесіндегі компьютерлендіру бағдарламасы іске асырыла бастайды.

Жоғары оқу орындарындағы мамандарды дай-

ындау ісі де біздің назарымыздан тыс қалған емес. Иә, бізде жоғары оқу орындарында білім алып жатқан жастардың санын қысқарту жүріп жатыр, бірақ мұның өзі мамандарға деген сұраныстан, оларға деген қоғамның нақты талабынан туындап отыр. Сонымен бірге жастардың оқып жатқан мамандықтарының саны едәуір өскенін — олар қазіргі күнде бұрынғыға қарағанда 180-нен 225-ке жеткенін атап өткеніміз де жөн. Және жоғары оқу орындарындағы қазақ топтары соңғы кезде екі есе өсті.

Бұл істің сырт бейнесі ғана. Бірақ менің байқауымша, осы істің сапалық жағынан ақсаған жері жоқ. Мысалы, жоғары оқу орындарындағы оқытушылар құрамының елеулі түрде күшейе түскені қанағаттандырады. Қазір мұнда 830 ғылым докторы тәлім беріп жүр, яғни олардың өсу үлесі 35 проценттен астам болып отыр.

Жалпы алғанда, егер біз ғылымның жас әлуетін сақтағымыз келетін болса, жастарды дайындауды тереңдете түсіп, бұл орайда олардың әзірлігін мектептен, институттың өзінен бастауымыз керек. Біздің міндетіміз — жаңа жағдайларда қолдануға келмейтін әрі әбден тозығы жеткен идеяларға иек артпайтын ғылымның жаңа ұрпағын дайындауымыз керек. Бұл ең алдымен қоғамдық ғылымдар саласына қатысты. Біз жыл сайын жүздеген жастарды — оқытушыларды, аспиранттарды, студенттерді “Болашақ” бағдарламасы бойынша шетелдерге оқуға жіберу мақсатында мемлекеттің қаржысын жұмсайтынымыз да сондықтан.

Ғылыми-технологиялық құрылыстың мемлекеттік-саяси және қоғамдық сипаты болғандықтан,

ғылыми ұрпақтардың сабақтастығы арасындағы үзіліс елеулі саяси проблемаға айналмауға тиіс.

Біздің ғылымымыз, оның үйлестіруші орталықтары ведомстволық басқару принциптерінен ада болғаны жөн. Біз өзіміздің ұлы алғы тұлғаларымыздың Қазақстан ғылымының біртұтас сәулетті ғимаратын жасау жолындағы ерен ерлігін ұмытқандар қазір — өздерінің жеке шаруашылығы, сән-салтанатты кіре берісі бар сәулетті үйлерді салып жатқанын да көріп отырмыз. Осындайда кімге қанша ақша керек екені белгілі болса керек.

Қысқасы, еліміздегі ғылыми-техникалық саланың жай-күйіне және серпініне қалыптасқан экономикалық жағдайдың жасаған ықпалына зер сала келіп, мынандай қорытындылар жасауға тура келеді.

Бағдарламалық-нысаналық жоспарлау тәсілдерінің және ғылыми-зерттеу, сондай-ақ тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды жүргізу мүмкіндіктері толығымен жүзеге асырылған жоқ. Ғылым экономикасының өзі, оны қаржыландыру және осы жұмыстарға бөлінген бюджеттік қаражаттарды тиімді пайдалануға бақылау жасау тұтқасы елеулі түрде жетілдіруді талап ететіні ақиқат.

Республикада жинақталған ғылыми-техникалық әлуетті сақтау және дамыту міндеттерін шешу кезінде, әсіресе, жоғары білікті кадрларды дайындау ісі кезіндегі ғылым мен білім беруді біріктіру мәселесі әлі де үйлесімін тапқан жоқ.

Ғылыми-технологиялық саланы реформалау әлеуметтік-экономикалық өзгерістерден артта қалып жатыр. Ғылым мен жаңа технология экономикалық тұрақтандырудың аса маңызды негізіне айнала алмай отыр.

Жаңашаландандыру қызметі де әлі жеткілікті дамымай келеді. Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы әзірге озық технологияларды қабылдай алмауда.

Осындай келеңсіз жайлар әлі де көп. Бірақ республиканың ғылыми-технологиялық әлуетінің әзірге елеулі түрдегі жоғары әрі нақты осы уақыттағы қайтарымының өзі және оның ұлттық байлығымызды арттыруға қосатын үлесі бір-біріне әлі де сай емес екеніне байланысты.

Соңғы кезге дейін проблеманың мәні мынада болатын. 1991 жылдан кейін қалыптасқан жағдайда ғылымды мемлекеттік және қоғамдық басқару құрылымдарын пайдаланғанның өзінде ғылымның салаларын нақты айқындау және атқаратын қызметтерін айқын жіктеп, ажыратып беру мүмкін емес болатын. Сондықтан біз бірегей шешімге келіп — Үкімет құрамында біртұтас орталық атқару органын — Ғылым министрлігі — Қазақстан Республикасының Ғылым академиясын құруға мәжбүр болдық.

Енді осы органның шеңберінде экономика мен өмірдің өзі алға тартып отырған мемлекеттік міндеттерді айтарлықтай пәрмендірек шешуге болады. Әңгіме, бір жағынан — ғылымның мемлекеттік саясаттың объектісі ретінде өзінің құндылығы мен дербестігі принципін баянды ету туралы және екінші жағынан — оның мемлекеттің саяси ресурсы ретінде жаңашаландырушылық және технологиялық әлуетін айқындау туралы болып отыр.

Таяу уақытта Үкіметке, министрлікке ғылыми мекемелер мен ғылыми қоғамдастықтардың жаңа

жағдайдағы қоғамдық-саяси статусының ұйымдық құрылымдарының екіұштылығын жою керек. Демек, институциялық және құрылымдық түбірлі өзгерістердің болатыны сөзсіз. Мұның бәрін қысқа мерзімде және үйлестірілген жағдайда істеу керек.

Осыған байланысты ғылыми мекемелердің көптеген басшыларының нарыққа бейімделу қабілетінің жеткіліксіздігі, тақырыптық икемділіктің мүлдем дерлік болмауы, сондай-ақ жаңашаландыру ісіндегі қордалана түскен артта қалу, ғылыми-білім беру саласындағы таңдаулы топта және, адал мойындайықшы, Үкіметтің ғылымды басқаратын жетекшілерінде ғылыми-технологиялық саланы дәйектілікпен реформалауға деген саяси ерік-жігердің жетіспеуі белгіленген өзгерістердің жолында кедергі болады деген қауіп те бой көрсетуде.

Мұның өзі — объективтік сипаттағы тежеуші себептер. Алайда, сонымен қатар, жаңа мемлекеттік ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру субъективті факторларды да — белгілі бір топтағы адамдардың айрықша таңдаулылар өздерін аса жайлы сезінген өткен кезді дәріптеуге, саяси және экономикалық “тұман” мен ғылыми саладағы егесушілік ахуалын сақтап қалу мүдделілігін бейтараптандыруды талап етеді. Біздің отандық ғылымымыздың, өзіне тән ой тереңдігін жоғалтпастан, ақыр аяғында, объективті ғылыми тілде сөйлегенін қалар едік.

Қазір тым көп нәрсе бәйгеге тігіліп отыр. Өйткені, әңгіме ғылымның салалық және аймақтық ғылыми-техникалық бағдарламаларымен, құрылымдарымен, жоғары біліммен, бизнеспен, экономика мен жалпы қоғамды өзгертумен инте-

грациялануы жағдайындағы ғылымның өнімді “үйтқысын” сақтап, дамытуды басты мақсат етіп қойған тұжырымдаманың тағдыры туралы болып отыр.

Басқа бір нәрсені де есте ұстау керек — жұмысқа ғылыми қоғамдастықтың барлық мүшелерінің, талдаушылардың, тәуелсіз, оның ішінде шетелдік сарапшылардың ынталы да кең түрғыдан қатысуынсыз жаңа ғылыми-технологиялық саясатта жоғары қайтарымға қол жеткізу мүмкін емес. Ғылым әлемдегі жаңалық атаулының бәріне ашық та зерек болуға тиіс. Ғылыми оқшаулану оның үстіне ғылыми егемендік — бұл сандырақ. Бұрынғы кеңестік ғылым нақ осы себепке байланысты көп нәрсе жоғалтты, өйткені ғалымдардың еңбегін құпия түрде сақтап, ал олардың өздерін басқалармен аралас-құралас болудан айырып әскери-өнеркәсіп кешенінің лабораторияларына қуып тықты.

Академия идеялардың үдеткіші, жаңашаландыру жобаларының көшбасшысы және жасаушысы рөлін өзіне алуға тиіс. Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі саясатын, оған қауіпсіздік пен даму, жалпыұлттық идея мен жалпыұлттық құндылықтар, Қазақстанның қазіргі дүниедегі орны, ұлттық мүдделер, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету әлуеті және басқа да тақырыптарды қоса отырып, осындай саясатты жасауға басшылықты Ғылым министрлігі — Ғылым академиясы жүзеге асырмағанда оны басқа кім істейді.

Бізбен қанаттас жатқан мемлекеттерде осы бағыттардағы қарқынды жұмыс барынша қанат жайған. Қазақстан дүние жүзіне өзінің бай ресурстарымен ғана емес, сонымен қатар — ТМД және

Орталық Азия одағы шеңберінде де, Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кенесті шақыру ісінде де — интеграциялық бастамаларымен де белгілі.

Менің таяуда Оңтүстік-Шығыс Азияға барған сапарым Азия — Тынық мұхит аймағының қауырт дамып келе жатқан елдерінің осындай сыртқы саяси қадамдарға мейлінше байсалды қарайтынын тағы да көрсетіп берді. Сондықтан да осындай іс-қимылдарға байсалды ғылыми қолдау қажет. Интеграция жалпы алғанда ғылым, білім үшін де пайдалы. Төрт мемлекет шартының арқасында тек үстіміздегі жылы ғана Мәскеу университеті Қазақстаннан мақсатты жолдамамен 100 студентті қабылдауға келісті. Мұндай жәйт тіпті таяуда өткен кезде де болған емес-ті. Ресеймен интеграция ғылыми-техникалық ынтымақтастықтың басқа да көптеген мәселелерін пешуге мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, Ғылым министрлігіне — Ғылым академиясына таяуда өткен республикалық кенесте айтылған ұсыныстарды ескере отырып, ғылыми-технологиялық саясат тұжырымдамасын, кадр әлуетін сақтау және дамыту бағдарламасын жасауды аяқтау, ғылымға бөлінетін бюджет қаржысының тиімді пайдаланылуына пәрменді бақылауды жолға қою, отандық ғылымға шетелдік инвестициялардың тартылуын ұйымдастыру қажет.

Республикада болып жатқан күрделі әлеуметтік-экономикалық процестер жүргізіліп жатқан ғылыми зерттеулердің тиімділігіне айрықша салқынын тигізгенін айтуға тиіспін. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының көлемі және оларды орындауға қатысатын адамдардың саны күрт қысқарып кетті.

Солай бола тұрса да ғылымға және ғылыми-зерттеу бағдарламаларын атқаруға жұмсалған шығын соңғы үш жылда 978 миллион теңгеден 3,1 миллиард теңгеге дейін ұлғайды. Келесі жылдың өзінде-ақ бюджеттік жобалауға сәйкес біз осы бапқа жұмсалатын қаржыны кемінде 30 процент ұлғайтамыз.

Ғылыми-техникалық әлуетті сақтау және қорғау, ғылыми-технологиялық қызметте басым және жаңа бағыттарды дамыту мақсатында ғылымға бөлінетін мемлекеттік қаржының жалпы ішкі өнім бойынша алғанда тұрақты үдемелі көлемін қамтамасыз ету қажет. Үкіметке бөлінген қаржыны толықтай беруге және осы мақсатқа жұмсалатын шығындарды өсіру үрдісін жалғастыра беруді тапсырамын. Бағдарламалық-мақсаткерлік әдіс пен ғылыми-зерттеулерге мемлекеттік тапсырыс ғылымды бюджеттік қаржыландырудың негізіне алынуға тиіс.

Бұл — ғылыми зерттеулерді жасаушылар арасындағы қатаң конкурс, тендер. Ол ғылыми циклдың барлық сатысында міндетті Тәуелсіз мемлекеттік сараптамадан және зерттеулердің нәтижелері міндетті мемлекеттік қабылдаудан өтуге тиіс.

Бюджеттің кіріс бөлігінің мүмкіндіктерін басшылыққа ала отырып, жоғары білікті ғылыми және оқытушылар кадрларын ынталандырудың және қаржылай қолдаудың тиімді тетіктерін белгілеу қажет, мұның өзі ғылым және жоғары білім мекемелерінің кадр әлуетін тұрақтандыруға мүмкіндік береді. Қазірдің өзінде менің тапсырмам бойынша, Үкімет академияға енбекке ақы төлеу қоры шегінде оған бағынышты ұйымдардың ғылы-

ми қызметкерлері мен қызметкерлеріне жа-
лақының екі еселенген нормативін белгілеу құқы-
ғын берді. Өз тарапымнан мен таяуда академия-
ның толық мүшелеріне ай сайынғы өмірлік сти-
пендиялар тағайындадым.

Ғылыми қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу
жүйесінің ескіріп кеткенін ескере келіп, Үкіметтің
алдына оны жаңа жағдайларға сәйкестендіріп ре-
формалау, оның ішінде ғылыми дәрежелер алу
үшін ынталану жүйесін жасау міндетін қою қажет
деп санаймын.

Қазақстан экономикасын нарықтық қатынас-
тарға көшіру жағдайында ғылыми саладағы ком-
мерцияландыру мен жекешелендіру, ғылыми тал-
дамаларды ұйымдастыру мен ғылыми зерттеулер
нәтижелерін практикалық қызметте пайдаланудың
жаңа соны нысандарын жасау айрықша маңызға ие
болуда. Ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конс-
трукторлық жұмыстарды қаржыландыру жүйесін
қайтарым негізінде, шағын жаңашаландандыру
бизнесі, венчурлық енгізу фирмаларын, технология-
лық парктер, технополистер, әртүрлі қорлар құру
негізінде қалыптастыру жолымен жүру қажет. Бұл
ретте ғылыми-техникалық өнім шығынының
көлемі, сапасы мен жаңалығы, оның халықаралық
стандарттарға сәйкес келуі, өнім мен қызметтің
алуан түрлілігі, рентабельділігі және пайдасы
сияқты өлшемдер бойынша жүйелі қаржылық мар-
кетингтік талдау жүргізілуге тиіс. Осының бәрі тек
ғылыми ізденіс аясын кеңейтіп, ғылыми және тех-
нологиялық зерттеулерді ұйымдастырудың барын-
ша икемді нысандарын пайдалануға ғана емес,
сондай-ақ ғылыми-технологиялық саясатты жүзеге

асыру үшін қосымша қаржы тартуға да мүмкіндік береді.

Үкіметке, сондай-ақ ең қысқа мерзімде ғылыми-техникалық салаға капиталдың келіп құйылуын және біздің ғалымдар жасап жатқан ғылымды көп қажет ететін технологиялардың өнеркәсіпте тезірек игерілуін қамтамасыз ететін тетіктерді жасап, жүзеге асыруды тапсырамын. Осы мақсатта салық заңдарын жетілдіру де қажет.

Шет елден ескірген технология мен техниканың әкелінуіне сенімді тосқауыл қою, отандық ғылыми-техникалық әлуетті барынша пайдалану керек.

Жалпы алғанда, зерттеулер мен ғылыми ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұрғысынан таңдап алу принципі Қазақстанда жүргізіліп жатқан ғылыми-технологиялық саясаттың іргетасына айналады. Бұл саясат өтпелі кезеңнің экономикалық өзгерістеріне пара-пар болады.

Ғылымды мемлекеттік қолдаудың бірнеше бағытын бөліп көрсеткім келеді.

Біріншіден, бұл негізінен микроәлемдегі, техносферадағы, жердегі және ғарыштағы желділік емес тең салмаққа жатпайтын процестерді зерттеуге бағдарланған іргелі зерттеулердің бірқатар бағдарламалары.

Қазақстан ғылымы үшін өзіне қымбат іргелі емес, қайта әлемдік іргелі ғылымды дамыту арнасында тұрған бағдарлы іргелі зерттеулер барынша тән. Осыған орай бізге басым бағыттарды айқындап алу және таза ғылымның қолданбалы ғылыммен байланысын сақтау оңайға түседі.

Екіншіден, бұл негізінен экономика мен технологиядағы үрдіс өзгерістерге байланысты ізденісті зерттеулер. Олар макро және микроэкономикалық

өсуді оңтайландыру, Қазақстанның дүниежүзілік экономикадағы рөлі мен орнын айқындау, экономикалық және әлеуметтік дамудың ұзақ мерзімді стратегиясын белгілеу, қаржылай бағдарлау мен экономикалық болжам жасаудың, технологиялар диффузиясының, меншік пен басқарудың арақатынасының әдістері мен құралдарын белгілеу, аймақтардың кешенді даму, техникалық өнертабысты теориялық және үлгілік тұрғыдан дәйектеу, ноу-хау, технологиялық циклдар мен жаңалықтарды енгізу міндеттерін қою мен шешуді көздейді.

Қазір біз макроэкономикалық тұрақтандыру кезеңін аяқтауға жақындап келеміз және елдің ілгерілеуі үшін стратегиялық сипаты бар аса маңызды, экономиканың инвестициялық дамуының қарсаңында тұрмыз.

Макроденгейдегі тұрақтылық қазірдің өзінде орташа жедел келешекке көз тігуге, реформалардың жылдық емес, қайта үшжылдық және бесжылдық бағдарламаларын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Өз кезегінде, дағдарысты құбылыстарды жеңу іскерлік белсенділікті де, инвесторлар, оның ішінде шетелдік инвесторлар мүдделерінің өсуін де арттырады. Біз мұны қазірдің өзінде сезіне бастадық.

Сонымен, осы тұста экономиканы дамытудың ұзақ мерзімді стратегиясының, тәсілдерінің және жоспарлау құралдарының және болжаудың, дүниежүзілік конъюнктураны зерттеу және Қазақстанның сондағы рөлі мен мағынасы, технологиялық ілгерілеу бағыттарын айқындау, қолайлы инвестициялық ахуалды туғызу мәселелері елеулі түрде өсе түсетіні анық.

Осының бәрін ескере келіп, мен жоғары экономикалық кеңесті арнайы құрдым. Ол осындай міндеттерді шешуге тиіс. Оның құрамында жетекші ғалымдар мен белгілі мамандар болады. Мен осындай міндеттерді ғылымды басқару органдарының алдына да қоймақпын. Жетекші ғылыми орталықтар экономикалық проблемаларды шешуге нақ осындай талап тұрғысынан келгені жөн болар еді.

Әзірге біздің ғалымдарымыз: “Біз қайда бара жатырмыз?”— деген тақырыпты кузаудан асқан емес деседі. Бүкіл әлем өзінің парасатты сипатын танытып, оның қарапайым қағидасынан ауытқымауы керек екенін дәлелдеп бергені баршаға белгілі. Бұл қағиданы бұдан 200 жыл бұрын Адам Смитт былай деп тұжырымдаған болатын: “Мемлекетті оның ең төменгі тағылық сатысынан ең биік игілікті дәрежесіне дейін жеткізу үшін тек бейбітшілік, шамалы салық және басқарудағы үйлесімділік керек”. Бұл орайда еркін кәсіпкер өзінің қамын ойлап, тауарларды көп әрі арзан шығаруға ұмтылады. Мұның өзі қоғамға да керек. Ал экономика жөніндегі ғылымдардың бәрі тап осы ойды одан әрі дамытып, қазіргі заманның жағдайына орай толықтырып келгені де рас емес пе.

Үшіншіден, қазіргі заманғы технологиялық-экономикалық мемлекеттің негізін құраушы салаларды — осы ғылымның, технологияның және өндірістің етене күймасын жетілдіру проблемалары бойынша қолданбалы зерттеулерді және талдамаларды естен шығармаған жөн.

Бұл тұста ұйымдық жағынан алғанда өздерін өтпелі кезеңде жақсы жағынан таныта білген ғы-

лыми ұлттық орталықтар мен басқа да ғылыми-өндірістік құрылымдарды құру дұрыс болар.

Төртіншіден, білікті және сындарды тұлға туралы педагогика саласындағы идеялар, ой-өріс пен шығармашылық теориясы, азаматтық пен ізеттілік үлгісін өз бойына дарыта алатын жана ұрпақ жөніндегі көкейтесті мәдени-гуманитарлық ғылымдардың кешенін жасау керек.

Жеке адамның мәдени-гуманитарлық әлеуетінің қалыптасуын бірлікте қарау керек.

Философиялық-әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық және басқа гуманитарлық ғылым осыған бағдарлануға тиіс. Бүгін таңда, тоталитарлық догматтық өткен кезбен қош айтыса отырып, қоғамдық және гуманитарлық ғылымның және оларды оқытудың мазмұны мен әдістерін түбегейлі өзгерту қажет.

Және, ақыр соңында, ғылымның инфрақұрылымын сақтау мәселесі назардан сырт қалмауға тиіс. Осы инфрақұрылымның республика ғалымдары мен инженерлерінің ортақ игілігі болып табылатыны ешқандай күмән туғызбасын және оны мемлекеттік қолдау ғылыми саясаттың басым бағыттарының өзгеруіне тәуелді болмауға тиіс. Бұл мемлекет басшысы ретінде менің де тікелей қамқорлығымда болады.

Осы заманғы қазақстандық ғылыми-технологиялық саясатты қалыптастыру мен жүзеге асырудың, ғылымның “шарықтау салмағын” сақтаудың және оны нарықтық өзгерістерге қосудың мынадай айқындаушы принциптері мен мақсаттарын бөліп көрсетейін.

— нарықтық жаңашаландыру тетігін мемлекеттік реттеу тетігімен ұштастыру, мұның өзі нарықтық таңдау қатандығын бәсеңдетуге және ғылыми-техникалық қызметтің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді;

— тұтынудың басымдығы. Ғылыми-техникалық прогрестің құрамдас бөліктерінің бәрі түпкілікті тұтынуға бағдарлануға тиіс;

— тиімді ресурсты үнемдеу ол қоғамдық тұтынудың барынша толық қанағаттандырылуын және тұрмыс сапасының арттырылуын қамтамасыз етеді;

— әлеуметтік бағдар. Ғылыми-техникалық прогрестің арқасында материалдық өндіріс саласынан босатылатын ресурстар тұрмыс деңгейін арттыруға, денсаулық сақтау, білім, ғылым мен мәдениет, айналадағы табиғи ортаны сақтау мен жақсарту саласына жұмсалатын шығындарды ұлғайтуға тиіс;

— экономика салаларын есептеу техникасы, байланыс және ұйымдық техника құралдарын кеңінен пайдалана отырып ақпараттандыру және бірыңғай ақпараттық инфрақұрылымды қалыптастыру;

— елдің әлеуметтік, экономикалық, және техникалық прогресінің негізгі шарты ретінде білімнің деңгейі мен сапасын арттыру.

Осындай басым мақсаттарға қол жеткізгенде Ғылым академиясының өзінің беделі, ғалымның, зерттеушінің және инженердің беделі айтарлықтай артып, халықтың тұрмыс деңгейінің өсуін қамтамасыз ете алатын ғылыми-техникалық салада нарықтық өзгерістер өмірге келеді деп үміт артуға болады.

ҚАЗАҚСТАНДЫ ТАҢДАҒАНДАР ҚАТЕЛЕСПЕЙДІ

КРАНС — МОНТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ФОРУМЫНЫҢ МӘЖІЛІСІНДЕ 24 МАУСЫМДА
СӨЙЛЕНГЕН СӨЗДЕН

Бұл күндері, менің форумға қатысушылар алдында өз елімнің тарихы және ол жүргізіп келе жатқан саясаты туралы әлденеше рет айтуыма тура келді. Ал қазіргі әңгіме тек республиканың экономикалық проблемаларына арналатын болады.

Энергия көздерінің орасан бай қорына негізделген отын-энергетика кешені Қазақстан экономикасының негізгі саласы. Батыс сарапшыларының бағалары бойынша, біздің республика, жер қойнауына жүргізіліп жатқан барлауды есепке алмағанда, өндірілетін көмірсутегі шикізатының 15—30 миллиард тонна қорына ие. Қазір осы қордың тек бір проценті ғана, яғни 20 миллион тоннадан сәл астамы өндірілуде. Өз қажетіміз тек 10 миллион тонна, өндірілетін шикізаттың екінші жартысы экспортқа шығарылады.

Осы цифрларды басшылыққа ала отырып, біздің республиканың алдында мұнай өндіруді үдету үшін қаншалықты орасан зор мүмкіндіктің бар екенін көзге нақты елестетуге болады.

Қазақстан бүгін таңда жүз миллион тоннадан астам көмір өндіре алады. Оның қоры ғаламат. Бірақ оларды игеру, экспорттық мүмкіндіктерді шешу үшін республиканың күші тіптен жетпей жатыр.

Қазақстан жыл сайын 20 миллион тоннадан қара және түсті металдар рудасын өндіреді. Сегіз миллион тонна болат балқытатын, оның ішінде ав-

томобиль табағы мен қалбыр қаңылтырын шығаратын қуаттар жасалды. Бұрынғы Кеңес Одағында Қазақстан мыс, қорғасын және мырыш өндіруден бірінші орында, алтын өндіруден үшінші орында болды. Осы ресурстар негізінде республикада қара және түсті металлургияның осы заманғы 47 кәсіпорны тұрғызылды. Олар бүгін таңда, әлбетте, қиыншылықтарды бастан кешіруде. Бірақ солай бола тұрса да өтімді өнімдер шығаруда.

Республикада мұнай өңдеу зауыттарында 20 миллион тоннаға жуық мұнай өңдейтін қуаттар бар. Фосфор тыңайтқышының аса бай кен орындары жылдық қуаты 357 мың тонна кәдімгі сары фосфор өндіретін төрт ірі зауыт салу мүмкіндігін берді. Бұл салада әлемде Қазақстанға тең келері жоқ.

Агроөнеркәсіп кешені капитал жұмсау үшін қызықты маңызды сала болып табылады. Қазақстан жыл сайын 40 миллион гектар алқапты өңдейді, оның 25 миллионы — дәнді дақылдарға беріледі. Орта есеппен 20 миллионнан 22 миллион тоннаға дейін астық, оның ішінде жоғары сапалы азық-түліктік бидай өндіріледі. Бұл орайда жиналған егіннің тең жартысы экспортқа шығарылды. Қазақстанның бидай сататын биржалары қазір әлемнің барлық астық биржаларына мәлім.

Осындай орасан зор астық шаруашылығы негізінде мал шаруашылығы өркендетілуде. Ірі қара табыны 8—9 миллион, отарларда — 36 миллионға дейін қой бар. Бірақ республикада ауыл шаруашылық өнімін ұқсатуда көптеген проблемалар орын алып отыр. Жыл сайын, атап айтқанда, 100 мың тоннаға дейін жүн, орасан мол мөлшерде тері ұқсатылмайды. Өкінішке қарай, әрқашан да

өтімді болып келген осы тамаша бизнес күш жұмсаусыз қалып келеді.

Бізде коммуникациялар да жалпы жұрт таныған жоғары өлшемдерден кемшін түсіп жатыр. Сондықтан тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында осыған аса айрықша назар аударылды. Біздің астанамызда әлемдік деңгейдегі бес жұлдызды екі мейманхана және төрт жұлдызды ондаған мейманханалар тұрғызылды. Дүние жүзінің кез келген түкпірімен байланыс іс жүзінде камтамасыз етілді. Мұның өзі шетелдік кәсіпкерлер үшін жұмыс істеу мен тынығудың қажетті жағдайларын жасайды.

Қазақстанның ұлан-байтақ аумағында күрделі құрылыс та қанатын кең жая жүргізілуге тиіс. Біз астанамызды мемлекеттің кіндік тұсына көшірудеміз. Осыған байланысты оны салуға қатысып жүргендерді немесе қатысуға ниет білдірушілерді біз пайдаға салынатын салықтан толықтай босаттық. Сонда жеткізілетін жабдықтар экспорттық баж салығынан босатылды. Қысқасы, жаңа астананың инвесторлары мен құрылысшылары үшін бірегей салық жеңілдіктері жасалған.

Республикада жүргізіліп жатқан реформалар небәрі үш жылдың ішінде макроэкономикалық тұрақтандыруға қол жеткізуге мүмкіндік берді. Енді Қазақстан инфляциялық саясаттан инвестициялық саясатқа көше бастады. Үстіміздегі жылғы бес айдағы жұмыстың қорытындылары бізде өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы тоқтатылып қана қойған жоқ, сонымен қатар бір проценттік өсуге қол жеткізгенін айғақтайды. Бұл, біздің көріп отырғанымыздай, үрдіске айналуда. Жалпы ішкі өнім де жарты процентке ұлғайды. Бұл да аз

жетістік емес, ол халықтың біз жүргізіп жатқан реформаларға сенуіне мүмкіндік береді.

Өткен жыл ішінде Қазақстан біздің реформаларымыздың заңдық базасын құру жөнінде ТМД-ның барлық мемлекеттері арасында бірінші орынға шықты. Жерге жекеменшік туралы, Шетелдік инвестициялар туралы соны Заңдар қабылданды. Оларда әртүрлі компаниялармен жасасылған келісім-шарттардағы ережелер заңдардың өзгертілуіне байланысты таяудағы он жыл ішінде өзгермейді деп айтылады.

Президент жанында жұмыс істейтін Жоғары экономикалық кеңес биыл шет ел инвесторларына бұдан былай да жеңілдікті жағдайлар жасаумен айналыса бастайды. Бұл өмірлік қажеттілік, өйткені қазірдің өзінде республикада 2500 бірлескен кәсіпорын, шетелдік инвесторлардың қатысуымен 680 кәсіпорын жұмыс істейді. Ал өткен жылдан бастап біздің аса ірі кәсіпорындарымызды шетелдік компаниялардың трасттық басқаруына беру тәжірибесі қолданылуда.

Халықаралық қаржы органдарының Қазақстанды дамытуға жұмсайтын сомасы бүгінгі күні 2,5 миллиард доллар болып отыр. Сонымен қатар шетелдік инвесторлармен таяудағы 10 жылға жасасылған келісімдердің сомасы 50 миллиард долларға жақындайды.

Біз өзімізге әлдебір нәрсені беруді сұрамаймыз, біз аса тиімді шарттар жағдайында бізге жұмыс істеуге келуге шақырамыз. Мұндағы мақсат, бір жағынан, өз пайдаларыңызды ұлғайтасыз, ал екінші жағынан, республиканың табиғат байлығын барлық қазақстандықтардың қызметіне айналдыру. Сонда олар реформалардың адамдар мүддесі, ха-

лық мүддесі, елдің гүлдену мүддесі үшін жасалып жатқанын барған сайын көбірек сезінетін болады.

АДАЛДЫҚ ПЕН АДАМГЕРШІЛІКТІҢ, ӘДІЛЕТТІЛІК ПЕН ІЗГІЛІКТІҢ АЛЫП ЖЫРШЫСЫ

**ЖАМБЫЛДЫҢ 150 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ ЖИЫНДА 23 ТАМЫЗДА
ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА**

Жәкең сынды алыпты терең ұғыну үшін өткен жылы ғана 150 жылдығы тойланып өткен халқымыздың кемеңгер ойшылы Абай дәуіріне тағы да көз салып, тіпті одан арғы замандарды да зерделеу қажет. Өйткені, Абай жаңа қалып пен соны пішін, жаңа мазмұн мен ізденімпаз, өршіл рухы арқылы қазақ жазба әдебиетінің негізін қаласа, Жамбыл Жабайұлы сан ғасырлық ақпа-төкпе суырыпсалма ақындық өнердің, жыраулық дәстүрдің көшін ілгері апарып, осы заманға жеткізген және небір тарихи ұлы өзгерістерді сол үрдістен алшақ кетпей-ақ жырлай білген заңғар құбылыс екені мәлім. Олай болса, Жамбыл туралы айтылар сөздің мәдени-рухани өміріміздің, саяси-әлеуметтік тарихымыздың ең бір көкейкесті арналарымен ұласып жатуы заңды.

Жамбыл ғұмыр кешкен аттай бір ғасырлық уақыт қазақ халқының тарихындағы ең күрделі кезеңдердің бірі еді. Мыңдаған жылдарға созылған көшпелі өмір салтының ішкі құрылымы дәл осы

кезенде ыдырай бастады. Ұлы жыраудың көз алдында ғасырлар бойы үстемдік еткен жүйелер алмасты, екі бірдей дүниежүзілік сұрапыл соғыстар өтті, ел өмірінде саяси-әлеуметтік түбірлі өзгерістер болды.

Ал түбірлі өзгерістерге алып келетін, тұтас жүйелер алмасу кезеңінде ғұмыр кешкен ұрпақтың өмірі қашанда күрделі. Әсіресе, Жамбыл секілді ұлы тұлғалардың тағдыры айрықша шиеленіске толы болған. Соған қарамастан Жамбыл өзінің болмыс-тағдырымен, дарын-тегеуірінімен, біртуар табиғатымен өз заманының айнымас айнасы бола білді. Ол өзінің өлмес өнерімен тұтас дәуірдің шыншыл шежіресін жасай білді, өміршең ойларымен сол дәуірді саралап берді. Сондықтан да, біз оны қазақ халқының ұлы тұлғаларының бірегейі ретінде ұлағат тұтамыз.

Тарихқа ден қойсақ, ел-халық тағдырындағы саяси-әлеуметтік ахуал мен мәдени-рухани өмірдің арасында ұдайы сәйкестік бола бермегенін аңғаруға болады. Құлдық қоғамда байырғы гректердің классикалық мәдениеті қалыптасса, Еуропада әлденеше ғасырлық діни мистика шеңгелінен ренессанс жаңғыру заманы гүлдеп өсті. Наполеон өктемдігін бастан кешкен кезде Германияның классикалық философиясы мен өнері шарықтаса, крепостниктік Ресейде ХІХ ғасыр әдебиет пен өнердің “алтын ғасырына” айналды. Мұны кезінде Гегель “тарихтың тәлкегі” деп атаған.

Осынау “тарихтың тәлкегі” ХІХ ғасырда да Қазақ елін айналып өткен жоқ. Бірақ бояуын жоғалтпастан өзінің мәдени-рухани келбетін сақтай білді. Қазақ даласы Шоқан, Ыбырай, Абай, Махамбет, Мұрат, Дулат, Шортанбай, Сүйінбай,

Жамбыл, Біржан, Ақан, Мұхит, Құрманғазы, Тәттімбет, Қазанғап, Ықылас сияқты біртуар перзенттерін тудырды. Бұлар қазақ халқының тарихи тағдырында шын мәнінде ренессанстық рөл атқарды.

Осы тұрғыдан келгенде, Еуропа ренессансының бастау бұлағында Дантениң тұрғаны сияқты, XIX ғасырда қазақ қоғамының мәдени-рухани дәуірлеу кезеңінің жуан ортасынан Жамбылдың қайталанбас тұлғасы асқақтай көрінеді. Меніңше, бұл жай ғана әсіре теңеу емес, жан жүрегімізбен сезіне алатын тарихи ақиқат. Біз мұндай тарихи ақиқатты неғұрлым терең таныған сайын соғұрлым тарихи тұлғаларымыздың болмыс-бітімі жан-жақты ашыла түседі. Ең бастысы, ұлт мәдениетінің тарихи жетілу, шыңдалу жолдарының диалектикасы айқындала түседі. Демек, біз бүгін рухына тағзым етіп отырған Жамбыл кездейсоқ құбылыс емес, халық тағдырымен тамырлас, тарихтың толғағы дүниеге келтірген лайықты перзенттердің бірі деп нық сеніммен айта аламыз.

Өзекті жан болып жаратылған соң кімнің де болсын басына бұлт үйірілмей, найзағай ойнамай тұрмайды. Ондай жай Жамбылдың да басында болған. Әйтсе де, қабырғалы жұртының ары мен намысы үшін Жамбыл мықтымсынған небір бай, шонжарлардың үш ұйықтаса түсіне кірмеген аламан тасыр дауға да, алыстан келер, іргеден шығар “жасағы жойқын жауға да” үнемі ту көтеріп, жырымен қылыш сермеп өткен. Оған елі куә, тарих куә. Небір жан беріп, жан алысқан айтыстар үстінде ол халқының сөзін сөйлеген өр мінезділігінен айнымаған. Тайсақтауды, жағыну дегенді білмеген. Бұл оның жалпы ақындық болмысының

тым биік, жалын мен оттан жаралғандай аса қызулығын, айрықша айбындылығын айғақтай түседі. Бұл тек, даңғайыр таланттардың ғана жаратылысына тән қасиеттер және оның бойындағы халық деген алыптың асқаралы мінезінің сәулесі. Әлсізге болысу, әлдіні әділеттілікке шақыру Жамбыл поэзиясының өмірлік қазығы, айнымас бағдаршамы болды. Елді титықтатқан, бірлігін ыдыратқан берекесі жоқ іске күйзелген ақын жыр семсерін сермеуден жалыққан жоқ.

Жамбыл өзінің әр өлеңінде халқын бірлікке, ынтымаққа шақырып отырған. Ұлы ақынның мына бір шумағына тағы да бір зер салайықшы:

Ұрпағым, іздеп келген бақытты жас,
Кімде-кім бірлік бұзса, халыққа қас.
Бірліктің берік туы тек ынтымақ,
Өсиетім: тек сол үшін құшағыңды аш!
Өсиетім: шындықты, адалды сүй!
Ардақтаған халықты, адамды сүй!
Елдің тіккен іргесін игілікке,
Тап бүгінгі бақытты заманды сүй,
Соған айт әдемі жыр, сүйкімді күй.

Жамбылдың ақындық өнерінің биік шыңы, айтыс өнеріндегі іргелі табысы — Құлмамбетпен айтысы. Әрине, Жамбылдың сайысқа шыққан ақыны бір ғана Құлмамбет емес екені әмбеге аян. Бірақ Құлмамбет өлең өлкесінде сол кездері бүкіл Жетісу, оңтүстік аймағында Сүйінбайдан өзгені мойындамайтын жыр дүлдүлдерінің бірегейі болатын. Жеңгендері көп, жеңіліп, опық жеген жері жоқ айтқыштардың санатында жүрген еді. Оның аса жүйрік өнер иесі екенін кезінде Жәкеннің өзі де мойындаған.

Реті келген соң айта кету керек: атақты тарихи

тұлғаларды Жамбыл тек айтыс үстінде, қарсыла-
сының мысын басу үшін ғана дәріптеп, насихатта-
умен шектелмеген. Жай ғана бас қосқан алқалы
жиындарда ежелгі тарихтан, өзінің өмір сүрген
дәуіріне дейінгі тұстың елеулі-елеулі жайларынан
сыр қозғап, сол жайларды айтылар жырдың негізгі
өзегіне айналдырып отырған. Мәселен, Өтеген мен
Сұраншы батырлардың ерлігін жеке-жеке дастан
етіп жырлаған.

“Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт,
ел бірлігін сақтаған татулықты айт”, — деген Жам-
был сөзі айтыста жеңіске жетудің тетігі ғана
болған жоқ, бұл ақын дүниетанымының тұтас кре-
досы еді. Бұл сөз — уақыт өтіп, заман өзгерсе де
мәнін жоймай, қайта асқақтап биіктей беретін жыр
абызының сәулелі сөзі. Бізге жеткен өсиет. Бұл
өсиет сөз бүгін де маңызын жоғалтқан жоқ. Еге-
мен еліміздің биік мұраттарының бірі болып отыр.

Уақыт сынынан өте білген қазақ халқының бай
да күрделі тарихы бар. Қазір ол Қазақстанда тұра-
тын барлық халықтарға біздің бірлігіміздің түп та-
мырын жақсырақ түсінуіне көмектесіп, кез келген
тарихи кінә артуларына жол бермеуге тиіс.
Өйткені өткенге көз сала отырып, болашақты көре
білген жөн дер едім. Біздің ұрпағымызға жауапты
міндеттер жүктеліп отыр, балаларымыздың игілігін
сақтау, қайта қалпына келген мемлекеттілігімізді
нығайту және өркениетті дүниежүзілік қоғамдас-
тықтың талаптарына сай келетін сапалық жағынан
жаңа деңгейге көшу міндеті тұр. Осы тұрғыдан
келіп айтарым, біздің әрқайсымыз және баршамыз
туған еліміздің болашағына деген жауап-
кершілігімізді сезіне білуіміз қажет. Ұлы Жамбыл
атамыздың да арманы осы болатын.

Жамбыл қазақтың ақындық өнерінің қазанында қайнап, ежелгі ауыз әдебиетінің кәусарымен сусындап, ақындық, жыраулық дәстүрдің ХХ ғасырдағы туын биікке көтерген дана қарт, ұлы жырау. Ол өз халқының сөз өнерінің ұстаханасында шындалған, туған топырағының төл перзенті:

Менің пірім Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай.
Сырлы сұлу сөздері,
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп сөйлесем,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай,—

деп Жәкеңнің өзі жырлағандай, оның Сүйінбай сынды үлгі алған ұстазының ар жағында: Сүйекеңмен тұстас Майкөт, Қабан, Бақтыбай, Құлмамбет, өзімен тұрғылас Сарбас, Қуандық, Қожантай, Әмірлер, сонау Сыпыра, Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз, Бұқар, Базар, Ақтамберді, Үмбетейден басталып, Шал, Махамбет, Дулат, Мұрат, Шортанбай, Нысанбайларға келіп ұласқан ақын, жыраулар мен жыршылар мектебінің игі дәстүрі жатыр.

Жамбыл — ғасырлық ғұмырымызда арыны басылмаған алып жыршы, шұрайлы жырдан өшпес мұра қалдырған дүлдүл ақын. Ол өзінен кейінгі әр ұрпақтың ат басын арнайы бұрып, шөліркегенде тұнық жырларынан сусындар тұма бұлағы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақтың Жамбылдың рухани мұраларына терең таным-түсінікпен қарап, оның шығармаларының қазақ халқының ұлттық санасезімін қалыптастырудағы орнына зерек көңілмен бағалағанымыздың бір көрінісі — бүгінгі өткізіліп отырған жыр алыбының мерейтойы. Жамбылдың

туған елі мен жеріне деген ыстық ықыласын төгіле жырлаған арнау-толғауларынан, хикаялары мен дастандарынан іздесек, онда ақынның шығармалары халық рухының қырмызы гүліндей екеніне көзіміз жетеді. Жамбыл жүрегі қашанда халқым деп соқты. Ол ең алдымен, халықтар достығын, терезесі тең елдердің бірлігін, ынтымағын жырлап, шындық шуағын шарболаттай шырдады.

Ұлы жыршы Жамбыл, қазақтың дәстүрлі әдебиетінің аса дарынды, асқақ жаратылған алып өкілі болатын. Оның алыптығы сонша, өз басы халыққа берер игіліктеріне имандай сенген Қазан төңкерісінің, Кеңес үкіметінің жетістіктерін сол ежелгі ақындық, жыраулық дәстүрдегі ауыз әдебиетінің мүмкіншілігі аясында-ақ жырлап, өзін-өзі арқылы күллі қазақ әдебиетін дүние жүзіне танытты. Соның арқасында ол өзінен кейінгі Кенен Әзірбаев, Нартай Бекежанов, Доскей Әлімбаев, Саяділ Керімбеков, Орынбай Тайманов, Үмбетәлі Кәрібаев секілді шашасына шаң жұқпайтын халық ақындарына игі ықпалын тигізген, өнегесін бойларына сіңірген ұстаз да бола білді.

Қазір, Кеңес дәуірі артта қалған шақта, Жамбыл атамыздың Кеңес өкіметін, оның ішінде сол кездегі ел басшыларын жырлады, “сонда бұл қалай?” деген сұрақтар соңғы кездері жиі көлденеңдейтін болды. Мәселенің осы жағына арнайы тоқтала кеткен жөн сияқты.

Ұлы жырау жетпіске жеткен шағында патшалық Ресейдің 1916 жылы бірінші дүниежүзілік соғысқа қазақ жігіттерін қара жұмысқа алатын тұсындағы елдегі дүрбелеңді өз көзімен көрді, қолдарына қару алып, патшалық зорлық-зомбы-

лықтың құрбаны болуға қарсылық көрсеткен ереуілші топтың істеріне тілектес болды. Биыл 80 жылдығы аталып өткелі отырған ұлт-азаттық қозғалыстың бел ортасында болмаса да соның көшбасындағы ерлердің ерліктеріне тәнті болды, жырларымен тілектестігін білдірді, бір сөзбен айтқанда, рухани жағынан демеуші бола білді, өйткені, ол өзінің туған халқының теңсіздікте кешкен өміріне іштей назалы еді. Көп ұзамай дүниені дүрілдетіп, “Халықтарға теңдік, бостандық әпереміз, құлдық езгіден құтқарамыз, өмірді жаңғыртамыз, бұрынғы билік иелерін орнынан алып әділдік орнатамыз, жарылқаймыз” деген ұранмен өмірге келген Кеңес өкіметінің сарбаздары мен сардарларын да көрді. Бұлар, әрине, бұрынғы “шынжыр балақ, шұбартөстерді” жайпай келді. Тәуелді дәрежеде болса да, Қазақ елі республика атанды.

Қазақтың зиялы қауымы бар, қарапайым еңбеккері бар, бұл өкіметті қолын теңдікке, басын бостандыққа жеткізеді деп білді. Жамбыл да солай түсінді. Патша үкіметінің бұратана халықты басып-жаншуы келмеске кетіп, оның орнына ғасырлар байы армандаған тәуелсіздік келді деп ұқты. Олай болса, сол тәуелсіздікті қолға ұстатқан жана қоғамдық құрылысқа, оның әділетті аталып жүрген басшыларына қол соқпағанда кімге қол соғады? Мұндай біржақты көзқарастан, бүкіл елі секілді Жамбыл да алыс кеткен жоқ. Сол қоғамның жетістігіне желпініп, жыр толғады.

Біздің әрқайсымыз өз уақытымыздың, өз дәуіріміздің перзенттеріміз. Біздің Жәкеннің тар заманда, отаршылдық дәуірде, немесе кенестік дәуірде дүниеге келген шығармалары арасындағы алшақтықтан айып іздеу, жазғыру орынсыз деп

ойлаймын. Заман әлі талай өзгерер, бірақ ұлы ақын мұрасы өзінің құндылығын ешқашан жоймақ емес. Жамбыл өз заманын, оның ағы мен қарасын, бір сөзбен айтқанда, өз дәуірін асқан шабытпен жырлаған ұлы сөз зергері деп білеміз. Ал зергерге шашасына шаң жұқпас асыл дүниені қай дәуірде, кімдерге арнады деп емес, қалай жасады деп баға берген орынды болар, сірә. Өйткені Жәкеннің әрбір дүниесі өз бойынан, жүрегінің тереңінен шымырлап шыққан, бүкіл әлемді мойындатқан шығармалар. Жәкең шығармашылығы халқымыздың дүниетанымдық, рухани көзқарасының қалыптасып, ұшталуына ықпал жасағанын да ешкім жоққа шығара алмас деп ойлаймын.

Бүгінде біздің бетке ұстар ақын, жазушыларымыз, ғалымдарымыз өз шығармаларының көпшілігін кеңестік дәуірде, кешегі қайта құрудан бұрын дүниеге келтірді емес пе? Ол шығармалардың бәрінде де сол заманның сарыны мен талабы жоқ емес. Солай болды деп барша аға зиялыларға мін тақпауымыз керек.

Жамбылдың тұсында, тіпті одан кейінгі жылдарда сол кездің саясатын қолдап, шығарма жазбаған кімді білеміз? Француздың ұлы жазушысы Ромен Роллан Жамбылға жолдаған құттықтау жеделхатында “Жаңа адамзаттың ұлы жыршысы” деп баға берді. Демек, бұл Жәкең және осында отырған көптеген белгілі ақын-жазушылар ғана емес, көрнекті деген зиялылар сенген идеология болды. Ал Кеңес Одағының саясаты Жамбыл үшін саясат емес, жай ғана тақырып болды. Жәкең кез келген тақырыпты жырлауда алдына жан салмаған жырдың “Қызыл жолбарысы”.

Мына жайды еске ұстайық, ағайын. Қазақ ақындарының ішінде Жамбыл бірінші болып бүкіл Кеңес Одағы оқырмандарына Қорқыт, Асанқайғы, Абылай рухын тірілтіп беріп, рухани айналымға түсіргенін ұмытпалық. Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл Жамбыл болып қала береді.

Жамбыл Жабайұлына да осы тұрғыдан баға берген жөн. Жамбылдың тұғыры биік заңғар халық жыршысы екендігінде ешкімнің де күмәні болмауға тиіс. Ол XVIII ғасырдың тарихи қаһарманы Өтеген батырды, XIX ғасырда елін Қоқан хандығының езгісіне қарсы көтеріп, қол бастаған Саурық, Сұраншы батырлардың есімін дәріптеп жырлаушы ғана емес, Кеңес кезеңінің ұлы оқиғаларының да жалынды жыршысы, алдына жан салмаған ақиық ақыны. Ол кімді жырламасын, папаниншілерді ме, әлде Хасан, Халхингол соғысында ерлік көрсеткен ел сарбаздарын ба, қоршауда қалған ленинградтықтарды ма, қайқайсысын да селқос қабылдаған жан болған жоқ. Оның жалынды жырларын елі күтіп отырды. Сондықтан да ақын өлеңдері әлеуметтік мәні, қоғамдық салмағы, бойындағы күдіреті арқылы уақыт талабымен, дәуір тынысымен телқозыдай қабысып, миллиондардың арман тілегімен табиғи табысып жатқанын атап өту парыз. Орыстың белгілі ақыны Александр Прокопьев былай деп жазады: “Жамбылдың ”Ленинградтық өрендерім” жыры жарияланған кез Ленинград халінің аса бір ауыр шағы еді. Бұл тұста немістің қоршауында қалған Ленинградта азық өте аз болды. Күніне жұмыс істейтін адам 250 грамм, жәй кісі 150 грамм нан алды. Ет, май дегенді халық өте аз және сирек көрді. Басқа азықты көрген жоқ.

Үйлерге кіретін су тоқтатылды, канализация істемеді, отын атымен болмады. Жау атқан снаряд пен бомбалардың салдарынан шынысы қирап, терезе біткен аңырайып ашық тұрды... Жаудың оғы үздіксіз жауып тұрды.

Осындай кезде Жамбылдың “Ленинградтық өрендерім” жыры газеттерде жарияланды. Халықтың рухын көтеруде ерекше күшті көрінген бұл жырды Ленинград радиосы күніне әлденеше рет оқып отырды. Жыр үлкен әріптермен басылып, көшелерде плакат болып ілінді. Сол плакатты үймелесіп оқысып, көздерінен жастары сорғалаған талай адамдарды көрдім. Немістердің самолеттері құлдилай ұшып бомба тастап жүргенде бомбадан жасырынатын жерге тығылудың орнына Жамбылдың жыры басылған газетті сатып алу үшін кезекте тұрған адамдарды талай көрдім”.

Бұл сол кездің нағыз шындығы болатын.

Иә, поэзия құдіреті деген осы болар. Бірнеше шумаққа тұтас бір кезеңнің жүгін арта білу тек Жамбыл секілді алыптардың ғана қолынан келетін құдірет. Міне ақын өзіне мәңгілік ескерткіштің негізін осылай қалады.

Қазақ әдебиетінің алыбы Жәкенді көзінің тірісінде қай елге барса халық зор ыстық ықыласымен қарсы алып, қабылдап отырды. Ақынның 1936 жылы қазақ әдебиеті мен өнерінің Мәскеуде өткен онкүндігіне, 1937 жылдың аяғында Шота Руставелидің “Жолбарыс терісін жамылған батыр” дастанының 750 жылдығына байланысты Грузияға барған сапары, 1938 жылы май айында өзінің шығармашылық өмірбаянының 75 жылдығына орай Қазақстанда өткізілген мерекелер тұсындағы күллі Кеңестер елі атынан көрсетілген риясыз

қызмет, қуанышты қарсы алулар тарих парағына жазылды. Ақынды қай жерде де кездестірген халық “Жамбыл! Жамбыл! Жәке!” деген ерекше шаттанған дауыспен ұрандата қошеметтеген. Ақынның сол шығармашылық мерекесіне Алексей Толстой, Микола Бажан, Павло Тычина, Тоғалақ Молда, Ғафур Ғұлам, Қалық Ақиев, тағы басқа сол кездегі көрнекті сөз өкілдерінің келуі, өзіміздің Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Қасым Аманжолов, Ғали Орманов, Дина Нұрпейісова, Күләш Бәйсейітова, Кенен Әзірбаев, Мәриям Хакімжанова, Қалибек Қуанышбаев секілді әдебиет, өнер саңлақтарының сол тойды ұйымдастыруы, дүние жүзінің барша елінен, сол елдердің қалам қайраткерлерінен құттықтау жеделхаттардың қарша бо-рауы да Жамбыл есімінің төрткүл әлемге мәшһүр болғандығының айғағы.

Жамбыл шығармашылығы, оның өмір жолы бір адамның емес, бүкіл қазақтың ауыз әдебиетінің, соның ақпа-төкпе ақындық өнерінің жаңа белесі, ХХ ғасырдағы ең ірі серпілісі ретінде қабылдануы ләзім. Ұлы Мұхтар Әуезовше айтқанда: “Миллион жол өленді жатқа білетін” абыз жыраудың халықтық қасиетін жанымен терең ұғынған замандас ақын інілері — Әбділда Тәжібаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Павел Кузнецов, Қалмақан Әбдіқадыров, Қасым Тоғызақовтар оның әдеби хатшылары болып қызмет етті. Бұл үлкенге тағзым етіп, егде тартқан адамға қызмет ететін ұлтымыздың тамаша дәстүрінің көрінісі ғана болған жоқ, өткен ғасырлардың толқынын ХХ ғасырға әкеліп толқытқан қарт абыз жыршыға,

ғажайып қайталанбас өнерге деген құрмет пен кейінгі ұрпақ парызы еді. Жамбыл жырларын орыс тіліне аудару арқылы ақын есімін дүние жүзіне кеңінен таратуға үлес қосқан Павел Кузнецов, Марк Тарловский, Константин Алтайский, Илья Сельвинский, Дмитрий Снегин, Алексей Брагин сынды орыс ақындарының есімдерін де бүгінгі күні ерекше ілтипатпен еске алуға тиістіміз.

Қазақта “Күн ортақ, ай ортақ, жақсы ортақ” деген сөз бар. Бұл ретте де қазақтың Жамбылын адамзаттың Жамбылы деп мақтанышпен айта аламыз. Шын мәнінде Жамбыл дүниеге әкелген ғажайып қазына сол рухани қазынаның өн бойындағы адамды шыңдауға арналған, биік парасат пен қоғамды шыңдауға арналған шабытты, серпінді жалпы адамзаттық рухани игілік демеске бола ма?! Мұны өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Жамбылдың қанатты жырлары әлемнің елуге тарта тіліне аударылып, миллиондардың жүрегіне ізгілік нұрын септі. Біз мұны ең алдымен Жамбыл атамыздың өлмес өнері арқылы әлем жұртшылығына қазақ халқының рухани болмысының танылуы деп білуіміз керек. Сондықтан, Жамбылдың мерейтойы қазақстандықтар үшін зор мәртебе ғана емес өзінің де бүгінгі парасат көлеміне сын. Дәлірек айтсақ, бір мақсат жолындағы көп ұлтты дербес мемлекет ретінде әлем алында ой мен рухтың өресін танытатын, кісілік пен парасаттың өнегесін көрсететін сәт туды. Қазақстан Республикасы осы уақытқа дейін әлем жұртшылығына өзін саяси-әлеуметтік ұмтылыстарымен, демократияшыл мұраттарымен танытып келсе, енді қайталанбас рухани болмысын танытуға мүмкіндік алып отыр.

Бұл ретте қазақстандықтар ұлы Жамбылдың өлмес өнері, мәңгілік тозбас құндылықтарды көкसेген биік парасаты жалпы адамзатқа ортақ екенін терең сезінеді. Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның басты себебі Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсармен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Сөз жоқ, ондай арман-аңсарға ден қою арқылы біздің қай-қайсымыз да пендешіл күйкіліктен арылып, парасат-пайымымызды шыңдай түсеміз. Өміршең мен өткіншінің ара жігін айырып, асыл адамгершілік жолында табысамыз.

Әрбір ұлттық мәдениетте бүкіл әлемге тиесілі есімдер, жалпы адамзаттық рухани құндылықтың өлшем-белгісі болған есімдер бар. Соған орай, олардың осындай жасампаздық істері біздің күллі адамзатпен біртұтас әрі өзіміздің өткенімізбен, қазіргі кезімізбен және болашағымызбен ажырағысыз байланысты екенімізді еске салып, ерекше мән-мазмұнмен толықтыратыны жасырын емес.

Бүгін еліміздің жұртшылығы қазақ халқының даңқты ұлы, халық поэзиясының ұлы алыбы, бүкіл келбет-болмысымен XX ғасырдағы өшпес тұлғалардың қатарындағы Жамбыл Жабаевтың 150 жылдық мерейтойын кеңінен атап өтуде.

Тағдыр оған ұзақ, жемісті әрі даңқты өмір сыйлады: ол өзінің 100 жылдығына небәрі екі ай қалғанда дүниеден өтті. Оның шығармашылығы екі ұлы дәуірді — XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың 45 жылын қамтиды. Осының өзі де бірегей құбылыс, өйткені ол Қазақстан мен Ре-

сейдің тарихындағы бетбұрысты кезеннің жылнамашысы.

Жамбыл жастайынан, өзінің халық жыршысы, жырау ретіндегі шығармашылық жолын бастаған кезінен-ақ суырып салма ақынның даңқына бөленді. Оның бұл жолы тар жол тайғақ кешулі сындарға толы болғаны да рас. “Жамбыл көп уақытқа дейін патшалықтың барлық қолжаулықтарын ашуызамен, тікелей әшкерелеп келді,— деп жазды ол туралы ұлы Мұхтар Әуезов.— Өзінің бүкіл ашуызаға толы, ащы тілді және әділетті айыптауларға құрылған суырыпсалма жырларын ауыр алым-салыққа, әділетсіз сотқа, жүгенсіздікке қарсы бағыштаған ол осымен қатар халықпен бірге, бақытты ел туралы керемет арман мен үмітке толы әндер шығарып, аты аңызға айналған халық арасышысы болған айбынды батырлар туралы да жырлады”... Сөйтіп, ол әлемнің бар байлығын жинағанымен одан ізгілік таппайсың, тек қана сенің дүниеге әкелген жақсылығың ғана өзінді мәңгілік әрі қасиетті даңққа бөлейді, деген тұжырым жасайды.

Жылдар өткен сайын Жамбылдың ақындық дарыны жетіле түсіп, жан дүниесі байып, өмірге деген тарихи көзқарасы қалыптасты. Адам мен оны қоршаған табиғаттың бірлігі, тән және жан сұлулығы, әсемдік, күллі жанды тіршілік пен өмірді жасаушы адамға жаратылыстың өзегі ретінде сүйіспеншілікпен қарау — оның ең сүйіп жырлайтын тақырыптары болып қала берді.

Жамбыл ғұмыр бойы ең басты тақырыпты — адамдардың достығын, бірлікті, өзара көмек пен махаббатты арқау еткен. Бізге де осындай рух бе-

ретін әрі аталы сөздер кейде жетіспей жататынын да айтқан жөн болар.

Жамбылға дейін де ақындар болған. Иә, талай тарлан ақындардың болғаны рас, қазір де бар және одан кейін де халқының үдесінен шыға білетін тұлпарлар болатыны да хақ. Сірә одан кейін де бола береді. Алайда ХХ ғасырда — дауылдатқан ғылыми-техникалық және әлеуметтік революциялар ғасырында Жамбыл өзіне біткен, дүние жаралғаннан бері келе жатқан көне өнерді осы заманның қызметіне өзге ақындардың бәрінен де жақсы қоя білді, сол арқылы халықтық поэзияны бұрын-соңды болып көрмеген биікке көтеріп, ғаламдық деңгейге шығара алды.

Ауыз әдебиетінің сазгерлік-ақындық жарыс жанры ретінде айтыс әлімсақтан халық үшін өз үнін білдірудің әмбебап құралы қызметін атқарып келді, оның ақылы мен жүрегіне нәр берді. Ақындардың дуалы аузынан шыққан әрбір сөз сол заматта қағып алынып, ұлы даланың күллі шаһарлары мен ауыл, қыстақтарына тарап жатты. Бұл жырлар өзінің лайықты иелеріне өшпес даңқ пен шексіз бедел болып оралып отырғанын ұмытпаған да ләзім. Жамбылдың кеңестік кезеңдегі шығармаларына көз жүгірте отырып, біз оларда дәуірдің бүкіл күрделілігі мен қарама-қайшылығы, бар игілігі мен кемшілігі, даңқы мен абыройсыз істері өз бейнесін тапқанын айқын көреміз.

Жамбыл өз замандастарымен ғана айтысып қойған жоқ. Ол дәуірдің өзімен айтысуға, даңқ пен абыройсыздыққа толы уақытпен ымырасыз айтысқа түсуге қажыр-қайрат таба білді. Сөйтіп, бұл айтыста жеңіп шықты!

Тез арада тауып айту, қиыннан қиыстыру, көп салалы өмірдің жәйттеріне сол сәтте үн қосуға қабілеттілік — жыраудың мейлінше шығармашылық ерекшеліктерін құрайтын қасиеттер. Жамбыл қолымен жазған жоқ, тілімен жырлады. Жасы ұлғайған кездің өзінде Жамбылдың жарқын ойлау қасиеті мен шығармашылық дүниетанымының толықтығын сақтай білгені, сөйтіп Қазақстан үшін және біртұтас көп ұлтты халық үшін мақтанш сезіміне толы шығармаларды, жалпы мемлекеттік және жалпы адамзаттық әуендерді өмірге әкелгені танданарлық құбылыс. ХХ ғасырдың қырқыншы жылдарының өзінде-ақ ол патриоттық поэзияның асыл маржандарын туғызып, “Халық поэзиясының алыбы”, “ХХ ғасырдың Гомері” деген әлемдік атаққа ие болды. Ол Ұлы Отан соғысының сұрапыл күндерінде көркемдік деңгейі жоғары саяси поэзияның жаратушысы болды.

Ақындық-жыршылық сипаттағы өлең туындыларын Жамбыл Пушкинге және тынық Донның ұлдарына, Солтүстік Полюсті бағындырушыларға және испаниялық туысқандарға, біздің Отанымыздың батырларына және қарапайым еңбек адамдарына бағыштады. Оның мәңгі жасайтын “Ленинградтық өрендерім” атты толғауы ақындық шеберлік пен әкелік жүректен шыққан даналық сөздің асқар шыңына айналды.

Соғыс жылдарында өмірге келген бұл туынды ұлы ақынның даңқын асқақтата түсті, оның есімін дүние жүзіне әйгілі етті. Ленинград қорғанысына қатысқан Всеволод Вишневский былай деп еске алды: “Біз бұл жолдауды көзімізге жас алмай және қуанышты толқу сезімінсіз оқи алмадық. Біз бұл хатты қуатты қолдаушы күштің келгеніндей

бағалап, қабылдадық. Қазақстан халқы бізге өзінің туысқандық сәлемін, сүйіспеншілігі мен достығын жолдады, сөйтіп біз еселенген күш-жігермен пайқасқа аттандық”. Белгілі жазушының бұл сөздері бұған дейін де әлденеше рет қайталанды және Жамбыл талантын құрмет тұтушылардың барлығы оның бір жарым ғасырлық мерейтойы жылында тағы да келтіретін болады.

Ата-бабаң баяғы,
Аян еді Жамбылға.
Тұсаулы қол-аяғы,
Аударылған ауылға,

— деп жырлады Ленинград пен оның тұрғындарына сөз арнаған даланың ұлы жырауы:

Жетсін деймін сендерге,
Жыл құсындай өленім,
Қаласындағы Лениннің
Сайып қыран өренім.

Біртұтас шаңырақ сезімі, тарихи тағдырлардың тұтастығы сезімі — поэзияның ұлы ақсақалы бізге осындай мұра қалдырды. Интеграция идеялары, бірыңғай әлеуметтік-мәдени кеңістік құру туралы ойлар күш алып келе жатқан қазіргі таңда өзара түсіністік пен ынтымақтастық, өзара рухани баю және ұлттық мәдениеттің жалпы адамзаттық маңыздылығы сияқты мәңгілік құндылықтар осы заманғы мазмұнмен толығуда.

“Жыр сүймеген өмір де сүре білмейді” деген данышпан қағида қалдырды Жамбыл. Біз жас мемлекетімізді орнату және нығайту мақсатымен әлеуметтік, экономикалық, құқықтық реформалар жүргізіп жатқан жылдарда белсенді мәдени құрылыссыз, Жамбылдың шығармаларынсыз біздің

қағамымыз өзінің ұлттық келбеті мен қасиетін қауымдасып іздестіруде біріге алады деу қисынсыз болмақ. Ендеше оның туындыларын еске алып, бағалайтын, біздің бабаларымыз бен әкелеріміздің Отанды көркейту жолында даңқты өмір сүргенін бағалайтын болайық. Әрқайсымыз өз орнымызда белсенді жасампаз жанға айналып тарихты, мәдениет пен өркениетті дамытатын болайық.

Бүгінгі жыр дүлдүлінің ұлан асыр тойы — егемен елімізді мекендейтін халықтар достығы ынтымағының тойы, халықтың өзінің ұлы перзентіне деген зор құрметі мен ыстық ықыласының шынайы көрінісі.

Жамбыл мерейтойына дайындық, ұлы ақын шығармашылығына терең бойлап, Жамбыл поэзиясын танумен астасып жатты. Ал, ұлы бабамыздың басына барып, талантты өрендеріміздің ақынның биік рухына тағзым етуі қандай сүйінішті. Осы күндері еліміздің түкпір-түкпірінде өткізіліп жатқан ұлы Жамбылға арналған кештер, поэзия жиындары, жастар мен өнерпаздардың өнер сайыстары, ақындар айтысы ертеңгі күндері жалғасын тауып жатса, ұлы ақынға деген құрметтің шынайы белгісі сол болар еді.

Үкімет қаулысы ауқымында Жамбыл мұражайы мен мавзолейі жаңғырып, мәдениет үйі, мектеп құрылысы жүргізіліп, ақын ауылының архитектуралық келбеті өзгерді. “Жақсыдан — шарапат” дегендей, бұл атқарылған істер халықтың діттеген жерінен шығып, жұртшылық игілігіне жарауда. Бүгінгі той көптікі, абыройы халықтікі. Жамбылды құрмет тұту — қазақ халқының биік рухына, Қазақстан халықтарының патриоттық сезіміне деген құрмет деп ойлаймын.

Ұлы өзгерістер заманында өмір сүріп, жұмыс істеу біздің үлесімізге тиіп отыр. Біз атқарып жатқан істердің өміршең маңызымен қатар тарихи да мәні бар екенін естен шығармайық. Біздің бүгінгі ісімізге қарап ұрпақтарымыз бізге баға беретін болады. Қазақстанның ХХІ ғасырға қалай кіретіні, ұрпақтарымыздың тағдыры қалай қалыптасатыны осы отырған бізге байланысты. Бүгінгідей шалқыған қуанышты күнде біздің асылымызды дөп басып, ұлы жырауға жоғары баға беріп, Жамбыл күндерін атап өткен туысқан Өзбекстан, Қырғызстан, Түркия және басқа да елдердің, туған еліміздің әдебиет сүйер зиялы қауымына зор ризашылық сезімімізді білдіреміз.

Жәкең туған халқының күнгеі мен көлеңкесін тарихи талғам таразысына салып, шабыттың шырқау биігіне көтерген ақын. Халық тағдырының күллі арналары мен тамырларын сәтті ұштастыра білгендіктен “халықтан шыққан дана ақын” деген атаққа ие болған. Бұл — шындап келгенде, халықтың дара туған перзентіне берер ең жоғары бағасы.

Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жыршысы — Жамбыл да мәңгі жасай бермек. Бүгінгі ұлы той — халқының Жәкене деген шексіз сүйіспеншілігінің бір көрінісі.

Жамбыл мәңгі жасай береді. Біздің алдымызда жаңа биіктер, жаңа мақсаттар тұр. Енді үш-төрт жылда ХХІ ғасырдың табалдырығын аттаймыз. Бұл жаңа ғасыр Қазақ елінің тарихындағы ерекше бақытты, өсу, кемелдену ғасыры болады деп кәміл сенемін. Қазіргі саяси, тарихи жағдай бұған толық кепілдік береді. Соған орай, он тоғызыншы

ғасырда дүниеге келген, жиырмамыншы ғасырда ұлы ақын ретінде әлемге танылған Жамбыл осы жаңа жиырма бірінші ғасырда да өз халқымен бірге жасай берері анық.

АТА ЗАҢ ХАЛЫҚҚА ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ

**КОНСТИТУЦИЯ КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
САЛТАНАТТЫ ЖИНАЛЫСТА
29 ТАМЫЗДА ЖАСАЛҒАН БАЯНДАМА**

Бүгін, міне, төл Конституциямыздың дүниеге келуінің алғашқы жылын, оны бүкіл халық болып қабыл алу салтанатын атап отырмыз.

Конституция — Ата Заң ғана емес, заң құжаты ғана емес. Оның мазмұны көп ретте біздің көкейіміздегі ұғымнан әлдеқайда ауқымды. Сол себепті Конституцияны талқылауға белсене қатысып, басым көпшілік дауыспен қабылдаған қазақстандықтарға ризашылығымды білдіремін.

Ата Заң күллі қазақстандықтардың көкейкесті мүддесін барынша ескеретіндей үдеден шықты. Конституция елімізде соңғы жылдары болған өзгерістерді: меншік нысандарының сан алуандығын, әрі олардың тең екенін, ұлттық саясаттағы табыстарымызды, бейбітшілікке деген күштарлығымызды, барлық мемлекеттерге деген тату көршілік пейілімізді, қауымдасуға деген қалауымызды, ұлтына, дініне, нәсіліне қарамай адамның,

азаматтың құқығын ардақ тұтатынымызды дәйектеп берді.

Сонымен, қазір еліміздің қолында мемлекетіміздің құқықтық негіздерін, оның саяси жүйесін, азаматтарының құқығы мен бостандығын паш еткен Ата Заң бар. Ол — қоғамымыздың ұзақ жылдарға арналған дамуының айдынын айқындап тұратын шамшырақ іспетті. Сондықтан да біз жана Конституция туралы айтқанда, оның біздің дамуымыздың нақ осы заманғы жағдайындағы орыны туралы сөз еткенде, Ата Заңымызды қызу қуаттаған халқымыздың кемеңгерлігіне жоғары баға беруіміз қажет.

Осыдан бес жыл бұрын, тап осы күні аса маңызды оқиғалардың бірі болып өткен. Біздің дербестігімізді алғаш білдірген Семей ядролық полигонын жабу туралы менің Жарлығым жарияланған болатын. Ал сол кездегі жағдайда мұндай шешімді қабылдау оңай емес еді. Осындай қысылтаяң тұста, тіпті Қазақстан өзінің егемендігін мәлімдегеніне қарамастан, орталықтың өктемдігі бұрынғыдан да қатаң бола түсті. Біздің режимдік әскери объектіге байланысты шешіміміздің өзі шектен шыққан өрескелдік ретінде қабылданғаны да рас. Бірақ өткенді қайтару мүмкін емес және адамдардың ерік-жігерін мойыту мүмкін емес. Ендеше біздің полигонды жабуымыздың өзін Қазақстан халқының түпкілікті және түбегейлі түрде өз еркімен даму жолын таңдағанының белгісі ретінде айтуға толық негізіміз бар екені сондықтан.

Дербес жолмен біз бес жылдан астам жүріп келеміз. Жеткен жетістігіміз де аз емес. Соның ішінде 1995 жылы Конституцияны қабылдау сөзсіз тарихи оқиға екені айқын.

Бұл акт барлық уақытта да және кез келген ел үшін де ерекше оқиға болып келген. Тәуелсіз Қазақстан үшін конституциялық мәселе екі ғасырдың тоғысында ерекше мән-мағынаға ие болған еді. Біз үшін жаңа мемлекеттік құрылыс проблемасы қоғамды еркін экономика арнасына шығару және соған сәйкес саяси жүйені табудың қиын-қыстау ғаламат іздестіру жолынан көрініп отыр.

Бүгін, әрине, тарихи шолу жасамайынша болмас. Егер еске алатын болсақ, Қазақстанда конституциялар 1926, 1937, 1978 және 1993 жылдарда қабылданғаны белгілі. Ал ендеше тарихи осыншама қысқа мерзімнің ішінде оларды соншама жиі қабылдаудың қандай қажеттігі бар еді?— деген сұрақ тумай ма. Осыған орай жұрттың көбіне американдық конституцияны үлгі ететіні де рас. Ал аталған Конституцияның қоғам прогресі мен жеке адамның бостандығы үшін үш ғасырдан астам қызмет етіп келе жатқаны да белгілі.

Бұрынғы Одақта бұндай жағдай болуы мүмкін емес еді, өйткені коммунизм жолындағы әрбір кезекті белес жаңа Конституциямен аталып өтетін.

Бірақ жаңа Конституцияларға енгізілген барлық өзгерістер көбіне бет бояу сипатында болды, оның үстіне, біз қазір 1917—1919 жылдарда күшінде болған Алаш үкіметінің бағдарламалық құжаттарының өзі кеңестік үлгідегі барлық Конституцияға қарағанда неғұрлым көбірек конституциялы болғанын барынша айқын айта аламыз. Мәселен, Алаштың бағдарламасында Ресей Демократиялық Федерациялық Республика болуға тиіс екені айқын жазылған. Ал мұнда әрбір жеке мемлекет өз еркімен болуға және бірдей құқықтармен өзін-өзі басқаруға тиіс деп айтылған. Заң шығару

өкіметін Мемлекеттік дума арқылы жүзеге асыру белгіленген болатын. Президенттік институты тағайындалуға тиіс еді. Барлық азаматтарға шыққан тегіне, дініне және жынысына қарамастан сайлау құқығы берілмек еді. Депутаттарды сайлау тікелей, тең және жасырын дауыс беру арқылы жүргізілуге тиіс болатын.

Қысқасы, Қазақстанда сол кездің өзінде-ақ конституциялық құрылыстың идеясы туындаған болатын. Алайда, оның жүзеге аспағаны белгілі. 1920 жылы қабылданған “Қырғыз (Қазақ) АССР-і еңбекшілері құқықтық декларациясы” демократиялық нормалардан мүлдем шалғай болатын. Ол құжат әлеуметтік төзімсіздікке бой алдырып, тек “таптық көзқарасқа” ғана негізделген еді. Азаматтардың бірқатар категориясы үшін сайлау құқығының елеулі түрде шектелгенін айтсақ та жеткілікті. Мәселен, жалдамалы еңбекті пайдаланатын адамдар сайлау және сайлану құқығынан айрылған.

Шын мәніне келгенде 1926 жылы қабылданған тұңғыш қазақстандық Конституция да осы декларациядан алшақ кеткен жоқ. Ол мәні және нысаны бойынша РСФСР Конституциясына сәйкес болды және декларацияның барлық ережелерін өз бойына жинап алды. Десе де, Қазақстан кеңестік федерацияның тікелей субъектісі мәртебесін алғанымен, не егемендікке, не конституциялық бостандыққа ие болған жоқ. Бұдан басқадай болуы мүмкін де емес еді, өйткені Одақтың өзі мәні бойынша федерациялық емес, ал кеңестік режим шын мәніндегі конституциялық жүйе болған емес.

Сондықтан кеңестік кезеңдегі қазақстандық

конституциялар одақтық мемлекет конституцияларының сөзсіз көшірмесі болып, бәріне билік ететін партиялық өктемдікті, мемлекеттің жеке адам мен қоғамды баса көктеуін білдірді, адам құқықтарын және өкіметті бөлу принциптерін, жеке меншікті қабылдамауға әкеліп соқты. Бұның өзі мемлекеттік масылдық психологиясын, қосарлы әлеуметтік өлшемдерді туғызып, адамдардың іскерлігі мен бастамашылығын тұншықтырып отырды. Ал қоғам өзінің адами өлшемі және ұлттық сан алуандылығы бойынша дами алмайтын жағдайға жетті.

Егемен болған Қазақстанның жаңа конституциялық құрылысының тарихи міндеті тәуелсіз елдің әлеуметтік стратегиясына сәйкес тиімді мемлекеттік тұтқаны орнықтыру ғана емес, сонымен бірге конституциялық құрылысқа деген әкімшілдік-әміршілдік көзқарас дәстүрлерін түбегейлі жоюға да байланысты.

Таптық, таза ұлттық және діни уағыздардан азат болған елдің Конституциясының принципті түрде жаңа үлгісін құрудың өзі, ең алдымен екі негізгі объективті процестерге қатысты. Бұл мемлекеттің өзін-өзі айқындауын: бейімделген әлеуметтік жетілдіруді және ұлттық өркендеу процестерін көздейді.

Қазақстан қоғамындағы біліне бастаған өмірдің бүкіл болмысы мен бейнесін түбегейлі өзгерту тенденциясын 1990 жылы қабылданған Қазақ КСР-інің егемендігі туралы Декларациясы мен соның негізінде 1991 жылғы желтоқсанның 16-сында қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық заң едәуір көрсете білген еді. Сонымен, Қазақстанда

өзінің конституциялық құрылысын жасаудың принципті жаңа процесі басталды. Мұның өзі ежелгі қазақ жерінде жаңа, саяси және экономикалық тұрғыдан тәуелсіз мемлекеттікті одан әрі құрудың алғы шарты және негіз қалайтын өлшемдерін жасады.

Алайда, осы конституциялық актілер саяси шарықтау, асқақтау кезеңінде қабылданғанын да мойындаған жөн. Барлық процестерді бірден ой елегінен өткізу, өзіміздің жоспарларымыз бен мүмкіндіктерімізді нақты салмақтау қолдан келе қойған жоқ. Біз “еркіндік” сөзінен туындаған асқақ сезімнен шыға алмай қалдық. Оның үстіне қоғамның өзі де коммунистік қиялдармен және қағидалармен өмір сүріп келгенін жасырмасақ керек. Социалистік жалған халық билігінің бұрынғы таптаурындары Конституцияны орнықтыруға тиісті заман талаптары деңгейіне шығара алмады. Сондықтан барлық осы жылдардың ішінде біз Қазақ КСР-інің ескі Конституциясын жамап-жасқап келдік.

Қазақстанның егемен мемлекет және дүниежүзілік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі ретінде орнығуы 1993 жылы Жоғарғы Кеңес қабылдаған Конституция арқылы жүзеге асырылған болатын. Ол 1990—1992 жылдардағы конституциялық құқықты қалыптастыру жөніндегі алғашқы толқынның өзіндік бір қорытынды құжаты болған.

Дегенмен, осы Конституция қазақстандық конституциялық құрылыс жолындағы елеулі белес болғанын да айтқан жөн. Бірақ сол жақсы шешімнің өзі дәуір ағымында болып, көне көзқарастардан арыла алған жоқ. Біз қоғамдық келісім үшін баруға мәжбүр болған тарихи мәміле

— Ата заң жұртшылық күткен үмітті толық ақтамады.

Көп нәрсе ең алдымен біздің қоғамдық дамудағы мақсаттарымыз бен басымдықтарымызды айқындай алмауымызға байланысты болса керек. Сол кезде біз жүйелі түрде өзгерістердің берік құқықтық іргетасын қалай алған жоқпыз. Алға қойылған мақсаттарға жетуге мүмкіндік беретін конституциялық құралдар мен тұтқалар халыққа жарияланған емес.

Ал сайып келгенде, Конституцияны қабылдайтын халық емес екені де, жаңа мемлекетті құруға қатысатын халықтың өзі емес екені рас еді ғой. Ал бұрынғы мемлекет кеңестік дәстүр бойынша әуелі Жоғарғы Кеңеске және шенеуніктерге ғана, ал өздерінен асса халыққа беріп келген мемлекет емес пе еді. Бұл жағдайда мемлекет қажетті деңгейдегі конституциялық мемлекет болған емес, өйткені ағылшынның ағартушысы Томас Пейннің сөзімен айтқанда “Конституция мемлекеттің алғы шарты ғана, ал мемлекет сол Конституцияның перзенті болмақ” дегені рас.

Конституциялық процестерді 1995 жылғы наурыздағы өте қауырт оқиғалар жеделдете түсті. Бұл Жоғарғы Кеңестің бүкіл құқықсыздығын таныған, және бұрынғы конституциялық тұжырымдардың барша күйкілігін толық ашқан кезде болған еді. Осынау бір шым-шытырық күндерде конституциялық реформаны қабылдауды кешеуілдетудің өзі Қазақстан қоғамы мен болашақ тәуелсіз мемлекеттің тағдыры үшін төтенше қатер болғанын ерекше сезінуге әкелгені де рас емес пе.

Конституциялық реформалау проблемасын шеше отырып, ең алдымен жаңа тәуелсіз мемлекетті

құқықтық өрістету жолындағы мүмкіндіктерді жоққа шығаратын көзқарастан арылту керек.

Сол кезде мемлекеттің заңды шекарасы болуы мүмкін емес, ал бірақ барлық билік кеңеске тиесілі, деген құқықтық ұғым болған.

Ал, мен сол кездерді тегін еске алып отырған жоқпын. Өйткені сол кезде экономикалық реформалардың одан әрі тежелуі, саяси өзгерістер мәселелеріндегі бөгелу бізге аса қиын екенін түсінген едім. Тап сол кезде бізге Конституцияға қарсы практикаға қарамастан еліміздегі шынайы конституциялықты орнықтыруға деген батыл әрі принципті саяси және заңды бетбұрыс қажет болған еді. Қазақстанда жаңа құқықтық жүйеге, ырықты нарықтық идеяларға жол ашатын идеяларды туғызу қажет болған еді. Осындай алғышарттарсыз тәуелсіз жаңа мемлекетті құру процесі, реформаларды жүргізу әбден қиын болатыны белгілі.

Менің өзім де Қазақстан халқына Қазақстан қоғамының прогресшіл, құқықтық, саяси, экономикалық және әлеуметтік құрылысы жолын таңдай отырып, өз елінің болашағын таңдай білгеніне ризамын. Жаңа Конституция — шексіз алуан түрлі әлеуметтік мүдделердің көрінісі. Ол Қазақстан азаматтарының тікелей еркін білдіруі нәтижесінде, бүкіл халықтық дауыс беру арқылы 1995 жылғы 30 тамыздағы референдумда қабылданды. Оған қатысқан адамдардың 90 проценттейі біздің жаңа Ата Заңымызды жақтағаны рас екенін еске салғым келеді.

Қазақстан халқының Конституция арқылы өзінің егемен құқығын жүзеге асыратынына еш күмән жоқ. Конституциялық нормалар өзінен-өзі

азаматтың Конституцияға деген құрметті көзқарасын қалыптастырады, қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге жағдай жасайды деген көбіне қызыл сөз. Ешқандай саяси күштің, мемлекеттік өкіметтің кез келген тармағының өз қалауынша Конституцияны өзгертуге ешқандай құқығы жоқ.

Бұл оның негізгі артықшылығы. 1995 жылдың наурызында тек корпоративтік мүдделерге бағынған бұрынғы Жоғарғы Кеңес өзін сақтап қалу үшін конституцияның көптеген баптарын өзгертуді ұйғарғанын еске алайық. Бақытқа орай бұл кезде ол заңсыз болып қалған еді.

Біздің еліміздің халықаралық беделін нығайту мәселесіндегі Конституцияның маңызын айтып жатудың қажеті жоқ. Оның әлем қоғамдастығы алдындағы мән-мағынасы асқақ болды. Конституцияның авторлық әзірлеу тәсілі, оны тікелей халықтың қабылдауы, заңгерлік техникасы мен саяси шешімдері, Конституцияның рухы мен бүкіл болмысы біздің тәуелсіз мемлекетіміздің, өркениетті, даму кезеңінің ерекшеліктерін, әлемдік демократиялық құндылықтарды бойына сіңірген Конституция болды. Ендеше біздің Отанымыздың ХХІ ғасырдағы болашағы нақ осыған байланысты.

Жаңа Конституция қоғамда қолданылып жүрген жаңа ұғымдар мен терминдерді ғылыми және күнделікті айналымға енгізген тарихи бірінші Конституция болғанын атап өткен жөн. Сол арқылы нарықтық термин атаулары арнаулы, түбегейлі теориялық және қолданбалы салаға ауысты, біздің тұрмысымыздың ажырамас бөлігіне айналды.

Конституцияның нақтылығы, оның әлеуметтік тиімділігі, әлеуметтік құндылық басымдылығы заң

арқылы көрінген кезде ғана қабылданатыны бар. Ал осының өзі адамның құқығын қорғауға және бостандығын сақтауға қызмет ететін, құқық тәртібін нығайтатын, мемлекеттікті және оның институттарын орнықтыратын және бүкіл құқықтық жүйені дамытатын қызмет атқармақ. Сондықтан да болар, бүкіл жұрттың санасында Конституцияның орны мен рөлі туралы дұрыс пікір қалыптасқан. Ал ең бастысы барлық азаматтар Ата Заңға бағынған кезде ғана Конституция өз қызметін атқармақ деген түсінік бар. Оның талаптарының үдесінен шығу үшін, оны толық түсіне білу керек. Республикада Конституцияның ережелері мен нормаларын түсіндіру үшін бірқатар істер атқарылғанын айтқан жөн. Бұл әдебиет халықтың сатып алуына қолайлы. Өте үлкен таралыммен шығарылған олар еліміздің барлық жоғары оқу орындарында оқыту үшін енгізілген. Мәселен, жаңа оқу жылы барлық мектептерде, бүкіл жоғары оқу орындарында Конституция бойынша сабақтармен басталуы керек.

Дегенмен, Ата Заңның барлық рухы мен ережелері біздің қоғамымыздың бүкіл өмірін көктеп өткенін қаламаймыз. Ең алдымен азаматтардың бәрі Конституцияның жанашылдығын түсінгені қажет.

Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында біз шепе алған негізгі, принципті мәселелерге ерекше тоқталғым келер еді.

Біздің Ата Заңымыздың басты жетістіктерінің бірі, онда жер туралы мәселенің шешілгенін айтқан орынды. Конституциялық тұжырым бойынша: “жер және оның қойнауы, су, өсімдік және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мем-

лекеттің меншігінде болады. Жер сондай-ақ Заң белгілеген негіздерде, шарттарда және шектерде жеке меншікте бола алады”. Жер туралы заң бізде қабылданды. Мұның өзі елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси процестердің нақты көрінісі. Өйткені қазақ халқының кейбір “қамқоршысы” болып жүргендердің жер жекеменшігі атқа мінгендердің қанжығасына бөктеріліп кете барған дүние дегенінің өзі қате пікір. Осындай алып сатарлық әрі жымысқы көзқарастың жақтастары шын мәнінде қазақ халқына сенімсіздікпен қарап, оның өркендеу қабілетіне және нарықтық қатынастар жағдайында өрістеуіне байланысты күмән білдіреді.

Оның үстіне, оны коммунистік психологиядан кейінгі қырсық ретіндегі маскара көрініс ретінде қарау керек. Сондықтан жұрттың қалада да, ауылда да үйлер мен пәтерлерді жекешелендіруден бас тартпағаны неліктен? Жеке үй жанындағы учаскелерді жекешелендіруден бас тартпауы неліктен? Ауылдағылар колхоздар мен совхоздарды және малды жекешелендіруден алған өз жарналарынан неге бас тартпайды? Өйткені адамдардың бәрі қожайын болғысы келеді. Ендеше, солардың қамын ойлап жүргендер жердің иесі болғысы келгендердің жайын ойлап көрді ме екен?

Ал кәсіпкерліктің салауатты рухы орнаған жерде ұлтаралық ойдан шығарылатын проблемаларды жөнсіз алға тарту үшін және жерге деген жекеменшіктің қажет екені немесе қажет емес екені жөніндегі түкке тұрмайтын бос сөздердің қажеті болмай қалатыны рас.

Жаңа Конституция біздің мемлекеттігіміздің табиғаты жөніндегі мәселені түбегейлі түрде шешіп

берді. Егер 1993 жылғы Конституцияда Қазақстан Республикасы “Өзін-өзі айқындайтын қазақ ұлтының мемлекеттігі нысаны ретінде өзінің барлық азаматтарының құқығын қамтамасыз етеді” деп белгілеген болса, ал қазіргі Конституцияда “Қазақстан өз халқы ежелгі қазақ жерінде оның халқы туғызған мемлекет болып табылады” деп айтылған және оның өзекті принциптері “Бүкіл халықтың игілігі үшін қоғамдық келісім және саяси тұрақтылық, экономикалық даму” бекітілген. Бұрынғы Конституцияның ережелері жекелеген топтардың бүлдіргі мақсатында пайдаланғаны жасырын емес және ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етпегені де рас. Өйткені “ұлттық мемлекеттілік”, “Қазақ мемлекеттілігі” дейтін конституциялық терминдердің өзін жұрттың көбі түсіне бермейтін, ал кейбіреулері байырғы этностың ерекше басымдығын көрсететін ұғым ретінде білдірген болатын. Ал шынына келгенде, осы ұғымдар, өкінішке орай сонау кенестік өткен кезеңде қаншама дақпырттап келгенімен әлемдік ғылымда және практикада олар әйгілі болды.

Мемлекет тарихи жағынан әдетте, егер оның әлеуметтік негізі белгілі бір этностық қауымдас-тық болған кезде ғана ұлттық мемлекет болып табылатыны белгілі. Этностың даму қисынының өзі жұртшылық ұйымы, ал оның өзі ұлттың материалдық және рухани өмір сүруін және дамуын қамтамасыз ететін мемлекетті тудыру қажеттігін көздейді. Осындай қазіргі заманғы тарихи және жалпы адами практикадағы халықаралық құқық принципінің правосы беріліп отыр. Мұның өзі ұлыстардың мемлекеттік өзін-өзі айқындауына байланысты болса керек. Міне, сондықтан ежелгі қазақ

жерінде мемлекеттілікті құру жөніндегі конституциялық ережелердің өзін жалпы жұрт таныған принциптер мен халықаралық құқық нормаларының аясында қараған жөн.

Қазақстан мемлекеті тарихи тұрғыдан алғанның өзінде қашанда тек қазақтың мүддесін қорғап келді. Өйткені, сол кезде басқадай бөтен, өзге халық біздің жұрттың топырағында болған емес. Иә, уақыт өте келе ұлы дала халықтардың басқа да өкілдерін қабылдай бастады. Осыған байланысты мемлекеттің қызметі де, мәні де өзгере бастады. Қазақ халқының басын біріктіріп отырған, жүздеген ұлт пен ұлыстың бүгін таңда енді ешқандай этностық ұлтына қарамастан барлық мүдделері орындалып келеді. Қазақстан Республикасы ұлтына қарамастан барлық тұрғындардың мүддесін қорғайды. Ал мұның өзі біздің жана Конституциямызда атап өтілетін нақты жағдай.

Сондықтан Қазақстан халықтарының біртұтастығы, ұлтаралық келісімі мемлекеттікті одан әрі нығайту және дамыту аясында ерекше маңыз алатыны орынды. Түрлі ұлыстардың өкілдері тұрып жатқан біздің елдегі халықтың басын біріктіру — күрделі болсадағы орындауға болатын нәрсе. Ал Қазақстанда осыны жүзеге асыру үшін мүмкіндік бар. Бұл ең алдымен республиканың барлық азаматтарының ұлттық тегіне қарамастан, теңдігін бекітетін Конституция ғана.

Конституция кез келген азаматтың немесе қауымдастықтың мемлекеттілікке, аумақтың тұтастығына қарсы шығуына қарсы халықтар арасына қандай да бір жік салуға тыйым салады. Мұндай әрекеттерді қылмыстық тергеу көзделген.

Жаңа Конституцияның даусыз жетістігі — ұлт-

тық мүдделердің бүкіл жиынтығын ескере отырып, оларды қанағаттандырып тіл мәселесін әдепті шешуі болды. Ата Занда жазылғанындай, “Қазақстан Республикасындағы Мемлекеттік тіл — қазақ тілі. мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызуға қамқорлық жасайды. Мемлекеттік тілді немесе басқа тілді білмеуіне байланысты азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынады”. Сонымен еліміз халқының белгілі бір бөлігінің өз балаларының болашағы, тіпті өз болашағы жөніндегі аландаушылығы орынсыз болып қалады. Оның үстіне, ертеңгі күнге деген олардың үміті арта түседі, сөйтіп, қазақстандық патриоттық сезімді тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай туатынына де сенеміз.

Одан әрі де айтсақ, жаңа Конституцияда біздің республикамыздағы азаматтық туралы пікірсайыс толастады. Қазақстанда қосарлы азаматтық болмайтыны тікелей бекітілді. Сонымен азаматтық мәселелеріне қатысты нормалар конституциялық құрылыстың таңдаулы стандарттарына сәйкес.

Бұрынғы КСРО-ның ыдырауы және жана тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы азаматтыққа байланысты мәселелерді шешудің талай-талай қиғылығын тудырғаны жасырын емес.

Тиісті мемлекеттердің аумағында тұрып жатқан белгілі бір адамдарды өзінің азаматы ретінде тану туралы мәселені шешу әрбір мемлекеттің жеке алғандағы өз мәселесі болып табылады. Осыған байланысты кейбір мемлекет біржақты тәртіппен өз аумағында тұрып жатқан бір адамды өз азаматы

деп таныса, ал басқа жақ әдеттегідей, біржақты шешімімен оны танымауы мүмкін ғой. Демек, осының өзі Конституцияны, осы елдің заңдарын бұзуға ықпал етуге және оны бұзуға қатысты кез келген шараларды қабылдауға жол береді. Осы, бір азаматтық принципі деп аталатын принциптің өзі адамзат өркениетінің тарихы көрсетіп отырғанындай, үстемдік етіп отырғаны кездейсоқ емес. Өйткені бір адамның қосарлы азаматтығын танудың өзі жеке адамның өзі үшін де, сондай-ақ сол мемлекеттер үшін де қыруар проблемалар тудыратыны рас емес пе. Неліктен? Өйткені, әрбір егемен мемлекет өзінің азаматтық институты мен соған байланысты азаматтардың құқықтары, еркіндігі және міндеттеріне байланысты институтын орнықтыра отырып, ең алдымен экономикалық және саяси өз мүдделері тұрғысынан шығады. Ал бұл орайда ұлттық құқық нормалары қосарлы азаматтықты танитын мемлекеттердің құқықтық ережелерімен сай келе бермейді.

Мұндай жағдайда қос азаматтығы бар адамның, әсіресе, мемлекеттік және әскери қызметті атқару, салық төлеу, сайлау құқықтарын жүзеге асыру, жауапкершілікке тарту мәселелерінде өз құқықтарын пайдалану және міндеттерін орындау кезінде қиындықтар туатыны табиғи нәрсе. Осы заманғы мемлекеттердің, әдетте, бір азаматтық қағидасын ұстанатыны және келісімді негізде қос азаматтыққа жол бермеуге ұмтылатыны да, міне сондықтан. Біз де нақ осылай жасап отырмыз.

Біздің жаңа Конституция алты жыл бойы қалыптасып келе жатқан басқарудың президенттік нысанын түпкілікті бекіткені төтенше маңызды бо-

лып көрінеді. Басқарудың бұл нысанын таңдау кездейсоқ емес. Ол өткен тарихқа және бүгінгі шындыққа, біздің қоғамымыздың менталитетіне, ықтимал әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар және өкімет буындары арасындағы келіспеушіліктер туғызған толқулардың шалығы тимейтін күшті әрі бірауызды өкімет жүйесінің қажеттігіне негізделген.

Басқарудың президенттік нысаны шеңберінде өкімет буындарынан жоғары тұратын, түптеп келгенде, төрелік міндеттер берілген және осыған орай мемлекеттік өкімет органдарының үйлесімді қызметін қамтамасыз ететін мемлекет басшысының статусы Қазақстан жағдайында қоғамның саяси және экономикалық жүйелерін ойдағыдай, тоқтаусыз реформалау үшін неғұрлым қолайлы алғышарттар жасауға мүмкіндік береді. Әлеуметтік тұрғыда да тап солай: көп этностық және көп дінді қоғам үшін, бұған қоса күшті әлеуметтік тенгермелілік жүріп жатқан қоғам үшін, азаматтық татулықтың, қоғамдық тұрақтылықтың және ұлтаралық келісімнің кепілі ретінде Президенттің болуының өмірлік маңызы бар. Өзін тағайындаған халық алдында өкіметтің жауапкершілігін арттырудың тиімді құралы да осы болып табылады. Біздің Конституциямызда біртұтас мемлекеттік өкіметтің үш буынының әрекет етуінің нақ осындай жаңа тетігі бекітілген.

Мемлекеттік өкіметті заң шығарушы, атқарушы және сот буындарына бөлу олардың өзара шектеу және қарсы баламалық жүйені қолдану арқылы ісқимыл жасауын көздейді. Сондықтан Конституция, бір жағынан алғанда, олардың тығыз ынтымақтастық жасау мүмкіндігіне, екінші жағынан

— өзара шектеу, бір-бірінің Конституцияда және заңдарда белгіленген құзіреттеріне араласуға жол бермеуге бағытталған билік құзырларын бөлісудің тетігін қарастырады. Мысалы, Конституцияға “қарсы ассигнация” (Президент актілері мен Парламент қабылдаған заңдар оларды дайындағаны және заңдық мінсіздігі үшін жауапты адамдардың қолымен бекітіледі); Парламентті тарату, импичмент (Парламент пен Президент жауапкершілігінің ерекше конституциялық тәртібі); республика Президентінің мемлекеттің жекелеген лауазымды адамдарын (мысалы Премьер-министрді, Ұлттық банктің төрағасын, Бас прокурорды) Парламенттің және оның палаталарының келісімімен тағайындау институттары белгіленген.

Біртұтас мемлекеттік билікті буындарға нақты жіктеу жүйесінде Парламенттің қызметі анықталған, бұл оны заң шығару қызметіне жұмылдыруды көздейді. Әрине, бұл құқықтық кеңістік белгілі бір шеңбермен шектелген, дегенмен ол жеткілікті дәрежеде кең әрі қоғамдық қатынастарды заңдар арқылы реттеуге толық қабілетті.

Мәселе, тіпті де, өкілеттіктің санында емес, қайталап айтамын, олар елеулі түрде берілген, мәселе бұларды жүзеге асырудың сапасында жатыр. Бұл орайда Парламент, өкіметтің барлық буындары секілді, оның құзіретін және заң шығару процесінің негіздерін белгілеп және реттеп отыратын Конституцияның рухы мен әрпіне бағындырылған. Нақты белгіленген өкілет — құзіреттігі бар Парламенттің саяси жүйені тұрақсыздықтан, біздің білетініміздей, парламенттік республикалардың іргесін жиі-жиі шайқап отыратын тұрақсыздықтан құтқаруға қабілетті екендігін де есте ұстау қажет.

Өкімет буындарының өзара іс-қимылының конституциялық тетіктерінің тиімділігін биылғы жылдың маусым айында парламент пен өкімет арасындағы қарым-қатынаста туған дағдарысты Ата заңның проблемаларды дау-дамайсыз шешуді көздейтін және тараптардың келісімді іздестіруіне қозғау салатын нормалары іске қосылуы арқылы ойдағыдай шешу мүмкін болғаны айғақтайды.

Конституция, ақырында, қос палаталы Парламентті тағайындады, оның қажеттігі туралы айтыс біздің қоғамымызда көп уақыт бойы жүріп келді. Елдің жоғары заң шығарушы органының қызметінің тиімділігін, оның депутаттық корпусының кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған бірқатар нормалар қарастырылды. Парламенттің заң шығарушы құзіретінің аясы мен шегін нақты анықтау қарастырылуда. Бұл, кейбіреулер қате пайымдап жүргендей, заң шығарушы өкіметті нашарлатпайды, қайта оның неғұрлым мақсаткерлікпен жұмыс істеуіне жағдай жасайды, заң шығару жұмысының пәрменділігі мен сапасын арттырады, оны қатаң конституциялық негізге қояды. Ал бұл, өз кезегінде, елдегі конституциялық заңдылық тәртібін нығайтады. Өркениетті қоғамда парламенттің қолында болатын тұрақты дамудың ең күшті құралдары тиімді заңдар қабылдау, мемлекеттік бюджетті бекіту, үкімет қызметінің бағдарламасын мақұлдау немесе кері қайтару, оның осы бағдарлама бойынша парламентке есеп беруі, премьер-министрді тағайындауға келісім беру, сенімсіздік білдіру, палаталардың үкімет мүшелерінің есептерін тыңдау және оларды босату туралы Президентке өтініш жасау, және ақырында, Президент жауапкершілігінің ерекше конститу-

циялық тәртібі туралы мәселені қозғау және шешу сияқты шаралар болып табылады. Бақылаудың осындай айрықша құзыреттерінің барлығын біздің Конституция Қазақстан парламентіне бекітіп берген.

Әңгіме мұндай өкілеттіктерді практикалық жұмыста кәсіби деңгейде пайдалану туралы болып отыр. Сонда парламентті “қысымға алу” туралы түрлі қауесетті пайымдаулар да болмайды. Бұдан басқа мақсатқа да қол жетті — Парламенттің қызметіндегі басы артық саясылану жойылды. Бір кезде Жоғарғы Кеңесті нақ осы фактор екіұдай жағдайға қойған болатын. Сол тұста, былайша айтқанда, депутаттардың “жаппай сынап-мінеушілігі” олардың жершіл популизміне қосыла келгенде, заң шығару қызметінің дәрменсіздігіне әкеліп соққан болатын. Мынадай қағида: барлығын билеп-төстейміз, бірақ ешнәрсе үшін жауап бермейміз деген қағида ұсталынды.

Ал қазіргі Конституцияда қарастырылған Парламенттің құрылымы заң жобаларын мұқият, сапалы және жан-жақты талқылап, сапалы заңдар қабылдау қажеттігіне негізделген. Оларда мемлекеттік мүдделер негізге алынып, түрлі әлеуметтік топтар мен аймақтардың мүдделері үйлестірілуге тиіс. Бұл орайда біздің күткен үмітіміз қазірдің өзінде ақтала бастағанын айту керек. Елдің жаңа Парламентінің алғашқы сессиясының жемісті нәтижелері — осының көрнекі дәлелі.

Конституцияның Үкіметтің статусы мен оның өкілеттіктерін белгілеуге жаңа көзқарастар тағайындағаны да маңызды. Бұдан былай Үкімет “дербес жүзу” жағдайында болады, демек атқарушы органдар жүйесін басқара отырып, олардың

қызметіне жетекшілік жасап және басқарушылық шешімдерді дербес қабылдай отырып, экономика мен әлеуметтік саладағы істің жағдайына толық жауап береді.

Жоспарлы-бөлуші экономикадан нарықтық экономикаға көшу — едәуір әлеуметтік жетімсіздіктерге байланысты болатын күрделі әрі ауыртпалықты процесс. Сондықтан Үкіметтің және одан төменгі атқарушы органдардың міндеті ел экономикасын нарықтық дамудың жолына жедел көшіруді қамтамасыз ету және, түптеп келгенде, республиканың халқы әлеуметтік-экономикалық реформалардың оңды нәтижелерін тезірек сезінуі үшін қолдан келгеннің бәрін жасау болып табылады. Осыған байланысты Үкіметтің алдында бір-бірінен ажырағысыз екі міндет тұр. Бір жағынан, меншік иелерінің қуатты табын құруға қажетті бүкіл нарықтық инфрақұрылым мен шарттарды қалыптастыруды мейлінше жеделдету қажет. Екінші жағынан — реформалардың елеулі әлеуметтік олқылықтарына жол бермеу үшін алдынала шаралар қолдану, әлеуметтік процестерге бірдей көңіл бөлу, ықтимал әлеуметтік жанжалдарды болдырмау міндеті тұр.

Атқарушы өкіметтің рөлі туралы айтқанда, мемлекеттің экономикалық саясатын ұмыт қалдыруға болмайды. Бұл тұрғыдан алғанда оның аса маңызды міндеті — кәсіпкерлік бастамаға толық еркіндік беру, өзіміз жүргізіп жатқан реформалардың табысты болуының міндетті шарты ретінде Қазақстандағы жекеменшікті дамытуға көмектесу. Бұл орайда меншік қатынастарын дамыту жекешелендірусіз және кәсіпкерлік қызмет үшін қалыпты жағдайларды қамтамасыз етпейінше мүмкін емес.

Қазір жекешелендіруде жіберілген қателіктер кәдімгідей қатты сынға алынуда. Алайда жекешелендіру процесінің өзі қажеттілік екенін жоққа шығаруға болмайды. Кезінде өркениетті елдердің барлығы осы бір күрделі, өте ауыртпалықты процестен өткен болатын. Алайда оның түпкілікті нәтижесі мемлекет меншігінен тиімді түрде алу және кәсіпорындарды жекешелендіру болып шыққан-ды. Олардың бәріне де дәл біздегідей қиын болды, бірақ олар бұл қиындықтан абыроймен шыға білді. Ал біз үшін проблеманың бүкіл мәнісі — жекешелендіруге біздің кеңестен кейінгі, социалистік қоғамнан кейінгі кезеңнің жағдайында кіріскенімізде болып отыр. Оның халқының негізгі бөлігі болып жатқан процесті түсініп, қабылдағанымен, түптеп келгенде, мемлекеттік меншікті сатып ала алмады, сондай-ақ инвесторлардың міндетін де атқара алмады, бұған шамасы келмеді. Сондықтан проблемалар болды және бола береді. Алайда жекешелендіру тоқтамайтын процесс, өйткені ол мақсат қана емес, шаруашылық жүргізудің тиімді нысандарын орнықтырудың тәсілі. Оның жүзеге аспай қоймасы әлдекімнің еркіне байланысты емес, өйткені ол көп реттерде өзіміздің Конституциямызда негізі салынған нормаларды жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі.

Әрине, әрбір жаңа істе болатыны сияқты, мұнда да кемшіліктер, тіпті, тікелей заңды бұзушылықтар да бар екені басқа мәселе. Алайда тәртіп орнатқан кезде тек жоғары тұрған мемлекеттік органдарға ғана сүйеніп қоймау керек. Қазірдің өзінде соттардың құқық қорғаушылық әлуетін толық күшінде іске қосу қажет. Бұл жекешелендіруді заңға қатаң сәйкес жүргізуге, осы орайда қоғамның және мем-

лекеттің мүдделерін толығырақ ескеруге мүмкіндік береді.

Қазақстанда құқықтық мемлекет орнату процесі енді ғана күш алып келеді, сондықтан біз үшін сот-құқық жүйесінің тиімділігін қамтамасыз ету — экономикалық проблемаларды шешуден маңыздылығы кем емес міндет.

Кеңес өкіметі жылдарындағы соттардың жұмыс тәжірибесі және Қазақстанның тәуелсіз дамуының алғашқы жылдарындағы олардың қызметінің инерциялық сипаты мен бізге мұра болып қалған ескі сот жүйесі соттардың құқық қорғау жөніндегі міндетін жүзеге асыруға көмектесе алған жоқ. Бұл аз десеніз, олар меншікті қатынастардың дамуы онсыз мүлде мүмкін емес кәсіпкерлік бастаманың қол-аяғын тұсады. Әділетті сот қызметінің өркениетті жүйесі мен шын мәнінде тәуелсіз судьялардың болмауы заңдардың орындалмауын туындатып, ондай жәйттерді көбейтті.

Мұның бәрі сот жүйесін батыл реформалау қажеттілігіне алып келді. Бұл біздің жаңа Конституцияда да қаралған. Шын мәнінде тәуелсіз әрі шешім қабылдауда объективті, шенеуніктердің үстемдігінен азат, жемқорлыққа салынбаған сотты құру үшін біз сот реформасын жүргізіп отырмыз. Конституцияға сәйкес жалпы және төрелік соттар жүйелері біріктірілді, соттар мен судьялардың әділетті үкім шығаруға құқықтық кепілдіктерін нығайтқан статусы заңды түрде белгіленді. Судьялар корпусын аттестациядан өткізуге де тура келді, соның нәтижесінде соттар әділет атынан әрекет етуге құқығы жоқ біліксіз және ары таза емес адамдардан арылуда. Бұл аттестацияға республикада айтарлықтай жауапты және қатаң

тұрғыдан келгенін айту керек. Оны өткізу кезінде 1400-ге тарта судья аттестацияланды. Олардың ба-
сым көпшілігі өздерінің біліктілігін көрсетті. Алай-
да екі облыстық судья мен 49 қалалық және
аудандық судьялар аттестациядан өте алмады.

Сот реформасының негізгі бағыттарын бел-
гілеген жаңа Конституцияның арқасында,
құқықтық сот орындары судьялардың заңды орын-
дау кезінде тәуелсіздігін қамтамасыз етуге сенімді
құқықтық кепілдіктер алды. Бұдан былайғы жерде
судьялардың қызметіне араласуға жол берілмейді,
олардың ісіне қол сұғуға болмайды, олар нақты
істер бойынша есеп бермейді және тек Конститу-
ция мен Заңға ғана бағынады.

Әділетті және тура сот үкімдерін шығаруға
Конституцияда қарастырылған сот корпусын
қалыптастыру тетігі де жағдай жасайды. Мұндағы
жетекші роль мемлекет басшысына тиесілі болып
отыр. Бұл жаңартылған тетікте, сондай-ақ,
Жоғары сот кеңесі мен әділеттің білікті алқасына
да елеулі орын беріледі. Олар қазірдің өзінде
қалыптастырылып, өз жұмысына кірісті.

Құқық қорғау жүйесін, ең алдымен прокурату-
ра органдары мен тергеу аппаратын реформалау
да сот-құқық реформасының құрамдас бөлігі бол-
ды. Қазір прокуратура, мемлекеттік органдар мен
лауазымды адамдардың статусына қарамастан, өз
күш-жігерін елдегі заңдылықтың сақталуын
қадағалауға жұмылдыруда. Мұны прокуратураның,
тіпті, Үкіметтің шешімдеріне де қарсылық білдіріп
отырған назар аударарлық фактісі де айғақтайды.

Тоталитарлық мемлекет жағдайында бұл тура-
лы қиялдаудың өзі мүмкін емес болатын. Тергеу
орындары сот пен прокуратурадан бөлінді. Осы

арқылы әділеттің кеңестік жүйесі де аяқталды. Мемлекеттік тергеу комитетінің құрылуы қылмыскерлікке тиімді түрде қарсы тұра алатын жүйені орната бастауға мүмкіндік берді.

Ел Конституциясының бұрынғы Конституциялық сотты ауыстырған Конституциялық кеңес секілді мемлекеттік органды тұңғыш рет тағайындағаны — мейлінше назар аударарлық оқиға. Биліктің Президенттік нысаны жағдайларында Конституциялық кеңес конституциялық заңдылықты қорғауға арналған органның неғұрлым оңтайлы үлгісі болып табылады. Ол қабылданатын заңдардың Конституцияға сәйкестігіне конституциялық бақылау жасалуын қамтамасыз етіп қана қоймай, елде қабылданатын заң актілерінің сапасына кепілдік беретін өзіндік қосымша сүзгі қызметін де атқаруға тиіс. Бұл орайда ол саяси дау-дамайлардан шет тұрады. Конституциялық кеңес өзіне жүктелген конституциялық құқықтар мен еркіндіктерді қорғаушы қызметін атқара алады деп сенемін.

Жаңа Конституцияда азаматтардың бұрынғы конституциялық құқықтары мен бостандықтарының бос, оларды жариялаудың нақты практикасымен қамтамасыз етілмеген классификациясынан бас тартылатыны анық тұжырымдалған. Мысалы, оның 24-бабы еңбек ету құқығын емес, “еңбек еркіндігі, кәсіп пен қызмет түрін еркін таңдау” құқығын белгілейді. Бұдан былай мәжбүр түрде жұмыс істеуге жол берілмейді. Денсаулық сақтау мен білім беру мәселелерінде, осы салаларда жана нарықтық қатынастарға жету жолына кедергі болған, өзін-өзі ақтамаған мемлекеттік патернализм практикасы да келмеске кетеді.

Басқаша айтқанда, Конституция осы заманғы нарықтық экономиканың принциптеріне сәйкес, азаматтардың конституциялық құқықтарының, еркіндіктері мен міндеттерінің мәнісі мен мазмұнын қалыптастырады. Олар әрбір жеке адамның сан алуан мүдделерін қанағаттандыру мүмкіндігін оның өз еңбек қызметінің барысындағы нақты үлесіне (нәтижесіне) тәуелді етеді. Ал тегін әлеуметтік қызметтердің қажетті төменгі шегіне мемлекет кепілдік береді.

Жаңа Конституцияның елеулі бір жетістігі — жергілікті маңызы бар мәселелерді халықтың өзі дербес шеше алуын қамтамасыз етуге бағытталған жергілікті өзін-өзі басқару институтын тану болып табылады. Бұл конституциялық ереженің мәнісін адамның нақты тыныс-тіршілігі нақ қаланың, ауданның, селоның, ауылдың өзінде өтетінінен іздеу керек. Адамдар нақ аталған жерлерде өмір сүріп, күнделікті еңбек етеді, өздерінің өмірлік проблемаларын шешеді. Сондықтан әрбір азамат заңды түрде материалдық-заттық мазмұнмен толықтырылуға тиісті жергілікті өзін-өзі басқару шеңберінде өзінің өмірлік жоспарлары мен ойларын жүзеге асыруға, азаматтық бастамасын көрсетуге мүмкіндік алуға тиіс.

Қымбатты достар! Қазақстанда жаңа Конституция қабылданғанына дәл бір жыл өтті. Тарих ауқымынан қарағанда бұл қас-қағымдай ғана уақыт, алайда республиканың бүгінгі күнінің замандастары мен ертеңгі күнінің жасампаздары болып табылатын біздер үшін ол негізгі заңның қандайлық тиімділікпен өмірге енгізіліп жатқаны туралы кейбір пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.

Өткен жылы конституциялық қағидалар мен ережелерді жүзеге асыру жөнінде елеулі жұмыс жүргізілгенімен, Конституцияда негізделген ұланғайыр жасампаздық мүмкіндіктер әлі де нашар жұмыс істейтінін атап өтуге тиіспін. Өкінішке қарай, көптеген мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар, оның ішінде соттар мен құқық қорғау органдары әлі күнге дейін Конституцияның мәнісін түсіндіру үшін күллі қажетті, ал ең бастысы, оның ережелерін барлық азаматтардың орындауы үшін қажетті шараларды атқарған жоқ. Атқарушылар үшін ең алдымен тікелей жоғары тұрған басқару субъектісі актісінің, ал жалпы нормативтік көздердің ішінде — өз ведомствосы актісінің нормативтік маңызы болатынын іс барысы көрсетіп отыр. Ең дұрыс деген жағдайда олар өз әрекетін нақты нормалар көрсетілген ағымдағы заңмен өлшеп пайымдайды. Сондықтан Конституцияны бүкіл азаматтардың, әсіресе өкімет органдарының қатаң орындауын қадағалау тапсырылған органдардың қатаңдығы мен ықтимал қатыгездігі — мемлекетте тәртіп пен реттілік орнатудың қажетті шарты.

Алайда қалын жұртшылықтың санасында да Конституцияның біздің өміріміздегі ролі мен орнын дұрыс түсіну әлі жете қалыптасып болған жоқ. Демократияға және құқықтық мемлекетке өту құқық қолданушының осындай психологиясын түбірінен өзгертуді талап етеді. Ол өзінің барлық іс-қимылын елдің жоғары заңымен үздіксіз салыстырып отыруды, ал қажетті жағдайларда оны тікелей қолдануды үйренуге тиіс. Қысқасы, біз жақсы заңдар жазу мен қолдануды үйрендік, алайда әлі күнге дейін оларды орындауды байыптап

үйрене алған жоқпыз. Адамдар өздерінің құқықтарын бұзған кезде ғана заңға жүгінетіні мәлім. Ал заңды өздерінің бұзатын-бұзбайтыны туралы ойламайды. Бірақ, заңды бұзатын адам, өзінің де осындай заң бұзушылықтың құрбаны болуы мүмкін екенін ешқашан естен шығармауға тиіс. Заң шығаруды тез әрі ауқымды түрде дамыту жағдайларында, барлық құқықтық актілерді жүзеге асыру ерекше көкейтестілікке ие болады.

Біз әлі құқықтық нигилизмнен арыла алған жоқпыз. Ал мұның өзі министрліктер мен ведомстволардан бастап барлық деңгейлерде осылай болып отыр. Олар өздерінің жұмысын қайта құрған жоқ, соның нәтижесінде Президенттің көптеген жарлықтары мен Үкімет қаулыларының орындалуы да мүлдем баяу. Кейде адам өзінің азаматтық мүдделерін қуатты заңдар мен тәуелсіз сот қорғайтынын, мемлекет үшін барлық адамдардың заң алдында нақты теңдігін қамтамасыз ету міндеті қойылғанын толық сезінбей шенеунікке алданып қалады. “Еркін болу үшін, заңға бағыну керек” деген ежелгі даналық қандай әділетті десеңізші.

Азаматты Президент те емес, әкім де, немесе министр де емес, сот қорғауға тиіс. Сотқа оған келген адамның абройына дақ түсетін орган деп қарайтын көзқарастан түбегейлі арылу керек. Бұдан былай сот — әрбір азаматтың құқығын қорғайтын орган. Сондықтан судьяға қойылар талап та мейлінше жоғары.

Ел азаматтарының заңдарды білуі және оларды мемлекеттік құрылымдардың қатаң орындауы мен лауазымды адамдардың бір кезде бізде болған билік жүйесіндегі бірыңғай ойлаушылық пен дүни-

етанымдағы альтернативсіздікке оралуының мән-мәнісі бірдей ме?

Бұлай деп қауіптенуге ешқандай да негіз жоқ. Дүние жүзілік қоғамдастық жинақтаған тәжірибе айғақтайтынындай, мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасында келіспеушілік болып келген, болып келеді және бола беретіні даусыз. Бұл әлемнің барлық елдерінде бар құбылыс. Барлық мәселе осы қарама-қайшылықтардың мәнісі мен оларды шешудің тетігінде жатыр. Егер барлық мәселе құқықтық негізде шешілетін және конституциялық құрылысқа қауіп төндірмейтін болса, ортақ тіл табудың қажеттігі айдан анық. Біз әртүрлі ойлаудан, кез-келген альтернативті пікірден бас тартуға құқықты емеспіз және одан өз мемлекетіміздің Конституциясы мен заңдарына сәйкес келген жағдайда, әрине, ат-тонымызды ала қашпаймыз. Әйтпеген жағдайда демократияның принциптері ғана емес, адамзат тіршілігінің қарапайым ережелері де бұзылған болар еді.

ЕЛДЕГІ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ІШКІ, СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ 1997 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ ТУРАЛЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ
ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ**

КІРІСПЕ

Қазақстан мемлекеттік тәуелсіздік алғаннан бергі бесінші жыл да аяқталып келеді. Тарих ауқымында алғанда, бұл қас-қағым сәт, уақыт жиынтығы ғана, ал мұндай уақыттың ішінде, әлбетте, мемлекеттік дамудың сапалық жағынан жаңа үлгісін қалыптастыру біршама қиын. Тегінде, баяулық қоғамдық процестер табиғатының өзіне тән, өйткені саяси және экономикалық құрылыстың, қоғамдық құндылықтардың, өмірлік мұраттардың алмасуы ондаған жылдарға созылады.

Алайда осынау бес жыл бұрынғы бір қалыпты тіршіліктің талай жылдарына татитын оқиғаларды бойына жинақтаған уақыт болды.

Бұрын-сонды болып көрмеген даму серпіні, бағыт-бағдардың күрт алмасуы еліміздегі істің жәй-күйін бағамдау жағынан алғанда, қоғамда кейде екі ұдайлыққа ойысатын кең пікір туғызды. Ең алдымен, еліміз бастан кешіріп отырған ұзаққа созылған экономикалық дағдарыс, халықтың көптеген топтарының тұрмыс деңгейі мен жағдайының нашарлауы, іргелі нәтижелердің жоқтығы, содан туған түңілушілік осындай келеңсіз баға беруге себепші болған еді.

Жағымды баға беру жағына келетін болсақ, мұндай баға аз, дегенмен бұл баға бір сәттік көңіл-күйге емес, керісінше, өзгерістердің қисынын түсінуге, өзімізге берілген, өлшеулі уақыттың ішінде қол жеткен нәтижелерді салыстыруға, реформалардың дәл осындай жолынан өткен өзге елдердің тәжірибесін таразылауға негізделген.

Еліміздің бүгінгі жағдайының соңғы жылдары қабылданған саяси немесе экономикалық шешімдердің нәтижесімен тіпті де өлшенбейтінін ескеруіміз керек. Қалыптасқан ахуал — қоғамдық жүйенің күйреуінің, КСРО-ның ыдырауының салдары, мемлекеттік қалыптастыруға қатысты бұдан кейінгі барлық оқиғалардың, жана мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың қорытындысы.

Сондықтан да бүгінгі болмыс шындығына осы заманғы тарихтың айнасы арқылы қарау қажет, ал оның дамуының өз қисыны бар.

Нақ солай, бір жылдың шеңберімен шектеліп, ұзақ мерзімді және орта мерзімді келешекке көз салмайынша, 1997 жылғы міндеттерді де түсіну қиын. Әрбір кезекті жыл — бар болғаны еліміздің ұзақ мерзімді саясатын іске асырудағы қысқа кезең ғана. Дамудың мәні мен дәйектілігін терең пайымдап, оны дұрыс қалыптастырған жағдайда, ағымдағы міндеттер де жетерліктей ұғынықты бола түседі.

Осыған байланысты 1997 жылға арналған саясат та, бір жағынан, өткеннің белгілері мен бейімдіктерін бойында сақтай отырып, екінші жағынан, болашақтағы саясатты іске асырудағы алғашқы қадам болады. Уақыт ұштастығы да,

олардың сабақтастығы да, даму дәнегінің өзі де, міне, осында жатыр.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 44-бабына сәйкес халқымызға Елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы жолдау арнай отырып, мен, Президент ретінде қоғамда қалыптасқан ахуалға, алдағы уақытта, әрі, ең алдымен, келесі — 1997 жылы шешуіміз қажет басты міндеттерге өз көзқарасымды баяндап отырмын.

Бұл көзқарас менің мемлекетті басқарудағы іс тәжірибемнен, сенім-нанымымнан және қалыптасқан дүниетанымымнан, әрі мемлекет басшысы ретіндегі қолымдағы ақпараттан қалыптасып отыр. Бұл — әлемнің көптеген елдерінің даму тәжірибесін, олардың тарихын зерделеуімнің, әлемдегі ортақ процестердің мәні мен серпінін өзімше пайымдауымның жемісі. Бұл — сонымен қатар, еліміздің өзім жиі болып тұратын барлық аймақтарындағы нақтылы ахуалды мұқият зерделеуімнің де нәтижесі.

Әрине, бүгінгі және ертеңгі күнді парықтауым үшін менің елімізде, сондай-ақ шетелдерде саяси қайраткерлерден бастап, қатардағы азаматтарға дейін жеке кездесуімнің зор маңызы болғанын және болып отырғанын айтуым керек.

Жолдаумен танысқандардың бәрінің бірдей оның қағидаларымен толығынан келісе бермеуі де мүмкін. Елдің қалыптасуы, әлемдік процестердің дамуы тұрғысынан алғандағы маңызды дүние кейбір адамға онша мәнді көрінбеуі де, немесе екінші кезектегі мәселе ретінде ғана көрінуі

ықтимал. Мұның өзі түсінікті әрі әбден табиғи нәрсе.

Алайда әрбір парасатты азаматтың өзінің Жолдауға берген бағасының қандай екеніне қарамастан, өз айқындамасын мемлекет басшысының айқындамасымен салыстыра келіп, елдегі алдағы болатын өзгерістердің ортасынан өз орнын анықтап алғаны абзал болар еді. Мұны адамның жеке өзінің, тіпті қара басының кәдімгі пендешілік мүддесін көздей отырып ескергені жөн, өйткені қоғамның жылжу бағытын дұрыс аңдай отырып, жеке өзінің бағдарынды, әуелгі қажет ісінді анықтап алу оңай.

Ал мемлекеттік қызметте жүрген адамдарға осы Жолдау оның бағдаршысы, өз жұмысында алдағы уақытта басшылыққа алар ақылшысы болуға тиіс.

Саясаттың бір жыл ішіндегі бүкіл аясын тұжырымдау мемлекеттік бюджеттен өзінің сомдалған көрінісін табады десем, мені түсінеді деп ойлаймын.

Осыған байланысты келесі жылдың бюджеті, сонымен қатар, өткеннің белгілі бір себеп-салдары мен бейімділіктерін бейнелейтін әрі келелі саясатты іске асыруымыз үшін алдағы уақытта қолданар шараларымызды айғақтайтын болады. Бюджетте сонымен бірге осы Жолдауда баяндалған даму басымдылықтарын іске асыру қарастырылуға тиіс.

Үкімет пен Парламент үшін бұлар келесі жылдың бюджетін әзірлеп, бекіткен, әрі басқа да заңдар мен нормативтік актілерді қабылдаған кезде тікелей саяси нұсқау болуға тиіс.

I БӨЛІМ

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ БЕС ЖЫЛ

Қазақстан — әлемдік қоғамдастықтың
толық құқықты мүшесі

Өткен бес жылдағы, әсіресе оның бастапқы кезеңіндегі сыртқы саясат мемлекеттердің тоталитарлық жүйеден кейінгі дамуының объективті факторларының ықпалымен қалыптасты. Халықаралық ауқымда танылмайынша, әлемдік қоғамдастық тарапынан қауіпсіздік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымайтынына кепілдік алмайынша, мемлекеттіліктің қалыптасуы, егемендік, экономикалық реформалар, әлеуметтік саланы дамыту туралы әңгіме қозғау құрғақ сөз болып қана қалар еді.

Қазақстанды тәуелсіз мемлекет ретінде орнықтыру, ішкі проблемаларға жұмылу мүмкіндігін алу үшін әлемдегі өз орнымызды табу, бүкіл әлемдік қоғамдастық таныған ел болу талап етілді.

КСРО-ның ыдырауы, тұтас бір қоғамдық-саяси жүйенің жоқ болып кетуі, ғасырымыздың басты оқиғаларының бірі болғаны рас. Осы құбылыстың салдарынан әлемдік дамудың барысы түбірінен өзгерді, мұның өзі әлі де ұзақ уақыт бойы әлемдегі күштердің орналасуы мен халықаралық қатынастардың дамуына ықпал ете беретін болады.

Астам державалар бастаған екі жүйенің қасарысқан қарсы тұруының орнына көп рәуішті дүние келді.

Географиялық жағынан алғанда біздің еліміз

аса ықпалды үш геосаяси орталықтардың: Ресейдің, Қытайдың және мұсылман әлемінің ортасында тұр. Оған қоса, Еуропа мен Азияның түйіскен тұсында орналасқан Қазақстан географиялық жағынан неғұрлым шалғай жатқан орталықтардың да ықпалын сезініп отыр.

Мұның өзі көп жағдайда еліміздің сыртқы саясатының мазмұнын айқындап келді және келешекте де айқындай беретін болады.

Сонымен қатар мұндай жағдай елімізге шын мәніндегі стратегиялық артықшылықтар береді, оларды іске асыру Қазақстанның дамуына ғана емес, тіпті күллі Еуразия құрлығында оңтайлы ахуалдың қалыптасуына жәрдемдесуі мүмкін.

Қазақстанның дербес дамуының бастапқы кезеңіндегі сыртқы саяси қызметінің басты қорытындылары қандай?

Қазақстан БҰҰ-ның толық құқылы мүшесі болды. Бұл фактінің маңызына баға жеткісіз: біз халықаралық құқықтың негіз қалаушы принциптеріне ықыласты екенімізді қуаттап қана қойған жоқпыз, ғаламдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі негізгі жұмысты өзіне жүктеген осы аса ықпалды халықаралық ұйымның өзіндік бір қорғауына алындық.

Қазақстанның Хельсинки процесіне қосылуы, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның жұмысына қатысуы қауіпсіздік пен сенім шараларының дамыған инфрақұрылымына кірігуге, жас мемлекеттің егемендігін едәуір нығайтуға мүмкіндік берді.

Қазақстанның СШҚ-1 Шарты мен Ядролық

қаруды таратпау туралы шартқа қосылуы әлемдік маңызы бар оқиға болды. Мұның өзі, сайып келгенде, бізге Қазақстанның қауіпсіздігінің кепілдіктерін едәуір күшейтуге мүмкіндік берді. 1994—1995 жылдардың ішінде барлық ядролық державалар — Ұлыбритания, АҚШ, Ресей, ҚХР мен Франция Қазақстанға қауіпсіздіктің бірлескен және жан-жақты кепілдіктерін берді.

Көршілерімізбен өзара қарым-қатынастарымызды дамытуға айырықша мән бере отырып, Қазақстан ТМД және Орталық Азия одағын құру мен нығайтудың бастамашыларының бірі болды, біздің елдеріміздің интеграциялық әлеуетін, мемлекеттер арасындағы сенім мен достық ахуалының нығаюы үшін дәйекті іс-қимыл жасады.

Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан және Ресей арасындағы интеграцияны тереңдету жөніндегі “4 + n” Шартын ерекше атап өту қажет, ол Достастықтың дамуының жана кезеңге шыққанын бейнелейді, сол арқылы интеграциялық процестерді сан-салалы тереңдету мүмкіндігін паш етеді. Мұның Еуразиялық одақтың құрылуына серпін берері де күмәнсіз. Еуразия идеясының қарсыластары болып келгеніне және күні бүгінге дейін болып отырғанына қарамастан, әлемдік саяси және экономикалық процестер дамуының объективті бейімділіктеріне орай оның да іске асары сөзсіз.

Ресеймен арадағы қарым-қатынастарда біздің мемлекетіміз тарихи қалыптасқан сан алуан байланыстардың бәрін де мүмкіндігінше сақтап қала білді, сондай-ақ Достық, ынтымақтастық және өзара көмек жөнінде тең құқылы шарт жасасып, онда егемендік пен тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты,

қазіргі шекаралардың мызғымастығын өзара құрметтеу принципі заң жүзінде дәйектелді.

ҚХР-мен арада 1994 жылы қол қойылған Қазақстан-Қытай шекараларының өту тұстары туралы мәселелерді реттеу жөніндегі келісімнің Қазақстан үшін маңызы өлшеусіз. Бес мемлекеттің арасында (Қазақстан, Қытай, Ресей, Тәжікстан, Қырғызстан) биылғы жылғы сәуір айында Шанхайда қол қойылған Шекара ауданындағы әскери саладағы сенім шаралары туралы бұрын-соңды жасалып көрмеген шарт орасан зор географиялық кеңістікте тұрақтылықты нығайту үшін берік алғышарттар жасайды әрі Қазақстанның қауіпсіздігі мүдделеріне қызмет етеді.

Біз Экономикалық Ұнтымақтастық Ұйымының жұмысына қатысуымызға, бізбен достас түрік тілдес елдермен әріптестігімізді дамытуға үлкен мән береміз.

1995 жылдың желтоқсанында Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымының толық құқылы мүшесі болды, мұның өзі сөз жоқ, экономикалық дамудың отарлаудан кейінгі аса құнды тәжірибесіне ие болған және ірі инвестициялық мүмкіндіктері бар мұсылман әлемімен біздің өзара қарым-қатынастарымызды нығайта түседі.

Күллі Азия құрылығында тұрақтылықты нығайтуға ұмтыла отырып, Қазақстан Азиядағы өзара іс-қимыл мен сенім шаралары туралы кеңес шақырудың бастамашысы болды, бұл кеңес әлемнің орасан зор аймағындағы алдын-ала сақтық жасау дипломатиясының әмбебап институты болуды өз алдына мақсат етіп қояды.

АҚШ-пен, Еуропа мен Азияның жетекші елдерімен қарым-қатынасымыз ойдағыдай дамып келеді.

Осылайша, тарихи өлшемдер бойынша қысқа кезеңнің ішінде сыртқы саясаттағы күш-жігеріміздің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндет орындалды — біздің шекарамыздың өн бойында берік халықаралық-құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасын әлемнің 117 мемлекеті таныды, олардың 105-імен дипломатиялық қатынастар орнатылды. Шетелде Қазақстанның 26 елшілігі ашылды. Алматыда шет елдердің 40 елшілігі мен миссиясы, халықаралық және ұлттық ұйымдардың 16 өкілдігі жұмыс істейді. Мемлекетаралық және үкіметаралық 800-ден астам Шарттар мен Келісімдер жасалды.

Қазақстан егеменді және тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты және әлемдік қоғамдастықтың толық құқықты мүшесі, оның ажырағысыз бөлігі болды деп тұжырым жасауға болады.

Мемлекеттілікті нығайту — тұрақтылық пен прогрестің басты факторы

Бұл кезеңде еліміз үшін мемлекеттік құрылыс мәселелерінің бірінші дәрежелі маңызы болды.

КСРО ыдырағаннан кейін біз мемлекеттілігімізді құруды ескі Конституция мен одақтық заңдардың негізінде бастауға мәжбүр болдық, олар болса, бұрынғы жүйенің принциптерін бейнелей отырып, жаңа болмыс шындығына мүлде үйлес-

пейтін әрі мемлекеттік құрылыстың құқықтық негізі бола алмайтын еді.

Осыған орай, онша жетік болмағанмен, дербес заң актілерінің алғашқы буынын қалыптастыру мен егемен Қазақстанның тұңғыш Конституциясын қабылдау жолында ерекше күш-жігер жұмсалды.

Алайда, уақыт өте келе, сол кезде іргесі қаланған билік жүйесінің үздіксіз туындап отырған проблемаларға, әсіресе экономика проблемаларына әлінің келмейтіні айқын біліне бастады. Экономикалық өміріміз процестеріне жіті үн қатып, басқаруға қабілетті атқарушы өкіметті едәуір күшейте түсудің объективті қажеттігі пайда болды.

Мұның үстіне мемлекеттік құрылыстың үлгісіне әуел бастан-ақ басқарудың жаңа, президенттік нысаны мен бойындағы бұрынғы кінәраттардың баршасын жаңа мемлекетке мұра етіп қалдырған ескі кеңестер жүйесінің арасындағы терең және еңсерілмейтін қарама-қайшылық орын алғаны түсінікті бола бастады.

Бұл тек Қазақстанның ғана проблемасы емес еді. Онымен белгілі бір дәрежеде, белгілі бір кезеңде әрқайсысы өзінше шеше отырып, ТМД-ның барлық мемлекеттері ұшырасты.

Оны біз де шештік, алайда бейбіт жолмен — жаңа Конституция қабылдау және Президенттің өкілеттігі мерзімін ұзарту жөніндегі бүкілхалықтық референдумдар өткізу жолымен шештік.

Сөйтіп, елде күшті мемлекеттік өкіметтің тұрлаулы әрі сабақтас институты құрылды, мұның өзі күллі ішкі саяси процестерді тұрақтандыруға және күш-жігерді неғұрлым күрделі учаскелерге

— экономикалық реформа мен оны заң жағынан қамтамасыз етуге шоғырландыруға мүмкіндік берді. Соңғы бір жарым жыл тандап алған бағытымыздың тиімді екенін айқын қуаттап берді. Азаматтық кодекс, жаңа Салық кодексі, жер, мұнай, ипотека, мемлекеттік қызмет туралы заңдар және тағы басқалары — реформаларды сеніммен ілгері бастыруға мүмкіндік беретін іргелі экономикалық заңдардың толық емес тізбесі, міне, осындай.

Бір жылдың ішінде елімізде жаңа Ата Заңның арқасында жаңа мемлекеттіліктің іргелі негіздері қаланды, қоғамдық дамуды реттеп және бағыттап отыруға қабілетті біртұтас мемлекеттік өкімет қалыптасты деп тұжырым жасауға болады.

Қоғамның рухани өміріне, оның әлеуметтік көңіл-күйіне, ұлттық сананың түлеуіне байланысты салаларда да біршама күрделі процестер жүріп жатты.

Біздің бәріміз бейбіт өмірдің, тұрлаулылық пен тұрақтылықтың қаншалықты нәзік екенін айқын сезіне отырып, адамдардың жан-жүрегінің этностық астамшылық, жүгенсіздік, төзімсіздік пен ымырасыздық уытына шалдығуына жол бермедік.

Идеологиялық монополия мен өзгеше ой толғауды тұмшалау тетіктерін серпіп тастау, қоғамдық санаға плюрализм, сөз бостандығы принциптерін сіңіру халықтың саяси және рухани қуатының орасан зор күшпен бұлқынып шығуына жағдай жасады.

Өкінішке қарай, бұл процесс алғашқы кезде әрдайым сындарлы арнаға бағыттталып отырмады:

оны өркениетті жолға салуға қабілетті мемлекеттік және қоғамдық тиісті тетіктер болмаған еді.

Кей-кейде саяси өмір мен ұлтаралық қатынастар салаларында да проблемалар туындап отырды. Бірақ көп ретте қазақстандықтардың байыптылығы мен байсалдылығының, мемлекет тарапынан көрсетілген саяси ерік-жігердің, барлық қоғамдық-саяси күштермен арада білгірлікпен жолға қойылған пікірлесудің нәтижесінде елімізде егесуге жол бермей, тепе-теңдік пен тұрақтылықты сақтап қала білдік.

Бұл сабақтарды жақсылап бойға сіңіру керек әрі кез келген ілгері дамудың басты шарты мен бастау алар нүктесі саяси және ұлтаралық тұрақтылық екенін есте ұстау керек. Бұл — іргелі негіздер, оны шайқалту әрекеттерінің алдын алып отыру керек және мұндайға қатаң ескерту жасалуға әрі тыйым салынуға тиіс.

Бүгінгі таңда адамды оның дамуы үшін материалдық қана емес, рухани көтермелеу қай кездегіден де маңызды. Адам өз алдына биік адамгершілік мұраттар қойған кезде, жаңа жағдайларға жақсырақ бейімделеді. Біз мәдениетті дамыту, қоғамның рухани ұстындарын нығайту жөніндегі негізгі қамқорлықты мемлекет өз мойнына алуға тиіс деген қағидаға сүйенеміз. Адамгершілік арқауы ескі идеологиялық жүйенің күйреуіне, қоғамдық формацияның ауысуының салдарынан құндылықтарды қайта парықтауға байланысты бо-саңсыған тұста біздің мәдениет органдарының адамдардың бойына асқақ ой-ниет нәрін сіңіруге, жас ұрпақты халықтың, бүкіл әлемдік өркениеттің сан ғасырлық рухани және мәдени мұрасының

қазыналарынан сусындата білуге қабілетті болуының маңызы ерекше зор.

Бір зайырлы, демократиялық, құқықтық және әлемге ашық мемлекет құрудамыз. Бұл принциптер біздің Конституциямызда баянды етілген.

Мемлекетті діннен бөле отырып, біз конфессиялар мен діни наным бостандығын шектегелі отырған жоқпыз. Діндердің көпшілігіне тән қуатты рухани негіз, ешқашан құнын жоймайтын ізгілік қазыналары, нақ сол сияқты конфессиялар арасындағы өзара құрметтеушілік қарым-қатынастар қолдау көрсетуге лайық.

Адамдардың имандылығына, жан саулығына және ақыл-есіне қатерлі діни тайталас оқиғалары, сектанттық уағыз, фанатизм мен төзімсіздік белгілерінің көрініс беруі, заң бұзушылық — осының бәрін де мемлекет үзілді-кесілді тыйып тастап отыратын болады.

Бізде саяси плюрализмге де тыйым салынбаған. Әркім өзінің жанына жақын саяси мұраттарды ұстануға ерікті. Республикадағы саяси алуан түрлілік ауқымының өзі де қазір мейлінше кең. Сөз және баспасөз бостандығы, соның ішінде сынау құқығы да заң жүзінде бекітілген.

Алайда, мұндай бостандық аумақтық тұтастықты, мемлекеттілік негіздерінің іргесін бұзуға, халық топтары арасында алауыздықты тұтандыруға бағытталуы мүмкін деген сөз емес. Бұл, сондай-ақ баспасөз бостандығын қандай да бір адамға жала жабу, моральдық жағынан қысым жасау мақсатында ешбір жауапсыздықпен пайдалануға болады деген де сөз емес. Мұның бәрі де мемлекеттіліктің конституциялық негіздеріне, азаматтар-

дың құқықтары мен бостандықтарына қол сұғатын, заң жолымен қудаланатын құбылыстар.

Тағы бір маңызды тақырыпқа тоқталайын. Азаматтардың бәрін бірдей өз мемлекетін сыйлауға мәжбүр ету мүмкін емес, алайда көптеген елдерде — мұның өзі моральдық, ал кейде заңдық та норма болып табылады.

Ал бізде көптеген адамдар әлі күнге дейін мемлекетті бұрынғы, тоталитарлық мемлекет деп түсінеді. Көптеген адамдар бәз-баяғыша оны бірден-бір қамқоршысына балап, ескі әдеті бойынша өз проблемалары үшін бар кінәні мемлекетке аударады.

Патриотизмнің, мемлекеттіліктің негіздеріне, өз еліне деген құрметтің жоқтығы қоғамның ілгерілеу мүмкіндіктеріне соққы болып тиіп, сайып келгенде, таяқтың екінші ұшы айналып келіп адамның өзін ұратынын әрдайым есте ұстау керек.

Бұл мәселелер тіпті де екінші кезектегі мәселелер емес. Патриотизмге, азаматтыққа тәрбиелемей, әсіресе жаңа ұрпаққа осындай тәрбие бермей, қоғамның бұдан әрі дамуының маңызды факторларының бірі — оны топтастыруға қол жеткізу мүмкін емес. Азаматтық келісім негізінде әрдайым мемлекет пен халықтың, мемлекет пен жеке сектордың бірлігі тұрып келді. Нақ осының арқасында көптеген елдер дағдарыс пен жоқшылықты еңсере білді.

Әлбетте, сенім екі жақты болуға тиіс. Соның ішінде мемлекет тарапынан сенім көрсетілуге тиіс. Біз осыған қол жеткіздік деп айтуға, өкінішімізге қарай, әзірге болмайды. Осыған бөгет болып отырған басты нәрсе — азаматтардың алдындағы,

әрі, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық саладағы өзіміздің тікелей міндеттемелерімізді орындамауымыз немесе уақтылы орындамауымыз.

Бірақ осындай жағдайдың өзінде бюджет пен бюджеттен тыс қорлардан жалақы мен зейнетақыны уақтылы төлемеу практикасы мүлде төзгісіз нәрсе. Адамдардың басым көпшілігі үшін — бұл бүгінгі күннің басты проблемасы. Әлбетте, оны шешу Үкіметтің негізгі басым міндеті болуға тиіс. Мұның өзі бүгінгі таңда мемлекет саясатының іргелі мәселесі.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕФОРМАЛАРДЫҢ БАРЫСЫ

Экономика бүкіл қоғамның назарында тұр, жалпы алғанда, мұның өзі, түсінікті де. Адамдардың өмірі, әлеуметтік сала, мемлекеттің өзінің қуаты — осының баршасы экономиканың жәйкүйіне, оның реформалану дәрежесіне байланысты.

Сыртқы және ішкі саяси қызметтің нәтижелерімен салыстырғанда, жұмыстың осы учаскесіндегі істің жәйі әзірге неғұрлым осал күйінде қалып отыр. Бірқатар тұтас бағыттар бойынша қол жеткен сындарлы экономикалық көрсеткіштерге қарамастан, азаматтардың көпшілігі әзірге өзгерістердің нәтижелерін нақтылы сезіне алған жоқ. Осының өзі реформаларға деген жақтырмаушылық сезімін туғызып, мемлекетке деген сенімге нұқсан келтіріп отыр.

Соған қарамастан, істің шынайы жағдайын түсіну керек, бүгінгі ахуалдың қалай және неліктен осылайша қалыптасып отырғанын білу

қажет. Көңіл күйдің жетегінде кетпей, дәл әрі байсалды баға бере білуімізге көп нәрсе байланысты. Ең алдымен, өзіміздің бұдан былайғы экономикалық саясатымызды саралап жасау осыған байланысты.

Осы жылдардың өн бойында экономикамыз 70-жылдардың басынан бері қарай тиімсіздік қыспағында болып келген бұрынғы экономикалық жүйе туғызған дағдарыстан арыла алған жоқ.

Бұл жаппай дағдарыс еді, оның зардаптарын біз әлі ұзақ уақыт бойы — негізгі капитал ауыспайынша, адамдардың психологиясы өзгермейінше, сезіне беретін боламыз.

Дағдарысты ахуалдың шиеленісуіне Қазақстан экономикасының шикізат беруге ғана мамандануы, оның басқа мемлекеттердің экономикасымен өзара астасып жатуы да салқынын тигізді. КСРО-ның ыдырауы, экономикалық оқшауланған аймақтардың құрылуы дәстүрлі тауар өткізу мен сатып алу нарықтарын қайта қарауға мәжбүр етті. Мұның өзі өндірістің құлдырау процесіне себепші болды.

Біртұтас рубль аймағы жағдайында қаражат-кредит саясатын үйлестіру әрекеттері сәтсіз аяқталды. Мемлекеттердің өз мүддесін көздеуі әрі ақша қаражатының тоқтаусыз эмиссиясы инфляцияны ырқына жіберді.

Өндірістің құлдырауы, қаржымен қолдап отырудың бұрынғы арналарының жоқтығы бюджеттің кіріс бөлігін күрт тарылтты. Соның салдарынан мемлекет өз шығыстарын күрт қысқартуды қолға алуға мәжбүр болды, мұның өзі инвестициялық және әлеуметтік салаға едәуір ықпал етті, ал осының бәрі айналып келгенде адамдардың тұрмыс

деңгейінің төмендеуіне, әрі едәуір төмендеуіне әкеліп тірегенін айту керек.

Реформалар бұрынғы экономиканың барлық кембағал тұстарын ашып берді және сауығу алдындағы сырқатты процестерді тездете түскен жеделдеткішке айналды.

Сол сияқты бойкүйездік пен байыпсыздық орын алды, экономикалық процестердің жалпы жәй-күйі мен дағдарыстың тереңдеуіне салқыны тимей қоймайтын қателіктерге жол берілді. Сөйтіп, халықты ауыр тиетін күйзелістен сақтап қалуға деген игі тілек пен ауыл шаруашылығы өнімдеріне бағаны “тежеу” әрекеті селоны терең дағдарысқа ұшыратты. Осындай жағдай бағаның төмен болуынан, соның ішінде коммуналдық қызмет бағасының төмендігінен залал шеккен энергетика саласында да орын алды.

Соған қарамастан, ахуал біртіндеп түзеліп келеді. Әділін өздеріңіз айтыңыздар. Жеті жылдан бері тұңғыш рет өндірістің құлдырауы тоқтатылды, тіпті оның біршама өсуіне қол жетті.

Инфляция 1993 жылғы 2200 процент деңгейінен 1995 жылы 60 процентке дейін (1995 жылдың желтоқсанын 1994 жылдың желтоқсанымен салғастырғанда) төмендетілді. Ал биылғы жылы оның деңгейі шамамен 30 процент болады. **Инфляцияның төмендеуі және өндіріс құлдырауының тоқтатылуы басты дағдарыстық құбылыстардың еңсеріле бастағанын білдіреді.**

Бүгінгі таңда біз молыққан тұтыну нарығына қол жеткізіп отырмыз, мұндай жағдай реформаларға дейін болған емес. Кезектер қаптап тұратын, сөрелер қаңырап бос жататын 1991 жылды еске

алатындар бүгін некен-саяқ. Ал осының бәрін өз көзімізбен көрдік қой.

Реформаға дейінгі кезеңмен салыстырғанда мемлекеттің алтын-валюта резервтері өсті, өзіміздің орнықты ұлттық валютамыз, өтімді валюталық нарығымыз бар.

Тұңғыш рет біз оңды сауда балансына шықтық, тұрлаулы төмен бюджет тапшылығына қол жеткіздік.

Алғашқы әлеуметтік нәтижелеріміз де бар. 1995 жылдан бастап орташа жалақы мен зейнетақының нақты өсуі басталды. Елімізді тұтас алғанда, соңғы 1,5 жыл ішінде орташа жалақы 3,6 есе, халықтың коммерциялық банктердегі салымдары 3,1 есе өсті.

Қысқасы, экономикалық ахуалда бетбұрыс жасалғаны айқын және ол күллі халық шаруашылығы кешеніне сындарлы серпін беретін болады. Осы ағымның маңызын есте төмендетуге болмайды.

Алайда, бұл біздің экономикадағы барлық проблемаларымыз артта қалды деген сөз емес. Өкінішке қарай, олай болмай отыр. Кәсіпорындарды реформалау көпе-көрінеу кейіндеп келеді. Салалық ведомстволар мен жергілікті өкімет орындары осы маңызды міндеттерді шешуге даяр болмай шықты.

Үкіметтің бұрынғы бағдарламасында 1994 жылдың өзінде-ақ алға қойылған мақсат — әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан мемлекетке беру жеткілікті қаражаттың болмауы себепті ұзаққа созылып кетті, ал мұның өзі кәсіпорындардың онсыз да күрделі қаржылық жағдайын мүлде қиындатып жіберді.

Төлемсіздік дағдарысы көптеген кәсіпорындарды ғана емес, тұтас салаларды жансыздандырып, созылмалы әрі жүйелі сипат алып барады.

Экономика секторында шығынмен істейтін кәсіпорындардың 40 процентінен астамының болу фактісінің өзі мұның жеке құбылыс емес, қалыпты жағдайға айналғанын айғақтаса керек. Кәсіпорындар мен ұйымдарды, коммуналдық саланы қысқы жағдайда жұмыс істеуге қанағаттанғысыз әзірлеу айықпас кемшілігімізге айналды.

Бюджет саясатында да кемшін көп. Бюджеттік болжамдардың сапасы ойлағандағыдан әлдеқайда нашар. Бюджет кірісінің деңгейі мүлде төмен, салық пен кеден алымдарын, бюджеттен тыс қорларға, ең алдымен Зейнетақы қорына қаражат жинау жөніндегі жұмыстың жолға қойылуы босаң. Қоғамның дертті проблемасына айналған жұмыссыздықтың өсуі де қатты алаңдатады.

Мұның өзі экономикадағы жағдайдың, соңғы жылдардағы айқын табыстарына қарамастан, әлі өте күрделі күйде екенін және жетерліктей деңгейде тұрақты бола алмай тұрғанын, көптеген дағдарыстық құбылыстардың еңсерілмей отырғанын білдіреді.

Демек, талдап жасалған бағытымыздан таймай, экономикалық ахуалды сауықтыруға қуатты серпін беруіміз қажет.

II БӨЛІМ

ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ САЯСАТТЫҢ БАҒЫТТАРЫ МЕН БАСЫМДЫҚТАРЫ

Мемлекеттік-құқықтық құрылыс
мәселелері

Мемлекеттің негіздерін қалыптастыру аяқталғаннан кейін бізге басқару тетіктерін жолға қою жөнінде тындырымды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл тетіктерді іске қосатын дәнекер тек заңдар ғана болуы керек. Олай болмаған жағдайда, демократиялық мемлекеттілік туралы сөз қозғаудың қисыны жоқ.

Қазір мемлекет жаңа Конституцияның негізінде өзінің әлеуметтік мақсат-мүратын тұтастай алғанда ойдағыдай орындап отырғанын айтуымыз керек: бір жағынан, Қазақстан қоғамында әлеуметтік-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде, екінші жағынан, мемлекеттік-құқықтық реттеу тәсілдерімен бәсекелестік орныққан нарықтық ортаны қалыптастыру үшін, құқықтар мен бостандықтардың кең ауқымына кепілдік беру жолымен, жеке адамның өзін көрсетуге деген ынталылығын туғызатын қажетті жағдайлар жасап отыр.

Әлеуметтік қайшылықтарды еңсерудің, қоғамдық мәмілеге қол жеткізудің, мемлекеттік билік тармақтарының өзара үйлесімді іс-қимылының тетіктері конституциялық деңгейде түзіліп, қызмет істей бастады. Сонымен бірге бұл тетіктер өзінің заң жүзінде баянды етілуін қажет етеді.

Қазақстанның саяси-құқықтық және басқару жүйесінің әлемдік мемлекеттік-құқықтық реттеу

әдістерімен үйлесімсіздігін түпкілікті еңсеру керек, өйткені мемлекеттік-құқықтық құрылымдар мен тетіктердің қызмет істеуінің ортақ заңдылықтары бар. Сонымен бірге тоталитарлық кезеңнен кейін құқықтық мемлекеттің нормаларына көшуді жүзеге асырып жатқан кез келген ел осы кезеңнің ортақ заңдылықтарына қарамастан, құқықтық дамудың Конституцияға негізделген және елдің ішкі ерекшеліктерін ескеретін өзіндік үлгісін жасайды.

Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құрылыстың перспективалары қазіргі кезеңде шешіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық міндеттермен тікелей байланысты. Үшінші мыңжылдықтың табалдырығында Қазақстан экономиканы түбірінен жаңарту мен қайта құру кезеңіне қадам басады. Сондықтан мемлекеттік-құқықтық тұлғада атқарушы органдарды орталықта және жергілікті жерлерде реформалау, әкімшілік-аумақтық құрылыстың неғұрлым оңайлатылған және ұтымды, демек, тиімдірек басқарылатын жүйесін жасау мәселелері айрықша маңызды. Елде инвестициялық белсенділікті күшейтіп, материалдық өндіріс пен инфрақұрылым салаларын одан әрі дәйекті жаңарту үшін оған сәйкес келетін заңдық шарттар жасау керек болады.

Халықты әлеуметтік қорғау шараларына арналған заңдар жалпы Қазақстан заңдарының маңызды бір бөлігі болып табылады. Патерналистік көзқарастар өткенде қалғанына қарамастан, мемлекеттің әлеуметтік функциясы бұрынғысынша жетекші функция ретінде қала береді. Мұны былай қойғанда, мемлекеттік саясаттың әлеуметтік жақтары, соның ішінде оның заңдық жақтары

неғұрлым жүйелі сипатқа ие болуға тиіс. Конституцияда Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады деп тегіннен-тегін жарияланып отырған жоқ.

Заң шығару жүйесінде заңдарды көбейте бермей, олардағы қайшылықтарды жою проблемасы көкейкесті күйінде қалып отыр, заңдар үйлесімді әрі Конституцияға сай болуға тиіс. Бұл проблеманы шешу құқықтың барлық салаларын қамтитын барлық заң жүйесін жетілдіре отырып, кешенді әрі жүйелі тұрғыдан келуді керек етеді. Әңгіме елдің заң шығарушы органының күш-жігерін кодекстер түріндегі кешенді, сараланған актілер қабылдауға шоғырландыру туралы болып отыр.

Заңдардың болуы ғана маңызды емес. Құқық қолдану практикасында олардың қалай іске асырылып жүргені одан бір де кем емес, бәлкім, бұдан да маңыздырақ болуы мүмкін. Сондықтан құқықты іске асыру нысандарын жетілдіру қажет.

Түптеп келгенде, заңдарды іске асырудың ұйымдық-құқықтық тетігін жасау қажет. Ал әзірге заңдардың орындалуы мемлекеттік-құқықтық тетіктегі неғұрлым осал буын болып қалып отыр. Соның салдарынан құқық қолдану қызметі процесінде заңдылық пен оңтайлылықтың көңілге қона бермейтін ара қатынасы қалыптасуда. Мұның әсіресе атқарушы органдарға қатысы бар, өйткені олар басқару практикасының ерекшеліктеріне байланысты заңдылық пен оңтайлылықтың арасын үйлестіре алмай әуреленетін болады.

Осыған байланысты әрбір заң актісін іске асырудың нормативті белгіленген тетігі болуы керек. Сондай-ақ заңға тәуелді актілер заңдардың мәні

мен мазмұнын жоққа шығармауы үшін қажетті жағдайлар жасау керек.

Зандар бір орнында тұрып қалуға тиіс емес, ол қоғамның даму ырғағына сәйкес келуі, тез өзгеріп тұратын әлеуметтік-экономикалық ахуалға ілесіп отыруы керек. Бұл міндетті жаңа заң актілерін қабылдау арқылы да, сол сияқты қолданылып жүрген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы да шешу қажет. Осыған байланысты Заң шығарушы, атап айтқанда, қолданылып жүрген барлық заңдарды екі жылдың ішінде (яғни 1997 жылдың тамызына дейін) Конституцияға сәйкес келтіру жөніндегі конституциялық талапты орындауға тиіс.

Қазіргі уақытта сапалық жағынан жаңа заңдар жасалу үстінде, олардың мазмұны азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына кепілдіктерді күшейте түсуге, құқық бұзушылыққа жол бермеуді ынталандыруға, қылмыс үшін міндетті түрде жаза тартқызу принципінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.

Қоғамдық қатынастарды реттеудің неғұрлым тиімді тетіктерін қарастыру керек. Бұл орайда заңдардың әуел бастан-ақ қылмысқа қарсы сипатта болуы шарт. Яғни, құқық бұзушылықтың жасалуын тиімсіз ететін құқықтық және экономикалық ахуал жасалуға тиіс.

Қабылдау жоспарланып отырған заңдар ұтымды, инфляцияға қарсы сипатта болуы қажет. Біз таза шығындық сипатта болған, ойластырылмаған заң шешімдерінің кесірінен мемлекеттің өзі инфляцияның өсуін ынталандырған өткен жылдардың қателіктерін қайталай алмаймыз.

Құқықтық қызмет тек құқық шығару және

құқық қолданумен шектеліп қалмайтынын ұмытуға болмайды. Оның үлкен саяси мәні бар. Азаматтардың құқықтық хабардарлығы, сауаттылығы деңгейін арттыру, олардың құқықтық мәдениетін өсіру мақсатында кешенді шаралар белгілеу қажет. Жалпыға мәлім, қоғамның құқықтық мәдениетінің деңгейі жоғары болған сайын, халық заңдарды жақсырақ білген сайын, заңдарды орындау сатысында проблемалар да азырақ болады.

Сыртқы саясат бағыттары

Қазақстан дүниежүзілік қоғамдастықтың жалпы жұрт таныған тең құқықты мүшесі ретінде орныққан бүгінгі таңда елдің сыртқы қатынастарының құрылымдарын шетелдік әріптестермен арадағы ынтымақтастықтың жаңа мазмұнымен толықтыру кезеңі туып отыр. Әңгіме, ең алдымен, қолдағы бар уағдаластықтарды толығымен іске асыру жайында болып отыр. Мұның өзі қызметтің осы саласына қатыстылардың баршасынан табандылық пен орнықты іс-қимыл жасауды, тиянақты жұмыс істеуді талап етеді.

Қазақстанның сыртқы саясаты жүргізіліп жатқан экономикалық реформалардың негізінде елдің ырғақты экономикалық дамуын қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Халықаралық аренадағы осы заманғы тенденциялар республика үшін қолайлы бағытта дамып келеді және істің шын мәнінде, біздің Орталық Азия аймағындағы өзара қарым-қатынасымызды нығайтуға, Қазақстан үшін практикалық ынтық-ықлас туғызатын мемлекеттермен, олардың гео-

графиялық жағдайына қарамастан, өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға мүмкіндігіміз бар.

Егемендік, аумақтық тұтастық пен шекаралардың мызғымастығы, бір-бірінің ішкі істеріне қол сұқпау принциптері негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттермен ынтымақтастықты арттыру сыртқы саясаттың басым стратегиялық міндеттерінің бірі болып қала береді.

Бір жағынан, қолайлы сыртқы орта жасау, ұтымды өзара тиімді экономикалық байланыстарды одаң әрі дамыту қажеттігі және екінші жағынан, бүкіл дүние жүзінде интеграциялық процестердің күшеюі біздің республикамыз бен Достастықтың басқа да елдері өздерінің тарихи ерекшеліктеріне қарай көп жақты ынтымақтастықты ұлғайтуға тікелей мүдделі болып отырғанын көрсетеді.

Достастық елдерінің өзара іс-қимылы шеңберінде қазірдің өзінде Ұжымдық қауіпсіздік тұжырымдамасы бекітілді. ТМД-ның 1996—1997 жылдардағы интеграциялық дамуының перспективалық жоспары мақұлданды, Кеден, Төлем және Валюта одақтарын қалыптастыру жөніндегі жұмыс жалғасып келеді, қылмысқа қарсы күрестің бірлескен шараларының мемлекетаралық бағдарламасы қабылданды.

Егер сыртқы саясаттың міндеттері туралы айтамын болсақ, ең алдымен, біздің республиканың Ресей Федерациясымен өзара қарым-қатынастарын бөліп атау керек.

Еуразиялық кеңістіктің едәуір бөлігіндегі саяси және экономикалық тұрақтылықтың объективті алғышарты және аса қуатты факторларының бірі бола отырып, Қазақстан — Ресей қарым-қатынас-

тары ғаламдық, тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге сүбелі үлес қосып отырғаны сөзсіз.

Ресейде өткен сайлау, тұтас алғанда, үміт күттірерлік нәтижелер әкелді: Ресей қоғамының демократия мен түбегейлі реформалар бағытын сақтап қалуға деген бағдары қуатталды. Сондықтан Қазақстан үшін келелі маңызы бар тең құқықтық принциптерінің сақталуы сияқты элементтерді қоса алғанда, достық пен ынтымақтастықтың ұзақ мерзімдік қарым-қатынастарын қамтамасыз ету бұрынғысынша Ресей Федерациясымен өзара ынтымақтастықтың басты мақсаты болып қала береді.

Орталық Азия мемлекеттерімен және ең алдымен — Өзбекстанмен және Қырғызстанмен ынтымақтастықты қарқынды дамыту мен одан әрі кеңейтудің біз үшін аймақтық деңгейде стратегиялық маңызы бар. Әңгіме олардың экономикасындағы өзара іс-қимыл, отын-энергетика және су ресурстарын пайдалану саласында, құрлықтық сипаттағы газ құбырлары, көлік магистральдары мен коммуникациялар құрылыстарын салу мен пайдалануда келісілген саясат жүргізу туралы болып отыр.

Қазақстан екі жақты қарым-қатынастарда ұдайы жаңа түйісу нүктелерін іздестіруге, біздің елдеріміздің арасындағы тұрақты қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға тиіс.

Қазіргі кезде біздің елдеріміздің Орталық Азия аймағында тұрақтылық пен бейбітшілікті сақтау жөніндегі күш-жігерінің ерекше маңызы бар. Ауғанстандағы соңғы оқиғалардың осы елдегі ғана емес, сонымен қатар тұтас аймақтағы жағдайды

тұрақсыздандыруы, ТМД-ның оңтүстік шептерінің қауіпсіздігіне ықпал етуі мүмкін екеніне байланысты мұның маңызы арта түседі. Ауғанстандағы ахуалдың шиеленісуі дереу Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Өзбекстан мен Тәжікстан мемлекеттері басшыларының кездесуін өткізу қажеттігін туғызды, бұл кездесу күні кеше Алматыда өткізілді. Салиқалы пікір алмасу арқылы біз Ауғанстанды біртұтас достас ел ретінде сақтап қалудың маңызы, ішкі ауған проблемаларын тек саяси құралдармен шешу керектігі жөніндегі тұжырымға келдік. Біздің аймақтық саясатымыз тек осы айқындамаға сүйенетін және сүйене беретін болады.

Алыс шет елдердің ішінде АҚШ біздің аса маңызды әріптестеріміздің бірі болып қала береді. Бастапқыда біздің мемлекеттеріміздің арасындағы байланыстар ядролық фактордың ықпалымен қалыптасты. Алайда қазір қарым-қатынастардың жаңа негізін қалыптастыруды талап ететін кезең туа бастады. Іс жүзінде Қазақстан, көп жағынан алғанда, бүгін Құрама Штаттармен әріптестік деңгейіне шықты. Қазірдің өзінде сауда-экономикалық қарым-қатынас аясында бірсыпыра шарттар мен келісімдерге, атап айтқанда, Сауда келісіміне қол қойылды, соған сәйкес біздің республикамыз АҚШ-пен саудада барынша қолайлылық берілген ел мәртебесіне ие болып отыр. Бұдан басқа, біз Преференциялар бас жүйесінің желісі бойынша жеңілдіктермен пайдаланамыз. Екі жақты қарым-қатынастарды дамыту серпінін сақтай отырып, оларды нақты мазмұнмен толықтыру қажет.

Қазақстанның сыртқы саясатының теңдестірілген сипатын еске алсақ, оның еуропалық бағытының елеулі маңызы бар.

Ұзақ мерзімді перспективада біз үшін Еуропа-лық одақ стратегиялық тұрғыдан ықылас туғызып отыр, соңғы уақытта онымен арадағы қарым-қатынас тиісті серпін мен практикалық бағыт ала бастады.

Биылғы жылы Қазақстан-ЕО бірлескен комитетінің құрылуы үміт күттіреді, өйткені ол біздің сыртқы саясатымыздың осы бағыттағы пәрменді құралына айналуы мүмкін. Сонымен бірге ЕО елдерімен сауда-экономикалық ынтымақтастықты елеулі түрде арттыруға көбірек ден қоя бастау керек.

Әлемдегі айтулылар санатына заңды түрде енетін Германияның экономикалық әлуеті, Қазақстанда едәуір неміс диаспорасының болуы, республиканың герман капиталының келіп түсуіне мүдделілігі — осының бәрі бізді екі жақты экономикалық байланыстарды ұлғайтуға ықыласты етеді.

Франциямен және Ұлыбританиямен қарым-қатынастардың дамуы жүйелі арнамен жүріп жатыр, бұлар Қазақстанның халықаралық аренадағы, оның ішінде Еуропа мемлекеттері арасындағы жағдайының нығаюына және біздің экономикамыздың өрлеуіне жәрдемін тигізетіні даусыз.

Шығыс Еуропа елдерімен қарым-қатынастарды дамытуда да саяси және экономикалық ынтымақтастықтың үлкен әлуеті бар.

Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары сапалық жаңа деңгейге шықты, бұларды дамытуға екі мемлекет басшыларының кездесулері, бірсыпыра екі жақты келісімдерге қол қойылуы үлкен үлес болып қосылды. ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминнің таяуда Алматыға жасалған бірінші ресми сапары өзара тығыз іс-қимыл мен әріптестік деңгейіне жеткізілген бұдан былайғы ынтымақтастық сипа-

тына ұзақ мерзімді ықпалын тигізеді. ҚХР-мен арадағы достық қарым-қатынастарды тереңдету біздің республикамыздың ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келеді.

Сол сияқты Жапониямен және Корей Республикасымен екі жақты байланыстар да қарқынды дамып келеді. Бүгінгі таңда Жапония еліміздің ең ірі қаржы донорларының бірі болып табылады. Қазақстан экономикасын жаңартуды жүргізу аясында осы елдерден инвестициялар мен үздік технологиялар алу проблемасы ерекше өзекті болып отыр.

АСЕАН-ға мүше елдермен, ең алдымен — Индонезиямен, Малайзиямен және Сингапурмен қарым-қатынастарда онды ілгерілеушілік байқала бастады. Бұл мемлекеттердің шапшаң өркендеуі мен олардың біршама қысқа мерзімнің ішінде қол жеткен таңданарлық табыстары бүгінгі күннің өзінде-ақ біздің олармен арадағы сауда-экономикалық қарым-қатынастарды кеңейту үшін мықты негіз қалауымызға себепші болып отыр.

Таяу және Орта Шығыс елдерімен, ең алдымен Түркиямен, Иранмен және Сауд Арабиясымен ынтымақтастықты ұлғайту Қазақстан дипломатиясының маңызды міндеті болып табылады.

Біздің стратегиялық мақсатымыздың бірі араб дүниесімен арадағы қарым-қатынасты ынтымақтастықтың бай әлуетіне сай келетін деңгейге жеткізу болып табылады. Бұл тұрғыдан алғанда, Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымына енуіне байланысты мүмкіндіктерді барынша толық пайдаланған жөн.

Осы айтылғандардан жасалатын қорытынды: біздің сыртқы саясатымыз ұдайы көп бағытты си-

пат алуға, жекелеген басымдықтарды шиырлап, түйықталып калмауға, икемді, байсалды әрі баянды болуға тиіс.

**Экономикалық даму міндеттері.
Реформалардың кезеңдері мен
дәйектілігі**

Экономикалық саясаттың келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған негізгі бағыттарын айқындай келіп, Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформалардың кезеңдері мен дәйектілігін анықтап алудың маңызы зор. Тек осындай жағдайда ғана біз өзіміздің дамудың қандай сатысында тұрғанымызды айқындап аламыз, ал ең бастысы — өз күш-жігерімізді негізгі міндеттерді шешуге шоғырландыратын, алға қойылған мақсаттарға жету жөніндегі іс-қимылдардың дәйектілігін қамтамасыз ететін боламыз.

Реформаларды жүзеге асырудың экономиканы ырықтандыру кезеңі деп атауға болатын бірінші сатысы 1993 жылдың аяғынан бастап 1994 жылдың ортасына дейін созылды, бұл тұста елде өз ұлттық валютамыз енгізілді және қаржы-кредит саясатының жана тұтқаларын игеру басталды. Осы уақытқа дейін біздің республикамыз өздігінен институтыялық реформалар жүргізуге ғана мүмкіндік алып, экономикалық тәуелсіздікке қол жеткізе алмаған еді.

Бірақ ол кезде біз инфляцияның аса жоғары деңгейін, өндірістің құлдырауы мен тұрмыс деңгейінің төмендеуінің анағұрлым ауыр қарқынын бастан кештік. Инфляцияның өршуі шағын деңгейде мүлде жол беруге болмайтын бұрмаланған мінез-құлық үлгісін туғызып, менеджерлерді

қаржы жауапкершілігі мен тәртіп, шығыстар мен өзіндік құнды кеміту туралы қамқорлық жасауға ықыласты ете қойған жоқ. Арзан кредиттер берудің келеңсіз практикасы бел алды, сондықтан инвестициялық процестер туралы сөз қозғаудың өзі қисынсыз еді. Біз бұл кезде қалай да бір әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізу туралы қиялдай да алмағанымыз түсінікті. Мәселенің түйіні ахуалды уыстан шығарып алмай, оны басқарылатын арнаға қалай бұруға келіп сайды.

Экономикалық дербестік алуымыз мәселені қабырғасынан қойды: неден бастауымыз керек, қай бағытпен жүруіміз керек?

Экономикалық жаңғырулар мен дамудың түпкі мақсаты айқын еді, ол — адамдардың тұрмыстық деңгейін арттыру болатын. Алайда ондай жағдайларда бұған қол жеткізу мүмкін емес еді. Еліміз реформаның бірқатар объективті кезеңдерін жүріп өтуге, шын мәнінде жүріп өтуге тиіс болатын, себебі бұған дейін де одан ешкім де аттап өте алған жоқ еді.

Бірінші кезекте қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізу, яғни инфляцияны ауыздықтау, экономиканың барлық “қабаттарында”, оның ішінде шағын деңгейде де қаржы тәртібі мен жауапкершілікті жолға қою талап етілді. Соның өзінде инфляцияны инвестициялау мен өндіріске кредит беруге, экономиканың әлжуаз секторларын бөліп шығаруға және оларды сегменттеуге кедергі келтірмейтін көлемге дейін төмендету қажет болды.

Біздің әлуеті жағынан өмір сүруге қабілетті, алайда тұралап қалған кәсіпорындарды сауықтыру тетіктері арқылы қалыпты экономикаға қайтаруымыз керек болды. Ал нарықтың қатан

жағдайында өмір сүруге дәрменсіздері таратылуға және банкрот деп жариялануға тиіс еді.

Түбегейлі реформа мен кәсіпорындарды сауықтыру, олардың қарқынды жекешелендірілуі мен жеке сектордың нығаюы, әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардың иелігінен бюджетке беру, қаржы секторын реформалау және төлемсіздік проблемаларын шешу осы кезеңнің елеулі элементтері болуға тиіс.

Мұндай бағытты ойдағыдай іске асыра білу тұрақты табысы бар қызметкерлердің тұрмыс деңгейін белгілі бір шамада тұрақтандыру, сондай-ақ өндірістің құлдырауын тоқтату түрінде қосалқы тиімділік те береді. Алайда оған сонымен бірге жұмыссыздықтың шапшаң өсуі, бюджеттік шығыстар мен әлеуметтік бағдарламалардың қысқаруы да тән.

Осы жұмыс аяқталғаннан кейін, инфляцияның жылдық деңгейі жоқ дегенде 15—20 процент деңгейіне дейін төмендеген соң, үшінші — инвестициялық кезең басталады, онда жағдайы түзелген кәсіпорындар мен банктер инвестициялар мен кредиттеуге дайын әрі оңтайлы бола түседі, ал инвесторлар кең ауқымды тұрақтылықтың орныққанын көре тұрып, тәуекелге баруға болатынын сезіне отырып, инвестициялар жасауға, оларды бірінші кезекте неғұрлым тартымды салаларға бөлуге ынғай береді.

Осы кезеңнің қарсаңында инвестициялар және ең алдымен, шетел инвестициялары үшін жақсы жағдайлар туғызу, сондай-ақ іскерлік белсенділікті жандандыру маңызды.

Қазақстан үшін іскерлік белсенділікті жандандырудың оңтайлы сәттері жеке және отбасылық

кәсіпкерлікті, шағын және орта бизнесті дамытуда, тұрғын үй құрылысын өрістетуде болса керек.

Егер экономика жеткілікті дәрежеде сауыққан болса, макроэкономикалық ахуал барынша тұрақтанып, әрі келешегіне болжам жасайтындай күйге жетсе, ал инвестициялар жеткілікті дәрежеде интенсивті сипат алса, онда объективті экономикалық заңдар мен инвестициялық өлшемдерге сайсақ, экономикалық өркендеу кезені басталады.

Бұл кезеңде дамудың алдын-ала әзірленген жоспарларына сәйкес экономиканы нысаналы жаңартуға кірісудің маңызы айрықша зор. Мұның өзі инвестициялардың теңдестірілген өсіміне қол жеткізу және олардан барынша тиімділік алу мақсаты үшін қажет. Сайып келгенде, экономика сауығып, жақсы экономикалық өсімге жетсек, мұның өзі бірден әлеуметтік нәтижелерге қол жеткізеді: халықтың тұрмыс деңгейі артады, жұмыссыздық кемиді.

Қазақстан экономикасының бүгінгі таңдағы жәй-күйіне талдау жасау біздің екінші кезенді — қаржы тұрақтылығы кезенін аяқтауға тақадық деп айтуымызға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтқанымдай, инфляцияның бетін күрт қайтара білдік.

Теңгенің тұрақтылығы нығайып келеді. Егер 1995 жылдың алғашқы жартысында теңгенің долларға бағамы 28,8 процент төмендеген болса, биылғы жылдың алғашқы жартысында 4,5 процент қана төмендеді. Бұл ыңғай жылдың аяғына дейін сақталатын болады.

Инфляция деңгейінің төмендеуіне сәйкес Ұлттық банктің қайта қаржыландыру ставкасы да кеміп келеді: 1995 жылғы маусымда ол жылдық 75

процент болса, 1995 жылғы желтоқсанда 52,5, қазір 30 процент болып отыр.

Өндірістің құлдырауы тежелді: ішкі жалпы өнім (ІЖӨ) биылғы алғашқы жарты жылда 1995 жылдың алғашқы жарты жылындағы деңгейіне — 100,1 процент, соның ішінде өнеркәсіп өнімі — 100,2 процент болды. Салыстыру үшін 1995 жылғы алғашқы жарты жылда ІЖӨ 1994 жылғы алғашқы жарты жылдыққа — 86,2, өнеркәсіп өнімі — 91,4 процент болғанын атап айтқан жөн. Жыл қорытындысы бойынша ІЖӨ, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы өнімінің өсуі тиісінше 0,5, 0,5 және 7 процент болады деп күтіліп отыр.

Қысқасы, соңғы жеті жылдың ішінде біз тұңғыш рет өндірістің құлдырауын тоқтатып, аздаған экономикалық өсуге қол жеткіздік.

Сол сияқты тұңғыш рет біз бөлшек-сауда тауар айналымын ұлғайтуға да қол жеткіздік, оның өсу қарқыны жыл қорытындысы бойынша 109 процент (1995 жылы — 84,9 процент) болады.

Экспорт өнімінің ұлғайғанына екінші жылға айналды: 1995 жылы оның өсімі 154,5 процент болды, биылғы жылы да едәуір ұлғаяды деп күтілуде.

Қолайсыз экономикалық ахуалға қарамастан, халықты, ең алдымен оның табысы аз жіктері мен белгілі мөлшердегі табысы бар адамдарды әлеуметтік қорғау мен қолдау үшін көп күш-жігер жұмсалды.

Инфляция деңгейін күрт төмендетуге бағытталған таза экономикалық шаралардың нәтижесінде бірінші кезекте бюджеттегілер мен табысы аз адамдардың кірістерін жедел құнсызданудан сақтап қалуға мүмкіндік туды.

1994 жылғы қаңтарда Президенттің “Зейнеткерлер мен мүгедектер арасындағы жалғыздікті жұмыс істемейтін азаматтарды әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы” Жарлығы жарияланып, онда тағам өнімдері түрінде тегін жәрдемақы беру көзделді.

1994 жылғы шілдеде келесі Жарлықпен зейнеткерлерді және табысы аз азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі аймақтық қайырымдылық қорлары құрылды.

Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 50 жылдығы қарсаңында соғысқа қатысушылар мен мүгедектер және оларға теңестірілген адамдар үшін бірқатар жеңілдіктер белгіленді. Азаматтардың бұл санаттарының жинақ банкілеріндегі салымдары индекстелді, мұның өзі олардың инфляциялық шығындарын өтеді. Қиындықтарға қарамастан, мемлекет өткен жылдардың зейнетақылар мен бюджет ұйымдарындағы жалақы жөніндегі берешекті өтеді. Осы мақсатқа 6 миллиардтан аса теңге жұмсалды. Қазір осы мақсатқа қаражат бөлуді ұлғайту үшін мүмкіндіктер іздестіріліп жатыр.

Өткен жылдан бері бюджет ұйымдарында жалақыны, сондай-ақ зейнетақыларды көбейту жөнінде шаралар қолданылды.

Азаматтарды әлеуметтік қорғау жөніндегі күшжігердің нәтижесінде 1995 жылдан бастап қолға алынған, жоғарыда атап көрсетілгеніндей, нақтылы өлшенетін жалақы мен зейнетақылар өсе бастады.

Сөйтіп, реформалардың жоғарыда айтылған екінші кезеңі іс жүзінде аяқталды деп санауға барлық негізіміз бар.

Алайда, біз басқа да бірсыпыра міндеттерді қажетті көлемде пеше алмадық, бұларды ендігі

жерде қысқа мерзімнің ішінде жүзеге асыру керек, олар:

— кәсіпорындар мен экономиканың аса маңызды секторларының реформасын негізінен аяқтау, жекешелендіруді ақырына дейін жеткізу;

— қаржы (банк) секторына реформа жүргізу;

— бюджет кірістеріне байланысты ахуалды ондау және оның шығыс бөлігін ұтымды ету;

— төлемсіздік проблемаларын шешу және әлеуметтік объектілерді кәсіпорындардан бюджетке беру.

Қаржылық тұрақтандырудың қатаң қыспағында қалған экономикамыздың тұралау процесіне қарай ойыса бастауы да аландаушылық туғызбай қоймайды. Іскерлік белсенділікті жандандыру және өндірісті одан әрі өсіру жөнінде батыл шаралар қолданбайынша, реформалар мен қаржылық тұрақтандыруды бұдан былайғы аяқтау экономиканы ұзақ мерзімдік тоқырауға ұрындыруы мүмкін.

Ендігі жерде не істеу керек?— деген сауал туады. Шынтауайтқа келгенде, істелмей қалған “ұсақ-түйек шаруаларды” тындыруға жұмылып, тағы да бірер жыл кәсіпорындарды және қаржы секторын реформалаумен, одан әрі жекешелендірумен, төлемсіздіктерді жоюмен, құнды қағаздардың қайталама нарығын жандандырумен мықтап шұғылдануға болар еді. Назардан тыс қалған мәселелерді сапалы және жан-жақты шешу үшін мұндай жолдың, бәлкім, тиімді болуы да мүмкін.

Алайда, өкінішімізге қарай, ішкі және сыртқы проблемалар біздің мұндай жолға түсуімізге мүмкіндік бермей тұр.

Адамдар нәтиже күтуден шаршады. Жұмыссыздық, жалақы мен зейнетақының төленбеуі — ке-

зең- кезеңмен дәйекті жылжу үшін онша жақсы әлеуметтік негіз емес. Ұзақ уақыт бойы жаңартылмаған және жөндеуден өткізілмеген негізгі капитал едәуір тозып кетті. Бірсыпыра секторларда ол авариялық жағдайдың аз-ақ алдында тұр, мұның өзі бізді ең қысқы мерзімнің ішінде осы проблеманы шешумен шұғылдануға мәжбүр етеді.

Егер былайғы дүниеге көз салатын болсақ, онда көптеген елдерде, әсіресе азиялық елдерде жақсы экономикалық өсу байқалады.

Біздің кейіндеп қалуға хақымыз жоқ. Ол, олма, бізге алыстап кеткен әлемдік экономика поезының соңынан асыға ұмтылу қажет. Елдің өздігінен даму жолына басқа елдерден ондаған жылдар кешеуілдеп түсуі — біздің кінәміз емес, қасіретіміз.

Сондықтан да алдымызға мүмкіндіктің шегінде дерлік, барынша биік міндеттерді қоюдан басқа жол жоқ, бұлар: ХХІ ғасырға толығымен сауықтырылған және реформаланған экономикамен ену; инфляцияны жылына 4—6 процент деңгейіне жеткізу; 3—5 процент экономикалық өсімге қол жеткізу; жұмыссыздықты тезуге боларлық деңгейіне дейін азайту; шетел инвесторлары үшін барынша қолайлы ахуал туғызу; әлеуметтік индикаторлардың тұрақты өсуіне қол жеткізу.

Бәлкім, бүгінгі келеңсіздіктерге қарап, көпшіліктің мұны жүзеге асыру мүмкін емес деуі ықтимал. Алайда, біз істі шындап қолға алатын болсақ, кез келген міндетті орындауға күшіміздің жететінін дәлелдеген болатынбыз. Мәселен, 1994 жылдың басында үш жылда біз инфляцияны 2200-

ден 30 процентке дейін төмендетеміз деп айтуға кімнің батылы жетер еді?

Оның үстіне туындап отырған проблемаларды ойдағыдай шешу үшін біз өзімізге барынша биік деңгейде талаптар қоюға міндеттіміз. Орта мерзімді нысаналардың қуатты тұрақтандырушы күші болуы, барлық ресурстар алға қойылған міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылуы керек. Бұлыңғыр перспективалар мен айқын емес нысаналарды басшылыққа алуға біздің хақымыз жоқ. Алға қойылған міндеттердің орындалуына қол жеткізу үшін не істеу қажет?

Елдің қазіргі жағдайы сондай, уақыт талабына сай жауап таба білу керек.

Ондай жауап бар: біз дәйекті, барлық кезендер бойынша бір мезгілде қатарлас бағытпен жүруіміз қажет.

1997 жылы, әрі кеткенде 1998 жылдың бірінші жартысында қаржы тұрақтылығының екінші кезеңін толық тәмамдау: жекешелендіруді, кәсіпорындар мен қаржы секторын реформалауды түпкілікті аяқтау, барлық төлемсіздіктерді анықтап алу қажет. Қаншалықты қиынға соғатынына қарамастан, кәсіпорындарды тарату мен олардың банкроттығы жөнінде ең қатаң шаралар қолданбаса болмайды. Парламент пен Үкімет биылғы жылдың өзінде Банкроттық туралы жаңа заң қабылдауға тиіс. Инфляцияның деңгейі жыл сайын кемінде екі есе кеміп отыруы керек. Бұл мақсатта тағы да, қаншама күрделі болғанына қарамастан, барлық бюджет шығыстарын кірістерге сәйкес келтіру керек, олар келесі жылдан бастап нақты, бірақ қауырт болуға тиіс.

Жұмыссыздықтың қауіпті зардаптарына жол бермеу үшін Үкімет, барлық атқарушы өкімет, Парламент кәсіпкерлікті, ең алдымен жеке, отбасылық және шағын бизнесті, қоғамдық жұмыстарды, негізінен, тұрғын үй және жол құрылысындағы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыруды жандандыру үшін толық шаралар кешенін жүзеге асыруы қажет.

Қаржы тұрақтылығының аяқталуын күтпей-ақ инвестициялық кезеңді іске асыру жөніндегі жұмысты жеделдете түскен жөн.

Бірінші кезекте инвестициялық ахуалды, әсіресе, шетелдік инвесторлар үшін инвестициялық ахуалды күрт жақсартып, жеңілдіктер мен преференциялар жүйесін әзірлеп, заң жүзінде айқындау қажет.

Салалық және аймақтық басымдықтардың нақтылы жүйесін жасайтын мезгіл жеткен сияқты, ол жеңілдіктердің осы жүйесімен тығыз байланысты болуы керек.

Және, ең ақырында, мемлекеттік инвестициялар, негізінен алғанда — инфрақұрылым мен тұрғын үйге мемлекеттік инвестициялар ашу керек. Инвестициялық серпін қажет, ол мемлекеттен бастау алуға тиіс.

Бұрынғысынша сонымен бір мезгілде экономиканы өркендету, адамдардың іскерлік белсенділігін жандандыру мәселелерімен де мықтап шұғылдану керек. Әзірге оларды ауқымды шешу туралы айту ертерек, бірақ келесі жылдың өзінде-ақ өсу нүктесі мен белсенділік ошақтарын құру қажет. Тұрғын үй құрылысы, шағын және орта бизнес, санациядан ойдағыдай өткен кәсіпорындар осын-

дай ошақтар болуға тиіс. Мұның өзі біздің ағымдағы міндеттерді шеше отырып, инвестициялық кезенге де, экономикалық өсу кезеңіне де бір мезгілде кірісуіміз қажет екенін көрсетеді.

Сондықтан біз елдің ұзақ мерзімге арналған даму стратегиясын әзірлей бастауға және дамудың бес және он жылдық жоспарларын әзірлеуге кідіріссіз кірісуіміз қажет.

Жұмысында орын алып отырған кемшіліктерге қарамастан, Үкімет соңғы жылдардың ішінде ауыр жағдайлардың өзінде көп іс тындырғанын атап көрсеткен жөн.

Таяудағы жылдарда да барынша күш-жігер жұмсауды керек ететін күрделі жұмыс күтіп тұр. Демек, көп нәрсе Үкіметтің құрамы жағынан қаншалықты қауқарлы болатындығына, алға қойылған міндеттерді қандай шамада орындай алатынына байланысты болады. Мемлекет басшысы ретінде мен бұл үшін қажетті шараларды қолданатын әрі оған тиісті қолдау көрсететін боламын.

Жекешелендіру

Жекешелендіру экономикалық реформалар саясатының басты бағыттарының бірі болды және болып қала береді.

Бір қарағанға, жекешелендіру саласындағы істің жәйі жаман емес сияқты. Соңғы деректерге жүгінсек, республика бойынша жеке кәсіпорындардың үлес салмағы 80 процент шамасында, соның ішінде өнеркәсіпте —86, ауыл шаруашылығында —95, құрылыста —84, көлікте —54 процент.

Бүгін жалпы ұлттық өнім өндірісінің ортақ көлеміндегі жеке сектордың үлесі 50 процент шамасында, оның ішінде өнеркәсіпте —40—45, ауыл шаруашылығында —90 процентке жуық, құрылыста —60, саудада —85 процент болып отыр.

Сөйтіп, қазірдің өзінде ел экономикасында жеке сектор басым сипат алды деп айтуға болады. Өнеркәсіп, көлік пен байланыстан басқа барлық салаларда оның ықпалы басым түсіп отыр.

Соған қарамастан, егер осы процестің сапалық жағына көз салатын болсақ, көптеген мәселелер әлі де шешілген жоқ.

Ең алдымен, шағын жекешелендіру мерзімінде аяқталмады. Сауда объектілері, қызмет көрсету, қоғамдық тамақтандыру, автомобиль көлігі салалары бұрынғысынша мемлекеттік меншікте қалып отыр. Бұл процесті жергілікті өкімет орындары да, сондай-ақ халықтың қолындағы қаражаттың жетіспеушілігі де тежеп келеді.

Сонымен қатар, жекешелендіруді 1991 жылдың өзінде бастағанмызбен, бәзбіреулеріміз экономикалық жағынан әрдайым бірдей сараланбаған “демократиялық” жаңарулардың, әлеуметтік әділеттілікті теріс түсінудің ықпалында қалып, жекешелендірудің көпе-көрінеу тиімсіз әрі жалған дерлік үлгілеріне мойынсұнуға мәжбүр болдық.

Сөйтіп, меншікті еңбек ұжымдарына бөліп беруге бардық, ал мұны бұрынғы Жоғарғы Кенес тандылықпен талап еткен еді. Алайда бұдан ешқандай экономикалық тиімділік алынған жоқ. Біз өз бойымыздан мұндай жолдан бас тартарлық күш таба білдік. Содан кейін жаңсақ әділеттілік сезіміне еріп, инвестициялық жекешелендіру ку-

пондары дейтіндер арқылы меншікті бүкіл халыққа бөліп беруді ұйғардық.

Мұндай бөлістердің тіптен тиімсіз екеніне іс жүзінде көз жеткізіп қана, біз, ақыр аяғында, бүкіл дүние жүзінде әлдеқашан сыннан өткен әрі өзін жақсы жағынан көрсеткен ақшалай жекешелендіруге көштік.

Осы қателіктердің салдарынан көптеген кәсіпорындарда көп өкімет пайда болды. Акциялардың бір бөлігі — еңбек ұжымының, бір бөлігі — инвестициялық қорлардың, көбінесе осындай әлденеше қордың, тағы бір бөлігі ақшалы инвестордың қолына көшті. Әрбір өндіріске бүгінгі күні жұмыс капиталы да, инвестициялар да керек. Олар болса, инвестордың қолында. Алайда ол кәсіпорынға бақылау жасауды қолына алмайынша, оларды жұмсамайтын болады. Сонда белгілі мысалдағыдай: аққу, шаян және шортан болып — әрқайсысы әр жаққа тартып шыға келеді. Сөйтіп, кәсіпорын енді мемлекеттікі емес, жеке меншіктегі кәсіпорын, бірақ нағыз қожайыны жоқ. Әрине, бұдан нәтиже шықпайтыны да өзінен өзі түсінікті.

Ақыр аяғында, корпоративтік бағалы қағаздар нарығы да да өте әлсіз дамып отыр. Сондықтан да жекешелендіру қарқынын жеделдетіп, оны тереңдету жайында мәселе көтерілген кезде, әңгіме мемлекеттік меншікті сату туралы ғана емес, меншікті нағыз қожайынның пайдасына қайта бөлу жайлы, жекешелендіруден кейінгі процестердің тиімділігі жайлы болуға тиіс.

Сол себепті де биылғы жылдың өзінде мемлекеттік меншікті сату мен меншікке беруді жеделдету керек. Тиімсіз объектілерге келетін болсақ,

оларды ақысыз меншікке беру немесе ең арзан бағасына сатуға дейін бару керек.

Мемлекет келешекке ден қойып, әлеуметтік саламен, сыртқы саясатпен, жоспарлаумен және жеке сектордың жұмысын үйлестірумен шұғылдануы керек. Шын мәнінде мұндағы жұмыстың шет-шегі жоқ. Жекеменшік иесі мемлекетке қарағанда өндірістік іспен анағұрлым жақсы шұғылданатын болады. Бұл бүкіл әлем таныған ақиқат.

Әлбетте, банкроттық арқылы, кәсіпорындардың мемлекетке берешегін қайыру арқылы нағыз қожайындарды іздестіру керек, олар үшін қосымша қызмет тетіктерін құру керек. Өйткені жекешелендіру процестері қарқынының баяулығы мен сапасының нашарлығының ар жағында төлемсіздік дағдарысының терең себебі жатқаны баршаға мәлім.

Шағын және орта бизнес

1988—1989 жылдары кооперативтік қозғалыс үшін тоспалар ашылған кезде туындаған әбігер бәріміздің де есімізде. Тауарлар мен қызметтердің қаңырап қалған нарығында жаңбырдан кейінгі саңырауқұлатқар тәрізді әр алуан тауарлар мен мүлде соны қызметтер пайда бола бастады. Барлық салаларда шағын кәсіпорындардың пайда болуымен және олардың гүлденуімен байланысты осы тәрізді серпіліс 1990—1991 жылдары орын алды. Мұның себебі оларды мемлекеттің қолдауы және оларға жеңілдіктер жүйесінің берілуі болды.

Әрине, қателіктер мен асыра сілтеушілік те болмай қойған жоқ. Бірақ ең бастысы — базарды

молықтыру және осы салаларда жұмыспен қамтудың өсуі жүріп жатты. Қазір ахуал өзгерді, дегенмен мұны істің жақсы жағына қарай өзгерді деуге келмейді.

Биылғы жылдың басында шағын бизнес саласындағы кәсіпорындардың саны 21260 болды, онда жұмыс істейтіндердің саны 147 мың адам яғни 3 проценттей болып отыр.

Өнеркәсіп өнімін шығарумен 2563 кәсіпорын шұғылданады, бұларда жалпы саны 33,6 мың адам істейді. Тұтастай алғанда, шағын кәсіпорындардың үлесіне өнеркәсіп өндірісі жалпы көлемінің 4,7—4,8 проценті тиесілі, бұларда жұмыспен қамтылған халықтың 3,5 проценттейі еңбек етеді.

Салыстыру үшін айта кетейін, жоғары дамыған елдерде шағын бизнестің үлесі 60—80 процент құрайды. Біз, әрине, бірден мұндай деңгейге жете алмаймыз, бірақ қалыптасқан жағдай бізді мүлде қанағаттандырмайды.

Бір жағынан, жұмыссыздық, ал демек, қылмыс та өсіп келеді, сауда және қызмет көрсету саласы жеткіліксіз дамыған, екінші жағынан, өндірістік қуаттар мен үй-жайлар текке қарап тұр, жер де босқа жатыр. Тіпті егер кісі өз ісін ашқысы келсе де, оның сан қилы тосқауылдарға келіп тірелетіндігі сонша, іске деген қызығушылығынан айырылады. Оның не істеуі керек? Жұмыс жоқ, отбасын асырау керек, өмір сүру керек. Міне, осылайша жолы болмаған кәсіпкер не жасырын экономикаға, не одан да жаманы — қылмыстық салаға бой ұрады.

Шағын бизнес еңбекпен қамту мәселелерін шешумен ғана байланысты емес. Көптеген елдерде

ұсақ бизнесмендер орта таптың негізгі бөлігі болып табылады. Олар қоғамды тұрақтандырады, олардың көңіл күйі мемлекеттің экономикалық дамуының көрсеткіші болып табылады.

Сондықтан бүгінгі күн тәртібінде шағын бизнесті қолдау мен оған жан-жақты көмек көрсетудің арнаулы бағдарламасын іске асыру міндеті тұр.

Ең алдымен, тиісті өлшемдерді айқын таңдап алу және заң тұрғысынан нені ұсақ (жеке және отбасылық), нені шағын және орташа бизнес деп санау қажеттігін айқындап алу қажет. Бұл мәселелерді шешуге салықалы түрде және құнттылықпен қарау қажет.

Ұсақ кәсіпкерлікке оның алғашқы қадамдарынан бастап-ақ мемлекеттік көмек көрсеткен жөн. Тіркеу рәсімдерін мейлінше жеңіл ету, салық салудың қарапайым және ауыртпалықсыз жүйесін енгізу керек, қағаздарды, анықтамаларды және кабинеттен кабинетке сабылуды азайту принципі бойынша іс-қимыл жасау керек. Бастапқы капитал мен кредиттер проблемасын қайткенде де шешу қажет. Ал бізде әзірге ұтымсыз тіршілік жасалуда. Тоғыз миллиард теңге сома шамасында еңбекпен қамту қоры бар, бұл сома негізінен жұмыссыздарға арналған жәрдемақылар үшін пайдаланылады. Яғни біз бұл жәрдемақыларды ешбір нәтижесіз төлеп отырмыз. Бұл қор қаражатты жаңа жұмыс орындарын құруға, жеке кәсіпкерлікті дамытуға нысаналы пайдаланған жағдайда неғұрлым тиімді жұмыс істей алар еді. Мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті өкімет адамдарға консультациялар мен білім беру орталықтары түрінде барша

қажетті қолдауды көрсетуге, оларға үй-жайлар мен ақы төлеу жағынан көмектесуге тиіс.

Ал шағын, әсіресе орташа бизнеске келсек, қалыптасқан қаржылық-экономикалық ахуалға байланысты ол үшін жеңілдікті жағдай әзірше мемлекет үшін басым болып табылатын қызмет салаларында ғана берілуі мүмкін.

Қазақстанның Азияның даму банкінен 100 миллион доллар мөлшерінде заем алғандығы туралы айтпай кетпеуге болмайды, бұл қаржы нақ шағын және орташа бизнесті қолдау үшін, атап айтқанда, ауылшаруашылық шикізатын ұқсату саласында пайдаланылатын болады. 50 миллион доллар мөлшеріндегі алғашқы траншты игеру ісі басталып та кетті.

Экономиканың осы секторын қолдау жөніндегі қосымша шаралар экономикалық ахуалды тұтастай жақсартуға елеулі ықпал етуге қабілетті.

Тұрғын үй құрылысы

Бұл проблеманың да басымдығы барлық жағынан айқын. Тұрғын үй — адамның басты әлеуметтік игілігі. Мұның үстіне тұрғын үй құрылысы жұмыссыздық проблемасын ішінара шешеді. Егер біз шын мәнінде оны жолға қоя білсек, күллі экономиканың өсуінің басты бір тетігін жасаймыз, өйткені шаруашылық кешенінің көптеген салалары нақ тұрғын үй құрылысында келіп түйіседі.

Біз ақысыз тұрғын үй бөлу принципінен, оны мемлекеттің жаппай тұрғызуынан бас тарттық. 1993 жылы менің Жарлығыммен жаңа тұрғын үй саясаты бекітілді, оны іске асырудан осы саладағы

түбірлі бетбұрыс басталды. Қазіргі таңда тұрғын үй құрылысын қаржыландыруда халықтың қаражатының үлесі ұдайы өсіп келеді. Бірақ екінші жағынан, құрылыс көлемінің шұғыл қысқаруы да орын алды.

Жаңа тұрғын үй саясатына көше отырып, біз іс жүзінде оны ақша қаражатымен қамтамасыз ете алмадық. Бұған жалпы экономикалық ахуал да, тиісті инфрақұрылымның дамымағандығы да әсер етті. Әйтсе де бағдарламада тұрғын үй салудың жаңа принциптерінің негізі қаланды, олар қазір жұмыс істеп отыр. Мұның өлшеусіз мәнінің өзі де осында. Қазір бізге осы бағыттағы іс-қимылдың нақты, мейлінше ұтымды және қаржымен қамтамасыз етілген бағдарламасы қажет. Үкімет онымен жұмыс істеп те отыр.

Оның негізгі мәні неде болуға тиіс?

Бастау алар нүкте: әрбір азамат табысының деңгейіне қарамастан, тұрғын үйді тек қана өз ақшасына не бірден, не төлеу мерзімін ұзартып сатып алуға немесе салуға тиісті. Тұрғын үй мен ол орналасқан жер, сол сияқты басқа да жеке мүлкі кредиторлар алдында кепіл болуға тиіс.

Бағдарламаның барлық бүге-шігесіне дейін ежіктемей-ақ есептеулердің мынаны көрсететінін атап өтейін. Егер халықты тұрғын үймен 15 жылдан кейін қамтамасыз ету мақсатын алға қояр болсақ, онда мемлекет кредиттік ресурстарды толықтыруға жыл сайын 70 миллиард теңге шамасында жұмсауға тиіс.

Әлбетте, мұндай қаражат әзірге біздің қолымызда жоқ әрі таяу келешекте қолымызға тимейді. Сондықтан ең тиімді жол — бағдарламаны, айта-

лық, алдымен екі облыстан бастап, бірте-бірте қалғандарына ауыса отырып іске асыра бастау. Орташа алғанда, онжылдық жинақтау кезеңінде бір облысқа жыл сайын шамамен 50 миллион доллар қажет болады. Бұдан былайғы жерде мемлекеттік салымдар өзінен-өзі керексіз болып қалады, өйткені құрылыс салушылардың жинақталған қаражаты, сондай-ақ тұрғындар қайтарған кредиттер “іске қосылады”.

Әзірге біздің шамамыз, онда да едәуір қиналыспен, тұрғын үй құрылысына жыл сайын теңге эквивалентімен алғанда 40-тан 50 миллион долларға дейін жұмсап отыруға жетеді. Бюджетте осыны көздеу қажет. Біз осы салаға өз қаражатын енгізуге даяр шетелдік құрылыс салушы компанияларды тарту жолын да пайдаланамыз.

Бастапқы кезеңде осы процеске серпіліс беру үшін жеңілдіктерге баруға және мемлекеттің қаражатты қайтару жөнінде белгілі бір тәуекелді мойнына алуына болады. Бірақ мұның өзі құрылыс салу процесі кең қанат жаятын алғашқы үш-төрт жылда қажет болады. Бағдарламаға халық тарапынан да қолдау қажет. Біз болсақ, жылдың соңына дейін оны қабылдауға және жыл сайын онда тұжырымдалған қағидаларды іске асыру үшін қажетті ресурстар мен қаражатты іздестіруге, инвестициялық процестерді күшейтуге тырысамыз.

Шетелдік инвестицияларды тарту

1997 жылдан бастап біздің жұмысымыздың басты бағыттарының бірі шетелдік инвестицияларды тарту және оларды тиімді пайдалану болады.

Оларды, дамушы мемлекеттерді былай қойғанда, дамыған елдердің өзінің пайдаланатындығы белгілі.

Шетелдік инвестициялар рыногындағы ахуал оларға деген Шығыс Еуропа державаларының, бұрынғы КСРО құрамында болған жаңа елдердің сондай-ақ коммунистік кезеңнен кейінгі елдердің орасан зор сұранысына байланысты елеулі шиеленісіп келеді.

Осының нәтижесінде капиталды импорттаушылар арасында оны экспорттаушыларға қарағанда үлкен бәсеке қалыптасып отыр. Бүгінгі таңда капиталды тарту мәселесінде Қазақстанның әзірше бәсекелестік қабілетінің жоқтығын айтуға тиіспін. Біз әлі қызметтер көрсету және инфрақұрылымды дамытудың шетелдік инвестор дағдыланған деңгейіне жеткен жоқпыз. Көптеген заңдарда, нормативтік актілерде шетелдік салымшылармен жұмыс істеу жүйесінің өзінде әлі айқындық жоқ. Инвестордың жолындағы басты кедергі орталықта да, жергілікті жерлерде де — бұрынғыша бюрократия болып табылады. Біз әр инвестормен жеке тіл табысуға мүмкіндік беретін жеңілдіктер мен преференциялардың икемді жүйесін сөзсіз орнықтыруға тиіспіз.

Қазақстанға шетелдік инвестицияларды тарту бағдарламасын әзірлеу қажет, ол мынадай қағидаларды қамтуға тиіс:

1. Біздің елімізге шетелдік бизнесмендердің келуіне байланысты барлық әкімшілік рәсімдерді оңайлату. Біз визалар алу, шекара және кеден бақылауынан өту, жұмыс істеу құқығына және ел ішінде жүріп-тұруға рұқсаттар беру жөніндегі бар-

лық ережелерді және тағы басқаларын қайта қарауымыз керек.

Күллі іскер әлем қарым-қатынас жасасатын ағылшын тіліне қазақстандықтарды жаппай оқытуды ұйымдастыру қажет. Бұл бәрінен бұрын мемлекеттік қызметшілер мен қызмет көрсету саласында істейтін адамдарға қатысты, өйткені, тәжірибе көрсетіп отырғандай, ірі бизнес тілдік кедергілері бар елде нашар бейімделеді. Нақ сондықтан да дамушы елдердің көпшілігі осындай, бір қарағанға ұсақ мәселеге мейлінше саликалы назар аударады.

Біздің авиажелілеріміздің, әуежайларымыздың, ондағы қызмет көрсетудің қолайлылығына, жоғары сапалы мейманханалардың, телекоммуникациялардың болуына көп нәрсе байланысты. Біздің мақсатымыз шетелдік бизнесменге неғұрлым жеткілікті ықылас көрсету, оның уақытын үнемдеу болуға тиіс. Бұл қызметтердің құны оны әдетте екінші кезекте ғана толғандырады.

2. Инвестицияларға немесе кредиттерге салық үзілістерін, жеңілдікті ставкаларды, салық шегерімдерін беруді қоса алғанда, салық жеңілдіктерін, жеделдетілген амортизацияны, жеңілдікті кеден бажын және тағы басқаларын енгізуге баруға тұрады. Олар мемлекеттік басымдықтарды іске асыру үстінде жаңа құрылыс салу жайында әңгіме қозғалған жерде және тек қана сонда болуға тиіс.

Тым жан-жаққа шашырай берудің қажеті жоқ, қарапайымнан күрделіге қарай жүріп отыру қажет. Бүгін біздің инфрақұрылым объектілеріне — энергетикаға, газ және мұнай құбырларына, әуежай-

ларға, мейманханаларға, байланыс құралдарына, автомобиль және темір жолдарға, су құбырларына назар аударуымыздың қажеттігі айқын. Бұл міндеттерді шешпейінше, елде қолайлы инвестициялық ахуалдың, экспорт пен сауданың, бизнестің өмір сүруін қамтамасыз етудің күллі жүйесінің жақсы жұмыс істеуі мүмкін емес.

Импортты алмастыру және, бәрінен бұрын, халық тұтынатын тауарларды, тағам және ауыл шаруашылық шикізатын өңдеу өнімдерін алмастыру жайында байсалды түрде ойлану қажет.

Ақыр соңында, аймақтық басымдықтарды әрі ең алдымен халықты жұмыспен қамту тұрғысынан айқындау қажет. Жеңілдіктер мен преференциялар жүйесі басымдықтар жүйесімен қатаң ұластырылуға тиіс. Бұл ретте жеңілдіктер берудің барлық ықтимал қиянаттарына сенімді тосқауыл қоя отырып, мейлінше ұқыпты түрде ойластырған жөн.

3. Жер мен жылжымайтын мүлікке берілетін құқық түріндегі гранттар, қызметкерлерді оқытуға арналған демеу қаржы, әртүрлі алымдарды азайту түріндегі субсидиялар сияқты нысанды да пайдалану қажет. Бірақ тағы да басым болып табылатын салаларда ғана.

4. Үкіметтің капиталды сыртқа шығаруға, әртүрлі қызметтер мен жергілікті шикізатты артықшылықты пайдалануға арналған кепілдіктерін күшейту қажет.

5. Үйлестірілген және оралымды жұмыс жүргізу үшін төте шетелдік инвестициялармен айналысатын арнайы мемлекеттік орган құру қажет.

Шетелдік инвестицияларды тарту бағдарлама-

сымен қазірдің өзінде мамандар жұмыс істеп жатыр. Өз уақытында ол жария етіледі.

Қылмысқа қарсы күрес

Елдегі қылмыстық ахуал аса шиеленісті күйде қалып отыр. Өткен жеті ай ішінде 1995 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 4,2 процент кем қылмыс тіркелгенімен, көше қылмыстылығы мен бұзақылық әрекеттерді азайтуға қол жеткенімен, ауыр қылмыстар санының едәуір өсуі байқалады, биылғы жылы өткен жылдың осындай кезеңіне қарағанда бұлар екі жарым есе көп жасалған. Олардың ашылуы сегіз процент төмендеді. Құқық қорғау органдарының мүлік ұрлауға қарсы күрес жөніндегі жұмысы жеткілікті жолға қойылмаған, мұның өзі экономикалық қылмыстарға қарсы күрестің тиімділігінің төмендеуіне әсер етті. Мәселен, биылғы жылы осы салада 11 мыңға жуық қылмыс анықталған. Қорқыту жолымен тартып алуға қарсы күрестің нәтижелері төмендеді.

Ахуалды жақсарту жөнінде мемлекет қандай шараларды қолға алмақ ниетте?

Қылмыстық және Қылмыстық іс жүргізу кодекстерінің жобаларын әзірлеу аяқталу деңгейінде. Үкімет пен Парламенттің оларды қабылдаған кезде, бір жағынан, жазалау шараларын белгілеуге қатаңырақ қарауға, екінші жағынан, осы актілердің адам құқығын біздің Ата Заңымызда тұжырымдалғандай мүлтіксіз қорғауына қол жеткізуі қажет.

Құқық қорғау органдарының материалдық-техникалық базасын нығайтуға келсек, ол орталық

және жергілікті өкіметтің айрықша міндеті болуға тиіс.

Сонымен бірге қылмыстылықтың жәй-күйі жалпы экономикалық ахуалға, халықтың өмір сүру деңгейіне, жұмыссыздыққа, ал оған қарсы күрестің тиімділігі — құқық қорғау органдарын қаржыландыру деңгейіне тікелей байланысты екенін ұғыну қажет. Сондықтан экономиканы сауықтыруға, жұмыссыздықты азайтуға және адамдардың әл-ауқатын арттыруға ұмтыла отырып, біз қылмыстың өсу мүмкіндігін кезең-кезеңімен төмендетіп, оның табаны астындағы тіректі ығыстырып шығаратын боламыз.

* * *

Біздің келешекке, соның ішінде 1997 жылға арналған экономикалық саясатымыз бен басымдықтарымыздың негізгі бағыттары осындай. 1997 жылдың бюджеті мен бірінші кезектегі заңдар жүйесі де олармен толық сәйкестікте қалыптастырылуға тиіс.

Бюджет саясатының басымдықтары

Қалыптасқан жағдайларға сүйене отырып, келесі жылдың бюджет саясаты ішкі және сыртқы саясаттың принциптері мен басымдықтарын, сондай-ақ қоғамды толғандырып отырған көкейкесті проблемаларды қатаң басшылыққа алуы керек деп санаймын. Біз осылай істей аламыз, керек десеңіз, міндеттің өзін дәл осылай қоюға тиістіміз.

Мен, мемлекет басшысы ретінде, осы басымдықтарды бюджет саясаты сыртқы және ішкі саяси міндеттерді теңдестіре шешетіндей, экономиканың

болашағы мен бүгінгі әлеуметтік салаға жұмыс істейтіндей етіп, белгілеп беруге міндеттімін.

Бүгін қазақстандықтарды, ең алдымен, қандай мәселе мазалап отыр? Соңғы әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, проблемалар өзінің көкейкесті сипаты жағынан мынадай ретте түзіледі: бағаның өсуі; жалақы, зейнетақы мен стипендия берудегі кешеуілдеу; қылмыстың өсуі; электр, су, газ бен жылу берудегі іркілістер; жұмыссыздық; айналадағы ортаның жәй-күйінің нашарлауы; сыбайлас жемқорлық пен паракорлық; әлеуметтік саланың мүшкіл халі және, ақыр аяғында, ұлтаралық проблемалар.

Көріп отырғанымыздай, жоғары баға мен төмен жалақы экономикалық қана емес, сондай-ақ әлеуметтік тұрғыдан да басты проблемалардың қатарында тұр. Сондықтан да бюджет саясатының 1997 жылғы басты міндеті инфляцияны одан әрі төмендету болып қала береді.

Келесі бір басымдық кәсіпорындардағы реформаларды қаржыландыру және инвестициялар, әрі ең алдымен және негізінен инфрақұрылымдар объектілеріне жасалатын инвестициялар болуға тиіс. Әрине, мұның өзі бүгін мен ертенгі күннің арасында, өндірістік емес және өндірістік салалар арасында қиын таңдау жасауға әкеліп тірейді. Алайда, мұндай таңдауды жасауымыз керек, өйткені біздің жағдайымызда, адамдарға қатысты және экология проблемаларына байланысты инфрақұрылым олардың айрықша алаңдаушылығын туғызып отырған кезде, олай істемеуге болмайды.

Келесі жылы Үкіметтің бюджеттік ұйымдарда жалақыны және зейнетақыларды уақтылы төлеу

мәселелерін шешу жөнінде қосымша күш-жігер жұмсауы қажет.

Маңыздылығы жөнінен төртінші басымдық ретінде сыртқы саясат пен қорғанысты қаржымен қамтамасыз ету проблемасын атаған жөн. Әлбетте, қаржылық жүк бүгін қоғам үшін тым ауыр. Алайда, біздің қауіпсіздігіміз, шекарамыздың мызғымастығы, мемлекетіміздің аумақтық тұтастығы, әлемдік қоғамдастық тарапынан оның қол сұғылмауына берілетін кепілдік, сайып келгенде, осы проблемаларды шешуімізге байланысты. Әрі бұл шығындардың елге миллиардтаған инвестициялар түрінде қайтарылуға тиіс екенінің маңызы да бұдан кем емес. Сондықтан да біз сыртқы саясат ведомствосынан оның жұмысының экономикалық қайтарымын анағұрлым көтеруді әрі мемлекет қаржысын үнемді пайдалануды да талап етуге әбден хақылымыз. Барлық дипломаттар мен әскерилер кімдерге және қай салаларға біз қаражатты кем беруге мәжбүр екенімізді мықтап біліп алуға және түсінуге тиіс.

Бесінші басымдық — қылмысқа қарсы күрес. Құқық қорғау органдарын, ең алдымен, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жағынан қаржыландыру деңгейін көтеруіміз керек. Адамдардың қауіпсіздігі мен денсаулығын қамтамасыз ету ғана емес, бюджет қаражатын толықтыру және шығыстарға бақылауды ұйымдастыру сияқты маңызды проблемалардың шешімі де осыған байланысты. Милиция мен кеденнің қарусыз қалуына, прокуратуралар мен соттардың ең қажетті нәрселермен қамтамасыз етілмеуіне әсте төзуге болмайды. Осы орайда, кеденге, соттарға, салық

полициясына, басқа да құқық қорғау органдарына жасалған салымның экономикалық тұрғыдан да айтарлықтай тиімді екенін естен шығармаған жөн.

Басқаларына қарағанда, нақ осы салада жалақы мен зейнетақыдағы ауытқушылық тым үлкен. Кеден қызметкері өз еңбегі үшін бар болғаны үш-төрт мың теңге алса, зейнет демалысына шыққан прокурор — орта есеппен 15 мың теңге алады. Осының бәрін ақылға салып теңдестіруге қажет.

Алтыншы басымдық — жұмыссыздыққа қарсы күрес және тұрғын үй құрылысын ұлғайту. Бұл проблемаларға мен жоғарыда мейлінше егжей-тегжейлі тоқталдым.

Жетіншісі — әлеуметтік сала. Әрине, бұл салалар басымдығының соншама төмен болып отырғаны өкінішті. Адамдар материалдық игілік пен рухани қазына арасында лажсыздан тандау жасаған кезде, әзірге алдымен алғашқысына артықшылық беруге бейім. Мұндай тандау жасауды осы әлеуметтік салалардағы реформалау деңгейінің тым төмендігімен ғана түсіндіруге болады. Алайда біз қоғам мен мемлекет үшін олардың стратегиялық маңызы бар екенін және таяу жылдарда олардың басымдығы тынбай арта беретінін мықтап есте ұстауға тиіспіз. Ал әзірге біз мұнда ресурстарға қайта топтастыру жүргізуге және желіні ұтымды етуге мәжбүрміз. Алайда мұның өзі мемлекеттің бұл салада жалақыны, әсіресе дәрігерлер мен мұғалімдердің жалақысын көбейтуіне кедергі келтірмеуге тиіс.

Ақыр соңында, басқаруға тоқталмай өтуге болмайды. Бұл салада да басқарудың бір буынында шенеуніктердің көптігіне, екіншісінде — жетіспеу-

шілігіне байланысты қайшылықтар көптеп сақталып қалып отыр.

1997 жылдың бюджетіне сай белгілі бір қайта ұйымдастыру, ең алдымен, атқарушы өкіметте қайта ұйымдастыру жүргізуді қолға алуымыз қажет.

Осы тұрғыдан келгенде, ішкі және сыртқы саясаттың негізгі басымдықтары мен бағыттарын біздің жүзеге асыра алатындығымызға сенімді бола аламыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

1997 жылға біз шешімін таппаған міндеттер мен жіберілген қателіктер қалпындағы өткеннің ауыртпалықтарын, сондай-ақ бұдан былайғы дамудың қисыны айқындайтын жаңа міндеттер жүгін арқалап қадам басатын боламыз.

Бұл жылдың да оңайға түсетін сынайы жоқ, қалай дегенде де мұның бұрынғы жылдардан жеңіл болмайтын түрі бар. Алайда экономиканың бұл жылы енді құлдырамайтыны жайында, оған қауырт еңбекпен жету керек екеніне қарамастан, бүгінгі күннің өзінде нық сеніммен айтуға болады.

Біз келесі жылға зор мән береміз, өйткені нақ 1997 жылдың ішінде экономикадағы негізгі ауыр ресімдерді артта қалдырып, оны басты бағыттарда сауықтыруға, ең бастысы — қайта жарақтандыру мен дамыту міндеттерін шешуді қолға алуға бел байлап отырмыз.

Қазақстандықтардың білек сыбанып, жұмысқа жұмылудан басқа жолы жоқ. Әркім өзін де, отба-

сын да өзі қамқорлыққа алуға тиіс, сөйтіп, елдің экономикалық реформалар жолымен тезірек алға жылжуына көмектесуі керек. Ақиқаттың өзі, міне, осында. Ал өзгеше үндейтін ұрандардың бәрі біздің мемлекетіміздің жағдайының жақсаруына құлықсыз адамдардан тарайды.

Біз өзіміздің барлық күшімізді жұмылдырып, асығуға тиіспіз. Осылай істемейінше, жедел экономикалық өркендеуге де, реформалардың әлеуметтік нәтижелеріне де қол жеткізе алмаймыз. Адамдар ертеңгі күнге деген сенімді сезініп, экономикалық оқиғаларды болжауға болатынын бағамдауға тиіс. Сонда ғана олардың күш-қуаты мен іскерлігі экономиканы қайта жарақтандыру міндеттерін шешуге сүбелі үлес болып қосылады. Ал алдағы уақытта біз мұнсыз аттап баса алмаймыз.

Әлем шұғыл дамып келеді әрі жаңа мыңжылдыққа нық қадам басқалы отыр. Ал Қазақстанның өткізіп алған уақытының орнын толтырып, ілгері кеткен өркениетті қуып жетуіне тура келеді. Бұл айтары жоқ, аса қиын міндет, алайда, егер біздің үшінші сортты державаға айналғымыз келмесе, бұдан басқа жолымыз жоқ.

Алға жылжудың негізгі алғышарттары қазірдің өзінде жасалды. Ендігі жерде бастамашылық пен білім, ерік-жігер мен тәртіп, төзімділік пен табандылық, білгірлік пен жауапкершілік керек. Міне, сонда ғана біз қандай болсын күрделі де жауапты міндеттерді жүзеге асыратын боламыз.

МАЗМҰНЫ

Алғысөз	3
1991	
Қазақстанның кесімді сөзін бүкіл дүние естіді	5
Әміршілдік жүйеден ат құйрығын үздік	14
Таңдауымыз — өркениетті демократиялық қоғам	19
Әрқашан парасатқа сенемін	23
1992	
Империялық одақтан — тәуелсіз мемлекеттер достастығына	28
Бауырларымызға құшағымыз ашық	48
Әрбір елдің кеңпейілділігі — планета есендігінің кепілі	68
Басты байлығымыз — халықтар достығы	79
Қазақстанның өз жолы, өз болашағы бар	84
Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы	103
1993	
Адамзат пайдасына	133
Қазақстанның болашағы — қоғамның идеялық бірлігінде	136
Береке басы — бірлік	177
Ашық болу идеясы ұнайды	192
Ядролық аждаһаны ауыздықтадық, бірақ... ..	195
Теңге талайлы болсын	197
1994	
Қазақстанның көп мәселеге аз көзқарасы бар	201
Реформаларды тереңдету, жалпы ұлттық келісім арқылы жаңарған Қазақстанға	212

Жаңа интеграция жолдарын іздестіреміз	225
Алашқа айбын болған арыстар	229

1995

Ортақ үйімізде татулық пен келісім болсын	249
Басты мақсат — адам мүддесі	279
Ұлы Отан соғысындағы жеңіс — халықтың өшпес ерлігі	281
Қазақстанның ядролық тарихындағы соңғы нүкте ...	306
Қазақстанның істері ниетіне айғақ	310
Өткенді саралау және қоғамды демократиялық жол- мен одан әрі реформалау	322
Абай туралы сөз	340
Конституция өмір сүре бастады	366
Игілікті іске — мүмкіндіктің баршасын	372
Тәуелсіздік тұрақты даму арқылы нығаяды	376

1996

Қазақстанның екі палаталы тұңғыш парламенті — еліміздің заңдарын шығарудағы жаңа кезең	409
Еуразиялық одақ: жаңа шептер, проблемалар, болашақ	436
Қоғамдық келісім — демократиялық даму негізі	449
Ғылым мен саясаттың қалыпты байланысы қалпына келтірілуге тиіс	480
Реформа белсенді қолдау арқасында ғана табысқа жетеді	488
Ғылым және қоғамдық прогресс	512
Қазақстанды таңдағандар қателеспейді	526
Адалдық пен адамгершіліктің, әділеттілік пен ізгіліктің алып жыршысы	530
Ата Заң халыққа қызмет етеді	550
Елдегі жағдай және ішкі сыртқы саясаттың 1997 жылға арналған негізгі бағыттары туралы	578

ББК 66.3 (2К)

Н 17

Н. Назарбаев

**Н 17 Тәуелсіздігіміздің бес жылы. — Алматы: Қазақ-
стан, 1996. — 640 бет.**

ISBN 5-615-01908-5

Н $\frac{0803010405 - 22}{401(05) - 96}$ без объявл.

ББК 66.3 (2К)

ISBN 5-615-01908-5

© Н. Назарбаев, 1996

Саяси-көпшілік басылым

Нұрсұлтан Назарбаев

ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ БЕС ЖЫЛЫ